Сайраш ӘБІШҚЫЗЫ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫРАҒЫМ – БАҚ ЖҰЛДЫЗЫМ





Сайраш
ӘБІШҚЫЗЫ

Шығармашылық шырағым – бақ жұлдызым



FOLIANT
БАСПАСЫ

Нұр-Сұлтан
2019

ӘОЖ 821.512.122-41
КБЖ 84 Қаз-5
Ә 21

Әбішқызы С.
Ә 21 Шығармашылық шырағым – бақ жұлдызым / Сайраш Әбішқызы. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 432 бет.

ISBN 978-601-338-317-0

Сайраш Әбішқызы – ұлттық журналистикада қолтаңбасын ғана емес, редакторлық төл мектебін қалыптастыра білген қазақтың қайсар да қайраткер қыздарының бірі. Білім саласындағы бірегей басылымдарды құрған қарымды қаламгердің болмысы жазу машығымен бірге ештеңеге бейжай қарай алмайтын жан дүниесімен де қоғам ілтипатына бөленіп, замандастарының жоғары бағасына ие болды.

Шығармашылық ғұмырының жалғасы іспетті қолыңызға тиген жинаққа автордың әр жылдары жарық көрген публицистикалық жазбалары мен сұхбаттары, туған өлкесінің мақтан ететін тұлғаларының тілектері топтастырылды.

Жинақ көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-5

ISBN 978-601-338-317-0

© Әбішқызы С., 2019
© «Фолиант» баспасы, 2019

САЙРАШ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН МЕКТЕП

Қайраткерлігін жазудың азабы мен қуанышы қатар жүретін күрделі жолымен үндестіріп жүрген санаулы қазақ қыздарының бірі – Сайраш Әбішқызы. Қазақ журналистикасында ұзақ жылдар аянбай еңбек етіп, соның жемісін татқан бақытты жан. Ол Семей облысының Ақсуат ауданының Ерназар ауылында дүниеге келген. Кішкентайынан әжесінің тәрбиесінде, ауыз әдебиетінің, ертегілерінің, жыр, аңыздарының сиқырлы әсеріне бөленіп, елгезек, сезімтал, пысық болып өсті. Аудандағы мектеп-интернатта он жылдықты бітіріп, Алматыға аттанады. Абай атындағы педагогикалық институтты аяқтап, ұстаздық қызмет атқарған. Қай жерде жүрсе де төңірегіне жанашырлығымен, түйткілді мәселесін тез шешіп беруімен ерекшеленетін.

Мен Сайрашпен «Қазақстан әйелдері» журналында жауапты хатшы болып жүрген кезінде жақынырақ таныстым. Мен өнер бөлімінде қызмет ете бастағанымда ол көп ұзамай «Қазақстан мектебі» журналы бас редакторының орынбасары әрі осы журналдың «Бастауыш мектеп» қосымшасына редакторлыққа шақырылды. Кейінірек «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы қызметіне тағайындалды. Бұл журналдың негізін Ахмет Байтұрсынұлы, Смағұл Сәдуақасұлы сынды қазақтың біртуар арыстары қалаған. Осындай көрнекті тұлғалардың ісін ол асқан жауапкершілікпен жалғастыра білді. Ізденісімен, еңбегімен бүгінгі ұлттық қоғамымыздың іргетасын белсенділікпен қаласып, небір өзекті мәселелердің шешімін табудың жолдарын іздеп, ұрпақ тәрбиесі үшін ерекше еңбек сіңірді. Бұл арада ұлттық деген теңеу тегіннен тілге оралмаса керек. Сайрашқа қатысты әңгіме қозғағанда, ең алдымен оның өз ұлтына деген адалдығы, елім, жұртым, тілім деп соққан жүрек лүпілі көңілімізге жақын екенін атаған жөн.

«Атамұра» баспасынан 2001 жылы жарық көрген «Оттай ыстық он жыл» кітабы да, міне, жоғарыда айтқан саналы ізденістің заңды жалғасы. «Ойтұмар», «Азаттықтың ақ жолында», «Баспасөз – шежіре», «Ұлт бесігі – қазақ мектебі», «Шартарап», «Жадыңда жүрер жаңғырып» атты тарауларға бөлініп берілген мақалалары бір-бірімен шымыр байланысып жатыр, онда мемлекетіміздің алдында тұрған білім беруге, тілге, жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты маңызды мәселелер нақтылы айқындалған. Бұл жалаң баяндау емес, себеп-салдарына терең үңіліп, жан-жақты зерттелінген, талданған мәселелер. Арзандыққа ұрындырар жалаң ақылгөйсу мұнда жоқ. Бұдан он сегіз жыл бұрын айтқан «Кез келген халықтың тамыры ортақ үш бірлігі: ел мен жер және тіл тағдырына немқұрайды қарау – қиянаттың ең ауыры» деген пікірінің бүгін де, ертең де мәнін жоймайтынын қалай ғана мойындамассың. Автордың осындай терең тұжырымдары кітаптың негізгі өзегін құрайды. Назар салыңызшы: «...Елдігімізді сақтап, Тәуелсіздігімізді қолдан бермейік десек, отансүйгіштік сенімнің қазақстандық әр азаматтың жүрегіне терең ұялауы үшін баршамыз болып күресейік». «...Қазақтық рух пен мемлекеттік қажеттілікті күшейтуге қам-қарекет жасамаған жағдайда ана тіліміздің көсегесі көгермейді». «...Қазақ балалары тұтастай ана сүтімен бойына сіңген қазақ тілінде білім алуға бет бұрған кезде ақыл-ойы дамуы жағынан артта қалған балаларға арналған мектептердегі қара домалақ шәкірттердің саны күрт кемитініне күмән жоқ». Мұндай құнды пікірлердің астарынан авторлық позицияны айқын аңғарамыз. Кітабына өзек еткен қай мәселе де өміршеңдігімен көкейге қона кетеді.

Тәуелсіздіктің он жылы аралығында жинақталған ой көкжиегінен Сайраш Әбішқызының журналистік алғырлығы, қайраткерлік белсенділігі, азаматтық отансүйгіш қасиеті дараланып тұр. Кітаптың тілі жатық, анық та қанық. Айтайын дегенін нақты жеткізіп, кей тұста сөз саптасы нақылға ұласып отырады. «Тілі зордың – елі зор», «Әліппеден басталған әлем», «Әйел ұлтты тәрбиелейді» тақырыптарын былай қойғанда, «Ана тілінің негізі бастауышта қаланады», «Халық» сөзі – мемлекеттік құрылымның алтын діңгегі, ұлттық дәстүр, тағылым-ұлағатымен жасампаз», «Рух дегеніміз ұлттық сана мен сезімге тікелей байланысты»,

«Тіл – біздің мемлекетіміздің, ұлттық өркендеуіміздің тірегі», «Өзге халықтың тілімен өз дегеніңе жете алмайсың» тәрізді үлгі-ұлағатқа тұнған тіркестердің өзі неге тұрады десеңізші. Тілдің мұндай шұрайлылығы журналист ой-өресінің кең, ұлттық рухани байлықтан емін-еркін сусындай қалыптасқанын дәлелдейді. Қай тарауын алсақ та көкейкесті мәселелерге тұнып тұр. Жасөспірімдерге білім берудің қазіргі кезеңдегі шешілмей жатқан түйткілдері, ана тілі қанатының құлашын кең жая алмау себептері автордың жан шырылына айналған. Оның жаны ғана шырылдап қоймайды, тығырықтан шығудың амалын қарастырады, бағыт-бағдарын ұсынады. «Жауырды жаба тоқып, не ұтамыз?», «Аты-жөнді қазақшалауды мектептен бастайық», «Қазақтың баласы мектепте қазақша оқысын» деп жар салады.

«Бавария сабақтары» жолжазбасы автордың елгезек те сезімтал, көрген-білгенін електен өткізе түйіндейтінін байқатады. Оқырман мол мағлұмат алады, оқыс та бай деректерге кенеледі, өзгемен өзін салыстырарлықтай мүмкіндік иемденеді. «Ұстаз аға ұлағаты» естелігінде қазақтың белгілі қаламгері Байжан ата Сапар ағасынан көрген тәлімі, өнегесі, алғыс сезімі асқан жылылықпен жеткізілген. Естеліктің өн бойынан шуақ еседі.

«Оттай ыстық он жыл» кітабы жеңіл оқылады. Қандай тақырыпты қамтыса да автордың өзін суда жүзген балықтай сезінетіні қуантады. Өйткені Сайраш Әбішқызы – өз ұлтының перзенті, ана тілінің қамқоршысы, жас ұрпаққа жаны ашитын ұстаз, қаламы жүрдек журналист, талғамы биік зерттеуші. Соның бәрі қосылып автор қолтаңбасының қадірін арттырып, іскерлігінен хабар береді. Сайраш Әбішқызының ғылыми-тәжірибелік ізденістерін, пікірлерін жинақтап, халқының асқақ тұлғасын одан әрмен байытуға талпынысы кім-кімді де селқос қалдырмайтыны анық. Кітапқа алғы сөз жазған жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбек: «...Ұлтым деп соққан үлкен жүректің үні осындай. Бойыңызға көсемсөзден күш бітсін, жігер оты тұтансын, ойлы оқырман» дейді. Бұдан артық әлдене айту қиын.

Туған ұлтымызды селт еткізер сұңғыла ойлар жаңғырығы ретретімен Сайраштың шығармашылық түрлі ізденісіне ұласуда. Отбасындағы бала тәрбиесінен бастап, экономикалық, қаржылық, қоғам-

дық, әлеуметтік, тіпті саяси мәселелерге де әйел заты бейжай қарап отыра алмайды. «Өмірдегі кез келген оқиға әйел жүрегі арқылы өтеді. Әйел жаны нәзік, дегенмен өмірдің қиын-қыстау сәттерінде қыздарымыз ешқандай ауыртпалыққа мойымай, қайраттана, жігерлене түсуі керек. Қиындықты жеңе білген адам ғана бақытқа жетеді. Біз осы ойды балаға жастайынан түсіндіруге тиістіміз. Бала тәрбиесінде ата-ана мен мектеп бірлесе жұмыс атқарса, онда келешек ұрпағымыздың сана-сезімі жоғары, ақыл-парасаты биік болып қалыптасары анық» дейді ол тебірене. Әйел өмірі үш кезеңге бөлінеді: алғашқысы – қыз-ғұмыр, екіншісі – келін-ғұмыр және ана-ғұмыр. Осы үш кезең дүниеге шыр етіп келген әрбір қыз баланың бүкіл өмірін қамтиды. Сондықтан қоғамдағы кез келген мәселе әйел затын айналып өткен емес».

Осы материалды дайындау барысында Сайраштан өзінің өмірбаянын толығырақ жазып беруін өтінгенмін.

«Мен 13 мамыр, 1944 жылы бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданы Ерназар ауылында дүниеге келдім. Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы болып аталады, – деп жауап берді ол. – Туу туралы куәлігімде есімім Сайрам болып дұрыс жазылмаған. Тәуелсіздік алған еліміздің Үкіметінің №620 (22.05.1999 ж.) Қаулысына сәйкес, Қазақстан азаматтары ұлттық дәстүрмен тегін жазуға жол ашылды. Осы қаулыға сүйеніп, Алматы қаласының АХАЖ бөліміне тегімді Әбішқызы, есімімді Сайраш деп дұрыс жазылуын сұрап, өтініш бердім. 2001 жылдың 30 қаңтарында шыққан жоғарыда аталған АХАЖ бөлімі шешіміне сәйкес, тегім Әбішқызы, есімім Сайраш деп дұрыс жазылған азаматтық жеке куәлік алдым. Қазақ баспасөзі тарихында өзіндік орны бар, 1925 жылдан бастап шығып келе жаткан «Қазақстан мектебі» журналының өрісін одан әрі кеңейтіп, шыққан биігін жоғарылата беруді мақсат еттім. 1991 жылы «Отбасы және балабақша», 1992 жылы «Информатика, физика, математика», 1993 жылы «Қазақ тарихы», 1996 жылы «Биология, география және химия» қосымша журналдарын шығаруға, кең тарауына ұйытқы болдым. Бұл қосымшаларды біртіндеп «Қазақстан мектебі» журналынан бөліп шығардық. Сөйтіп республикада қазақ тілді педагогикалық басылымдар қатары өсуіне, қазақ журналистеріне жаңа жұмыс

орындары ашылуына қол жеткіздім. Қазақстандық білім жүйесін, қазақ журналистикасын дамытуға қосқан үлесім лайықты бағасын алып, еңбекшіл педагог-журналистік құрмет биігіне көтерілдім» дейді.

«Социалистік Қазақстан» газетінің Құрмет грамотасы (1977); Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері (1981); Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің озық қызметкері (1985); Қазақстан Журналистер одағы басқармасының мүшесі (1983-1988); Ы. Алтынсарин медалінің иегері (1992); Құрмет орденінің иегері (1995); Қазақстан Журналистер одағының М. Сералин атындағы сыйлығының тұңғыш иегері (1997); Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Алғыс хаты (2001, 16 желтоқсан); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс грамотасы (2002); Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы (2004); Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығына арналған мерекелік медаль (2005); ҚР мәдениет қайраткері (2005); Платиналы «Тарлан» сыйлығының иегері (2007 ж. Үздіксіз 20 жыл бас редакторлық қызметі үшін); ҚР білім беру саласының құрметті қызметкері (2011); Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Журналистік қызметімен қоғамдық өмірге белсенді араласқан. 1989-1992 жж. – Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы; 1990-1992 жж. – Алматы қалалық кеңесінің депутаты; 1994-2000 жж. – ҚР шетелдермен достық және байланыс қоғамының «Ағайын-бауыр» қауымдастығының басқарма мүшесі; 1989-1999 жж. – «Қазақстан –Қырғызстан» бауырластығының төрайымы; 2005-2011 жж. – Алматы қалалық тіл саясаты жөніндегі қалалық жұмысшы тобының мүшесі; 1974 жылдан КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Үш кітаптың авторы: «Нұрлы жол». – Қазақстан баспасы, 1986 ж. (Очерктер жинағы); «Жыр арқауы – бейбітшілік». – «Мектеп» баспасы, 1988 ж. (Ғылыми зерттеу еңбек); «Оттай ыстық он жыл». – «Атамұра» баспасы, 2001 ж. (Қазақстан Республикасының 10 жылдығына арналған).

Республикалық әр түрлі мерзімді басылымдарда 100-ден астам мақала, очерктері жарық көрген. 2004 жылы 60 жылдық мерейтойына орай «Еңбегі мен қайраты екі жақтап» тақырыбымен әріп-

тестерінің, замандастарының жылы лебіздері мен жемісті еңбек жолы белестерінің өмірбаяндық деректі жинағы жарық көрген. 2011 жылдан республикалық ғылыми-педагогикалық төрт журналдың («Тәрбие құралы», «География және табиғат», «Химия мектепте», «Биология және салауаттылық негізі») бас редакторлар кеңесінің төрайымы қызметінде еңбек жолын жалғастырып келеді. Республикалық ғылыми-педагогикалық «Қазақстан мектебі» журналының бас кеңесшісі.

Байқасаңыз, бір емес, бірнеше адамның еншісіне бұйыратындай-ақ іс-әрекет, атақ, абырой. Тынымсыз еңбектің нәтижесінде жетсе керек мұның бәріне. Журналистік, ұстаздық ізденісінің негізінде қандай мәселені қаузаса да бүге-шігесіне шейін нақты талдайтындай өресі таңғалдырады. Кез келген қатардағы мақаласына зер салайықшы, кәдімгі ғылыми зерттеуге жетелейді.

«Сонау алпысыншы жылдардың басында Алматы қаласының Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-филология факультетінің студенті атанған бізге үш шетел – ағылшын, француз, неміс тілдерінің бірін таңдап оқу ұсынылды. Мен француз тілін таңдадым. Екі жылдық француз тілі курсын тәмамдап, үздік баға алдым. Ұстазым Светлана Александровна Бараева (атақты ғалым Александр Бараевтың қызы) мені оңаша әңгімеге тартты. Менің француз тілін меңгеру қабілетімді мақтап, шетел тілдері институтының француз тілі факультетінің екінші курсына ауысуға кеңес берді. Өзі көмектесетін болды. Ұстазымның менің болашағыма бағыт бергісі келген ықылас-ниетіне ризашылығымды білдіре отырып, өмірімнің діңгегі іспетті ана тілімді білген үстіне біле түссем, далада қалмайтыныма сенімдімін дедім. Рахима әжем хат тани бастаған шағымнан маған батырлар жырын оқытып, рахаттана тыңдайтын. Сол кезден-ақ менің ана тіліме ықыласым ерекше. Дүниеде ана тіліме тең келетін тіл жоқ сияқты екенін, ана тілім менің жан дүниемнің баға жетпес байлығы екенін, ана тілімде сөйлеп тұрып, ән салып тұрғандай рахат күй кешетінімді айттым. Менің ағымнан жарыла айтқан жауабыма ұстазым өте разы болды-ау деймін, «түсінемін, түсінемін» деп, күлімсірей, қазақ тілі жөнінде сөйлеп кетті. Тілші ғалым-ұстаз ретінде қазақ ұлтының ана тілі табиғаттың берген ерекше сыйы деп түсінеді

екен. Қазақ тілі шетелдік қай тілді болсын жете меңгеруге, таза сөйлеуге жол ашатын ерекше бай тіл деп бағалайды екен. Қазақ және француз тілдерінде «ө, ғ, ң» дыбыстары еш өзгеріссіз естілетінін айта келе, «Қазақ тілінің көп тілден басты ерекшелігі – қазақтың ауыз қуысы мүшелерінің барлығы дыбыс жасайды» дегені маған – екінші курстың студентіне тосын жаңалық болды. Мұны сезген ұстазым түсіндіре бастады. Мәселен, орыс тілінде мұрын қуысы қатысатын «ң» дыбысы жоқ екен. Мен ішімнен «Біздің ң-ды «с хвостиком н» дейтіні содан екен ғой» деп түйіп қойдым. Ұстазым қазақ және француз тілдерінде бірдей айтылатын көмекей тіл көмегімен жасалатын «ғ» дыбысын айтты. Ішімнен «Қазақ тілінде көмекей тіл «қ» дыбысын да жасайды» деп қосып қойдым. Ұстазыммен болған осы әңгімеден кейін ана тіліміздің дыбыс жасау жүйесіне айрықша назар аудара бастадым. Келе-келе біздің қазақ тілінің сөздік қоры ғана емес, дыбыстық мүмкіндігі де өте бай екенін түсіндім. Қазақ баласы сәби шағынан ана тілінде сөйлей бастаса, көмекей тілі сүйірлеу дамып, үлкен тілдің түбіне тиер-тимес тербеліспен «ғ, қ» дыбыстарын шығарады. Бала тілі орыс тілінде шықса, көмекей тіл қысқа әрі жуантықтау болып, «ғ, қ» дыбыстарын айту қиынның қиыны болып қалады. Мұрын қуысы жасайтын «ң» дыбысының да ауылы алыстайды. Сөйтіп, қазақ баласының ауыз қуысы мүшелерінің бітімі сәби шағынан орысшаға бейімделіп, өсе келе ол ана тіліндегі ң, ғ, қ, ө, ә, ұ, ү, і дыбыстарын дұрыс айта алмайтын тілбұзар халге душар болады. Бұл халге жеткізбеу – сәбиге өмір сыйлайтын әрі оның өмір жолындағы бірінші ұстаздары анасы мен әкесінің ырқында екені түсінікті».

«Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген (15.02.2017 ж.) «Ата-анаға аманат» мақаласында Сайраш Әбішқызының шығармашылық қуаты әлі де сол қалпында, ұрпақ тәрбиесі, ана тілі түйткілдерін шешу жолында жаны шырылдап, оқырманын зерделі ойларымен селт еткізе алға жетелейді. Жарты ғасырдан бері айтып, жазып келе жатқанынан Сайраш Әбішқызы қалыптастырған тәрбиелік, педагогикалық мектебінің болашаққа нық сеніммен жол тартқанына тағы да көз жеткіземіз. «Адамзат тарихынан ойып орын алған ұлтымыздың басына төнген қауіпті қоюлата түсуді

көздейтін ниетке жол бермеудің амалы – ана тілін ардақтап, мемлекеттік мәртебе биігіне көтеру. Туған тілін еш уақытта өзгенің табанына салмайтын отандастарымыздың барлығы бұл тілекте бірлік көрсететініне күмән жоқ. Мәселе өзімізде – қазағымызда. Мемлекеттік тіл саласындағы жұмыстың өрге басуына тілдік негізде екіге бөлініп бара жатқан қазақтың, өз ішіміздегі ойдың бірікпеуі басты кедергі. Ана тілінен алыстаған жас пен жасамыстар саны бірнеше миллион». Бұл («Егемен Қазақстан», 4 сәуір, 2018 ж.) Сайраштың мақаласынан үзінді. Міне, осындай мағыналы, мәнді ой-пікірлерімен ел-жұртын елеңдете алатын, қазақ журналистикасында ұзақ жылдар аянбай еңбек етіп, соның жемісін татып келе жатқан әріптесімнің, замандасымның қысқаша еңбек жолы, өнегесі осындай.

Мағира ҚОЖАХМЕТОВА,
жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Бірінші бөлім

Шығармашылық шырағым — бақ жұлдызым



Қыз – қырық шырақты.
Халық мәтелі

Иә, халқымыз «Қыз – қырық шырақты» дейді. «Алла бір етектен тартып қояды» дейтіні де бар. Тәңірім маған ана бақытына жетуді жазбапты. Кім білсін, өзіңнің балаң болса, соңыңнан ерген іні-сіңілілеріңе қарай алмай қаласың дегені ме екен. Шүкір. Бермегенінің өтеуіне еңбегімді абыройлы жолға жетелеп, жемісін молынан берді. Туған бауырларыма да, бірге қызмет еткен үлкен-кішіге де қамқор болатындай қабілет-қарым, мүмкіндік берді. Адал достарым, тілектестерім, әріптестерім қаумалап қолдап, жігер-қайратымды жасытпай, өзімді сыйлайды, құрметтейді. Туыстығы, жерлестігі болмаса да, отбасымен жанашырым, жақыным болған ғалым, ұстаз Рысбай Сәтімбеков (иман байлығын берсін) маған арнаған жырында «Өз еңбегің болды сенің сенгенің» деп, менің бүкіл өмірімді бір-ақ жолға сыйғызыпты. Иә, бүгінгі шыққан биігімнен «мен еңбегім жанған адаммын» деп айта аламын. Жасымнан арман еткен журналистік шығармашылық кең жол мені осындай бақытқа жеткізді. Халқымыз айтқан қырық шырақтың бірі ме, бірнешеуі ме, нешеуі болса да осы кітабымды «Шығармашылық шырағым – бақ жұлдызым» деп айдарлағаным содан. Енді «өзге емес, өзім айтам өз жайымды» деген Қасым ақын жолымен өмір дерегімді рет-ретімен баяндайын.

Анамдай болған асыл Әжем

Әкем Әбіш Қинаубаев екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Ақсуат ауданының «Жаңанесіп» ұжымшарында бастық екен. Екінші рет шақырақ көтергеніне де көп болмапты. Шақыру қағазымен 1942 жылдың көктемінде соғысқа аттаныпты. Соғыс өрті басталған күннен қан қасаптың ішінде қалған ортаншы інісі Шөжен (азан шақырып қойған есімі Әбіжан) Беларусь ормандарында партизандық шайқастың ортасында жүреді. Ол 1940 жылы Ерназар ұжымшарының бастығы жұмысынан Семей қаласына оқуға жіберіледі. Сол оқудан 1941 жылы әскери міндетін өтеуге Беларуськ бет алған. Әкемнен кейін іле-шала 1942 жылдың көктемінде «Ерназар» мектебінің директоры, ұжымшардың партия ұйымының жетекшісі жұмысынан кіші інісі Тілеген Қинаубаев та соғысқа аттанады.

Соғыс өрті ортасындағы үш ұлының амандығын тілеп Рахима әжем үш келіні мен Шөженнің екі ұлына, Тілегенінің үш қыз, бір ұлына бас ие болып, Ерназар ұжымшарында тұрып қалады. Үлкен ұлы Әбіштің әйелі Нұрбиса шешеміз қайтыс болыпты. Кіндігінен перзент қалмаған екен. Әкем інісі Шөженнің ұлы Сайлаубекті өз атына жазыпты. Тілеген аға кенже қызы Әскенді Төлеубек жұбайы соғысқа кетіп жалғыз қалған, Ақсуат ауданы орталығында тұратын қарындасы Нұршағидың бауырына беріпті.

Сталинград шайқасында жамбастан, Ростов майданында шынтақтан ауыр жараланып, бірнеше ай госпитальдарда емделіп, бірінші топтың мүгедегі болып әкем 1943 жылдың ақпанында ауылға оралады. (Бірер жылдан соң дәрігерлік шешіммен 2-топқа ауыстырылыпты). Келесі 1944 жылдың сәуірінде әкемнің 42 жасында мен дүниеге келіппін. Туу туралы куәлікте 13 мамырда туған деп жазылған. Соғыста жүрген екі ағасы аман-есен оралып сайрандап жүрсін деген ниетпен Рахима әжем менің атымды Сайрангүл қойыпты. Еркелетіп Сайраш дейді екен.

Рахима әжем үлкен ұлы Әбіштен көрген тұңғыш немересі болғандықтан мені сегіз айлығымда бауырына басыпты.

Аудан басшылығы әкемді 1947 жылы Шверник ұжымшарына бастық қызметіне жіберіпті. 1948 жылы Ерназар ұжымшарында

(кейін Амангелді, одан кейін Сұлутал, бүгінде Жәнтікей) тұрып жатқан Рахима әжемді отбасымен Шверник ұжымшарының орталық ауылы Көкжыраға көшіріп алады. Өсе келе білдім, сол жылы мені дүниеге әкелген әйелі Бәден екеуі ажырасыпты. Аяғы ауыр күйінде кетіпті. Босанып, ұл туыпты. Әкем сол баласына 18 жыл алимент төлепті. Жалғыз қалған әкеммен бірге бауырындағы ұлы Сайлаубек пен Тілеген ағаның Роза есімді қызы тұрыпты. Көп ұзамай Нұрбатима тәтеме үйленіпті.

Рахима әжем басқарған біз үлкен отбасы болдық. Шөжен ағаның жесірі Күлән, Тілеген ағаның жесірі Меңке жеңгелерім, ағаларым Сәбетай, Сәбетқазы, әпкем Роза – бәріміз әжемді Апа дейтінбіз. Тілеген ағаның үлкен қыздары Ақсуатта апамның үлкен қызы Нұршағи тәтенің үйінде тұрып оқитын. Сирек болса да екеуі Көкжырадағы біздің үйге келгенде үлкен қызметкерлер келгендей, әсіресе, біз, балалар қатты қуанып қалатынбыз. Екеуінің киім киісі, жүрісі, сөйлеген сөздері ерекше болып тұратын. Ақсуаттың өзі бізге үлкен қаладай еді.

Сол Ақсуатқа бес жаста апам бастап, бала-шаға болып жиналып барғанымыз есімде қалыпты. *«Сот болады»* деп, апамның мені ерекше киіндіргені де есімде. Сары түлкі жаға, қызыл пүліш түймелі ішігім, басымда сары түлкі терісімен жиектеген қызыл пүліш бөркім бар. Қара суық күздің не қыстың уақыты болар. Қалай жеткеніміз есімде жоқ. Бүгінгідей көз алдымда – біз келіп тоқтаған ақ үйдің алды ығы-жығы көлік, тәтелер де, ағалар да, тіпті жүгіріп жүрген балалар да көп. Ішке кірсек те, көп адам. У-шу, азан-қазан. Айқайлап сөйлеседі. Арасынан өз атымды естіген сайын апамның қолын қыса түсіп, ешқайда бұрылмастан төрде жеке тұрған үстелге жақын қойылған орындықтарға отырдық. Сол сурет әлі көз алдымда. Терезеге қарсы қойылған орындықтарда апам, әкем, Нұршағи тәтелер, ылғи менің туыстарым отырдық. Бізге қарсы бетте отырғандар да көп, бірақ олардың ешқайсысын танымайтын болған соң, апамның екі тізесінің ортасында тұрған мен төрдегі үстел үстіндегі заттарға қарай бердім. Бір уақытта қоңырқызыл матамен тысталған үстелге үлкен ағайлар келіп отырды. Азан-қазан болып тұрған шу басыла қалды. *«Не болды»* деп қарасам, жиналғанның бәрі сол ағайларға қарап қалыпты. Біраздан кейін шу қайта басталды. Тіпті терезенің сыртынан да анталап қарап тұрған-

дардың ауыздары тыным таппайды. Сөйтіп бейғам жан-жағыма қарап тұрғанымда төрдегі үстелде отырған үлкен аға менің атымды атап, қолымен нұсқап алдына шақырды. Апам *«Бара гой»* деді. Мен үстел алдына келдім. Еденнен биіктеу тепкішек бар екен. Соның үстіне шықтым. Үлкен ағай маған: *«Сайраш, үлкен кісінің алдына келгенде бас киімді шешеді»* деді. Мен бөркімді алып, созылып еңкейіп алдына қойдым. Аға жымиды. Күлімсірей маған қарап: *«Сайраш, кімнің баласысың?»* деп, біреулердің атын атады. Іштегі, сырттағы жиналған жұрт тып-тыныш. Мен ағаның жүзіне тура қараппын да, *«Апамның баласымын»* деп, сөзін күтпестен қолымды созып, бөркімді алып, басыма киіп алып, апамның тізесінің ортасына келіп, қисайып, *«енді не болар екен»* деген кейіппен жайбарақат тұрыппын. Кейін білсем, бұл мен үшін болған сот екен. Сот шешімімен мен апамның бауырында, әкемде қалыппын. Бұл шешімге өкінген уақытым болған емес. Ойласам, көпшіліктің ішінен Бөден шешемді танымаппын.

Апам мені әкемнің де, туыстың үйіне де жалғыз өзімді немесе басқаға ертіп жібермейтін. Өзімнің де апамсыз жүргім, қыдырғым келмейтін. Апам Ақсуатқа барамыз десе, Ақсуатқа кетеміз. Көкжырада боламыз десе, Көкжырада қаламыз. Сөйтіп жүріп мен 1951 жылы мектеп табалдырығын аттап, 15 жасқа дейін, 1959 жылы сәуірдің соңында апамның көзі жұмылғанға дейін бес сыныпты Көкжырада, үш сыныпты Ақсуатта оқыдым. Асыл апам маған мейірімін төккен анам болды, жасыма қарай не білуім керек болса, соның алғашқы әліппесін үйреткен ұстазым еді. Бастауыш сыныпта оқитын кезімде-ақ иелігіме ескі іс машинасын беріп қойып, оны қажетіме қолдануды үйретті. Үсті-басымды таза ұстауды, киімдерімді шашып тастамауды, ең бастысы, дұрыс пайдалануды үйретті. *«Сәкентай, бос уақыт жоқ. Өзің ойлашы, ұйықтасаң – күш жинап, тынығып, ертеңгі іске дайын боласың. Кітап оқысаң – білімді боласың. Ойнасаң – достарыңмен тіл табысуды, құрбыларыңмен қарым-қатынас жасауды үйренесің. Ал оқу – атқаратын қызметің. Жақсы оқысаң, есейгенде ел мақтайтын үлкен азамат боласың. Жақсы оқу – міндетің»* деп отыратын. Сабаққа дайындығымды қалт жібермей қадағалайтын. *«Айтшы, оқышы»* деп отырып-ақ күнделікті дайындығымды бақылап отыратын. Мен хат тани бастағаннан-ақ маған «Батырлар жырын»

оқытып, өзі рахаттана тыңдайтын. Қатарластарымен дастарханда бола қалса, *«менің Сәкентайымдай «Батырлар жырын» ешкім оқи алмайды. Апаларыңа оқып берші»* деп, мені орталарына алып отыратын. Сөйтіп мені кітап оқуға, көпшілік алдында жасқанбай сөйлеуге, ойымды еркін жеткізуге үйретті. Апамның *«Сәкентай, сен не дейсің? Қалай ойлайсың?»* деп мені сөзге тартып, кеңескен сыңай танытатыны да нағыз тәрбие мектебі екен.

Төсек тартып, жатып қалған қыста Ақсуатта Нұршағы тәтемнің үйінде едік. Төсектің аяғында тұрған маған қарап қойып, Нұршағы тәтеме *«Мына Сайрашқа ұрыспаңдар. Мен олай-бұлай болып кетсем, қайда барарын өзі біледі, өз еркінде»* деп айтқан соңғы қоштасу сөзі өмір бойы жадымнан кетпейді. Апамның *«өзі біледі»* деген сенімі өмір жолымда талай тығырықтан абыроймен алып шығып келеді.

Әке шаңырағы – алтын ұя

Көкжыра ауылында тұрғанда Апам екеуміздің сағынып күтетініміз бір адам еді. Күн сайын немесе күнара арнайы бұрылып келіп, сәлемдесіп кететін әкемді көргенде екеуміз бірдей қуанатынбыз. Сонадайдан көрінгенде-ақ алдынан жүгіріп шығып, әкемді апамның жанына әкеліп отырғызғанша асығатынмын. Екеуі бас изесіп амандасқаннан кейін орындыққа жайғасқан әкемнің тізесіне мен де лып етіп отырып, құшағына кіріп кететінмін.

Қинаубай ата мен Рахима әжемнен тараған әулеттің қорғаушысы да қамқоршысы болған әкем 50-жылдардың басында дүркіретіп той жасап, Тілеген ағаның үлкен қызы Алмаш әпкемді ұзатты. Ақсуатта орталық дүкенде жұмыс істейтін қарындасы Нұршағы екеуі қанаттасып, соғыстан қайтпаған екі ағаның жеті баласының да өмірден өз соқпақтарын табуына бас-көз болды. Екеуі де Тілеген ағаның жалғыз тұяғы деп, Сәбетай ағатайыма ерекше қамқорлық жасайтын. Ал Сәбетай аға мені ерекше жақсы көретін. Әлі есімде, Нұршағы тәтем Сәбетай ағаға ешкімде жоқ неміс велосипедін алып берді. Бүкіл Көкжыра ауылындағы алғашқы жалғыз велосипед еді. Қоңырауы, тежегіші, жарқыраған екі шамы бар ерекше велосипед еді. Сәбетай аға ақ көйлегін, қарақұрым етігін киіп, кешке

мал жайланып, тамақ ішіліп болған соң велосипед тебуге шығады. Мені ғана алдына отырғызады. Сол фотосуретті сақтап келемін. Ең қызығы, сол уақытта ауыл балалары да біздің үйдің маңына жинала бастайтын. Ағатайым екеуміз велосипедпен жүре жөнелгенде, олар соңымыздан жүгіріп келе жататын. Қайран, балалық шақ. Барлық қызық асыл әжем, аруақты апам қайтыс болғаннан кейін келмеске кетті.

Апам 1959 жылдың 30 сәуірінде жер қойнына берілді. Мамыр айы туысымен Нұршағы тәтем екеуміз Ақсуатқа оралдық. Мамырдың 20-сында сегізінші сыныпты аяқтадым. Апамсыз өткен сол 20 күн қалай өткенін есіме түсіргім келіп қанша ойлансам да, жадымда ештеңе жоқ. Әбден есеңгіреп қалған сияқтымын. Оқу біткен күннің кешінен таң атқанша құрбы қыздармен бірге алтыбақанда болғаным ғана есімде. Қыздар алтыбақан теуіп, ән айтып, күліп-ойнап жүргенде өзімнің екі тіземді құшақтап делсал ойға шомып бір орында отыра бергенім есімде. Сонда миымда *«қайда барам, қайда тұрам»* деген бір-ақ сұрақ тұрды. Апамның *«қайда барарын Сайраш өзі біледі»* деген сөзінің мағынасын түсінгендеймін. Көкжыра ауылындағы көп балалы екі жеңгеме артық жүк болатынымды, енді ол үйге бармайтынымды жүрегіммен сездім. Апам *«әкесіне бара ма, шешесін іздей ме, өзі білсін»* дегенін ұқтым. Нұршағы тәтем *«менімен тұр, оқытамын»* деп, өр мінезді адамның жұмсарып кеткен себебін де түсіндім. *«Жалғыз қалғысы келмейді ғой»* деп түйдім. *«Сонда қайда барамын?»* – миыма шегедей қадалып тұрып қалған осы сауал ойлантып, орнымнан тапжылтпады. Шешемнің тұрмысқа шыққанын, үйлі-баранды екенін естігенмін.

«Әкеме барайын, қабылдамаса, Нұршағы тәтемнің үйінде қаламын» деп шештім де, орнымнан тұрдым. Бір шешімге келген соң ширап қалғандаймын. Таң сызат бере бастаған. Қыздар да тарай бастапты. Маған қарайлап жүрген жақын құрбыларыма *«сау бол»* айтып, тура автобус аялдамасына бет алдым. Таңғы сағат 6-да автобус Жаңғызтөбе стансасына жүреді. Әкем тұратын Сұлутал ауылы жол бойында. Автобус бір сағаттай жүріп, жеті шамасында барады. Стансадан Ақсуатқа қарай шығатын автобус ол ауылдан сағат 8-9 аралығында өтеді. *«Әкем үйі қабылдамаса, сол автобуспен Ақсуатқа қайтып келемін де, Нұршағы тәтеме алтыбақаннан келгендей боламын да қаламын»* деп шештім.

Үстімдегі жазғы көйлегіммен автобусқа келдім де, жүргізушіге: *«Ақшам жоқ, Сұлуталға түсіріп кетіңізші»* дедім. Бас изеді. Отырдым да кеттім. Әкем отбасымен Сұлуталда тұрақтап, басқарма болған Шверник ұжымшарынан кейін қолына алған қой фермасын да өткізіп, өз қалауымен аға жылқышылыққа шыққанын білетінмін. Зейнеткерлікке шығудың қамы екенін өзі айтқан.

Сағат 7 болмай Сұлуталдың аялдамасынан түсіп қалдым. Ауыл тып-тыныш, жым-жырт. Аялдамада пошта үйі бар. Сайлаубек Әбішев ағам үйленіп осы ауылда тұрған. Сонда апаммен бір келгенім бар. Аялдамада мосқалдау бір аға тұр екен. *«Аға, Әбіш Қинаубаевтың үйі қай жақта?»* деп сұрадым. Жолдың сол жағына қарай нұсқап, *«Сонау шеткі үймен қатарлас үй Әбеңдікі»* деді. Үй жанына келдім. Тып-тыныш. Ұйқыдан тұрмаған сияқты. *«Біреу шығар. Күте тұрайын»* дедім іштей. Бір уақытта сыртқы есік сықыр ете қалды. Мен бұрыштан басымды шығарып қарадым да, біреу шығып келе жатқанын байқап, басымды тартып ала қойдым. *«Бұл кім-ай?»* деген Нұрбатима тәтемнің дауысы естілді. Мен үй бұрышынан шыға бердім. Мені бірден таныған тәтем *«Ой, сен Сәкенім екенсің ғой. Майлыаяғым. Кел, кел»* деп, маған қарай жүрді. Мен әкемнің үйінде қалдым. Сөйтіп өзімнен кейінгі інілерім Кәдірбек, Бақытбек, Талғатбекпен, сіңілім Раямен қауыштым. Осылайша, өмірімдегі үлкен өзгеріс басталды. Рахима әжемнің барындағы дәуренде бір үйдің кішісі едім, әкемнің шаңырағында баланың үлкені болдым.

Нұрбатима тәтем етженді денесі ауырлау екен, аяғы да ауырады. Мен үйдің шаруасына кірісіп кеттім. Сиыр сауамын. Біреу емес, төртеу. Сепаратордан сүт айырып, іркіт пісіп, май шайқаймын. Есік алдындағы үлкен қазанға құрт қайнатып, өреге жайып кептіремін. Ірімшік сүземін. Үй ішін қағып-сілку, ағарту, еден сылау, әйтеу көп шаруа. Бауырларым жас. Үлкені Кәдірбек 10 жаста. Кішісі Талғатбек екі жастан енді асқан. Тақан, Тақаншөк деп еркелетемін. Маған тез бауыр басып кетті. Кірсем, шықсам менен қалмай томпаңдайтын. Бауырларымның төртеуі де айналсоқтап менің жанымнан ұзап кеткісі келмейтінін көріп әкем мен тәтем мәз. *«Бізді сыйламасаңдар да, Сайраш апайларыңды сыйлаңдар, сендерді жеткізетін осы апайларың»* деп, екеуі жарыса айтып, жадырай түседі. Содан бауырларым мені Апай деп айтатын болды.

Жазғы каникулдың үш айы қалай тез өтіп кеткенін байқамай да қалдым. Бұл ауылдағы мектеп жеті жылдық екен. Әкем мен тәтемнің айтуымен Қызылкесік ауылында Клара әпкемнің үйінде тұрып оқитын болдым. Бұл әпкем – тәтемнің соғыста қаза тапқан бірінші жұбайынан туған қызы. Мен тоғызыншы сыныпқа баратын сол жылы күйеуі Қызылкесік ауылының орта мектебінің директоры қызметіне кірісіпті.

Үшінші тоқсаннан бастап менің денсаулығым сыр бере бастады. Тынысым тарылып, жиі-жиі жатып қалатын болдым. Тамаққа тәбетім қашты. Төртінші тоқсанды бір күн оқып, бір жеті жатып қалып жүріп, ілдәлдалап бітірдім-ау. Үш тоқсанда жақсы оқып, Сәбит Сіләмов сияқты ел ерекше сыйлайтын ұстаздар менің талабыма риза болып, ықылас танытып, үш тоқсанда алып үлгерген бағаларыммен тоғызыншы сыныпты төрт пен беске бітірген куәлік берді. Оқу аяқталысымен әкем келіп, жатып қалған мені үйден көтеріп алып шығып, Сұлуталға алып кетті. Үйге барғаннан кейін де жүргеннен жатқаным көп болды. Бұл түрімді көрген жездем Мұздыбай Бейсембаев Семей қаласына өзімен бірге ала кетіп, облыстық ауруханаға жатқызды. Сол ауруханада ұзақ жаттым. Әуелі терапия бөлімінде емделдім. Жүректе ақау бар деді. Соқырішек болып қалып, ота жасады. Тәуірленгеннен кейін қайта терапияға ауыстырды. Оқу басталуына бір жетідей қалғанда ауруханадан шықтым. 400-дей шақырым шалғайдағы ауылыма қайта алмай Ораз, Нұрбибі деген құда-құдағидың үйінде жүрдім. Сол кісілер пошта таситын кішкентай ұшаққа отырғызып ұшырып жіберді. Ұшақ дегенді тұңғыш көргенім. Пошта қаптарымен бірге лық еткізіп төмен-жоғары сілкілеген жер мен көктің ортасында есім кіресілі-шығасылы өлдім-ау дегенде Ақсуаттың әуежайына келіп қонды-ау. Ұшақтан аяқпен басып түсу қайда, қысқа сатымен жерге домалап түстім. Сөмкемді жастық етіп жатып, тыныққаннан кейін өзім жақсы білетін, Ақсуаттан шығатын күре жолдың бойына келіп, қол көтеріп, бір машинаға отырып, 31 тамызда Сұлуталға жеттім. Үйге келдім. Әкем жылқы кезегінде екен. Тәтем қуанып, бауырларым құшақтап жатыр. Байқасам, тәтемнің іші домаланып тұр екен. Шай ішіп отырғанда тәтем әне-міне босанатынын айтып, мектепке кетпеуімді сұрады.

Қалай кетесің, қалдым. Қыркүйектің 19-ы күні тәтем босанып, кішкентай сіңілім туды. Атын Кенжегүл деп қойды. Тәтем бір

аптадай жатып қалды. Мен шай-судың қамымен жүгіріп жүрмін. Оқу басталған, оныншы сыныпқа баруымды ойлап қоямын. Жарыс қазан, шілдехана өтті. Кенжегүлді үкілеп, бесік тойын өткіздік. Тәтем белін буып, төсектен тұрып, жүре бастады. Қыркүйектің соңы, қазанның ертең бірі деген күні таңғы шай үстінде өз шешімімді айттым. *«Оныншы сыныпты Ақсуат орта мектебінің интернатында тұрып оқимын. Ертең таңертеңгі автобуспен шығамын»* дедім. Әкем де, тәтем де біраз үнсіз отырды. Әкем тәтем «не дейді» деп отырғанын түсіндім. Тәтеме қарадым. *«Жақсы. Оқуыңнан қалма»* деді. Сондағы қуанғанымды айтып та, жазып та жеткізе алмаймын. Қатты толқып, көзіме келіп қалған жасты көрсетпейін деп, атып тұрып, ішкі бөлмеге жүгіріп кіріп, киім-кешегімді, кітап-дәптерімді жинай бастадым. Қайран апамның, асыл апамның маған *«Сайраш өзі біледі»* деп, бойыма құйып кеткен күш-қуатының бұлқынып, тасыған бір сәті болды бұл.

Ақсуат пен Алматы – білім жолым

Үйреншікті автобуспен Ақсуатқа келіп, мектеп директорының кабинетіне кірдім. Директор Ғаббас Жүнісов сегізінші сыныптың үздік оқушысы кезімнен жақсы танитын. *«Оу, Сайраш, қайда жүрсің? Оқу басталғалы бір ай болды ғой»* жылы жымиып, қарсы алдындағы орындықты нұсқады.

Мен сәлем беріп, көрсеткен орындыққа отырып, *«солай да солай»* деп, кешіккен себебімді жіпке тізгендей етіп айтып бердім. Сөзімді бөлмей, жылы күлімсіреген қалпында тыңдап отырған ұстазым сөз арасында мені бөліп, *«Не дедің, жарыс қазан өткіздім дейсің бе? Ол қалай?»*, енді бірде *«Тәтемнің сасық тері шықты» дейсің бе? Ол не?»* деп сұрап қойып, тыңдай берді. Біраздан кейін хатшысына мұғалімдерді жинатып, маған *«Сайраш, әңгімеңді қайта айтшы?»* деді. Мен бір айда куә болған әңгімемді тағы айттым. Директор ағайым: *«Сайраш, не сұрайсың?»* деді. Мен интернаттан орын сұрадым. Интернат басқаратын ұстазға тапсырма берді. *«Сайрашқа қыздар бөлмелерін көрсет. Өзі таңдаған бөлмеден орын бер»* деді. Интернатты аралап, бір төсек бос тұрған бөлмеге тоқтадым. Ұстазбен бірге жүргенімді көріп, бөлмедегі қыздар үр-

пиісіп қалды. Сөйтіп бүгінге дейін достығымыз жарасып келе жатқан Самал Сабыровамен қатар төсекте жатып, бір бөлмеде тұрдық. «Интернатта басталған достық естелігінде» Самал сол кезеңді еске алады. *«Мен Сайрашпен 1960 жылы Ақсуат интернатында таныстым. Сол жылдары Ақсуат ауданы бойынша 3 орта мектеп болды. Оның бірі осы аудан орталығында. Біз оқыған ұжымшарда жеті жылдық орталау мектеп болды. Әр ауылдан келген балалар оқуын әрі қарай жалғастыру үшін Ақсуат интернатына орналастық. Міне, бір күні ұзын бойлы, ақ сары, шашы ұзын, сыңғырлаған әдемі күлкісі бар, тақылдаған өжет қыз мені өзіне бірден баурап алды. Сөйтсем, ол да менің оқитын сыныбымда екен. Достығымыз бірігіп сабаққа даярланудан, үй тапсырмасын орындаудан басталды. Сайраш сабақты өте жақсы оқыды. Мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіргеннен кейінгі пысықтауын Сайраш жүргізетін. Әсіресе, шығарма жазуға, орыс тілі мен әдебиетіне құмарлығы ерекше болатын. Біз оқыған кезде орыс тілін сауатты жазып үйренсем деген мақсат жоғары болды. Сайраш өзінің Мәскеуде оқитын Әскен апайына хатты орыс тілінде жазып, қатесі болса түзетіп, қайта жібер деп өтінетін. Осылайша, Сайраштың білсем, үйренсем деген ұмтылысы зая кетпеді. Ол мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Сынып көркемөнерпаздар үйымының жетекшісі болды. Ән айтады, би билейді, мектеп сахнасында қойылатын шағын скетч, пьесаларда басты рөлдерде ойнайтын актерлік қабілеті де болды. Сайраш мектепті үздік бітірді. 1961 жылы ол Алматыға, мен Семейге оқуға кеттік. Екеуміз екі қалада оқып жүрсек те, қатынасымыз үзілген жоқ. Жиі хат алысып, тіпті студенттік қалтаның жұқалығына қарамастан, мен Алматыға, ол Семейге келіп қатынасып тұрдық»* деп жазады. Айта кетейін, зейнеткер екі дос, он жылдай болып қалды, туған елдің жүрегіндей Астана қаласында тұрамыз. Жастық шақты, еселі еңбекпен есте қалған жылдардың қимас қызық күндерін жарыса айтып, күліп-қуанып, концерттерге, театрларға бірге барып жүрміз.

Орта мектепті 1961 жылы бітірдім. Ақсуат орта мектебі интернаты тарихында бірінші болып Мұса Шоқаев екеуміз күміс медаль алдық. Мұса Қазақ политехникалық институтының металлургия факультетінде оқып, бітіріп, Алматыда Ғылым академиясының

металлургия ғылыми зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкерден ғылым кандидатына жетіп, сол институттан зейнеткерлікке шығып, дүние салды.

Иә, орта мектепті бітірген аттестатымды көріп, үй ішімнің үлкен кішісі мәре-сәре болды. Әкем мен тәтем мені үлкен бір қызметкер болып келгенімдей қуанып, қайда отырғызарын білмей көздеріне жас алды. Көріп тұрғандары – бірінші аттестат қой. Есейіп қалған бауырларым *«Кәне, кәне, біз де көрейікші»* деп, аттестатты қолдарымен ұстауға тап-тап береді. Күміс түстес жазуы бар бір жапырақ қағазды екі алақанымен аялап қысып ұстап алған Нұрбатима тәтем *«Аулақ, жыртып аласыңдар»* деп қақпайлаған сайын, олар да ұмтыла түседі. Менде зәре жоқ. Қолдарына түссе, таласа бастайтындары анық. Әкемнің *«Болды, шуламаңдар»* деген сөзі таласты сап тыйды.

Шай үстінде мен сыныптастарыммен қалаға оқуға баратынымды айттым. Тәтем үндемеді. Қоштай қоймады. Ішім қылп ете қалды. Дөңгелек жер үстелі басында үнсіздік орнай қалды. Асықпай тәтем әңгіме бастады. Түйіні – ауылда сиыр фермасы ашылады екен. Өзі сауа алмайтын болған соң үйде бір сиыр ғана ұстайтынын, сүт, қаймақ азайғанын айтып, мен бір жыл сол фермаға сауыншы болғанымды көргісі келетінін айтты. Бәрінің назары маған ауды. Мен түсініп отырмын. Үйге көмекші керек. Сауыншы болып, еңбекақысын айтпағанда, шайлық, майлық ақты көбейтсем қандай жақсы. *«Әке, тәте, мені бір жыл оқуға жіберіңіздер. Күміс медальға бітіргенімді көріп отырсыздар. Оқуға бармасам, мектептен, мұғалімдерден ұят болады гой. Жогары оқуға түссем түстім, түспесем, қайтып келіп сауыншы боламын»* дедім. Келісті. Бір жылқы сойып, қалтама 150 сом салып, мектептес достарыммен бірге қалаға оқуға жіберді. Бұл 1961 жыл еді.

Сол жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-филология факультетінің студенті атандым. «Халық жауы» деген жалған айыппен ондаған жылын темір торда өткізсе де, қажыры қайтпаған, қандары қараймаған академик ғалым Қажым Жұмалиевтен, тарихшы профессор Халел Әділгереевтен керемет дәрістер алғанымды тағдырдың сыйы деп санаймын. Әдебиетші, тілші, тарихшы Төкен Абдрахманов, Қабдолла Қалиев, Асқат Әбілқаев, Нұржамал Оралбаева, Хасен

Әдібаев, Шайхы Кәрібаев, Дәулет Әлімжанов, Күлтай Бейсембаева, Шәмшия Бәйтікова, Бексұлу Шымырбаева, Маргарита Айтбакина, Разия Рүстембекова (М. Иманжановтың әйелі), педагогика ілімінен Райхан Ержанова, психолог Мәжит Мұқанов сияқты ғылым-білімнің, оқыту әдістемесі ілімінің ақтаңгерлерінің алдын көрген тағдырыма ризамын.

Үшінші курсты бітіріп, жазғы демалыстан оралған бізді институтта үлкен жаңалық күтіп тұр екен. Біздің факультет екіге бөлініп, бәріміз филология факультетіне ауыстырылыппыз. Тарих факультетіне талапкерлер қабылдау жарияланыпты. Біз үшін оқу мерзімі төрт жылдық болыпты. Сөйтіп соңғы курстың студенттері болып шықтық. Үш жыл тарихтан дәріс алғанымыз туралы анықтама берілетін болды. Төрт оқу жылында да үздік студент болдым. Көтеріңкі стипендия алдым. Студенттердің ғылыми-практикалық конференцияларының бел ортасында жүрдім. Мемлекеттік емтиханды үздік тапсырып, институтты қызыл дипломмен бітірдім.

Оқуға ерекше ынталы болдым. Ауруханада жатқанымда да оқудан қол үзбедім. Курстас достарым кезекпен жиі келіп, институттағы жаңалықтарды, курстағы жаңа тақырыптарды, тың тапсырмаларды айтып тұрды. Көркем кітапты да көп оқитынмын. Екінші курста оқи бастағаннан-ақ аурушаң болып кеттім. Көктемде, күзде 45 күннен жатып, жылына екі рет Алматының «Геологострой» бөлігіндегі №2 қалалық ауруханада ем қабылдайтынмын. Жатақхананың медициналық пунктінің есебінде тұратынмын. Жасөспірім шағымда жабысқан жүрек ақауынан әлсіреп, аяғымды әрең басып, тәбетім қашып, ұйқыдан қалып, қиналып жүрсем де, ауруханаға барғым келмей қашатынмын. Жатақхана дәрігерлері өздері іздеп келіп көндіретін. Бір жолы жедел жәрдем машинасымен ауруханаға алып кеткені де есімде. Ақ халатты абзал жандарға алғысым шексіз. Содан бері жүріп келе жатқаным – әуелі бір Алланың шапағаты, студенттік шақтағы дәрігерлік ем-домның шипасы. Студенттік төрт жылда Семей облысының Ақсуат ауданынан Алматы қаласында оқып жүрген жерлестерімнің жаңа жылдық кешіне бір-ақ рет қатыстым, бірінші мамыр мерекелік шеруіне де бір-ақ рет шықтым. Кейінірек тұрмысқа шығып, жүкті болып, сәбиімді дүниеге әкеле алмай, отаға түсіп, мұңайып көзіме жас алғанда әрі туыс, әрі мектептес дос Меліс Тәшенов маған: *«Сен*

жылама. Біз баягыда оқып жүргенде, сені ауру деп, жаңа жыл кешіне келе алмайды деп, тірілердің тізімінен сызып тастаған-быз. Тірі жүргеніңе тәуба айт» дегені жадымда жатталып қалды. 2004 жылы мен алпыс жасқа толғанда «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы қызметінде едім. Педагог-журналист шәкірттерім мен туралы ғұмырнамалық кітап шығарғысы келетінін айтты. Сонда менен сұхбат алған Жолдас Сарманов: *«Апай, Сіздің балалық шағыңыз, жасөспірім кезіңіз, отбасылы болған кезеңіңіз туралы ешкім білмейді. Өзіңіз айтып берсеңіз?»* деп, өтініш жасаған еді. Шәкірттерім бірі демеуші, бірі ұйымдастырушы болып, 2004 жылы мен туралы **«Еңбегі мен қайраты екі жақтап»** деген атаумен сол кітап шықты. *«Тірі жүргеніме, тіршілігіме тәуба деймін»* деген тақырыппен менің сұхбатым беташар мақала болды.

Жетпістен асқан шағымда екінші рет менің өмірбаянымды сұраған өтініш 2017 жылы **«Тарихқа толы Тарбағатай»** атты жылнама альманахтан келіп түсті. Қазақ халқының мемлекетінің тарихында өзіндік орны бар Тарбағатай өңірінің ел-жұрты құрметтейтін бір қызы ретінде үлкен де, кіші де ғибраты болса білсін деген ниетпен өмірдерегімді кеңінен баяндап жаздым. Әкем Әбіштің *«Өмірде қуаныш пен қиындық қатар жүреді. Өмір қызығы да сонда. Қызыққа мастанбай, қиындыққа жасымай, бардың да, жоқтың да бағамын біліп, жүрегіңді таза ұста»* деген өсиет сөзі жасымнан өмірлік берік ұстанымым болды. Жақсыға жақын болуға, жамандықтан іргемді аулақ ұстауға ұмтыламын. Қуансам *«тәуба»* деймін, қиналсам *«бұл – менің тағдырым»* деймін. Ерте есейгеніме қуанамын. Баламын, жаспын деп, ойсыз, қам-қарекетсіз, мақсатсыз күн кешпегеніме қуанамын.

Мұғалім болғаныма мақтанамын

Институтты бітіріп, дипломды екі жыл мұғалім болып қызмет еткеннен кейін алатын болып, жолдамамен туған жерге, Ақсуат ауданына аттанып кеттім. 1965 жылдың тамыз айында аудандық оқу бөлімінің пәрменімен Социалистік ауылындағы Ю. Гагарин атындағы сегіз жылдық мектепте қазақ тілі мен әдебиеті,

тарих пәндерінің мұғалімі болып, еңбек жолын бастадым. Бір оқу жылын аяқтап, 1966 жылдың тамыз айында әкемнің үйі тұратын Сұлутал ауылының Қ. Сәтбаев атындағы орта мектебіне ауыстым. Еңбек жолымның осы кезеңі туралы №1 Ақсуат орта мектебінің 70 жылдығына арналған аудандық газетте «Біздің мақтанышымыз» деген мақаласында осы оқу орны директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары Серікқазы Алдажаров: *«Институт жолдамасымен туып-өскен ауылына келген, еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, ұйымдастырушылық қабілеттілігімен тез танылған Сайраш 1966 жылдың күзінде аудандық комсомол комитетінің хатшылығына сайланды»* деп жазады *(«Ақсуат арайы», 1997 жыл, қараша).*

Бас-аяғы бір оқу тоқсаны жұмыс істеп, Ақсуат ауданы орталығына қайта келіп, аудандық партия комитетімен бір ғимараттағы аудандық комсомол комитетінің қызметіне кірісіп кеттім. Бұл қызметте партия мүшесі болу керек екен. Көп ұзамай Коммунистік партия мүшелігіне кандидаттыққа қабылдандым.

Туған шешеммен жүздесу

Бұл қызметте бір жыл істеген уақыттың жеке өміріме қатысты ең басты оқиғасы – туған шешем Бәденмен бірінші рет бетпе-бет кездесуім болды. Кабинетімнің есігін ашып кіргенде бірден таныдым. Бұрын сыртынан анда-санда көріп, біліп жүретінмін. Орнымнан тұрып, сәлемдесіп, диванға отыруын сұрадым. Жайғасып отырғаннан кейін маған қатысты жағдайдың бәрін білетінін, жақсылық тілеп жүретінін айта келе, өткен тарихына қарай ауысты. Мені өзімен бірге ертіп кеткісі келгенін, Рахима апам бермегенін айтып, апам жөнінде *«ол кісі»* дей бергенінде мен сөзін бөлдім, *«Бәке, Рахима апамның берген тәрбиесімен мен оқыдым. Көріп отырсыз, міне, қандай қызметте отырмын. Сіз келіні болғандықтан, Рахима апам туралы айтпағыңыз бар шығар. Ренжімеңіз. Апамның аруағын қозғамайық. Сіз екеуміз туралы айтайық. Иә, мен сіздің балаңызбын. Ержетіп, еңбекке араласып, табысқа іліктім. Жалғыз балаңыз болсам сізге қарайласуға, тіпті асырауға міндеттімін. Тәуба. Өз үйіңіз, жолдасыңыз, ба-*

ла-шағаңыз бар. Қазір маған үйге жүр дей алмайсыз. Жүр десеңіз, барайын. Мені отбасыңыз қабылдай ма? Менің тағдырым қандай болады? Қазақстаннан Қытайға ауғандай боламын ғой. Жасымнан бірге өскен аға-әпкелерімнен, аялаған әке-шешемнен ат құйрығын үземін ғой. Маған соны тілейсіз бе? Менің тағдырым бытшыт болсын демейсіз. Сондықтан маған жақсылық тілей беріңіз. Мен де сіздің жақсылығыңызға тілектеспін. Сау болыңыз» деп, орнымнан тұрдым. Ол кісі де тұрып, бас изесіп қоштастық. Біраздан кейін терезеден қарап едім, төрт-бес жасар ұл баланы жетектеп кетіп бара жатыр екен. Кейіннен білдім. Үлкен ұлы Бауыржан екен. *«Тәтем ішке кіргенде, мен сыртта қалғанмын»* деп, кейін өзі айтты. Оқып, үйленіп, еңбекке араласып, Ресейде жұмыс істеп, Алматыға көшіп келіп, тұрақтапты. Келіншегі Айгүл екеуі шешесін қолына алыпты. Мені қонаққа шақырып, дастарханда болдық. *«Сайраш, апасының баласы»* деп, Бөкең менімен арақатынасын сыпайы сыйластық арнасына бұрды. Бақилық болғанында жаназасына қатысып, аста бағышталған құранға қол жайдым. Иман байлығын берсін. Бауыржан бастаған бауырларыммен келін, құда-жекжатпен араласып тұруға жол аштық. Қарым-қатынасымыз жақсы, той-томалақта біргеміз. Тіршіліктің қызығы – сыйластық. Ал тағдыр – әркімнің өз маңдайында.

Ақсуаттан Алматыға аттандым

ҚазПИ-ден аспирантураға оқуға шақыру хат келіп, ауданның комсомол жастар ұйымының кезектен тыс конференциясы шақырылып, мені хатшылық жұмыстан алғыс айтып босатып, құрметпен Алматыға шығарып салды. Аудандық партия комитетінің кезектен тыс бюро отырысы өтті. Мен кандидаттықтан партия мүшелігіне қабылдандым. Бюро мүшелері аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Нүриден Қабышев, екінші хатшысы Дүйсен Сұлтанов, аудандық атқару комитетінің төрағасы Бейсен Каженов, халықтық бақылау комитетінің төрағасы Қабдеш Айетов, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Эдгар Шұқыжанов мені құттықтап, жылы тілектерін айтты. Еліміздің жоғары оқу орындарының қара шаңырағы ҚазПИ-ден аспиранту-

рада оқуға шақыру алу аудан жұртшылығы айта жүретін үлкен жаңалық болғанын, жастар үшін үлгі-өнеге екенін айтып, менің болашағыма зор сенім білдірді. Осылайша облыс орталығынан 400 шақырымдай шалғайдағы, Барқытбел-Тарбағатай баурайындағы шекаралық Ақсуатыма шексіз қамқорлығы үшін жүрекжарды рахметімді айтып, 1967 жылдың желтоқсан айында Алматыға аттандым. Содан 2012 жылдың 13 мамырына дейін 43 жылдан астам уақыт еңбекпен есейген, ел-жұрт таныған өмір жолым қазақ ұлысының ұлы шаһары Алматыда өтті.

Ақсуаттан екінші рет Алматыға келіп, туыстай болып кеткен, мектепте, интернатта бірге тұрған Мұсаның үйіне түстім. Студент шақта арамыз ажырамай, Марияш екеуінің үйлену тойын бірге өткізгенбіз. Мұса политехникалық институтты бізден бір жыл кейін бітіріп, жұмысқа кіріпті. Марияш Қыздар институтын бітіріп, мамандығы бойынша А. Чехов атындағы қалалық кітапханаға орналасыпты. Алматының Ленинградская көшесінде 54-үйде тетя Поля деген орыс кемпірдің бір бөлмесін жалдап тұрады екен. Айта кетуім керек, Мұса Тұмарбайұлы Шоқаев Ақсуаттан шыққан бірінші техника ғылымының кандидаты болды.

Мен сол Мұсаның жалдамалы пәтерінде бірге тұратын болдым. Келесі күні ҚазПИ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, академик Қажым Жұмалиевтің алдына келдім. Жылы қарсы алды. Өзі және ректор С. Толыбеков қол қойған аспирантурада оқуға шақыру қағазымды алып, *«Жүр, кеттік. Ректорға»* деді де, орнынан тұрды. Мен соңынан ілестім. Қабылдау бөлмесінде *«Отыр»* дегендей ишара жасады да, ректорға кіріп кетті. Шыққаннан кейін *«Жүр, Сайраш»* деп, асықпайтын салмақты жүрісімен алда, мен соңында кабинетіне келдік. Костюмінің бір қалтасынан папиросын алып, асықпай, студент кезімізден әбден қанық, кең маңдайлы сырбаз келбетімен папиростың түтікшесін мақтамен баптап тұрып: *«Ал, Сайраш, құттықтаймын! Сен бүгіннен бастап ҚазПИ-дің қызметкерісің. Аспирантураға қабылдау емтиханы өтетін келесі 1968 жылдың қыркүйегіне дейін аспиранттар мен ғылыми ізденушілер жинағының редакторысың. Жұмыс орның – институттың партия комитетінің хатшысы кабинетіндегі бір үстел»* деді. *«Жұмыс орныңа бара бер. Маған ертең сағат үшке кел»* деді. Парткомға келдім. Есік қақтым. *«Кіріңіз»*. Табал-

дырықтан аттадым да, тұрып қалдым. Сәлемдестім. Қуанғаннан жүрегім тулап барады. Өзіміздің ақсуаттық ағайым, дефектология ілімінен ұстазым, доцент Қабдолла Қалиев сол баяғы байсалды қалпымен *«Әбішева жолдас, келіп қалдыңыз ба, отырыңыз»* деп, орындықты нұсқады. Бұрыннан білемін, бұл өте жылы пейіл танытқаны. *«Ақсуат қалай?»* деп сұрады да, жауабымды күтпестен, *«Бәрін білемін. Сіз туралы әңгіменің ішінде болдым. Әсіресе, Қажекең, Қажым Жұмалиев «Алғыр, мінезі ғылымға керек» деп, сізге риза болып отыр. Жұмыс орныңыз міне»*. Бұрышқа жақындау тұрған үстелді нұсқады. *«Қызмет бабында бастығыңыз – аспирантура бөлімі. Қоғамдық жұмысыңыз – партиялық мүшелік жарна жиналуын қадағалайсыз. Әр айдың онынан қалдырмай, мені жазбаша хабардар етесіз. Сіз енді біздің ұйымның мүшесісіз. Үстеліңізге қойдым. Жалпы жиналыстардың шешімдерімен танысыңыз»*.

Сөйтіп, қызу жұмыс басталып кетті. Ертеңіне Қажекеңе барып едім, академияға кетіпті. Жаңа 1968 жылдың қарбаласы басылғаннан кейін қабылдауында болдым. Өзі оқытқан әдебиет теориясынан студенттік ғылыми конференцияларда менің жасаған баяндамаларым назарын аударғаны есінде қалыпты. Институт бітіргеннен кейін мені шақырып, XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың басындағы ақын-жыраулардың аттарын атауға болмаса да, даналық жауһар жырларын әдебиет теориясы тұрғысынан талдау тақырыбы етіп насихаттай беруді, менің осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмысына бағыт алуымды ұсынғаны да есінде екен. Сол жылы аспирантурада қалдырғысы келсе де, орын болмағанын, кафедра лаборанты болып істей тұруға менің келіспегенімді дұрыс санайтынын бүкпей айтып, шақырумен бөгелмей келгенімді қуаттап, алдағы күздегі аспирантураға қабылдау емтиханына уақытты ұтымды пайдаланып, мұқият дайындалуыма кеңес берді. Тез-тез жазып отырғанымда оннан асатын кітаптың атын атап, оқуымды, конспектілеуімді, кітапхана мұрағаттарымен жұмыс істеп, бұл тізімді толықтыра беруімді, теориялық, зерттеушілік қабілетімді шыңдай беруді тапсырды. *«Өтінішің бар ма?»* деп сұрады. Мен тұратын жердің жағдайын айттым. Жатақханадан орын алып беруге көмектесетінін айтты. Қажым ағаның, әкемдей мейірімді ұстазымның алдынан шыққанда кең дүние өзгеше құлпырып кет-

кендей, күш-жігерім тасып, аспан да, жер де, адамдар да – бәрібәрі маған бақыт тілеп тұрғандай ерекше қуанышты күй кештім.

Зыр жүгіріп жұмыс істеп, неше кітап ақтарып, неше дәптер толтырып жазып жүріп, 1968-дің күзі, емтихан уақыты тез жеткенін бір-ақ білдім. Емтиханнан жақсы өттім. Аспирант атандым. Өкіл әкемдей болған ұстазым Қажекең ауруханада жатыр еді. Арнайы барып, қызметтен босатылып, аспирантураға қабылданғанымды айттым. Мен үшін қуанып, төсекте жатқан қалпында маған бұрынғы ақын-жыраулар өткен дәуірден, әдебиет теориясынан көп мағлұматтар айтып, сөйлей жөнелді. Студенттік аудиторияда «Абай жолы» романынан, Махамбет жырларынан қара сөзді де, өленді де жатқа оқып, сырқатты кеудесінен үні шықпай, қиналса да тоқтамайтын қайран ғұлама ұстазым, төсекке байланып жатса да, терең білімді сөздерін шабыттана түйдек-түйдегімен, кесек-кесек өлең жырларымен өрнектей ағылтқан сабағын тыңдап отырып, қатты толқыдым. Шаршап, ауырып қалады-ау деп қиналдым. Орнынан тез тұрып кетуін тілеп, қош айттым. Қайдан білейін, бұл соңғы кездесуім екенін. Қазақтың жұлдызды азаматы Қажым Жұмалиев сол жатқаны екі-үш айға созылып, о дүниелік болды. Өзінің туған күні 26 желтоқсанда жер көрпесіне оранды. Иман байлығын берсін.

Ғылым жолы кілт үзілді

Академик Қажым Жұмалиевтің артында ұлардай шулап көп аспирант қалды. Соның бірі мен едім. Едәуір есеңгіреп қалдым. Аспирант деген атым бар, ғылыми кеңесте бекітілген диссертациялық зерттеу тақырыбым жоқ. Ғылыми жетекшім жоқ. Мен білетін көп аспирант әр түрлі ғылыми ортадан жетекші тауып кетті. 1969 жылдың көктемі де келді. Мені институттың қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессор Серік Қирабаев шақырды. Жағдайымның қиындығын түсінетінін, ғылыми жетекшілікті өзі алуы үшін кеңес дәуірі әдебиетінен зерттеу тақырыбын ұсынатынын айтты. «Кеңес дәуірінің жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы поэзияның бейбітшілік тақырыбы» ғылыми диссертациялық жұмысымның тақырыбы болып бекіді.

Ғылыми жетекшімнің берген бағыт-бағдарымен күн-түн демей жұмысқа кірісіп кеттім. Орталық ғылыми кітапхананың аспиранттар залы ұядай жылы, жарық, тып-тыныш. Кітап қоры бай. Асханасы да бар. Қажет кітапты тапсырыспен алып, оқи бер, жаза бер. Аспирантурада оқу мерзімім аяқталатын 1971 жылы қыркүйек айында ғылыми жетекшім диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмысымды кафедраның ғылыми кеңесінің талқылауына ұсынды. Диссертациялық жұмыс тақырыбым бойынша әр түрлі ғылыми жинақтарда, мерзімді баспасөзде жарияланған мақалаларымның тізбесі де берілді. Кафедраның ғылыми кеңесі ескертпелерімен ғылыми атақ алуға, қорғауға ұсынылатыны жазылған шешім шығарды. Бірақ бұл бағыттағы жұмысты аяғын суытпай жалғастыруға тіршілік тызылы мойын бұрғызбады. Тұрмысқа шықтым. Тұрдалы Еренов деген азаматпен бас қостым. Қайын атам, қайын енем бар. Материалдық жағдайымыз – жолдасымның бір жалақысы. Сол жылдары қазақ әдебиетінен жазылатын ғылыми диссертациялық жұмыстар орыс тілінде қабылданатыны туралы Мәскеуден пәрмен шыққаны тағы бар. Тек авторлық рефераттарды ғана қазақ тілінде жазуға рұқсат берілді. Маған материалдық көмек қолын созатындай туыс-туған болмады. Әке қартаң тартты, шеше ауру, бауырлар жас. Дегенмен жұмыс іздей жүріп, ғылыми ізденісімнен қол үзбедім. «Бейбітшілік үшін күрес – дәуір талабы» («Социалистік Қазақстан» газеті, 2.12.1971), «Қазіргі қазақ совет поэзиясы бейбітшілік күресінде» («Қазақстан мектебі» журналы, №2, 1972) және тағы басқа мақалаларым жарық көрді.

Жасөспірім шақтағы журналист болсам деген арман жетелеп «Социалистік Қазақстан» газетінің шаңырағына келіп, жұмысқа кірген соң ғылымның ауылы алыстай берді. Бірақ ұмыт қалдырмадым. Қазақ КСР Оқу министрлігінің оқу-әдістемелік кеңесінің қазақ әдебиеті секциясының 1987 жылы 27 наурыздағы кезекті отырысының шешіміне сәйкес диссертациялық ғылыми-зерттеу еңбегім қазақ әдебиеті пәні мұғалімдеріне, жоғары оқу орындары студенттеріне, көпшілікке арналған қосымша оқу құралы ретінде «Мектеп» баспасына ұсынылды. 1988 жылы **«Жыр арқауы – бейбітшілік»** атауымен кітап болып шықты. «Қазақстан мұғалімі» газетінде (6.01.1989) бұл кітап жөнінде «Азаматтың ұрпағы жоғалмасын» тақырыбымен көлемді сыни мақала жарық көрді.

«Кітап ...салмақты сауалдар шоғырын саралайтын бес тараудан тұрады; ...Сәкеннің әйгілі «Советстан», «Жас қазақ марсельезасы», «Чжан-цзо-лин», «Алтай», Ілиястың «Гималай», «Саяхат қошқарлары», «Қосаяқ», «Октябрь елесі», т.б. тұлғалы туындыларын ойына арқау еткен автор олардың идеялық-көркемдік, эстетикалық сырларын соны тұрғыдан ашуға талаптанған; ...еңбек авторының өлең-жырларға өзіндік көзқараспен келгенін, онысы көбінесе сәтті шығып отырғанын баса айтуға тиіспіз. Бұл әсіресе Ілиястың «Қосаяқ» өлеңіне берілген талдаудан айқын аңғарылады; ...еңбек авторы қазақ поэзиясындағы аталмыш тақырыптардың жырлануы мәселесін одақ әдебиетінің дамуы аясында қарастырады; ...Талай нөсер төгілер, болар жасын. Алапат күн әйтеуір жол алмасын. Мына нұрлы өмірге тірек болған, адамзаттың ұрпағы жоғалмасын, – деген жалынды шумақтар зерттеушінің бүкіл мақсат-мүддесімен астасып жатқандай» дей келе, ой-пікірін *«...әдебиет пәнінің мұғаліміне, мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттеріне, жалпы әдебиет сүйер қауымға, солардың талап-тілегіне лайықты баяндайтын, программалық материалдық шеңберін кеңейте түсетін кітапқа зәру болып келгенімізді мойындау керек сияқты»* деп түйіндейді.

Қарындасым дейтін еді

Аспирантурадағы оқуды бітіргеннен кейін ғылым жолындағы ізденісті тоқтата тұрып, күнкөрістің жағдайын ойлау керек болды. Күнкөріс көзі, әрине, жұмысқа орналасу. Мектепте – оқушы, кейін мұғалім, аспирант бола жүріп, газет-журналдарда бірен-саран мақалаларым шығып, жазудың азды-көпті ащы-тұщы дәмін татқан жастық жігердің жетегімен, «құласаң, нардан құла» дейтін тәуекелмен 1971 жылдың қазан айында республикалық «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясына бардым. Мұндай тәуекелге бел байлауыма Қаби аға себеп болды. Миллионнан астам тұрғыны бар астанада, Алматы қаласында менің әкемді танитын, «Әбіш аға» дейтін жалғыз адам Қаби аға еді. Әкемнің соғыста қаза тапқан Тілеген, Шөжен атты екі бауыры мен Тарбағатай тауы ба-

уырындағы Ақсуат ауданында қатар өсіп, қызметтес болған Қаби аға мен үшін Алматы сияқты үлкен қаладағы жалғыз туысымдай көрінетін. Жүрегімді жылытып, көңілімді өсіріп жүретін осы сезім, жұмыс іздеп жаным қысылған сәтте алып тау іспетті «Социалистік Қазақстан» газеті шаңырағының табалдырығынан аттауға демеу болды.

Жұмыс бөлмесіне кіргенімде Қаби аға жазу үстінде екен. Мені көре сала, жүзі жадырап, орнынан тез тұрып, қолымды алып, *«Кел, кел, айналайын»* деп, орындық ұсынып, ауыл-аймақтың, әкемнің амандығын, хал-жағдайымды сұрап, аңқылдаған ақ көңілмен баладай қуанып, қарсы алды. Жүзінен ерекше жылы ықыласпен, бар ынтасымен менің өмір жолымнан, оқуымнан, ендігі көздеген мақсатымнан айтқан әңгіме-өтінішімді мұқият тыңдап отырып, ара-арасында *«Ә, дұрыс екен»*, кейде *«апырмай, ә»* деп, бірде риза болып, бірде мұңая қалып, шын жанашырлық, ағалық, әкелік пейіл танытқан Қаби ағаны мен еш уақытта ұмытпаймын. «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясына кіші әдеби қызметкер болып жұмысқа орналасуыма ақыл-кеңесімен жәрдем беріп, алғашқы мақалаларымның жарық көруіне қамқор болған Қаби аға еді.

«Социалистік Қазақстан» газеті редакциясында бірге жұмыс істей жүріп аға мен қарындастай болған шынайы туысқандық жібі еңбек жолымен басқа ортада жүрсем де үзілген жоқ. Қаби аға мені «қарындасым» дейтін еді. Алматыдай алып қалаға оқу іздеп келген маған Қаби ағадай үлкен жүректі мейірбан туысымды табыстырған тағдырыма мың да бір шүкір. Амал қанша, өмір аққан судай алға жүгіреді екен де, соңы құрдымға батып кете береді екен. Қаби ағаның қазасы мені қатты налытты. Жаны жәннатта болсын, иманы жолдас болсын.

«Социалистік Қазақстан» газеті – университетім

Журналистік еңбек жолымның теориялық-тәжірибелік университеті болған «Социалистік Қазақстан» газетінде 1971 жылдың қарашасынан 1977 жылдың қарашасына дейін еңбек еттім. Секретариатта ҚазТАГ лентасын оқитын кіші әдеби қызметкер-

ден еңбекшілер хаттары және спорт бөлімінің әдеби қызметкері, ғылым және оқу орындары бөлімінің аға әдеби қызметкері сатыларынан өттім. Журналистік қызметтің қыр-сырына бойлап, зор құлшыныспен еңбек ете жүріп, Алматы қалалық журналистік шеберлік институтын бітірдім. Журналистік оқу-еңбек саласындағы ұстаздарым – профессорларым Ұзақ Бағаев, Сапар Байжанов, Мағауия Машақов, Қаби Мыңжанов, Сапаржан Қайдаров, Сарбас Ақтаев, Мыңбай Ілесов, Совет Шиманбаев, Бекболат Әдетов, Тоқтарбек Қызықбаевтар сияқты қазақ журналистік ілімінің, тәжірибесінің дамуына айрықша еңбек сіңірген ағаларыма алғысым шексіз. Арман болып елестейтін аға газеттің редакциясында *«менің міндетім анау еді, мынау еді»* демей, уақытпен санаспай, шығармашылық, қоғамдық жұмыстың қандайы болсын қуанып, құстай ұшып деуіме де болады, еңбек еттім. Редакцияның ішкі тірлігінің ұңғыл-шұңғылын ғана емес, газет басылып шығатын «Дәуір» баспасының баспахана цехтарының өндірістік қыр-сырына да ден қойдым.

1972 жылдың күзінде хабар және еңбекші хаттары, спорт бөліміне әдеби қызметкер болып ауыстырылдым. Бөлім бастығы, марқұм Сейділда Бәкенеев еді. Бөлімде екі журналист – еңбекшіл, елгезек, спорт десе ішкен асын жерге қоятын Совет Шиманбаев (иманы жолдас болсын) және мен. Іле-шала бөлім бастығы Совет аға болды. Біздің бөлім қатыспайтын, аптасына алты рет шығатын газет нөмірі болмайтын. Хабар-ошарсыз, мәдени өмірдегі, спорттағы жаңалықтарсыз газет болмайтыны белгілі. Мен үшін мұндай қауырт жұмыс – нағыз жанып тұрған оттың іші болды. Сөйтіп жүріп, еңбек көрігінде қайнап пісіп, журналистік шеберліктің қыр-сырына тереңдей бердім. Күндер зулап, 1972 жыл тез-ақ өтіп, 1973 жыл келді. Бұл жылдың бірінші жартысы өте ауыр болды. Ауыр науқастан айыға алмай редакторымыз Ұзақ Бағаев қайтыс болды. Сәл бұрын бірінші орынбасар қызметіндегі Сапаржан Қайдаров дүниеден өтті. Өмір ағысы өз дегенін істемей қоймайды. Тіршілік тызылы жалғаса берді. Газет шығып жатты. Ай соңынан ай өтіп, күзге іліктік. Газеттің редакторы қызметіне жазушы-журналист, ғалым, зерттеуші Сапар аға Байжанов келді. Сапар аға «Социалистік Қазақстан» газетін он жылға тарта (1973-1983) басқарды. Осы он жылдың бес жылында Тәңірімнің маған

Сапар аға басшылығымен жұмыс істеу бақытын бұйыртқанына мың да бір шүкір айтып, қуанамын да мақтанамын. Сол жылдары аға газет ұжымына Ақселеу Сейдімбек, Мыңбай Ілес, Тоқтарбек Қызықбаев, Нұри Муфтах, Мамадияр Жақып, Бекболат Әдетов, Қойшығара Салғарин келіп қосылды. ҚазМУ-дың түлектері қатарынан алдымен Сауытбек Абдрахманов, кейіннен Ержұман Смайыл редакцияға жұмысқа қабылданды. Жетпісінші жылдардың орта шенінде «Социалистік Қазақстан» газетінің арнаулы беттері жарық көре бастады. Әлі есімде, мен жауапты болған «Қаламқас» арнаулы бетінің бірі Халықаралық әйелдер мерекесі – 8 наурызға орай шығарылды. Оның мазмұндық сапасы, көркемделуі лездемеде аталып өтілді. Бетте «Ер-азаматтар лебізі» айдарымен шыққан Әбділда Тәжібаевтың: «Көктегі күн – жалпыға ортақ. Ал әр отбасының, үй ішінің кішкентай күні – әйел» деген пікірі қанатты сөзге айналып кетті.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА және РФ Білім академиясының академигі Күләш Құнантаева менің «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясындағы жұмысым жайында «Қазақ әдебиеті» газетінде «Жан шуағын сыйлаған» мақаласында (30.03.2012) былай деп жазыпты. *«Сайраштың есімі аталса, ең әуелі 1970 жылдардағы «Социалистік Қазақстан» газетінің қыз-келіншектер мен аналарға арналған «Қаламқас» айдарымен берілетін арнаулы беттері көз алдыма келеді. Аталған үлкен газеттің айына 2-3 рет жарық көретін беттерінің жүргізушісі Сайраш Әбішева еді.*

Міне, сол жылдары мен Сайраштың журналистік қаламының қарымдылығына, әсіресе, ұйымдастырушылық қабілетіне, үлкенмен де, кішімен де тез тіл табысып, шүйіркелесе жөнелетін, қағылез, кішіпейіл мінезіне ерекше сүйсінетін едім. Көзі шоқтай жайнап, айналасына шуағын шашып, мейірімін төгіп жүретін. Орынды уәж, орнықты мінезімен көпшілікті баурап, айналасына үйіре білетін. Ара-арасында көпшіліктің көңілін көтеріп, жанын сергітетін әзіл-қалжыңын да аямайтын. Оған іскерлік пен жауапкершілік, табандылық пен қайсарлық қосылғанда, сол кездегі отызға толмаған жап-жас Сайраштың бәріміз айналып-үйіріліп, қасынан шықпаушы едік. Айтқанын екі етпеуге тырысатынбыз.

Қоғам қайраткері Балжан Бөлтірікова апайдан бастап «Қаламқас» клубының мүшесі болғанбыз, бәріміз Сайраштың жанымыздай жақсы көріп, клуб жұмысына құлшына, қызыға көмектестік. Ауыл-ауылға сапарға шығып, кездесулер өткіздік. ...Бұл кездесулер жайында аға газеттің арнаулы бетінде «Қаламқастың» «Дөңгелек үстелінен» репортаж деген сияқты тақырыптармен жарияланып тұратын. Сол жылдардың өзінде-ақ мен Сайраштың белгілі журналист әрі қоғам қайраткері деңгейіне жететіне нық сенімді едім».... «Жақсы сөз жан семіртеді» деген. Қазақтың үлкен ғалым қыздарының бірі Күләш Құнантайқызының жылы пейіліне, ағынан жарылған тілегіне мың рахмет.

Аға газет редакциясындағы еңбегім еленіп, 1974 жылы осы шаңырақта хат тасушы болып істейтін бауырым Бақытбек екеуміз екі бөлмелі пәтер алдық. Сөйтіп Алматы қаласының заңды тұрғыны атандық. Ота жасалып, менің сәбилі болуым неғайбыл күйге түсіп, жолдасымның әкеден үшеу, анадан жалғыз екенін ойлап, өзара келісіп, екеуміз бөлініп кеткенбіз.

«Қазақстан әйелдері» журналындағы шуақты жылдар

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің идеология бөлімінің шешімімен мен 1977 жылы қараша айында «Қазақстан әйелдері» журналының жауапты хатшы қызметіне ауыстырылдым. Бас редактор республикадағы Ленин орденді жалғыз журналист Әтина Жәкетова, редакцияның жетекші бөлімдерінің редакторлары жазушы-журналист «Ақ босаға» кітабымен, жазбаларымен кең танымал Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері Күләш Бейсенбиевамен, ақын-журналист, әдемі әзіл сөзге шебер, көпшіл, ер мінезді Рза Құнақовамен тез тіл табысып, үлкен-кіші демей достасып кеттік. Өкініштісі, Рзекең өмірден ерте озды. Күләш апай екеуміздің бір-бірімізге деген ыстық ықыласымыз, әріптестік, достық, отбасылық таза сыйластыққа ұласып, қырық жылдан асса да кіршіксіз таза көңілмен жалғасып келеді.

Тәңірдің жазуымен, мен ағарту саласы бойынша «Қазақстан мектебін» басқарған үзіліссіз 20 жылдық бас редакторлық еңбегім үшін Тәуелсіз Платиналы «Тарлан» сыйлығына ие болдым. Күләш

апайды айрықша құрметтеп, алдынан кесе-көлденең өтпейтінімді әбден білетін ақын Әбубәкір бауырым «Тарлан» сыйлығын атап өтуге жайылған дастарханда:

Байжан ата келіні,
Сапар аға зайыбы,
Көк аспандай көңілі
Өрге жүзген қайығы.

Қабағынан күн өрген
Бейсенбиева Күләштай
Жақсылардың жақсысы,
Апай отыр осында –
«Отбасы мен балабақша»
Журналының басшысы.

Сайраш сынды апайдың
Жеңгесі де сырласы,
Кеңесшісі кей кезде,
Әріптесі, мұңдасы, –

деп, отыз жылдан астам уақыт сынынан өткен әріптестік тілектестікпен бір-бірімізді іздеп жүретін адал достыққа жеткен шынайы сыйластығымызды жыр жолдарымен өріп әдемі айтты. Иә, сонау 1977-нің күзінен 1983-тің 10 қаңтарына дейін мен еңбек еткен «Қазақстан әйелдері» журналы редакциясындағы шуақты жылдар ұмытылмайды.

«Социалистік Қазақстан» газетінде бірнеше жыл тұрақты жарық көрген, оқырмандардың көзайымына айналған, әйелдерге арналған «Қаламқас» беттерін жүргізуде жинақтаған журналистік тәжірибем «Қазақстан әйелдері» журналында кең арнаға шықты. Шығармашылық орта шабытты қамшылайды емес пе. Оның үстіне әйел тақырыбы – өмірдің өзекті мәселесі. Үлкен үйдің дархан көңіл қамқоршы анасындай Әтина апай редакцияның үлкен-кішісін ортақ іске жұдырықтай жұмылдырып, шығармашылық пен жақсы көңіл күйді домбыраның қос ішегіндей қатар қағып, оқырман әйел қауымының сүйікті журналының туын жоғары ұстады.

Журналдың таралымы жылдан-жылға артып, өрісі ұзара берді. Жауапты хатшылық жұмысымды жауапкершілікпен атқара жүріп, мен де шығармашылық сапарлардан қалыспай, тың кейіпкерлер, тың тақырыптар іздедім. Ізденісім жақсы нәтиже әкелді. 1980 жылдың қорытындысында «Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының 60 жылдығы қарсаңында» айдарымен жарияланған әдеби жазбаларым мен очерктерім үшін Қазақстан Журналистер одағының екінші сыйлығын алдым. Бірінші сыйлық «Казахстанская правда» газетінде жарияланған республиканың таңдаулы адамдарының портреттер сериясы үшін Б. Масальскийге берілді. Одақтың тапсыруымен жазбаларымды машинкелеп «Қазақстан» баспасына тапсырдым. Баспасөздегі қызметіме 15 жылдан енді асқан 1986 жылы осы баспадан **«Нұрлы жол»** атауымен тұңғыш кітабым жарық көрді. Көлемі 3,5 баспа табақ, 4500 таралыммен, бағасы 10 тиын кішкентай кітап менің жүрегімде кішкентай жұлдыз болып туып, осы уақытқа дейін жан дүниемді жылытып тұрады. Сонау 1967 жылы 21 қазанда Ақсуат аудандық «Еңбек туы» газетінде жарияланған тұңғыш мақаламды қайта-қайта оқып, өз аты-жөнімді газет бетінен көріп қуанғанымдай, араға 19 жыл салып шыққан кішкентай кітабым сөреден сап-сары болып, әлі де маған күлімдеп қарап тұрған сияқты.

Беттерін парақтап, Қостанай өлкесінің механизаторы Шәрипа Қасқырбаева, «Нұрлы жол» үстінде машинасын заулатып рульде отырған Күмісбала, Алматы қаласындағы №2 тігін фабрикасының тігін технологі Күлзия, Қызылорда облысының Жаңақорған ауданының трактористі Азия Қыстаубаева, Семей қалалық клиникасының хирургі Пану Кәкенова, ғалым-педагог Гүлжан Жүнісова, сонау соғыс жылдарында сахнаға бірінші рет «Ер Тарғындағы» Ақшаханның желпуішін ұстап тұрған күтуші бала бейнесінен Ленин болып сахна төріне шыққан Қазақ КСР-інің халық әртісі Әбілқасым Жаңбырбаев, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының фортепьяно факультетінің аға оқытушысы Гүлдана Жолымбетова, кішкентай сүйкімді дәрігер атанған Әсия Құмарова, тағы басқа очерктерімнің кейіпкерлерімен кездесіп отырғандай боламын.

Осы тұста Қазақстан Журналистер одағы тұңғыш жариялаған Мұқаметжан Сералин атындағы сыйлықтың бірінші иегері бол-

ғанымды да айта кетейін. 1996 жылы таңдаулы журналистік жұмыстарға жарияланған бәйгеде «Егеменді Қазақстан» газетінде (13.11.1996) жарияланған «Бавария сабақтары» жолсапар очерктерім үшін жеңімпаз атанып, Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы К. Смайылов, республикалық «Дәуір» корпорациясының бас директоры Ә. Тілеулесов, бәйге жюриінің төрағасы Ә. Көпішев қол қойған диплом (28.06.1997) алдым.

«Қазақстан мектебі» журналы – журналистік биігім

Орталық Комитеттің ауыстыруымен 1983 жылы республикалық ғылыми-педагогикалық «Қазақстан мектебі» журналы бас редакторының орынбасары – «Бастауыш мектеп» қосымшасының редакторы қызметіне кірістім. Журналдың бас редакторы журналист, әдебиет сыншысы Мұқаш Сәрсекеев зейнеткерлік демалысқа шығып, 1987 жылдың шілде айында Оқу министрі Қажахмет Балахметовтің бұйрығымен «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы қызметіне тағайындалдым. 1983 жылдың қаңтарынан 2011 жылдың шілдесіне дейін 28 жылдан астам, оның 24 жыл 8 айы бас редактор қызметінде болдым. 1925 жылдан Қазақстан тәуелсіздік алған 1991 жылға дейін еліміздің білім, ғылым саласының барлық жүгін бір өзі көтерген қазақ баспасөзінің қара шаңырақтарының бірі «Қазақстан мектебі» журналынан құрметті зейнеткерлікке шықтым.

Жеке адам туралы жазғанда есею жылдары, есейген кезеңі деп, өмір жолдарын тағы басқа бірнеше сатыларға бөліп баяндаймыз. «Қазақстан мектебі» редакциясында бас редактор болып істеген жылдарым менің нағыз есейген кезеңім болды деп санаймын.

Кім-кімнің де жаңа жұмысты қалай бастауды ойланатыны белгілі жайт. Бірінші басшы қызметін бастағалы отырған адамның алдында тұратын сұрақтар тіпті көп. Маған журналистік білім және тәжірибе университеті болған «Социалистік Қазақстан» мектебінен алған сабақтарым көмекке келді. 1973 жылдың күзінде «Социалистік Қазақстан» газетіне редактор қызметіне келген Сапар Байжанов ағамыз жұмысын редакциялық бөлімдердің журналистерімен жеке-жеке әңгімелесіп танысудан бастаған еді. Мен де

бас редакторлық қызметімді дәл солай бастадым. Айырмашылығы, жұмыс жетекшілерін алдыма шақырмадым, жұмыс бөлмелеріне өзім бардым. Өйткені әр бөлімде – бір адам, сол бөлімнің редакторы – өзі жетекші, өзі орындаушы. Бас-аяғы үш бөлім, «Бастауыш мектеп» қосымшасымен төртеу. Үш бөлімнің редакторлары да жас жағынан менен үлкен. Жақсы қарсы алды. Қалам ұстап жүрген әйел журналистердің алдыңғы легінен көрініп жүрген кезім. Журналистік мектебім – «Социалистік Қазақстан», «Қазақстан әйелдері». Мемлекет тізгінін ұстап отырған Компартияның Орталық Комитетінің ауыстыруымен келіп отырғаным тағы бар. Қай бөлмеге барсам да, бірінші көзге түскені – үстел үстінде үйіліп тұрған жер-жерден келген мақалалар. Хаттар бөлімі жоқ. Редакцияға келіп түскен хаттарды бас редактор бөледі екен де, хатшы әрі машинка басатын қызметкер тіркеу журналына қол қойғызып бөлім жетекшілеріне таратады екен. Жұмыс барысында редакция қоржынында айлап емес, жылдап жатып қалатын хаттар барын білдім. Республикалық ғылыми-педагогикалық «Қазақстан мектебі» – қазақ тілді жалғыз басылым. Көлемі бес баспа табақ. Орта мектептің 5-11-сыныптарының апталық сабақ кестесіндегі барлық пән мұғалімдерінің әдістемелік-тәжірибелік жазбалары күн құрғатпай келіп жатады. Мектепте оқытылатын пәндер бойынша мұғалімдердің білімін көтеруге бағытталған ғалымдардың, ата-аналардың, білім-ғылым министрлігінің, үлкен-кіші басқару мекемелерінің, тізбектей берсе, авторлар ауқымы өте кең журналдың әр нөмірін жоспарлау қиынның қиыны болып шықты. Жылдың әр айының міндеттерін саралап, пәндер бойынша редакцияға келіп түскен уақытына қарап, «өткен нөмірде ана пәннен шыққан, енді мына пәннен берейік» деп, қызылтанау күй кешумен жаңа 1988 жылға да жеттік.

Еліміздің оқу-білім саласының барлық мәселелерін бір журналдың бетінде қамту мүмкін еместігін әбден түсіндім. Авторларының басым бөлігі – мектеп мұғалімдері. Жаздырып алатын, таралымды ұстап тұрған да солар. Журнал ғылыми ортаның жоғары аттестациялық комитеті тізімінде болғандықтан аспиранттар мен ғылыми ізденушілер де редакцияға жиі келеді. Мұны айтып отырған себебім – «Қазақстан мектебі» журналын мазмұндық-тақырыптық тығырықтан шығарудың жолын іздеуге бекем бел будым. *«Бұл*

журналдың – он алтыншы бас редакторымын. Менен кейін он жетінші де келді. Жоғары жақтағылар ұната ма, ұнатпай ма, өздері білсін» деп, Мәскеу үлгісімен жеке-жеке пәндік педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналдар шығару жөнінде мәселе көтеруге кірістім. Саясатта демократиялық жылымық желдің лебі сезіле бастаған кез. Аты аталмай кеткен Алаш ардагерлерінің бірінен кейін бірі ақталып, өздері болмаса да, асыл сөздері, рухани қазынасы ортамызға орала бастаған-ды. Елдік барлық мәселені құзырында ұстап отырған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне 1958 жылы ашылып, 1959 жылы жабылып, репрессияға ұшыраған «Қазақ тілі мен әдебиеті» ғылыми-әдістемелік журналын қайта ашу туралы өз атымнан қол қойып жаздым. Мәскеуден оқу орыс тіліндегі мектептер үшін жеке-жеке пәндік 22 журнал шығатынын, қазақ мектептерінің апталық оқу кестесінде алты күн сабақ өткізілетін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне ғылыми-әдістемелік көмек көрсетуде «Қазақстан мектебі» журналының мүмкіндігі шектеулі екенін дәлелдегендей болдым. Хатым қолдау тауып, Оқу министрлігіне орындау тапсырылды. 1990 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы ашылды. Менің қуанышымда шек жоқ.

«Көрікті қызған кезде бас» дегендей, енді қазақ балабақшаларының тәрбиешілерінің көмекші құралы болатын журнал ашуды ойладым. Бұл бақшалардың меңгерушісі мен тәрбиешілері Мәскеуден шығатын «Дошкольное воспитание» журналын аударып, оқып-жазып, «қазақша осындай журнал неге шықпайды?» деп, қиналғандарын талай естігенмін. Министрдің орынбасары Шәмша Беркімбаеваға кіріп, ақылдасып едім, *«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына жоғарының нұсқауымен ақша министрлік бюджетінен бөлінді. Ал балабақша басылымына олай бола қоймас. Бәрі қаражатқа тіреледі ғой»* деді. Мен ойланып қалдым.

Редакцияның есепшотына ақша министрліктің финанс басқармасы арқылы түседі. Штат кестесін, жалақы, іссапар шығыны, қаламақы қоры – бәрі-бәрі сол басқарма құзырында. Редакция бухгалтері қаржылық кіріс-шығысты есептеп, сол басқармаға өткізеді. Менікі – қол қою. «Бұл қалай? Журналдың таралымы жақсы. Барлық қаражат қанша?» деген сұраққа жауап алу үшін финанс басқармасының басшысы Мутерперл Шая Гершевичке

бардым. Ол кісі министрліктің бұйрығымен «Русский язык и литература в казахской школе» басылымына біздің журнал есебінен қомақты қаржы аударылатынын айтты. *«Бұл дұрыс емес қой»* деп едім, *«Дұрыс-бұрыстығын министрмен шешесіз, мен бұйрықты орындаушымын»* деді. Министрдің атына тез хатымды дайындап, тағы да Шәмша Көпбайқызына кірдім. Көмектесетінін айтты. Мәселе оң шешілді. Бөлініп кеткен қаражат есепшотқа түсімен министрге журналдың үнем есебінен «Отбасы және балабақша» қосымшасын шығару жөнінде хат жаздым. 1991 жылдың қаңтарынан жаңа қосымша шыға бастады. Осылайша, 1992 жылы «Информатика, физика, математика» қосымшасын шығардық. Еліміз тәуелсіздік алуымен бірге мектеп өміріне келген сүйінші жаңалық – сабақ кестесіне бірінші рет жеке пән болып «Қазақстан тарихы» енгізілді. Соған орай 1993 жылы «Қазақ тарихы» қосымшасы оқырманға жол тартты. 1996 жылы «Биология, география және химия» қосымшасын шығардық.

Сөйтіп кеңес дәуірінде жетпіс жылдай қазақ тілді жалғыз журнал болып келген «Қазақстан мектебі» басылымының мазмұндық өрісі кеңейіп, жаңаша сипатқа ие болды. Еліміздің білім беру жұмысының қай мәселесіне болсын атсалысып, жедел үн қатуына кең жол ашылды. Авторлар құрамы да молыға түсті. Салалық баспасөздегі бұл жаңалық ел назарынан тыс қалған жоқ. 1995 жылы сәуір айында тәуелсіздік туын көтерген еліміздің білім беру саласы қызметкерлерінің бірінші кеңесі өткізілді. Білім беру саласы қызметкерлерінің бір тобын мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы Тұңғыш Президенттің жарлығы шықты. «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінің 1995 жылғы 14 сәуірдегі нөмірінде жария болған Жарлықта жемісті ғылыми және педагогикалық қызметім үшін мен «Құрмет» орденімен наградталдым. Бұл награданы Алматы қаласындағы Президенттің Ақ сарайында Елбасы өз қолымен менің кеудеме тақты, куәлігін тапсырды. Тәуелсіз мемлекет шаңырағы көтерген еліміздің төл наградаларының бірін, 18-нөмірлі «Құрмет» орденін кеудеме тағып тұрып Президент мені *«Сіз қазақ журналистері және білім жүйесі қызметкерлері ішінен бірінші болып алып тұрсыз»* деп құттықтады. Мұндай сәттің қуанышын айтып та, жазып та жеткізу қиын. Ешқашан ұмытылмайды екен. «Түр-

кі әлемі» газетінің (№11 (59), 2006 ж.) тапсыруымен «Қазақстан мектебі» журналында қызмет еткен ақын-журналист Қайырбек Шағыр менің шығармашылық еңбек жолымды «Қалғымаған халқы үшін қазақ қызы» мақаласында былай тізбектепті. *«Педагогикалық баспасөз саласындағы еңбегі жоғары бағаланып, 1995 жылы Сайраш Әбішқызы «Құрмет» орденінің иегері болды. Ол қазақ баспасөзінде және білім беру саласында «ҚҰРМЕТ» орденін алған тұңғыш ұстаз әрі журналист, қазақ әйелдері арасында да мемлекет тарапынан марапатталғандардың алдында тұр. ...Ойымызды осы «тұңғыш» сөзінің төңірегінде өрбітіп көрейікші. Ата-ананың тұңғыш перзенті... «Қазақстан мектебі» журналының тұңғыш әйел редакторы... Қазақ тіліндегі жеке пәндерге арналған тұңғыш журналдарды дүниеге әкелуші... шетелге сапар барысынан жазылған жолжазба очерктері үшін 1997 жылы М. Сералин атындағы сыйлықтың тұңғыш иегері... Алыстағы Англияның үздік жетістіктер мәліметтерін тіркейтін Кэмбридж ғұмырнамалық орталық жылнамасының 2000 жылғы анықтамалығының бірінші басылымына білім беру мен журналистика саласындағы үздік жетістіктері үшін есімі енгізіліп, арнайы дипломмен марапатталған тұңғыш қазақ әйелі... осылай жалғаса береді. Осылайша әрбір жақсы істің басында тұру үшін «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп Абай айтқан үш қасиетті бойға сіңірген бөлек жаратылыс иесі болу керек шығар. Ы. Алтынсарин медалі мен білім беру ісінің үздігі атағы Сайраш Әбішқызының ұстаздықтағы белесі десек, оның жылы жүрегі мен адамгершілік шапағатын көрген сансыз ұл-қыздардың алғысы сол көңілдерде жазылып жатқан жеке бір тарих».*

Өзім айтар болсам, мені ерекше шығармашылық шабытқа жетелеген сәт 1991 жылы желтоқсанның 10-ы күні сағат 15-те Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш Президент қызметіне кірісуіне арналған Қазақ КСР-інің Жоғары Кеңесінің салтанатты мәжілісіне қатысуым болды. 1989-1991 жылдар аралығында «Қазақстан мектебі» журалының бас редакторлық жұмысымен қатар қоғамдық негізде Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болып сайланғанмын. 1990-1991 жылдары осы қоғамның ұсынуымен Алматы қалалық халық депутаттары кеңесіне №2 сайлау округінен депутат болып сайландым. Жоғарғы Кеңестің

салтанатты мәжілісіне астаналық халық депутаттары кеңесінің депутаты ретінде шақырылдым. Шақыру билетін киелі төбәріктей сақтап келемін. Сол салтанатта көпшілікпен бірге Тұңғыш Президентіміз Нұр-Ағаны құттықтап қол соғып, қуаныштан жылап тұрдым. Жалғыз мен емес, бәрінің де көздері мөлтілдеп тұрды. Мәжілістен шыққаннан кейін өзімді осындай тарихи ұлы оқиғаның ішінде болған бақытты адаммын деп санадым. Тәуелсіз мемлекетім үшін еңбегімді еселей түсемін, қолымнан қаламым түскенше шығармашылық тақырыбым қазақ мектебі әлеуетін, киелі қазақ тілінің туын жоғары көтеруге арналады деп өзіме өзім уәде еттім. Осы жолда жүріп келемін.

Қазақ елі мен халқы үшін 1991 жылдан бастап жаңа дәуір – жеке мемлекет дәуірі басталды. Үш жүз жылдай алпауыт елдің алқымнан қысқан бодандығынан босап, ата-бабаларымыз аңсаған өзімізді өзіміз билейтін бостандыққа жеттік. Тәуелсіздік Туын көтеріп, апыл-тапыл жаңа дәуірге қадам басқан туған Отанымыздың алдында айтып тауыса алмайтын қыруар міндет тұрды. Соның ішінде қазақстандық білім беру жүйесін қалыптастыру міндеті айрықша маңызды бірінші кезектегі түпкілікті биік мақсат болды, бола да бермек. Өйткені қоғам мен мемлекет дамуының дөңгелегін ілгері жүргізетін күш оқу-білімде екені айқын бағыт. Еліміз үшін елдігімізді сақтап қалудың осындай сын сағаты туғанда сапырылысқан сан алуан мақсат-міндеттердің қақ ортасында тұрған «Қазақстан мектебі» журналының атқарар жүгі айрықша мол болды. Ең бірінші кезекте, қазақстандық мектеп жүйесін қалыптастыруда Мәскеуден келетін орысша оқулықтарды аударып оқытатын бодандықтан құтылу үшін төл оқулықтар дайындауды жедел қолға алу міндеті тұрды. «Қазақстан мектебі» журналының, оның жоғарыда аталған қосымша басылымдарында бұл мәселе мазмұндық бағыт-бағдарының өзекті тақырыбына айналды. Ұлт, мемлекет, ұрпақ тағдырына қатысты білім беру мәселелерін көтерген тың теориялық, озық тәжірибелік материалдар нөмір сайын үзілмей шығып жатты. Мұғалім, ғалым авторлармен, ата-аналар қауымы өкілдерімен кездесулер, сұхбаттар жиілеп, жетекші журнал мен қосымшалар беттерінен оқырман қауымға жетіп жатты. Редакциялық шығармашылық қызу жұмыс осылайша жалғасып, ізденіс өрісі ұзара берді. Ұжымның зор құлшыныспен еткен еңбегі

ел назарына ілікті. 1995 жылы «Қазақстан мектебі» журналының 70 жылдығына орай Тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаевтан келген құттықтау хат редакция ұжымын, бүкіл оқырман қауымды зор қуанышқа бөледі. Бұл құттықтау 1990 жылдың 24 сәуірінен бастап шыға бастаған республикалық әлеуметтік-экономикалық «Халық кеңесі» газетінің (13.10.1995) «Өзгенің бақытын аялайтын, өзінің уақытын аямайтын» айдарымен «Қазақстан мектебі» журналының 70 жылдығына тұтастай арналған үшінші бетінде жарияланды.

Осылайша педагогикалық салалық бес басылымның ауыр жүгін көтеріп, абыройлы еңбегімен ел алғысына бөленген ұжым мүшелерінің басым бөлігінің үйсіз, пәтерден-пәтерге көшіп жүретіні мені қатты ойландыратын. Пәтер бөлу – Білім министрлігі құзырында. Ол жақтан пәтер бөлінуін күту – аспандағы айға қол созумен бірдей. Осы тығырықтан шығудың жолында тағы да маған «Социалистік Қазақстан» газетінің он жыл бас редакторы болған Сапар Байжановтың көрсеткен жолы көмекке келді.

1973 жылы күзде аға газеттің бас редакторы қызметіне кіріскенде Сапар аға, жоғарыда жазғанымдай, ұжым мүшелерінің қарым-қабілеті мен тұрмыстық жағдайына жіті көңіл аударды. Республика басшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың алдына мәселе қойып, үкіметтің қаулысымен редакция қызметкерлеріне жылына 320 шаршы метр пәтер бөлініп тұратын болды. 1974 жылы редакцияға алты пәтер бөлінді. Жаңа пәтер кілтін алған қызметкерлердің босаған алты үйі де редакция иелігіне берілді. Соның бірі маған бөлінді. Аға буынның орнын басқан жас мамандар бірінен кейін бірі пәтер алып, қоныс той жасап, мәре-сәре болдық. Бұл тәжірибе мені ойландырып жүрген мәселені шешудің кілтін қолыма ұстатқандай болды. Алматы қалалық кеңесінің депутаты жұмысымның екінші 1991 жылын республика бойынша салынатын тұрғын үйді шаршы метрлеп бөлетін мемлекеттік жоспарлау комитеті тізіміне баспасөз саласынан «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерімен бірге 1925 жылдан шығып келе жатқан «Қазақстан мектебі» журналы да енгізілуін сұрап хат жазудан бастадым. Жоғары құзырлы мекемелердің алдынан өттім. Сөйтіп, «Қазақстан мектебі» журналы редакциясы қызметкерлеріне тікелей жыл сайын 200 шаршы метр тұрғын үй бөлінетін шешім

шығып, мемлекеттік тізімге енгізілді. Мемлекеттік жоспарлау комитеті таратылып, тұрғын үйді шаршы метрлеп бөлетін үкіметтік тізім жабылғаннан кейін Алматы қалалық әкімшілігі басшылығы редакцияға оң қабақ танытып, журналдың 75, 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, қарт «Қазақстан мектебі» журналының Құлтөлеу Мұқаш, Нәзигүл Сәдуақасова сияқты қызметкерлерінің пәтерлі болуына жеткізген қамқорлықтары үшін ризамыз. «Түркі әлемі» газетінде жоғарыда аталған мақаласында ақын-журналист Қайырбек Шағырдың *«Сайраш Әбішқызының ... жылы жүрегі мен адамгершілік шапағатын көрген сансыз ұл-қыздардың алғысы сол көңілдерде жазылып жатқан жеке бір тарих»* деп жазған құпияның, менің атыма айтылған алғыстың сыры, міне, осындай.

Бұл тарихтың тағы бір тарауы мынадай. 1994 жылдан бастап «Бастауыш мектеп», «Отбасы және балабақша», «Информатика, физика, математика», «Қазақ тарихы» қосымшаларының жеке-жеке шаңырақ көтеріп, бөлініп шығуына кірістім. 1972 жылы ашылған «Бастауыш мектеп», сондай-ақ 1991, 1992, 1993 жылдары ашылған қосымша басылымдардың таралымдары жылдан жылға көбейіп, оқырмандарын тапты. Авторлар құрамы қалыптасып, тақырыптық-мазмұндық бағыттары айқындалды. Әр қосымшаның редакторлығы жүктелген педагог-журналистер мерзімді басылымның сан қырлы жұмыстарын жан-жақты меңгеріп, журналистік ұйымдастырушылық ауыр да абыройлы жұмысты жүргізіп кете алатындай деңгейге жетті. Министрлік менің ұсыныстарыммен келісіп, тиісті бұйрық-нұсқаулар шығып, аталған қосымшалар өз алдына жеке-жеке басылымдарға айналды. Содан бері бұл журналдар өтпелі кезеңнің қиындықтарына төтеп беріп, үздіксіз жарық көріп келеді. Бұрынғы қосымша журналдар редакторлары – енді жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің директорлары әрі сол серіктестіктердің құрылтайшылығымен шығатын басылымдардың бас редакторлары. Сөйтіп, жаңа жұмыс орындары көбейіп, педагог-журналистер қатары да өсті. Олар «Қазақстан мектебі» журналын өздерінің қара шаңырағы санайды. Ал мені ұстаз апайымыз дейді. Бас редакторлық жұмыста журналист-жазушы, әдебиетші ғалым Сапар Байжановты ұстазым деп, ұлағатын үлгі тұтатынымдай, «Қазақстан мектебінен» бөлініп, жеке-жеке отау тіккен журналдардың бас

редакторлары мен қызметкерлерінің маған деген ризалық сезімі мен зор құрметін ақын-журналист Қайырбек Шағыр «Ақ ордаға сіз қадаған уықтар» өлеңінде былай жеткізеді.

Ықыласты суытпай, мұлде кіршік жуытпай,
«Апай» дейміз әрқашан, ағайындай, туыстай.
Саяңыздан өрбіген ғалым, ақын, ұстаздар,
Шаңырағына Отанның Сіз қадаған уықтай!

Осы бір шумақ жыр жолдарында менің журналистік, ұстаздық еңбек жолым тұтас сыйып тұрғандай тебірентеді. Бұл да бір тарих, өзекті өмірдің жарқын беттері екені рас.

Тәуелсіздік арайымен нұрланған 1991-2001 жылдар шығармашылық еңбек жолымда айрықша кезең болды. Республикалық газет-журналдарда жазбаларым, толғаныста сұхбат-сырларым жиі шығып жатты. «Егемен Қазақстан» газетінде: «Бір шаңырақтан – бес журнал» (08.07.1994), «Адамгершілік жолы қайда?» (18.01.1997); «Егеменді Қазақстан»: «Баварияда сабақтары» (13.11.1996); «Парасат» журналында: «Тіл уызының қайнар бұлағы» (№6, 1996); «Қазақ әдебиеті» газетінде: «Өркениет өрнектері» (03.12.1996), «Ұлттың ұйытқысы» (04.03.1993); «Аты-жөнді қазақшалауды мектептен бастайық» (07.05.1999); «Қазақтың баласы мектепте қазақша оқысын» (23.07.2000); «Алматы ақшамы» газетінде «Жол ұзара берсін» (01.07.1998); «Жас Алаш» газетінде «Қазақстанда қанша халық бар?» (24.02.2000); «Қазақстан мектебі» журналында «Абыройлы асқар асу» (№8, 1995); «Қазақстан мектебі» журналы және білім беру жүйесі» (№8, 2000); «Халық кеңесі» газетінде «Әліппеден басталған әлем» (13.10.1995); «Қазақстан әйелдері» журналында «Әйел ұлтты тәрбиелейді» (№9, 1995) және тағы басқа жарияланған жазбаларымды біріктіріп, Отанымның тәуелсіздігінің он жылдығына тартуым болсын деп, «Атамұра» баспасынан 2001 жылы **«Оттай ыстық он жыл»** кітабымды шығардым. Беташар кіріспе сөзінде жазушы, филология ғылымының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбек *«Қолыңыздағы кітаптың әр парағынан ескен азаматтық ұн, күрескерлік рух... Отанның тағдыры – тәуелсіздікте, тәуел-*

сіздіктің тағдыры – білімде екеніне көз жеткізе түседі» деп, оқырманға терең ой тастап, *«Міне, ұлтым деп соққан жүректің үні осындай»* деп түйіп, менің шығармашылығыма үлкен қолдау көрсеткені үшін алғысым шексіз. «Алматы ақшамы» газетінде (04.02.2001) көркем сөздің айтулы шебері Мағира Қожахметова «Оттай ыстық он жыл тәлімі» мақаласында *«Он жыл аралығында жинақталған ой көкжиегінен Сайраш Әбішқызының журналистік алғырлығы, қайраткерлік белсенділігі, азаматтық отансүйгіш қасиеті дараланып тұр»* деп жазады. Мағираның өзіне тән қалтарысы жоқ шыншыл, әділ болмысымен кітапқа енген мақалаларға қысқа да нұсқа шегедей нық тұжырымдары мені ерекше қанаттандырып, қаламымды қатайта түсті. «Егемен Қазақстан» газетінде (07.02.2001). «Қаламгердің жанын баураған жылдар» мақаласында аға журналистердің бірі Мамадияр Жақып *«Еліміздің тәуелсіздігі туралы көп айтамыз. Айтып қана қоймай, соған үлес қосу кімге де болса парыз»* деп, кітаптың жарық көруінің түпкі мақсатын дөп басып, ашық айтады.

Ел тәуелсіздігінің екінші он жылдығында да шығармашылық еңбек жолым, жеке өмірім кезеңді сәттерге толы болды. «Аралас мектептерден арылайық» («Егемен Қазақстан», 22.10.2003), «Төбеге шықтым деп, төменге күл шашпа» («Егемен Қазақстан», 09.12.2003) деп, елдік, моральдық, этикалық тақырыпқа қалам тарта бастадым. «Қазақстандық ұлт мемлекеттік тіл толық жұмыс істегенде ғана қалыптасады» деп («Айқын», 22.09.2004), ықпалы жоқ, болымсыз іс-шараларға алданбай, мемлекеттік тіл мәселесі бойынша парламенттік, үкіметтік деңгейде белсене қимылдайтын кез жеткенін айтып, азаматтық ақ адал ой-пікірімді тартынбай ортаға салып, сұхбатыма өзек еттім.

2004 жылы алпыс жасқа толдым. **«Еңбегі мен қайраты екі жақтап...»** атты мен туралы ғұмырнамалық деректі кітап (Алматы, «Курсив» ЖШС, 2004) шығарды. «Қазақстан мектебі» журналы редакциясында қанаттаса бірге еңбек еткен Ардақ Арнаұлы Кәкітаев қаржылай демеуші, Әбубәкір Қайран, Әбділдабек Салықбай, Қайырбек Шағыр, Жолдас Сарманов құрастырушылар, журналистер Жұмагүл Қуанышбекқызы, Күләш Бейсенбиева, Гүлзейнеп Сәдірқызы, Құлтөлеу Мұқашұлы, барлығы қырыққа жуық

автор қатысқан бұл кітапты парақтап оқыған сайын Әбубәкір Қайран сөзімен айтқанда, *«жүрегім сайрай бастайды»* («Жан шуағы», «Қазақ әдебиеті», 16.07.2004). Туған өлкем – Тарбағатай ауданының әкімі Айбек Кәрімов бастап, алпысымды айдарлап, дүрілдетіп, той өткізді. Аудандық «Тарбағатай» газеті арнаулы нөмір (24.07.2004) шығарды. Ақсуаттық ақын Серік Жұматов сөзін жазған сазгер-күйші Қалихан Сапоровтың «Барқытбелдің Сайрашы» әні туды. Кеудеме «Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы» белгісі тағылды. «Туған жерің – алтын ұяң» деген осы ғой. Жарты ғасырға жуық өмір жолым Алматымен тығыз байланысты болса да, балалық шағымның бағы, еңбек жолымның бастауы болған Жәнтікей ауылымды, Ақсуатты бір сәт те естен шығарған емеспін. Ақсуаттықтар да мені ешқашан ұмытқан емес. 2007 жылы үздіксіз жиырма жыл жемісті бас редакторлық қызметім үшін Платиналы «Тарлан» сыйлығын алғанымда Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы Бақыт Қажыбаева «Тарбағатай» газеті (03.02.2007) бетінен сүйіншімен жар салды.

Қоғамдық еңбек – шыңдалу мектебім

«Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы қызметіне қосымша қоғамдық негізде 1989-1992 жылдары астанамыз Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болып сайландым. Бұл қоғамдағы жұмысым менің шығармашылық еңбегімді ана тіліміздің шешімін күтіп, қордаланып қалған мәселелерін жалпыұлттық мүдде биігіне көтеру арнасына алып келді. Осы орайда «Тілі зордың – елі зор» («Алматы ақшамы» газеті, 25.12.1989), «Мост дружбы» («Огни Алатау» газеті, 28.11.1990), «Жауырды жаба тоқып, не ұтамыз» («Қазақ әдебиеті» газеті, 17.08.1990), «Тіл уызының қайнар бұлағы» («Парасат» журналы, №6, 1996), «Аты-жөнді қазақшалауды мектептен бастайық» («Қазақ әдебиеті» газеті, 7.05.1999), «Қазақтың баласы мектепте қазақша оқысын» («Қазақ әдебиеті» газеті, 23.07.2000) сияқты мақалаларымның легі бүгінге дейін үзілмей келе жатқан журналистік азаматтық өмірлік тақырыбыма айналды. Алматы қа-

лалық «Қазақ тілі» қоғамындағы жұмысымыз жөнінде осы қоғамдағы қызметін аға нұсқаушы болып бастап, орынбасар, бірінші орынбасары деңгейіне жеткен, ауған соғысының ардагері, мәдениет қайраткері Ерлік Әлімқұлов шынайы көңілмен жүрекжарды лебізін жазғаны бар. *«Кім болса да мойындау керек, Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамы жұмысының жандануына бірден-бір үлес қосқан – Сайраш Әбішқызы. Ол кісі қалалық қоғамның материалдық базасының нығаюына, оған жеке мекенжай алып беруге көп еңбек сіңірді. Еткен еңбегі зая кетпей, сол жылдары қалалық мәслихаттың депутаты болып сайланды. Алматы қаласының аудандарындағы ұйымдардың өмірге келуіне, қазақ балабақшаларының ашылуына ерекше ықпал еткен осы Сайраш апайымыз болатын. Әсіресе, №159, 141, 149 және Айнабұлақтағы қазақ мектептерінің ашылуына ұйытқы болуы – ерлікпен пара-пар іс. «Қазақ тілі» қоғамының газеті «Азамат» бетінде зәру мәселелерінің көтерілуіне де Сайраш апай ерекше назар аударып отыратын. Ол кезде әр ай сайын аудандық «Қазақ тілі» ұйымдарының атқарған жұмыстарын басқарма мүшелерінің талқысына салып, саралап, сараптап отыратынбыз. Осының бәріне Сайраш апайымыз бас-көз болып, уақытынан кейін қалдырмаушы еді. Қазақ тілі үшін қанатымен су тасыған қарлығаштай еңбек еткен, еңбек етіп отырған Сайраш Әбішқызы – өз халқының жүрегінің төрінен орын алған адам. Сондықтан ол кісінің ісі – бүгінгі мен келешекке өнеге» («Қазақ тілінің қарлығашы», «Еңбегі мен қайраты екі жақтап...» кітабы. – Алматы. «Курсив» баспасы, 123-125-бб.).* Иә, ана тіліміздің асқақ абырой биігіне жету жолындағы жалпыхалықтық күрескерлік үрдіс жалғаса берсін. Қоғамдық негізде республикалық «Достық» ұйымының халықаралық «Қазақстан – Қырғызстан» бауырластығының төрайымы міндетін де үлкен құлшыныспен атқарғанымды айтуым керек. Сол кезеңде «Егемен Қазақстан» газетінде (13.09.1996) «Қазақ – қырғыз бір туған» тақырыбымен мақалам жарық көрді. Ұлы жазушымыз М. Әуезовтің 100 жылдығы Қырғызстанда кең аталып өткен жылы бұл мақала қырғыз тілінде «Чуй баяны» газетінде (22-28.10.1999) жарияланды. Осылайша қоғамдық еңбек ортасы менің азаматтық әрі журналистік шыңдалу мектебім болды.

Шығармашылық шырағым – бақ жұлдызым

Құрметті зейнеткерлікке шыққаннан кейін 2012 жылы мамырда денсаулықтың жағдайымен, дәрігердің кеңесімен қоңырсалқын ауа іздеп Астанаға көшіп келдім. Сонау 1995 жылы бастаған, әлі тиянақтай алмай жүрген әкемнің, кіші екі әкемнің 1941-1945 жылдардағы алапат соғыстағы жорық жолдарын жаңғыртып жазу әрекетіне кірістім. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында «Егемен Қазақстан» газетінде (13.03.2015) «Ағайынды үш қызыләскер. Әбіш, Шөжен, Тілеген Қинаубаевтар туралы сыр» тақырыбымен көлемді мақалам жарық көрді.

2014 жылы мамыр айында мерейлі жетпіске толған тойым «Қазақстан мектебі» журналын менен қабылдап алған он жетінші бас редакторы Сәния Қайроллақызы Бектенғалиева мен бауырыма басқан қызымдай сіңілім Кенжегүл Әбішқызы Қинаубаева бастап, журналист әріптестерім бас қосып, думандатып, атап өтті. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Елбасы Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» мәртебесіне ие болдым.

«Журналист-жазушы Күләш Бейсенбиева «Алматы ақшамы» газетінде (28.06.2003) «Алаштың айымдары» айдарымен жарияланған «Сайраш туралы сыр» мақаласында *«Осынша іс тындыру Сайрашқа оңайға түскен жоқ... Өмір де оның арқасынан қаға берген жоқ, иығымен көтерген, төзімділікпен еңсерген қиындықтар қаншама. Соның бәріне мойымаған Сайраш біреуге қамқорлық жасауда алдына жан салмайды. Редакция қызметкерлерін айтпағанда, өзінен кейінгі туыс-бауыр, сіңілілеріне көрсетіп отырған қамқорлығына қарап тұрып қызығасың»* деп, ағынан жарылады. Жасы үлкен сыйлас, әріптес, сырлас дос, туысымдай абыз ана Күләш апайдың жылы сөзі мені айрықша марқайтады. Отыз жылдан астам уақыт сіз-бізіміз жарасқан Күләш апай менің өмірімнің бүге-шігесіне дейін біледі. Әкемнің, Нұрбатима тәтемнің іні-сіңілілеріме бас-көз болуды аманат еткен өсиетін еш уақытта жадымнан шығармай, қолымнан келген ағалық көмегімді жасап келемін. Тәтем 61 жасында ерте қайтыс болып кеткенде артында үйленбеген үш інімнің шаңырақ көтеруіне бас болдым. Бір келінім ауылдағы жалғызбасты болып қалған

әкемнің үйінің, екі келінім менің босағамның табалдырығынан аттады. Екі сіңілімді, Сәбетай ағатайымның қызы Қарлығашты, мектеп бітірген жасынан бауырымда өскен Кенжегүлді қолымнан ұзаттым. Шүкір, қазір бәрі жеке-жеке үйлі-күйлі.

Зейнеткерліктің де өз сәні, мәні бар екен. Ел-жұрттың берекебірлігінің, өсіп-өркендеуінің тілекшісімін. Жас буынның ақылшы-кеңесшісімін. Журналистік қызметті де жалғастырып келемін. «Ақпарат – АТА» ЖШС шығаратын «Тәрбие құралы», «География және табиғат», «Биология және салауаттылық негізі», «Химия мектепте» журналдарының бас редакторлар кеңесін басқарамын. Қоғамдық ортада да өз орным бар. Қазақстан Ардагерлер ұйымының Орталық кеңесінің ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс тобының, Нұр-Сұлтан қаласының өзім тұратын Байқоңыр ауданының ардагерлер ұйымы кеңесінің мүшесімін. Мұның бәрі – ерінбей еткен еңбектің зейнеті. Мен еңбегім жанған адаммын. Үлкен-кішінің сый-құрметі – еңбекпен жеткен бақытым.

Жаңа 2017 жылдың басында сол баяғы өзгермейтін, мызғымайтын, жылы пейілі еш уақытта таусылмайтын тарбағатайлық бауырларымның «Тарихқа толы Тарбағатай» жылдық альманахты шығаруды қолға алған сүйінші хабары келді. Мені ақылдастар алқасы тізіміне енгізіпті. Бұл құрмет шығармашылықтың жаңа бағытына бастап отыр.

«Қыз қырық шырақты» дейді халқымыз. Менің шығармашылық шырағым өмірімнің әр түрлі белестерінің барлығында – ойы мен қырында, ойпаты мен қырқасында демеу болып, жарқын үмітпен алға жылжуыма мықты сүйенішім болды. Сондықтан да бүгінгі жеткен жетпіс бес биігімнен жүріп өткен жолдарымды оймен шола отырып, қолыма қалам ұстатқан шығармашылық шырағым – бақ жұлдызым болды деп, шүкіршілік етемін. Ең қызығы, жетпістің жуан ортасына иық асқан жасымда сонау 1971 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде штаттан тыс тілші болып, журналистік жолға қадам басқан шәкірттік жылдарым маған қол бұлғайтындай қуаныш құшағында жүрмін. Өйткені 2016 жылдан бері үш жылдай бүгінде «Егемен Қазақстан» беттерінде жазғандарым жарияланып, зейнеткерлік жасымда қайтадан сүйікті газетімнің штаттан тыс тілшісі қызметімді жалғастырып жүрген-

деймін. Осылайша өмір деген ғұмырдың қай тұсында жүрсем де бақытымның жұлдызды жолына бағыт берген қалам қуатымен «Егемен Қазақстан» бастаған баспасөз беттерінен көрініп, Отаныма, халқыма, туған ұлтымның мүддесіне қарым-қабілетімді аямай жұмсап, қызмет етіп келе жатқаныма тәуба деймін.

Нұр-Сұлтан, 2019 жыл



Екінші бөлім

Журналистік жылдарымның іздері

Жарық көрген жазбаларым,
сыр бөліскен сұхбаттарым



Бұрынғы Семей облысының Ақсуат аудандық «Еңбек туы» газетінде 1967 жылы 21 қазанда аудан жастарының саяси оқу жылы туралы жазғаным жарық көрді. Бұл журналистікке ұмтылған алғашқы қадамым еді. 1968-1971 жылдары аспирантурадағы оқу кезінде жазуға едәуір төселіп қалдым. Ғылыми мақалаларым газет-журналдарда, ғылыми жинақтарда шығып тұрды. Оқу аяқталғаннан кейін жұмыс табу қиындығына тап болдым. Жоғары білім министрлігінен «жұмысты өзіңіз тауып алыңыз» деген жауап алдым. Ойлана келе, жасымнан қиялымда жүретін, арман ететін журналистік мамандыққа бет бұрдым. «Бисмилла» деп, институт пен аспирантурада жеті жыл алған біліміме жақын «Қазақстан мектебі» журналының есігін қақтым. Бас редактор Мұқаш Сәрсекеев ағамыз (иман байлығын берсін) мені күтіп отырғандай қуана қарсы алып, «1972 жылдан «Бастауыш мектеп» қосымшасын ашамыз. Соған редакторлыққа кел» дегені, «Қандай жұмыс болсын кіремін» деп келгенімді қайтейін, не дерімді білмей, «редактор боласың» дегеннен жасқанып, «ойланайын» деп, рахмет айтып, қалай шығып кеткенімді білмей қалдым. Сыртқы табалдырықтан аттай бере, көзімнен жас саулап, жыладым-ау. Әрине, қуанғаннан. Бойыма ерекше күш біткен, дүние жарқырап кетті. Ойлана келе, айына бір шығатын журналдан гөрі, күн сайын тарап жатқан газетке көңілім ауды. Сөйтіп, «Құласаң, таудан құла» дегендей, мерзімді басылымдардың ақсақалы «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясының есігін ашып, бас редактор Ұзақ Бағаевтың (иман байлығын берсін) қабылдауына жеттім. Штаттан тыс тілші куәлігін алып, үш ай сынақтан өттім. Табысым – қаламақым. Сол үш ай – үлкен университеттің журналистік мамандығына қабылдау емтиханындай болыпты. Ата газеттің бас штабы секретариаттың кіші әдеби қызметкері болып жұмысқа тұрдым. Алматы қалалық екі жылдық журналистік шеберлік институтын бітірдім. Журналистік еңбек жолымның бастауы, университетім болған қасиетті шаңырақта 1977 жылдың күзіне дейін алты жыл қызмет етіп, журналист мамандығына жеттім. Содан бері қаламым – сенімді серігім. Баспасөз бетінде жарық көрген жазбаларымды, сұхбаттарымды сұрыптап, жетпіс бес жасқа аяқ басқан шағымда берген есебім болсын, кітап етіп шығарсам деген ойға келдім.

АҒАЙЫНДЫ ҮШ ҚЫЗЫЛӘСКЕР

Әбіш, Шөжен, Тілеген Қинаубаевтар туралы сыр

Үлкен атам Қинаубай 1940 жылы о дүниелік болыпты. Бүкіл әулетке ес болған Рахима апам еді. Үш ұлының алды Әбіш 1947 жылы «Шверник» ұжымшарына бастық болып, көрші Амангелді ұжымшарынан анасы Рахиманы, соғыста опат болған екі інісі Шөжен мен Тілегеннің жесірлері Меңке мен Күләнді жеті ұлқызымен «Шверниктің» орталығы Көкжыра ауылына көшіріп алыпты. Тілеген ағаның үлкен қызы Алмаш апайдың айтуынша, Әбіштен көрген тұңғыш немересі болғандықтан сегіз айлығымда апам мені бауырына басыпты. Сөйтіп Шөжен ағаның екі ұлы, Тілеген ағаның бір ұл, үш қызымен бір үйде жетінші бала болып, соғыстан кейінгі бейбіт күннің шуағымен шүпірлеген балашаға риза-қош көңілмен тез өсіп, тез есейдік. Тілеген ағаның кенже қызы Әскенді аудан орталығы Ақсуат ауылында тұратын апамның үлкен қызы Нұршағи тәтемізге бала болсын деп беріпті. Төлеубек жездеміз соғыстан қайтпай, тәтем жалғыз қалыпты. Екеуінің кішкентайлары туа сала шетінеп кетіпті.

Соғыстан алған жарақатынан әкемнің оң қолы түзу созылмайтын, шынтағынан бүгіліп қатып қалған, аузына жетпейтін. Адымдай басып, апамның жанына жеткенде, сол қолын созып амандасатын. Апам қолынан иіскеп, «отыр» дегендей ишарат жасайтын. Мен де әкемнің сол сәтін күтуші едім. Отырар-отырмаста оң жақ тізесіне шығып алып, оң қолдың құшағына кіретінмін. Әкемнің үйі бөлек. Апам мені жанынан бір елі шығармайды. Менің де апамнан ажырағым келмейді. Әкемді де сағынамын. Келетін жағына қарап елеңдеумен жүремін. Әкем көп сөйлемейді. Екеуі ауылдың жайкүйін әңгімелейді, шаруашылықтың беталысын айтады. Соғыстан қайтқандар, қайтпағандар, хабарсыз кеткендерді сұрасады. Екеуінің де тіл ұшында хабарсыз кеткен Тілеген аға тұратынын сезем. Бірақ орағытып өтеді немесе үнсіз отырып қалады. Сонда бірін-бі-

рі аяп, жүрек жарасын ауыртқылары келмейді екен-ау. Кейіннен білдім. 1944 жылы Шөжен ағадан қара қағаз келіпті. Естігенде апам талып қалып, үш күн төсек тартып, есін әрең жиыпты. 1945 жылы Тілеген ағадан да қара қағаз келіпті. Жаманатты апам көтере алмайды деп жасырып қалыпты. Кейіннен соғыстағы ерлігі үшін Тілеген Қинаубаевқа берілген «Қызыл Жұлдыз» орденін аудандық әскери комиссариат жары Салихова Меңкеге тапсырғанын да айтпапты.



Он бес жасыма дейін жанынан ажырамай, қайда барса, бірге жүріп, аналық шексіз қамқорлығын, тәрбиесін көрген, жан дүниеммен жақсы көретін аяулы апамның көзі жұмылғанша Тілеген ағаны есіктен кіріп келетіндей күтіп өткені менің жадымнан еш уақытта өшкен емес. Ержетіп, білім алып, маман болып, қызметке іліккеннен әкемнің, кіші әкелерімнің тағдыры ойлантып, «Соғыс жолы туралы не білеміз? Соғыста опат болған екі ағамыздың қабірлері қайда екен?» деген сауал санамда сақталып қалды. Бұл сауал менің ғана емес, ағайынды үш жауынгер әкелеріміздің ұрпақтарының ой-саналарынан шықпайтын болды.

Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих факультетін бітірген, Семей облысы Ақсуат ауданының «Сұлутал» совхозында Қ. Сәтбаев атындағы орта мектептің мұғалімі, інім Кәдірбек Әбішев 1975-1977 жылдары «Ауыл шежіресі» тақырыбымен көнекөз ақсақалдар мен кейуана аналарымыздың ауызша айтқан естеліктерін қолымен жазып, «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясында жұмыс істейтін маған жіберді. Ұлы Отан соғысының, соғыстан кейінгі барлық ауыртпалықтарды қайыспай көтеріскен, бақилық болған – Құрманғали Самарқанов, Жұмағазы Рахметов, Құрмаш Қожаев, Баяхмет Сағындықов, Отарғали Қойтасов, Бақтыбала Райымбекова, Алдаберген Райымбеков, Нұрбатима Асылбекова (кейін Қинаубаева), Нұржамал Оразғалиева, Меңке Салихова және әкеміз Әбіш Қинаубаевтың оқушы дәптері беттеріне жазылған көлемі әр түрлі естеліктерінің қолжазбалары менде сақтаулы.

1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай Семей облысы бойынша ескерткіш-кітап «Боздақтар» жарыққа шықты. Бірінші томының 111-бетінде Тілеген, Шөжен Қинаубаевтардың фотосуреттері беріліп, жерленген мекендері көрсетілді. Осылай бірте-бірте ағайынды үш жауынгердің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жорық жолдары мәлім болып, жерлестерінің, ұрпақтарының мақтанышына айналды.

Қара құйын болып соққан жауға қарсы шайқасқа ағайынды үшеуінен бірінші болып кірген – Шөжен Қинаубаев. Ол 1940 жылы Ақсуат ауданының Ерназар ұжымшары бастығы жұмысынан Семей қаласына білім көтеруге үш айлық оқуға жіберіледі. Оқуын бітірген соң сол жерден әскери міндетін өтеуге шақырылады. 1941 жылы Белоруссияға аттанып кетеді. Әбіш ағасы естелігінде: «Сонда әскер ойындарын үйреніп жатырмыз деген хаттары келіп тұрды. Бұл соғыстың алды еді. Соғыс басталысымен хабарсыз болып, тек 1944 жылы ақпан айында Белоруссия партизандық қозғалыстың штабынан пулеметші болып, ерлік күресте қайтыс болды деген қара қағаз келді. Бауырым жайында мәлімет осы» дейді.

Осы жолдарды жазып отырған менің қолыма қалам алуыма Шөжен Қинаубаевтың партизандық қай бригада құрамында болып, қай жерден топырақ бұйырғанын жазған, бауырластар қабіріне қойылған ескерткіште тегі жазылған фотосуретті жіберген Қазақстанның Беларусь Республикасындағы елшілігінен 2014 жы-

лы 22 қазанда 30/389 нөмірлі қуанышты хат келгені үлкен себеп болды. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында жеткен осындай сүйінші хабарды ел газеті «Егемен Қазақстан» бетінен жария етпекім келді. Хат мазмұны мынадай:

«Құрметті Сайраш Әбішқызы! Әкеңіздің інісі Шөжен Қинаубаевтың Беларусь Республикасындағы қабірін табу бойынша Елшілік БР Қорғаныс министрлігі Отан қорғаушыларының естелігін мәңгілік сақтау жөніндегі басқармасымен бірлесе отырып келесідей жұмыс атқарды.

Белорустық тараптың ақпаратынша, Шөжен Қинаубаев 1944 жылы 24 ақпанда қаза тауып, Минск облысы Узда ауданының Румок ауылында жерленген болатын. Алайда кейіннен «Буревестник» партизандық бригадасының жауынгерлері Румок ауылынан Слобода ауылындағы бауырластар қабіріне қайта жерленген. 2014 жылғы қыркүйекте Елшіліктің әскери атташесі полковник М. Жүсіпов пен бірінші хатшысы Б. Қаткенов басқарған делегациясының құрметіне Узда ауданының атқарушы комитетінің басшылығы, Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен Слобода ауылының тұрғындары қатысқан митинг өтті.

Елшіліктің өтінішіне сәйкес жергілікті атқарушы билік өкілдері әкеңіздің інісінің аты-жөні «Кинанбаев М.» болып қатемен жазылғандықтан, жақын арада «Кинаубаев Ш.» деп түзетеді.

Осыған орай, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай Беларусь жерінде қаза тапқан қазақстандық жауынгерлерге арнап Елшілік әзірлеп жатқан «Ұмытылмас есімдер» атты естелік кітабына Шөжен Қинаубаев туралы ақпарат жазылатынын ескере отырып, ол кісі жөнінде толығырақ мәліметтерді (туыстарымен хат алмасуын, фотосуреттерін, өмірінің қызықты фактілерін және т.б) жіберуіңізді сұраймын.

Құрметпен, уақытша сенімді өкіл А. Шалбаев.»

Бауырластар қабірлері қорымы басындағы ескерткіште «Кинанбаев М.» болып жазылу себебі Шөжен ағамызды жауынгер серіктері Михаил деп атапты. Азан шақырып қойған есімі – Әбіжан, Қинаубай атам мен Рахима апам еркелетіп Шөжен, қаруластары Михаил деген – бір өзінде үш есімі бар, Отан азаттығы жолында жанын қиып, Беларусь топырағын жастанған ағамыздың қабірінен бір уыс топырақ туған жерге жететін күн алда болсын, ләйім.

* * *

Әбіш Қинаубаев Ақсуат ауданының «Жаңанесіп» ұжымшарының бастығы жұмысынан екінші болып 1942 жылы мамырда соғысқа аттанады. Семейде бір айдан аса жаттығуда болып, 20 шілдеде Батысқа бет алады. Орал тауынан, бірнеше күн бұрын ғана жаудан тазартылған Куйбышев қаласынан өтіп, енді ғана азат болған Калуга қаласында әскери жаттығуда болады. Көп ұзамай Смоленск маңайында соғысқа кіреді. Он шақты күннен кейін Сталинград бағытына ауыстырады. Тағдыр желі Әбіш Қинаубаевты бүкіл ел болып демін ішіне тартып, құлақ түріп отырған Сталинград қырғынына апара жатады. Өзінің естелігінде сол күндердің тарихи сәттерін көз алдымызға елестете әңгімелейді. *«...3-қыркүйекте Сталинградтан 12 шақырым жерде соғысқа кірдік. Үш күн жан алып, жан беріскен аласапыран соғыста болдым. Алтыншы қыркүйекте санымнан жарықшақ қадалып, орнымнан тұра алмай қалдым. Аспан мен жер тұтасып кеткен қырғын айқас ішінен мені қалай алып шығып, дәрігерлер қолына қалай жеткенім анық есімде қалмапты. Содан Саратовта, Зельман ауданында госпитальда болдым. Емделіп, жүруге жарап, 1-желтоқсанда соғысқа қайта шықтым. Бірінші гвардия дивизиясында болдым. Ростов облысына бағыт алдық. 1942 жылы 18-желтоқсанда соғысқа кірдік. Бірнеше күн жаудың басын көтертпей, бір қадам ілгері аттатпай, жиі-жиі шабуылдап, тықсыра бастадық... Желтоқсанның 21-інде, шайқастың төртінші күні оң қолымның ортаңғы буынын үзіп кетіп, ауыр жараландым. Он бес күн жолда жүріп, Барнауылға әкелді. 1943 жылы қаңтар, ақпан, наурыз – үш ай Барнауылда госпитальда емделдім. Сәуірде бірінші топтағы мүгедектікпен елге қайтарды...».*

Госпитальдың әскери дәрігерлері шынтағының буыны үзіліп, сіңіріне ілініп қалған оң қолын кесіп тастамай, көлденең бүгіп тұрғандай қалыппен қатырып тастапты. Оң қолы аузына жетпесе де, «шолақ қолдан көп жақсы» деп әкеміз дәрігерлерге шексіз риза болып отыратын.

Соғыстан кейін Әбіш Қинаубаевқа бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені тапсырылған. Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мұрағатының КСРО ме-

дальдары және ордендерін табыс ету туралы 1985 жылғы 9 желтоқсандағы №1 хаттамасына сәйкес 2014 жылы 28 мамырда берілген №161 анықтама бұл орденнің иесіне тапсырылғанын растайды. 1945 жылы «Жеңіс», 1970 жылы «Жеңіске 25 жыл», тағы басқа мерекелік медальдармен марапатталған.

Әкемнің 42 жасында 1944 жылы тұңғышы, осы жолдардың авторы – мен дүниеге келіппін. Соңымнан бауырларым ерді.

Әбіш Қинаубайұлы туған жердің топырағына табаны тигеннен кейін соғыс жарақатының азабына шыдай жүріп, жүдеу тартқан шаруашылықты көтерісуге атқа мінеді. 1943-1944 жж. «Серіктес», 1944-1945 жж. «Ерназар», 1945-1947 жж. «Аманкелді», 1947-1950 жж. «Шверник» ұжымшарларын басқарады. 1950-1963 жылдары түрлі жұмыстарда болып зейнеткерлікке шығады. Жасы жетпістен асып, сексенді алқымдаған кезінде де совхоздың маусымдық жұмыстарынан қол үзбейді. Туған ауылында, өзі мойынсеріктен көтеріскен «Сұлутал» совхозында 1994 жылы бақилық болды.

* * *

Екі ағасының соңынан үшінші болып «Ерназар» ауылы мектебінің директоры, ұжымшардың бастауыш партия ұйымының жетекшісі Тілеген Қинаубаев Әбіш ағасынан 15 күн кейін 1942 жылы мамырда от кешуге аттанады.

Тілеген Қинаубайұлы – өткен ғасырдың 20-30-жылдарында өз қатарластарының алды болып ауылдық жерден білімділігімен озық шыққан қазақ интеллигенциясы өкілдерінің бірі. Ол ауылдық бастауыш мектепте оқып, Зайсан орыс-қазақ педагогика училищесінде білім алып, бастауыш мектептің орыс тілі пәні мұғалімі мамандығын алған. Латын қарпімен, кириллицамен жазуды жетік меңгерген. 1938 жылы 7 қаңтарда маржан тізгендей жазуымен латын қарпімен «Өмір тарихатын» жазып кеткен. 1939 жылы 7 тамызда Зайсан училищесін бітіргені туралы №260 куәлік берілген. Соғыстан кириллицамен жазған үшбұрыш хаттары жиі-жиі келіп тұрған. Тілеген ағаның немересі Бақытқазы Советайұлы Тілегенов, қарындасы Кенжегүл Әбішқызы Қинаубае-

ва «Өмір тарихаттың», куәліктің, соғыстан жазған 2-3 хаттың түпнұсқасын сақтап, осы уақытқа дейін жоғалтпаған. Мұндай өте құнды тарихи құжаттар Тілеген Қинаубайұлының соғысқа дейінгі, әсіресе Отан азаттығы үшін алапат айқастағы жауынгерлік ерлік жолынан мол мағлұмат береді.

Тілеген Қинаубаев Мәскеудің әуе десанттарын даярлайтын әскери курсқа жіберіледі. Орысшаға жетік білімділігімен қысқа уақытта әскери қиын әуе десанты мамандығын меңгеріп шығады. Десанттық топтың бөлімше командирі старшина болып майданға кіреді. Отбасына үзбей хат жазып тұрады. Әбіш ағасы елге қайтқан 1943 жылы аласапыран соғыстың алдыңғы шебінде жүреді. Үлкен ағасы бір аяқ, бір қолдан жараланып, ауылға жеткенін естігенде: *«Әбем елге қайтты дегенді естігенде төбем көкке жеткендей болдым» депті хатында.*

Тілеген Қинаубайұлының ең соңғы хаты 1945 жылы 20 сәуірде келіпті. «1945 жылы наурыздың 20-сында Венгрияның астанасы Будапештен 30 шақырым шықтық. Старшина болып кетіп барамын» деп жазыпты. «Содан кейін хабарсыз болдық» дейді естелігінде Әбіш Қинаубаев.

Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай Семей облысы бойынша 1995 жылы шыққан «Боздақтар» кітабында (1-том, 111-бет): «Қинаубаев Төлеген аға сержант, Ерназар ауылында 1919 ж. туған. 99-ГВ-АД құрамында соғысқа қатысып, 1945 жылы 16 наурызда қаза тапқан. Венгрия Секешсеерворск ауд... Безымянный хуторында жерленген» деп жазылған. Мұнда туған жылы – 1919, есімі – Төлеген болуы, әрине, соғыс зобалаңының зардабынан кеткен қате екені күмәнсіз. Тілеген аға өз қолымен 1938 жылы жазып кеткен «Өмір тарихатында»: «Ақсуат ауданы Ерназар ауылында 1913 жылы тудым» деп жазады.

Ұлы Жеңіс күнін жанқиярлық ерліктерімен жақындатқан, Отан үшін жан қиған Шөжен, Тілеген Қинаубаевтардай батырлар есімі еш уақытта ұмытылмайды.

Тілеген ағаның жиен немересі Нариман Венгрияға іссапармен барғанында нағашы атасының бауырластар зиратындағы 1383-нөмірлі қабірін тауып, бір уыс топырағын туған жерге жеткізгені мұның бір дәлелі. Отан азаттығы үшін қан майданда шейіт болған, «66 жыл туған жерге сүйегі жетпеген Тілегендей соғыс құр-

банының топырағы мұсылмандық жолмен...» *(«Өскемен» газеті. Олжас Қасым. «Венгриядан жеткен топырақ». 15 желтоқсан, 2011 ж.)*. Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай (бұрынғы Ақсуат) ауданының Кіндікті ауылындағы төбешікте мәңгі мекен тапқан жары Салихова Меңкенің жанына жер қойнына тапсырылды.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Тарбағатай ауданы орталығы Ақсуат ауылының бір көшесіне Тілеген Қинаубаевтың атын беру туралы шешім шыққаны Отан үшін от кешкен құрбандарға қойылған тарихи бір ескерткіш екені көміл.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2015 жыл, 12 наурыз

Сөз соңы. *Бүкілкеңестік одақ жауынгерлерімен бірге Ұлы Жеңіс күніне жеткізген қазақстандық майдангерлердің ерлік жолында есімі алтын әріппен жазылған, Венгрияны азат ету шайқасында мерт болған Тілеген Қинаубаевқа 2015 жылы 5 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылында Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында көше аты беріліп, үлкен салтанатпен ашылды. Сол салтанатта «Екпін» ауылының тумасы, айтулы ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Тарбағатай ауданының құрметті азаматы Әбубәкір Қайран сұрапыл соғыста қаза болған жерлес жауынгерлер рухына арнап «Өткен-ау өмір» толғауын оқыды.*

БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН КҮРЕС – ДӘУІР ТАЛАБЫ

Күн санап дамып, көркейе түскен еліміздің қай түкпірінде де кешегі сұрапыл соғыстың жаралы іздері жоғалғандай, от орнына гүл өсіп, ор орнына қала тұрып, оқ селінің ойран төрі болған жазира дала төсі ел ырысы, еңбек жемісіне толды. Күрсініс пен зар – күлкі мен әнге ұласты. Сол бір қалың өрттей, қара дауылдай дүниені шарпып, шайқалтқан соғыс жылдары бүгінгі көркем әдебиетте мол жырланып келеді. Бұл орынды да, қажет те. Оны өмір талабы туғызып отыр. Өйткені сұрапыл соғыстың ащы дәмі, ауыр сыны, орасан ойраны қоғамдық ойдың сезімтал жыршысы ақын көкейінен кетпек емес. Сондықтан да соғысты айыптау, бейбітшілікті уағыздау – ақын атаулының басты парызы.

Ұлы Отан соғысының ерлікке толы қаһарлы жылдарында «бізді жалмамақ болған ажалды өр кеудесімен қаққан» (Ә. Сәрсенбаев) жауға қарсы «әр тамшы қаны оқ боп атылған» (Ә. Тәжібаев) халық перзенттерінің ғажайып ерлігі мәңгі естен кетпейді. Адам баласының тағдырын апаттан, құлақ естіп, көз көрмеген қатерден құтқарған, азаттық пен бейбітшілік әкелген теңдесі жоқ ұлы ерлікті адамзат баласы ешқашан да ұмытпақ емес. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ә. Сәрсенбаев, Ә. Тәжібаев, Ғ. Орманов, Т. Жароков, Қ. Аманжолов, Ж. Саин, тағы басқа ақындар жазған шығармаларда халықтың көңіл күйін, жан дүниесін бейнелеумен қабат, оның жауға деген өшпенділік сезімін жігерлі, отты жыр жолдарымен берген. Халық қаһармандығын ақындар қазір бейбіт еңбекпен, халық өмірімен байланыстыра жырлайды. Зұлымдықты әділеттілік жеңетініне, еңбек пен қуаныш мерейі үстем болатынына сендіреді. Бұған қазақ жауынгерлерінің туған елге деген шексіз сүйіспеншілігін, оптимистік сенімін бейнелейтін Ә. Сәрсенбаевтың «Шолпан», Ғ. Ормановтың «Жорық жолы», Қ. Сатыбалдиннің «Ажал қашып бара жатыр», «Күндер өтер». А. Лекеровтың «Тыңда, ұрпақ», Ж. Молдағалиевтың «Туған елге», «Солдат сыры» сияқты көптеген өлеңдері дәлел. Ғ. Ормановтың «Жорық жолы» өлеңінде:

Төнген бұлтты, білемін,
Жел көтеріп әкетер.
Кеудесі кең дүниенің,
Күн кірпігі жарқ етер.

Ж. Молдағалиевтің «Солдат сыры»:

... Ұзаған сайын ілгері,
Келемін саған жақындап.

Немесе «Туған елге»:

Жүректің отын жалғайсың,
Жеңістен соңғы өмірге, –

деген майдан өмірін психологиялық тебіреніс, толғаныстармен көрсеткен ұтымды өлең жолдары дәлел. Бүгінгі шаттыққа бөленген, өсіп-өркендеп отырған өмірімізге ақындар ғашық көзбен қарайды. Оны зұлымдықтан қызғыштай қорып, баянды бейбітшілік үшін күреседі. Ә. Тәжібаев «Ана», А. Тоқмағамбетов «Балам туралы баллада», Т. Бердияров «Төрт бұрыш», Ж. Молдағалиев «Жеңеше», С. Сейітов «Маған ұйқы бермейді» сияқты көптеген жырларымен адам жанына жара салған, көңіліне қаяу түсірген соғыс сызаттарын еске ала, қантөгіске қарғыс айтады. Кеше «осынау сұлу дүниеге сұмдықтар неге орнайды» деп, аңыз болған Греция елінің соншалықты құлдырап кетуіне қынжылған ақын Ә. Тәжібаев бүгін «тұрса екен жайнап жерімде, күлкінің туы құламай» деп, барша халыққа бақыт тілейтін ізгі сезімін білдіреді. Соғыстың отты жылдарында қанаты қатайған, «жүз жасаған қарттардың көрмегенін бозбала шағында көрген» жауынгер ақын Ж. Молдағалиев творчествосы сан салалы, алуан сырлы. Ақын жырларына үңілгенде азамат ақынның күрескерлік бейнесі айқындала түседі. Жұбан поэзиясы – күрес поэзиясы. Ақын жырларына қай тақырыпты арқау етсе де, шынайы шабытын туған халқының бақыты жолындағы күреске арнайды. Қайғы мен қасіретке толы соғыс жылдарының ыстық-суығын көрген ақын аласапыран күндердің ауыртпалығын қазір көп туындыларына арқау етуде. Сол арқылы ол соғыстың енді қайталанбауын тілейді. Бар кезеңнің өзекті тақырыптарының бірі, бүкіл адамзат тіршілігінің нысанасына айналған бейбітшілік үшін күрес идеясы – ақын творчествосының лейтмотиві болып табылады. Бұл орайда аяулы махаббатты, өлмес қаһармандықты өзек еткен «Айттым сәлем» және ұрпақтан ұрпаққа ерлік пен өрліктің ұраны болып қала беретін өлең құдіретін паш еткен «Жыр туралы жыр» дастандарын атауға болады. Елуінші жылдар ішінде жарық көрген Ж. Молдағалиевтің «Жыр туралы жыр» дастаны – бейбітшілік үшін күрес идеясын жырлауда қазақ поэзиясының айтарлықтай табысы. Мұнда ақын татар халқының ардагер ұлы Мұса Жәлелдің азаматтық ер тұлғасы мен ақындық өрлігін, таңғажайып ерлігін паш етеді. Дастан Мұсадай аяулы азаматтың фашизмнің адам төзбес азабына қарсылығын, мойымас ерлігін шабыттана жыр етіп, зұлымдықты аяусыз әшкерелейді, бүкіл басқыншылық атаулыға адамзат

атынан лағынет айтады. Сол арқылы халықты бейбіт өмірді суық қолдан сақтауға шақырады. Бейбітшілік үшін күрес тақырыбы ақын С. Мәуленовтің соңғы жылдар ішінде шығармаларының негізгі арқауы болған.

Мың қолдар сау болсын деп,
Мен бір қолымды бердім.
Мың жолдар жалғансын деп,
Мен бір жолымды бердім, –

деп, азаматтық үнін жұмсақ та нәзік лиризмге ұштастырып отыратын азамат ақын С. Мәуленов жас ұрпақты терең ойландырады. Өмірінің көктемі – жастық шағын сұрапыл соғыста қалдырған ақынның сергек те шынайы сезімге толы от қанатты жырлары кімді де болса тебірентпей кете алмайды. Өйткені ол, біріншіден, ақынның көркемдік тұрғыдағы етене сыршылдығымен байланысты болса, екіншіден, ол сыршылдық қоғамдық, азаматтық ойдан туындап отыратындығында; үшіншіден, Сырбай сыршылдығы мен азаматтық үнінің өзіндік көркем шешімі, өзіндік стиль ерекшелігімен байланысты. Ақын жырларының бір тобы Отан соғысы кезіндегі майдан мен тылдың ауыр сәттерін, адам өміріне өшпес із қалдырған соғыс стихиясын бейнелеуге арналған. Бұған «Секунд», «Дос сыры», «Әскери әсерлер», «Екі аттаныс», «Қаздар», «Құлын», тағы басқа лирикаларын жатқызуға болады. «Әскери әсерлерінде» ақын жауынгердің ер тұлғасын былай бейнелейді:

Жанып орман өртеніп,
Жатыр өліп жолда аттар.
Дүниені тұр көтеріп,
Иығымен солдаттар.

Ақын аласапыран сәттің сенімі нық романтикасын қарапайым штрихтар арқылы ғажап сыр ғып жеткізеді. Қанқұйылық қаншама қаһарын тіксе де өмір өлмейді, ұлы шайқас ұрпақпен ақталады деген объективті шындықты алдымызға тартады («Құлын», тағы басқалары). Ақын кешегі соғысты еске алса, оймен оңаша қалған

сәтінде көз алдынан жарынан айырылып бетін ыстық жас жуған жесір, ана жасын парлатқан, ата жүрегін мұздатқан қара қағаз, майданға бірге аттанып, оралмай қалған тұрғыластары елестеп өтіп жатады. Және ел тағдырын өз өмірімен өзектес жырлайды. Сондықтан да ол барлық әкелер атынан, ақындар атынан кешпес кекпен:

Өлтірмек болды ұлымды,
Дүниеге әлі келмеген.
Өлтірмек болды жырымды
Линотипистер термеген, –

деп тебірене жырлайды.

Жеңіс қуанышы қиындықпен келгені де рас. Ақын осыны дөп басып, «күлкі аралас көз жасын алып кайттық ауылға» деп, шындықты бүкпесіз айтады. С. Мәуленов бейбітшілік тақырыбын жырлауда тек бір ұлттың, бір елдің, бір халықтың мүддесі шеңберінде шектеліп қалмайды. Ол азамат – күрескер ретінде әлем халқының бостандығы, тыныштығы үшін жыр жазып, елдікке, ерлікке үндейді. Алдыңғы аға ұрпақтың әлем тыныштығы жайлы толғанысы кейінгі толқын – інілер поэзиясында жалғасып, соны бір үндей естіледі. Бұған осы тақырыпқа жазылған Қ. Мырзалиевтің, Т. Молдағалиевтің Ж. Нәжімеденовтің, С. Жиенбаевтың, М. Мақатаевтың, Ө. Нұрғалиевтің, тағы басқа жас ақындардың көптеген өлеңдері дәлел. Бейбіт өмір үшін күресте ақындар үні әрқашан алғы шепте.

«Социалистік Қазақстан» газеті, 1971 жыл, 2 желтоқсан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ – БЕЙБІТШІЛІК КҮРЕСІНДЕ

Бейбітшілік – миллиондаған адамдардың тағдырын шешетін қазіргі дәуірдегі ең басты мәселе. Бейбітшілік үшін күрес бүгінгі таңда адамзаттың барлық прогрессивтік күшін біріктіріп отыр. Бейбіт өмір идеясы көркем әдебиеттің бар жанрында бүгінде мол

жырлануда. Мұны өмір талабы туғызып отыр. Бүгінде термоядролық қаруы бар державалар өмір сүріп отырған жағдайда көркем әдебиет соғыс қаупіне қарсы күрестен сырт қала алмайды. Ендеше, идеологиялық күресте бұл проблема қаламгерлерге ерекше жауапкершілік жүктеп, интернационалдық-бейбітшілік идеясын жырлауға жаңа талап міндетін артып отыр. Бұл міндет қазіргі уақытта көркем сөз шеберлерінен екі дүниенің идеологиялық майданында қатаң принциптілік сақтап, компромиске жол бермеуді, милитаристер мен соғыс құмарларға, екіжүзді «бейбіт өмірді қорғаушыларға» төзбеушілікті талап етеді. Алдыңғы қатарлы совет қалам қайраткерлері осы принцип тұрғысынан өз позициясын айқын танытып та отыр. Мысалы, М. Шолохов Нобель сыйлығын алғанда сөйлеген сөзінде: «Бейбітшілік жолындағы табанды күрескер болу және сөз жеткен жерде осындай күрескерлерді тәрбиелеу» – әр қаламгердің қасиетті міндеті екендігін бүкіл совет ақын-жазушылары атынан ашық білдіреді. Бүгінгі жағдайда бейбітшілік күресінде әдебиет пен өнердің рөлі артуда. Қантөгіс соғысты айыптау, бейбітшілікті уағыздау – әдебиет пен өнер қайраткерлерінің басты парызы. Соның ішінде ойдың ұшқыр қанаты – поэзияның атқарар ролі ерекше. Соған сай, қазіргі поэзиямыз терең реалистігімен, халықаралық жағдайды бағалаудағы парасаттылығымен, көңіл жұбату мақсатындағы алдауға бармай, бұлдыр қиялға бой ұрмай, шындыққа тура қарай білуімен ерекшеленеді. Поэзиямыздың терең реалистігі оның белсенділігін, әсер етушілік күш-қабілетін арттыра түседі. Қазір көзқарас аясының кеңіп, өскелең ойдың күн санап өсе түскен дәуірінде халық тағдыры, әлем тағдыры алдындағы ортақ мүдде жолындағы жауапкершілік сезімі әр ақынның творчествосынан айқын орын алған.

Бейбітшілік үшін күрес тақырыбына соңғы жылдар ішінде жазылған өлеңдерде совет поэзиясына тән адамзаттың игі мүддесінің баршасы алдындағы жауапкершілік ерекше қуатты үнге ие болды. Бейбітшілік үшін күрес ақындар үшін ең биік те абыройлы борышқа, жүрек қалауына айналды. Ә. Тәжібаевтың публицистикалық пафосқа толы «Коммунист сөзі» өлеңіндегі:

Мен жауап беремін – бүгінге,
Мен жауап беремін – ертеңге.

Бермеймін дүниені ешкімге,
Қолынан от қойып өртеуге, –

деген жыр жолдары бұған айқын дәлел бола алады. Ақын лирикалық кейіпкер сыры, тебіренісі, жалынды үні арқылы оның биік моральдық қасиеті – халық тағдырына жауапкершілігі, азамат игілігі үшін күрестегі борышы деген ой түйеді.

Сондай-ақ ақын С. Мәуленовтің:

Мен өлімге қарсымын,
Мен өмірге жаршымын.
Мен заманның даусымын, –
Осы менің бар сырым, –

деген жыр жолдары да ақын азаматтығының, күрескерлігінің, биік идеялылығының көрінісі. Бейбітшілік үшін күрес қоғамдық ойдың жаршысы «заман даусы» – ақынның айтары ғана емес, өз сыры, өзінің биік азаматтық борышы, өз тіршілігінің нысанасы. Ә. Ахметовтің «Помпейдің ақырғы түні» атты картина алдындағы ой» деген публицистикалық өлеңі де лирикалық кейіпкер-ақынның Жер тағдыры жайлы тебіренісін өзек еткен. Ол жойқын күш иесі адамды Жер-ананы соғыс қырсығына, қайғыға, күйзеліске ұшыратудан сақ болуға үндейді.

Сондай-ақ Қ. Мырзалиевтің:

Атомды айтса,
Төбемнен
Болады бір ұрғандай, –
Иығымда бас емес, –
Жер шары өзі тұрғандай!–

деген өлең жолдарындағы адам тағдыры, әлем тағдыры үшін толғанысы – жас ақынның зор жауапкершілікті сезінуінің айғағы. Сондай-ақ Д. Әбілевтің «Мен сөйлесем», М. Әлімбаевтің «Ақын», З. Шүкіровтің «Туған балаң», т.б. көптеген өлең-жырлардан қантөгіс соғысқа, зұлымдық атауылыға қарсы әділет пен ізгілік күрескері – ақын бейнесі айқын танылады. Халық тағдыры, әлем

тағдыры алдындағы жауапкершілік сезімнің қазіргі поэзиямызда ортақ құбылысқа айналуымен байланысты біздің поэзиямызда гуманистік сарын тереңдей түсті. Жер бетінде бақытты өмірдің салтанат құруы жолындағы күресін жалғастыра түсіп, барған сайын терең гуманизмге, биік адамгершілікке бой ұрумен қатар, бейбітшілік жауларына деген мейрімсіздік әр күннен көрініс тауып отыр. Әр күннің өзіндегі оқиғаны қалт жібермей, оған үн қосу поэзия ұшқырлығын ұштай түсті. Әдебиетіміздің озық идея дәстүрінде қалыптасқан өмірге, адамға деген махаббат мотивтері бүгінде Вьетнам халқының басына апат қаупін туғызып отырған адам пішінді жыртқыштарға қарсы сарынымен күшеюде. Ә. Тәжібаевтың «Күлкінің туы құламай», Х. Ерғалиевтің «Азамат сыры», «Таланттан сыйын тағы алсын», Ж. Сыздықовтың «Балалар кегі алынар», М. Хакімжановаңың «Әлемге аян», Қ. Бекхожиннің «Жунглиде», «Ашындым сен үшін, Алабама», І. Мәмбетовтің «Үш кезең», А. Шамкеновтің «Күлкісі балалардың тыйылмасын», Ә. Жәмішевтің «Тас пен тамыр», Т. Бердияровтың «Өмір сөйлейді» сияқты тағы басқа көптеген шығармалары бұған дәлел. Сондай-ақ бейбітшілік тақырыбын жырлауда қазақ ақындарының тек бір ұлттық фактілердің, бір халықтың шеңберінде шектеліп қалмайтындығын да айта кетуіміз керек. Олар азамат күрескер ретінде әлем халқының бостандығы үшін күрес жырларына өз творчествосынан арнайы мол орын береді. Поэзиямыздағы патриотизмді жырлау, өмірсүйгіштік идеялары мұндай туындыларда интернационализмге ұштасады.

Қақ жарып қара түнді таң келеді,
Таң келсе Африкаға жан береді.
Ұраны аспанды алып, ту көтерген:
Шырқалған «Азаттық» деп ән келеді, –

(Ж. Сыздықов «Африка сілкінді») деген сияқты тағы басқа ақындарымыздың өлең-жырларының (Ғ. Орманов «Қаһарман халық қайыспас», А. Тоқмағанбетов «Әділдік өлмейді», С. Сейітов «Хулиан Гримаудың қазасына», «Гавана», Қ. Бекхожин «Элладаның түнгі дауысы», т.б.) айтары мен берері мол. Қазіргі поэзияда азаматтық үннің, қаламгерлердің қоғамдық көзқарасының өсуі және

сол қоғам өміріне тікелей араласуымен байланысты публицистикалық сарын барынша айқын бел алды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде-ақ адамдарды қырып-жоюға қарсы пәрменді күреске толы жырларымен көрінген В. Маяковский рухындағы жауынгерлік публицистика қажеттігі қазір одан да биік өмір талабына айналды. Соның айғағындай өткір публицистикалық шығармаларында ақындар ашу-ызаға толы сөздермен қанқұйлы соғысты айыптайды. Ақындардың өткір публицистикалық ойларын жарқын образбен бейнелеп жеткізу барысы ерекше көзге түседі. Бейбітшілік үшін күрес тақырыбына арналған шығармаларында ақындар тыныштықты қорғау азаматтық борышы, ежелгі арманы және өз басының асыл мұраты туралы толғанысы етіп жазады. Ондай туындыларда публицистика мен лиризм сабақтаса көрінеді. Қазіргі поэзиямызда мұндай үнді де сырлы лирика мол. Мәселен, ақын Ә. Тәжібаев:

Қадірлер Европа
Бейбіт күн шуағын,
Ұмытпас бір өшіп
Тұтанған шырағын, –

деген жыр жолдарында тыныштықты бір өшіп қайта тұтанған шыраққа балай отырып, азаматтың баршасына ортақ мүдде жолындағы күрестен Европа елдері халықтарының да сырт қалмайтындығын оқушысына жұмсақ үнмен әсерлі жеткізеді.

Ә. Сәрсенбаев «Жауынгер мен жеңіс» өлеңінде:

Мен – Жеңіспін!
Әкелдім қызықты күн.
Ажалдан да келмеді жүз ықтырғым.
Әділетті әлем,
Күлкіңді қорғап сенің,
Сол ту тіккен шыңымда биік тұрмын! –

деп, биік азаматтық ойды асқақ үнмен паш етеді.

Сондай-ақ Т. Бердияровтың «Семсер» өлеңіндегі:

Ей, дұшпандар,
Біздің қару,
Сенсеңдер,
Үйықтап жатыр қынапта деп айта алман
Түрен болып жер қопарған семсерлер,
Өз қалпына келуі хақ қайтадан! –

деген жыр шумағы да жарқын болашаққа, жеңіске деген нық сенім, асқақ пафосты үнге бөлеп тұр.

«Қазақстан мектебі» журналы, 1972 жыл, №2

КҮТКЕН КҮН

Цирк! Осы бір сөздің қазақ қауымына етене жақын болғанына биыл екінші жыл. 1970 жылдың жазы болатын. Астанада тұңғыш қазақ циркі өнер көрсетеді деген хабар көшелерге жарнама ілінбестен бұрын тарап үлгерген еді. Сол күннен бастап астана халқы өз алдына отау тіккен жас өнер коллективімен дидарласатын күнді асыға күтті. Ақыры, ол сәт те келіп жетті! Кенет бүкіл залды қараңғылық билеп алды да, іле-шала оны тіліп өткен прожекторлар сәулесі жаңа ғана бос тұрған алаңды қыр гүліндей жайнатқан өнерпаздарға түсті. Музыка сазы шалқи жөнелді. Зал ішін қуаныш сезімі кернеп кетті. Бәрі де орындарынан тұрып, республикада жаңа өнер шымылдығын көтерген жастарға қызу қол соғып, қуанышпен қарсы алды.

Алғашқы кездесуден кейін олар сапарға шығып, Харьков, Қазан, Уфа, Тбилиси, Душанбе, Ташкент, Фрунзе қалаларында болып, өнерлерін көрсетіп, зор құрметке бөленіп қайтты.

Енді, міне, бүгін қазақ топырағында тұңғыш цирк үйі ашылатын күн. Мұны естіген қазақстандықтар қуанышында шек жоқ.

Міне, цирк үйі. Оның сыртқы көрінісі ақ шаңқан қазақтың киіз үйін еске түсіреді. Түп-түзу тротуарлар, сап түзеген шыршалар, теректер, гүл газоны, су бассейні бәрі де сәулетті сарайды ерекше көріктендіре түскендей. Есіктен кіре бере-ақ қарапайым әрі ғажайып дүниеге тап боласыз. Фойе мейлінше кең. Оның ішкі қа-

бырғасында бірінен кейін бірі қатарласа он төрт буфет жұмыс істейтін арнаулы орындар бар. Орта тұсында жеңіл-желпі тамақтануға, сусын ішуге арналған биік столдар қойылған. Одан әрі манеж залы. Біздің сұрағымызға ең бірінші жауап берген цирктің режиссері, РСФСР-дің еңбек сіңірген өнер қайраткері Г. Перкун болды. Ол іркілместен:

– Қазақ циркі үйін одақтағы ең көрікті әрі барынша қолайлы құрылыстың бірі деуге әбден болады, – деп жауап берді. Ал Қазақ мемлекеттік циркінің бас режиссер-консультанты, Қазақ ССР-інің халық артисі Г. Ғалиева республикадағы жас өнерге деген қамқорлығы үшін партия мен үкіметке коллектив атынан шын жүректен алғыс сезімін білдірді.

Қазақ циркі үйін салуда құрылысшылар еңбегі орасан зор. Біз цирк үйінің пайдалануға беру қарсаңында манежде құрылыс тресінің өңдеу участкесінің бастығы Д.А. Гродскийден құрылыс жұмысы жайлы айтып беруін сұрадық.

– Біздің бригада барлық жұмысын уақытылы аяқтады. Цирк үйі құрылысында жұмысшылардың бәрі де ерекше ынтамен еңбек етті. Әсіресе, Ю.Г. Песков басқаратын сырлаушылар бригадасы, С. Дүйсенғалиев басқаратын ұсталар тобы үздік еңбек үлгісін көрсетті, – деді ол.

Иә, сонымен Қазақ циркінің үйі шаңырағын көтерді. Іске сәт, өнерпаздар!

«Социалистік Қазақстан» газеті, 1972 жыл, 10 маусым

ТАЛАНТТАР ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

«Ұлт театры – ұлттың көмелетке жетуінің белгісі» деген еді А. Островский. Театрдың қоғамдық қызметі, әлеуметтік өмірдегі өзіндік орны қазіргі кезеңде бұрынғыдан да өсе түсті. Шаңырақ көтергеніне жарты ғасырдан жаңа асқан қазақ театры да еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде қуатты көмекшілердің бірі болып отыр. Бұл орайда, сөз жоқ, М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры алдымен ауызға ілігеді. Бұл театр туралы, оның өсу, өркендеу жолы, өнер адамдарының

өзіндік ізденісі жайында жазылған әрбір жаңа еңбектің өнерсүйер қауымды елең еткізері анық.

Театр сыншысы Әшірбек Сығаевтың «Іңкәр шақ» кітабы М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының соңғы жиырма жылдан астам уақыттағы өрлеу жолында белсенді күшке айналған алты өнер иесінің өмірі мен творчествосына арналған. Оның бірі – режиссер, бесеуі – актер. Өнердегі өзін емес, өзіндегі өнерді сүйген, талап пен талмайтын ізденісті таланты-на тұғыр етіп, қазақ театры көкжиегінің кеңейе түсуіне көп үлес қосып үлгерген, әлі де қоса беретін бұл суреткерлер творчествосы арнайы сөз етуге әбден лайық қана емес, сөз етілуге тиіс те.

«Өнерлі өрге жүзеді», бұл беташар эссе-портрет – СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, театрдың әуелі режиссері, кейіннен ұзақ жылдар бойы бас режиссері әрі директоры болған Әзірбайжан Мәмбетовтің талантты творчествосы туралы толғау. Әрине, қазақ сахна режиссурасына көп жақсы жаңалық ала келген, театрымыздың даму жолында белді белестердің бірі болған суреткер туралы бір портрет аумағында түбегейлі сөз етуге құлаш ұру қаламгерге көп міндет жүктейді. Автор жеке фактілерді, өмірлік детальдарды, шағын штрихты пайдалануда шеберлік байқатады. Жалпы, кітаптың өн бойынан, мазмұнынан өнер қайраткерлерінің өмірі мен творчествосындағы, кеше мен бүгін арасындағы терең сабақтастық айқын аңғарылады. Бұл көркемөнердегі дәстүр мен жаңашылдықтың жібі үзілмейтін тұтастықта дамуының тағы бір жарқын дәлелі іспетті. Сондықтан да кітапта Ә. Мәмбетовтің режиссер ретінде көрінген күнінен бүгінге дейінгі өмірінің театрдың тыныс-тіршілігі аясында суреттелуі өте орынды.

Режиссер мен актер арасындағы творчестволық тығыз бірлік – кітаптағы эссе-портреттердің темірқазық ойы. Консерватория қабырғасында білікті өнер қайраткерлерінен тәлім-тәрбие алып, қанаттаса, қатар өскен Ф. Шәріпова, А. Әшімов, С. Оразбаев, Ә. Молдабеков, Р. Сейітметовтер – көрермен жүрегіне жол тапқан шеберлер. Аяулы ана Толғанай, қилы-қилы тағдырлы қыз-келіншектер Қарлыға, Назым, Жәмила, Ақбала, Анар, адасқан Асан, күрескер Еламан, батыр Қобыланды, «сырты күліп, іші жылаған» Керім, замандастарымыз Арыстан, Сұлтан, Әубәкір, Әзиз, көкірегі ояу, көңілі жүйрік, қаһарлы да қайратты Сүйеу қарт, асылдың

сынығы, албырт та ақылды Әбіш... Тізе берсе, олар жасаған биік бейнелер көп-ақ. Қазақша сөйлеген бауырлас халық, көршілес жұрт, алыстағы ел қаһармандары қаншама?! Бәрі де көзге ыстық, көңілге жақын.

Кітаптың басты құндылығы дегенде, Ә. Сығаевтың ұлттық театр өнеріміздің дамуында елеулі белес болған тұтас бір буын творчествосын жүйелі түрде талдап шыққанын айту керек.

Ә. Сығаев актер жанын сергек сезінеді. Автордың роль дайындау процесін әңгімелеудегі шеберлігі қызығарлық-ақ. Кітаптың очерк-портрет мәнерімен жазылуы да құптарлық. Автор әрбір актердің кейіпкер бейнесін ашар кілт табу ізденісін көрсету үшін суреткердің адамдық тұлғасына, азаматтық позициясына басты назар аударады. Бұл, сөз жоқ, актердің образ жасауда ғана емес, творчестволық өсу жолындағы табыс сырын тап басып тануда сенімді кілт. Мұны кітаптың аяқ шеніндегі «Репетиция жалғаса береді» атты мақаладан да көреміз. Мұнда театрдың актерлер тобының тың толқыны – Ә. Боранбаев, Қ. Тастанбеков, Г. Әспетова, Т. Жаманқұлов, Р. Машурова, Ш. Ахметова, тағы басқалар творчествосы туралы айтыла келіп, академиялық өнер отауымыздағы эстафетаның сенімді қолда екені әдемі дәлелденген. Сыншы театр өнерпаздарының қай-қайсысының творчествосын сөз еткенде режиссерлік шешім, актер ойыны туралы танымдық мәні мол пікірлерді үнемі айта отырады. Мұның оқырман қауымды театр өнерін терең түсінуге ұмтылтуға әсері мол.

Ә. Сығаев қазіргі қазақ театрының қол жеткен табыстары мен кем соғып жатқан тұстарын саралай отырып, кемелдік кезеңіне бет алған ұлттық сахна өнерімізді, оның талантты өкілдерінің тамаша творчествосын кең көлемде көрсетуге құлаш ұрған. Бұл – құптарлық қадам.

«Социалистік Қазақстан» газеті, 1979 жыл, 24 сәуір

ҚЫРУАР ЖҰМЫС КҮТІП ТҰР

Қазақ республикасында тұратын әр түрлі ұлт өкілдері тілдерінің әрқайсысының өзіне тән ішкі даму жолымен көркейіп, байи

түсуі үшін күресуді басты мақсат етіп отырған республикалық тіл қоғамын құрудың қазіргі уақытта мемлекеттік негізі де қаланды. Ол – Қазақ ССР-інің «Тіл туралы» Заңы.

Қайта құру кезеңі талабына сәйкес, бүкіл совет қоғамы болып праволық мемлекет құруға бет алғанда бүгін шаңырақ көтергелі отырған республикалық тіл қоғамын құруда да біздер, тұңғыш құрылтай жиналысына қатысушылар, оның осы Заңға негізделуін бір сәт те естен шығармауымыз керек. Өзінің қызметінде бұл қоғам Қазақ ССР-інің жаңадан қабылданған «Тіл туралы» Заңының толық жүзеге асуына қоғамдық ықпал етуші ғана емес, осы жолда белсенді атсалысатын қоғамға айналуы тиіс. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақ ССР-і «Тіл туралы» Заңының 1-бабына сәйкес қазақ тілінің шын мәніндегі мемлекеттік тіл биігіне көтерілуіне жету үшін қоғам алдында қыруар міндеттер тұр. Өзінің табиғи және тарихи мән-маңызынан, тілдік байлығынан айырыла бастаған қазақ тіліне мемлекеттік статус беруде республика жұртшылығы тарапынан көрсетілген үлкен қамқорлық баянды болуы үшін қоғамның, ең алдымен, тіл өнері мен мәдениетінің, тіл уызының қайнар бұлағы іспетті балабақшалар мен қазақ мектептеріне ерекше назар аударуын сұрағым келеді. Қоғамдық назардан тыс қалған, жүдеу күйге жеткен қазақ балабақшалары мен мектептерінің оқу-әдістемелік базасын не түрлі жетімсіздік жайлап алғаны бүгінде жасырын сыр емес. Осы уақытқа дейін қазақ тілінде оқытылатын бірде-бір пән бойынша оқу-әдістемелік құралдар толық жасалмай келеді. Міне, биыл екінші жыл – Алматы қаласындағы республикалық №2 мектеп-интернат қазақ тілі мен әдебиеті тереңдетіле оқытылатын оқу орны ретінде жұмыс істеуде. Бірақ бұл пәндер бойынша тереңдетілген оқу бағдарламасы да, оқулықтар да әлі жарық көрген жоқ. Республикада тұратын орыс және басқа ұлт балаларына қазақ тілін оқытудың ғылыми әдістемесі жасалмаған. Оқулықтар сапасы төмен, қосымша оқу құралдары жоқтың қасы. Туғаннан әр түрлі дертке ұшырап, тағдырдан бір таяқ жеп, ана тілінде оқи алмай, туған тілінен тағы айрылып, қосалқы мектеп-интернаттарда қаншама жәудір көз қазақ балалары өсіп жатыр. Қазақстан шағын комплектілі мектептердің саны бойынша Одақ көлемінде алдыңғы қатардан орын алады. Мұндай мектептер оқушыларының барлығы дерлік – шалғай ауылдарда,

ферма, бөлімшелерде тұратын қазақ балалары. Бұл мектептердегі оқу жүйесінің мұң-мұқтажы бір сала әңгіме. Ал соңғы жылдары ашылып жатқан қазақ балабақшалары тәрбиешілері айрықша көмекке зәру. Олар қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік құралдар, балдырғандарға арналған әр түрлі ойыншықтар көптеп шығатын күнді асыға күтуде. Республикалық тіл қоғамы отбасындағы және балабақшадағы тіл тәрбиесіне жанды көмек көрсетуге арналған оқу-әдістемелік педагогикалық «Мектепке дейінгі тәрбие» атты жеке журналды немесе «Қазақстан мектебі» журналының қосымшасын шығаруға атсалысса нұр үстіне нұр.

Сөз жоқ, бұл қоғам жер-жерде қазақ мектептері мен қазақ балабақшаларының көптеп ашылуына қамқор болуы тиіс. Қазіргі уақытта ата-аналар баласын қазақ тілінде оқытқысы келмейді деген пікір жиі естіледі. Ал осындай пікірдің объективті себептерін зерттеген адам бар ма? Мысалы, Целиноград облысының Астрахан ауданының «Новочеркасск» совхозының «Шілікті» бөлімшесіндегі сегіз жылдық мектебі орыс тілінде жұмыс істейді. Ал бұл бөлімшедегі тұрғындардың бәрі – қазақтар. Мұғалімдері де – қазақ ұлты өкілдері. Біздің журналдың арнаулы тілшісі ата-аналардан мектептің мән-жайын түсіндіруді сұрағанда, ата-аналар өздері тұратын аудан орталығында қазақ орта мектебі жоқтығын, сол себепті балалары орта мектепті бітіре алмай қалмауы үшін орысша оқытатындарын айтып, қазақ кластарын аштыруға, бөлімшеде немесе аудан орталығында қазақ орта мектебін аштыруға көмек сұраған. Ал мұндай көмекті ата-аналардың жергілікті халық ағарту органдарынан бұрын да сұрамағанына кім кепіл?

Республикалық тіл қоғамының «Қазақ тілі» болып аталуы оның бұрыннан құрылған ұлттық мәдениет орталықтарының шылауында кетпей, керісінше, олардың барлығына жетекшілік рөл атқаруына ықпал етеді. Қоғамның органын – «Қазақ тілі» газетін шығару жөніндегі ұсынысқа толық қосыламын. Осы ұсынысты жүзеге асыру үшін мынадай нақтылы қадам жасау керек деп ойлаймын. Осы қоғамды құрушы 12 мекеме өз қорынан қағаз бөліп, қоғамның осы газетті шығаруды бірден қолға алуына қолұшын беруі керек.

«Алматы ақшамы» газеті, 1989 жыл, 24 қазан

ТІЛІМ МЕНІҢ

Заманымыздың ғұлама ойшылы, заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов «ССРО халықтары тілдері туралы» ССРО Заңы жобасы жайында ССРО Жоғарғы Советі Сессиясында сөйлеген сөзінде: «Заң – менің түсінігімде ұзақ мерзімдік іс. Сондықтан да, егер ойланып көрсек, Заң стратегиясы негізінен барша совет халықтарының жас ұрпағына, дүниеде бәрі ойдағыдай болса, басқа жағдайларда өмір сүретін жас ұрпаққа арналған. Сол себепті олардың сенімді де жарасымды өсуін қалар едік, бұл адамдар мемлекет Заңы кепілдік беретін өз ана тілін тамаша білсін және де олар дәл сондай дәрежеде өзге тілдерді де білетін болсын. Мұның өзі – алдағы болашақтың толыққанды кемелденген адамының басты шарты болып табылады», – деп («СҚ» 25.11.89), қазіргі уақытта балабақшаларда, мектептерде оқып, тәрбиеленіп жатқан жас ұланның ана тілін терең біліп өсуіне айрықша назар аударды. Өзінің ана тілін, соның негізінде өзге тілдерді жетік білу, Айтматов айтып отырғандай, болашақтың толыққанды, кемелденген адамының басты шарты болса, тұтас бір ұлттың да, жекелей алғанда, қазақ ұлтының да жаңа ғасырда толыққанды, кемелденген ұлт болып сақталуының басты шарты – оның ана тілінің, қазақ тілінің көркейіп, кемелденуі болмақ. Осы тұрғыдан алғанда, сәбиді балдыр-бұлдыр тәтті тілі енді шыға бастаған шағында-ақ ата-анасы жетелеп келетін балабақшаларға мектепке дейінгі тәрбие мекемелері деп қана емес, әр ұлттың, соның ішінде қазақ ұлтының болашағын қалыптастыратын, ертеңі басталатын қайнар бастауы, ұлттың ұлт болып қалуы үшін де, дамуы үшін де стратегиялық мәні бар айрықша маңызды тәрбие мекемелері екенін толық түсінетін уақыт жетті.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың мектепке дейінгі тәрбиесін ұйымдастырудағы жетістіктермен бүкіл дүние жүзі ғалымдарының назарын аударып отырған жапон елінде 1962 жылдан бастап тұрақты түрде мектепке дейінгі тәрбие проблемаларын зерттеушілердің бүкіл жапондық конференциясын өткізу дәстүрге айналған. Бұл бағыттағы одақтық және шетелдік ғылыми-зерттеулерде аймақтық ерекшеліктерге, ұлттық салт-дәстүрлерге, халықтық педагогикаға, әсіресе ұлттық тілдің тәрбиелік ықпалына айрықша назар аударылуда.

Ал біздің қазақстандық педагогика ғылымының республикада мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастыру проблемаларын шешуге ықпалы қандай деген мәселеге көңіл аударсақ, мынадай фактіні – қазақстандық педагогика ғылымының қара шаңырағы іспетті Ы. Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты мектепке дейінгі тәрбие бөлімін құруды енді ғана қолға ала бастағанын айтсақ, сол да жеткілікті деп ойлаймыз. Осының өзі-ақ республикада мектепке дейінгі тәрбие мәселесін ұйымдастыру проблемаларына араласуда ұлттық педагогика ғылымы көш соңында қалғанын, соның нәтижесінде ұлттық балабақшалардың қандай жай-күйді бастан кешкені дәлелдеуді қажет етпейді.

1985 жылдың көкегінен басталған шын мәніндегі революциялық қайта құру, ең бастысы, адамдар санасындағы үлкен серпіліс, әр адамның өз ұлты алдындағы перзенттік борышын, адамгершілік парызын терең сезінуге ықпал етті. Мұның жарқын ұшқындарын біздің республика өмірінен айқын көруге болады. Мәселен, соңғы бір-екі жыл ішінде республика астанасы Алматыда қазақ балабақшалары санының 15-ке жетуі – қалалық қазақ қауымы өкілдерінің талап-тілегіне орай жасалған игі қадам. Туған тілге деген мұндай ынта-ықылас, бетбұрыс айрықша қуантарлық жайт. Мұндай бетбұрыстың көрініс табуы, сөз жоқ, қазақ тілінің жоғалтқан әрін тауып, даму өрісін ұзарта түспек. Тоқырау жылдарында туған тілден көз жазып қалған бір ұрпақ тағдырының тағы қайталануына жол бермеудің де бірден-бір жолы осы.

Кей жолдастар: «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Мұның енді көп болып ойланатын не қиындығы бар? Ендігі жерде оған ешқандай бөгесін болуы мүмкін емес. Қазақ тілінде тәрбиелеймін десе де, оқытамын десе де ата-аналардың өз еркінде. Өтінішін жазса болды, халыққа білім беру мекемелері қалт еткізбей орындайды» деп ойлауы мүмкін. Әйтсе де баласын қай тілде тәрбиелеймін, оқытамын деуге әрбір ата-ана бұрыннан да ерікті, азаматтық праволы бола тұра, көпшілік мұндай правоны пайдалана алмай келді ғой. Неге? Қазақ балабақшасының тапшылығынан баласын ана тілінен ажырататынын біле тұра, қинала-қинала орыс тілінде жұмыс істейтін мекемелерге орналастыруға мәжбүр болғанын қалай жасыра аламыз?

Ал бүгінгі таңда жағдай көп өзгерді. Бұрынғыдай емес, енді баласын қазақ тілінде тәрбиелегісі келетіндер өтінішін қанағаттан-

дырудың мүмкіндік аясы да кеңейе түсті. Бірақ соған қарамастан бұл мәселенің іс жүзінде шешілуі көп жерде әлі де баяу. Мәселен, Ақтөбе облысындағы Октябрь қаласындағы №2 орысша орта мектептің қазақ тілі мұғалімі Аймекен Досмырзаеваның 186 ата-ана өтінішін қолына ұстап, қалада қазақ балабақшасын ашуды сұрап, кірмеген есігі қалмаған. Алайда бұл өтініш осы уақытқа дейін шешімді нәтижесін таппаған. Сондай-ақ тұрғындарының дені қазақ Гурьев қаласында бірде-бір қазақ балабақшасының жоқтығын қалай түсіндіруге болады? Арал қаласындағы түгелдей қазақ балалары баратын балабақшалардың көпшілігі орыс тілінде жұмыс істейтіні туралы не дейміз? Ана бауырынан ерте айырылған қой төліндей туған тіл уызына тұшынып үлгермеген сәбилерді орыс тіліне телуге аралдық ағайындарды мәжбүр еткен не нәрсе? Табиғат экологиясы азабынан шығар жол таба алмай отырғанда, балдырғандарды ана тілі экологиясына ұрындырмауды ойланатын уақыт жеткен жоқ па? Қай ұлттан шықса да, ғалым, жазушы, қайраткер атаулының бәрі ана тілінің уызына қанып өскен сәбидің өз тілі негізінде өзге бір тілді ғана емес, қаласа, бірнеше тілді үйрене алатынын, ана тілі арқылы туған халқының рухани байлығын бойына сіңіріп, адамгершілік қасиеті мол азамат болып өсетінін айтып та, жазып та жатыр. Соның өзінде кейбір қазақ ата-аналары әлі де ескі сүрлеуді шиырлап: «Ана тілін үйренер, әуелі орыс тілін білсін» деген теріс пікір торынан шыға алмай жүргені қалай? Тоқырау жылдары халық ағарту жүйесін жайлап алған сірескен әкімшілдік-әміршілдікті көп болып жеңе қою да оңай емес екені айқын. Оның нақты мысалын республиканың саяси, әкімшілік және мәдени орталығы Алматы қаласындағы балаларын қазақ тілінде тәрбиелегісі келетін ата-аналардың көңілін күпті еткен көріністен де байқауға болады. Бүгінде көпшілік алматылық ата-аналар: «Балаларымыз ана тілін емін-еркін үйреніп кете алмайды-ау!» деген күдік соңында жүр. Мұның себебі жаңбырдан кейін орман ішінде дүр етіп көтеріліп қаптап кеткен саңырауқұлақтай қалада аралас балабақшалардың орынсыз көбейіп кетуінде. Қазір Алматыдағы мұндай балабақшалардың саны 57-ге жетті.

Мұндай балабақшадағы қазақ топтарындағы тәрбиеленушілердің тілін не таза орысша, не таза қазақша деуге келмейді. Сәбилер өзара да, олардың қырық жасқа дейінгі ата-аналары да ба-

ласымен орысша сөйлеседі. Тағы бір басты себеп: аралас балабақшаларда көпе-көрінеу орын алған тіл мәселесіндегі әлеуметтік теңсіздік жағдайы. Мәселен, астананың Ленин ауданындағы 258, Фрунзе ауданындағы №40 балабақшада бір ғана қазақ тобы бар. Міне, осы топтың тілдік әлеуметтік теңсіздік жағдайында күн кешіп отырғанын сезу қиын емес. Тілдік теңдік топтар ара саны тең жағдайда ғана, онда да мекеме басшылары тарапынан жағдай қалыптастыруға тұрақты ұмтылыс бар жерде ғана орныгуы мүмкін. Ал бір тіл басым болғанда, оның екінші тілге сөзсіз басымдық жасайтынын дәлелдеп жатудың өзі артық. Ендеше, балалары аралас тілді балабақшалардағы қазақ топтарында тәрбиеленетін бүлдіршіндердің тағдыры үшін ата-аналардың алаңдаушылығы, олардың не ол тілді, не бұл тілді білмей дүбәра болып қала ма деген қаупі орынды.

Кезінде көптеген қазақ мектептерінің қылтасын қиып, тұралатқан аралас мектеп үлгісін енді әкеліп ана тіліміздің қайнар бастауы балабақшаларға таңғанымыз қалай? Қазақ тіліне мемлекеттік статус беруде республика жұртшылығы көрсетілген үлкен қамқорлық баянды болуы үшін ең алдымен тіл өнері мен мәдениетінің, тіл уызының қайнар бұлағы іспетті балабақшалар мен қазақ мектептеріне айрықша назар аударылуы тиіс. Көп жыл бойына қоғамдық назардан тыс қалған, қазақ балабақшалары мен мектептерінің оқу-материалдық базасын не түрлі жетімсіздік жайлап алғаны бүгін жасырын сыр емес. Осы уақытқа дейін қазақ тілінде оқытылатын бірде-бір пән бойынша оқу-методикалық құралдар толық жасалмай келеді. Міне, биыл екінші жыл Алматы қаласындағы республикалық №2 мектеп-интернат қазақ тілі мен әдебиеті тереңдетіле оқытылатын оқу орны ретінде жұмыс істеуде. Бірақ бұл пәндер бойынша тереңдетілген оқу программасы да, оқулықтар да әлі жарық көрген жоқ. Республикада тұратын орыс басқа ұлт балаларына қазақ тілін оқытудың ғылыми методикасы да әлі жасалмаған. Туғаннан әр түрлі дертке ұшырап, тағдырдан бір таяқ жеп, ана тілінде оқи алмай, туған тілден тағы айырылып, қосалқы мектеп-интернаттарда жәудір көз қазақ балалары өсіп жатыр. Жетімханалардағы бөбектер мен денсаулығы нашар кәріп балалардың ана тілінен шет қалып, туған халқының тағдырынан тыс ортада өмір сүріп жатқаны – бүкіл халықтың жан жарасы. Бір

діңнен шыққан бұтақтардың көз алдында қурап-семіп жатуы, өксігі көп жасыл жапырақтарымызды өгей желдің өтіне қалдыру – ұрпағыңнан тірідей айырылу емей немене?

«Парасат» журналы, 1990 жыл, №6

МОСТ ДРУЖБЫ

У каждого народа есть свои добрые традиции и обычаи. В Семипалатинской области, откуда я родом, когда-то, выдавая девушку замуж, главным ее приданым считали сборник стихов Абая. В этот обычай был заложен глубокий смысл.

А сейчас везде больше говорят о дефиците, к примеру, сахара, нежели о дефиците культуры. Но я глубоко убеждена, что именно дефицит культуры, образованности рождает дефицит производственной дисциплины, ответственности перед собой и обществом. Пока мы не поймем, что нравственность определяет все, в сторону цивилизации мы не сделаем ни шага. Ни демократия и гласность, ни один закон не будут действовать, если они не имеют под собой нравственную основу.

Говоря о кризисе экономики, мы всем миром должны думать о том, как вывести культуру из кризисного состояния. Для этого «культура должна быть открытой» – говорит академик Дмитрий Лихачев. А вот еще его замечательные слова: «Культурный человек – это не тот, кто много читал классических произведений, много слушал классическую музыку и т. д., а тот, который обогатился всем этим, которому открылась глубина мысли прошедших веков, духовная жизнь других. Отсюда и уважение к другим народам, к их культуре, верованиям».

Язык – главный носитель культуры и связующее звено в благородном духовном взаимообогащении народов, ибо только он поможет понять душу народа, его тревоги, радости. Не понимая языка рядом живущего народа, можно остаться всю жизнь ему чужим.

В декабре прошлого года было создано городское общество «Қазақ тілі» – для того чтобы содействовать претворению в жизнь За-

кона о языках Казахской ССР. Мы отчетливо понимаем смысл и значение этой работы. Помогая в меру своих сил снимать языковой барьер, мы, по сути дела, способствуем культурному развитию людей, укреплению дружбы казахского и русского народов.

Люди разных национальностей, в минувшие годы мы много говорили о дружбе народов, не вникая в ее суть. К примеру, сколько великолепных слов было сказано относительно дружбы между казахом и русским. А ведь в большинстве случаев нетрудно почувствовать ее однобокость, то есть неравное участие двух сторон в каждодневном общении. Между тем ясно, что дружба не складывается по чьей-нибудь указке, инструкции, она складывается по велению человеческой души. А душевные порывы, дружелюбные отношения проявляются с помощью языка. И если посмотреть на язык как на связующий мост, соединяющий людей двух национальностей, даже дружелюбно настроенных, то нетрудно заметить активность с одной стороны и пассивность с другой.

Не случайно казах, плохо владеющий русским языком или вовсе не владеющий им, попадая в столицу или в некоторые областные центры своей республики, часто чувствует себя неуютно: его не понимают и русские, и казахи (я имею в виду городскую молодежь), не знающие своего родного языка. Да и в самом городе, как правило, дружеские связи между казахами и русскими складываются и развиваются усилиями казахской части, владеющей русским языком в той или иной степени. Таким образом, у казахов и русских сложилась дружба как бы с односторонним движением, где горит зеленый свет только говорящим на русском языке. А справедливо ли это? Не пора ли взяться за налаживание встречного движения на языковом мосту?

Теперь взглянем на проблему с правовой точки зрения. Оттеснение казахского языка от многих сфер привело к ущемлению прав казахского народа, чему примеров очень много. Вот один из них. Юноши и девушки, окончившие казахскую школу, до сих пор не имеют возможности по многим специальностям продолжить обучение на том же языке, чего не испытывают их сверстники русской национальности. В итоге сложившегося за десятки лет перекоса в системе народного образования республики сегодня свыше 40 процентов казахов, живущих на исконной земле предков, не мо-

гут говорить на родном языке своей нации. И это, думаю, в первую очередь должно беспокоить наш дружелюбный русский народ, с кем казахи связывают свою жизнь вот уже более двух веков. Мы вправе ждать большой помощи от русского народа в возрождении казахского языка.

Но как помочь? Я бы ответила: большим желанием и горячим стремлением к изучению казахского языка. Тем самым русские помогли бы казахам, утратившим, к сожалению, интерес к своему родному языку, вернуться к его истокам. Будет так – и мы навеки укрепим дружбу наших детей. А это, по-моему, главное желание всего взрослого населения республики.

И здесь я хочу поделиться радостью: в нашем городе много желающих изучать казахский язык. В настоящее время в Алма-Ате курсы казахского языка открыты с нашей помощью более чем в 30 организациях. Среди них, например, институт «Казмежұжымшарпроект», 17 магазинов объединения «Восход», заводы «Эталон», железобетонных изделий № 3. Положительный отклик общественности получают организуемые нами лекции известных ученых на различные темы и лекционно-концертные программы с участием мастеров искусств.

Кстати, такие мероприятия являются и источником существования общества «Қазақ тілі». Высказывались, правда, предложения делать ставку на материальную помощь населения и средства отдельных людей. Но, думаю, это неприемлемый вариант, который в конечном счете подорвал бы авторитет нашего общества, да и государственного аппарата, хотя, если говорить откровенно, он о своем авторитете на данном участке работы не слишком беспокоится.

Реализация Закона о языках идет не так быстро, как хотелось бы, что, по-видимому, объясняется инертностью мышления многих руководителей, партийных и советских органов. До сих пор не выработан механизм осуществления закона. А некоторые представители аппарата не прочь переложить свои функции на общество «Қазақ тілі». Например, до сих пор мы не можем создать московскую районную организацию общества, в то время, когда во всех других районах они уже действуют. Не находим нужного понимания со стороны районного комитета партии. На наш взгляд, такое небрежное отношение к важному делу может обернуться по-

терей общественно-политического влияния на население и заметно скажется на культуре межнационального общения.

В общем, пока нельзя сказать, что у нас есть прочные деловые связи со всеми партийными, советскими органами, другими учреждениями и организациями, так или иначе причастными к выполнению закона. К такому сотрудничеству стремимся, но чувствуем себя порой с нашими инициативами и предложениями в одиночестве.

Одну из первоочередных задач мы видим в обеспечении аудиторных мероприятий любого масштаба синхронным переводом. Это необходимо, чтобы все участники таких мероприятий были в равноправном положении. Какие порой возникают неудобства из-за отсутствия перевода, знаю по сессиям городского Совета, в которых участвую как депутат. Прежде всего, конечно, надо подумать о кадрах. Нельзя медлить с открытием центра по подготовке специалистов синхронного перевода. Конечно потребуются средства, но, думается, на развитии культуры межнациональных отношений не стоило бы экономить.

А что касается жизнеобеспечения нашего городского общества, то, как я уже упоминала, ищем возможности самофинансирования. С марта выходит наша газета «Азамат», на 1991 год включенная в список подписных изданий по Алма-Ате и области. Вырученные средства пойдут на нужды общества.

Задумали выпуск «Библиотеки газеты «Азамат» – учебных и методических пособий для казахских детсадов и казахских групп в училищах и вузах. Реализация этой, крайне необходимой сегодня литературы – еще один источник наших доходов. Дело, с какой стороны ни посмотри,– полезное. И мы надеемся на помощь городских властей – в обеспечении бумагой, закреплении типографии.

И еще хотелось бы сказать вот о чем. В городе созданы различные национальные культурные центры. Но живем мы разобщенно, хотя проблемы, задачи у нас схожие. Поэтому и считаю, что нужен координационный совет культурных центров. Мы могли бы вместе искать пути взаимообогащения культур, проводить совместные праздники, вечера музыки и песни, другие мероприятия. Совершенствуя культуру межнациональных отношений, мы должны чувствовать плечо друг друга.

«Огни Алатау», 1990 год, 22 ноября

ТАРИХ ТЕРЕҢІНЕН СЫР ТАРТҚАНДА

немесе

«Қазақстан мектебі» журналының «Қазақ тарихы» қосымшасының тұңғыш нөмірі туралы

Тегінде, кез келген жеке адамның немесе тұтастай бір ұжымның өмірінде ұмытылмас айшықты оқиғалар болады. Оны әркім-ақ сағына да, асыға да күтеді. Міне, қадірлі жұртшылық, бүгіндері «Қазақстан мектебі» журналының шығармашылық ұжымының да осындай бір үлкен қуанышты бастан кешіп отырған жайы бар. Бұл қандай қуаныш? Ол – бірнеше ай бойы тынымсыз ізденіске түсіп, басымызды тауға да, тасқа да ұрып, ойға да, қырға да шапқылап, түнде ұйқымызды бөліп, күндіз күлкімізді қиып дегендей тынымсыздықпен төккен теріміздің өтеуіндей «Қазақстан мектебі» журналының «Бастауыш мектеп», «Информатика, физика, математика», «Отбасы және балабақша» сияқты тағы да бір төл перзенті – «Қазақ тарихы» қосымшасының дүниеге келуі. Қалайда жаңаның аты – жаңа, тыңнан тұңғыш соқпақ салу әсте жеңіл емес. Сондықтан мойнымызға жүктелген орасан зор жауапкершілікті абыроймен орындау үшін әжептәуір күш-қайрат жұмсағанымызды Сіздерден бүгіп қала алмасақ керек. Сөйтіп, нарық экономикасына өтпелі кезеңнің қазіргі қиын-қыстау шағында едәуір тығырыққа тірелсе де, қатары өсіп, жауыннан кейінгі жауказындай жайқалған Қазақ баспасөзі тағы бір басылыммен толықты. Өздеріңіз қолға алып, беттерін парақтай бастайтын «Қазақ тарихы» журналы – республика көлемінде қазақ тілінде қазақ тарихына арналған бірден-бір басылым. Мұндай журналдың жарыққа шығуын ел мүддесі, уақыттың өзі талап етті. Енді журналдың тұңғыш нөмірінде жарияланған материалдарға көз жіберіп көрелік. Журнал қазақ елінің халық болып қалыптасу дәуіріне дейінгі көне тарихымыз туралы шежіре шертетін «Ата қазақтың арғы тарихынан» деп аталатын үлкен айдармен ашылған. Мұндағы алғашқы сөз тарих ғылымының докторы, профессор Керейхан Аманжоловқа берілді. Оның мақаласы «Түркі халқының түп тамыры» деп аталады. Бұдан оқырман түркі халықтарының тұрмыс белгілері, этнографиялық шығу тегі туралы көптеген тың

мағлұматтар ала алады. Аталған мақаланы «Қазақ жерінде болған елдер, халықтар» деген көлемді туынды толықтырып тұр. Ал оның авторы – қазақтың филология ғылымының марғасқа майталманы, ғылым докторы, профессор, марқұм Сәрсен Аманжолов. Біз атақты ғалымның қазақ елінің көне тарихы туралы 1948 жылы студенттерге оқыған дәрісін қаз қалпында жариялап, біраз нәрсе ұттық па деп ойлаймыз. Әке сөзін одан әрі жалғастырған, оның ғалым ұлы, профессор Алтай Аманжоловтың «Көне жазуларымызға көз тіксек» деген мақаласы да жұртшылық назарын аударары даусыз.

«Ата қазақтың арғы тарихынан» айдары бойынша сонымен бірге тарих ғылымының кандидаты Болат Көмековтің «Қыпшақ хандығы» деген тартымды мақаласы жарық көрген. Автор қыпшақтардың көне тарихы тұрғысынан жұртшылыққа бұрын таныс емес соны деректер төңірегінде сөз қозғап, қызғылықты сыр шертеді. Журналымызда халқымыздың біртуар перзенттері Шоқанның, Абайдың, Шәкәрімнің қазақ шежіресіне байланысты тұлғалы еңбектеріне үлкен орын берілді. Осы орайда атақты ғалымымыз Санжар Асфендиярұлының «Қазақтардың шығуы туралы» деген еңбегі де оқырманға тұңғыш рет ұсынылып отыр. Тарих ғылымының кандидаты Әбдікәрім Хасенов пен жазушы Қойшығара Салғарин Қазақ хандығының қай жылы құрылғаны жайында пікір таластырып, ой толғайды.

Бұдан кейінгі кезек «Отарлау саясатының сыр-сипаттары» деген айдардың еншісіне тиді. Бұл айдарда тарих ғылымының кандидаты Қайсар Құсайыновтың «Ресей империясы және отар елдер» деген мақаласы жарық көрді. Ал «Тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық көтерілістер» айдары бойынша тарих ғылымының кандидаты, доцент Мәмбет Қойгелдиевтің отаршылдыққа қарсы күрес кезеңдері, тарих ғылымының докторы, профессор Әбу Тәкеновтің «Он алтыншы жылғы ойран» атты мақалалары жарық көрген. Сондай-ақ тарих ғылымының кандидаты, доцент Талас Омарбековтің «Қазақ халқы Қазан төңкерісінен кейін» деген айдармен жарияланған «Бұрынғы Одақты етпен кім асырады?» деген мақаласы да ерекше назар аудартады. Осыған толықтыру ретінде 1925-1933 жылдарда Қазақстан өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы болған Ф.И. Голощекиннің бұрын жарық көрмеген, ар-

хивтің тылсым қойнауында сақталған «БК(б)П Орталық Комитетінің хатшысы жолдас Сталинге» деген хатынан үзінді жарияланып отыр. Түптеп келгенде, «Қазақ тарихы» – ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. Оның қазақ тіліндегі көп басылымдардан басты ерекшелігі де осында. Мазмұндық-бағыттық осындай биік мәртебесіне сәйкес бұл журнал қазақ тарихын терең зерттеу және оны оқыту мәселелерінің көпшіліктің тұрақты назарында болуына ықпал етуге, осы орайда қоғамдық кең пікір туғызуға мұрындық болуды көздейді. Осы мақсатпен «Оқыту мәселелері, оқулық және оқу құралдары» бөлімінде оқу қазақ және орыс тілдеріндегі мектептерде, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ тарихын оқытуға байланысты толғақты мәселелер төңірегінде нақтылы әңгіме қозғалып отыр.

Қазақ тарихына арналған қазақ баспасөзі тарихындағы тұңғыш басылымды шығарушы педагог-журналистер ұжымы алдында тұрған жоспар көп, міндет үлкен. Оның қай-қайсысын да жүзеге асыруда журналистер төл тарихымыздың жанашырлары тарапынан қолдау, көмек күтеді.

Ол қандай көмек, қандай қолдау?! Біріншіден, нарық қыспағы екі иықтан басып тұрғанына қарамай, намысты қазақ азаматының бәрі бұл журналды әуелі аты үшін болса да, жаздырып алуға бел буса игі!

Екіншіден, оқырман қауым жас басылымның әрбір санымен зер сала танысып, жақсысын қолдап, олқылығын толтыруға ой қосып, өз пікірін ортаға салуға асығып, ортақ іске белсене атсалысса игі!

Ал бүгін, құрметті оқырман, жаңа «Қазақ тарихы» журналына оң сапар тілейік. Халқының қалап оқитын қадірлісі бол дейік.

«Қазақ тарихы» журналы, 1993 жыл, №1, шілде-тамыз

ӘЙЕЛ ҰЛТТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Қазақ баспасөзінде өзіндік орны бар «Қазақстан әйелдері» журналының шыға бастағанына 70 жыл толып отыр. Осы мерейтойға байланысты журнал редакциясының жауапты қызметкері маған «Қазақстан әйелдері» ұжымында қызмет еткен журналистер-

дің бірі ретінде өзімнің тілек-пікірімді білдіруімді сұрағанда мен шынайы көңілмен қуана келістім. Жай ғана қуаныш емес, көңілімді көдімгідей сағыныш толқуы биледі. Журналистік еңбек жолымдағы шыңдалудың өзінше бір құнарлы мектебі болған журналыммен, оның өзім секілді көптеген тұрақты оқырмандарымен, жанашырларымен, замандас құрбылармен, апа-сіңілілеріммен тағы да бір жақын жүздесетініме қуанып толқыдым.

Себебі бұл журнал – оның редакциясында әр жылдары әр түрлі қызмет еткен, қазір де қызмет етіп отырған қыз-келіншектердің ғана емес, бүкіл қазақ әйелдерінің үлкен-кішісінің тағдырында, тіпті әрбір қазақ отбасында сый-құрметі бөлек, сүйікті басылым. Қазақ тілді барша қазақ оқырманына ортақ басылым. Әрине, діттеген мақсат-мүддесімен, мазмұнымен көп оқырман ішінен әйел заты өкілдеріне етене жақын, сырлас, мұңдас, нәзік жүректі көркем, ер мінезді қайсар, күрескер басылым.

Осындай халықшыл, қоғамдық-саяси әрі көркем-әдеби басылым редакциясында еңбек еткенімді, оның жетпіс жылдық өмір жолына аз да болса үлесімді қосқаныма мақтанамын. Бұл журналда редакциялық алқа мүшесі бола жүріп, бес жыл үстінде жауапты хатшы қызметін атқардым. Түсінетін адамға бейнелеп айтқанда, ер жігіт ат жалын тартып, тізгін ұстайтын шақта, біз сияқты әйел затына қоғамдық өмірден тер төгетін еңбек жолын тауып, күш-қайратыңды, жігер-сеніміңді жаныл, ой-қиялыңның шарқ ұрар тұсында бес жыл аз уақыт емес. Журналистік ілім-білімнің университетіндей болған «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қалыптасып, ұштала бастаған қаламгерлік жолындағы ізденісім «Қазақстан әйелдері» журналында одан әрі шыңдала түсті. Кеңес Одағы құрамындағы Қазақ Республикасының алпыс жылдығы тойланған 1980 жылдың қорытындысымен айтулы қыз-келіншектер туралы жазған жолжазба, очерк, мақалаларыма берілген Қазақстан Журналистер одағының екінші сыйлығы, кеудеме таққан лауреаттық белгі – осы «Қазақстан әйелдері» журналында қызмет еткен жылдар шапағаты.

Журналистік жазу шеберлігінің ғана емес, редакциядағы жұмыс құпиясының қыр-сырына да мен осы журналда қанығa түстім. Мен бітірген педагогтік институтты былай қойғанда, журналистік факультетті тәмамдаған арнаулы мамандардың өзі же-

тік біле бермейтін редакция жұмысының ең қиыны да, қызығы да жауапты хатшы қызметінде тоғысып жатады. Менің «Қазақстан мектебі» сияқты үлкен журналдың бас редакторлығына келуіме «Қазақстан әйелдері» журналындағы жауапты хатшылық аса маңызды белес болды. Сондықтан да мен үшін «Қазақстан әйелдері» журналы – қанатымды қатайтып ұшырған қасиетті босаға, шабытты еңбектің алтын бесігі!

«Қазақстан әйелдері» журналына деген осындай шынайы ризашылық көңілден туған, жүрегіме терең орнаған ыстық ықылас менің жан дүниемді үнемі жылытып жүреді. Бұл редакцияда қызмет істеген, істеп жүрген қыз-келіншектерді маған қатысты көңіл күйіне, көзқарасына қарамастан қимас туысымдай, жақын сыйласымдай көргім келіп тұратыны да, көз жазып, кездесе алмай жүрсем, іздеп, сағынып қалатыным да содан.

«Қазақстан әйелдері» журналы – қай қазақ қызының болсын сырласар, ақыл қосар сенімді серігі, сөзін сөйлер сүйеніші, қысылғанда демеушісі, қиналғанда қамқоршысы. Бүгінде жетпістің асуына шыққан бұл журнал бетінен нұры таймаған, көлдей ақ кимешекті, алды ашық, ақжарқын ел анасындай аяулы ақ әжеге ұқсайды. Оның жетпіс жылда жүріп өткен жолының қай кезеңіне көз қадай қарасақ та, қазақ әйелінің бейнесі, тағдыр-тауқыметі, көз жасы мен көңіл шаттығы қат-қабат көрініс береді. Өйткені Қазақ мемлекеті маңдайындағы қазақ тілді жалғыз әйелдер журналының қоғамдағы орны, мән-маңызы қазақ әйелінің өзі өмір сүретін ортадағы, белгілі бір кезеңдегі тыныс-тірлігіне тікелей тәуелді, тығыз байланысты. Алыстағы Африка халықтарының бірінде «Әйел ұлтты тәрбиелейді, ер адам азаматты тәрбиелейді» деген даналық сөз бар екен. Олай болса, қазақ әйелі – қазақ ұлтының ең үлкен тәрбиешісі. Қазақ әйелі бақытты болса, қазақ ұлты да бақытты. Қазақ әйелінің мерейі үстем болса, «Қазақстан әйелдері» журналының да мәртебесі жоғары. Әманда, солай болсын.

«Қазақстан әйелдері» журналы, 1995 жыл, №9

ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ, ҒИБРАТЫ ҒАЖАЙЫП

Қуаныш пен қайғы сияқты қызғаныш пен сүйініш те өмірде қатар жүреді екен. «Дос сүйініп, дұшпан күйінсін» деген мәтелдің шығуы содан болар. Кеше ғана ортамызда жүрген, қапелімде о дүниелік болған Тұрсынхан Әбдірахманова апайдың дос қауымды қуантып, дұшпан атаулының қызғаныш отын маздатқан сыры да, қыры да мол ғұмырының осы екіұдай топқа – досқа да, дұшпанға да қалдырған тағылымы – тұңғиық терең, ғибраты – ғажайып құнды.

Адамзатты жаратушы Алла Тұрсынхан апайға үйіп-төгіп өлшеусіз дарын беріпті. Тынысы кең, дүбірі қатты ақиық Ақын. Құлақ құрышын қандырып, тыңдаушысының жүрек қылын дәл тауып, көңіл күйін келтіретін Әнші. Екінің бірі қасиетті өлең қақпасын қағуға батылы жете бермейтін Жансүгіров Ілиястай дүлдүлдің көркем сөз патшалығын зерделеген танымал Ғалым. Осындай үш түрлі киелі қасиет жеке-жеке үш адамның тал бойынан табылып көрінсе де, әрбіреуінің ғұмырына жетерлік атақ-абыройға алтын діңгек болатыны айқын. Ал осындай әр адамға асу бермейтін құдіретті талант кеңістігінің үш түрлі биігінен бірдей көрініп, артында асыл мұра – шабытты жырдың шалқарын, сайын даланың самалындай жан дүниеңді рахатқа бөлейтін аққу әндерін, зерделі сөз маржанын тізілдірген зерттеу кітаптарын қалдырған, бір өзі үш түрлі дарынның тізгінін тең ұстап, аспай-таспай, қарадан да, ханнан да алыстамай, халқының мақтанышы болған Әбдірахманова Тұрсынхан апайдың тамаша ғұмырының тағылымының тереңдігі, ғибратының құндылығы – өмірсүйгіштігінде, ерекше өміршеңдігінде.

Тұрсынхан апайдың көзі тірісінде де, бақиға аттанып кетсе де, артынан айтылатын дұшпан сөз бір перзент сүймегенін ілік етіп мін таққысы келеді. Алла Тағала «екі аяқты пендесін бір етектен тартып қояды» деген ұлағат бар. Расында, кеудесінде «әттеңі» жоқ пенде бар ма?! Бауыры бүтін қазақ бар ма?! Тереңірек ойлансақ, Тұрсынхан Әбдірахмановадай дара туған бірегей жанға, ақын, әнші, ғалымның дарын отын жүрегіне сыйғызып, жалындата білген асыл анаға, абыз данаға бар қазақтың ұл-қызы аяулы перзент емес пе?! Ұлы жүрек соғысын тоқтатқанша солардың жақсысына шаттанып, жаманына күйініп лаулап жанып өтті емес пе?!

Өмірінің соңғы жылдарында сүйікті жарынан көз жазып қалып, жалғыздықтан жүдеу тартқан қартайған шағында қазақтың атпал азаматы, көрнекті қайраткері, қаламдас бауыры Сәбит Досановты бауырына басып, өкіл баласы атап, жаралы жүрегіне дауа тапқаны ғажайып даналықтың үлгісі болды. Көз алдында қолында көзін жұмған Тұрсынхан анасының қасиетті қара шаңырақ М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрында ел-жұртымен қоштасып, Кеңсай қорымына – мәңгілік мекеніне арулап, аялап жамбасын тигізіп, атақ-абыройына лайықты ас берілуіне бас-көз болып, апайдың туыстарының алдында жүрген Сәбитке алғыс жаудырған қауым абыз ананың керемет даналығына бас иді.

«Тумаса да туғандай» деген бар. Осы Сәбит Досанов Тұрсынхан анасының қолынан жетектеп, қолтығынан демеп жүріп, Астана, Алматыда ғана емес, еліміздің барлық облыс орталықтарында 80 жылдығының кең әрі лайықты аталып өтілуіне ұйытқы болды. Алматыда М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрының қасиетті төрінде жаңа биікке ұшатын құстай жып-жинақы, жарқырап отырған абзал жанның сыны да, сыры да кетпеген сұлу жүзі менің де көз алдымда. Көпшілік ортасында залда отырған маған бір сәт Тұрсынхан апай біреу емес, үш адамдай болып елестеп, бүкіл әйел затының, әсіресе қазақ қыздары қауымының құдіретін аспандатқан ақ жүзіне сүйсіне қарап, көңілім өсіп, ерекше толқып едім. Мерейтойына жайылған кең дастархан басында шырқата салған тынысы кең тұнық үніне жиналғандар тәнті болып отырып едік. Сексеннен асса да тал бойын тік ұстаған сәнді де сырбаз жүріс-тұрысы, адамға күлімсірей қарайтын мейірімді жүзі ақиық ананың асыл сүйектігін әйгілеп тұратын.

Тұрсынхан апайды көрген де, көрмеген де ұмыта алмайды. Қазақ радиосының алтын қорында жазылып қалған оның орындауындағы саумал әндер, кітап болып қаланған жыр-шежіре, сыршыл, сыншыл еңбектер ел игілігіне қызмет ете береді. Сәбит Досанов баласының бастауымен жазылып жатқан естеліктер де жалғасын таба бермек. Халқының жазушысы, жыршысы атанған қазақ қызы Тұрсынхан Әбдірахманова апайдың көзі тірісіндегі қасиетті үлкен бекеті – рухани Ақ Ордасы – Жазушылар үйінде қалдырған ізі жаңғырып, жарқырай түсері де хақ.

«Сырлы әлем» естелік кітабы. – Алматы. «Атамұра» баспасы, 2004 ж. – 72-74-б.

ҚАНИПА БІТІБАЕВА – НАҒЫЗ ҚАһАРМАН

Неге солай, түсінбеймін салтымыз?
Сөзіміздің алды – жалын, арты – мұз.
Өзімізде болмаған соң тектілік,
Тектілікке ойбай сала қарсымыз.

Әуезхан Қодар

Қанипаны қаһарман деуім асқаралы алпыстың шыңына шығарған мерейтойына асыра айтқан мақтауым емес. Көп жылдар Қанипаны біле жүріп, әр қырынан тани келе көңілімде мықтап орныққан ерен мақтаныштан, адал да айдынды, ақжарқын құрбым әрі әріптесім Қанипаға деген қалтқысыз құрметтен туған шынайы пікірім.

Қызыл империя заманында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі бола жүріп бүкіл Қазақстанның ұстаздары ішінен КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері атағын алған жалғыз адам – осы Қанипа. Мұндай атақты алу оңайлықпен келмейтіні түсінікті. Неше ғасыр тек тұқырту, тіпті жоқ ету саясаты қыспағына іліккен қазақ тілі мұғалімі бола жүріп мұндай атақты алу – бейбіт күндегі ерлік, қаһармандық екені тағы түсінікті.

КСРО Мемлекеттік сыйлығы белгісін кеудесіне тағып, көңілін қуаныш кернеген тарихи күн Қанипаның қашанда есінде. Сол сапарда Мәскеу мектептерін аралап көріп, мәскеулік оқушылармен сұхбаттасқан Қанипаның қуанышты көңілін су сепкендей басып, туған ұлтының, қазағының намысы үшін ет-жүрегіне қадалған жалғыз сұраққа жауап таба алмай, қатты ширығып, қатуланып қайтқаны да есінде. Мәскеулік оқушылармен сұхбат үстінде Қанипа ұстаз Абай туралы ештеңе айта алмағандарына жүрегі ауырып, елге аттанар алдындағы кездесуде ресейлік білім министріне қойған сауалы да дәл бүгінгідей есінде. «Қазақ шәкірттері Пушкин, Лермонтовты өз ақындарындай сүйсіне оқиды, сүйсіне жырын жатқа айтады. Ал мәскеулік мектептер Абайға есігін ашпағандай. Бұл қалай?» деп, кеңестік империяның жас ұрпаққа білім берудегі әділетсіздігін батыл сынаған сәті де есінде. Қанипаның осындай жалғыз сұрағының өзі-ақ ұлтының намысы үшін кеудесін оққа байлаған батыр бабаларымызды еске түсіреді.

Қанипаның өрлікке, намысты қолдан бермеуге үндейтін сөзі де, өрісті әрі жемісті ұстаздық өнегелі ісі де – қазақ тектілігінің қазіргі замандағы тұлғалық ірі ғибраты.

Міне, сондықтан мен Қанипаға қазақ қоғамының жаңа дәуірінің нағыз қаһарманы деп қараймын.

«Қазақтың Қанипасы» атануы да – ұстаздық еңбек пен ұлттық намыс жолындағы қайраткерлігіне, қаһармандығына шексіз риза шәкірттері мен әріптестерінің, туған халқының шынайы әділ алғысы. Ел алғысын алған арымайтыны рас болсын.

Жасай бер, Қанипа!

«Егіз өрім» кітабы. – Алматы: Жазушы, 2014 ж. – 345-б.

ӘЛІППЕДЕН БАСТАЛҒАН ӘЛЕМ

Сөз жоқ, әр бөбектің бойында адамдықтың алып күшінің тұнық бастауы бар. Ашылмаған талап пен дарынның, табиғат берген небір тамаша таланттың мөлдір көзі бар. Құнарлы арнасын тапса, бір өзін, айналасындағы ағайынын ғана емес, жалпы халықты қуанышқа кенелтіп, жақсылыққа бастайтын жалынды жігер мен қайтпас қажырдың асыл көрігі бар. Әр бөбектің балауса кеудесіндегі адамдық алып күштің қайнар бастауы – өмірге деген шексіз құштарлық. Содан да болар, соның өмір табалдырығынан «мен келдім» деп айғайлап аттап, өскен сайын тынымсыз болатыны, бәрін білуге, өз көзімен көруге аса құмартып, асығып тұратыны. Жас өскінге аяулы алақан, мейірімді әрі білгір, жүрегі кең, жаны таза бағбан керек. Оның бағбаны – үлкен адам. Ол әуелі – ата-анасы. Ал тамыр жайып өсер бақшасы – отбасы, ағайын ортасы, ойын ауласы, туған ауыл, аймағы. Мектепке барғанға дейінгі өмір кезеңі өтетін осы ортадағы оның аты – ойын баласы. Қаріп танып, санауды, санды санға қосуды едәуір меңгеріп, ән салып, тақпақ айтып, әр түрлі қабілеті байқалып, ата-анасының үміт таянышына айнала бастайтыны да осы шақ. Бірақ мұның бәрі, шындап келгенде, ойын баласының балдыр тірлігі мен бал тілінің әдемі айшықтары ғана.

Оның өмірі мектеп табалдырығын аттаған күннен, үлкен адамның үлкені – ұстаз алдына отырған сәттен мүлдем өзгеріп сала бе-

реді. Кешегі ойын баласының, ендігі балғын шәкірттің тұңғыш Әліппенің әріптері сырына зер салған күнінен өмірлік жаңа Әлемге, білім Әлеміне ұзақ та қиын, небір қызыққа толы сапары басталады. Жыл озған сайын осы сапары мазмұнды, сапалы бола түссе, оның өмірінің әр кезеңі бірінен бірі маңызды, саналы бола бермек. Білім сапарында жас өскіннің бойына туа біткен адамдықтың алып күш қайнары құнарлы даму арнасын табады. Дарыны мен талантының тамаша мүмкіндіктері тек осы білім Әлемінде бірте-бірте ашылып, бүршік жарады. Оқу жасында оқи білген жас білім бастауынан еркін сусындап өседі. Оның болашағы жарқын. Ол еңбекшіл, білген үстіне білуге ұмтылады, өзіне-өзі мақсат қоя біледі, соған жетуді көздейді. Білімді жас еңбек ететін ортасында құрметті. Үлкен-кіші алдында беделді. Ертеңіне сенімі нық. Әр ұлт жастарын теңестіретін де – осы білім таразысы. Қандай қоғамда, қай мемлекетте болсын, білім Әлеміне бас имейтін орта жоқ. Сондықтан да қандай қоғамда, қай елде болсын, оның болашағының іргетасы саналатын жас ұрпақтың Әліппеден басталатын білім Әлемінің темірқазығы іспетті Ұстаз – Мұғалім құдіреті биік, беделі бөлек, орны жоғары.

Бүгінгі оқырман Ұстаз – Мұғалім туралы шын жүректен жазылған бұл жолдарды оқығанда езуіне мысқыл күлкі үйіруі де мүмкін. Қазіргі таңда оған дүрсе дау айту да қиын. Білім көші кібіртіктеп, мектеп ісі ілгері жылжып кете алмай тұрғаны рас. Бұл – тәуелсіздік туын тігіп, жеке мемлекет болып дамуға әрекет үстіндегі еліміздің бастан кешіп отырған көп қиындығының бірі. Екі жастың жеке отау құруының өзі оңай шаруа емес. Бірнеше ғасыр отарлық қыспағында, орталық шылауында жүріп келген Отанымыздың небәрі бес жыл ішінде өркениет даңғылына түсуі тіпті қиын. Өтпелі кезеңнің туған Отанымыз үшін ауыр өткелдері көп болып тұр. Оған бөгеліп қалмай, ілгері жүрудің жолдары ізделіп те жатыр. Бірақ қандай қиындық қинап тұрса да, «Білімнің құны кетті» деген боркемік байбаламмен келісуге болмайды. Бұл – күн шықпайды, ай тумайды, жер-дүниені қараңғылық басады дегенмен бірдей емес пе?! Бұған есті адам сенбейді. Білім жолы ешқашан үзілмейді, бірде ақырын, бірде жылдам қарқынмен ұзай береді.

Мәселенің ең күрделісі – жас мемлекетіміздің білім көшін өзіндік жаңаша даму жолына алып шығуда болып тұр. Бұл тұста қызыл империялық саясат зорлықпен Қазақ елі тарихының даму қалпын,

заңды үрдісін бұзып, дөңгелегін кері айналдырған осы ғасырдың сонау жиырмасыншы-отызыншы жылдарының қансоқты зардабының табы қазіргі тоқсаныншы жылдардың басында тәуелсіздікке ұмтылған Қазақстанды шеңгелді уысынан шығарғысы келмей, екі иінінен демін қысып тұрғанын көрмеуге, сезбеуге болмайды. Оның бір ғана көрінісі – 20-жылдарда қазақ елін титықтатқан жаппай коллективтендіру бүгін қайтадан жекешелендіруді қажет етіп тұрғаны болса керек. Сол жиырмасыншы, отызыншы жылдары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Смағұл Сәдуақасов, Санжар Асфендияров, Жүсіпбек Аймауытұлы ағаларымыз қазақстандық білім жолын жасауды қауырт қолға алып, мұраттарына жетпей қиылып кетсе, енді, бүгін, міне, ел болып, халық болып сол үрдісті қайтадан жаңғыртуға бет алдық.

Жетпіс жылдай үнемі оза даму жағдайында болып келген орыс мектебінің көлеңкесінде қоңырқай күй кешкен қазақ мектебі қазақ халқы басына түскен барлық ауыртпалықты бірдей көріп келді. Бүкіл кеңестік одақтағы оқу ісі бір орталықтың құзырына бағынып, қазақ мектебінің өзіндік бет-әлпетін, ұлттық ерекшелігін айқындау туралы әңгіме тумады да. Туса, ұлтшылдық көрінісі деген айдар тағылып, ұлтжанды азаматтар құдаланды, айдалды. Соған қарамастан қазақ мектебі бірте-бірте халықтық білімнің қайнар көзіне айналды. Оның түлектері арасынан аты белгілі ғалымдар, қайраткерлер шықты. Қазақ елінің білім жолындағы Әліппесі іспетті қазақ мектебі тәуелсіз Отанымыздың Тұңғыш Президентінің оқу ордасы болды. Білім бастауында тұрған қазақ мектебі бүл күнде сан салалы академиялық ғылым Әлемімен жалғасып жатыр. Алдағы міндет тіпті үлкен. Қазақ мектебінің, жалпы қазақстандық мектептің мазмұн-бағдарын саралап, даму көкжиегін жаңа биікке алып шығудың жаңа үрдісі басталды.

Жиырмасыншы жылдары-ақ арыс ағаларымыз жабыла ден қойған жақсы істің бірі – бастауыш мектептен тарта жоғары оқу орындарына дейін қажет қазақ тілді оқулықтар, оқу құралдарын жазып шығару еді. Бірақ олардың өмірі сияқты бұл талаптың жолы да қысқа болды. Енді, міне, қазақ тілінде оқу құралдары кешенін дайындау ісіне шындап кірісетін кезең туды. Ел деп еңіреп өмірден өткен есіл ағаларымыздың сол жылдары тағы бір бастап кеткен өрісті ісі – қазақ тілді педагогикалық баспасөз іргетасын

қалау еді. Қазақ мектебінің, мұғалім қауымның қандай кезеңде де бірден-бір жәрдемшісі, ақылшы, кеңесшісі болған «Жаңа мектеп» журналының дүниеге келуі – соның айғағы. Қазақтың ұл-қызы басқа ұлттың ұрпағынан кем болмасын, білімнен шетқақпай қалмасын деп жар салған «Жаңа мектеп» журналынан өсіп, бүгінде жетпістің биігіне жеткен «Қазақстан мектебі» журналы педагогикалық баспасөз саласында да жүкті бір өзі көтеріп келді, әлі де көтере бермек. Бұл журнал қазір де педагогикалық мерзімді басылымдардың көшбасшысы болып келеді. Оның шаңырағы астынан әр жылдары педагогикалық үш журнал жеке отау болып бөлініп шықты. Қазіргі уақытта оның бауырында «Қазақ тарихы», «Информатика, физика, математика» қосымша журналдары пісіп жетілуде.

«Қазақстан мектебі» журналының білім ісіне қайрат қосар міндеттер ауқымы тәуелсіздік таңымен жарыса көбейе түсуде. Елімізде білім реформасын жүзеге асыруда бұл басылымның алар орны үлкен. Басқасын айтпағанда, қаражат, қағаз тапшылығынан оқулық, оқу құралдары уақытылы шықпай жатқан шақта «Қазақстан мектебі» журналы қалың оқырман қауымның денін құрайтын мұғалімдердің әдістемелік іс-тәжірибелік көмекші құралына, озат тәжірибе алмасу, пікір алысу мінберіне айналды. Журналдың қазақстандық білім ісімен бірге ғылым саласының жоғары мектеп жұмысының дамуына қосар үлесі мол. Оның тұрақты оқырмандары мен белсенді авторлары қатарынан мұғалім, ғалым оқытушылар, ғылым қайраткерлері көптеп кездеседі. Білім-ғылым жолы – әлемдік өркениетке бастайтын жол. Осы жолдағы қандай қиындықты болсын жеңе білудің өзі – үлкен ғанибет. Ойлап қарасақ, адам өмірінің мән-маңызы да осында.

Әліппеден басталатын білім Әлемінің көкжиегі кеңейе беруі үшін күресу – қастерлі парыз.

«Халық кеңесі» газеті, 1995 жыл, 13 қазан



Абай атындағы ҚазПИ-дің көркемөнерпаздары
«Ауылдан келген қыз» спектаклінде.
Мен басты рөлдемін. Алматы. 1964 жыл



Мұғалім – мәртебелі мамандық. 1965-1966 жылдар



«Социалистік Қазақстан» газеті редакциясында өнер қайраткерлерімен кездесу. 1975 жыл



Ұжымның жалпы жиналысынан.
1975 жыл



Баспасөз өкілдері бас қосқан кезекті мәжіліс.
«Дәуір» баспа кешені. 1976 жыл



Әзербайжан мен Өзбекстан ғылыми-педагогикалық басылымдарының
бас редакторлары «Қазақстан мектебі» журналы редакциясында



Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының күріш алқабында.
1980 жыл



Оқырмандармен кездесу қуанышқа бөлейді,
тың ізденістерге жетелейді



Қазақстандық делегаттар Кеңес Одағы Журналистер съезінде. Мәскеу. 1988 жыл



Республика сарайында өткен тұңғыш «Қыз сыны» байқауының қазылар алқасы. 1990 жыл



Алаш ардақтылары Ахмет Байтұрсынұлы мен
Міржақып Дулатұлының қыздары редакцияда қонақта



Халық депутаттары Алматы қалалық кеңесінің кезекті сессиясында.
1990 жыл



Ғарышкерлермен кездесу.
Байқоңыр. 1991 жыл



Жасыбай жағасындағы
жақпар тасты жарып
шыққан жас өскін.
Павлодар облысы



Қызылорда облысының Қармақшы ауданына іссапардан естелік



Ұстаздар ортасында. Қызылорда.
1992 жыл



«Құрмет» ордені. 1995 жыл



Бавариялық неміс әріптестеріміздің дастарханында.
1996 жыл



М. Әуезовтің 100 жылдығы кеңінен атап өтілді.
Бішкек. 1997 жыл



Ұлы Қытай қорғаны кімнен
қорғану үшін салынды екен?!.



Моңғол Халық Республикасының астанасы Ұлан-Батыр көне ескерткіштерімен көрікті



М. Әуезов атындағы Семей педагогикалық колледжінің 100 жылдық мерейтойында. 2003 жыл



Жиырма жылдық бас редакторлық қызметім – Платиналы «Тарлан» сыйлығына жеткізді. 2007 жыл



«Қазақстан мектебі» журналындағы жылдар
(1983-2011)



«Оттай ыстық он жыл» кітабының тұсаукесері.
2001 жыл



Туған жер – тірегіміз.
2004 жыл



Ұстаздықтың Хан-Апасы Қанипа Бітібаевамен
қатар жүрген күндерден



Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелеріне арналған тұңғыш конференция.
Алматы. 2009 жыл, 9-10 желтоқсан



Тарбағатай ауданы тарихи-өлкетану
мұражайындағы бұрыш



Еселі еңбектің берекелі зейнетін берсін! 2011 жыл



Журналистік шығармашылық еңбектің қырандары – «Үркер» сыйлығының тұңғыш иегерлері – Думан, Жанболат, Нұртөре бауырларыммен бірге.
2017 жыл



Журналистік еңбегімнің бастауы – «Егемен Қазақстан» газеті өткізген карикатура өнерінің тұңғыш республикалық байқауынан естелік.
2018 жыл



Ауылдастар – армандастар!
Ақсуат ауылы



Үлкенге құрмет, кішіге ізет.
Павлодар облысы, 7-ауыл



Астана қаласы Байқоңыр ауданының ардагерлер ұйымы ұсынысымен «Астанаға 20 жыл» медалімен марапатталдым. 2018 жыл



Қазағымыздың тойы көп болсын!



Ұлы Абай ескерткішінің ашылу салтанатынан.
Өскемен. 2009 жыл



Маңғыстау облысында



Ана тіліміз мемлекеттік мәртебесіне жетіп, Отанымыз мәңгілік болсын!
Бәйтерек биігіндегі тілек.
Астана қаласы



Оқырман көбейсін!



Мерейтойға жетіңіздер!

БАВАРИЯ САБАҚТАРЫ

Германия Федеративтік Республикасының оңтүстігіндегі Бавария жерінің Диллинген қаласындағы Мұғалімдер білімін көтеру және қайта даярлау академиясы мен Қазақстан республикалық білім жүйесінің педагогикалық басшы және ғылыми кадрлар мамандығын көтеру институты соңғы жылдары тығыз қарым-қатынас жолына түсті. Бавариялық академияның шақыруымен біздің республиканың педагогикалық жұмыс орталықтары жетекшілерінің бір тобы тәжірибе алмасу сапарымен Бавария жерінде болып қайтты. Республикалық ғылыми-педагогикалық «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы Сайраш Әбішқызы осы сапарда көзбен көріп, көңілге түйгендерін қаз-қалпында дерліктей әңгімелеп, оқырман назарына ұсынып отыр. Жол сапардан туған үзік-үзік бірнеше әңгіме-мақала аясындағы шетелдік білім-мәдениет ордалары іс-тәжірибесін, кездесу, сұхбат сырларын ой тезіне салып, түйін жасауды, пікір қорытуды автор оқырманның өзіне қалдырады.

Бавария академиясы

Германия Федеративтік Республикасының территориялық он алты бөлігінің бірі – Бавария жері – елдің оңтүстігіндегі тарихы бай, жері шұрайлы атақты Дунай өзені ортасын қақ жарып ағып жатқан сулы да нулы, қазыналы бай өлке. Бавария жері мектептерінде қызмет ететін жүз мыңнан астам мұғалім қауым білімін көтеретін, ішінара қайта даярлаудан өтетін Бавария академиясы орын тепкен Диллинген қаласының іргесі 937 жылы қаланыпты. Осы қалада 1549 жылы діни университет ғимараты бой көтерген. Біртұтас архитектуралық ансамбль құрайтын бірнеше үлкен үйжайы бар бұл ғимарат академияның еншісіне беріліпті. Көне заман ескерткіші іспетті осы ғимараттың бас корпусының үшінші қабаты ортағасырлық суретшілер қолымен жасалып, алтынмен зерленген түрлі суретті Алтын зал о заманда да, бұл дәуірде де қала тұрғындарының қастерлі орындарының біріне айналған.

Біз академияға келіп жеткенімізге дейін екі жақтың өзара келісімімен іссапар жоспары бекітіліп, жасалып қойыпты. Онда біздің академиялық білім ордасы табалдырығын аттаған сәтімізден бастап, Отанымызға қайту үшін ұшаққа отыратын сағатқа дейін орындалуы тиіс мақсатты жұмыс түрлері, кездесу, танысулар, мәдени іс-шаралар – бәрі-бәрі сағат, минөтіне дейін көрсетіліп белгіленіпті.

Кештете жетіп академияның қонақ үйіне жайғасқан күннің ертеңінде таңертеңгі сағат тоғыздан бастап осы жоспармен жұмысты бастадық.

Жағалай жиырма-отыз адам емін-еркін отыратын конус формалы үлкен үстел, дәріс жүргізушіге қажет техникалық құралдар орнатылған арнаулы орын жеке жабдықталған кең де жарық оқу залында бірінші дәрісті академияның директоры Людвиг Херинг мырза оқыды. Ол өзі басқарып отырған білім ордасы туралы білікті әрі әсерлі түсінік берді.

Бұл академияның жұмыс істеп тұрғанына 25 жыл болыпты. Жыл сайын мұнда өз еркімен білімін көтергісі келетін 30-35 мыңнан астам мұғалімнен өтініш түседі екен. Жыл ішінде олардың 14 мыңы білім көтеру курстарына шақырылады. Міне, осындай жұмыс көлемінің ауқымдылығымен, мазмұндылығымен, тыңдаушыларды қамту мүмкіндігімен абырой биігіне шыққан академияға Европа одақтастығына кіретін елдерде бұл сала бойынша тең келетіні жоқ екен.

Сөзін «Ең бастысы – адам» деп бастаған директор мырза мұғалім білімін көтерумен шұғылдануды ең сүйікті ісіне, оған бойындағы бар жігер-қуатын арнауды зор бақытқа балайтынын ақтарыла айтып, өз жерінде алдымен мұғалім мамандарды даярлау ісінің қалай жүргізілетінін баян етті.

Мұғалім мамандығын меңгеруді мақсат еткен талапкерлер Баварияда үш кезеңді даярлықтан өтеді. Бірінші кезең – университеттегі оқу жылдары. Университеттің студенттері, негізінен, гимназия түлектері. Олар қалаған университетке емтихансыз қабылданады. Сондықтан студенттер көп, оларға оқу бітіргеннен кейін мектепке жұмысқа орналасу қиынның қиыны.

Университеттің педагогикалық факультеттері бавариялық барлық мектептердің түріне бағыттай мұғалімдер даярлайды.

Университет бітірген жас талап бірінші мемлекеттік емтихан тапсырады. Бұдан кейін екінші тәжірибелік даярлық кезеңі тікелей мектепте жалғасады. Талапкер ұстаздар мектепте 12 сағаттық ақылы апталық жүктемемен жұмыс істейді. Мектеп басшылығы жүктемені 16 сағатқа дейін жеткізетін жағдайлары да болады. Бірақ еңбекақы 12 сағатқа қана төленеді. Мұндай шектеу болашақ ұстаздың сабақ бере жүріп, мектептің қай жұмысына болсын белсене араласуын көздеуден туған.

Базалық мектепте екі жыл ұстаздық практикадан өткеннен кейін талапкер екінші мемлекеттік емтихан тапсырады. Міне, осы шешуші екінші сынақтан өткеннен кейін ғана ол ұстаздық еңбекке жолдама алады.

Мұғалім мамандығын жетік меңгеру жолындағы үшінші кезең – өмір бойы жалғаса беретін білім көтеру кезеңі.

Людвиг Херинг мырзаның пайымдауынша, мұғалім білімін көтеру әр түрлі қажеттіліктен туады. Бірінші, объективті қажеттілік – мұғалім білімін, біліктілігін, кәсіби шеберлігін үнемі жаңартып, жетілдіріп отыру талабын орындау. Екінші, субъективті қажеттілік – мұғалімдік ісіңе ынта-ықыласыңды жойып алмау, рухани қайрат-жігеріңді, өз қызметіңе ұмтылысты еселей түсетін тың күш көздерін табу. Сондықтан әр түрлі курс тыңдаушыларымен ақылдасып отыру ниетімен академияда аты-жөні жазылмайтын сауалнама таратып, пікір алысу тәжірибесі қалыптасыпты. Білім ордасында жинақталған осындай он бес мыңның үстіндегі сауалнамалық талдаулар академиялық курстардың мектеп өмірімен тығыз байланыс көзіне айналған.

– Курс жұмысын кәсіби практикалық арнаға бағыттау өте маңызды, – дейді директор мырза. – Мұғалім практикадан келіп, практикаға оралады. Сондықтан курстарда құрғақ сөзден гөрі практикалық жұмыс көп пайдалы. Мәселен, компьютерде не істеуге болатынын көрген мұғалімдерде іске ынталылық артып, өзіне сенім пайда болады. Бұл үшін бір курста 20-25 тыңдаушыдан артық болмауы керек. Ең бастысы, дәріс жүргізуші үлкендердің педагогикасын жақсы білуі тиіс. Жалпы, қай курстың болсын берері көп болуы үшін лектор мен тыңдаушы бір-біріне талап қоя білетін серіктес әріптес болсын. Сонда сапа да жақсы. Әсіресе, лектордың білімі шешуші рөл атқарады, – деп, Людвиг Херинг мырза академияның ішкі жұмысынан сыр тартты.

Академияда білім көтеру курстарын ұйымдастыруда мынадай мәселеге айрықша назар аударылады екен: 1) сұранымды зерттеу; 2) курстарды жоспарлау; 3) курстық бағдарламалар құрастыру, жылына кемінде екі брошюра шығару; 4) аймақтық ерекшеліктерге және мектеп типтеріне орай лекторлар даярлау (бұл білім көтеруге мұғалімдерді көбірек қамту, оған жұмсалатын экономикалық шығынды азайтуды көздейді); 5) білім беру жұмысын ұйымдастырушылар курстарын жоспарлау, басшы кадрлар даярлау (министрліктің мектепке директор қызметіне кандидатуралар даярлау тапсырысына сәйкес). Академиялық білім көтеру курстарын ұйымдастыру, жоспарлау бағытындағы тізбе ауқымына сыймайтын сан салалы жұмыстың уақыт талабымен үйлесімділігі – ең басты меже.

Академия жұмысының тағы бір саласы – қайта даярлау жұмысы. Бұл үшін академияға университет статусы берілген. Білім ошақтарына белгілі бір пәннен мамандар жетіспей жатқан жағдайда академия мұғалімдерді қайта даярлаудан өткізіп, мемлекеттік бірінші емтихан қабылдайды. Мәселен, баварияльық кәсіптік мектептерде бұрын шетел тілі оқытылмай келген. Соңғы жылдары шетелдік мемлекеттермен кірігу кең дамуына байланысты шетел тілі оқу жоспарына енгізіліп, мұғалімдерді қайта даярлау қолға алынған. Бұл мұғалімдердің қалауына қарай емес, белгілі бір аймақтың қажеттілігіне сәйкес жүргізіледі. Мәселен, үстіміздегі жылы бір топ мұғалім кәсіптік мектептер үшін ағылшын тілінен қайта даярлау курстарынан өткен. Соңында бірнеше мемлекеттік емтихан тапсырған. Бавария Білім министрлігінен диплом алған. Қайта даярлау жұмысында академия университеттермен тығыз байланыс орнатқан.

Людвиг Херинг мырза өзі басқарып отырған академияның еңбек тынысымен кең тарата таныстыра отырып, оның көлемін айқын сезіну үшін мынадай мысал келтірді. 1994 жылы академияда білім көтеруге мұғалімдерден 30776 сұраныс түскен. Оның 15184-і курста оқыған. Сол жылы 20 курс ұйымдастырылған.

– Академия жұмысына дем берушілер – доценттер, – деп, директор мырза әңгімесін одан әрі сабақтай түсті.

Бұл орталықта жұмыс істейтін ұстаз ғалымдардың – доценттердің саны отыз екен. Олардың әрқайсысы жылына жиырма курстың

тақырыбын тауып, жоспарын жасап бекітіп, өздері дәріс оқиды, сырттан лекторлар шақырады. Заң бойынша әр доцент аптасына 40 сағаттық жүктемемен жұмыс істеуі тиіс. Бірақ академияда оларға мөлшерлі жүктеме берілмейді. Доценттер ғылыми зерттеумен, курстар жоспарларын құрастырумен және тыңдаушылармен, білім жүйесіндегі басқа адамдармен өз еркімен жұмыс істейді. Бұл олардың кейіннен басшы қызметін атқаруына көп септігін тигізеді.

Академияда доценттер 5-6 жыл көлемінде ғана жұмыс істейді. Директордың пайымдауынша, одан көп істеген кез келген ғалым-ұстаз мектеп жұмысынан, оның ішкі тыныс-тіршілігінен қол үзе бастайды, бұл оның ұйымдастыратын білім көтеру курстарының маңызын төмендетеді. Сондықтан академияда 5-6 жыл жұмыс істеген доценттер министрліктің келісімімен білім жүйелеріне басшы қызметтерге жіберіледі.

– Мұның себебі біреу-ақ, – дейді директор мырза, – біз қызмет етіп отырған білім көтеру саласы үнемі алда болу керек.

Сол себепті академияда доцент болып жұмыс істегісі келетін мамандарға қойылатын талап та жоғары. Олардың мемлекеттік екі емтиханды да беске тапсыруы шарт. Кемінде он жыл мектепте жұмыс істеуі міндетті. Жан-жақты білімді, білім көтеру жұмысынан толық хабардар, ғылыми ізденіске құштар, оқулықтың не оқу құралдарының, әр түрлі жарияланымдардың авторы ретінде мұғалімдер қауымына танымал әрі беделді, адамгершілік қасиеттері жоғары маман болуы керек. Шетелдік білім беру жүйесі тәжірибесімен танысып қайтса, нұр үстіне нұр.

Әрине, отыз адам әр типті барлық мектептің, білім жүйесінің талап-тілегін толық қанағаттандыруы – қиынның қиыны. Сол үшін олар өздері жоспарлаған курстарда дәрістердің бір бөлігін оқиды. Қалған бөлігіне лекторды сырттан шақырады. Лекторлар мектептен келсе, нұр үстіне нұр. Олардың дәрістеріне эксперт бола жүріп, академия доценттері мектеп мұғалімдерінің қажетін біле түседі. Сырттан лекторлар ғана емес, эксперттер де шақырылады.

Бірлесе жұмыс істеу академиялық ғалым-ұстаздардың білімін шыңдай түсуге, біліктілігін арттыруға тиімді ықпал етеді.

– Менің білуімше, жақсы мектеп деп педагогикалық ұжым мүшелерін тұтастай алғанда жақсы істейтін мектепті емес, әр мұға-

лімі жақсы істейтін мектепті айту керек. Бұл үшін, ең алдымен, білім ордасына жетекшілік жасайтын басшы бәрінен көп жұмыс істеуі тиіс, – деп, Херинг мырза әңгімені тікелей өз тәжірибесіне қарай бұрды.

Людвиг Херинг мырза академия құрылған 1971 жылдан бастап істейді екен. Төрт жыл доценттік қызмет атқарыпты. Директор болып отырғанына жиырма бірінші жыл. Алғашқы он жыл академияның атына сай мазмұн жасау жолындағы ең қиын ізденіс жылдары болған. Қазір бұл академияның атағы көпке белгілі. Еуропа одақтастығындағы барлық елдермен, Болгария, Румыния, Польшамен, Азияда Қытаймен, бұрынғы кеңестік аймақта Латвия, Литва, Эстониямен орныққан тығыз байланыс бұған айқын дәлел.

* * *

Директор мырзамен өткен алғашқы дәріс-сұхбат соңы еркін әңгімеге, пікір алысуға ұласты. Біздің алдағы екі апталық жұмыс жоспарымыз сөз болды. Бұл жоспар бойынша біздерді атақты Сименс-Бош фирмасымен (ыдыс-аяқ жуғыш машиналар шығаратын) және оның маман жұмысшылар даярлау жүйесімен, Донауверт қаласындағы Ауэр жекеменшік кітап баспасымен, Ихенхаузен, Лауинген, Эрланген, Крумбах, Аугсбург, Нюрнберг қалаларындағы бастауыш, негізгі, реалды, кәсіби мектептермен танысулар, Баварияның астанасы Мюнхен қаласындағы жоғары деңгейлі қабылдаулар, Нюрнберг, Ульм, 2000 жылдық тарихы бар Аугсбург ортағасырлық Нердлинген қалаларына, Барокко стилімен салынған Нересхайм шіркеуіне, тағы басқа көптеген тарихи орындарға, музей мен концерт залдарына саяхат-сапар, қызықты кездесулер күтіп тұрды. Бас-аяғы екі аптаға арналған іссапар жоспарының мейлінше мазмұнды болуы да бавариялық Мұғалімдер академиясының, оның директорының өз елінде абырой-беделінің аса жоғары екенін айғақтап тұрғандай еді. Көңіл иірімінің көкжиегін кеңейте түскен бұл жолсапардың қоржын басы базарлық жазбаға толды. Тарқатылған жіптей енді, міне, сол жолжазба жеке-жеке әңгіме-мақаланың өзегіне өрілді.

Мектеп мұражайы

Баварияда тәжірибе алмасу мақсатымен жүрген біздің топтың алдын ала келісілген жұмыс жоспарында осы өлкенің педагогикалық көрнекті ғимараттарының бірі – мектеп мұражайында болу көрсетілген болатын. Бұл мұражай Ихенхаузен қаласындағы немістің дәстүрлі үй құрылысы стилінде салынған, алдынан қарағанда негізгі бөлігі үш қабатты көрікті мекенжайда орналасыпты. Бүйірінен қарағанда шатыр астындағы екі қабатты қоса есептесек, бұл ғимаратты бес қабатты деуге әбден болады. Алды-арты ашық алаң. Жалпы бір айта кетер жайт, Бавария жерінің үлкенді-кішілі қалаларын, монастырь, шіркеу тұрақтарын, шағын елді мекендерін аралай жүріп көңілде ұялаған бір әсер – жер кеңдігі жетіп-артылатындай. Аула-алаңды тарылтып, ретсіз кимелеп, екі өкпені қысып тұрғандай қыстырылып тұрған құрылыс мүлдем көрінбейді. Бәрі рет-ретімен. Қайда барсаң, қарасаң – жинақылық, ұқыптылық, көз тайғанар тазалық, әр ғимаратта тынысы кең аулажай, гүлзар, жасыл аллея, баптаулы тал-ағаштар саясын көлеңкелеген көркем отырғыштар. Көшелер бойында бір-біріне иықтаса, сапта тұрған солдаттай жақын-жақын салынған әр үй-жайдың ішке кірер есік алдын, ауласын кішкентай бау-бақша дерліктей. Көптеген көне ғимараттар, Нюрнберг, Аугсбург, Нердлинген сияқты өткен ғасырлардан сақталған сәулетті қалалар, архитектуралық құнды қазынаға айналған көрікті мекенжайлар еңбекшіл неміс жұртының үлкен-кішісінің қанына сіңіп, сүйегіне өткен, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жатқан ұқыптылықтың, қандай істі болсын өтпелі науқаншылықпен емес, асқан ыждағаттылықпен тиянақты, тыңғылықты істейтін үлкен мәдениеттің белгісіндей болып ел тарихына да, бүгінгі уақытқа да тағылымды қызмет жасап тұр.

Қарт Еуропаның қақ ортасына орналасқан неміс елінің білім жолындағы бел-белестеріне арналған мектеп мұражайы орналасқан үй де қамқор қолдың аясында арғы дәуірден қалпын бұзбай сақталған көп ескерткіш-ғимараттың бірі екен.

Мұражай экспонаттарының бірінші бөлімі адам баласының тұрмыс-тіршілікке, күнкөріске қажет білім жолындағы ізденістерінің бұлақ бастауы тас дәуірінен көз алатынын бейнелейтін су-

реттермен безендіріліпті. Он бөлімнен тұратын мұражайдың ішкі мазмұнымен рет-ретімен танысып шыққан адам, негізінен, Еуропа елдерінің, соның ішінде неміс халқының білім жолындағы кезең-кезең өсу жолымен, бүгінгі жеткен деңгейімен едәуір таныс болып, мол мағлұмат алып шығады.

Мұражай экспонаттары Еуропадағы алғашқы білім ошақтары Рим мектептері болғанын баян етеді. Онда жеті пән – астрономия, геометрия, арифметика, диалектика, риторика, грамматика – міндетті оқу көлемін құраған. Соңғы үш пән білім мазмұнының негізі деп саналған.

Енді бір бөлім 1803 жылы мектеп білімін міндеттеп, тұңғыш Заң шығарған I Максимилиан Жозеф корольдің суретімен, елге жасаған қызметімен таныстырады. Осы кезеңнен бастап мектепке қыздар да баратын болыпты. Олар оқуды 7-8 жасында бастаған. Бірақ тұрмысқа шыққаннан кейін мектепті тастайтын болған. Ұл балалар бөлек оқыпты. Аттестат мектепте алты жыл оқығаннан кейін берілетін болыпты.

Үстіміздегі ғасыр өзіміз өмір сүріп отырған дәуір болғандықтан бұл кезеңге арналған бөлім экспонаттары кім-кімге қызықты. Мұражайдың осы ғасыр басындағы білім жүйесі тарихына арналған бір бөлмеге 1926 жылы пайдаланылған парталар қойылыпты. 1970 жылға дейін деревняларда кішкентайдан үлкендете беретін парталармен жабдықталған бір класс жұмыс істепті. Бәрі сонда кезекпен оқыған. Осындай бір оқу бөлмесінде әр түрлі класс оқушылары отырып, оқи берген. Мұғалім бір музыкалық аспапта – скрипкада не клавишалы инструментте ойнай білуі міндетті болыпты. Сабақ жүйесінде музыка, қолөнер сағаттары болған.

1940 жылға дейін, елді ұлттық социалистік партия билеп тұрған кезеңде биология және тарих пәндеріне ерекше мән-маңыз берілген.

Германияның мектеп жүйесіндегі демократиялық реформа 1970 жылдан кейін басталған.

Мұражай ішін аралап жүрген адамды елең еткізерлік бір экспонат «Мектептегі жазалау» деген жалпы тақырыппен беріліпті. Оның бірінші жолында «Құлағы арқасында» деген жеке сөйлем тұр. Оқушыларды әр түрлі жазалау шаралары бейнеленген суреттермен толықтырылған бұл бөлімнің мазмұнымен біз экскурсия

жетекшісі әңгімесінен де, осы мұражайға арналған кітаптан да толық танысып хабардар болдық. Мазмұны төмендегідей.

«Құлағы арқасында».

Үлдың құлағын бұрап, арқасына қарай айналдырады, сонда ұрғанда ол еститін болады.

Сен мені арқама ұрып жатқанда, сенің оқуың құлағыма кіреді (Египет. Жаңа мемлекет).

Ерте дәуір мектептерінде тәрбие қатаң болды.

Шыбыққа қол созу – мектепке бару керек дегенді білдіреді.

Оқушылар жазаланбас үшін «тәртіпті бол, балам менің» дегенді көшіріп жазып отырды.

Орта ғасыр мектептерінде тәртіп монахтардағыдай қатаң болды.

Оқушылар шыбықтармен жазаланды, тамақ берілмеді, қамап тасталды, есектің бас бейнесі кептеліп кигізілді. Мектепті жазалау камерасы деуге болатын еді. Шыбықтар мен таяқтардан дүре соққан дыбыс естіліп тұрды.

Ортағасырлық оқу және жазу мұғалімдері үшін өрме қамшы қалыпты зат болды.

Оқушыларды ұрғанды қолдамайтындар да болды. Қай жаста болсын бұл дұрыс емес, құлдықтың және масқаралаудың көрінісі еді.

1529 жылы Роттердам балалардың бойында туғаннан бастап жақсы тәрбие, адамгершілік, ғылымға талпыныс қалыптастыру қажеттігі туралы баяндама жасаған.

Мектептердегі жазалау тізбесі туралы жоғары Швейцариядан түскен хабарламадан:

– есектің басының суретін кептеп кигізу;
– қағаз әтеш отырғызу;
– масқаралау тақтасы жанына тұрғызу;
– тақтай үстіндегі тастарға тіземен тұрғызу;
– қамау;
– қамшымен, шылбырмен ұру;
– таяқпен ұру;
– есек құлақтары суретін кептеп кигізу;
– класс алдында екі қолды көтеріп тұру;
– жалқаулар орындығына отырғызу;
– ауыр библияны қолына ұстату;
– ағаш қазды қолына ұстату;

– бұршақ үстінде тіземен тұру;
– ешкіні ерттеу;
– темір тор үстінде тіземен тұру;
– шаштан жұлу;
– қолына ұру.

Мектепте жазалау сатылары:

а) есіне салу;
ә) ескертулер, қорқытулар;
б) төмен баға қою;
в) парта жанына тұрғызу;
г) еденде тізерлеп отырғызу;
д) уақытша жазалау орындығына отырғызу;
е) түстік уақытында мектептің қамауға алу бөлмесі;
ж) үйде қамау арқылы мектепке келуден шеттеу;
з) мектеп түрмесіне қамау;
и) шыбықпен немесе таяқпен жазалау;
к) полицияға хабарлау, жіберу.

А-дан Д пунктіне дейінгі жазалауларды мұғалім орындаған, ал Ж-дан К-ға дейінгілерді жергілікті немесе округтік инспектор қолданған.

Мектептегі жазалауға тыйым салу

I Максимилиан Жозеф барлық әкімшілік орындарына мектеп мұғалімінің оқушыларды таяқпен ұруына, жазалау шараларын қолдануына тыйым салуына 31.X. бұйрық берген, орындалмаған жағдайда әкімшіліктен кетірілсін деген.

Мемлекеттік және нұсқаулық бет. 1800 ж.

Бұл текстің жанына 1982 жылы 23 желтоқсанда шыққан «Нюрнберг Цайтунг» газетінде «Сабақ үстіндегі соғу» деген тақырыппен жарық көрген хабар ілініпті. Онда ұлға жарақат түсірген мұғалімге 10000 марка айып салынғаны хабарланыпты.

Мұның бәрін оқып тұрған адам әр түрлі ойға қалары сөзсіз. Үлкендер балаға білім беру үшін не ойлап таппаған, не амал қолданбаған. Шынын айтсақ, экскурсия жүргізуші жоғарыдағы текстің мазмұнын әңгімелеп тұрғанда, біз іштей: «Қазақ молдаларының

шыбықпен баланың арқасына не алақанына шып еткізгені «айналайын» екен ғой. Қазақтың өзіне өзін оп-оңай құбыжық қып көрсеткен саясат не деген мықты» деп те ойладық.

Оқушылар ереуілі

Германия Федеративтік Республика екені көпшілікке мәлім. Оның құрамындағы әкімшілік-территориялық аймақтар, сондықтан да, облыс немесе штат емес, федералдық жерлерге бөлінеді. Германия құрамында қазіргі таңда 16 федералдық жер бар. Соның бірі – елдің оңтүстігіндегі атақты Бавария.

Германия Конституциясына сәйкес, әрбір федералдық жер өз территориясына өзі басшылық етеді. Федералдық жоғары үкімет мемлекет бойынша негізге алынатын, соның ішінде қаржыландыру мәселелері де қамтылатын заңдар қабылдайды. Сондай-ақ білім беру саласын жалпы жоспарлауға қатысады.

Федералдық жер билігін Премьер-министр басқарады. Осы территориядағы білім жүйесі жұмысы федералдық жердің, Білім, мәдениет, ғылым және өнер министрлігіне қарайды.

Бавария Мұғалімдері білімін көтеру және қайта даярлау академиясының директоры, доцент Людвиг Херинг мырзаның басқаруымен біздің топтың Мюнхен қаласындағы жұмыс жоспары осы министрліктің білім жүйесін басқару жұмысына тікелей жауапты директормен кездесуден басталды. Бір айта кететін жайт, бұл министрліктегі жұмыс бабындағы кездесу, қабылдауларды көбінесе әр сала бойынша тағайындалатын директорлар өткізеді екен. Министрдің және оның орынбасарлары орындарына федералдық жер әкімшілігі тізгінінде отырған партия мүшелері қатарынан сайлауда жеңіп шыққандар келеді екен. Сондықтан олар билік тізгініндегі партия өзгеруіне қарай немесе кезекті сайлау нәтижесіне сәйкес ауысып та кете береді. Сол себепті министрліктің белгілі бір іс саласын басқаруда әбден маманданған директорлар тұрақтылығы – жұмыс жүйесінің сабақтастығының, нәтижелілігінің басты кепілі іспетті тәжірибе қалыптасыпты. Министрлік директорларының тағайындалып қойылатын сыры осында болса керек. Сайлау нәтижесінде жеңіске жетіп, министр және оның орынбасарлары ла-

уазымдарына кіріскен жаңа басшылар министрлікте көп жыл еңбек етіп, мол тәжірибе жинақтаған әрі білімді директорларға сүйене, тиісті жұмыстың қыр-сырына тез қанығып, оны ілгері дамытуға уақыт ұттырмай кірісіп кетуге ұмтылатыны айқын.

Баварияльық Білім, мәдениет, ғылым және өнер министрлігі қызметінде осыншалық маңызды рөл атқаратын директор мырзаның қабылдауында болу – қазақстандық ұстаздар қауымы өкілдеріне көрсетілген үлкен құрмет екені айтпаса да түсінікті жайт.

Дәл сол күні бұл қабылдаудан кейін бізді Баварияның Премьер-министрі резиденциясында мемлекеттік канцелярияда болатын кездесу күтіп тұрған еді. Бастаушымыз – академия директоры Людвиг Херинг мырза ашық-жарқын мінезді, адамға ерекше ілтипатпен, жылы жүзбен қарайтын, алпысты алқымдаған жасына қарамай, өте ширақ, жылдам қимылдайтын адам. Бавария жерінде академия қабырғасында іссапарымыздың алғашқы жұмыс күні бізге бірінші болып дәріс оқыған да осы кісі болатын. Алғашқы таныстықтан кейін-ақ ол жылы пейілді мінезімен, жылдам сөйлеп, жылдам жүрсе де, еш өзгермейтін сабырлы сырт қалпымен етене жақын танысымыздай, аса құрметтейтін білгір әріптесіміздей болып кеткен.

Министрліктен шығар-шықпастан алдыға түсіп, бізді қабағымен асықтыра, ілгері ұмтылған директор мырзаның көңілін бір мазасыздық билегенін біз де түсіне қалып, шапшаң жүріп кеттік. Жаяулата, жылдамдата, Мюнхеннің көше-көшесімен лезде Бавария Үкіметі Үйінің алдынан бір-ақ шықтық. Бұл үйге жақындаған сайын полицейлер қатары жиілей түсті. Ал үйдің алдында тәртіп сақшылары екіден, үштен, кей тұста топтана көп жиналыпты. Баварияның тарау-тарау жол бойында, көшеде көзге өте сирек түсетін полицейлердің мына жүрісінің жай жүріс еместігі айтпай-ақ көрініп тұр.

Үкімет Үйінің үлкен қақпасының алдына келіп, топтаса тоқтай қалғанымызда, үн-түнсіз қалпын бұзып, директор мырза осылай қарай оқушылар ереуілі легі келе жатқанын айтып, ішке тезірек кіріп кетуімізді сұрады. Елең етісе қалсақ та, қақпа есігі ашылған сәтте бөгелмей ішке кірдік. Ұзын-ырғасы екі сағаттан аса уақытта Премьер-министр резиденциясының ішкі сәулетімен танысып, мемлекеттік канцеляцияның жауапты қызметкерінің Бавария

білім саласындағы басқа елдермен қарым-қатынасы туралы әңгімесін тыңдап, түстік тамақ ішіп, сыртқа шыққанымызда бұрын кинодан ғана көретін көрініске тап болдық. Үкімет Үйінің алдындағы көше бойы әр түрлі плакат, ту көтерген, ырғақпен қол шапалақтап, ара-арасында дауыс көтере сөйлеп, шуласқан оқушы балалар мен жасөспірімдерге толып кетіпті. Біз шыға сала Үкімет Үйінің алдында тұрған автобусқа кірдік. Бұл автобус қаланың басқа көшесінде бізді күтуге тиісті болатын. Мына күтпеген оқиғаға байланысты бізді тезірек шығарып салу үшін автобусты жақын әкеліпті. Бірақ кісінің көптігінен автобус бірден қозғалып кете алмай, бізге оқушылар ереуілін емін-еркін көріп, байқап отыруымызға жағдай туды.

Байқасақ, алды-артта толып жүрген полицейлердің барлығы ереуілші жас ұландарды көлденең бір кесірден, күтпеген қимыл-әрекеттен, қала транспорты қаупінен қорғау қамында жүр екен.

Ереуілшілер емін-еркін Үкімет Үйіне бағыттап плакаттарын көтеріп дауыс күшейткіш көмегімен сөздерін сөйлеп, наразылық білдіруде. Плакатқа жазылған ұран-үндеуден наразылық төркіні – мектеп спортына байланысты екені ап-айқын. Міне, театрландырылған қысқа қойылым басталды. Сыртына қара мата жабылып, оған «мектеп спорты» деп жазылған табытты он шақты ересек оқушы екі жағынан қолдарымен тік көтеріп, ілгері жүруге дайындалды. «Қара табытты» көтерген топтың алды-артынан лезде «қара жамылған қайғылы» жасөспірімдердің қатары сап-сап болып тұра қалды. Міне, «қаралы музыка» ойнады. «Қаралы керуен» алға жылжыды. Олармен ілесе, екі жағын ала полицейлер қатары да ілгері жүрді. Көше толған оқушы балалар шуылдаса «қаралы табыт» соңынан ілесті. Үкімет Үйінің алдындағы үлкен көше бірте-бірте ашылып, ереуілшілердің қозғалысын бағып тұрған қала транспорты әр бағытта жүре бастады. Біздің автобус та қозғалды. Бавария Білім, мәдениет, ғылым және өнер министрлігінің шешімімен жаңа оқу жылынан бастап бір сағаты кемітілетін мектептің спорт сағатын қалпына келтіруді талап етіп, ереуілге шыққан мюнхендік мектеп оқушыларының ұзай түскен күрес керуеніне біз қызыға да сүйсіне қарап, алыстай бердік. Болашағын ойлап, ереуілге шыққан неміс оқушыларының демократиялық күрескерлік рухы кім-кімді де сүйсінткендей еді. Орайымен академия дирек-

торы Людвиг Херингтің бізге оқыған алғашқы дәрісінде «Мұғалім – жас демократтар тәрбиешісі» деген сөзі еске түсті.

Азан шақырмайды

Қазіргі уақытта қай мемлекеттің болсын халқы көп ұлтты. Соның бірі – Германия халқы. Бавария академиясының шақыруымен іссапармен барған бізге, қазақстандық педагогикалық қауым өкілдерінің бір тобына, бұл тақырыпта дәріс оқыған осы академияның доценті Хайс Вимер ханым, әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Германияға шетелдіктердің көптеп келуіне ерекше тоқталды.

Германия үкіметінің шақыруымен бұдан 40-50 жыл бұрын Португалия, Швеция, Италия, Испания, Түркия және тағы басқа елдерден жұмыс іздеген, негізінен, ер адамдар ағылып келе бастаған. Олар отбасыларын Отанында қалдырып, табыс табуды көздеп келген. Әсіресе Түркиядан келген жұмысшылар легі қалың болған.

1973 жылы бұрынғы Федеративтік Германия Республикасы жұмыссыздықтың алғашқы күйзелісін бастан кешеді. Басқа елдерден жұмысқа шақыру сап тыйылады. Шетелдік жұмысшылар өз елдеріне қайта бастай ма деген үміт те оянады. Бірақ, керісінше, олар Германияда тұрақтанып қалудың, күтіп отырған отбасыларын көшіріп алудың қамына кіріскен.

Германияға Түркиядан көшіп келу 80-жылдары тоқталған. Мемлекет Заңына өзгерістер енгізу жолымен бұрын келіп қоныстанған түрік отбасыларына балаларын алдыруға рұқсат етілген. Бұл жағдай елдің саяси-экономикалық тыныс-тіршілігіне ғана емес, қоғамдық өмірдің бар саласына, әсіресе, білім жүйесіне көп өзгерістер әкелген. Көшіп келген түрік отбасылары балалары неміс тілін білмегені түсінікті. Оларға жеделдетіп неміс тілін үйретуге арналған екі тілді кластар ұйымдастырыла бастаған. Мұндай бастауыш сыныптарда ана тілі басымырақ болғанымен, неміс тілі қоса оқытылған. Бұл кезеңде ұлты түрік мұғалім сабақ беретін болған. Ал жоғары сыныптарда неміс тілі көбірек орын алған.

Екі Германия бірігудің алдында 1989-1990 оқу жылында ФРГ мектептері мен кәсіби мектептерінде шетелдік оқушылардың жал-

пы саны 930400-ге жеткен. Мұның 47 проценті түркиялық шәкірттер болыпты.

Хайс Вимер ханымның айтуынша, білім жүйесінде бірте-бірте екі тілді сыныптар толық жабылады деген үміт болыпты.

Бірақ саны азайса да, неміс-түрік сыныптары бүгінге дейін сақталып, оқыту сапасы үнемі назарда болып келеді екен.

Елдің Білім Заңына сәйкес, шетелдік оқушылардың құқықтары мен міндеттері неміс балаларымен бірдей деңгейге қойылған. Айырмашылығы – неміс тілімен қатар ана тілін оқыту мақсатында. Тарата айтқанда, бұл айырмашылықтың мәні мынада екен. Неміс мектептеріндегі шетелдік оқушылар өздерін Германияда еркін сезінуі үшін және болашақта табыстарға жеткізетін мамандық алуы үшін неміс тілін меңгеруі – маңызды алғышарттардың бірі. Екіншіден, өз ана тілінен, туған халқы мәдениетінен қол үзбеуін қамтамасыз ету шетелдік жастардың қай уақытта болсын өзінің тарихи Отанына қайтып оралуына қажетті басты алғышарт болып саналады.

Қазіргі уақытта Германияда 1,5 миллиондай түрік ағайындар тұрады екен. Хайс Вимер ханымның айтуынша, түрік балаларының Германияда туған үшінші ұрпағы өсіп келеді. Бірақ көпшілігі әлі де мектепке неміс тілін меңгермей келетін көрінеді. Сондықтан оларға ана тілі негізінде білім мазмұнын игертумен қатар неміс тілін үйрету – білім жүйесі жауапкершілігінде. Мектепке дейін ана тілінде еркін өскен түрік балалары оқи жүріп, неміс тілін де толық меңгеріп, біліп шығады екен.

Бірнеше ондаған жылдар неміс жерінде тұрып жатса да, түрік ағайындардың жас ұрпағының ана тілі нәрінен ажырап қалмауының өзіндік сыры бар екен. Елдегі ұлтаралық қатынасты білім жүйесімен байланыстыра көп жылдан бері зерттеп жүрген ғалым-ұстаз Хайс Вимер ханым бұл сырдың да түйінді тұсын бүкпесіз ортаға салды.

Мұның басты себебі – германиялық түрік жігіттері қалыңдықты көбінесе, неміс жерінде туып-өскен түрік қыздары отбасынан емес, ата-ана салт-дәстүрінен тәлім алып өскен түркиялық бойжеткендер ішінен табуға тырысатынында екен. Германиялық түрік жігіттері үшін отбасында дүниеге келген үл-қыздың туған Отанынан көз жазып қалмауы үшін түрік рухымен өскен бойжеткендердің

орны айрықша көрінеді. Неміс жеріне келін болып түскен түрік қыздары өз балаларының туған Отанынан кіндік жібін үзбей, ана тілі нәріне қанып, еркін өсуінің құнарлы қайнарына айналыпты. Ана тілін бесігінен қызғыштай қорыған аналар жүрегіне бас имейтін кім бар бұл дүниеде?! Сол себепті саны азайса да, сапасы кемімеген неміс-түріктілді кластар қарт Еуропаның бел ортасындағы Германияда өзгеше бір бояу тапқанын бірі неміс, бірі түрік екі мұғалімнің бастауыш класта бірге өткізген сабағына қатысып, біз өз көзімізбен көріп, риза көңіл күй кештік.

Түрік ағайындардың өз Отанынан жырақ жүрсе де, жергілікті неміс халқының тілін, дінін, салт-дәстүрін сыйлай жүріп, ыждағаттылықпен үйрене жүріп, өзінің ана тілін, ұлттық қалпын, рухын сақтауға деген ерекше құштарлығы білімдар неміс жұртының да шын ықыласты ілтипатына ие болыпты.

Ақжарқын, сұңғыла ойлы Хайс Вимер ханымның бұл тарапта мына бір әңгімесі ерекше назар аудартты. Академия орналасқан Диллинген қаласына жақын маңдағы Ихенхаузен қаласында тұратын түріктер діни парызын өтеу үшін шағын мешіт ашу ниетімен бургомистрден (қала бастығынан) жер бөлуді немесе кішкентай үй беруді сұрайды. Бургомистр ұлты бөлек болғанымен осы өлкеде тұрақтап қалған, жүріс-тұрысы инабатты әрі еңбекшіл түрік жерлестерінің өтінішін қуана қабыл алып, шағын емес, қала құрылысына көрік беретін жақсы мешіт салуды ұсынып, жер бөлуге, қаржылай көмектесуге құлшыныс танытыпты. Мұндай пейілге қатты қуанған түрік ағайындар жұмыстан қолдары бос кезінде, ешқандай ақы-пұлсыз, еңсесі биік көрікті мешіт салуға жедел кірісіп те кетеді. Діні бөлек түріктердің бұл іс-қимылы тек жергілікті католик шіркеуі діндарларына аса ұнай қоймаған. Бірақ қай дінге болсын құрмет қағидасы үстем мынау заманда олар да үзілді-кесілді пиғылдан бас тартыпты. Бірақ екі түрлі шартты орындауларын: бірі – мешіт азан шақырмауын; екіншісі – мешіттің ай көтерген мұнара биіктігі католик шіркеуінің крест қадаған мұнарадан биік тұрмауын талап етіпті.

«Есіктен кіріп, төр менікі» деп, елдің, жердің иесімен таласуды жөн көрмеген түрік ағайындар католик шіркеуінің бұл талабын бұлжытпай қабыл алыпты.

Біз бұл әңгімеден кейін өтініш жасап, қасиетті орынды көруге келгенде әлі толық біте қоймаған екі қабатты мешіт үйі айна-

ласында түрік ағайындар жұмыла кірісіп, жұмыс істеп жүр екен. Біздің Қазақстаннан келгенімізді естігенде қатты қуанып, ішке кіруге шақырды. Толық салынып бітпесе де, мешіт үйінің іші де, сырты да көзтартарлықтай. Бірінші қабатындағы кең бөлме неміс достармен кездесу орталығына арналыпты. Құран дәрісін өткізетін арнаулы бөлме де осы қабатта екен. Ал екінші қабатта еденді тұтас жауып жатқан кілем төселген үлкен мекенжай – мұсылмандардың дін парызын өтейтін қасиетті орны. Аяқ киімдеріміздің шешіп, қасиетті мекенге қадам басып кіріп, ата-баба аруағына құран бағыштап, мешіт иелеріне рақмет айтып, игі тілекпен жолсапарымызды жалғадық. Мешіт үйі сыртында биіктен көрінген католик шіркеуі мұнарасы да бізге құрметпен қол бұлғап тұрғандай көрінді. Қай жерде, қай ортада жүрсең де, өзгенікінің бәрін асыл көріп, өзіңдікін жасық санаудан бойды аулақ салып, өз қалпыңды, инабатты салтыңды жоғалтпай жүргеннің орны да, сый-құрметі де мүлдем бөлек екен.

«Ауэр» кітап баспасында

Германия Федеративтік Республикасының Негізгі Заңы (Конституциясы) мемлекет көлемінде мамандық тандау және қалаған жерінде қызмет ету еркіндігін қамтамасыз етеді. Әр азаматтың бұл құқығын жүзеге асыру үшін, әрине, федералдық жерлер өзара және федералдық үкіметпен ынтымақты жұмыс істеуі тиіс. Бұл ынтымақтастық білім саласында, бір жағынан «Білім және ғылыми зерттеулер мәселелері бойынша федералдық үкімет пен федералдық жерлер үкіметтері комиссиясы» арқылы, екінші жағынан, «Федералдық жерлердің мәдениет және білім министрлерінің тұрақты конфедерациясы» арқылы жүзеге асырылады.

Міне, осы конфедерацияның 1972 жылы қабылдаған шешіміне сәйкес, Германия мектептерінде территориялық орналасуына сәйкес, федералдық жердің Мәдениет және білім министрлігі бекіткен оқулықтар пайдаланылады. Бұл шешім бойынша «Егер оқулық мазмұны Конституцияның жалпы принциптеріне немесе іс жүзіндегі заңдарға қайшы болмаса, оқу жоспарларының мазмұндық, дидактикалық, әдіскерлік талаптары ескерілсе», ми-

нистрліктің қолдауына ие болады. Кез келген уақытта бұл қолдау тоқтатылуы мүмкін. «Егер оқулық қазіргі заманғы пәндік педагогикалық және дидактикалық зерттеулерге сәйкес болудан қалса» ол қолданыстан алынады. Әрбір федералдық жер министрлігі бір пән бойынша бірнеше оқулық бекітеді. Бұл мұғалім үшін таңдау мүмкіндігін туғызады.

Мектеп оқулықтарын дайындайтын ірі жетпіс баспа, бес концерн жұмыс істейді. Шағын баспалар да баршылық.

Біз ірі баспалардың бірінен саналатын «Ауэр» баспасымен таныстық. Баспа Донауверт қаласында орналасқан. Неміс тілінде Дунай Донау деп айтылатыны осы қала атынан көрініс тапқан.

Мектеп оқулықтарын шығаруда баспалар арасында үлкен бәсеке қалыптасқанын, бұл әрбір оқулықтың сапалық деңгейі үнемі жақсара түсуіне тиімді ықпал ететінін «Ауэр» баспасы жұмысымен таныстырған инженер мырза баса айтып өтті

Федералдық жер үкіметінің Білім министрлігінен оқулық шығаруға рұқсат алу үшін не істеледі? Мұның шешімін табу жолдары бүкіл баспа жұмысының өзегі іспетті екен. Бұл үшін рет-ретімен: 1) оқулықтарды жоспарлау; 2) авторлар тарту және оларды оқулықтар жазу ісіне жұмылдыру; 3) әр оқулықтың оқу бағдарламасына сәйкестігін тексеруге министрлікке ұсыну, шығаруға рұқсат алу; 4) оқулықтар шығару жобасын қаржыландыру; 5) дайын оқулықтарды тапсыру жұмыстары жүйелі жүріп жатады. Оқу басылымдарын жоспарлаған уақытта студенттердің, оқушылардың жалпы саны назарға алынады. Мәселен, Бавария жерінде жыл сайын 125 мың жас ұлан бірінші сынып партасына отырады. Бұл жыл сайын осыншама «Әліппе» қажет деген сөз.

Оқулықтың қолданыстағы мерзімі 10 жыл. Дегенмен баспа өзі шығарған оқулықтардың мазмұндық сапасын білім жүйесіндегі жаңалықтарға сәйкес үнемі жетілдіріп отыруды қатаң бәсекелестік жағдайындағы басты қажеттілік санайды. Сол себепті баспа білім жүйесі тамырының соғысын сезініп, дәл бағдарлауға ерекше мән береді. Оқыту әдіс-тәсіліндегі, білім мазмұнындағы жаңалықтар, оқу жүйесіне енгізілген жаңа пәндер, оқу жоспарлары, арнаулы пәндер, тағы басқа өзгерістер оқулықтардан дер уақытында көрініс табуы баспа жұмысының тиімділігін кеңейте түседі. Ең күрделісі – рынокты зерттеу, дайын өнімге көпшілік көзқарасын тап басып тану.

Оқулықтар дайындаумен шұғылданатын баспа жұмысының сапалық деңгейі, әрине, авторлардың шығармашылық ізденіс, білім, білік деңгейімен тікелей байланысты. Сондықтан да «Ауэр» баспасы тәжірибесінде авторларды тарту және олардың жұмысын ұйымдастыру ісінде уақыт сынынан өткен екі жақты дәстүрлі қарым-қатынас, өзара талап, түсіністік жолдары қалыптасқан.

Оқулықтар авторлығына мамандық бағыттарына қарай білікті мұғалімдер, оқытушылар тартылады. Баспагер инженердің айтуынша, автор құрамын топтауда дәнекер рөлін атқаратын мамандардың қызметі айрықша. Мәселен, 1-сыныптың математика оқулығын жазуда практик мұғалім, ал жоғары сыныптардың бұл оқулығын дайындауда жоғары мектеп оқытушылары араласуы аса қажет. Авторлар тобының жетекшісі бекітіледі. Ол авторлар ішінен не баспа қызметкерлерінен болуы мүмкін.

Оқулық дайындауда назарда болатын тұжырымдамалық талап-тапсырмалар айқындалған. Негізгілері мынадай: 1) шәкірт әлемі, яғни оның әлеуметтік ортасы, жасы, психологиялық ерекшеліктері; 2) теориялық материалдарда дидактикалық материалдарды ұсыну технологиясы; 3) теориялық, педагогикалық материалдарды, оқу жоспарын жетік білу (оқу жоспары министрліктен түседі); 4) оқу жоспарына сәйкес баспа мүмкіндіктерінің ескерілуі; 5) оқулық мазмұны және оқу жоспары қатынасы; 6) министрліктен жіберілген оқу жоспарының қосымша түсініктемесінің ескерілуі (Конституцияға және Заңдарға сәйкес жарнама берілмеуі, т.б.); 7) оқулықтың қолданыстағы мерзімінің неғұрлым ұзақ болуы, ішкі беттерінде бос орындардың азырақ қалуы, т.б.

Дайындалған оқулықты шығаруға рұқсат алуға Білім министрлігіне қолжазба немесе дайын он оқулық жіберіледі. Министрлік үш мұғалімге оқулыққа рецензия жазуға береді. Баспа рецензенттер ұсынысымен түзетулер енгізіп, министрлікке қайта жібереді. Министрлік тарапынан енгізілген түзетулер толық жасалып шыққанда кейде оқулықтар бастапқы қалпынан мүлдем өзгеріп кететін де көрінеді. Оқу жоспарларына, оқулықтарға рецензия беру тек мұғалімдерге жүктеледі. Мұның өзі германиялық мектеп ұстаздарының кәсіби білім, білік деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.

Министрлік шығаруға рұқсат берілген оқулықты каталогке енгізу жөнінде хабарландыру жариялайды. Бұл каталогтен пән-

дер бойынша таңдалып алынған оқулықтарға жер-жерден түскен сұранысқа сәйкес министрлік баспаға тапсырыс түсіреді.

«Ауэр» баспасында оқулықтар дайындауда тұрақты бірлесіп жұмыс істейтін 400-дей авторлар құрамы қалыптасыпты. Жасына немесе денсаулығына қарай бұл құрамнан шыққысы келетін авторлар өз орындарына кандидатуралар ұсынатын тәжірибе де дәстүрге айналыпты. Оқулық авторлары қаламақысы сатудан түскен қаржының 5-7 пайызын құрайды екен.

Баспа бір пән бойынша вариативті оқулықтар шығарумен шұғылданады. Мұндай оқу құралдарының әрқайсысы жеке-жеке Білім министрлігі қолдауын алғаннан кейін ғана жарық көреді.

Оқулықтар оқушылар қолына екі жолмен жетеді. Германия мемлекетінде қалыптасқан қаржыландыру жүйесіне сәйкес оқулық құнының үштен екісін Федералдық жердің Мәдениет және білім министрлігі төлейді. Қалған үштен бірі – ата-ана сатып алатын оқулық бағасы. Бұл – бір жолы. Екінші жолы – оқушылар қолына оқулықтар тегін беріледі.

Біздің топтың жұмыс жоспарына сәйкес Витиеленген ауылында болғанымызда оқулықтар оқушы қолына қалай тегін берілетінін білдік. Бұл ауылды 1978 жылдан бері тұрақты басқарып келе жатқан бургомистрмен мектепте кездесу өтті. Ол қазіргі уақытта Бавария жерінің басшылығындағы партияға оппозиция болып отырған социалистік демократиялық партия мүшесі екен. Бургомистр өз сөзінде бұл партияның коммунистік партиядан мүлдем бөлек екенін назар аудара, баса айтты. Ол басқаратын жергілікті кеңес мектеп жағдайына ерекше көңіл бөледі екен.

Міне, осы кеңестің шешімімен оқулықтар, мектепке қажет оқу құралдары жергілікті бюджет есебінен сатып алынып, мұғалімдер мен оқушыларға тегін беріледі екен.

Негізін қалаған Людвиг Ауэрдің құрметіне «Ауэр» баспасы атанған өндіріс ошағы мен еңбекшіл неміс жұрты ауылы әкімшілігінің шәкірт қауымға шынайы қамқорлық қызметі осылай ұштасып, ел болашағы үшін тиісті еңбек етіп келеді.

Неміс шаруа қожайыны

Жол түсіп Германия елінде Бавария жерінде болғанымызда Витиеленген ауылында тұратын шаруа қожалығы иесінің үй-тұр-

мысымен, шаруа жайымен танысып, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрдық. Немістер шаруа қожалығын ауыл шаруашылығы кәсіпорны деп атайды екен. Міне, осындай біз танысқан кәсіпорынның қожайыны Иоахим мырза алпысты алқымдаған, орта бойлы, өзіне жарасымды қуақы, ойнақы, ашық мінезді, өте ширақ, шымыр, әңгімешіл адам екен.

Жергілікті адамдар мұндай кәсіпорынды ауызекі әңгімеде қожайынның есіміне қосақтап, «бәленнің ауласы» деп атай береді екен. Біз Иоахим мырза ауласына аяқ басысымен-ақ жан-жағымызды барлап қарай бастадық. Кең аула іші тап-таза, көз бөгелетіндей көлденең жатқан ештеңе жоқ. Үш қабатты еңселі әрі аса сәнді үй терезелерінің төменгі жақтауларының, сыртқы есік босағаларының алдында шоқ-шоқ гүл. Үймен жапсарласа, ауланы қоршай салынған үлкен-үлкен қақпалар, қора-жайлар, кең сарайлар.

Бастаушымыз таныстыру рәсімін аяқтасымен-ақ, аудармашы көмегімен сұрақ-жауап әңгіме басталды да кетті.

– Иоахим мырза, меншігіңізде қанша жер бар? Оны қалай пайдаланасыз?

– Жетпіс гектар жерім бар. Германия Еуропа Кеңесіне енгенненкейін осы Кеңес қабылдаған жер пайдалану жөніндегі Ережеге сәйкес 10 гектар жерді парға қалдырамын. Ол жерден алынуы тиіс өнімнің ақшасын Кеңестің өзі төлейді. Қалған алпыс гектар жерді егістікке және жайылымдыққа пайдаланамын. Қызылша, жүгері, бидай, қарабидай, сұлы және малға азық-түліктік шөптер егемін.

– Жерден алған өнімді қалай пайдаланасыз?

– Бидайды өткіземін, сатамын. Азық-түліктік өнімдерді өзімнің ішкі қажеттеріме жаратамын. Жемшөптік өнім толығынан қолдағы малға жұмсалады. Қосымша жемшөп сатып та аламын. Одан мал азығын жасайтын механикаландырылған жүйе мына биік қақпалы қораға орналастырылған. Дайын азық малдарға осы қорадан жеткізіледі. Ол үшін де бір тетікті бассам болды. Мен қалдықсыз өнім жүйесімен жұмыс істеймін. Сабанды да комбайнмен қайта өңдеуден өткізіп, іске жаратамын.

– Техникалық мүмкіндігіңіз қандай?

– Үш трактор, бір комбайн, бір дәрі сепкіш қазіргі қажетімді өтеп тұр.

Арнаулы қора-жайда күтімде тұрған бұзауларды көрдік.

– Бұзау, торай сатып алып, семіртіп сатумен айналысамын. Жылына 600-ден астам шошқаны етке өткіземін. Қазір жайылымдықта 70 өгіз жайылып жүр. Қорадағы – жаңадан сатып алынған бұзаулар. Сиыр етінің бір килосының бағасы 4,50-4,80 марка, шошқа еті 2,60-3,20 марка көлемінде өтеді. Өгізшелердің тірілей салмағы 600-700 килоға жеткен уақытта сатуға жіберемін. Бірақ қазіргі уақытта сиыр етінің өтуі төмендеп кетті. Бұрын әр килосын 7 маркадан сатқанбыз. Құны төмендей берсе, өгізшелерді қойып, бірыңғай шошқа өсіруге ауысамын.

– Кәсіпорныңызда Сізден басқа неше жұмыскер бар?

– Шаруажай – әкемнің қалдырған мұрасы. Ол кісі 1950 жылы екі жұмысшы ер адам, екі әйел кісі жалдаған екен. Менің мұндай көп жұмысшыға еңбекақы беретін жағдайым жоқ. Сондықтан көмекке бір ғана жұмысшы ұстаймын. Барлық шаруаның басы-қасында екеуіміз жүреміз. Уақытты ұтымды пайдалана білсек, екеуіміздің асатын жұмыс жоқ. Өзімізді әрқашан сергек, жинақы ұстаймыз. Мұның өзі денсаулыққа да жақсы. Қазір менің жасым 60-тан асты, денсаулығым жақсы, бір күн төсек тартып жатқан емеспін, ең басты емшім де, рахатым да – еңбек. Әйелім үй шаруасына да, бұзауларға да қарайды. Үлгермей жатса, оған да қолғабыс етемін.

– Балаларыңыз өз алдына үй болып кеткен болар.

– Үш қызым бар. Бір-бір үйдің иесі. Еңбекшіл болып өсті. Бізге де көмектеседі.

– Шаруашылығыңыз екі-үш адам үшін едәуір үлкен екен, қалай күтесіз?

– Күзет, қарауыл – бәрі электрлендірілген.

– Айып етпесеңіз, тағы бір сауал.

– Сұраңыз.

– Мұрагерлік дәстүрін қалай жалғастырмақсыз?

– Барлық шаруажайды бір қызыма мұраға қалдырамын. Екі қызымның еншілерін ақшалай өсиет етемін.

– Әңгімеңізге рахмет. Отбасыңызға амандық, шаруаңызға табыс тілейміз, – деп, біз әңгіме-сұхбатты қайыруға бет алып, қоштаса бастағанымызда, Иоахим мырза бізге жымия қарап, «Сіз тағы бір сауал қоюды ұмытып барасыз» деді. Біз «қандай сауал» деп жүзіне барлай қарағанымызда:

– Менің түсіретін табысым туралы білгіңіз келмей ме? – дегені. Біз бұл сұрақ тіл ұшымызда тұрғанымен, шетелдік мырза табыс сырын аша қоймас деген ойда екенімізді айтқанда, тағы бір риза көңілмен жымия тұрып:

– Ендеше тыңдаңыз, – деп, қалтасынан бір жапырақ ақ қағазын алып сөзін жалғап кетті. – Еліміздің арнаулы есеп орталықтарының қорытындысы бойынша осы менің кәсіпорным сияқты ауылшаруашылық қожалықтар жылына орташа 45 мың 704 марка таза табыс табады екен.

Сұрақ-жауап легі қайта жалғасты.

– Табыс есебінен кімге демеушілік жасайсыз?

– Шіркеуге көмектесуді парыз санаймын.

– Демалыс уақытын қалай өткізесіз?

– Мен үшін еңбек ету – денсаулықты сақтаудың, тыныңудың басты шарты.

– Меншігіңізде неше машина бар?

– Машинаның нешеуін, қай түрін сатып алсам да мүмкіндік бар. Бірақ артық заттың керегі не? Ескі «Мерседесім» отбасымның барлық қажетін өтеп келеді.

– Қазақстанда шаруа қожалықтары құрылып жатыр. Тәжірибе бөлісуге, өсімге несие қаржы бөлуге қалай қарайсыз?

– Еңбек ете білген адамға тәжірибе өз-өзінен келеді. Ал несие қарыз бөлуге жас келіп қалды. Бір жиырма жыл ертерек болғанда байқап көруге болар еді.

Иоахим мырзаға уақыт тауып, жылы пейілді қабылдау жасағаны үшін рахмет айтып, риза көңілмен аттанып кеттік. Жол бойында егістігі мен шабындығы, жайылымдығы қолмен сызып қойғандай алмасып, жайқалып өсіп, жап-жасыл болып тұрған көз тартар ерекше баптаулы ауылдың о шеті мен бұ шетіне көз тастай отырып, туған елімізді сағынып, сарғая шөліркеп жатқан кең даласы көз алдымызға келді. Неміс шаруа қожалығымен қазақ шаруасы табысын қатар қойып көңіл тезіне салатын кез де келер-ау деп үміт еттік.

Алматы – Диллинген – Мюнхен – Алматы. 1996 ж.
«Егемен Қазақстан» газеті, 1996 жыл, 13 қараша,
«Қазақ әдебиеті» газеті, 1996 жыл, 3 желтоқсан,
«Қазақстан мектебі» журналы, 1996 жыл, №11, 12

«ҚАЗАҚ, ҚЫРҒЫЗ БІР ТУҒАН»

Жүз жасаған Жамбыл жырау осылай жырлаған. Қырғыз ақыны Мухтар Чолпонбаев:

Қанат болып бір-біріне талпынған,
Айналайын қазақ, қырғыз халқымнан, –

деп, ақындық биік шабытпен ағынан жарыла шырқайды.

Қазақ пен қырғыз халқының төл ұлы, қоғам қайраткері, елші, ақжүрек ақын Мұхтар Шаханов:

Алатауды алып құсқа балар болсақ,
Сол құстың
Бір қанаты – қазақ та, бір қанаты – қырғыз, –

деп, түпкі тегі, тарихи тағдыры бір, әдебиеті, мәдениеті, ғылымы қанаттаса, бір-біріне қарайласа дамып, нығайып келе жатқан бауырлас екі халықтың, қазақ пен қырғыздың мәңгілік бірлігін жүректерді қозғай тебірене жырлайды.

Иә, қасиетті Алатауды алты айналсақ та, түбі бір түркі халықтарының ішінен қазаққа қырғыздан, қырғызға қазақтан жақын ел-жұрт табу қиын. Тілінің сәл өзгешелігі болмаса, қазақ пен қырғыздың өзі сырт пішінінен бірін-бірі тап басып айыра алмай жататыны мұның бір дәлелі болса керек.

Егіз ұлдай екі халықтың рухани қазына-байлығы, салт-дәстүрі, дәстүрлі шаруашылығы, тіпті киіз үйі, киіз қалпағы – бәрі-бәрі екеуінің ежелгі бауырластығын, туыстығын әлемге паш етіп, әйгілеп тұрғандай.

Түпкі тегі түркі тайпаларынан тарайтын көп халыққа ортақ тарихи жазба ескерткіштер мол. Соның ішінде батырлық эпостық жырлар қазақ, қырғыз халқын бір-біріне тонның ішкі бауындай жақындатып, бауырластыра түседі. Бұдан жүз қырық жыл бұрын қазақтың жарық жұлдыздай болып туған ерекше талантты ұлы Шоқан Уәлиханов «Манас» жырын естігеннен-ақ, мол қазына қойнауының көзін тапқандай қуанып, күн-түн қадалып отырып

қағазға жазып, қаттап, асылындай ардақ тұтып, бірге туған қырғыз ағайынын тапқан қуаныш шаттығына бөленген болар.

Тау суындай сарқыраған «Манас» жырының «Көгедай ертегісі» үзіндісін қалам күшімен жазып алуда қандай қуат, шабыт керек болды екен?! Бұл – тек көп уақыт көз жазып қалған бауыр етіндей бірге туған қимас туысымен ойламаған тұста көзайым болған жүрекжарды қуаныштан тасқындаған шалқар шабыт қана көтеретін көзсіз ерлік, ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып қалатын рухани қаһармандық!

Осылайша қазақ ұлы Шоқан өзінің туған халқы мен қырғыз халқының тағдырлас тамырластығының, бауырластығының алтын арқауындай алып мұхиттың – «Манас» жырының тұңғиықтан тартқан бір тарауының қайнар бастауын жарқырата ашып, жаңа бір арнаға, өлмейтін, өшпейтін жазба тарих жолына түсірді.

Шоқан бабамыз тәнті болып «Дала Иллиадасы» деп атаған оның тұңғыш жазбасын жүз жылдан кейін жарыққа шығарған қазақ ғалымы Әлкей Марғұлан «Қырғыз халқының айтулы мұрасы» санаған. М. Әуезов Гомер эпосына теңеген, Ш. Айтматов ұлы туындыға, құбылысқа балаған «Манас» – «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» батырлық жырларына өзек болған қазақ, қырғыз халықтарының, иісі түркі әлемінің мәңгілік азаттық рухының ғана емес, осы халықтардың мәңгілік бауырластығының шайқалмайтын іргетасы, темірқазығы.

Бүткіл түрік, бүткіл әлем рухының айдыны,
Манас туын құлатқалы жатқанда,
Бар қырғызды жылатқалы жатқанда,
Хас батылдық кімге шаттық, кімге арзан?
Жанын салып қорғап қалған бір қазақ.
Қырғыз үшін отқа салған қанатын
Ал ол қазақ – ұлы Әуезов болатын, –

деп, ақын жыры өрнегіне өрілген өмір шындығы – қазақ, қырғыз халқының бір-бірімен мәңгі бірлігінің тағы бір дәлелі.

Өткен ғасырда екі елді жайлаған отаршыл қоғам қасіретін толғап, еркін болашаққа жетелеген дала ойшылы, ұлы ақын Абай мұрасы да – қазақ, қырғыз халықтары мүддесін бүкіл адамзат дамуы көкжиегіне ұластырған ортақ қазына, ортақ мұра.

Төрткүл дүниені дүбірлетіп өткен Абай, Манас, Жамбыл тойы дабылы бауырлас екі халық жерінен, қазақ, қырғыз елінен тарап, шартарапты аралап кетті.

Түркі халықтарының ішінен қазақ, қырғыз халқы шежіре айту дәстүрі жақындығымен де тонның ішкі бауындай біріге түседі. Екі халық шежіресін қара сөзбен де, өлеңмен де өрнектеген қазақ Шәкерім Құдайбердіұлы мен қырғыз Тоғолок Молда салған жол сүрелері – екі ел ұлдарының айшықты өнеге қалдырған туыстық өнер арнасы.

Өмірдің қай саласында болсын, қазақ, қырғыз ағайынды туғандай араласып, біте қайнасып, қатар өсіп, қатар дамып келеді. Тарих қойнауына қарай жылжып бара жатқан, өзіміз көріп, біліп отырған үстіміздегі ғасырдың қай кезеңінің шет пұшпағын көтерсек те екі халық өмірінің үзілмейтін жалғастығының, өзектестігінің куәсі боламыз, болып та отырмыз.

Бір-біріне көмектесе көркейіп келе жатқан екі халықтың Шәкен Айманов, Төлемүш Өкеев, Болот Шамшиев сынды ұлдарын бөле-жара қарауға кімнің дәті барар. Орталық Азияның тамаша ғұламасы, фармацевтика ғылымының оқ бойы алдында жүрген тұңғыш академигі Алтмышев өзінің жастық жалынының көрігі болған қазақтың Семей өңірін ұмыта алар ма? Бішкек университетінің кешегі студенті, жас болса да бір институтқа бас, қазақ зиялы қауымына кең танымал тарих ғылымының докторы Мәмбет Қойгелдиев сияқты қазақ, қырғыз ғылымы мен білімінің алтын көпірі іспетті оқымысты азаматтарды екі елдің де төл перзенті десек артық емес. Соңғы жылдары екі елдің құрметті атақтарын алған қайраткерлер жаңа дәуірдегі жақсы дәстүрдің іргесін беките түсті. Айта берсе, өзектескен екі ел өмірінің қазанынан қайнап, пісіп шығып жатқан мұндай үлгі етер, өнеге тұтар тұстар көп.

Қолдың саласындай тұтасып, бірігіп кеткен экономика, шаруашылық саласындағы жалғастық – өзінше бір сала. Қазіргі кезеңде осындай тұтастықтың жібін одан әрі жалғастырып, жаңадан құрылып жатқан бірлескен қазақ-қырғыз кәсіпорындары қатары көбейген сайын, үй ішінен үй тіккендей қуанбай ма қазақ пен қырғыз. «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалаған» ағайынның дастарханы мол, береке-бірлік, несібесі тоқ болатыны – арғы ата-бабадан қалған асыл өсиет.

Әрине, қазақ, қырғыз халықтарының туыстығы үзілмей қатар өсіп, біріне-бірі демеу, сүйеніш, қамқор болуда екі елдің ақын-жазушыларының алар орны айрықша. Екі ел басына небір ауыр күндер туып, тұрымтай тұсына дерліктей қиын-қыстау кезеңдерде ауыртпалық жүгін мойындарына алып, қайыспай көтерісіп, қазақ пен қырғыздың азаттық сүйгіш рухын жықпай, достықтың, туыстықтың туын жоғары ұстап, әр уақытта алғы шепте келе жатқан күрескер қауым – осы ақын-жазушылар. М. Әуезов пен Ш. Айтматовтың рухани жалғастығы, Ш. Айтматов пен Қ. Мұхаметжановтың шығармашылық бауырластығы, М. Шахановтың қайраткерлік, ақындық үндестігі қай халықты болсын еріксіз сүйсінткендей.

«Сүйегім қазақ, етім қырғыз» деп, артына өлмес сөз қалдырған ұлы жырау Жамбыл мен Тоқтағұлдың бауырластығы, жыр дәстүрі жыл өткен сайын жарқырап, жалғастырушы жас ұрпақпен жаңғырып, түрленіп келе жатқаны да – ортақ қуанышымыз, мақтанышымыз.

Тамыры терең жатқан қазақ, қырғыз халықтары туыстығын қазіргі кезеңде жаңа заман сипатына сай жаңаша дамытудың, жалғастырудың жолдарын табу – бүгінгі ұрпақтың абзал парызы. Ежелден туыстық, бауырластық жібімен жалғасқан екі халық қанаттаса, қарайласа даму арқылы ғана мынау қым-қуыт дүниеде әрқайсысы өзіндік орнын сақтап, өркениетке жету даңғылын кеңейте берері айқын. Осындай ұлы мұрат жолында екі халық туыстығына сына қағар, қара күйе болып жағылар жел сөзге бой алдырмаудың маңызы өте-мөте зор.

Ежелден туыс, етек-жеңі кең қазақ, қырғыздың бауырластығын көре алмайтын дұшпандардың қай заманда да көп болғаны тарихтан мәлім. Екі елді бір-біріне жауыластырудың не түрлі айла-шарғысы, әсіресе, әуелі Ресей империясының, одан кейін Кеңес империясының отаршылдық саясатының арқауына айналғаны тағы мәлім.

«Сабыр түбі – сары алтын». Бауырлас қазақ, қырғыз халықтары тәуелсіздік айдынында енді, міне, егемен елдіктің туын жоғары көтерді.

Аңсап жеткен азаттық жолы екі елге де оңай болған жоқ. Сондықтан да туған жұрттың азат болуы үшін шайқасып, бұрын-

соңды шейіт болған боздақтар есімі әрқашан аяулы да қастерлі. Қанды қаһарымен бүкіл әлемге бет қаратпай келген Кеңес үкіметінің іргесін ыдыратқан қазақ жастарының 1986 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі – тәуелсіздік жолындағы соңғы ірі шайқас болды. Азаттық жолындағы ақтық айқасқа шыққан қазақ бауырларына бірінші болып көмекке ұмтылған қырғыз жастары үшін де бұл күрес айтулы кезең болды.

Екі елдің де ендігі ортақ тілегі, биік мұраты – тәуелсіздіктің мәңгілік баянды болуы. Бауырлас екі елдің ұл-қыздарының, үлкен-кішісінің аңсап жеткен азаттық туы астына топтасуы – туған ұлты, ел-жұрты алдындағы перзенттік парызы, азаматтық борышы.

Қазақ жерінде отау тіккен «Қазақ-қырғыз бауырластығы» қоғамы осындай ұлы мұрат жолындағы туысқан екі халықтың тарихи жаңа үрдісіне тамшыдай болса да үлес қосу ниетімен өмірге келді. Бауырлас екі елдің ынтымағын көздеген игі қадамның екі халық тарапынан да кең қолдау табарына сенім мол.

«Егемен Қазақстан» газеті, 1996 жыл, 13 қыркүйек

КАЗАК-КЫРГЫЗ БИР ТУУГАН

бул ажайып санат сөз
Жүз жашаган Жамбылдын Ыр Нөшөрүнөн
бир мөлтүр сап...
Канат болуп бир-бирине талпынган,
Кагылайын казак-кыргыз калкымдан! –

деп мандайы как жарылып кубанып ырдаган кыргыздын бир акыны.

Ала-Тоону салыштырсак,
Алп Кушка,
Ошол куштун
бир канаты – Казак да, бир канаты – Кыргыз! –

деп эки элдин түп тагдырын түгөл ачып, ырга салган эки элдин сүймөнчүк акыны Мухтар Шаханов.

Бул тилектер болот дайым Нарк-Нуска! –

дээр элем.

Айтса-айтпаса төгүнбү? Түпкү теги, тарыхый тагдыры бир, рухий дүйнөсү, маданияты, адабияты, илими канатташ жашап, танапташ енүгүп келаткан боо ордош эки калктын – казак менен кыргыздын түбөлүк бирдигин канча муундун акындары жүрөктү козгогон Ыр керемети менен эгиз эки элдин бул Улуу Боордоштугун даңазалап келет...

Ооба, касиеттүү Ала-Тоону алты айлансак да, түбү бир түркий калкгардын ичинен казакка кыргыздан, кыргызга казакгын жакын эл-журт табуу кыйын. Тилдеринин саал гана өзгөчөлүгү болбосо, казак менен кыргыздын ездөрү сырт пешенесинен бирин-бири атайылап айра тааный албай жатышы да бул жакындыкгын бир далили болсо керек.

Эгиз уулдай эки калктын руханий казына байлыгы, салт-санаасы, күтүнгөн чарбачылыгы, кийиз үйү, кийиз калпагы – ушу сыяктуулардын баары экөөнүн эзелтеден берки боордоштугун, туушкандыгын ааламга айгайлап жар салып тургандай.

Түпкү теги түркий тайпалардан тараган кеп калкка орток эсептелген тарыхый жазма эстеликтер мол. Ошонун ичинде баатырдык эпостор, зор ыр дастандары казак-кыргыз капкын бир-бирине тоонун ички каптал беттериндей жакындатып, бооролштура түшет.

Мындан 140 жыл (бул макала 1996 ж. Алматы шаарында Казак-Кыргыз боордоштук Коомун түзүүгө арналган Уюштуруу Конференциясында жасалган Баяндамадан алынды) мурдә казактын жарык жылдызы болуп туулган орошон таланттуу уулу Чокан Валиханов «Манас» дастанына алгач кезиккенде эле (1855 ж.) эбегейсиз зор казына-кенчтин соолбос кайнар булагын тапкандай кубанып, күн-түн кадалып отуруп кагазга жазып, каттап, асылындай кастарлап тутуп, бир боордош кыргыз агаиндеринен тапкан кубаныч шаттыгына нечен бөленгөн. Ооздон чыккан сөздү кагазга түшүрүш үчүн бүгүнкү техниканын күчүнө жүгүнөбүз. Ал эми, агылып айтылып жаткан ырды жазууга ошол мезгилде не деген айла-амалдын техникасы керек болгон?

Мына ошондой, тоо суусундай шаркыраган «Манас» эпосунан «Көөтөйдун ашы» узүндүсүн калем күчү менен жазып алууда кан-

дай гана кубат, чабыт, эрдик, сыйкырдуу ыкмалар керек болду экен?!

Казак уулу Чокан өз калкы менен кыргыз элинин тагдырлаштамырлаштыгын, боордоштугун көрсөтүп, мухит сындуу «Манас» эпосунун тагдыры ың-жыңсыз түбөлүк жок болуу тунгуюгуна кеткендердин ичинен (19-кылымдын баш чениндеги кыргыз манасчыларынын айткандары эч дарексиз жоголбодубу!?!») бир тарамынын булак көзүн ачып, елбөс-өчпөс өмүр берип, жазма тарых жолуна түшүрдү.

Казак-кыргыз боордоштугунун дагы бир көрүнүшү – улуу ойчул Мухтар Ауэзовдун ченемсиз эрдиги, адамдык-окумуштуулук парасаты «Манас» эпосунун кечээки эле советтик идеологиялык «башкесерлердин» шыкагы менен кыргыздын руханий байлыгынан таптакыр өчүрулүп капуу коркунучунан сактап, а түгүл коргоп калышы тууралуу казакга ыр менен минтип айтылат:

Бүткүл түрк, бүткүл аалам рухунун айдыңы,
Манас туусун кулатканы жатканда.
Бар кыргызды ыйлатқаны жатканда,
Алп батылдык кимге шаттык, кимге арзан?
Жанын таштап коргоп капган бир казак.
Кыргыз үчүн отю салган канатын.
Ал казак уулу Ауэзов болатын! –

деп акын сыймыктанган.

Түркий калктар ичинен казак-кыргыз элдери санжыра санатынын ортоктугу жагынан да бул эки элдин жакыңцыгын башкалар менен салыштырып болббйт. Шежиречи Шаакерим Кудайберди уулу менен Тоголок Молдо чаап кеткен жолдору ушу бүгүн да эки элге бирдей кызмат өтөдө.

Турмуштун кайсы салаа-тармагы болсун, казак- кыргыз агаин туугандай аралашып, катар өсүп, жашоо казанында бирге кайнап келатышат. Тарыхтын койнуна карай бараткан, өзүбүз көрүп-билип жашап турган үстүбүздегү кылымдын кай кезегин апбайлы, чет-бучкагын көтөрбөйлү эки калктын өмүрүнүн үзүлбөс жалгаштыгынын, өзөктөштүгүнүн күбөсү болобуз, болуп олтурабыз, Бир-бирине кемөктөшүп-сүйөнүшүп келаткан эки элдин Шекен Айманов, Төлөмүш Океев, Болот Шамшиев сыяюуу уулдарын

белүп-жарып кароого кимдин дити барат? Борбордук Азиянын таанымал аалымы, фармацевтика илиминин бута атым алдында жүрген академик Арстанбек Аптымышев өзүнүн жаштык жалынын казактын Семей өңүрүндө жүргөнүн унуткан жок бекен? Бишкектеги университеттин кечээги студенти, жаш болсо да бир институтка баш, казактын интеллигент журтчулугуна таанымал, тарых илминин доктору Мамбет Койгелдиев сындуу казак-кыргыз илими менен билиминин Алтын Кепүрөсү болгон окумуштуу азаматтарды эки элдин тел перзенти десек, аша чапкандык болбос. Айта берсе езөктөш эки элдин казанынан кайнап чыгып жаткан мындай үлгү болоор, эске тутар жаркын фактылар өтө эле көп.

Колдун салаасындай туташып, биригип кеткен экономика, өндүрүш, чарбачылык жагындагы жалгаштык, кызматташтык езүнчө аңгеме.

Азыркы кезде ушундай туташтыктын жибин андан ары жалгаштырып, жаңыдан курулуп жаткан казак-кыргыз орундарынын катары көбөйген сайын үй ичинен үй тиккендей кубанбайбы, казак менен кыргыз! «Алыстан арбалышканча, жакындан дорболош» деген ата-бабадан калган асыл осуятты ала жүрсөк.

Арийне, казак-кыргыз элдеринин туушкандыгы үзүлбөй улай өсүп, бирине-бири демөөр, сүйөнөөр таянычы болуп, камкордук керүүде эки элдин акын- жазуучуларынын ээлеген орду да артыкча. Эки элдин башына не бир оор күндөр келип, кыйын-кыстоо кездерде азап-тозок жүктөрүн мойнуна алып, кайышпай көтөрүшүп, тууган-туушкандыктын туусун бийик тутуп, ар убакта алдыңкы чекте келаткан күрешкер журт – булар акын-жазуучулар. Мухтар Ауэзов менен Чыңгыз Айтматовдун рухаңий жалгаштыгы, Ч. Айтматов менен Калтай Мухаметжановдун чыгармачыл боордоштуту, Ч. Айтматов менен Азиянын чыгаан акыны, коомдук-саясий, мамлекеттик ишмер, Атайын жана Ыйгарым Укуктуу Элчи Мухтар Шахановдун азыркы рухий дүйнөнүн эң актуалдуу курч проблемалары боюнча биргелешип жараткан планетардык масштабдагы философиялык ой жүгүртүүлөрү кайсы элди болсун суктандырбай койбойт. *(Ч. Айтматов, М. Шаханов. Жар башындагы аңчынын ыйы. – Алматы, Рауан, 1996. Орус тилинде).*

«Сөегүм казак, этим кыргыз» деп, артына өчпөс-өлбөс учкул сез калтырган Жамбыл менен казакгын мээрвандыгы езүнүн Улуу Талаасындай кең деп аңыз кылып ырдаган Токгогулдун боордошту-

гунун ез ара үндештүгү, эгиз элдин ыр достугу, дил достугу жыл өткөн сайын жаркырап, жалгаштыручу күчү жаш урпак менен жаңырып, түрлөнүп келе жатканы да – орток кубанычыбыз, мактанычыбыз!

Тамыры тереңде жаткан казак-кыргыз туугандаштыгын азыркы кездеги жаңы заман сыпатына төп келген жаңыча енүгүүнүн, жалгаштыруунун жолдорун табуу – бүгүнкү урпактын абзел парзы.

Эзелтеден туушкандык, боордоштук жиби менен жалгашкан элдер бири-бири менен катташышса, каралашса гана мына бу кымкуут дүйнөде ар кимиси ез ордун сактап, өркүндөөгө жетүү жолун кеңейте берери айкын эмеспи. Ушундай улуу мурат жолунда эки элдин туушкандыгына сын коёр, кара көе жапмакчы болгон жел сезгө моюн бербөенүн мааниси өтө зор.

Биз кеөне тарыхыбызга көз чаптырып көрөлүчү.

Атамзамандан этек-жеңин кең таштаган казак-кыргыз боордоштугун көрө албаган душмандардын кайсы заманда болбосун, көп болгону тарыхта маалым го... Эки элди жоолаштыруунун не бир түрлүү айла-амалынын, асыресе, Орусия империясы, андан кийин Кеңеш империясы тарабынан жүргүзүлгөн оторчулук (колониялдык) саясатынын тагдыр ойнуна айланганыбыз дагы маалым. Казак-кыргыз калктарынын коомдук өнүгүү тарыхын көп жагдайда кез-көрүнее бурмалап келген оторчул зомбулук саясат казак каны Кененсары окуясын эки элдин бирдигине, боордоштугуна каршы ата турган ок катары баалашып, буюктуруп келгени көзү көрө тургандар үчүн жашыруун сыр емес.

Бүгүнкү күндө колго тийген асыл дееләт – Көз Каранды Эместик бакытын, жанаша енүгүү бийлигине бет алган боордоштук кубанычын кере душмандар казыр да кыргыз-казак боордоштугуна жапсардан ок атуудан аянышпайт. Кайсы заманда, кайсы әлде болсун, мансап менен бийлик үчүн кара ниеттике баргандар аз болбоптур. «Манас» эпосундагы элин саткан көзкамандар да байлык менен бийликке каныккандардан чыккан. Оторчул Орус империясынын, кыйкымчыл Кеңеш империясынын «бөлүп ал да, бийлей бер» саясатынын кол жоолугу болгон бүлүкчүл топтордун бир калктын ичинде гана эмес, эл менен элдин ортосунда араздашуу отунун, согуш өртүнүн чыгышына себепчи болгонуна кечээги, бүгүнкү тарыхтан так маапымат берүүчү мисалдар көп.

Башкасын айтпаганда да, кечээ гана Кеңеш империясы казакты «киргиз» деп, калктын атын очүргүсү келгенде, бирине-бири жамандык ойлобогон казак менен кыргыз ортосуна терендете шынаа кагып, экөөнүн жүзүн эки жакка каратып койгусу келгендер жок деп ким айта алат? Бирок даанышман казак калкы езүнө жакын боорунун атын танганы үчүн кабак чытыбады. Бир казак баласы тирүү калса, казак аты тарыхтан өчүп кетпесине күмөн санабады.

«Сабырдын түбү – сары алтын». Боордош казак-кыргыз калкы Көз каранды Эместиктин айдыңында, мына эми эгемен элдин туусун жогору көтерүп, дүйнө өлкөлерү менен бир сапта туруп, эл аралык алакаларга активдүү катышууга карай ишенимдүү адымдоодо.

Эңсеп жеткен Азаттык жолу эки элге тең оңой болгон жок. Ошондуктан да тууган журттун азат болушу үчүн салгылаштарда мурун-кийин шейит өткендердүн ысмы аялуу да, ары кастарлуу деп билебиз. Бул жагынан бүт ааламга белгилүү, Кеңеш өкмөтүнүн кебелгис өргөсүн ыдыраткан казак жаштарынын 1986 жылдагы Улуттук-Азаттык Кетөрү-лүшү – көз караңды эместик үчүн, керек болсо, жан аябас кандуу кармашка баруу жолундагы Адилет Казатка чыккан казак боорлоруна биринчи болуп көмөккө умтулган кыргыз жаштары үчүн да бул Күрөш айтылуу кезендерден бодду.

Эки элдин эмки орток тилеги, бийик мураты – Көз Каранды Эместин түбөлүк болуп калышы! Боордош эки элдин уул-кыздарынын, улуу-кичүүсүнүн эңсеп жеткен Азаттык Туусу астында баш кошуу – өз улутунун, эл-журтунун алдындагы перзенттик парызы, атуулдук (патриоттук) вазийпасы, буткүл коомчулуктун күндөлүк иш-аракеттери болууга тийиш.

Байыркы казак жергесинде жаңыдан отоо тиккен «Казак-кыргыз боордошуу коому» упгундай улуу мурат жолундагы туушкан эки элдин тарыхына жана карым-катышына тамчыдай болсо да үлүш кошуу ниети менен өмүрүн баштамакчы. Боордош эгиз элдин ынтымагын көздөген бул ийги кадам эки тараптан тең кеңири колдоо табаарына ишенимим мол.

Сайраш АБИШКЫЗЫ,
«Казак-кыргыз боордошуу коомуучун» төрайымы,
«Казакстан мектеби» журналынын баш редактору.
«Чуй Баяны» газети, 1999 жыл, 22-28 қазан

ЖОЛ ҰЗАРА БЕРСІН

Күні кеше ғана еді. Ол кезде «Вечерняя Алма-Ата» болып шығатын қалалық газеттің қазақ тіліндегі қосымшасы жарық көретін болды деп естіп, қатты қуанғанымыз. Санамызды «Жеке қазақ газеті болып шықса, артық болмас еді» деген ой жегідей жеп тұрса да, бұған да тәуба дедік.

Қазақ қауымы үшін қуаныш қуанышқа жалғасып, 1989 жылы желтоқсан айында Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Көпшілік ұйғарымымен мен төрайым болып сайландым. Қоғам басқармасының бірінші отырысында 1990 жылға арналған жұмыс жоспарын қарадық. Бірауыздан Алматы қаласының басшысы З. Нұрқаділовтің атына қосымша емес, қазақ тілінде *жеке* қалалық газет шығару жөнінде ұсыныс жасауға келістік. Көп ұзамай-ақ 1990 жылдың қаңтар айында қазақ тілінде «Алматы ақшамы» газеті жеке басылым болып жарқ етіп шыға келгенде бөркімізді аспанға ата қуандық. «Көп тілегі – көл» деген осы деп, бір-бірімізден сүйінші сұрадық. «Біздің ұсынысымыз бір тамшы болып, көп тілегіне қосылды» деп, жаңадан жұмыс істей бастаған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының да мерейі өсіп қалды. Сол 1990 жылдың қаңтарында мен қалалық кеңестің депутаты болып сайландым. Депутат ретінде зерттей жүріп, «Вечерняя Алма-Ата» газетінің жарық көруіне қала бюджетінен қаржылай үлкен көмек жасалатынын білдім. Оған дейін ұлты орыс тұрғындары көп әрі қазағының басым көпшілігі орысша оқитын бұл газет жазылымнан түсетін ақшамен-ақ шыға беретін болар деген ойда жүретінмін. Қалалық халық депутаттары кеңесіне жылға арналған қала бюджеті қаржысының кіріс-шығысын бекіту немесе оған қосымшалар енгізу, өзгеріс жасау туралы ұсыныс бола қалса, «Вечерняя Алма-Ата» газеті жазылған тұста «Алматы ақшамы» да жазылып тұр ма екен деп, енді айрықша қарайтын болдым. Міне, еліміздің жүрегі іспетті үлкен қаланың – қазіргі оңтүстік астананың мәртебесін көтере түскен «Алматы ақшамы» газеті еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы хабаршысындай осылай шыға бастады.

Туған Отанымыздың газет-журнал әлемінде «Алматы ақшамының» алатын орны ерен биік әрі маңызды. Бұл пікірімді дәлелдеу үшін көп жазуға болады. Ал егер тұжырымдай түйіндесем,

бұл басылым – құрсауы мол орыс тілді ортаға айналған Алматы қаласында мемлекеттік қазақ тілінің қатарласа өмір сүруіне толық қақысы бар екенін айқындай түскен қамал бұзған газет. Ең бастысы, қазақ сөздерін орыс тілінде айтылуына қарай жазып ана тілімізді әбден бұрмалаған, шұбарлаған, тіпті кей жағдайда мазақ еткен империяшыл, билікшіл үрдіске батыл тойтарыс жасаған батыр басылым. Бұл газет шыққанға дейін ресми тілде де, ауызекі сөйлеуде де Алма-Ата болып, дұрыс атынан жаңыла бастаған асыл қала «Алматы ақшамы» газеті шығысымен аяғынан тік тұрып, намысты келбетін айқын танытты.

Ана тіліне деген ақ ниет пен қазақ елінің отты намысының көрігінен қайнап шыққан «Алматы ақшамының» оң жолы сәулелі ақшамнан ақшамға жалғасып, ұзара берсін!

«Алматы ақшамы» газеті, 1998 жыл, 1 шілде

«ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ» ЖУРНАЛЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Қазақ халқы үшін абыройлы асулары да, ауыр кезеңдері де аз болмаған жиырмасыншы ғасыр мәреге жетті. Бұл ғасырдағы Қазақстанның білім-ғылым, педагогика саласын дамытудың козғаушы күштерінің бірі әрі тасқа басылған шежіресі – «Қазақстан мектебі» журналына да 75 жыл толды.

Журнал «Жаңа мектеп» деген атпен тарих сахнасына кездейсоқ келген жоқ. Оның тек өзі ғана арқалайтын, өзі ғана өрге сүйрей алатын ауыр жүгі, кезек күттірмейтін міндеті бар еді. Бұл туралы профессор Темірбек Қожакеев былай деп жазады: *«Бұл кезде қос революция, интервенция, Азамат соғысы салдарынан сансыраған халық шаруашылығын қалпына келтіріп, ес жия бастаған едік. «Не құрық, не мойын кететін» тартыста еңбекші ел жеңіске жетіп, өнер-білімге бет қойды. Оқу-ағарту ісіне мемлекет те, өкімет те құлай ден қойды. Мәдениет майданын аштық. Октябрдің 10 жылдық тойына дейін ел жалпағынан хат танып үлгерсін!»* деген ұран көтерді. Ұлт аймақтарында оқу, оқытуды ана тілінде жүргізуге шақырды.

Бірақ бұл ізгі ұрандарды жүзеге асыруға қаржы тапшылығы, мектеп үйлерінің жоқтығы, мұғалімдер жеткіліксіздігі көп кедергі болды. Жоқ жомарттың қолын байлады. Бар мұғалімдер өзара пікір алысатын, тәжірибе ауысатын, үкіметтің жаңа қаулы-қарар, нұсқау хаттарымен танысып отыратын арнайы басылымдары болмады.

Осы жоқтықтың орнын толтыру ниетімен Қазақ өлкелік комитеті 1925 жылы маусым айында ғылыми-педагогикалық журнал шығару туралы шешім қабылдады. Оны ұйымдастырып, басшылық етуге «Еңбекші қазақ» газетінің сол кездегі редакторы Молдағали Жолдыбаев жіберілді.

Осылайша, 1925 жылдың тамыз айында сол кездегі Қазақстан астанасы Қызылордада «Жаңа мектеп» журналының тұңғыш саны жарық көрді. «Жаңа мектепті» шығару неге керек болды? Тұңғыш нөмірдің бас мақаласы да осылай аталады. Оған «V» деп қол қойған жауапты шығарушы М. Жолдыбаев ғылыми-педагогикалық басылымның міндет-мақсатын, халық үшін қаншалықты қажет екенін, маңызды екенін өзі де жақсы түсінген, журналды жас нәрестедей қолына алар оқырманға да жете түсіндіре білген. Жетістік көп, бірақ, кемшілік одан да мол екенін сөз ете келіп, мынадай түйін жасайды: *«Бұл күйде қалу жарамайды. Бұл күйде қалуды тарих көтермейді. Қазақстан оқу комисериеті шара іздеді. Ақырында Қазақстанның орталығынан оқу-білім жұмысына, оқу-білім майданына арналған бір журнал шығаруға кірісті. Бұл журнал мына – «Жаңа мектеп». «Жаңа мектептің» мақсаты қысыр пәлсапа сату емес, қазақ мектебіне араласу, қазақ оқытушыларының мектептегі күнбе-күндік жұмысына жәрдемші болу. Оқытушылармен пікір алмастырып, жүкті «әуп-әуп» деп, күш қосып бірге тарту... «Жаңа мектептің» пайдасын жырлай берсек, оқушының біреуі «оқи келе көрерміз» деп жүруі мүмкін. Сондықтан қысқартып қана айтпақпыз: барлық оқу-білім мәселесі, оқу, оқыту, түрлі мектеп, түрлі оқыту программы, оқытушының хал-жайы... әлден келгенше «Жаңа мектепке» жазылып тұрмақ» («Жаңа мектеп» журналы, 1925, №1, 3-6-беттер).*

1925 жылы «Жаңа мектептің» үш нөмірі жарық көрген екен. Журнал жарыққа шығысымен-ақ кәсіби басылым болуға бет бұрғанын мынадан көруге болады. Оның білім беруді, мұғалім тұр-

мысын, оқулық сынын, тәрбие ісін сөз етпеген, бағдарлама, әдістеме, нұсқау жарияланбаған бірде-бір нөмірін кездестірмейсіз.

Тұңғыш нөмірдің «Білім-педагогика» бөлімі Телжан Шонанұлының «Комплекс программасының негізі» деген мақаласымен ашылған. Одан соң Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектеп» мақаласында бала оқытудағы әдістеменің орны туралы айтқан терең ойлары күні бүгінге дейін мән-маңызын жойған жоқ.

«Жаңа мектеп» журналы 1929 жылдың 7-нөмірінен бастап латын әліпбиімен басылып шыға бастады. Журналда латын әліпбиінің емлесі жарияланды. Алғашқыда жаңа әліпбиде бас әріп қолданылмайтын еді. Әміржан деп қол қойған автор «Бас әріп не үшін керек» деген мақаласында бас әріпті пайдаланудың тиімді әрі ыңғайлы екенін айтады: «*Бас әріптен қашудың қисыны жоқ. Орталық жаңа әліп комитетінің төрағасы Ағаналыұлы айтқандай, бәрібір пәренже бүркенген өзбек әйеліндей сыртта қала алмаймыз. Сондықтан бүгіннің жұмысын ертеңге қалдырмай орындауымыз керек*» (*«Жаңа мектеп», 1929, №11*).

Журналдың келесі, 1933 жылғы 3-нөмірі «Политехникалық мектеп» деген атпен шықты. Бұл Одақ көлемінде мектептерді техникаландыру жұмысы жаппай міндет етілген кезең еді.

1930-1931 оқу жылынан бастап, Қазақстанда жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу енгізілді. «Политехникалы мектеп» журналы 1933 жылдың желтоқсан айынан бастап «Ауыл мұғалімі» деген атпен шыға бастады. Тұңғыш нөмірдегі «Ауыл мұғалімдері – оқушыларымыз жайында» деп аталған мақалада журнал басқармасы мынадай түсінік береді: «*Қазақстанның партия, кеңес жұртшылығының алдында тұрған үлкен міндет – екінші басқыш орта дәрежелі мектептердің негізі – бастауыш мектепті қайткен күнде де сапалы етіп, жолға қою болып отыр. Ал бұл сияқты үлкен міндетті орындау, әсіресе Қазақстан жағдайында бастауыш мектеп мұғалімдерінің сапасына, біліміне байланысты. Қазіргі таңдағы оқытып жүрген ауыл мұғалімдерінің білімін алсақ, 4-5-6 бөлімдерден шыққан, білім-тәжірибе жағынан саяз мұғалімдер. Оның үстіне мезгілімен жетекші боларлықтай кітап, басқа әдіс құралдарын жетістіріп бермейміз. Маңызды түрде уақытымен қысқа сүректі курстер ашып, ауыл мұғалімдерін тегіс онда оқытып шығара алмаймыз...*

Бұл жөніндегі біздің қазіргі тауып отырған шаралардың бірі – арнаулы жорнал арқылы төменгі басқыш мектеп мұғалімдерінің білімін, тәжірибесін молайту. Ауыл мұғалімдерінің көбінің білімсіз екендігін, сабақ беру әдісін білмейтіндігін, әрбір пәннің арнаулы програмын дұрыс түсініп, тұрмысқа асыра алмайтынын айттық. Енді сол сабақ беру әдісін соларға мезгілімен жеткізіп беру мақсатымен бұрынғы «Политехникалық мектеп» жорналын қайта ұйымдастырып, «Ауыл мұғалімі» атты жорнал шығарып отырмыз... «Политехникалық мектеп» ағарту жұмысының алдында тұрған міндетті жалпы түрде жүргізіп келді. Жаңадан шығарылып отырған «Ауыл мұғалімі» мәселені ондай жалпы алмай, ауыл мұғалімдерінің қазіргі кереқсініп отырған тілегіне лайық қызмет сіңіруге міндетті етіліп ұйымдастырылып отыр. ...Бұл жорналдың қызықты, мұғалімдерге пайдалы, сіңірімді болуы – сол ауыл мұғалімдерінің өздерінің белсенді қатынасуына байланысты.

Ауыл мұғалімдерінің алдында тұрған бұл сияқты ірі міндеттерді толық түсініп, жорналды мезгілімен алып оқып отырса, өздері түсінбеген мәселелерін, мектеп тіршілігіндегі үлгі болар лық істерді жорналға жіберіп, уақытымен көптің алдына салып отырса «Ауыл мұғалімі» жорналының алдына қойған міндетін толық орындап шығаруында сөз жоқ. Оған сенеміз, сендіреміз» («Ауыл мұғалімі», 1933, №1, 1-2-беттер).

Осы тұста «Ауыл мұғалімі» журналының жауапты шығарушысы болып талантты журналист Сәдуақас Баймаханов келді. Журнал айына екі рет шығарыла бастады. «Жаңа мектеп» деп аталған кездегімен салыстырғанда, «Ауыл мұғалімінде» әдеби шығармалар, шаруашылық мәселелерін сөз ету тоқтатылып, таза ғылыми-әдістемелік басылым болуға күрт бетбұрыс байқалды. «Мектепте ана тілі», «Математика», «Тарих», «Қоғамтану», «Мектеп тәртібі», «Орындардан», «Шет елдерде», «Жаратылыстану», «Әдебиет», «Тәрбие», «Әдіс бөлімі», т.б. айдарлар мен бөлімдер тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Мұғалімдердің тәжірибесі, сабақ жоспарларының үлгілері, сабақ өткізу және көрнекіліктерді қолдану әдістері жиі-жиі жарияланып тұрды.

1939 жылдың қаңтар айындағы 1-санынан бастап журналдың «Ауыл мұғалімі» деген аты өзгертіліп, «Халық мұғалімі» журналына айналды.

«Партия және қазақ мектебі» бас мақаласында *(«Х.м.», №2, 1949, 1-13-б.): «Октябрь революциясына дейін қазақ халқы түгелінен дерлік сауатсыз болатын, өзінің жазу-сызуы болмады. Ол кезде халықтың 1,5-2%-тейі ғана хат танитын»* деп жазылыпты. Әрине, қазақ халқы сауатты, сауатсыз деп санағанда большевиктік партия есепшілерінің орыстың кириллицасымен жазып, оқитындарды есепке алғаны белгілі. Бұл – коммунистік империялық идеологияның қазақ халқын төмендетіп, орыс халқының, большевиктік партияның арқасында ел қатарына қосылды деп жүргізіп келген тарихи шындыққа кереғар насихатының ең басты құралы болатын. Қазақ мектептерінің қалыптасуында көп қиындықтар кезіккені тарихтан мәлім. Сөз болып отырған бас мақалада соның бірі – қазақ ауылдарының шашыранды орналасуы үлкен кедергі болғанын айта кетеді. Қазақ мектебін қалыптастыру, дамытуда ең басты кедергі кеңестік империялық идеологиясының орысшыл саясаты еді. Мұны қай кезеңде болсын оза даму жағдайында келе жатқан оқу орыс тіліндегі мектептердің өсу-өркендеу жолынан оны байқауға болады. Бас мақала «Партия және қазақ мектебі» деп аталғанымен, көбінесе, жалпы мектеп жүйесін сөз етіп, арагідік қазақ мектебіне оралып отыратыны да содан.

1948-1949 оқу жылында Қазақстанда 6 педагогикалық және 8 мұғалімдік институты, 25 педучилище жұмыс істеп тұрады. Осылайша соғыстан кейінгі жылдары қазақ мектептерін дамытуға, оларды мұғалім кадрларымен толықтыруға едәуір көңіл бөлінеді. Алайда 1948 жылы ҚК(б)П Орталық Комитеті «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы» жаңа қаулы қабылдап, орыс тілін оқытуды қазақ мектептерінде 1-кластың екінші жартысынан бастап енгізіп, қазақ мектептерінің енді ашыла бастаған кең адымына шідер сала бастайды. Бұл қаулы ешқандай ғылымға негізделмей, ана тілінде оқып буыны қатпаған балдырғандарға орыс тілін оқытуды бұйрықпен енгізіп, ана тілінің кері кетуіне, орыс тілінің толық үстемдікке жетуіне ірі қадам жасайды.

Сөз болып отырған «Партия және қазақ мектебі» бас мақаласы – «Халық мұғалімі» журналының елімізде білім жүйесінің дамуында қаншалықты маңызды рөл атқарғандығының айқын куәсі деуге әбден болатын жарқын дәлелі. Бұл мақалада 1920 жылдан 1949 жылға дейінгі аралықтағы мектеп жүйесінің даму жолына

шолу жасала отырып, нақты мысал, дәлелдермен білім ісінің қалай, қандай көлемде өсіп-өркендеп, ілгері басқанын айқын ашып көрсетеді. Оның әр жолына үңіліп, ой жіберіп оқыған адамға сауаттандыру науқанының, мектеп жүйесін дамытудың империялық орталыққа, ең бастысы, көп ұлтты халықты өз ырқына көндіріп, «айтқанына иландырып, айдаумен жүргізуде» мықты құрал болғанын түсіну қиын емес. Бұған 1935 жылы орыс тілі 3-кластан бастап оқытылады деген тәртіпті өзгертіп, 1948 жылы орыс тілін 1-кластан бастап оқытуға көшірудің өзі-ақ айқын дәлел. Қазіргі таңда, ғасыр соңында, еліміз жеке мемлекет болғанына 10 жылдай уақыт өтсе де, ана тіліміздің – қазақ тілінің бағы ашылмай, өрісі тарылып отырса, оның аяғына тұсау болған сонау 1948 жылғы қаулымен тас құлып салынуында. Ана тілі уызына қанбаған сәбилерге 1-кластан бастап орыс тілін оқытып, ана тілінің дамуына шектеу жасалуында. Білім жүйесінің шежіресі іспетті журнал мақалаларынан мектеп ісін ұйымдастырудағы империялық басқыншылық саясат осылай айқын бой көрсетеді.

СОКП-ның XX съезі қарарларына сәйкес алтыншы бесжылдықта, яғни 1956-1960 жылдары жалпыға бірдей орта білім беру міндеті қойылады. Бұл міндетті жүзеге асыру мақсатында мектептің жаңа типі – мектеп-интернаттар ашыла бастайды. *«Үстіміздегі жылы Қазақстанда 8 мектеп-интернат ашылды, әлі де ашыла бермек»* деп жазады Н. Коржавин «Жаңа типті мектептер» мақаласында *(«Х.м.», 1956, №10, 7-11-беттер).*

Мектеп жүйесінің өсуімен бірге білім беру сапасын жақсарту жұмысы, тәрбие мәселелері үнемі назарда болады. Мектепте білім беру сапасының деңгейі оқулықтар мен оқу құралдары сапасымен тікелей байланысты. Бұл орайда қазақ мектептері, негізінен, аударма оқулықтарды пайдаланып келгені, келе жатқаны мәлім жайт. Қазақстан Оқу министрлігі жанындағы оқу-методика кеңесінің қазақ мектептеріне арналған оқулықтардың сапасын талқылауға және оларды жаңа міндеттерге сай етіп шығару мәселесіне арналған мәжілісінен берілген есепті хабарламада *(«Х.м.», №8, 1956, 89-92-беттер)* негізінен, республикада шығатын оқулықтар жөнінде сөз болуы да мұны айқын аңғартады. «Мектеп оқулықтарының сапасын жақсарту туралы» тақырыбымен берілген бұл хабарламада талдау-талқылау I-X кластардың «Әліппе»,

«Ана тілі», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» оқулықтары төңірегінде ғана өткен. Қазақстан тарихы, географиясы оқулықтары туралы бір ауыз сөз жоқ. Орыс тілі мен әдебиеті оқулықтары туралы жеке қаралғанын айтып, бұл оқулықтарды қайта жасау қолға алынғанын айтып кетеді. Осылайша кеңестік дәуірде қазақ тілі мен әдебиетінен басқа пәндердің барлығын аударма оқулықтармен оқытып келген қазақ мектептері қазіргі кезеңде, еліміз тәуелсіздік жолына түсіп, жеке мемлекет құру кезеңінде мектеп оқулықтары мен оқу құралдарынан тапшылық көруде. Әр мемлекет өз ұрпағын өзі шығарған оқулықтарымен оқытуы тиіс. Оқу қай тілде, қазақ па, орыс па, жоқ әлде өзбек, тәжік пе, қазақстандық қай мектеп болсын отандық мүддені көздейтін төл оқулықтармен қамтамасыз етілуі керек. Бұл орайда қазіргі таңда еліміздің білім жүйесі бастан кешіп отырған қиындықтар баршылық. Мұның түп-төркіні мектепті империялық идеологияның құнарлы топырағына айналдырған отаршылдық саясаттың білім саласын одақ көлемінде бірыңғай жүйе негізінде құрып, бір орталықтан бағындырып ұстап келуінде. Сондықтан да біздің еліміз сияқты бұрынғы кеңестік одақтан тәуелсіздігін алған қай мемлекет болсын өзіндік мектеп жүйесін құруда, төл оқулық, оқу құралдарын жасауда, ана тіліндегі оқу-тәрбие жұмысын дамытуда көп қиындықтарға тап болып отыр. Қазақ елі болғандықтан, әрине, қазақ мектебінің хал-жағдайы, қазақ тілінің оқытылу деңгейі қандай болды екен деген сауал алабөтен көкейде тұрады. Бұл орайда көп сауалға осы журнал беттерінен жауап табуға болады. Бүгін таңда қазақ қауымын жеке мемлекет болсақ та ана тілінің адымы ашылмай отырғаны алаңдатады. Мұның себебі неде? Себеп көп. Соның бірі – оқу орыс тіліндегі мектептерде орыс балаларын былай қойып, қазақ балаларының өздерінің ана тілін оқымай келуінде. «Жаңа оқу жылындағы маңызды міндеттер» тақырыбымен берілген бас мақалада: *«Биылғы оқу жылындағы бір жаңалық – орыс мектептерінде қазақ балаларына ана тілін оқыту енгізіліп отыр»* деп *жазады («Х.м.», 1957, №9, 1-7-беттер).* Бұл жаңалық 1957-1958 оқу жылында ғана қолға алынған.

КПСС Орталық Комитеті Пленумының 1958 жылы 12 ноябрьде қабылдаған қаулысы *(«Х.м.», 1958, №12, 3-25-беттер)* білім беру жүйесін қайта құру ісінің бастамасы болды. Бұл қаулы бойынша

мектепті өндіріске жақындату бағыты ұсталды. Сол үшін «Орта мектеп туралы» бөлімінде жұмыс істеп келген жеті жылдық мектептің орнына міндетті сегіз жылдық мектеп орта білім берудің бірінші кезеңі болатыны жазылды. Екінші кезеңі – толық орта білім алумен аяқталады. Міндетті сегіз жылдық мектепті бітірген оқушы жастар өз қалауларымен фабрика-завод жанындағы, ауыл шаруашылық оқуы үлгісіндегі оқу орындарында, техникумдарда 3 жыл оқып, жалпы орта біліммен бірге кәсіптік мамандық алып шығады. Осы қаулы орта мектепті бірте-бірте он бір жылдық оқуға көшуге бағыт береді. Кеңестік Орталық мектеп жүйесін қайта құруды көздейтін қандай құжат, қаулыларында болсын тіл үйрету мәселесін назардан тыс қалдырмаған. Сөз болып отырған «Мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және елде халыққа білім беру жүйесін онан әрі дамыту туралы» КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі тезистерінің «Орта мектеп туралы» бөлімінің 19-бабы *(«Х.м.», 1958, №12, 13-бет)* мектепте тілдерді оқытуда ұстанатын бағытты айқындайды. Онда: *«Егер бала оқу одақтас, автономиялы республикаларының бірінің тілінде жүргізілетін мектепте оқитын болса, онда ол орыс тілінде өзінің тілеуі бойынша оқып-үйрене алады. Және, мұның керісінше, егер бала орыс мектебінде оқыса, ол өзінің тілеуі бойынша одақтас немесе автономиялы республикалардың бірінің тілін оқып үйрене алады. Әлбетте бұл іске белгілі бір тілде оқытылатын кластарды толықтыратын балалардың қажетті контингенті болған жағдайда бару керек»* деп жазады. Тезистердегі мұндай құйтырқы саясат – өмірде тек орыс тілін үйретуге негіз қалап, ана тілінің шетқақпай қалуына, яғни «ана тілінде оқытылатын кластарды толықтыратын балалардың қажетті контингенті» болмайтын жағдайға әкелгені мәлім. «Халық мұғалімі» журналының 1958 жылғы нөмірлерінің мазмұнынан қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелеріне арналған айдар алынып тасталған. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы осы жылы жеке басылым болып жарық көреді. Бірақ өмірі ұзақ болмайды. «Халық мұғалімі» журналы мен «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы біріктіріліп, 1960 жылы «Қазақстан мектебі» деген атаумен шығарыла бастайды.

«Қазақстан мектебі» атауымен жарық көрген журналдың 1960 жылғы 1-саны Оқу министрі Ө. Шәріповтің «Журналдың жаңа

жылдағы келелі міндеттері» тақырыбымен берілген бас мақаламен ашылған *(«Қ.м.», 1960, №1, 1-8-беттер). «Қазақстан мектебі» – республикамызда шығарылатын бірден-бір педагогикалық журнал, – дей келе министр, – ...«Қазақстан мектебі» республикамыздағы халық ағарту ісінің барлық саласын қамтып, оқу бөлімі қызметкерлерінің, мектеп басшыларының, әрбір пән мұғалімінің, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері қызметкерлерінің, тіпті ата-аналардың да күнделікті педагогикалық ісіне нақты көмек, нұсқау, басшылық алып отыратын, қолдарынан тастамай сүйіп оқитын журналы болуы керек»* деп түйіндейді. Министр бұл бас мақаласында «Халық мұғалімі» журналы мен «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының біріктірілу себебін: *«Өмір тәжірибесі көрсеткендей, бұл журналдар бір пәннің мұғалімін қанағаттандырса, екінші бір пәннің мұғаліміне ойдағыдай материалдар бере алмады. Сондай-ақ белгілі бір пәнге көңіл көбірек бөлінді де, екінші бір жұмыс саласы жеткіліксіз баяндалып отырды»* деп түсіндіреді. Әрине, министрдің бұлай демеске басқа шарасы жоқ еді. Әйтпесе, орыс тілінде әрбір пәнге арналған, педагогика ғылымының мәселелеріне, ата-аналарға, мектепке дейінгі тәрбиеге, бастауыш мектепке арналған жеке-жеке жиырма шақты педагогикалық журнал шығып тұратынын Оқу министрі білмеді емес, білді. Бірақ қазақ мұғалімдері үшін бас-аяғы екі журнал да артық болып, бір журналға қайта біріктірілуін «бір пәнге көңіл көбірек бөлініп кетуінен» деп отырғаны қазақ тілі мен әдебиеті екенін, мұның кеңестік орталыққа ұнамайтынын министр айта алмаған. Бас мақалада одан әрі «Қазақстан мектебі» журналында көтерілуі тиіс мәселелер сараланады. Педагогикалық қазақ тілді жалғыз журналдың тақырыптық ауқымын толық қамти айту Оқу министрі үшін мүмкін емес еді. Соған қарамастан, орыс тілді жиырма журналдың жүгі бір өзіне жүктелген «Қазақстан мектебі» журналының міндеті қаншалықты қиын болса да қастерлі әрі өте жауапты болды.

Қазақстанда мектеп жүйесін қайта құруда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің «Қазақ ССР-інде мектептің өмірмен байланысын нығайту туралы және халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы Заңды орындаудың барысы жайлы» 1963 жылы 21 мартта қабылдаған Қаулысы *(«Қ.м.», 1963, №4, 9-15-беттер)* айрықша назар

аударады. Бұл қаулыда қазақ мектептерін одан әрі дамыту жайында арнайы бір ауыз сөз айтылмайды. Кіріспе бөлімінде «*1962-1963 оқу жылында Қазақ ССР-інде 4973 бастауыш, 3397 жетіжылдық, 1347 жалпы білім беретін орта мектеп жұмыс істеп келеді... Республиканың жалпы білім беретін мектептерінде 2 миллион 150 мың оқушы оқып жүр*» деп жазады (*«Қ.м.», №4, 1963, 9-бет*). Барлық мектептің қаншасы қазақ мектебі, барлық оқушының қаншасы қазақ баласы екені бөліп айтылмайды. Осы қаулының 3-бабы ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Онда: «*Қазақ ССР Оқу министрлігі мен еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері мектептер жүйесін реттей беруді және оларды дұрыс орналастыруды қамтамасыз ететін болсын. Оқушыларының саны шағын мектептерді ірілендіру, кластарды толықтыру жөнінде белгіленген нормаларды орындау, қалаларда құрамында IX-XI кластары бар өндірістік оқу жүретін орта мектептер, селолық жерлерде – аудандық және ауданаралық мектептер ашу шаралары қолданылсын*» деп жазылған. Міне, осы Қаулының 3-бабындағы «реттей беру», «дұрыс орналастыру», «ірілендіру», «кластарды толықтыру», «IX-XI кластары бар өндірістік оқу жүретін оқу мектептер», «селолық жерлерде – аудандық, аудан аралық мектептер ашу» деген Қаулы пәрмені 60-жылдардың ішінде қазақ мектептері санын азайту ағымының бастау алып, одан кейінгі кезеңде қарқын алып, бас-аяғы отыз шақты жыл ішінде сөз болған Қаулыға сәйкес «реттеуге», «ірілендіруге», «толықтыруға» ұшырап, 700-дей қазақ мектебінің жойылып кетуіне әкеліп соғады. Бұл – қазақ мектептерінің қаулап өсіп, қазақ интеллигенциясының қайтадан қалың шоғыры шыға бастағанынан секем алған, оған тосқауыл қоюға ұмтылған империялық отаршыл идеологияның жымысқы саясатының қазақ ұлтының өсу тамырының түп-төркініне – мектеп жүйесіне сілтеген айбалтасы болғаны бүгінгі таңда ашық айтылатын тарихи шындық. Өйткені Қаулыда көрсетіліп отырған шағын мектептердің барлығы дерлік қазақ мектептері болғаны белгілі жайт. Сондай-ақ «кластарды толықтыру», «ірілендіру» барысында да жүздеген қазақ мектептері оқу орыс тіліндегі мектептерге қосылып, біріктіріліп жоқ болып кете барады. Қазақ-орыс тілді аралас мектептердің қаулап өсуі де осы кезеңнен басталады. Мұндай мектептердің қазақ тілді ортаны жойып, орыс

тілі басымдығына жаңа арна болып ашылғаны белгілі. Қазақ елі қазақ тілінің дамуын тежейтін аралас тілді деп аталатын мектептерден қазірге дейін арыла алмай отырғаны жалпыға мәлім жайт.

Аталған Қаулыны орындау жедел қолға алынған. Қазақ ССР Оқу министрінің орынбасары А.В. Щербаков «Барлық балаларға сегіз жылдық білім берейік» мақаласында *(«Қ.м.», №2, 1963, 3-7-беттер)* былай деп жазады: *«Жалпыға бірдей сегіз жылдық оқу Заңын орындау бағытында республикамызда мектептер жүйесін тәртіптеу және оларды дұрыс орналастыру жөнінде де елеулі жұмыстар жүргізіліп келеді. Оқу жылы басында жаңадан 72 орта мектеп және 44 сегіз жылдық мектеп ашылды. Сондай-ақ аз комплектілі ұсақ мектептерді азайту жөнінде де едәуір шаралар қолданылды, соның нәтижесінде республика бойынша барлығы 200-ден астам ұсақ мектептер жабылды» (Сонда, 4-бет.).* Міне, осылайша, 1961-1962 оқу жылы аяқталғаннан кейін 1962-1963 оқу жылы басталғанға дейін бас-аяғы үш ай каникул кезінде 200-ден астам шағын комплектілі мектеп жабылып та үлгерген. Ал осы 200-ден астам мектеп түгелдей қазақ мектептері болатын. Себебі аз комплектілі мектептер аудан, облыс орталықтарынан шалғайдағы малды фермаларда, шағын ауылдарда, көбінесе, қазақтар тұрып келгені, әлі де тұрып жатқаны белгілі. Одан әрі А.В. Щербаков мырза: *«Аз комплектілі мектептерді қысқартқан кезде... оларда оқып келген оқушылардың бәрі дерлік мектеп-интернаттарға және интернат-пансиондарға орналастырылды. ...Халық ағарту бөлімдері аз комплектілі мектептерді қысқарту бағытындағы жұмыстарды алдағы уақытта да жүргізе беруі тиіс»* деп, өзінің құзырлы лауазымы биігінен бұл бағыттағы қысқартуды жалғастыра беруге нұсқау бере жазады *(Сонда, 4-бет).* А.В. Щербаков мырза «Жаңа оқу жылына әлден әзірлік» мақалаларында *(«Қ.м.», №4, 1964, 9-14-беттер): «Республикамызда жалпыға бірдей міндетті оқуды ойдағыдай орындау мақсатында мектеп сетін тәртіпке келтіре отырып, оны онан әрі өрістету ісі алға қойылып отыр. Алдағы оқу жылында 110 сегіз жылдық және 77 орта мектеп ашылмақ»* деп жазып, «тәртіпке келтіру» ұранымен мектептер қысқартылып, ірілендіріліп, біріне-бірі қосылып он жылдық, сегіз жылдық мектептерге айналдыру жұмысы қарқынды жүргізіліп жатқанынан хабар береді. Бір на-

зар аударарлық жайт, министрдің орынбасарының көлемді мақаласында «қазақ мектебі» деген тіркес мүлдем кездеспейді. «Қазақстан мектебі» журналының 60-жылдардағы сандарын ақтарып отырып, бас мақалалардан, білім жүйесінің жоғары лауазымды басшылары мақалаларынан «қазақ мектебі» деген тіркестің қолданудан шыға бастағанын байқау қиын емес. Бұл – жалпы мектеп деген жабумен қазақ мектептерінің «тәртіпке келтіру», «реттеу», «ірілендіру» саясатының құрбандығына шалынып, бірінен кейін бірі жабылып жатқанын бүркемелеудің тәсілі болғанын байқау қиын емес.

Империялық идеологиялық отаршыл саясаттың қырына ілінген қазақ мектебі саны азая береді, оның есесіне аралас тілді мектеп саны өседі. Қазақ ССР Оқу министрі К. Аймановтың «КПСС XXIII съезі және халық ағарту ісі» мақаласында *(«Қ.м.», №4, 1966, 5-13-беттер)* 1965 жылы 29 март пен 8 апрель аралығында коммунистік партияның XXIII съезі өткенін, съезд шешімдері мектеп жүйесін дамытуға жаңа міндеттер белгілеп, 60-жылдардың соңына дейін жалпыға бірдей орта білім беруді жүзеге асыруды жүктегенін айта келіп, *«Соңғы жеті жылдықта республикамыздағы мектептердің жалпы саны 10,5 мыңнан асты. Бұлардың 9014-і күндізгі мектептер (оның ішінде 1562 орта мектеп). Барлық мектептің қазақ тілінде оқитыны – 2500, аралас тілдерде оқитыны – 1700»* деп жазады. Осы цифрлардан қазақ мектебі санының күрт кеми бастағаны көрінеді. Бірақ министр мырза неге бұлай болғанына тоқталмайды. Қазіргі таңда қол жеткен тәуелсіздік биігінен еліміздің басқа елге бағынышты болуының қандай екенін қазақ мектебінің басынан өткен осындай келеңсіздіктен-ақ терең сезінуге болады. Билікті уысында ұстаған Орталықтың билігіне қарсы шығуды былай қойып, қазақ мектебі саны кеміп бара жатқанын Оқу министрінің де ашып айтуға еркі жоқ еді.

«Қазақстан мектебі» журналының 1967, 1968, одан кейінгі 70-жылдардағы жарияланымдарының мазмұнына зер сала қарасақ, «ірілендіру», «мектеп жүйесін тәртіпке келтіру» жұмысы қызу қарқын алып, орта мектептер саны көбейіп, шағын комплектілі мектептер саны кеми бергенін байқау қиын емес. «Жалпыға бірдей орта білімге көшу міндеттерін ойдағыдай шешейік» мақаласында Оқу министрі К. Айманов: *«Мектептерді ірілендіру және*

соның негізінде оқыту сапасын арттыру проблемасы – орта мектептің ғана үлесі емес. Ол – барлық сатыдағы мектептердің де көкейтесті мүддесі. Темір жол жүйесіндегі мектептерді қоса есептегенде республикадағы 9450 мектептің 4145-і бастауыш, 3102-сі сегіз жылдық және 2203-і орта мектеп. Үстіміздегі оқу жылы басталарда небары 20 оқушысы бар 694 бастауыш мектеп, 100-ге дейін ғана оқушысы бар 155 сегіз жылдық мектеп жұмыс істеді» деп жазады *(«Қ.м.», №5, 1968, 3-7-беттер)*. Оқу министрінің «Қазақстан мектебі» журналының 1966 жылы 4-санында *(5-13-беттер)* жазған мақаласында республикада жалпы мектеп саны 10,5 мыңнан асқанын айтқан еді. Ал 1967-1968 оқу жылында жалпы мектеп саны 10,5 мыңнан 9450-ге кеміпті. Мұның ішінде қазақ мектебі қанша екенін министр мырза атап көрсетпей айналып өтеді. Осыдан-ақ кеміп бара жатқан мектептердің, негізінен, қазақ тілді оқу орындары екенін байқауға болады. Солай болды да. Бас-аяғы отыз жылға жетер-жетпес уақыт ішінде, яғни 60-жылдар мен 80-жылдар ортасына дейінгі аралықта республика бойынша үлкенді-кішілі жүздеген қазақ мектептері оқу орыс тіліндегі мектептерге қосылып, аралас тілді мектептер санын көбейтіп немесе ірілендірілген орталау не орта мектептер қатарын арттырып, жоқ болып кете барған. *«Мектептерді ірілендіру педагогикалық проблема ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік проблема да. Оның ауыл-селоларды ірілендіру ісіне тікелей қатысы бар. Бірақ соңғы мәселенің бірден шешіле қоймайтыны белгілі. Сондықтан республикамыз үшін мектептерді ірілендірудің қазіргі кездегі ең бір тиімді жолы – интернат тектес жатақханалар санын көбейту болып табылады»* деп, Қазақ ССР Оқу министрі К. Айманов *(сонда, 5-бет)* жалпы білім беретін мектептерді ірілендірудің көптеген шағын ауылды жерлердің тұрғындарының оқу жасындағы балаларымен бірге еріксіз көші-қон қиындығына тап болғанын да сездіреді. Мектеп жанындағы интернаттар көбейіп, мектеп-интернаттар саны артқан. Интернаттық оқу жүйесі балаларды отбасы тәрбиесінен ерте айырып, олардың әр түрлі жағдайда жағымсыз тәрбие ықпалына түсіп, теріс жолға түсіп кетуіне себепші болғаны өмір тәжірибесінде көп айтылды да, жазылды да.

Бір орталықтан бағындырылған империялық отаршылдық идеология мектептерді ірілендіру жолымен қазақ мектептерін

азайтып, оның есесіне интернаттық оқу мекемелерін көбейтіп, жас ұрпақты ата-ана бауырынан ерте ажырату арқылы жасөспірім ұландарды ұлттық болмысынан, ұлттық тәлім-тәрбиеден ерте ажыратуды жоспарлауы да ғажап емес. Сондықтан да интернатқа алынатын оқушылар саны жоспарланып отырған болар. *«Ең алдымен халық шаруашылығы жоспарында белгіленген интернаттық мекемелердің бала қабылдау жоспарын мүлтіксіз орындау міндет. ...Не пайда, 1967 жылы мектеп жанындағы интернаттар жоспары 12,5 мың адамға, мектеп-интернаттар контингенті 2 мыңға жуық адамға... орындалмай қалды» («Қ.м.», №1, 1968, 6-бет)* деп күйініш білдіреді. Идеологиялық саяси астары болмаса, қазақтың жасөспірім ұл-қыздарын ертерек ата-ана, отбасы тәрбиесінен айырып, олардың сана-сезіміне толық билік жүргізу мақсаты болмаса, жұмыс істеп тұрған мектептерді жауып, «іріландіріп», «тәртіпке келтіріп бір-біріне қосып» азайтып, оның орнына сонау Орталықтан бекітілетін халық шаруашылығы жоспарына интернаттар мен мектеп-интернаттарды ашуды жоспарлауды басқаша қалай түсіндіруге болады?!

Қазақ ССР-інің Оқуминистрінің орынбасары А.В. Щербаков «Ұлы Октябрь жемісі» бас мақаласында *(«Қ.м.», №11, 1968, 3-6-беттер)* *«Қазіргі кезде республикада 9440 мектеп бар, олардың ішінде 3097-і сегіз жылдық, 2200-і орта мектеп....2515 қазақ мектебі, оның ішінде 660 сегіз жылдық, 274 орта мектеп жұмыс істейді» (сонда, 4-6-беттер)* деп жазады. Осы бас мақалада автор: *«Қазір Қазақстанда 1622 аралас тілді мектеп бар, оларда әр ұлттан 700 бала оқиды» (сонда, 5-бет)* деп хабарлайды. Сөз жоқ, 660 сегіз жылдық қазақ мектебін бітірген оқушылар білімін орта мектепте жалғастыру үшін бар-жоғы 274 қазақ орта мектебі жетімсіз болып, олар жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қауырт өскен аралас тілді мектептерде оқуға немесе таза орыс тілді мектептерде оқуға мәжбүр болған. Бұл – қазақ тілінің еркін дамуына бөгесін болғаны бүгінде мәлім жайт.

А.В. Щербаков мырза одан әрі: *«Республикада мектеп-интернаттар кең өріс алды. ...мектеп-интернаттарда оқитын шәкірттердің 55% қазақ балалары. Жалпы білім беретін мектептердің жанынан, негізінен алғанда, ауылдық жердегі қазақ мектептерінің жанынан интернаттар сеті құрылды. Қазіргі кезде мек-*

тептердің жанында 1876 интернат бар, оларда 120 мың оқушы тәрбиеленеді. Мектеп жанындағы интернаттарда көбіне қазақ балалары тәрбиеленеді» (70%) деп жазады *(Сонда, 5-бет).*

1969-1970 оқу жылынан бастап бастауыш мектеп үш жылдық мерзімге көшіріле бастауына байланысты сегіз жылдық және орта мектептерді ірілендіру жедел қарқынмен жүргізіле береді. *«Егер 1966-1967 оқу жылында селолық жерлерде 2586 сегіз жылдық және 1223 орта мектеп болса, 1968-1969 оқу жылында бірінші сінің саны 132-ге кеміді де, екіншілерінің саны 223-ке өсті. ... оқушылар саны аз, материалдық базасы қораш бастауыш және сегіз жылдық мектептер санын қысқартып, ірілендіре түсуі, оның есесіне программалық талаптарды толық орындауға мол мүмкіндігі бар орта мектептер санын көбейту. ... оқушылардың жалпы сабақ үлгірімін көтеруге де игі ықпалын тигізуде»* дейді «Ауыл-село мектептеріне – аталық қамқорлық» тақырыбымен берілген бас мақалада *(«Қ.м.», №8, 1969, 3-8-беттер).* 1970 жылдың басты жаңалығы СССР Министрлер Советінің 1970 жылғы 8 сентябрьдегі №749 Қаулысымен мақұлданған «Жалпы білім беретін орта мектептің Уставы» жарияланады *(«Қ.м.», №11, 1970, 3-10-беттер).* Бұл Устав – Одақ көлемінде бірыңғай мектеп жүйесін құру жұмысының кезеңді құжаты болды. Одақта қанша республика, қанша ұлт болса да, бірыңғай мектеп жүйесімен жұмыс істеуі, Одақтық Орталықтың пәрменін бұлжытпай жүзеге асыруға толық мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге бұл Устав – барлық мектепті қатаң бақылауға алуға жол ашады.

1975 жылы «Қазақ ССР-іниң халыққа білім беру» Заңы қабылданады *(«Қ.м.», №4, 1975, 3-16-беттер).* Бұл Заңда мектептер жұмысы *«СССР-дің бүкіл территориясындағы жалпы білім беру негізінің бірыңғай мазмұнымен және дәрежесімен қамтамасыз етіледі»* деп, одақ көлемінде бірыңғай мектеп жүйесі құрылып болғанын баяндайды *(сонда, 8-бет).*

Журнал жарияланымдары халыққа жаппай міндетті орта білім беру жұмысы табысты жүргізіліп, мектептерді ірілендіру жұмысы 70-жылдар ішінде одан әрі жалғасын тапқанын баяндайды. «Жастарға жаппай орта білім беруге көшуді аяқтайық» бас мақаласында *(«Қ.м.», №2, 1975, 3-8-беттер): «...Шәкірттің бойына коммунистік көзқарас қалыптастыруда мектептегі оқу жетекші рольге*

ие. Педагогикалық процесс – адамның жеке басы қалыптасуының бір бөлігі. Ұлттық мектепте... Совет адамдарының рухани қауымдастығының іргесін нығайтуда орыс тілінің ролі зор» (сонда, 6-бет) деп, мектептің идеологиялық мақсатын, яғни жас ұрпақ тәрбиесінде шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді. Сондай-ақ бірыңғай мектеп жүйесі жұмысында орыс тілін оқыту – бірінші кезектегі міндет екенін айқын аңғартады. Осы бір үзіндіден тағы бір ерекшелікті, яғни бұрын *қазақ мектебі* деп жазылып келсе, енді *ұлттық мектеп* деген тіркеске ауысып, қазақ ұлтының өзі де, оның тілі де, орыс халқының, орыс тілінің көлеңкесінде қала бастағанын байқатады.

Мектеп жүйесін қайта құру барысында мектептер сетін тәртіпке келтіру барысында мектептердің қосылу-жабылу арқылы қандай нәтижеге жеткенін елестету үшін Қазақ ССР Оқу министрі Қ. Балахметовтің «Жылдар жемісі» мақаласының *(«Қ.м.», №11, 1980 ж., 11-15-б.)* мына жолдарына зер салайық. *«Егер 1954-1955 оқу жылында Целиноград, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Торғай облыстарында 1808 бастауыш, 982 жеті жылдық және 263 орта мектеп болса, қазір (яғни 1979-80 оқу жылында) бұл облыстарда 610 бастауыш, 718 сегіз жылдық және 982 орта мектеп жұмыс істейді»* деп хабарлайды министр. Қарапайым арифметикамен санасақ, аталған бес облыста 1954-1955 оқу жылында барлығы 3053 мектеп болған. Мектептерді қайта құру нәтижесінде 1979-1980 оқу жылындағы барлық мектеп саны 2310-ға түсіп, 743 мектепке қысқарған.

Осы мақалада *«Қазақстанда 3 миллионнан астам оқушыны қамтитын жалпы білім беретін 3610 орта, 2248 сегіз жылдық, 1870 бастауыш мектеп жұмыс істейді... Республика халық ағарту органдары... мектеп желісін тиімді орналастыру жөнінде едәуір іс атқарды. Бұл міндет орта мектептер желісін дамытып, оларды ірілендіру және аз комплектілі сегіз жылдық пен бастауыш мектептерді жабу арқылы іске асырылуда»* деп, министр мырза, бұл жұмыстың жалғастырылып жатқанын айта кетеді. Мектептерді қайта құру барысында қазақ мектептерінің қаншасы жабылып қалғаны айтылмайды. Тек жалпы саны келтіріледі. *«Қазіргі кезде республикада 2402 жалпы білім беретін қазақ мектебі бар»* дейді мақала авторы. Бұл – 1979-1980 оқу жылындағы бар-

лық қазақ мектебінің саны. Ал 1948-1949 оқу жылында республикада жалпы білім беретін 4090 қазақ мектебі болса, 1949-50 оқу жылында бұл сан 4116-ға жеткен. Яғни 30 жылдан кейін, 1979-1980 оқу жылында республикадағы қазақ мектебінің жалпы саны екі мыңдай кеміп кеткен. Мектепті қайта құру ұранымен, «мектептер сетін тәртіпке келтіру», «ірілендіру» айдарымен 60-жылдарда басталып, 80-жылдарды да қамти жеделдете жүргізілген бұл науқанның 50-жылдар ішінде іргесі бекіп, кең қанат жая бастаған қазақ мектебін қатты шайқалтып, ілгері дамуын тежегені тарихи шындық.

Еліміздің мектеп жүйесіндегі үлкен жаңалық болған – он жылдық мектептің он бір жылдыққа көшірілуі. Қазақ ССР Оқу министрі Қ. Балахметов «Ірі міндеттер алда» бас мақаласында *(«Қ.м.», №9, 1986, 3-8-беттер) «Жалпы білім және мектеп реформасының негізгі бағыттары мақұлданғаннан бергі екі жыл ішінде... он бір жылдық мектептер үшін оқу жоспарлары түзілді... республика компетенциясындағы пәндер бойынша программалар бекітілді» (3-бет)* деп жазады. 1985 жылдан жаңа оқу жоспарлары бойынша тоғызыншы класқа «Информатика және есептеуіш техника негіздері», «Семья өмірінің этикасы мен психологиясы» пәндері сабақ кестесіне енгізілген. Дегенмен мектептердің жаңа оқу жоспарларына көшу жұмысы біркелкі жүргізілмеген. Оқу орыс тіліндегі мектептер барлық оқу пәндері бойынша жаңа бағдарламаларға 1986-1987 оқу жылынан бастап көшірілсе, қазақ және ұйғыр мектептері бір жылдан кейін, яғни 1987-1988 оқу жылынан бастап көше бастаған *(Сонда, 4-бет)*. Бұл үнемі оза даму жағдайындағы орыс тілді мектептердің алда жүруі заңдастырылып, Қазақ елі болса да қазақ мектептерінің көш соңында қалуы әбден белең алғанын айқын байқатады.

Қазақ ССР Халыққа білім беру министрі Ш. Шаяхметов «Жаңа кезең – жаңа талап» бас мақаласында *(«Қ.м.», №9, 1989, 3-6-беттер) «Өткен 1960-1980 жылдарда қазақ тіліндегі талай мектептердің ешбір негізсіз жабылғандығы, тіпті олардың санда бар да, санатта жоқ болғандығы, соның салдарынан қазақ мектептері шәкірттерінің саны күрт төмендеп кеткені әркімге аян» (сонда, 3-4-беттер)* деп, ащы шындықты күйіне жазады. 1988-1989 оқу жылында республикада барлық қазақ мектептерінің саны 2530

ғана болған. 1989-1990 оқу жылынан бастап, қазақ мектептерін кайта ашуға бетбұрыс жасалған. Сөйтіп, 1989-1990 оқу жылында Алматы қаласында 2 қазақ орта мектебі, 9 балабақша ашылған. Орыс тілінде жұмыс істеп тұрған 4 кәсіптік-техникалық училище, 5 мектеп, 52 балабақша жанынан қазақ тіліндегі оқу-тәрбие топтары ашылған. Міне, осылайша 30 жыл бойына дамуы тежеліп, көлеңкеде қалып келген қазақ мектептері мен балабақшалар жұмысын жолға қою бағытындағы іс-шаралар республика көлемінде қолға алына бастаған *(сонда, 4-бет)*.

«Егер де республикамызда ауыл мектебінің жұлдызы жанған жыл болды ма деген сауал болса, оған 1957 жылы деп ойланбай айтар едік.

Бұл жылдың шежіресіне үңілсек, республика бойынша 8900 жалпы орта білім беретін мектептің 5022-сі бастауыш, ал қазақша оқытылатын мектептің саны 3181 болған екен. Республика мектебінің тарихында бұл – ең жоғары көрсеткіш» деп жазады Қазақ ССР Халыққа білім беру министрінің орынбасары Ж. Әзісханов «Ауыл мектебінің өзекті мәселелері» мақаласында *(«Қ.м.», №10, 1990, 3-6-беттер)*.

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылдығы – Қазақ елінің тәуелсіз ел болып, бағы жанған кезең. 1990 жылдың желтоқсан айында егемен ел болғанын жариялаған туған Отанымыз көгінде 1991 жылдан бері тәуелсіздіктің Көк Туы желбіреп тұр. Қазақ елінің жаңа тарихы жазыла бастады. Елмен бірге қазақ халқы ұрпағының білім мен тәрбие көзі – қазақ мектебінің де дамуының жаңа кезеңі басталды. «Қазақстан мектебі» журналында 1991 жылдан бастап қазақстандық білім жүйесін қалыптастырудағы тәуелсіздіктің игі қадамдарының ізгілікті шежіресі жазылуда.

Байқап қарасақ, журналдың жетпіс бес жыл ішіндегі мазмұндық, сапалық өзгерістерін былай қойғанда, атының өзгертіліп отыруынан-ақ, білім саласының дамуымен бірге өзі де дамып, кезең-кезеңімен өрге басып келгенін көреміз.

Қазақ баспасөзі тарихында тұңғыш педагогикалық журнал әрі педагогиканың әр саласы бойынша шығып тұратын бірнеше кәсіби журналдардың үлкен шаңырағы ретінде «Қазақстан мектебі» журналының өзіндік орны үлкен. Уақыт өткен сайын педагогика саласы сан және сапа жағынан өсе берді. Кеңес Одағы тұсын-

да Мәскеуден орыс тілінде жиырма шақты педагогикалық журнал шығып тұрса, соның бәрінің міндетін Қазақстанда қазақ тілінде жалғыз ғана «Қазақстан мектебі» журналы атқарып келді. Еліміз тәуелсіздік жолына түскеннен кейін педагогикалық жаңа басылымдар ашу қажеттілігі туды. 1990-1994 жылдар аралығында «Бастауыш мектеп», «Отбасы және балабақша», «Информатика, физика, математика» қосымшалары жеке-жеке журнал болып бөлініп шықты. «Русский язык и литература в казахской школе» журналы 1977 жылы бөлініп шыққан. 1990 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының қайта шығарылуына да «Қазақстан мектебі» журналы редакциясы мұрындық болды. 70 жылдығында Елбасы құттықтауын алды.

Қазір «Қазақстан мектебі» журналының редакциясы «Қазақ тарихы» (1993 жылдан), «Биология, география және химия» (1996 жылдан) қосымшаларын шығарып тұрады.

Бүгінде жетпіс бес жылдық тарихы бар «Қазақстан мектебі» журналы және оның қосымшалары «Тәуелсіздіктің тура жолы – білімде» деген ұранмен тәуелсіз Қазақстанның білім-ғылым, педагогика саласын өркендетуге өзіндік үлесін қосып келеді, қоса бермек.

«Қазақстан мектебі» журналы, 2000 жыл, №8

ТӨБЕГЕ ШЫҚТЫМ ДЕП ТӨМЕНГЕ КҮЛ ШАШПА

Қанша адам болса, сонша тағдыр бар. Әр адамның өмірдегі алатын орны да әр түрлі. Бірақ заң алдында адамның бәрі бірдей тең құқылы. Бір Алланың пенделері. Сондықтан адамның адамға менсінбей қарап, астамшылық жасауы көргенділікке, тәрбиелілікке жатпайды, адамның адамдығын тануда жағымсыз пікір туғызады. Әрине, теріс пиғылдан, жат ниеттен, адамнан келер пәле-жала, қауіптен сақтанудың жөні мүлдем бөлек. Жеке бастың не отбасының, ортаның мүддесін ойлап сақтану мен өзің секілді екі аяқты пендеге менсінбеушілік мінез көрсетудің арасы жер мен көктей. Әсіресе, қызмет бабын пайдаланып өзінен қызметі төмен, тұрмысы жұпыны адамдарға мұрын шүйіре қарауға бейім

мансапқор, бишікеш шенеуніктердің кісі менсінбеушілігінің кесірі мол.

Бір іссапарда маған арнайы жолығуға келген мұғалім, төрт баланың анасы, үш жасар қызына балабақшаға жолдама сұрай барғанында білім бөлімі бастығының ар-намысына тиіп, қорлағанын, содан бері өз-өзіне келе алмай жүргенін қинала әңгімеледі. Бар жазығы, бірнеше рет барып бастыққа жолыға алмай жүргеніне жаны ашыған хатшы қыздың рұқсатымен сол жолы орнында отырған басшыға кіріп барғанында екен. Есігін ашып, амандасып, босағада тұрып қалған жас әйелге бастық жауап бермей алая қарайды. Күтпеген жағдайға тап болған әйел сасқалақтап өтінішін айта бастайды. Оның сөзін аяқтатпастан сазара түскен бастық «сен кімсің өзің, жап-жас басыңмен сумаңдап, ұятсыз!..» деп, ақырып аузына келгенін айтып, «менің алдыма прокурор, сот күні бұрын рұқсат сұрап кіреді» деп шіреніп, «шық та шықтың» астына алады. Сыртқа қалай атып шыққанын өзі де білмей қалған бейбақ ана есі шығып, бет ауған жағына жүре беріпті. Біраздан кейін ғана өмірінде естімеген ғайбат сөзге, көрмеген қорлыққа шыдай алмай екі көзіне ерік берген. Болған жәйтті үй-ішіне, әріптестеріне айтуға намыстанып, іштей құса болуға жақын қалған ол жылап отырып, «жап-жас деді-ау мені, менің төрт балам барын, мұғалім екенімді білгісі де келмеді» деп, мұңая берді. Қалай жұбатарымды білмей қиналып отырған менің санама сонда ұлы Абайдың «болыс болдым, мінеки, бас изеймін шыбындап» деген өлең жолдары орала берді.

«Адамның қандай екенін білгің келсе, бастық қой» деген мағынадағы ойды мегзейтін әңгіме естігенім бар еді. Бұл оқиға осы ойдың өмірден алынғанын дәлелдеп тұрғандай. Мұғалімдер мен шәкірттердің, жас ұрпақтың мүддесі үшін жұмыс істейтін мекемені басқарып отырған шенеуніктің қызмет бабын пайдаланып, алдына келген кісінің ар-намысына тиіп, моральдық зардап шектіруі – адамдық шектен шыққандық. Өзі сияқты адамды өзінен төмен санап, менсінбей қарайтын жағымсыз мінездің, жан ауыртатын келеңсіздіктің бұл бір ғана мысалы.

Адамдыққа шіркеу болатын, көлеңке түсіретін кісі менсінбеушілік мінез-құлық уыты, әсіресе, жас адамның бойына батпандап кірсе, оның отбасына, жүрген ортасына қат-қабат қиындық кірді дей беріңіз. Мұның тұрпайы әр түрлі көріністерін күнделікті тұр-

мыс-тіршіліктің әр тұсынан көріп те, сезіп те, естіп те жүргендейміз.

Педагогтер мен ата-аналар, мектепке қатысты мекемелер өкілдері бас қосқан бір жиналыста жолда жүру тәртібін бақылайтын полиция қызметкері өз сөзінде, жас ұрпақты адамды адам ретінде сыйлауға тәрбиелеуге ерекше назар аударды. Өзінің еңбек тәжірибесінен бір оқиғаға тоқталды.

Бірде ол елді мекенді жарып өтетін үлкен жолда сағатына жүзден асатын үлкен жылдамдықпен келе жатқан жеңіл машинаны дереу тоқтатуға ұмтылады. Біраз жер ұзап барып әрең тоқтаған автокөліктен жүргізуші бой көрсетпегенін байқап, жанына келсе, рөлдегі жас жігіт орындығында сілейіп отырғанын көреді. Мөлшерлі жылдамдықтан асып, жолда жүру ережесін өрескел бұзғанын ескертіп, жүргізушінің машинадан түсуін, құжаттарын көрсетуін сұрайды.

Полиция қызметкерін енді ғана көргендей жап-жас қазақ жігіті марғау күймен мойнын бұрып, төменнен жоғары сүзе қарап, орысша «сколько» деп, міз бақпай отыра береді. Қапелімде не дерін білмей қалған жол сақшысы өзінің баласындай жігіттің бұлк етпеген бетіне қарап, сәл уақыт сілейіп тұрып қалады. Осы сәт жүзіне тағы бір сүзе қараған жігіт шалт қимылдап, полиция қызметкерінің белдігіне бірдеңені қыстыра салып, машинасын ытқытып, зуылдап кете береді. Полиция қызметкері аузын ашып үлгергенше, оның қарасы көз ұшынан ұзап та кетеді. Алдағы постыға хабар жіберіп, енді белдігіне қараса 20 долларлық көк қағазды қыстырып кетіпті. Қағаздағы сурет оған мырс-мырс күліп, мазақтап тұрғандай көрінеді. Ұнжырғасы түсіп, орнынан қозғалып, жол шетінде жеміс-жидек сатып отырған қарияға «мынау сізге» деп, көк қағазды алдына қойып кетеді. Бірақ сол жігіттің «мынау адам-ау демей» сүзе қараған көзқарасы әлі де жанын ауыртып жүргенін жасырмады. Жастарды адамға тән жылылық пен мейірімге тәрбиелеуге шақырды.

Иә, жылылық пен мейірім – адамдықтың шынайы келбеті. Немқұрайдылық пен қаталдықтың, менмендік пен өзімшілдіктің қара өзегі іспетті кісі менсінбейтін тұрпайылық кім-кімге де абырой әкелмейді, ағайынды біріктірмейді.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2003 жыл, 9 желтоқсан

АСАБА МІНДЕТІ ӘНҰРАН АЙТҚЫЗУ МА?

Көпшілік жиналған тойларда өзіміз куә болып жүрген бір келеңсіздікті сөз етпес бұрын, тойды жүргізуші асаба мәдениеті туралы ойланып көрейік.

Салт-дәстүрге бай қазақ халқының өмірінде той-думанның алар орны ерекше. Осындай басқосуларымыз ұлттық мәдениетіміздің жарасымды көрінісі түрінде өтіп жатса, кейінгі ұрпаққа тәрбиелік мәні зор болмақ. Бұл ретте асабаға жүктелер міндет аз емес. Бір өкініштісі, көптеген асабалар өзі жүргізген тойдың осындай астарына үңіле бермейді. Сөзді асаба мәдениетінен қозғауымыз сондықтан. Біздің ойымызша, ол, ең алдымен – тәрбиеші. Бұл оның сценарийде белгіленген міндеттерінен тыс азаматтық парызы десе де болады. Қазақтың шешендік дәстүрінен бастау алатын тапқырлық, ойдың дәлдігі, әдептен аспау, сөзге тоқтай білу, тоқтата білу, аз сөзге көп мағына сыйғызу, бір мақсатқа жұмылдыру – осының барлығы асаба бойынан табылса, жиналған көпке де өнеге. Алайда сөз білгеннің жөні осы екен деп, төпелей берушілік бар. Қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерінің, мақал-мәтелдердің, қастерлі ұғымдардың басын жарып, көзін шығарып дегендей қолдана беру тойларда әдеттегі нәрсеге айналып барады.

Дәстүрдің озығын алып, тозығын қалдырып отыруды білсе, асабалар ұлттық дәстүрді сақтаушы әрі дұрыс дамытушы рөлін де атқара алады. Қарызданып-қауғаланып, шабылып той жасаушы үйдің иелері асаба таңдауда осы жағына да мән бергені жөн.

Қалай дегенмен де, той өткізетін орын – театр сахнасы емес, өмірдің өзі. Халайықтың асын жөндеп ішкізбей, қайта-қайта ду қол шапалақты күштегендей етіп сұрап алу, өзін ғана тыңдатуға тырысу, кей ретте ұстамсыздық таныту асабаға да, көптің көңілін көтеруге қызмет ету үшін келетін әншілерге де жараспайды. Ұнатқан жағдайда халық өзі-ақ қошеметін білдіреді емес пе.

Қолымызға қалам алуға мәжбүр еткен бұл жәйттер ғана емес, ең сорақысы, мемлекеттік рәмізді орынсыз қолданудың куәсі болуымыз. Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» туындысын Әнұран болмай тұрғанда да әрбір адам сүйіп айтқаны, тойларда қосыла шырқағаны белгілі. «Ямаха» аспабына жазылған осы ән әуені бұрынғы мәтінімен, мемлекеттік Әнұран екеніне қа-

рамастан тойларда ойналатын болып жүр. Мұны саяси сауаттың аздығының, ұлттық намыстың төмендігінің көрінісі демеске амал жоқ. Тойда отырған қауым Әнұранды естігенде не отырарын, не алақанын жүрек тұсына қойып түрегеп тұрарын білмей ыңғайсыз күйге түседі. Алдағы уақытта осындай жағдайға жол бермей, асабалар мен музыканттар сергек, ұқыпты болса дейміз.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2006 жыл, 22 тамыз

КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ӘР БАБЫ – АЙҚЫН МІНДЕТ

Еліміздің ең ірі мегаполисі Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс тобы соңғы жылдары тұрақты қызмет етіп келеді. Жұмыс тобы отырыстарында бір ғана тақырып аясында, атап айтқанда, «Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және дамыту бағытында атқарылған жұмыстар туралы» хабарламалар тыңдалып, пікір талқысы барысында жетістіктер мен кемшін тұстар аталып өтіп, алдағы уақытта атқарылатын тиімді іс-шаралар айқындалып, ұсыныстар жасалады.

Жұмыс тобының кезекті отырысында бір мекемеде мемлекеттік тілде, яғни қазақ тілінде іс жүргізе алмайтын ұлты қазақ мемлекеттік қызметкерлердің саны пайызға шаққанда көп екені қызу пікірталас өрбітті. Елбасы сөзімен айтқанда, Қазақстан халқының біріктіруші құралын, яғни мемлекеттік тілді сыйламайтын, мемлекеттік тілде жұмыс істей алмайтын адамның мемлекеттік қызмет атқаруына «құқы бар ма?» деген сұрақ туғаны сол екен, мәжіліске қатысып отырған аудан әкімі «Құқысы бар, құқысы жоқ» деген заң жоқ» деп, тез жауап қайырды. Бұл жауапқа жұмыс тобы мүшелерінің бірі «жарайды, заңдық тұрғыдан дұрыс болсын, алайда бірінші басшы мемлекеттік тілді білмейтін қаракөздерді жеке шақырып алып, «ата-тегіңнің тілін неге үйренбейсің» деп үлкендік жасамай ма?» деп, қынжылыс білдірді.

Айтайын дегенім, еліміздің қай заңынан болсын жоғары тұратын Негізгі Заңда – Конституцияда мемлекеттік тіл және ресми тіл туралы арнайы бап жазылғаны белгілі. Сондай-ақ мемлекеттік

тілдің қолданылу аясын кеңейту және дамыту жөніндегі Негізгі Заңның әр тарауында таратылып нақтылы көрсетілген. Сонда Ата Заңның арнайы бабының мемлекеттік қызметкерлер үшін заңдық күші болмағаны ма? Конституциялық Заңның мемлекеттік тіл туралы бабының Заң екенін дәлелдейтін тағы Заң керек пе?

Дұрысында, еліміздің Негізгі Заңы Конституцияның әр бабы еліміздің барлық азаматтарына ортақ міндет жүктейді емес пе?! Мемлекеттік қызмет атқара жүріп мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге салғырт, кейде тіпті немқұрайды қарайтын қызметкерлер мұны түсінбей ме, әлде түсінгісі келмей ме?

«Егемен Қазақстан» газеті, 2010 жыл, 13 қаңтар

ТІРЕГІМІЗ – ТУҒАН ЖЕР

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» жарияланымын оқып шыққанда жүрегім жарыла қуандым. Бұл бағдарлама ұлттық өрлеудің мәңгілік биігіне бет бұрғызатын бағдаршамды қолға ұстатқандай болды. Көңілде еліміз жүріп өткен 25 жыл суреттері сырғып өте берді.

Тоқсаныншы жылдардың бас кезіндегі Қазақ елінің өте мүшкіл жағдайының куәгері болғандықтан Отанымның бүгінгі жеткен биігі тіл-көзден аман болсын, «тәуба» деймін. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында азық-түлік дүкендерінің іші тып-типыл болып, бос қалғанын көрдік. Нан түсетін уақытты күткенді де бастан өткіздік. Тіпті тұз таба алмай, көршілерден қарызға сұрап алған күндер де болды деп, қазір айтсақ, жастарымыз ертегі тыңдап отырғандай таң қалады. Менің қатарластарым біледі, бұл – шындық.

Тұңғыш Президентіміз басшы болды, ел-халық қосшы болды. Бүгінгідей Отанымыз жайнаған, жарқыраған заманға жеттік. 1991 жылдан 2011 жылға жеткенде тұтас бір ғасырды артқа тастағандай болдық. Күні кеше ғана, небәрі 20 жыл бұрын қирандының үстінде қалып, не болары белгісіз күй кешкен Қазақ елі 2012 жылы Елбасы жариялаған «Қазақстан – 2050» стратегиялық жоспарын басшылыққа алып, әлемде дамыған 50 елдің қатарына жетуге

бағыт алды. Үстіміздегі 2017 жыл басында Тұңғыш Президентіміз әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін Отанымыздың үшінші, яғни саяси реформа мен экономикалық жаңғырудың жаңа кезеңіне бастады. Әлемдегі ірі саясаткер көшбасшылардың бірі Маргарет Тэтчер «Экономика деген – құрал, мақсат – жанды өзгерту» деп жазғанындай, жаңа кезеңнің міндеттеріне жету – дүйім жұрттың назарын аударған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» үндеуінде – Елбасы қазақстандық қоғам мен мемлекет құрушы халықтың, қазақ ұлтының рухани жаңғыруына тікелей тәуелді екенін талдап айтып, болашаққа айқын бағдар болатын бірнеше бағытты көрсетіп отыр. Қазақ халқының ұлттық рухани өзегіне айналған құндылықтардың озығын сақтай отырып, дамытып, бүгінгі заман талабымен үйлеспейтін орынсыз ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке ұрынбауға шақырды.

Елбасы жержүзілік дамудың кешегі, бүгінгі беталысының өзегіне айналған жаңғыру үлгілерін сол қалпында өзіңе, қазаққа таңу ұлттық табиғаттан адасуға апаратынын да ескертеді. Қазақ халқының кешеден бүгінге жеткен тарихы, терең ұлттық рухани озық салт-дәстүрлері, шынайы патриоттық ұстанымы еліміздің болашаққа сеніммен нық қадам басуына мықты тірек бола алады. Осы орайда Елбасының әрқайсымыздың жүрек түкпіріміздегі туған жер туралы ой-сезімді тамыршыдай тап басып, аз сөзбен көп ойды тарқата айтқаны қандай керемет. Адамдықтың асыл арнасы «Туған жер» бағдарламасы қазақ баласының қан тамырын бұлқынтары анық. Бұл – баршамыздың туған жерге деген сүйіспеншілік, ризашылық сезімдерімізді тұмшаламай жарқырата көрсетуге жұмылдыратын ізгіліктің, игіліктің бағдарламасы. Отаншылдық, патриоттық сезімнің, ұлттық мүдде жолында ұйысудың қайнар бастауы іспетті туған жер қашанда, әлемнің қай пұшпағында жүрсек те, жүрек түкпірінде, көңіл төрінде магнит-тей өзіне тартып тұрады.

«Туған жер» бағдарламасына тиек болған жақсы бастамалардың, игілікті істердің тәлімді нышандары шашыраңқы болса да ел ішінде баршылық. Мысалы, менің туған жерім Тарбағатай ауданында (Шығыс Қазақстан облысы) кәсіпкер бауырларымның қаржылай демеушілігімен бірнеше жылдан бері қазақша күрестен өткізіліп келе жатқан әулие Ырғызбай Досқанаұлы бабамыздың

атындағы республикалық жарыс өткен 2016 жылы халықаралық деңгейге көтерілді. Қазақ спортының туын, қазақ жастарының рухын көтеретін бұл жарыс аудан орталығында жалғаса бермек. Сондай-ақ 2016 жылы Алматы қаласындағы «Мерей» баспасынан 44 баспа табақ көлемді «Тарихқа толы Тарбағатай» ғылыми-танымдық кітап жарық көрді. Бұл осы өңір тарихынан арнаулы оқулық шыққанынша, Елбасы қадап айтып отырғанындай, орта мектепте туған жердің тарихын оқытуды бастап кетуге тарбағатайлық мұғалім қауымға мықты көмекші құрал бола алады.

Кәсіпкер бауырларымыз бұл үрдісті жалғастырып, жылына бір рет «Тарихқа толы Тарбағатай» альманах басылымын шығаруды жоспарлап, іске кірісіп те кетті. Аудан орталығы Ақсуат ауылында жаңа көшелерге өмірден озса да, өшпейтін іздері қалған, тәуелсіздік жылдарында мемлекетіміздің дамуына елеулі үлес қосқан туған өлке түлектерінің есімдері беріле бастады. Аудандық әкімшілік пен мәслихат бірлесіп, үлгілі ұрпағымен мерейі өсіп, қуанышқа кенеліп отырған аналарға «Ақсуаттың алтын анасы», ауданның өркендеуіне белсенді атсалысқан зейнеткерлерге «Ауданның экономикалық және әлеуметтік дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгілері тағайындалған. Ұлттық рухани тұтастықты насихаттайтын ескерткіштер орнатуда да игі ізденістер көріне бастады. Халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайтын, алғаш рет ауқымды жобаға айналған «Туған жер» бағдарламасы алдағы уақытта еліміз бойынша бұл бағытта аса маңызды істердің жинақылықпен, жүйелілікпен жүргізілуіне кең жол ашады. Туған жерге деген сүйіспеншіліктің тарау-тарау арнасы ақ теңізге айналып, Елбасы айтып отырғанындай, жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналары хақ.

Рухани жаңғырудың тірегі – Ана тіліміз, Туған жеріміз.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2017 жыл, 13 маусым

БАРҚЫТБЕЛ АЙМАҒЫ – АЯУЛЫ МЕКЕН

Қазақ елінің қай жері болса да қасиетті! Өйткені бұл – кіреукесін қанмен жуған бабалардың, жүрегін нұрмен жуған аналардың ме-

кені. Алмағайып замандардың, қилы-қилы қиын кезеңдердің сан түрлісін басынан кешірген біздің елдің бүгінгісіне қарап тұрып, оның болашағына, келер күніне үлкен үмітпен, зор сеніммен қараймыз. Қазіргі қазақ елінің қарышты қадамдары қоғам және мемлекет қайраткерлерінің, ат жалын тартып мінген азаматтардың, өртеңнен кейінгі көк өскіндей жеткіншектердің жан дүниесін жасартып, сана-сезімін жаңғыртып, мәңгілік ел рухымен алға ұмтылдырады.

Олар бүгінгі заманның ілім-білімінен сусындап, аяулы да ардақты байтақ мекенімізді ұрпаққа табыстап кеткен ата-бабалар мен аруана аналардың текті рухын тәбәрік етіп, мұра тұтып сақтап отыр. Олар тарих тереңіне үңіліп, тебіренеді, болашақ биігіне қарап, қанаттана береді. Мұндай рухани берік тұғырдың алтын арқауы – біріншіден, өз ұлтымызға тән өткенді ұлықтайтын, болашаққа зор сеніммен қарайтын қастерлі қасиет болса, екіншіден, ұмытылмай келе жатқан ұлы бабаларымыз туралы аңыздар мен дастандар, жырлар, күйлер, әндер.

Ойлап қарайықшы, біз тәуелсіздік алғалы ширек ғасыр ғана болды. Осы жиырма бес жылдың ішінде кеткен кегімізді қумасақ та, кеткен есемізді бірсыдырғы қайтарып алғандаймыз.

Қолымызға тиіп отырған мына бір тамаша кітаптың танымдылық сипатын айтпаған күннің өзінде, бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін тарихилық мән-мағынасы қаншама!

Бұл кітап тек тарбағатайлықтар үшін ғана емес, бүкіл Алаш баласы сүйіп оқитын кітапқа айналатынына еш күмән жоқ. Оның ең басты себебі – Қазақ елі біртұтас. Жау көрсе – жұмылған жұдырықтай, дос көрсе – ашылған алақандай. Біздің басты байлығымыз – бірлігіміз.

Мен өзім ел мен жұрт үшін тамаша бір бастамалар жасап жатқан азаматтардың бәріне үлкен ризашылығымды білдіремін, тіпті оларды мақтан етемін. Қазақтың ұлдары мен қыздары қашанда өз елі мен өз жері үшін аянбай еңбек етсе, күш-қайратын, терін төксе деймін. Сонда ғана олар өзіміздің Мәңгілік Еліміздің туын биікке көтере береді, сонда ғана бүкіл әлемге танылa береміз, жақсылығымызбен таңданта береміз. Сондықтан да қолымызға ұстап отырған кітапты шығаруға қаржылай демеушілік жасаған, Алла жолымен өзіне де керегін жасап, туған Елдің, Жердің

қамқоры болып жүрген жас та болса, мәрт азамат Тастекеев Дулат Тұрсынұлына тарбағатайлықтар ерекше риза.

Ұлы Абай: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» деген даналығы – өшпейтін өсиет.

Мен өзімнің алғы сөз ретіндегі ақ жүректен шыққан тілек-сөзімді аяқтай келе, Абай бабамыздың осы өсиеті жүректеріне ұялаған барлық бауырларымның абырой-беделі биік болсын, мақсат-мұраттарына жете берсін деймін. Көпшілікті қуантып, береке-бірлікке үндейтін осындай мағынасы терең, мақсаты биік кітаптар көбейе берсін!

Қазақ елінің кең байтақ жерінің көрікті пұшпағына айналған шекаралық Тарбағатай ауданы Тәуелсіздік нұрымен, еңбекшіл, елшіл ұрпақтарымен жайнай берсін!

«Тарихқа толы Тарбағатай» альманағы,
2016 жыл. – 3-4-беттер

АҚЫН, ӘНШІ-САЗГЕР ЕРМҰРАТ ЗЕЙІПХАН

Туған Отанымыздың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздіктің 25 жылдығының тарихи шежіресі «Ұлы дала ұлағаттары» туындысының «Қиырдан келсе қандастар» тарауында: «...1991 жылы 31 желтоқсанда Қазақ радиосынан шетел қазақтарына арнап сөз сөйледім. Ол сөз жан жүрегімнен қайнап шыққан еді. Сол сөз әлемнің әр елінде ғұмыр кешіп жатқан бауырларымызды дүр сілкіндірді. Қазақстанға келемін деп ат басын бұрып, ұлы көштің теңін буып, тізгінін қаққан бауырлар сол кезден бастап Отанға оралудың қам-қарекетіне кірісті...» деп жазады.

Арман-мұратқа айналған Атажұртта ақ таң атып, Тәуелсіздік туын көтергенін күллі әлемге жария еткен бұл сөз қиялына қанат бітіріп, жолын тауып, Қытайдан Алматыға аңсап жеткен азаматтардың алғашқыларының бірі – жиырма жасты еңсере бастаған Ермұрат Зейіпхан еді.

Жалындаған жастығымен қазағының күн сипатты астанасы Алматыда қандастарының ыстық құшағына, риясыз ақ көңіл

мейіріміне бөленген Ермұрат білімге деген ұмтылысымен қолдау тауып, Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясының студенті атанады.

Оқи жүріп те өнер академиясын бітіріп, еңбек ете жүріп те алматылық өнерсүйер қауымға, әсіресе отызында орда бұзар шығармашылық қатарластары ортасында сыпайы мінезімен, сабырлы, сері сырт бейнесімен, өмірге құштар, отаншыл, ойшыл дархан жүрегімен, сегіз қырлы, бір сырлы арқалы ақын, әнші-сазгер тума талант өнерімен кең таныла бастады. Алматыда жиі өтетін концерттік кештерде, әр түрлі атаулы көпшілік жиындарында Ермұраттың терең ойлы өлеңдері әдемі иірімдерімен тыңдаушысын баурап алатын. Кең тынысты қоңыр үнімен әуелете ән салғанда терең тебіреніске бөлейтін. Әсіресе кіндік кескен туған ауылына арнаған «Күнес» әні ерекше әсерлі туынды еді. Сұлу да сырлы осы әнін қанша рет тыңдасам да, мен сонша рет қатты толқитын едім. Өмірі үзілмесе Ермұрат шұрайлы жырларымен, тамаша әндерімен аңсап қауышқан елін, жұртын қуанта берер еді.

Ол бірер жыл айналасында сүйген жары мен жас өскін ұлын жетелеп көшіріп әкеліп, Атажұртта отбасылы қуанышқа жетеді. Қытайдың төрт жылдық медицина институтын бітірген келіншегі де еңбекшілдігімен жаңа ортаға тез бейімделіп, жұбайының сенімді серігі болды. Өзіне мүлдем таныс емес кириллицамен жазуға тез төселіп, орысшаға ден қойып, С. Асфендияров атындағы мемлекеттік медицина институтының арнаулы курсын тәмамдап, тәжірибелік сынақтан өтіп, ақ халаттылар сапына қосылды. Тұңғыш ұлдары музыка мектебінің табалдырығын аттады. Екі бөлмелі пәтердің кілтін алып, отбасымен Ермұраттың бақыттың биігіне, шабыттың шалқарына шыққан шағы еді бұл кезең. Атажұртта сүйіншілеп келген екінші сәбиі – ұлы туғанда жүрегі жарылардай қуаныштан киелі қазақ елі топырағын жата қалып сүйген шағы еді бұл кезең. Тәуелсіздікке жеткен, өз тізгінін өз қолына алған, азаттық бақытына ие болған Қазақ елінің, қазағының алыстан аңсап келген өзіндей бір перзентіне көрсеткен шексіз қамқорлығына шексіз риза әнші-ақын-сазгер жүректің түкпірінен жарып шыққан біртуар «Көк тудың желбірегені» әнінің дүниеге келген шағы да осы кезең еді.

Амал қанша, батпандап кірген ауыр дерт атпалдай азаматтың – Ермұрат Зейіпханның өмірін қырық бес жасында қиып кетті.

Қазақстан Жазушылар одағы үйінде Ермұратты соңғы сапарға шығарып салуға арналған қаралы жиынға қатысқан алматылықтардың қарасы қалың болды. Жиналған қауымның алды-артын орап алған қабағы қатулы жастар көп болды.

Адамзат тарихының үшінші мыңжылдығының екінші онжылдығы басында бақиға аттанған хас талант иесі өмірі қысқа болғанмен, артында өшпейтін асыл мұра қалдырды. Азаттықтың ақ құсындай атамекенге аңсап жетіп, тәуелсіздіктің қадір-қасиетіне тәу етіп, жастық жалынмен қазағына бар дарынын ақтарыла тарту еткен Ермұрат Зейіпханның өмірі мен шығармашылығын өзек еткен көк кітаптың қолға тиетін уақыты да келер.

Тәуелсіздік шарапатымен Атажұртқа бет бұрған Ұлы көштің жолын ашқан Көшбасшы Елбасы жоғарыда аталған туындысында: «Біз әрбір бауырымызды атамекенін аңсап келген ағайын деп қана қарамай, елге қосылған елеулі қазына деп қабылдаймыз» деп жазады.

Талантты бауырымыз Ермұрат Зейіпханның бір ғана «Көк тудың желбірегені» әні еліміздің еңсесін тіктеуге, отансүйгіштік рухымызды көтеруге қосылған мәңгілік қазына екенін баршамыз жақсы білеміз. Бұл әннің сөзін жазған ақын А. Ахметбектен осы әнді өз репертуарларына қосуға рұқсат сұраушылар да көбейіпті. 2016 жылы төрткүл дүниені дүр сілкінткен Рио Олимпиадасына қатысқан қазақстандық спортшылардың осы ән рухын көтеріп, жеңіске жетеледі десек, артық айтқандық емес. Әлемдік спорт сайысынан үзбей хабар таратқан Қазақ радиосының бұл ән тұрақты үн жаршысына айналды. Жан дүниеңді баурап алатын әннің рухани қуат-күшінің құдіретімен «спортшыларымыз жеңіске жетіп, Көк Туымыз әлемдік жарыс тұғырына көтерілсе екен» деген тілекпен әлемдегі барлық қазақ бір қазақтай болып ұйыса түстік, бір жұрт болып бір-бірімізге жақындай түстік.

Тәуелсіздік дәуіріміздің төл туындысы – осы әннің құдіреті менің қолыма қалам алғызды. Айтайын дегенім, отаншылдық рухтың асқақ көрінісі іспетті «Көк тудың желбірегені» әнінің авторы Ермұрат Зейіпханның есімін есте қалдыру, өмір жолын жас ұрпаққа үлгі ету Қазақ елі мен халқына үлкен парыз емес пе?! Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай, өмірден ерте озған Ермұрат Зейіпханды есте қалдыруға лайық игі шаралар атқарылса, Қазақ-

станның қай өңірінде болса да жаңадан салынып жатқан мектепке, көшеге Ермұраттың есімі берілсе, әсіресе жас ұрпаққа өлшеусіз үлгі-өнеге болар еді.

«Қазақстан мектебі» журналы, 2017 жыл, №1

АТА-АНАҒА АМАНАТ

ұл-қызымыз өз тілін өгейсітпей өссін

Ел газеті «Егемен Қазақстан» беттерінде тақырыптық топтамалармен берілетін жаңаша үрдісінде руханият тірегі – мемлекеттік қазақ тілінің күнделікті қолданыстағы жай-күйі жайында көпшіліктің көңілінде жүрген көп сауалды дөп басып, оның жауабын іздеуге бәрімізді жетелейтіндей өткір де тұшымды жарияланымдар жиі көріне бастады. Соның бірі «Тілбұзарды кім тыяр» (20.01.2017 ж.) сауалы көзі қарақты оқырманды селт еткізіп, ой-санасын билеп алатыны хақ. Қазіргі уақытта қазақ тілін бұзып айту да, жазу да қалыпты жағдайға айналып бара жатқаны ащы шындық. «Биздин агай кайда?» деген сияқты қисық сөздерді естісек те елемейтін болып, көндігіп қалғандаймыз. Бір ң емес, ғ, қ, і, ө, ә, ұ, ү дыбыстарын бұзып айтатын қазақ жастарының қатары көбейіп барады. Олар ағылшын, орыс тілдерін еркін меңгеріп алған болар. Көп тілді білсін, ешкім қарсы емес. Бірақ ана тіліміздің аяқ асты етуге әсте болмайды.

Италиялық кәсіпкер-жиһанкез Реналью Гаспирин «141 мемлекетті араладым. Өз мемлекетінде өзінің ана тілінде сөйлемейтін бір бейшара халықты көрдім. Ол – қазақ» деп жазғанын оқыдық. Расул Ғамзатов сияқты арғы-бергі заманда өткен дуалы ауызды даналардың ана тілі жоғалса, ұлт та жоғалатынын айтқан ащы шындық ақиқатқа айналды. Ана тілдері жоғалып, ұлттығын жойған халықтар туралы оқып, біліп отырмыз. Сексенінші жылдары қазақ тілін сақтап қалу жолында «Қазақ тілі» қоғамдары құрыла бастаған бір жиналыста көкшетаулық ақын Төлеген Қажыбаевтың: «Ана тіліміз жоғалып, қазақ халқы музейлердің жәдігеріне айналып кетпейік. Музей қызметкерлері бір замандарда мынадай

қазақ деген халық өмір сүрген деп, сайрап тұрмасын» деген жүрекжарды сөзі есімнен еш кетпейді. Шүкір. Қазақ тілін тамырынан қиып, құрдымға жібергісі келген кеңес заманы өткенге кетті. Ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке жеттік. Дербес мемлекет шаңырағын көтердік. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы: «Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. 2025 жылы қазақ тілі өміріміздің барлық салаларында басқарып, барлық жерлерімізде қатынас құралы болады», «Қазақ тілі – қазақстандықтарды біріктіруші құрал», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлес. Кімнен қорқасың?» деп, қара орман қазаққа үндеу тастады.

Қазақстанды Отаным дейтін, бір туғандай болып кеткен жүзден асатын әр түрлі ұлт өкілдері мемлекеттік қазақ тілін қолдап, үйренуге бет алды. Теледидардан, радиодан, әр түрлі биік мінберлерден қазақ тілінде ән айтып, сөз сөйлеп, «екінші ана тілім – қазақ тілі» деп қуантуда. Олар Қазақ елінің, жерінің, тілінің түпкілікті иесі қазақ халқымен бірлесе мемлекетті де, мемлекеттік тілді де көркейтуге белсенді атсалысуда.

Сонау алпысыншы жылдардың басында Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-филология факультетінің студенті атанған бізге үш шетел – ағылшын, француз, неміс тілдерінің бірін таңдап оқу ұсынылды. Мен француз тілін таңдадым. Екі жылдық француз тілі курсын тәмамдап, үздік баға алдым. Ұстазым Светлана Александровна Бараева (атақты ғалым Александр Бараевтың қызы) мені оңаша әңгімеге тартты. Менің француз тілін меңгеру қабілетімді мақтап, шетел тілдері институтының француз тілі факультетінің екінші курсына ауысуға кеңес берді. Өзі көмектесетін болды.

Ұстазымның менің болашағыма бағыт бергісі келген ықыласниетіне ризашылығымды білдіре отырып, өмірімнің діңгегі іспетті ана тілімді білген үстіне біле түссем, далада қалмайтыныма сенімдімін дедім. Рахима әжем хат тани бастаған шағымнан маған батырлар жырын оқытып, рахаттана тыңдайтын. Сол кезден-ақ менің ана тіліме ықыласым ерекше. Дүниеде ана тіліме тең келетін тіл жоқ сияқты екенін, ана тілім менің жан дүниемнің баға жетпес байлығы екенін, ана тілімде сөйлеп тұрып, ән салып тұрғандай рахат күй кешетінімді айттым. Менің ағымнан жарыла айтқан жа-

уабыма ұстазым өте разы болды-ау деймін, «түсінемін, түсінемін» деп, күлімсірей, қазақ тілі жөнінде сөйлеп кетті.

Тілші ғалым-ұстаз ретінде қазақ ұлтының ана тілі табиғаттың берген ерекше сыйы деп түсінеді екен. Қазақ тілі шетелдік қай тілді болсын жете меңгеруге, таза сөйлеуге жол ашатын ерекше бай тіл деп бағалайды екен. Қазақ және француз тілдерінде «ө, ғ, ң» дыбыстары еш өзгеріссіз естілетінін айта келе «қазақ тілінің көп тілден басты ерекшелігі – қазақтың ауыз қуысы мүшелерінің барлығы дыбыс жасайды» дегені маған, екінші курстың студентіне тосын жаңалық болды.

Мұны сезген ұстазым түсіндіре бастады. Мәселен, орыс тілінде мұрын қуысы қатысатын «ң» дыбысы жоқ екен. Мен ішімнен «біздің ң-ды с хвостиком н дейтіні содан екен ғой» деп түйіп қойдым. Ұстазым қазақ және француз тілдерінде бірдей айтылатын көмекей тіл көмегімен жасалатын «ғ» дыбысын айтты. Ішімнен «қазақ тілінде көмекей тіл «қ» дыбысын да жасайды» деп қосып қойдым.

Ұстазыммен болған осы әңгімеден кейін ана тіліміздің дыбыс жасау жүйесіне айрықша назар аудара бастадым. Келе-келе біздің қазақ тілінің сөздік қоры ғана емес, дыбыстық мүмкіндігі де өте бай екенін түсіндім. Қазақ баласы сәби шағынан ана тілінде сөйлей бастаса, көмекей тілі сүйірлеу дамып, үлкен тілдің түбіне тиер-тимес тербеліспен «ғ,қ» дыбыстарын шығарады. Бала тілі орыс тілінде шықса, көмекей тіл қысқа әрі жуантықтау болып, «ғ,қ» дыбыстарын айту қиынның қиыны болып қалады. Мұрын қуысы жасайтын «ң» дыбысының да ауылы алыстайды. Сөйтіп, қазақ баласының ауыз қуысы мүшелерінің бітімі сәби шағынан орысшаға бейімделіп, өсе келе ол ана тіліндегі ң,ғ,қ,ө,ә,ұ,ү,і дыбыстарын дұрыс айта алмайтын тілбұзар халге душар болады. Бұл халге жеткізбеу – сәбиге өмір сыйлайтын әрі оның өмір жолындағы бірінші ұстаздары анасы мен әкесінің ырқында екені түсінікті.

Жоғарыда аталған мақала авторы Анар Төлеуханқызы шетелдік ағылшын, француз, неміс, тағы басқа тілдердегі «ң» дыбысын қазақ баласы «адалдық я білімділік танытып сықитып айтады» деп жазады. Иә, шетелдік тілдерді бұзбай сөйлеуге ұмтылып тілі орысша шыққан қазақ жастары ана тілінде бар «ң» дыбысын «сықитып айту» үшін біраз күш жұмсауы қажет. Ана тілін бұзбай сөйлеуге дәл осылай неге тырыспайды?!

Жалпыға бірдей педагогика ғылымы сәбидің ана тілі уызына қанып өсуін насихаттайды. Педагогикалық ғылымға сүйенсек, отбасында, әке-шеше аясында берік негізі қаланған ана тілі тәрбие, білім мекемелерінде мықтап бекуі тиіс. Ана тілінде еркін өскен балдырғанның түсінік-пайымдары, сөйлеу қабілеті, табиғи дарын, мінез-құлық ерекшеліктері еркін дамып, ерте байқала бастайды. Сондықтан да әке мен шешенің ұл-қызының ана тілінен ажырап қалмауына қамқор болуы – ұрпағының болашағы үшін айрықша маңызды.

Қазақ ұлтының төлқұжаты іспетті ана тіліміздің мызғымайтын қамалы, ұрпақ сабақтастығының өшпейтін ошағы – қазақ отбасы. Отбасы институтын дамыту – бүкілхалықтық мәселе. Соңғы жылдары мемлекеттік мерекелер тізіміне «Мерейлі отбасы» байқауы енгізілуі – мұның айқын дәлелі.

Ата Заңымыз – Конституцияда кәмелет жасына дейінгі жас ұрпақтың тәрбиесі ата-ана жауапкершілігіне тапсырылған. Бұл – мемлекет пен халық атынан ата-анаға жүктелген аманат. Осы аманат үдесінен шығу үшін отбасылық қарым-қатынас тілі ретінде ана тілінің берік орын тебуі – ұлттық парыз, болашақ алдындағы биік міндет. Бұл орайда ертеден етене жақын орыс ағайынның баласы неше тілді білсе де, отбасында орыс тілінің мәртебесі жоғары екенін үлгі тұтсақ ұтылмаймыз. Қазақ халқының әр шаңырағында қазақ тілінің қанаты сынбай, үлкен өмір айдынында қыран бүркіттей қалықтасын. Қазақ ұлттық дәстүрімен әке-шеше ұл-қызының тегін жазуды қазақшаға көшіре бастады. Енді қазақ баласы түгелдей оқу қазақ тіліндегі мектепке барса, нұр үстіне нұр. Сонда тілбұзарлар сағымдай сап тыйылары анық. Орыс тілді мектепте он бір жыл оқып, ана тілін бұзып сөйлеуге әбден қалыптасып, дұрыс он бір сөйлем құрай алмай шығатынын көріп жүрміз.

Күні кеше Елбасы халыққа 2017 жылдың Жолдауында: «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді» деді. Бұл, бірінші кезекте, қазақ ұлты ұрпағының алтын ұясы – қазақ отбасына қарата айтылған, болашаққа бағдаршам болатын сөз.

«Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі.... Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды» дейді Елбасы Жолдауында.

Ана тілін еркін меңгеру арқылы қазақ баласы, төте жол іздеген жолаушыдай, ағылшын тіліне тура апаратын кең даңғылға шығады. Қолымызға қалам алуға себеп болған «ң» дыбысы ғана емес, ана тіліміздің осы ағылшыншаның жалынан қос қолдап ұстауға жеңілдік әкелетін дыбыстық, тағы басқа мүмкіндігі мол. Ағылшын тілінің дәмін байқау үшін біз екі айлық курсқа барған едік. Сонда ағылшынның қазақшаға «рахмет» болып аударылатын сөз тіркесінің айтылуында өзіміздің «ә» дыбысы естіліп тұрғандай болды. Қазақ тіліндегідей ағылшыншада бастауыш ашық я жасырын сөйлемнің басында тұратыны тағы бар. Ағылшын тілінің жілігін шағып, майын ішіп жүрген бауырларымыздың бұл орайда айтар уәждері тіпті көп шығар. Сондықтан да бізге, қазаққа қолда бар алтынымыз – ана тіліміздің қадіріне жететін уақыт келді. Осы уақытты өткізіп алмайық, ағайын.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2017 жыл, 15 ақпан

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН КЕЛГЕН ТӘУЕКЕЛ

Латын әрпіне көшу – елдік еркіндіктің, тәуелсіздіктің жетістігі. Сананың еркіндігіне, тәуелсіздігіне жасалатын шешуші қадам. Бүкіл түркі әлемімен ынтымақтастыққа, әлемдік өркениетке бастайтын дара жол. Қазақстандықтардың ғана емес, әлемнің әр пұшпағында тұрып жатқан қазақ атаулының санасында рухани сілкініс туғызатын, Атажұрт үшін ерен мақтаныш сезімін шыңдай түсетін айтулы кезең. Түйіп айтқанда, бүкіл қазақтың ұлт болып ұйысып, біртұтас халық болып жұдырықтай жұмылып, дамудың жаңа биігіне апаратын тағдырлы тәуекелдің алдында тұрмыз.

Не түрлі қиындыққа, тәлкекке ұшыраған асылымыздың – ана тіліміздің табиғи таза тұнығына жеткізетін латын әрпіне көшуде барлық қазақ бір кісідей жұмылатын кез келді. Тәлкек емей немене, күштеп енгізілген бір ғана жіңішкелік белгісі (ь) қосылып, қала көшелерінде жиі көрінетін «гульдер» сөзі қазақты мазақ етіп тұрғандай. Жаров, Житомир сияқты қазақ тілінде ж дыбысынан басталатын атау сөздерді орысша Джамбул Джабаев, Джезказган деп жазғанға көндік. Алматы қаласының қақ ортасындағы Қазақ

университеті қалашығында студенттер ғимараты төбесіне аспандата Джолдасбеков сарайы деп айғайлатқан атауды оқыдық. Айта берсек, мұндай көп мысалдан сүрініп жығылатындай, айтылуы да, жазылуы да бұзылып, екпіні шатаса бастаған ана тіліміз туған топырағында, өз Отанында кең қолданысқа жарамайтын тіл атанып, шеттетіле бастағанына шыдадық. Қазақ ұлтының төлқұжаты іспетті асыл ана тіліміздің төрден есікке бұдан әрі сырғи бермей, мәңгілік елдің мәңгілік тілінің мемлекеттік мәртебесіне көтерілетін кезеңін күттік. Міне, сол сәт туды. Әуезі де, әрі де ерекше, қайнары гауһардай таза, сөздік қоры аса бай қазақ тілін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үшін Елбасы латын әліпбиіне көшіруге тапсырма берді. Енді өткен кеңестік кезеңнің сананы улаған ескі салтымен жарға жығатын, «мен, мен» дегізетін дау-дамайы көп айтыс-тартыстан аулақ болып, ұлттық мүдде мұратына жетейік. Ұлттық үлкен сынақтан сүрінбей өтейік.

Халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Қазақ тілінің латынша әліпбиін құрастырушыларға біздер сияқты қарапайым тіл жанашырларынан бір тілек – жаңа әліпбиіміз қазақ фонетикасындағы бір дыбыс бір символ, яғни бір әріп, ал ерекше дыбыстар пернетақтадағы (мәселен, Qwerty) апостраф белгілерімен таңбаланып, екі символдық (үш емес) диграфтар екі-үштен аспаса екен.

Иә, латын әрпіне көшуде басты меже – қазақ тілінің дыбыс жүйесінің заңдылықтарының бұзылмауына жету екені түсінікті. Шапағаты мол Жаратушымыз қолдап, бұл меженің асуына абыроймен жететін күн жақсылығымен келсін.

Қазақ тілінің латын әрпіне көшуі – мемлекеттік және жалпыхалықтық деңгейде атқарылатын аса жауапты әрі игілікті сан түрлі іс-шаралардың басы болмақ. Елбасы 2016 жылы жарияланған «Ұлы дала ұлағаттары» еңбегінің «Туған тілдің тұғыры» бөлімінде: «Бізде әлі де бойымыздан арылмай келе жатқан бір жаман әдет бар. Ол әуелі бастамаға бірден үн қосып, дүркіретіп әкетеміз, сосын уақыт өте келе істің аяғын сүйылтып,... іс аяғын ақсатып кететініміз бар. Осы кемшіліктен арылу керек...», «Мемлекетіміздің діңгегі – қазақ халқы. Ел де, жер де – қазақтікі. Ел болудың ұяты да біздің жұрттың мойнында» дейді. Жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді. Елбасы толғанысы дайындығы 2012 жылдан басталып шешуші сәтіне жеткен осынау тарихи ке-

зеңде бүкіл қазақты, ғалымдарды, депутаттарды, мемлекеттік барша қызметкерлерді ана тілімізді әлемдік дамудың даңғылына бастайтын латын әліпбиіне көшірудің бүге-шігесін бүгіннен ойластырып, жоғары білімділік, біліктілік, жауапкершілік биігінен көрінуге шақырып тұрғандай. Мектепте бірінші сыныптан сабақ кестесіне енгізілетін 2022 жылға қазірден-ақ жан-жақты дайындықтың бағдар-жоспарлары түзіліп, жалпы жұрттың белсенді қатысуымен жүзеге асырылуы алдын ала ойластырылса, нұр үстіне нұр. Бұл орайда атқарылар іс ұлан-ғайыр.

Қазақ тілінің латын әрпімен әліпбиі қабылданғаннан кейін мәнмаңызы ерекше үлкен қадам – асқан жауапкершілікпен, артынан өкініш, реніш туғызбайтын оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар кешенін жасау. Бұл ана тіліміздің саф қалпында ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жетуінің мәңгілік желкенінің үзілмейтін желбауының берік тұғыры болмақ. «Атың шықпаса, жер өрте» дегендей, басқа айтар жаңалығы болмағандай, Білім және ғылым министрлігі сонау жиырмасыншы ғасырдың басында ашыла бастаған жаңа мектептермен бірге өмірге келген білім көзінің бастауы іспетті «Әліппе» атауын «Сауат ашу» деп алмастырғанына таңғалып болғандаймыз. Енді жаңа әліпбимен бірге «Әліппе» оқулығын да, бүлдіршіндердің «Әліппемен» қоштасу мейрамын да қайтарып қуантса екен.

Қазақ тілінің жаңа әліпбиінің оқу-әдістемелік құралдары қазақ және оқу орыс тіліндегі мектептерге қатар шығуы тиіс. Оқу орыс тіліндегі мектептердің сабақ кестесінде қазақ тілі пәні барын бәріміз білеміз. Оқу орыс тіліндегі мектептердің оқушыларының 70-80 пайызы қазақ балалары екенін әсте естен шығаруға болмайды. Олар өздерінің ана тілінің жаңа әліпбиін қазақ мектептеріндегі құрдастарымен қатар меңгерсін. Ағылшын, түрік тілді мектептердегі қазақ балаларын да бөліп тастай алмаймыз. Өзбек, тәжік, ұйғыр, тағы басқа тілдерде оқитын күндізгі және кешкі мектептер шәкірттері де мемлекеттік тілдің жаңа әліпбиімен шыққан оқу құралдарын асыға күтетіні күмәнсіз.

Ата-аналар балаларына көмектесуге даяр болуы үшін жалпы көпшілікке, үлкендерге арналған жаңа әліпби кітаптары мектеп оқулықтарынан көп бұрын шықса, тіпті жақсы. Мұғалімдерді даярлау мәселесі де жедел қолға алынса, ләзім. Иә, бүкілхалықтық

қолдауға жеткен, тәуелсіздікпен келген тарихи бастаманың көші түзу болса игі.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2017 жыл, 4 қазан

ТІЛДІҢ ТАҒДЫРШЕШТІ ТҰҒЫРЫ

Жеке архивімді ақтарып отырғанда 1998 жылы шыққан «Дружба народов» журналының 3-саны шыға келді. Александр Мелиховтың «Патриот тысячи отечеств» мақаласын оқығанмын. Шындығын айтсам, мақала мазмұны намысыма тиген еді. «Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейін жеке мемлекет ретінде дамитынына сенбейтіндердің бірі ғой. Жаза берсін. Көшкен жұртта, қирандының үстінде қалғандай тоқсаныншы жылдардың тоқырауынан аман өттік. Қиындықтың ауыры артта қалды. Он жылда бөлініп кеткен бұрынғы одақтас көп елден озамыз әлі» деп, журналды қолжазбаларымның қорабына салып қойғанмын. Осы мақала тәуелсіздіктің он жылы ішінде жазған мақалаларымның жинағын шығаруға ой салды. 2001 жылы «Атамұра» баспасынан «Оттай ыстық он жыл» кітабым жарық көрді. Бұл менің Отанымның тәуелсіздігінің он жылдығына азаматтық тартуым еді. Содан бері 16 жылдай уақыт өтіпті. Жуырда мәскеулік журналист Александр Мелиховтың мақаласын қайта оқыдым. «Ащы да болса қазақ халқының, қазақ тілінің кеңестік дәуірде өгейден де күні төмен күй кешкенін еш бүркемесіз жазған екен ғой» деп түйдім.

Бұл жазбасында редакция тапсырмасымен тәуелсіздік алған кіші Отанының тыныс-тіршілігін жазу үшін іссапарға бет алған А. Мелихов жас шағында қазақ жерінде көргендерін бүкпесіз баяндайды. Иә, кеңес заманында түрлі қуғын-сүргін көріп, өз жерінде ашылыққа айналған қазақты қалай мазақ етсе де, «қой» дейтін қожа, «әй» дейтін әже болмағаны шындық.

1987 жылы қарашада Петропавл қаласына «Қазақстан мектебі» республикалық ғылыми-педагогикалық журналының бас редакторы ретінде іссапармен барғанмын. «Оқу-тәрбие үдерісін оңтайландыру» тақырыбындағы конференцияға академик Ю. Бабанский қатысатын болып, қазақстандық білім беру саласының

басшылары, ғалымдар, танымал ұстаздар жиналды. Журналистер де келдік. Біз бір күн ерте келгенімізді пайдаланып, қаланың сыртында оқшау орналасқан қазақ тілді жалғыз мектеп-интернатта болып, автобуспен қайттық. Отырғыштар санаулы. Түрегеп тұрдық. Артқы есіктің тұсында екі қыз қазақша сыбырласып сөйлесіп тұрды. Кенет біз жанында тұрған орындағы етженді орыс әжей бүкіл денесімен бұрылып, қыздарға «что за гыр-гыр, говорите по-человечески» деп ақырды. Қыздар жым болып, біріне-бірі тығыла түсті. Мына дөрекілікке шыдамай, «әжей (бабуля), қандай тіл – адам тілі, айтыңызшы» дедік. Ажырайып қараған әжей жақтырмаған кейіппен теріс бұрылды.

Конференцияға Өскемен қаласынан қазақ тілі мен әдебиетінің республикаға мәшһүр мұғалімі Қанипа Бітібаева да қатысқан еді. Ол кейін өзінің «Егіз өрім» кітабында бұл туралы былай деп жазды: «Конференция әдеттегідей таза орыс тілінде өтіп жатты. Үзіліс кезінде министрліктің ең белді орындарында отырған екі ағатайым келіп: «Баяндаманы қай тілде жасайсыз?» деп сұрады. Мен қазақ тілінде жасайтынымды айтып едім, бір өтірігі жоқ, шошып кетті. «Қазақ тілінде жасамайсыз, ұят болады» деді екеуі бұйрықпен. Залда кем дегенде 70 пайыз қазақтар отырғанына пысқырып та қараған жоқ. Орыс тілінде сөйлесеңіз ғана сөз береміз» деп, шарт кетті көкелерім. «Жарайды» дедім, өтірік келісіп. Міне, сөз кезегі де келді. Өзімді өзім қайрап, көзге келген жас пен өн бойымды билеп кеткен намыс отын барынша тежеп, мінбеге көтерілдім. «Кешіріңіздер, мен Өскеменненмін ғой, бірер ауыз орысшамның бар екенін түсінерсіздер, бірақ мен баяндамамды ұлы Мұхтардың ұлы тілімен жасаймын, себебі оны аударуға шамам келмейді» деп, сөйлей жөнелдім. Мінбенің жанында, президиумда отырған ағайларымның «Мынау не деген ұятсыз адам» деген сөзін естіп қалдым. Баяндамамды аяқтадым, мінбеден түсіп, жиналыстан шығып жүре бердім, көзімнен жас құйылып кетті».

1985 жылы біз осындай бір іссапармен Өскемен қаласында болған едік. Автобус аялдамасында тұрғанмын. Бір орыс әже маған бұрылып, шұқшиып қарай берді. «Біреуге ұқсатып тұр ма екен» деп ойладым. Бір сәтте менің жаныма келді де, қадала қарап: «Казашка что ли?» дегені. Мен жайбарақат «да, Казашка. Не медведь» дедім.

Журналист А. Мелихов ұлтымыз көрген қорлықты бала күнінен байқап өскенін осы бір өктем мақаласынан көресіз. Осы жазбасының өзінен-ақ, қазақтың қазақ болудан қашуына кеңестік отаршылдық саясаттың, қазақ халқын, тілін, қазақ мектебін қорлау арқылы жетіп-ақ қалғаны айқын айтылыпты. Тәуелсіздіктің таңы кешіккенде ұлтымыздың тағдыры қалай болып кетер еді?!.

Сондықтан қазақ тілін дамудың жаңа даңғылына алып шығудың бір-ақ жолы – латын қарпіне көшу. Бұл – қазақ тілінің бойын тіктеп, жаңа тұрпатта жаңғыртудың жолы. Қазақстандықтарды дүр сілкінтіп, рухани жаңғыруға бағыттауға, қазақ тілін мәңгілік сақтаудың жолы. Елбасы Жарлығымен қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруді бастаған тарихи ұлы қадам жарқын болашақтың алтын арқауы болсын деп тілейміз.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2017 жыл, 8 қараша

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ – ОРТАҚ ІС

Білім күні мерекесінің алдында ақ тілектің тиегі ағытылған отбасылық тілашар тойы біріне-бірі жалғасып, ата-ана қауымын, бірінші рет мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндерді қызық-қуанышқа кенелтті. Біз қатысқан тілашар жоралғысында той иесі Тоқтарқызы Ғалияның беташар сөзін жиналған үлкен-кіші ерекше ықылас қоя тыңдады. Келін түсіріп, қыз ұзатып, немересін білім жолына үкілеп қосқалы отырған ардақты әже өзінің ата-апа бауырында өскенін, әкесімен қарындастай сырласып, сыйласып өскенін, өзінен кейінгі төрт сіңілісіне қамқор әпке, тіпті екінші шешесіндей болғанын айтып, тұрмысқа шығып сәбиін сүйгенінде әкесінен: «Баламды қалай тәрбиелесем екен?» деп сұрапты. Әкесі сонда «Құдай қосқан қосағың екеуің күнделікті өмірлеріңмен тәрбиеленде» депті. «Міне, әкемнің сол сөзі менің өмірлік ұстанымым болды. Төкең екеуміз екі ұл, бір қыз өсірдік. Үшеуі де ержетті. Өмірден өз орындарын тапты. Ел игілігіне қызмет етіп, абырой-құрметке жетіп отыр. Енді өз бауырларынан өрбіген ұл-қыздарына күнделікті өмірлерімен жақсы тәрбие беретіндеріне сенімдімін» деді. Немересі Ерсұлтанды шақырып, ба-

тасын беріп, маңдайынан сүйді. «Қызық осынікі ғой, ортамызда болсын» деп, қасында бос тұрған орындыққа отырғызды. «Әумин» деп беттерін сипаған қонақтар сөзге ерік берді. Бала күндерінен естерінде қалған әке-шеше тәлім-тәрбиесін айтып, «ендігі заман жастардікі, осылар жақсы болса, біз жақсымыз» деп, бата-тілектерін жаудырды. Бір кейуана «Ерсұлтанның жеті атасы да қасиетті адамдар. Аталарыңның аруағы қолдасын» деп, батаға қолын жая бергенде, отырғандардың бірі «руға бөлінгенді қояйықшы, бәріміз қазақпыз» деп, қатқылдау дауыспен бөліп жіберді. Сасыңқырап қалған кейуана жайған қолын созған күйі үндемей қалды. Жаңа ғана жадырап, жайсаң күйге енген көпшілік тып-тыныш бола қалды. Төр жақта отырған етжеңділеу Шеризат апа сәл қозғалып, тамағын қырнап алып, байсалды дауыспен: «Замандас, руды айтсын. Ру – баланың ататегі. Мектепте де жеті атаңды біл деп үйретеді екен. Қырық рудан құралып, қазақ болдық. Тәуба. Ру-руға бөліп, бір-біріне айдап салатын заман өткен. Бұра тартқан рушылдықтан сақтасын. Ерсұлтан баламыз ата-тегін біліп, мақтанып, соларға лайық болып өссін» деді. Сол-ақ екен, томсырайып қалған жүздер жадырап, қуанысып қалды. Батасын аяқтай алмай қалған апа да: «Мен батамды берейінші» деп, ду күлдіріп, тілегін төкті. Жасаңдау әйел «Ерсұлтанның әжесімен қазақша сөйлесетініне қуанып отырмын. Тойда отырмыз ғой. Би билеп, ән шырқайық. Әдемі әзіл-оспақ, сыпайы анекдот айтайық. Орыс туыстардың кішкентай отырысының өзі көңілді күлкі, қалжыңымен жарасып, үлкен тойдай болып кетеді ғой» деді. Бірі күліп, бірі үндемей қалған көпшілікке Сәлима апа: «Біз орыстан көп нәрсе үйрендік. Жақсысы да бар. Жаманы арақ дегенді білдік. Ең сорақысы, арақ ішуде орыстан оза бастадық. Қазір жастар мұндай қылықтан аулақ. Тәуба. Сол орыстан деймін-ау, енді бір нәрсені үйренуіміз керек. Олар отбасында тек орысша сөйлеседі. Біз де отбасында тек қазақша сөйлессек, ұрпағымыз ана тілінен ажырамай өседі. Жеті жұрттың тілін білсең де, өз тіліңді аяқ асты етуге болмайды. Немерелердің әке-шешесі – біздің балалар ғой. Осыны құлақтарына құйып отырайық. Күнделікті өміріңмен тәрбиелеу – күнделікті өз ісіңмен, жүріс-тұрысыңмен, жақсы сөзіңмен үлгі көрсету» деп, кіріп-шығып жүрген Ерсұлтанға риза көңілмен бір қарап қойды. Әні де, әзілі де әдемі, әңгімесі тәрбие тақырыбына арналған емін-ер-

кін пікір алысудай өткен той соңында «Отаныңның елеулісі, халқыңның қалауылысы бол» деп, Ерсұлтанның оқушы киіміне, кітаптарын салатын сөмкесіне шашу шашылды.

Болашақты бағдарлап жазған бүкілхалықтық Үндеуінде Елбасы: «Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемдеу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек» дейді. Тілашар дастарханында басынан аяғына дейін болған бізге Білім күні қарсаңында отбасылық дәстүрге енген осындай жиынды мәдени орындарда ата-ана, мұғалім қауым, жұртшылық, ресми мекемелер өкілдері болып өткізу қолға алынса, нұр үстіне нұр болар еді деген ой келді. Білім күні мерекесі алдында жетімдерге, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға жасалып жататын қамқорлықтар шеруі балаларды бөліп жармай-ақ тілашар мерекесіне айналса, мектеп табалдырығын бірінші рет аттайтын бүлдіршіндер үшін ерекше есте қаларлық салтанат болар еді.

«Отан отбасынан басталады» дейді дана қазағымыз. Әке-шешенің өмір салтынан санаға сіңіп, бойға дарыған отаншылдық сезім жас өренді мақсаткерлікке баулиды, жақсылыққа жетелейді. «Отбасы – шағын мемлекет» деген сөз бар. Мұны «отбасы – шағын мемлекеттің бастауы» деуге де болатындай. Әр отбасының отағасы, отанасы өсірген ұл-қызы есейіп, ержетіп, жеке-жеке отау тігіп, әулет болғаны – шағын мемлекет іспетті емес пе?!

Отбасы – ұрпақ сабақтастығының алтын бесігі. Ұл өсіп ержетіп, қыз өсіп бойжетіп көтерілетін жас шаңырақтар – қазақ халқының, елінің өсіп-өркендеуінің мөлдір қайнары. Сол шаңырақтарда іңгәлаған сәбилер – Өмір деген құдіреттің, ұрпақтың жалғасы. Қоғам құрылымының өзегі іспетті отбасын қолдау, қорғау, дамыту – ұрпақ үшін атқарылатын үлкен міндет. «Қара қазан, сары бала қамы үшін» атқа қонған Махамбет бабамыздың, қазақ баласы қай ұлттың баласымен де иық теңестіріп өссін деп, мектеп ашып, «Жаңа мектеп» журналын ашып, оқулық жазып, балалар әдебиетін байытқан кешегі Алаш ардақтыларының арман-мақсатына айналған әр қазақ отбасының бақыты – аңсаған тәуелсіздікке жеткен дәуірде айрықша маңызды. Қазіргі уақытта отбасы институтын дамыту мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілгені аса құптарлық, қуанарлық бағдар. Бұл орайда отбасынан, білім мен тәрбие бастауынан нәр алған қаракөздеріміздің азаматтық қалыптасу өткелі

іспетті мектептің атқарар міндеті, көтеретін жүгі аса жауапты. Отбасы мен мектеп ынтымақтастығының осал буынға айналғаны қоғамды алаңдатып отырғаны орынды. Жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беру ісі – отбасы мен мектептің қоғам алдындағы ортақ міндеті. Басқасын айтпағанда, өте нәзік сезімталдықты, биік адамгершілікті, жоғары білімділікті қажет ететін жасөспірім қыздар мен ұлдар тәрбиесінің жауаптылығын көтеру – отбасы мен мұғалімдер қауымы бірлесіп атқаратын қиын да киелі іс. Мұндай ынтымақтастық жиі естіліп қалатын ата-ананың мектепке, мектептің ата-анаға көңілі толмайтын әр түрлі әңгіменің де жолын кесе алады.

Биыл 380 мың бала бірінші сынып есігін ашып, мектеп партасына отырды. Отанымыздың өсіп-өркендеу жолының айғағындай жыл сайын мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндеріміздің қатары көбейіп келе жатқаны – баршамыздың ортақ мерейіміз. Құтты болсын!

«Егемен Қазақстан» газеті, 2017 жыл, 18 қыркүйек

НАМЫС ТУРАЛЫ НАҚЫЛ

Ата-бабалардан бүгінгі ұрпаққа мирас болып жеткен Ұлы Даланың түпкі тарихына бармай, XX ғасыр басында, тура 100 жыл бұрын, Ресей патшалығы құрдымға кетуге таяп, ақ пен қызыл айқасқан кеңестік жаңа империя күш ала бастаған шақта 1917 жылы 5-12 желтоқсанда Алаш қайраткерлерінің Алашорда автономиясын құру қадамы сан ғасырдың қойнауында қайнап піскен ұлттық намыстың тәуелсіз ел болуға ұмтылысының басы еді.

Кеңестік жүйенің қуғын-сүргіні, қолдан жасаған аштығы, атуайдау азабының өткешуінен «біз, қазақ, ежелден еркіндік аңсаған» деп күңірене жүріп, сол жиырмасыншы ғасыр соңында Тәуелсіз Қазақ Елінің көк байрағы көтерілген күнге жеттік. Еліміздің құрыш келбеті саналатын кешегі Қазақстан магниткасы – Теміртау металлургия комбинатында металдың ең мықтысы шойын балқытатын от-жалын шашқан домна пешінің оттықшысы бола жүріп, адам төзгісіз ауыр жұмысты ауыздықтауда «қой баққан қа-

зақ шыдай ма?!» деген сөзді теріске шығарып, ұлттық намыс пен өз ісіне адалдықтың теңдессіз құдіретін паш еткен кешегі маман жұмысшы-металлург – бүгінгі Елбасымыз еді. Тұңғыш Президент 1991 жылы баршамызды жарқын болашаққа бастады. Мәңгілік Ел болуы жолындағы бекем бірліктің үлгісін көрсететін уақыт келді.

Намыс туралы нақыл сөз, үздік ойдың иірімі өмірмен өзектес болып келеді. Айталық, халқымыз «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дейді. Ой кемеңгері Әбіш Кекілбаев: «Елің теңелмей тұрып, өзің теңелмейтініңді ұқтыратын құдірет – намыс» деп толғайды. Ал Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» үндеуінде: «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деген сұңғыла сөзі бірлікке бастайтын бағдаршам. Бұл адамдық арлы асыл қасиеттің, алмас қылыштай күш-қуаттың рухани қайнары ұлттық намыс биігіне жетелейді. Иә, өзіңнің туған ұяң – әулетіңді ғана емес, Отаныңды дөңгеленген дүниенің мықтыларымен иық теңестіруге, бойыңды тік ұстауға жеткізетін тұғыр – «Аққа Құдай жақ» дейтін адалдықтан артық ештеңе жоқ. Дегенмен жар жағалатып жығатын, ұлтты ұятқа қалдыратын жалған намыс шылауына шырмалып қалатынымыз бар.

Алматыда бір сапарымда қоныс тойға құтты болсын айтып, кештетіп шығып таксиге отырдым. Биік екі үйдің арасындағы тарлау жолмен үлкен даңғылға бұрылуға 2-3 метрдей қалғанда қарсы беттен шыға келген «Джип» бұрылып, алдымызға тоқтай қалды. Екі машина қарама-қарсы тұрды да қалды. Жүргізушіге: «Қайтесіз, шегінуін сұрайсыз ба?!» деп едім: «Апа, «Джип» рулінде отырғандар шағын көлік көрсе, жол бергенді намыс көреді. Үлкен жолдың үстінде, оңға, солға бұрылуға болмайтынын көре тұра, артыңа түссе, бипылдатып, тықсыратыны бар. Күтемін» дегені. Көңіліме қорқыныш кірді. «Төбелес болып кетпей ме?» деп сұрадым. «Қорықпаймын, қаруым бар» деді жүргізуші. Зәрем ұшты. Машинадан шықтым да, алдымызда тұрған көліктің терезесін ақырын қақтым. Төмен сырғып ашылды. Қарасам, екі қара көз жігіт отыр. Алдыңғы екі орындықтың арқасына сүйеніп бала тұр. Сәл шегінулерін сұрадым. Сол жақтағы жігіт маған қарады да, жүргізушіге «шегін» дегендей ишара жасады. Діттеген жеріме жеткенше, оқтау жұтып алғандай күй кештім. Президенттің Үндеуінде «астамшылық пен кердеңдікке жол бермеу» дегені

осы екен ғой. Ойланған сайын екі орындық ортасында мәз болып күліп тұрған бала бейнесі көз алдыма келе берді. «Сол тар жолда төбелесіп, арты атысқа ұласса бейкүнә сәби мен біздің күйіміз не болар еді? Бұл не? Өзімізді өзіміз менсінбеушілікке қалай жеттік» деген сауалға жауап іздедім. Философ Амангелді Айталының бір мақаласында: «Ұлттың руханилығы тарихи жағдайларға да байланысты. Кейде ұлтына жағымсыз баға беру, кемсіту, отарланған ұлт өкілдеріне тән. Өзімізді өзіміз қомсынушылық пен өзара сыйыспаушылық, өн бойымызға сіңіп қалған қырғиқабақтық рухани жаңаруды, тазаруды қажет етеді» дегенін оқыған едім. Сонда отарланған ұлт өкілдеріне тән өзара сыйыспаушылық, менсінбеушілік тәуелсіз ел жастарына қалай жеткен? Орыс тілінде «намыс» сөзінің баламасы жоқ екен. «Честь – абырой», «гордость – мақтаныш», «стыд – ар», «совесть – ұят» сөздерінің бәрі «намыс» ұғымының жиынтық мән-мағынасын жеткізе алмайды. Патриот, патриоттық та толық мағынадағы балама бола алмайды.

Сондықтан, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақша оқымай, қазақ өзіне керек ғылым үйренбейді» деген тәмсілі руханият мәйегі ана тілінде екенін нұсқағандай... Мәдениеттің өзі осы бір риясыз жақсы көруде, ел мен жеріңе деген ерекше сезімде жатыр.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2017 жыл, 15 ақпан

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМ ҚАУЫМЫ

Қазіргі уақытта мұғалім мәртебесі туралы әңгіме, пікірталас өте жиі естіледі. Мұғалім еңбегін саралау, бағалау да жалпыхалықтық мәселеге айналды. Жеке мұғалімнің білім, біліктілік деңгейі, адамгершілік табиғаты да үнемі көпшілік назарында. Мұғалім еңбегін саралаудың, бағалаудың жолдары көп-ақ. Уақыт талабымен мұғалім жұмысына қатысты бақылаудың жаңаша түрлері туындап жатады. Қазір электронды бақылау жүйесі енгізіле бастады. Мұғалім еңбегіне қойылатын талап-тілектің қандайы болсын шәкірт қауымның болашағы үшін қажет екені түсінікті.

Жас ұрпақтың білім алу жолында бірінші ұстазы болатын, одан кейін де шәкірттерінің ардақтысы болатын мұғалім қауым үшін ел ілтипаты, қоғам құрметі – тағылымды тәрбие мектебі.

Ұстаздықтың әліппесін бастау үшін жас мұғалімнің мектеп табалдырығын аттағанда ең бірінші алдын көретін адамы – мектеп директоры. Қазіргі уақытта мектеп директорының мәртебесі бұрынғы Одақ кезіндегіден әлдеқайда жоғары. Мемлекеттік жергілікті басқару Заңына сәйкес мұғалім қауымды мектепке жұмысқа қабылдайтын, еңбек келісімшартына қол қойып, бекітетін – мектеп директоры. Бұл – бүгінгі мұғалімдер қауымы мектеп директорларының «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» деген сөз.

Қазақстандық мемлекеттік білім саясатын жүзеге асыруда республикалық деңгейдегі орта білім ордаларын қоспағанда мыңдап саналатын облыстық, қалалық, аудандық әкімшіліктер аумағындағы жалпы орта білім беретін мектептердің, лицей, гимназиялардың директорларының жекелей жетекшілік міндеттерін атқару әдіс-тәсілдерін, ұйымдастырушылық қарым-қабілетін саралау, білімділік, біліктілік тәжірибесін зерделеу жөнінде ештеңе естілмейді. Мектеп директорының жеке адами мінез-құлқы, адамгершілік ұстанымдары, рухани байлығы, мақсат-тілектері көпшілікке жария етілмейтін жабық тақырып сияқты. Сонда мектеп басшысының нақтылы қандай басшы екенін қалай білуге болады? Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» үндеуінде: «Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді» дейді. Бұл сөз жалпыға, бірінші кезекте, еліміздің болашағының іргетасы қаланатын міндетті орта білім мекемелерінің басшыларына қарата айтылғандай.

Бүгінгі мектеп директоры, кешегі мұғалім немесе мектеп директорының орынбасары делік. Қызмет бабында өсіп, басшылық лауазымға жеткенде осындай қиын да құрметті жұмысқа лайықты білім, біліктілігімен, рухани байлығымен, ең бастысы, ізгіліктің, адамгершіліктің ақ туына адалдық биігінен көріне білсе игі. Ал егер олай болмаса ше? Өткен 2016-2017 оқу жылының соңын ала мектеп директоры «пара алды» деген он үш мұғалімнің жанайқайы телеарналардан қылаң берді. «Мұғалімнің жанайқайы»

тақырыбымен шыққан бұл оқиға «бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» дегендей, мектеп директорларының абыройына көлеңке түсіретін келеңсіз жайт. Бұл кикілжің есік қағып тұрған жаңа 2017-2018 оқу жылында жалғаса бермесіне кім кепіл?! Бұл мектептің басшы-қосшы қауымының бітіспес дауынан, қырғи-қабақ арызшылығынан қажыған ата-аналарға да ауыр тиері анық. Оқу-тәрбие сапасы қандай болмақ? Бұдан мектеп директорларын іріктеу, тағайындау жүйесі бар ма? Болса қандай деген сауал туады.

Осы тұста Германия Федеративтік Республикасының білім беру жүйесінің басшы кадрларын даярлау тәжірибесіне зер салсақ артық болмайтын сияқты. Бавария жерінің Диллинген қаласындағы мұғалімдер білімін көтеру және қайта даярлау академиясымен тығыз қарым-қатынас орнатқан қазақстандық білім жүйесінің басшы және ғылыми кадрлар мамандығын көтеру институтының өзара тәжірибе алмасу жоспарына сәйкес біздің республиканың педагогикалық жұмыс орталықтары жетекшілерінің үлкен тобы 1996 жылы екі апта Бавария жерінде болып қайттық. Сол топтың ішінде республикалық ғылыми-педагогикалық «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы ретінде мен де болдым. Осы сапарда көзбен көріп, көңілге түйгендерді «Бавария сабақтары» деген тақырыппен «Егемен Қазақстан» газетінде (13.11.1996 ж.) оқырман назарына ұсындық. Еуропа одақтастығындағы барлық елдермен, Болгария, Румыния, Польшамен, Азияда Қытаймен, бұрынғы кеңестік аймақта Латвия, Литва, Эстониямен тығыз қарым-қатынас орнатқан, жұмыс істеп тұрғанына 25 жыл болған академияда еңбек жолын доценттік қызметтен бастап, 21 жыл директор болып отырған Людвиг Херинг мырза бірінші дәрісте бізді өзі басқаратын білім ордасының бес түрлі тақырыптық жұмыс бағыттарымен кең көлемде таныстырды. Соның бірі – Бавария Білім министрлігінің мектепке директор қызметіне кандидатуралар даярлау тапсырысына сәйкес басшы кадрлар курстарын ұйымдастыру жұмыстары бізді ерекше қызықтырды. Мұндай курстардың сан салалы ізденістерінің уақыт талабымен үйлесімділігі басты меже екен.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2017 жыл, 8 тамыз

ТҮЛЕКТЕРДІ «ТҮРЛЕНДІРГЕННЕН» НЕ ҰТАМЫЗ?!

Күні кеше ғана соңғы қоңырауы соғылған 2016-2017 оқу жылы бірқатар жаңалығымен қазақстандық білім беру ісінің дамуындағы айрықша жыл болғаны анық. Ең алдымен, бұл оқу жылы орта мектепті бітірушілердің аттестат алу үшін бұрынғыдай мемлекеттік емтихан тапсыруға көшірілген кезеңі ретінде есте қалатын болды. Бұл, сөз жоқ, дұрыс қадам.

Аталған жаңалық, әсіресе, ауылдық мектептердің түлектері үшін ерекше қуанышты болды. Олар биыл Ұлттық бірыңғай тестілеу сынақтары орталықтарына жету үшін жол-сапар сүргінін көрген жоқ. Сөйтіп, өмірлерінің ең қиын да жауапты күндерінде ата-анасының ыстық ұясынан еріксіз ұзап шығып, жатақханаларға уақытша тұрақтау мәжбүрлігінен құтылды.

Жоғары оқу орындарына түсуге жол ашатын Ұлттық бірыңғай тестілеу сынақтары маусымның соңғы он күнінде өткізілді. Түлектер мамандық алу жолдарын кеңінен ойлануға мүмкіндік алды.

Бұл жыл – Ұлттық бірыңғай тестілеу сынақтарының көптеген жаңалықтарымен ерекшеленді. Ең бастысы, жоғары оқу орындарында оқуға ұмтылған түлектердің ҰБТ сынақтарындағы балдық көрсеткіштері олар бітірген орта мектептердің рейтингілеріне, тарқатып айтсақ, орта мектептің білім берудегі сапалық деңгейін анықтауда есепке алынбайтын болды. Бұл – тиімді бетбұрыс. Өйткені осы ҰБТ басталғалы бері орта мектептердің сабақ кестесіндегі пәндер тестілеу сынағына енгізілетін, енгізілмейтін болып бөлініп, оқытуда сапалық ала-құлалыққа апаруы мүмкін деген алаңдаушылық туындағаны жалпыға мәлім жайт. Сондықтан да, бұл жаңалық «орта мектептер ҰБТ сынағының дайындық алаңына айналып кеткені» туралы жұртшылық арасында белең ала бастаған пікірталастың жолын кесті. Орта мектептердің педагогикалық ұжымдары үшін мемлекеттік бағдарламаға сәйкес оқытылатын барлық пәннен бірдей заманауи талап-міндет тұрғысынан білім негізінің сапалық деңгейін жан-жақты көтеруге жұмылуға кең жол ашты.

Биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағының ел-жұртты ерекше елең еткізген жаңалығы – орта мектеп түлектерінің алтын

белгі аттестаты иегерлеріне жеңілдіктер жасалмайтын болғаны. Яғни, орта мектеп түлектерінің жоғары оқу орнында білімін жалғастыруға жетуі үшін барлығына бірдей талап қойылады.

Бұл жаңалық өзім онжылдық мектепті бітірген сонау 1961 жылды есіме түсірді. Мектепті күміс медальмен бітіріп, алып-ұшып Алматы шаһарына жетіп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының қабылдау бөліміне құжаттарымды тапсырып тұрып, медальға жеңілдіктер алынып тасталғанын естігенде абдырап қалғаным есімде. Сол тарих сол қалпында жарты ғасырдан астам уақыттан кейін қайталанып отыр. Бұдан аттестатты әр түрлі белгімен, бояумен ерекшелеудің уақыты өтті-ау деген ой туды.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: *«Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қатаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес»* деп жазады. «Дәстүрдің озығы да бар, тозығы да бар» дейді халқымыз. Ойланып көрейікші. Өркениет шарықтаған XXI ғасырда орта мектепте оқытылатын міндетті пәндерден алған бағаларына сүйеніп, түлектерді «алтын белгі», «үздік», «қызыл», тағы басқа аттестат иегерлеріне бөлгеннен не ұтамыз?!

«Алтын белгі» төңірегінде мектеп ішінде әр түрлі әділетсіздікке жол беріліп қалатыны арагідік болса да естіліп қалады. Мектептің рейтингісін көтеру үшін жақсы оқуымен, үлгілі тәрбиесімен өз қатарластарынан озық шәкіртті ұстаздарының «Алтын белгіге» сүйрейтіні де бар. Мұның өзі әр түрлі наразылық тууына себепші болатыны түсінікті.

Қазақ Елінің ертеңгі болашағы, әрбір ата-ананың көзінің ағы мен қарасындай мектеп бітіруші түлектердің бәрі бірдей, бәрі аяулы. Әрине, мектептегі оқуда бірі – озат, бірі – орташа, тіпті үлгерімі төмендер де бар. Солардың бәрі біздің болашағымыз. Сондықтан бір-бірінен бөліп-жармай, қорытынды бағалары көрсетілген біркелкі аттестатқа көшкен дұрыс сияқты.

Биік арман-тілекпен болашаққа бет түзеген түлектерді қолдаудың, жетелеудің жаңа заманға лайық өршіл тәлім-тәрбие жолдарын іздейік. Мектеп түлектерін түрлі түсті аттестат иегерлері деп емес, тәжірибеде бар болса да, бәсеңдеу естілетін халықаралық, республикалық, тіпті облыстық, аудандық, мектепаралық, мек-

тепішілік білімдік, біліктілік, өнертапқыштық, жаңашылдық, мәдениет, әдебиет, өнер, ана тілі, көптілділік, спорт, тағы басқа сайыстардың жеңімпаздары деп күшейтіп, кең көлемде марапаттауға, жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруға, мемлекет, Ұлттық компаниялар, ірі меценаттар және басқалар тарапынан жолашар жеңілдіктер жасауға түбегейлі бетбұрыс жасайтын уақыттың келгені анық.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2017 жыл, 13 шілде

«БЕШБАРМАҚ» СӨЗІ ҺӘМ ГОЛОЩЕКИННІҢ САЙҚЫМАЗАҒЫ

Алматыдан Астанаға көшіп келген жылдың күзінде тіркеуге тұру үшін Алматы аудандық ардагерлер ұйымының кеңсесіне бардым. Ұйым төрағасы Сайлаубек Дүйсенбекұлы жылы қабылдады. Соңында: «Тілімізге мүлдем жат «бешбармақ» сөзінен қалай құтыламыз? Ұлттық үлкен асымызға лайықты атау тапсаңыз, маған айтыңызшы» деді.

Сол әңгімеден кейін алты жылдай уақыт өтсе де қолданыстан қалмаған, тілімізді бұзып тұрған кесірлі сөз жайында ойды ортаға салу үшін қолыма қалам алдым. Өйткені жадымда жатталып қалған әкеммен екеуара болған бір әңгімені де жаңғыртқым келді. Әкем тоқсаннан асып, 1994 жылы дүниеден өтті. Бозбала шағында соқа сүйретіп, алғашқы серіктестіктерді құрысуға қатысып, ауыл басқарып абыройға жеткен. Соғыс жылдарында Сталинград, Ростов шайқастарының отының өтінде жүріп, бір қол, бір аяқтан жараланып, бірінші топтағы мүгедек болып елге оралды. Мүгедек қалпымен шаруашылықтан қол үзбей, кеңшар басқарып, жылқышы болып, құрметті зейнеткерлікке шығып, баянды ғұмыр кешті. Мұның бәрін жазып отырғаным, ел десе, ішкенін жерге қоятын ерекше адал адам еді. Сұрапыл шайқаста опат болған туған екі інісінің өтеуіндей (әкем осылай дейтін) соғыстың соңын ала туған, кештеу көрген тұңғышы болғандықтан мені алабөтен жақсы көріп, өзімен қатар адамдай әңгімеге тартып, ішкі сырын ірікпейтін еді. Мен үшін бұл үлкен тәрбие, білім мектебі болды.

Әкемнен осы «бешбармақ» сөзі жөнінде сұрағаным бүгінгідей есімде. Сонда: «Е-е, бұл Голощекиннің сайқымазағы ғой. Қазақ етті қолмен жейді деп, сондай ат қойыпты. Оны жандайшаптары қолпаштап, ел-жұртқа таратып жіберіпті. Үлкен асымызға таңылған жолбике атау содан бері жабысып, қалмай келеді» деп қынжылып еді. Халқымыз «Бір қарын майды бір құмалақ шіріте-ді» дейді. Ардақты асымызға түскен бір құмалақтай ана тілімізді былғап тұрған осы бір жолбике жамау сөзсымақтан арылуға халық болып жұмылатын уақыт келген сияқты.

Сөзсымақ дегенім «бешбармақ» қазақ сөзі емес. Орысша да емес, бірақ түп-төркіні орысшадан бастау алатын сияқты. Ойланып көрелік. Неге бес сөзі беш болып бұзылған? Орыс тілінде де **бес** сөзі бар. Мағынасы қазақшадан мүлдем бөлек. Мәселен **«бес попутал», «беситься»** (жын-шайтан түртті). С дыбысы ш-ға айналып **(бешеный)** кететіні де бар. Сөйтіп қазақша бес орысша беш болып кетті ме екен? Сондай-ақ бір қол саласында бір бармақ, төрт саусақ бар. Төрт бармақ қайдан келген? Шешуін тағы да тіл ерекшеліктерінен іздейік. Орыс тілінде бармақ деген сөз жоқ. Орысшада екі қол саласының бәрі саусақтар. Орыс тілінің ықпайымен бір қолдағы бір бармақ, төрт саусағымыз түгелдей бармақ болып кеткендей. Қаласа, жер-судың, қала, дала, ауылдың атауыларын, тіпті кісі есімдерін өктемдікпен оп-оңай орысшаға өзгерте салу – кеңестік билікке тән тәсіл. Ендеше бірі ғана емес, барлығы бармақ болсын деген өктемдіктен «бешбармақ» шыққан сияқты. Қайдан қалай шықса да, тілімізге жат сөзді ұлттық тағамымызға таңып, іштей ұнатпасақ та «қыңқ» демей көніп жүре бердік. Енді арылуымыз, қолданыстан түбірімен жұлып тастауымыз керек.

Әр халықта еттен жасалатын тағам түрлері бар. Қазақта да қуырдақ, сірне, тағы басқалары баршылық. Дегенмен иісі мұрын жарып, буы бұрқырап, қазы-қартасы, жал-жаясы мен жілік-омыртқасы төңкеріліп алдыңа келгенде тәбетіңді де, көз-көңіл қуанышыңды да әп-сәтте көтеріп жіберетін еттің орны бөлек. Ес білгеннен қазанда пісіп жатқан ерекше иісін сезгеннен-ақ «ет жейміз» деп қуанатынбыз. Келе-келе басқа ұлт адамдарымен аралас-құраластық көбейіп, оларға «Қазақша ет» деп түсіндіріп, осы атауға ден қойып, әбден үйрендік. Тоқсаныншы жылдары Алматы қаласының ірі мейрамханаларының қазақша-орысша жазылған

ас мәзірінің (меню) тізімінен «Тайлық ет» («мясо по-тайски»), «Французша салат» («салат по-французски») дегендей, «Қазақша ет», «Мясо по-казахски» атауын оқып, қуанған едік. Бірте-бірте ас мәзірінің қазақша жазылуы да, «Қазақша ет» атауы да сирей бастады. Шынымды айтсам, көңілге қаяу түсіретін, ерсі естілетін «бешбармақ» атауын ұмыттырмай жаңғыртып, төрге сүйреп жүрген – өзіміз бе деген де ой келді. Себебі, қазақта, шүкір, той көп. Болсын. Қазақ тойының салтанатын асырып, сәнін көтеретін қазақша ет тартылатын сәтте той тізгінін ұстаған асаба көтеріңкі дауыспен «ет дайын болды» деп хабарлайды. Кейде мәндеп-сәндеп «бешбармақ» деп әндете созып қосып қояды. Оған ешкім «мұның не» демейді.

Әңгіме төркіні ұлттық бас тағам туралы болған соң, «сыбаға» атауы жөнінде ойымызды білдіре кету жөн сияқты. Өйткені, қазақы қонақжайлықтың үзілмейтін үлгісіндей «сыбаға» сөзі қағажу қалып жатқандай. «Сыбаға» – қазақы сый-құрметтің салты. Халқымыздың салт-дәстүрі көрініс беретін тойларда, әсіресе, екі жастың шаңырақ көтерген қызығында құдаларды шашу шашып, ерекшелеп қарсы аламыз. Ал табақ тартуда олар жалпымен бірдей болып қалады. Құдаларға табақтарын «Сыбаға» деп, жекелей хабарлап, зор құрметпен тартса, той сәні арта түсер еді. «Қазақша ет», «Сыбаға» атаулары қатар естілер еді, яғни, мейрамхана, дәмханаларда ас мәзірі тізіміне «Қазақша ет», «Сыбаға» деп жазылуы керек. «Қазақша ет» туралып, «Сыбаға» мүшелеп тартылады. Осылайша еттің ежелгі атауылары жолбике атаумен тарап кетуіне тосқауыл болар еді.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2018 жыл, 9 ақпан

АНА ТІЛІМІЗ – БІРІНШІ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Әбділда Тәжібаев Қазақ радиосына берген сұхбатын осы өзекжарды сөзбен бастапты. Бұл – кеңестік кезеңде айтылған сөз. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады» деп,

кеңестік биліктің ұлт ретінде жойып жіберуді көздегенін ашық жазады.

Ауыр соққы ана тілімізге де төнді. Қауіптің қара бұлты әлі толық сейілген жоқ. Философ Амангелді Айталы: «Жаһандану заманында ұлттың рухани коды жойыла бастады деушілер көбейді. Әсіресе, ресейлік ғалымдар арасында ұлттардың жаназасын шығарғысы келетіндер бар. Мысалы, қазақтарды орыс әлемінің ықпалынан шығарғысы келмейтіндер ұлттың жай ғана топ екендігін көрсету үшін қазақтарды мысалға алады» деп жазады. Адамзат тарихынан ойып орын алған ұлтымыздың басына төнген қауіпті қоюлата түсуді көздейтін ниетке жол бермеудің амалы – ана тілін ардақтап, мемлекеттік мәртебе биігіне көтеру. Туған тілін еш уақытта өзгенің табанына салмайтын отандастарымыздың барлығы бұл тілекте бірлік көрсетініне күмән жоқ. Мәселе өзімізде – қазағымызда. Мемлекеттік тіл саласындағы жұмыстың өрге басуына тілдік негізде екіге бөлініп бара жатқан қазақтың, өз ішіміздегі ойдың бірікпеуі басты кедергі. Ана тілінен алыстаған жас пен жасамыстар саны бірнеше миллион. Бір замандас немересінің қазақшаны түсінбейтінін, қызы мен күйеу баласы да орысша сөйлесетінін айтып қынжылғанда не дерімізді білмедік. Ана көңілін жықпай, қызы баласын қазақ мектебіне апарыпты. Бірінші сабақтан келген немересінің алдынан шығып, құшағын жайған әжесіне ботақаны орысша: «Не пойду в школу, там одни иностранцы» деп бұртиыпты. Бір замандас университет бітірген немересі шымкенттік жігітке тұрмысқа шығатынын, қазақшасы ауызекі сөйлеуден аспайтынын айтып, «қалай болар екен» деп, қорқасоқтайтынын жасырмады. Құдаларының келін түсіру тойына қатысып қайтқан соң: «Көңілім орнына түсті, күйеу баланың отбасы орыс тілді екен» деп мәз-мейрам болды. Иә, қазақтың өзара орысшасына құлақ үйреніп, көндігіп те кеткендейміз. Бұрын өзбек ағайындардың «орыс болу үшін әуелі қазақ болу керек» деген қағытпасын естігенде, намыстанатын едік. Сол намысты жоғалтып барамыз ба, қалай? Елбасы Ұлытау төрінен «Қазақ қазақпен қазақша сөйлес, кімнен қорқасың?!» деуінде терең мән бар. Бұл – ана тіліміз бен салт-дәстүріміздің берік қазығы болып келген қазақ халқына «бірінші байлығыңа, басыңдағы бағыңа ие бол» деген сөз. Әр отбасына бас болатын әулеттің үлкендері. Неміс ойшылы Хайдеггер «Тіл –

адамның үйі» дейді. Отбасылық «Ана мектебі» – ұлттық рухани құндылықтар қайнары, туған тілдің мөлдір бастауы.

Педагогика ғылымының атасы Ян Коменскийдің «Ұлы дидактика» еңбегі бойынша балаға тәрбие, білім берудің екінші сатысы «Ана тілі мектебі» – тіліміздің дамудың телегей теңізіне алып шығатын қазақ мектептерінің бастауыш буыны. Тәуелсіздіктің шарапатымен ата-ана зәру болып келген қазақ мектептері мен балабақшалар қаулап өсіп келеді. Оқушылар саны да жыл сайын артуда. Дегенмен қазіргі қазақ мектептері шәкірттерінің тілі шұбарланып тұрады. Қазақ мектептерінің қасіретіне айналған аралас тілділік жойылмай, ана тіліміз адым жаза алмайды. Оқыту ісін орыс тілімен қосарлап қойыртпақтау сүргіні өткен ғасырдың 70-жылдарының басында басталды, Оқу министрінің орынбасары Щербаковтың аралас тілді мектептерді әспеттеген ғылыми диссертация қорғауынан кейін кең қанат жайды. Сол кезде-ақ Сәбит Мұқанов аралас тілділік қазақ тілі тамырына балта көтеру екенін қатты айтты. Амал нешік, аралас тілділік белең алып, орыс тілі басымдыққа жетті. Енді, міне, XXI ғасырда отаршылдық жымысқы саясаттың жемісі пісіп, жасы бар, жасамысы бар миллиондаған қазағымыз ана тілін жиып орысшаға көшті. Қазақ мектептерін аралас тілділіктен құтқару қолға алынғанымен, діттеген мақсатқа жеткен жоқпыз. Елбасы нұсқауымен мемлекеттік тілді қорғауға бағытталған күрделі іс-шаралар қолға алынды. Парламент, Үкімет қазақша сөйлей бастады. Енді үлкенді-кішілі басшы атаулының қазақшасының жетік болуын талап ететін Заң қажет.

Ана тілінің тағдыршешті тұғыры болатын латын әрпіне көшу басталды. Тек бұрынғы ғадетпен қазақ тіліне қатысты көп мәселені созбұйдаға салып жіберуден сақ болсақ игі. Елбасы Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасау жөнінде тапсырма берді. Бұл кесте Үкімет кеңсесі ішінде қалып қоймай, жария болуын күтудеміз. Білім және ғылым министрі 2020 жылы бірінші сынып латын әрпіне көшетінін хабардар етті. Елбасы «жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шартына» айналған ағылшын тілін оқытуды жаппай және жедел жүргізуді тапсырды. Ендігі мәселе – бұл міндетті жүзеге асыратын орындаушыларда. Басшылыққа алатын бағдар айқын. Елбасы Үндеуінде айтып отырғанындай, туған тілімен қатар балаға екінші

және үшінші тілдерді үйретуде жалпы педагогика ғылымын сүйеніш еткен озат елдердің озық тәжірибесіне ден қойсақ, ана тіліміз дамудың жаңа биігіне шығатынына сенім мол.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2018 жыл, 4 сәуір

ТОЛАҒАЙ ТУҒАН ТҰЛЕКТЕР

Таяуда Қытай елімен арадағы шекараны бөліп жатқан Тарбағатай тауының теріскейіндегі таумен аттас ауданға жолымыз түсті. Осы өңірдегі тұңғыш мектеп 1926-1927 жылы үш сыныптық тірек мектебі аталып, 1927-1928 оқу жылында жүйелі білім ұясы болып ашылған екен. Балаларын оқу-білімге жетелеген ата-аналардың мектеп төңірегіне шоғырлануы Ақсуат ауылының аудан орталығына айналуына себеп болған.

«Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деп тегін айтпаса керек. Бүгінде ауданда жеке шаңырақ құрған А. Байқыдыров атындағы музыка мектебі, М. Имашев атындағы балалар спорт мектебі және оқу орыс тілінде оқытатын мектептердің арасында үш қабатты ғимаратта орналасқан қазақ орта мектебі де жемісті еңбек жолын жалғастырып, ата-аналар қауымы мен мұғалімдер ұжымының, мыңдаған шәкірттері мен түлектерінің сағынтып тұратын білім ордасы болып отыр.

Биыл Тарбағатай ауданының орталығында орналасқан К. Нұрбаев атындағы қазақ орта мектебіне – 90 жыл. Саналы ғұмырын жеткіншектерге білім мен тәрбие беруге арнаған осындағы оқу ісінің майталмандары мен қамқоршы азаматтардың атында бастауыш сынып, физика, жаратылыстану пәндерінің кабинеттері ашылуда. Аудан жұртшылығы, еліміздің түкпір-түкпірінен келген мектеп түлектері бас қосқан аудандық мәдениет үйінде өткен терең мазмұнды шежірелі жиын ғасырға жуық тарихы бар білім ұясының мерейін асырып, көпшілік көңілінен шықты.

Әлбетте, мектеп ұжымы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру ісіндегі басты тұлға мұғалімдерімен, оқуда озат, өнегелі шәкірттерімен, еңбектің әр саласында ел ықыласына бөленген түлектерімен мақтанады. Мектеп директоры Е. Абсалямов ұстаздар мен

түлектердің білім ордасының мерейін өсіретін өлшеусіз қызметін айрықша атап өтті. Мәселен, әр жылдары осы мектептің орта білім ордасына айналуына атсалысқан, соғыс жылдарында жауынгерлік ерліктерімен ел құрметіне бөленген Тілеген Қинаубаев, Игембек Төлеутаев, Қасым Сәрсенбаев, Кәрім Нұрбаев есімдері ерекше аталды. Айталық, Зайсан педагогикалық училищесінің отызыншы жылдардағы түлегі, бастауыш сыныптың орыс тілі пәнінің мұғалімі, аудандық оқу бөлімінің қызметкері, 1940-1941 оқу жылында Ақсуат орта мектебінің директоры Тілеген Қинаубаев майданға шақырылып, Мәскеуге әскери десанттар оқуына жіберілді. Сұрапыл шайқаста ерлігімен гвардия сержанты атағына жетті. «Қызыл Жұлдыз» орденін алды. 1945 жылы 16 наурызда Венгрия жерінде қаза тапты. Бүгінде Будапешт қаласындағы бауырластар зиратындағы мемориалдық тақта тасына есімі ойып жазылған. Жауынгерлік ерлік жолының құжаттары еліміздің Қорғаныс министрлігінің республикалық әскери-тарихи мұражайы қорында сақтаулы. Жеңістің 70 жылдығында аудан орталығындағы көшелердің біріне есімі берілді. Сондай-ақ бұрынғы «Ақ мектеп» 1938-1939 оқу жылы орта білім ордасы болғанында бірінші директоры Кәрім Нұрбаев соғыстан қайтқаннан кейін жауапты басшылық қызметтер атқарып, мемлекет, қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген. Үш мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған. 2001 жылы осы мектепке есімі берілді. Елдің қиыр шетінде, облыс орталығынан 400 шақырым, темір жол бекетінен 300 шақырым шалғайда, жол қатынасы аса қиын кезеңде оқыған, өмір жолы аңызға айналған ақсуаттық түлектердің бірі – Қаби Мыңжанов. Ол жеті жылдықты бітіріп, Қарағанды қаласының жұмысшы факультетіне шақыруды естіп, жол-жөнекей жаяулап, кезіккен арба, машинамен селбесіп, қалаға жетіпті. Маман жұмысшы оқуын бітіріп, Қарсақпай көмір кенішінде еңбек жолын бастады. Ауыр жұмыстан қолы қалт еткенде газет-журналға мақала жолдап, қалам қуатымен танылды. Ағамыздың «Социалистік Қазақстан» газетіне келу тарихы осылай еді. Ұзақ жылдар бойы аға газеттің өнеркәсіп бөлімін басқарып, зейнетке шығып, дүниеден өтті. Сөйтіп баспасөзге барын арнаған атамызды о дүниелік болған мұғалімдермен, түлектермен бірге 90 жылдық салтанатқа жиналған қауымның бір минут орындарынан тұрып үнсіз еске

алғаны жүректі шымырлатты. Еліміздің аса танымал журналисі Нұрғазы Шәкеев те осы мектептің түлегі. Нұрғазы ағамыздың еліміздің баспа ісіне сіңірген ерен еңбегі, қазақ баспасөзі тарихында сын-сықақ әлемінің көшін бастаған «Ара» журналының бас редакторы болғаны өскен жұрты мен оқыған мектебі ұжымы үшін зор мерей. Сондай-ақ мектепті ерекше биікке көтерген бір шыңы дейтіндей түлегі – КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген архитекторы, 1971-1983 жылдары Алматы қаласының бас архитекторы Адамбек Қапанов. Халқымыздың «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейтін даналық салтын сақтай отырып, салтанатты жиында сахналық жүгіртпе бейнелерде көрініп, сондай-ақ мінберге көтерілген үлкен-кішінің естеліктерінде олар санамалап аталып, еске алынды. Математикада Тоқтар Нүрекенов, әдебиетте Төкен Абдрахманов, Өжікен Тыныбаева, Төкен Ибрагимов, жазушы Ахмет Жүнісов, қазақ тілінің диалектология ілімінің білгірі Қабдолла Қалиев, әлем әртісі Балтабек Жұмағұлов, заңгер Қадыр Шыныбаев, дәрігер ғалым Қинаят Оразаев, техника ғалымы Мұса Шоқаев, подполковник Мәлік Тұрысбеков, мәдениет қайраткері Қонысбек Ақжасаров, күрестен КСРО спорт шебері Марат Имашев бар.

Абыройы асқақтаған білім ұясы мұғалімдерінің ел өркениетіне қосар үлесі жылдан-жылға еселене түсті. Шәкірттерінің шамшырақтай жарқыраған жұлдызды жолдары жалғаса берсін демекпіз.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2018 жыл, 6 маусым

HALYQ SÓZINDE BIRTUTASTYQ, BIRLIK BAR

«Halyq» sóziniń mán-maǵynasy óte tereń ekeni barshaǵa málim. Másele – osyndaı saıasy astary aıryqsha sózdi qalaı qoldanyp júrgenimizde. Merzimdi baspasóz betterindegi habarlardan, teleradıo arnalardan, ózara áńgimeden «aýyl halqy», «qala halqy» degendi oqyp ta, estip te júrmiz. Máselen, telearnalardyń birinen «Arshaly aýdanynda 27 myń halyq bar» degendi estidim de, «halyq sózin durys qoldanaıyq» dep, ózimniń oı dápterime jazyp qoıdym. Sebebi orys tilinde «narod sela» nemese «narod derevnı», «narod raıona», «narod goroda»

demeıdi, tipti jazbaıdy. Bul tilde «naselenıe», «jıtelı», «gorojane», «selchane» deıtinin bilemiz. Biz qazaqsha «aýyl turǵyndary», «qalalyqtar» nemese «qala turǵyndary» desek, ekpini báseń bolyp, birdeńe joǵaltyp alatyndaı, «aýyl halqy», «qala halqy» dep qysqa qaıyramyz. Sonda deımin-aý, qazaǵymyzdy bólip, jiktep, birtutas halyq sanatyna qospaı turǵanymyzdy nege ańǵarmaımyz?!

Keńes dáýirinde «sovet halqy» («sovetskıı narod») sózi on bes respýblıka halyqtarynyń tutastyǵyn bildiretin qudireti kúshti saıası ataýǵa aınalyp, sanamyzǵa shegedeı qaǵylyp, shemendeı bolyp qatqany málim. Óz qazaǵymyzdy birtutas halyq deı almaı júrgenimiz sol shemendeı sózdiń áli de sanamyzdy bitep, erkin oılaýǵa jibermeı tur ma eken degen oıǵa qaldyratyny ras. Iá, sanamyzǵa sińgen «keńestik halyq» ataýynan aıyǵa almaı júrgenimiz ras. «Ultymyzǵa adam aıtqysyz demografıalyq soqqy jasaldy. Onyń jarasy bir ǵasyrdan beri áli jazylmaı keledi. Qazaqtyń tili men mádenıeti qurdymǵa kete jazdady» dep Rýhanı jańǵyrýǵa arnalǵan maqalasynda Elbasy sanamyzǵa túsken salmaqtyń aýyr derttei bolǵanyn búkpesiz jetkizedi. Bul baǵdarlamanyń jalǵasy «Uly dalanyń jeti qyry» maqalasynda «Bizdiń tarıhymyzda qasiretti sátter men qaıǵyly oqıǵalar, áleýmettik turǵydan qaýipti synaqtar men saıası qýǵyn-súrginder az bolmady» dep, tarıhı shyndyqty esh búrkemesiz taǵy da alǵa tartty. Iá, qazaqty halyq degen uǵymnan alystatý úshin jerimizge basqa ult ókilderi kóptep kóshirildi. Qazaq atajurtynda azshylyqqa aınaldy. Qasireti mol asharshylyq zardabynan 130 rýdyń shejiresi toqtaǵan degen de derek bar. Sóıtip, ana tilimizge myqty tusaý baılandy. Orys tili – ortaq til, qazaq tili – etnostyq toptyń tili bolýyn kózdegeni – keshegi keńestik dáýirdiń tarıhy. Táýba, táýelsiz eldikke jettik.

Elimiz táýelsizdik alǵan 90-jyldary Almaty qalasyndaǵy muǵalimder bilimin jetildirýmen shuǵyldanatyn Ortalyq ınstıtýtta etnopedagogıka máselelerine arnalǵan ǵylymı-praktıkalyq konferensıa jumysynan túıgenimizdi taǵy bir eske alsaq, artyq bolmaıdy. Bul jıynda kóterilgen máseleler jóninde sol kezeńde baspasózde «Qazaqstanda qansha halyq bar?» degen taqyryppen maqalamyz jaryq kórgen bolatyn. Sodan beri biraz jyl ótse de, mańyzdylyǵyn joımaıtyn sol konferensıada Qazaqstandaǵy Fransıa elshiliginiń bilim jónindegi keńesshisi sóılegen sózinde Fransıa memleketiniń azamattyǵyn alǵan adam ultyna qaramastan fransýz bolyp sanalatynyn aıtty. Ol ulty ıtalıalyq anasynyń Fransıanyń azamattyǵyn alǵannan keıin tegi ıtalıalyq fransýz bolǵanyn maqtanysh etetinin mysalǵa keltirdi. Sol sıaqty Almaty qalasyndaǵy S. Demırel atyndaǵy Qazaq-túrik ýnıversıtetiniń ustazy M.Kaplan Túrkıa memleketi azamattyǵyn alǵan adam da túrik bolyp sanalatynyn aıtty. Sheteldik eki baıandamashy da Qazaqstan

jaǵdaıynda, óz elderindegidei, etnopedagogıka máselelerin etnostyq toptarǵa, ıaǵnı qazaqtan basqa ult ókilderine baılanystyra qarastyrýdy keńes etti. Ekeýi de qazaq ulty atajurtynda etnosqa jatpaıtynyn qadap aıtty. Al Qazaqstanda turatyn, onyń azamattyǵyn alǵan basqa ult ókilderi, ıaǵnı etnostyq toptar jeke-jeke halyq bola almaıdy. Qazaq eliniń, jeriniń ıesi – memleket qurýshy qazaq halqymen birlesip, birtutas Qazaqstan halqyn quraıdy.

Táýelsizdik alǵan alǵashqy jyldary «Qazaqstan halyqtary Assambleıasy» bolyp qurylǵan bıik mártebeli uıym keıinnen «Qazaqstan halqy Assambleıasy» ataýyna kóshirilýi oń sheshim boldy. Qazaq halqy táýelsiz memleketimizdiń shırek ǵasyrdan asqan tarıhynda Qazaqstan halqynyń uıytqysy bola alatynyn búkil álemge pash etip keledi. «Tól tarıhyn biletin, baǵalaıtyn jáne maqtan etetin halyqtyń bolashaǵy zor bolady» dep Elbasy «Uly dalanyń jeti qyry maqalasynda» halyq sóziniń uly maǵynasyn tereń zerdeleýge shaqyrady. Adamzat tarıhynyń bir bólshegi, Otanymyzdyń órkenıet jolyndaǵy damýynyń ózegi, el men jerdiń berik qorǵany qazaǵymyz birtutas halyqtyq bıikten kórine beretinine senimimiz kámil. Endeshe, biz, ustazdar, qalamgerler, el zıalylary, ejelden jeke ult bolyp qalyptasyp, keń tanylyp, búginde órkenıetti damýdyń dańǵylyna bet alǵan órisi keń, bolashaǵy zor birtutas týǵan halqymyzdyń týyn bıik ustaıyq. Bir múdde, bir bolashaq jolynda birtutastyǵymyzdy nyǵaıta túseıik.

«Egemen Qazaqstan» gazeti, 2018 jyl, 5 jeltoqsan

QYZDAR SOQQAN DALA QOŃYRAÝY

Ájeler jolymen boıjetken arýdyń uzatylyp, kelin atanyp, ana baqytyna jetip, urpaq sabaqtastyǵyna uıytqy bolatyn qyz bala tárbıesine halqymyz ejelden erekshe mán bergen. Qazaǵymyzdyń aıaýly qyzyn týǵan otbasynda qonaq deıtini de sodan bolar. Áke-sheshenıń qyz balasynyń tárbıeli, bilimdi, ár iske ıkemdi, eń bastysy, úlkenge izetti, kishige qamqor bolyp ósýine ynta-jigerin aıamaıtyny aqıqat. Uly aǵartýshymyz Ybyraı Altynsarınniń patshalyq Reseı zamanynda birinshi bolyp alǵashqy qyzdar mektep-ınternatyn ashqany – munyń tarıhı dáleli.

Patshalyq Reseıdiń Qazaq elindegi bilim berý jumysyn eki baǵytta qolǵa alǵany tarıhtan málim. Birinshisi – qazaq jerine syrttan kelgenderdi oqytý. 1850 jyly Orynborda tuńǵysh 7 jyldyq orys-qazaq mektebi ashylǵan. Y. Altynsarın 1857 jyly osy mektepti úzdik baǵamen bitirgen. Sóıtip qazirgi ýaqytta aralas

tildi mektepter ataýyna ıe bolǵan bul oqý oryndary patshalyq otarlyq saıasatpen birtindep kirip, keńestik bılik dáýirinde keń qanat jaıyp, táýelsiz el bolǵaly shırek ǵasyr ótse de, tórimizdi bermeı, ana tilimizdi esikke syrǵytyp, es jıǵyzbaı keledi. Patshalyq Reseıdiń jergilikti halyqtan, ıaǵnı qazaqtan tilmáshtar, patsha saıasatyn nasıhattaýshylar, keńse qyzmetkerlerin daıarlaý oqý isiniń ekinshi baǵyty bolǵan.

Uly aǵartýshy Y.Altynsarın qazaq qyzdaryn nazardan tys qaldyrmaı oqýǵa tartý máselesin patshalyq bilim berý júıesine synalap engizýge umtylyp, XIX ǵasyrdyń 80 jyldary kótere bastaıdy. Sóıtip, 1887 jyldyń tamyzynda Torǵaı oblysynda Yrǵyzdaǵy alǵashqy qyzdar mektep-ınternatynyń ashylý qýanyshyna jetedi (Y. Altynsarınniń tańdamaly pedagogıkalyq muralary. Almaty. «Raýan» baspasy. 1991 j. 178-b.). Orynbor oqý okrýginiń tatar, qazaq, bashqurt mektepterin baqylaıtyn ınspektor V. Katarınskıige: «Sizden Yrǵyzdaǵy qyzdar mektebine bir oqytýshy áıel taǵaıyndap jiberýińizdi surar edim» dep jazyp, bul mektep-ınternattyń qalypty jumys istep ketýine qamqor bolady (sonda. 179-b). V. Katarınskıige 1888 jyldyń 5-qarashasynda joldaǵan hatynda: «Qazannyń 14-i kúni shyqqan edim. Sodan beri Torǵaı, Yrǵyz ýezderin aralap júrmin. Oqýǵa qazaq qyzdaryn jınaý, olardy ornalastyrý úshin, odan keıin qazaq qyzdary ınternatyndaǵy oqý jumysynyń ózin jolǵa salyp jiberý úshin Yrǵyzda eki jetidei otyryp qaldym. Onda istiń betalysy óte jaqsy; alǵashqy kúnnen bastap qol isi úıretile bastady, ony qazaq qyzdary óte unatady, al olardyń ata-analary da máz bolyp jatyr» dep jazady (sonda. 187-b.). Osy hatynyń sońynda: «Yrǵyzdaǵy qyzdar ınternatynda qazaq qyzdarynyń sanyn 20-ǵa deıin kóbeıtý týraly gýbernatorǵa usynys engizgen edim. Qolyńyz bosaı qoıǵan kezde osy máseleler jóninde bir suraý salyp kórmes pe ekensiz» dep, ótinish jasaıdy (sonda. 189-b.).

Ybyraı Altynsarın qazaq qyzdaryn oqýǵa tartý isine jalpyhalyqtyq sıpat berýdi de keńinen oılastyrady. Patsha ákimshiligine qaıta-qaıta hat jazyp, tıisti qujattar jóneltip, Torǵaı oblysynyń barlyq ýezderinde qyzdar ýchılishelerin ashýdy ótinedi. Qazan ýnıversıtetiniń professory, ataqty mıssıoner N.Ilmınskıige joldaǵan bir hatynda uly ustaz: «Edáýir serpilip qaldym, qulashty keń sermep jatyrmyn. Yrǵyzdaǵy qyzdar mektebiniń janynan qazaq qyzdary úshin bıyl áielder pansıonyn ashamyn. Aqtóbede qyzdar mektebin ashtym» dep, habarlaıdy. (Sonda. 183-b.) Taǵy bir hatynda qazaq qyzdaryn oqytý isinde Alash zıalylarynyń ishinde ózine tileýlesteri bar ekenin jazady. «Yrǵyzda mırovoı sýdıa jáne tergeýshi bolyp Álmuhamed Seıdalın isteıdi. Ol qazaqtardy oqytý isine asa yntaly adam. Bıyl ol qazaq qyzdary úshin Yrǵyzda Qazaq saqarasyndaǵy eń tuńǵysh 20 kisilik qyzdar mektebin ashýǵa kómektesti» (sonda, 192-b.) dep, zor rızashylyq bildiredi.

Uly ustazdyń úlken júrekpen, zor yjdahatpen atqarǵan jumystary óz jemisin beredi. Y. Altynsarınniń ózi qaıtpas saparǵa attanǵan soń da kóp uzamaı 1890 jyly Qarabutaqta, 1891 jyly Torǵaıda, 1893 jyly Qostanaıda, 1896 jyly Aqtóbede qyzdar ýchılısheleri ashylady. (Sonda. 9-b.) Sóıtip uly aǵartýshynyń qazaq qyzdarynyń otbasyndaǵy tárbıesin oqý júıesindegi bilimmen ushtastyrýdy kózdegen kúreskerlik qyzmeti zańdy jalǵasyn tabady. Sonyń arqasynda XX ǵasyrdyń bas kezinde ánshi, ustaz Maıra Tastanbekqyzy, jýrnalıst, qoǵam qaıratkeri Názıpa Quljanova bastaǵan oqyǵan qazaq áıelderiniń shoǵyry qaınaǵan qoǵamdyq ómirge belsene aralasyp, ult qamy úshin aıanbaı ter tógedi.

Uly aǵartýshynyń ómirsheń ıdeıalary Otanymyz jeke týyn tigip, qarqyndy damý jolyna túsken búgingi kezeńde órkenıet bıigine jol tartty. Osydan eki ǵasyrdaı buryn Ybyraı Altynsarın ashqan Yrǵyzdaǵy alǵashqy qazaq qyzdary mektep-ınternatynyń, tuńǵysh pedagogıkalyq ýchılıshelerdiń zańdy jalǵasy ispetti Qazaq memlekettik qyzdar pedagogıkalyq ýnıversıtetinen, sonymen birge júzdegen joǵary, orta arnaýly jáne orta bilim oshaqtarynan túlep ushqan qaısar da qabiletti qazaq qyzdary otbasyndaǵy úlgili tárbıe, ónege-bilimimen, qoǵamdaǵy belsendi qaıratkerlik isterimen Otanymyzdyń órkendeýine mol úles qosyp keledi, qosa da beredi.

«Egemen Qazaqstan» gazeti, 2018 jyl, 3 qarasha

АРАЛАС МЕКТЕПТЕРДЕН АРЫЛАЙЫҚ

Қазіргі кезеңде қазақ халқының өзі қазақ тілді, орыс тілді болып, тіл негізінде іштей бөлінуді бастан кешуде. Елбасымыздың «қазақпен қазақ қазақша сөйлессін» деуінің мәні мен сыры – ең алдымен өз ұлтымыздың тілдік негізде екіге бөлінуіне жол бермеу. Мемлекеттік тілдің қайнар көздерін жарқырата ашу, арналарын кеңейту.

Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, педагог-журналист ретінде менің байқауымша, қазағымның тілдік негізде екіге, мүмкін үшке, төртке бөлінуінің негізгі себепкері – отбасы мен мектеп. Әрине, мемлекеттік жоғары билік құрылымдарының, лауазымы жоғары мемлекет қайраткерлерінің қазақ тілінде көсіліп, еркін сөйлеп тұруының маңызы айрықша. Бірақ олар да – отбасынан тәрбие алып, мектепте оқып-тоқығандар.

Кеңестік дәуірде 1960-1985 жылдары (басқа уақытты айтпағанда) республикамызда жабылған 700-дей мектептің дені қазақ мектептері болғаны баршаға мәлім. Сол кезеңде балабақшадан, мектептен орыс тілінде сөйлеп шыққан қазақтың ұл-қыздары – қазіргі уақытта ата-ана, алды ата-әже. Күн сайын көріп, байқап жүргеніміздей, олар өз сәбилерімен, немерелерімен орыс тілінде сөйлеседі, қазақ тілін қажет етпейді. Балаларын жетектеп, қазақша балабақша, мектеп болса да, оқу орыс тіліндегі білім, тәрбие ордаларын жағалайды. Ұл-қыздары ұлттық тәрбиеден шет қалады-ау деп те ойланбайтын сияқты. Тіпті қайсыбірі білім болса болды, тәрбие өз-өзінен келеді деген сенімде жүреді. Ана тілі негізінде екінші, үшінші, т.б. тілді үйрену әлдеқайда жеңіл әрі сапалы болатынын, баланы табиғатына жат тілде сөйлеуге мәжбүр ету оның психологиялық, физиологиялық өзгерістерге, әр түрлі дағдарыстарға жиі ұшырауына соқтыратыны педагогика ғылымында айтылып, жазылып, дәлелденгеніне ден қоймайды, жеткілікті мән бермейді. Бауыр еті – балаларының табиғатына мұндай зорлық, өктемдік жасайтын ата-аналар педагогика, психология ғылымынан мүлдем хабарсыз болуы да мүмкін. Алматы қаласында С. Бегалин атындағы республикалық балалар кітапханасында өткен кездесуде менен бір оқушы «Қандай арманыңыз бар?» деп сұрады. Мен азаматтық асыл арманым – бүкіл орыс баласы орысша оқитыны сияқты, бүкіл қазақ баласы қазақ мектебі партасында отырғанын көргім келетінін айтқан едім. Менің бұл арманыма жетуім тікелей ата-аналарға байланысты болғандықтан, отбасылық тәрбие мәселесі мені ерекше ойландырады.

Халық жұмылса, алынбайтын асу жоқ. Шүкір, қазақ мектептерінің саны ақырындап болса да, көбейіп келеді. Оқу орыс тіліндегі мектептердің ұлты қазақ, орыс, корей, тағы басқа шәкірттерінің мемлекеттік тілді меңгеріп шығуы әр түрлі мінбелерден жиірек естіле бастады. Материалдық-техникалық базасы кадрлармен, оқу құралдармен, т.б. қамтамасыз етілуі бұрын да, қазір де оза даму жағдайында келе жатқан орыс тілді мектептердің мол мүмкіндіктері тиімді пайдаланылса, мемлекеттік тілді үйретуде жақсы нәтижелерге жетуге болады. Қазақ тілі мен әдебиетін қазақша оқыту жүзеге асса (қазақ мектептерінде орыс тілі мен әдебиеті орысша оқытылатыны сияқты), нәтиже жақсара түсе-

рі даусыз. Ал қазіргі кезеңде оқу орыс тіліндегі мектептер қазақ әдебиетін оқытуда қазақ ақын-жазушылары шығармашылығы туралы орыс тілінде жазылған ғылыми-зерттеу еңбектерге, мақалаларға зәру. Бұл қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдарды ойландыратын-ақ мәселе.

Соңғы жылдары санын азайту жөнінде әр түрлі мінбелерден, қазақ ата-аналар тарапынан жиі айтылып жүрсе де, керісінше қатары өсіп келе жатқан аралас тілді мектептерді қазақ балаларының тілдік тежелу, дағдарыс орталықтары десе де болады. Мектеп – шәкірттер тіл уызын қанып ішетін, қысылмай, еркін, сауатты сөйлеп үйренудің қайнар бастауы болуы тиіс. Ал аралас тілді мектептер, керісінше, қазақ балалары үшін шұбартілділіктің ордаларына айналды. Ал осындай мектептердің сан жағынан өсуінің тоқтамауы – қоғамдық пікірге кереғар іс-әрекет.

Көкшетау өңіріне республикалық педагогикалық оқулар өткен 1986 жылдан кейін араға 16 жыл салып, үстіміздегі жылдың қыркүйек айында ауылдық ұстаздар сайысы жұмысына қатысуға бардым. Аудан орталығы Щучинск қаласындағы қазақ тілді №9 мектеп-интернат 16 жыл бұрынғыдай әлі де қазақ тілді жалғыз орта мектеп екен. Ал аралас тілді мектептер жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көбейіпті.

Бұл – сырт көзге байқала бермейтін мектепаралық өзара жұмыс орны үшін талас-тартыстың салдары болуы да мүмкін. Себебі сынып санының мектеп директоры жалақысына едәуір әсері бар болатын. Қазір директордың айлық жалақысының сынып санына мұндай тәуелділігі жоқ. Дегенмен, ескінің жаңаға оңай жол бермейтіні сияқты, жергілікті білім жүйесі басшыларына таптаурын жолмен жүре берген жеңіл сияқты. Сондықтан ұрпағымыздың қалыптасуында тілдік дағдарыс тежеу туғызып, психологиялық зиян шегуіне апарып соғатын аралас тілді мектептерді азайтуға батыл кірісу қажет-ақ.

Қазақстан халқын қалыптастыруда ұйытқылық қызмет атқаратын мемлекеттік тілді дамытуда, байытуда қазақ тілді журналист қауымның ықпал-әсері айрықша. Менің байқауымша, ұстаздар, қаламгерлер мән-мағынасы өте үлкен «халық» сөзін оңды-солды қолданып, жеңіл-желпі ұғымға айналдырып барады. Орыс тілді журналистер еш уақытта «народ такого-та поселка» немесе

«ауыла», тіпті «области» деп жазбайды, айтпайды. Басқаны айтпағанда, біздің Қазақ радиосы, телевизия, газет-журналдар «Қостанай халқы» немесе «ауыл халқы» дегенді қоймайды. «Тұрғындар» сөзін білмейтіндей, «халық» сөзінің мемлекеттік саяси мәнін бұлдыратып жібереді.

Сондай-ақ кейде орынсыз ұлыс өкілдерін санамалап, Қазақстан халқының біртұтастығына нұқсан келтіріп жүрміз бе деген де ой келеді. Мәселен, таяуда өткен жергілікті мәслихат сайлауы барысындағы хабарлардан депутаттыққа ұсынылған кандидаттардың санымен бірге олардың ішінде неше ұлыс өкілі бары қайта-қайта айтыла берді. Депутаттыққа кандидаттар қай ұлыстан болса да, Қазақстан азаматтығы құқына сүйеніп сайлауға түсетіні мәлім. Ұлтына қарап дауыс берілмейді.

Қазақстан халқын құрайтын көптеген ұлыс өкілдерінің ұлттық өнері мен мәдениеті бірін-бірі байыта дамып келеді. Ал бірақ кейінгі жылдары балабақшадан бастап үлкен сахналарға дейін, той-томалақ қызықтарын жайлап алған «Шығыс биі» дегеннің қай ұлттікі екенін түсінбей-ақ қойдым. Мүмкін қателесетін шығармын, меніңше, бұл – бұрынғы шығыс сұлтандары гаремінің тұтқынындағы сұлулардың биі. Қай жақтан келсе де, мұндай ашық-шашық бидің біздің қыздарымызға, бойжеткендерімізге теріс ықпалы тым көп. Бір мектептің мерейтойында жиналған жұрт алдына жалт-жұлт етіп, кіндіктері ашық қыздар шыға келгенде қатты қысылғанымды еш ұмыта алмаймын. Және бұл би қазағымыздың ұлттық билерін ығыстырып бара жатқандай. Ең қауіптісі, осы күні қыздар көшеде де кіндігін көрсетіп жүретін болды.

Ұрпақ тәрбиесінде ұсақ-түйек жоқ екені рас. Еліміздің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұл-қыздарымыз құр еліктеуден аулақ болып, тәуелсіздік рухын, ұлттық өркениет нәрін санасына сіңіріп, өзге елдің озығына ұмтылса, нұр үстіне нұр.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2003 жыл, 22 қазан

АРАЛАС ТІЛДІ МЕКТЕП – АНА ТІЛІМІЗГЕ ТҰСАУ

Қазақ мектебінің кезең-кезеңімен латын әліпбиіне көшетіні айқын болды. Тіл тұғырын бекемдейтін тарихи кезеңнің көшін бастау – қазақ мектебін орта білім беру ісінде бағдаршам болатын деңгейге алып шығатыны анық. Жауапты кезеңде бастауыш буынның бірінші сыныбынан араластілділік туғызып, ағылшын тілін қосақтау – қазақ мектебінің мемлекеттік маңызды міндет биігінен көрінуіне көп кедергі келтіруі мүмкін. Араластілділік мектеп табалдырығын аттаған балауса ұрпақтың еркін білім алуына бөгет болатыны қоғамдық ортада наразылық туғызғаны орынды.

Кеңестік идеологияның қазақ мектептерін араластілділіктің шылбырына байлау арқылы ана тілімізге тұсау салған саясатының жалғасындай, бірінші сыныптан ағылшын тілін оқытуды енгізуден бас тартқан абзал. Жалпы, орта білім жүйесінде, балабақшаларда оқу-тәрбие тіліне қатысты енгізілетін жаңалық атаулының жемісін, яғни нәтижесін 10-15 жылдан кейін ғана көре бастайтынымыз – ерекше ескеретін мәселе. Білім және ғылым министрлігінің бұл шешімі «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы үш тілді меңгеру жөнінде Елбасы тапсырмасын жедел орындауды көздегеннен туып отыр. Мұндай асығыстық болашақта ана тілімізді жоғалған тілдердің тағдырына тап қылатын асыра сілтеу болмасына кім кепіл?! «Айтпаса, сөздің атасы өледі» дейді, ана тіліміздің жоғалуын тілегендей «үш тұғырлы тіл» тіркесінің қайта тіріле бастағаны қауіпті. Үш айырлы тіл болмайды. Екінші, үшінші тіл болса да әлемдік тәжірибеде туған тілі негізінде оқытылатыны ақиқат. Әлемдік педагогика ғылымы бастауыш буын «Ана тілі» мектебі деген қағидатты ұстанады. Бұл қағидаттың бұлжымас дұрыстығына көп мысал келтіруге болады. Мәселен, жапондық білім беру ісінде бастауыш мектеп толық ана тілінде жұмыс істейтіні аян. Отарлық бұғаудан шығып, туған тілін сақтап қалу үшін күресе білген фин халқының бүгінде білім жүйесі де, елдік дамуы да озық деңгейде. Ана тілінің бәсі биік болса, отансүйгіштік сезім де жоғары болмақ.

Ана тілін сақтау мен дамыту төңірегінде нақты істерді қолға алатын уақыт келді. Айналамызға қарасақ, биыл бірінші сыныпқа баратын қызын жаңа оқу жылы басталғанға дейін үш айлық

ақылы ағылшын тілі сабағына апаруға мәжбүр болған көрші келін Қарлығаш: «Ана тілінде еркін сөйлеп үйренбеген балаға бірінші сыныптан ағылшын тілін қосақтау дұрыс емес» дейді. Ал бірінші топтағы мүгедек баласының күтімімен үйде отырған, мамандығы ағылшын тілі мұғалімі, жиен келінім Жәзира 1-сыныпты жақсы аяқтаған, қазақшадан орысшаға жақын Алина есімді қызының ағылшыншасына қарап: «Құр жаттау қандай оқу?» дейді. «Мүйіз сұрап, тұқылынан айырылыпты» дегендей, ағылшыншаны бірінші сыныптан бастағанда бара-бара ана тіліміздің көз жазып қалмайық...

Бұл орайда, фин халқы сияқты бізге де тарихтан алар сабақ көп. Айталық, ана тіліміздің қайнары қазақ мектебінің 70 жыл бойына кеңестік отарлық жүйенің тұқырту саясатынан құтыла алмағанын ұмытуға болмайды. Иә, сонау 20-30 жылдары даму сатысымен бірте-бірте көтеріле бастаған қазақ мектептеріне арнап Алаш қайраткерлері, зиялылары жабыла жазып шығарған жүздеген оқу құралдары кескіленіп, өртелді. «Қазақ тілі мен әдебиеті», пышақтың қырындай «Қазақстан тарихы» (жеке пән ретінде 1991 жылға дейін сабақ кестесінде болмаған) оқулықтарынан басқаның бәрі орыс тілінен аударылған оқу құралдарының ығына көшірілді. Сонда да ғалымдардың қайратымен, мұғалімдердің өз ісіне өлшеусіз адалдығымен, қазақ мектебі қай ұлтпен де иық теңестіретін түлектерімен көркейіп, дами берді. Бұл дамудың мәскеулік билікке ұнамағанына тарих куә. Мен табан аудармай 28 жыл қызмет еткен «Қазақстан мектебі» журналы кеңестік кезеңдегі қазақ тілді жалғыз педагогикалық басылым болды. Сол журнал беттерінде 1955-1985 жылдары мектептерді іріландіру, орталықтандыру, кадрлармен қамтамасыз етуді жақсарту, білім сапасын көтеру сияқты әдемі сөздермен бүркемеленген қаулы-қарарлар лек-легімен шығып, 700-ге жуық қазақ мектебі жабылып кетті. Мектеп жанындағы интернаттардың ашылуы қоса жүргізілген. Сөйтіп, қазақ балаларын отбасылық тәрбиеден ажыратып, кеңестік патриоттықты жас ұрпақтың сүйегіне дейін сіңіруге қол жеткізді. Кеңестік идеологияның қазақ балаларын ана тілі құнарынан айыруды көздеген саясаты мұнымен де тоқтамады. Ғылым атаулының бағыттары Мәскеуде бекітілетін сол заманда, 1972 жылы республика Оқу министрінің орынбасары Щербаков аралас тілді

мектептер туралы ғылыми диссертациялық жұмысын қорғады. Сол-ақ екен, аралас тілді мектептер жаңбырдан кейінгі көк шөптей қаулады, қазақ мектептері күрт азайды. Көп қалада бір-бірден облыстық қазақ мектеп-интернаттары, астаналық Алматыда бір қазақ мектебі ғана қалды. Оқу орыс тіліндегі мектептерді қазақ балалары толтырды.

Сол кезеңнің ащы жемісін әлі көріп келеміз. Тәуелсіздік таңымен қазақ мектептері қанат жайса да, оқушылар арасында орыс тілі басым қалпында. Бұл – алды ата-әже, кейінгілері әке-шеше болған, орысша оқыған қазақ отбасыларының төріне орыс тілі шыққанының көрінісі. Тағы бір себебі, кеңестік дәуірдегідей әлі де жұмыс істеп тұрған қазақ-орыс тілді мектептерге екі тілге бірдей жетік директорлар тағайындауға талаптың жоқтығы немесе орындалмайтындығы. Содан мектепішілік жұмыста орыс тілі басым болады. Сондықтан аралас мектептер мен балабақшаларды бөлу жеделдесе, ана тіліміздің тынысы кеңейіп, өрісі ұзарады.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2018 жыл, 3 шілде

КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ



Қолымызға алып отырған кітап «Жан дауасы» («Семей Печать» баспасы, 2017 ж.) деп аталыпты. Осы атауының өзі-ақ көзі қарақты, көңілі жүйрік оқырманды ойлантады, оқуға жетелейді. Иә, ана тілімізде «жан» сөзімен жалғасып айтылатын терең мағыналы сөз тіркестері көп. Мысалы, «жан тазалығы», «жан күйзелісі», «жан қуанышы», «жан азабы», «жан сарайы» немесе «жаным ашыды», «жанымды жадыратты», тағы басқа. «Жан дауасы» жиі айтыла бермейді. Бірақ өте түсінікті, адамның жан дүниесіне өте жағым-

ды жақсы сөз. Бәріміз де жанымызға дауа болатын ізгілікті іздейміз.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген даналық жанға дауа болар ізгіліктің, имандылықтың сарқылмайтын қайнар көзін айқын мегзеп тұрғандай. Дүниеге шыр етіп келген сәбидің ғұмырлық жан азығы болатын рухани байлық – ана сүті мен әкенің жылы құшағынан, өскен ортасының ғибратты өнеге-үлгісінен, тәлімтәрбиесінен бастау алатынын еш бұлтақсыз нақ нұсқап тұрғандай.

Халық даналығына бас имейтін пенде жоқ. Сондықтан да Жамбыл Бөлеуханұлы Жұманбаевтың «Жан дауасы» кітабы – мынау жарық дүниеге адам болып келген соң жақсы адам болудың сыр-құпиясына жетелейтін айрықша құнды еңбек.

Кітап авторы Жамбыл Бөлеуханұлы Жұманбаев – кешегі Семей облысы Ақсуат ауданы Сұлутал ауылының, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жәнтікей ауылының тумасы. Бүгінде жетпіс жасқа иек артып, көкірегі ақ сарай қазыналы қариялыққа қадам басқан, елдіктің сөзін ұстаған ауыл ақсақалдарының бірі. Отанасы Қалкеш екеуі – ұл мен қыздың, немерелерінің аяулы атасы мен әжесі, ауылдастарының қадірлісі.

Туған ауылын өзінің ұя басқан шаттық шаңырағындай, оның тұрғындарын аяулы туыстарындай жан дүниесімен жақсы көретін Жамбыл Бөлеуханұлы бұл кітабында өскен мекенінің о дүниелік ақиық аталарының жанға дауа болатын ғибраты мол, тағылымы терең өмір жолдарын ағынан жарыла, ақтарыла тарқатады.

Кітаптың басты кейіпкерлері – біреуі ерте, біреуі кеш бақилық болған, бүгінде күре жолдың арғы жағында туған жердің топырағын көрпе етіп қымтай жамылып мәңгілік ұйқыға кеткен сұлуталдық-жәнтікейлік сүйікімді қарттар мен қариялар. Кітап авторы олардың өзі куә болған, жадында өшпестей жазылып қалған, адамгершіліктің өмірлік сабақтары іспетті сәттерін, ізгілікті істерін, тағылымды әңгіме-сұхбаттарын, жарасымды әзіл-қалжыңдарын, неге масаттанып, неге күйінгендерін қарапайым жатық тілмен әдемі жеткізеді. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, Шығыс Қазақстан облысының «Тарбағатай» аудандық газетінің бас редакторы Ерғали Жұмахан бұл кітапты қолжазбадан оқып шыққаннан кейінгі пікірінде: «Әсіресе, танымдық-тәрбиелік мәні бір төбе. Нағыз қазақы салт-дәстүрдің жалғасы іспетті. Ауылдың, ауданның кезінде өзі араласқан

үлкендерін құрметтеу олар туралы естелік айтуды азаматтық демей көріңіз. Солардың ой-рухы, арманы бар бұл кітапта. Олардың кешегі жүріп өткен жолы келеді көз алдыға, олардың сөзі келеді құлаққа, жарқын бейнелері жанымызда жаңғырып тұрғандай елестейді» деп жазыпты («Жан дауасы». – 12-б.).

«Аққа Құдай жақ» дейтін Алла жолынан аттамауға, ата-анаға, туған-туыстарға мейірімді, үлкен-кішіге, көршілерге қайырымды болуға, оқуға, білімге, еңбегіңмен еліңе, Отанға адал қызмет етуге үндейтін ақ тілеулі ауыл үлкендерінің өсиет-өнегесін бүгінмен жалғайтын мұндай кітаптың жарық көруі – үлкен жаңалық. Өзіңе де, ата-анаңа да, отбасынан басталатын Отанның бір бөлшегі ауылыңа да қай жақта жүрсең де адал қызмет етудің жалғыз кілті – жан тазалығы, білім мен еңбек екенін аманат еткен ардақты аталарымыздың өсиетін жүрегімізге түйіп, ой көзінің шырағданы етіп, өмір бойы өшірмей алып жүрсек, жанымызға дауа, ізгіліктің, адамгершіліктің жолынан адаспауға пана болары хақ.

Мұны мен жетпістен асқан өз өмірімнен білемін. Сондықтан осылай деп жазып отырмын. «Жан дауа» кітабы кейіпкерлерінің бірі – менің әкем Әбіш Қинаубаев. 1902 жылы туған. 1994 жылы дүниеден озды. Әкемнің 42 жасында, сәби сүюді аңсап жүрген шағында мен туыппын. Әлемді шарпыған соғыстың ортасында жүрген екі ұлы – Шөжен, Тілеген – елге аман-есен оралып, той болсын деген тілекпен әкемнің анасы Рахима әжем менің атымды Сайрангүл қойыпты. Әбішімнен көрген тұңғыш немерем деп, сегіз айлығымда мені бауырына басыпты. Еркелетіп Сайраш депті. Бұл менің өмірлік есімім болып кетті. Әжемнің бауырында өскендіктен әкем маған «Соғыста опат болған екі інімнің орнына келген бауырымдай баламсың, сүйенішімсің» деп отыратын. Кейінгі іні-сіңілілеріме бас-көз болуды тапсыратын. Әңгіме-дүкен құрып, сырласып та отыратынбыз. Әлі есімде, Алматыға менің үйіме келіп жатқанында жұмыстан келсем, нәумез болып отырғанын байқадым. Біраздан кейін маған қарап: «Сәкентай, қаланың адамдары амандасуды білмейді. Мен шыдамай сәлем берсем, үлкендерінің өзі бетіме бажырайып қарайды. Ал жастар көрсе де, көрмегендей өте береді. Жол берсе де, үн-түнсіз» деп қынжылды. «Қайран ауылым-ай. Бұрышты айнала берсем, «Ассалаумағалайкүм, Әбе» дейтін дауыстарын сағындым» деп, ауылын еске алып, лезде

жадырап кетті. Әкем ауылын, ауылдастарын үлкен-кіші демей, туған балаларындай, бауырларындай жақсы көретін.

Сексеннен асқан шағында катаракта сырқаты кесірінен көруден қалды. Алматыда екі көзіне ота жасатып, көз шырағы ашылды. Ауруханадан үйге келген соң мен: «Әке, сізге дәрігерге барып тұру керек. Осы Алматыда тұрсаңыз қайтеді. Ауылға қыдырып, қонаққа барып тұрасыз» дедім. Біраз үнсіздіктен кейін тілге келді. «Мен 14 жасымнан соқа сүйретіп серіктестік құрыстым. Ұжымшар, совхоз еңбегінің бел ортасында жүрдім. Туғаннан 80 жыл өмірім ауылымда өтті. Сол ауылыма енді қыдырып қонақ болуға барсам, қандай күй кешемін» деп, кемсеңдей бастағанынан мен шошып кетіп, «қайтасыз, қайтасыз» дей бердім. Сол-ақ екен, жүзіне лезде жылы жымиыс үйірілді. Маған «Сөйт, Сәкенім. Сен жібермей қоя ма деп қорқып едім. Қайтайын. Ауылымды сағындым» деп, әкем балаша мәз болды. Әкемнің ауылға деген сағынышы менің де жүрегіме ұялап қалыпты. Туған ауылға, Жөнтікейіме барғым келіп тұратын сағыныш мені де жиі мазалайтын болды. Сондықтан да болар, Жамбыл бауырымның «Жан дауасы» кітабын оқығанда сонау 60-жылдардың басында мен ауылдан Алматыға оқуға аттанарда шығарып салған қарттармен қайта қауышқандай болдым. Сол қарттар жасының үлкендігіне қарамай, каникулға ауылға келген маған арнайы келіп амандасатын. Хал-жағдайымды сұрап, көргендеріне қуанып қалатын. Ұшқан ұя деген осы екен ғой.

Әкемнің өмірлік қағидатыма айналған тағы бір даналығын айтайын. Ақсуат аудандық комсомол комитетінде хатшы болып істеп жүрген кезім. Сұлуталға әкеме келіп, мәре-сәре болып отырғанда, әңгіме арасында мен «Шаруа бітпейді» деп қалдым. Әкем бетіме қарап: «Ол жақсы ғой. Шаруа бітпесін деп тіле, балам. Шаруа бітсе, өмір де бітеді» дегені. Бұл өсиет менің жүрегіме мәңгі ұялап қалды. Кейде шаршағандай сәтте осы сөз есіме түсе қалады да, тыңайып кеткендей боламын. Есейіп қалсам да, шаруадан шаруа шығып тұрса деймін. Жан дауасы осы ғой.

Әжемнің, әкемнің ақыл-кеңесі, әңгімесі, үлгі-өнегесі менің жүрегімді жылытып тұрады. Өмірде болмаса да, олардың рухы жанымда ұялап қалған. Егер де ел мақтайтын жетістігім болса, ең алдымен, екеуінің барға тасымайтын, жоққа жасымайтын көпшіл, еңбекшіл, кешірімшіл даналықтарының жемісі.

Балалық шақта басымыздан сипаған үлкендердің мейірімі мен жан жылуын ержетіп, жер бетінің қай бұрышында жүрсек те жүректе сақтаймыз. Жан дүниеңді жылытып тұратын сол мейірім санамызда сақталып қалған ізгі тәрбие – жан дауасы екені рас. Аяулы қарттарымыз о дүниелік болып кетсе де, есімізден шықпайтыны содан. Олар бір аунап жатсыншы деп риза еткіміз келіп тұратыны да содан. Ал олардың есімдері кітапқа жазылса, қойылған ескерткіштей. «Жан дауасы» кітабы үшін Жамбыл бауырымызға мың алғыс. Кітап кейіпкерлеріне айналған әкемнің қатарластары Нұржақып ата, Ахмет ата, Қабақ ата, тағы басқа аталардың ұрпақтары мені қолдап қостайтындарына сенімдімін.

Асыл сүйек қарттардың өміршең өсиеттерін, ғұмырлық мақсат-мұраттарын кітап беттерінде жалғастырып, жаңғыртып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді көздеген Жамбыл Бөлеуханұлына шексіз ризамыз. Бұл кітаптың жәнтікейліктерге ғана емес, жалпы оқырман қауымға айтар ойы, тағылымы телегей теңіз. Қазақ руханиятының діңгегі іспетті ауылдың кешегісі мен бүгінгісін жалғастырып, ұрпақ сабақтастығының болашағына қызметі өлшеусіз. Елбасы бүкілхалықтық «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Үндеуінде жазғанындай: «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады». Әр ауылда еңбегімен, өнегесімен үлгі болған, дуалы сөзімен өз ортасының есінде қалған қазыналы қарттардың есімдерін бүкіл қазақ біліп жатса, халықтық тәрбиеге қосылған үлкен арна болады. Халық тарихын, шежіресін байыта береді.

«Семей таңы» газеті, 2018 жыл, 17 сәуір

АСТАНАДА ӨМІР СҮРУ – БІР БАҚЫТ

Тәуелсіз ел ретінде Қазақстан биыл 27 рет жаңа жылды қарсы алып отыр. Егемендікке қол жеткізген алғашқы кездері еліміздің жеке-дара мемлекет болатынына күмәнданғандар аз болмап еді. Бірақ талай қиындықты артқа тастаған Қазақстан – бүгінде дамушы елдердің көшін бастап келе жатқан мемлекет. Ал әр мем-

лекеттің айнасы ол – астанасы. Ел астаналарының тыныс-тіршілігінен-ақ сол мемлекеттің даму қарқынын байқауға болады.

Бұл тұрғыда мен біздің Астананы «жер жүзінің шарайнасы» деп есептеймін. Себебі елордамыз «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі, әлемдік дінбасылар кеңесі сияқты небір жоғары деңгейлі халықаралық айтулы шаралар, үлкен басқосулар өтетін ордаға айналды. Мұның бәрі – тек Астананың ғана емес, жалпы еліміздің тарихындағы алтын әріппен жазылатын оқиғалар. Жақында ғана орын алған сондай оқиғалардың бірі – Орта Азия бойынша Астанада алғашқы болып қаржы орталығының ашылуы және Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелері құрамына енуі. Бұл тарихи оқиғаларды 2018 жыл үшін үлкен жаңалық деп айтуға болады.

Зейнеткерлік өмірімнің Астанада өтіп жатқанына өте қуаныштымын. 2012 жылдың 13 мамырында 67-ге толған туған күнімді Алматыда өткізіп, 14 мамыр күні Астанаға қоныс аудардым. Негізі, зейнет демалысына шыққаннан кейін дәрігерлер маған ауа райы қоңырсалқын аймаққа көшуіме кеңес берді. Содан басында өзімнің туған өлкем Семей жаққа, елге қайтайын ба деген бір ой келді. Бірақ мектеп бітірген 17 жасымнан бастап студенттік шағым, журналистикадағы еңбек жолым, шығармашылық ғұмырым – барлығы сол кездегі ел астанасы Алматыда өткендіктен болар, оңтүстік астанадан кейін тек сәулеті мен сәні келіскен Астанаға көшуді ұйғардым. Астананың жазы мен қысы да, тіпті желі де – бәрі бірден қатты ұнады. Желі құдды бір адамды ұшықтап тұратындай әсер қалдырады. Мен көшіп келген 5-6 жылдан бері де Астана үнемі өзгеріп, сәт сайын жайнап, көркейіп келеді.

«Астана ақшамы» газеті, 2018 жыл, 4 қаңтар

ҚОҒАМНЫҢ АРҚА ТІРЕГІ – ҰСТАЗ!

«Қазақстан мектебі» журналында 28 жыл қызмет істеп, оның ішінде 24 жыл 8 ай сол журналдың бас редакторы болдым. Бүкіл Қазақстанды араладым. Барған жерімде ең алдымен мұғалімдермен кездесемін. Сонда байқағаным, ұсынысын айтып жүретін

белсенді мұғалімдер жергілікті өкілеттікті, жергілікті билікті күшейту мақсатында Заң шығып, мұғалімдерді жұмысқа қабылдау мектеп директорына міндеттелгеннен бастап, «үндемейтін», «ауыз ашпайтын» болды. Себебі мұғалім сын-пікір, ұсыныс айтып жатса, ол аудандық білім басқармасына, аудандық білім басқармасынан облыстық білім басқармасына, облыстық білім басқармасынан облыстың әкімшілігіне жетеді, олар «мұғалімдер өзінің жұмысын атқармай, не істеп отыр?» деп директорды қысады. Директор мұғалімді қысады. Міне, осындай жағдай мұғалімдердің белсенділігін тежеді. Ал мұғалім мәртебесі – мұғалімнің белсенділігіне тікелей байланысты. Мен еңбек жолымды мұғалімдіктен бастап, мұғалімдіктен өстім. Мұғалімнің білімі мен белсенділігі ең бірінші орында тұруы керек. Өмірлік тәжірибеме сүйенсем, мұғалімді қызметке қабылдауды, келісімшартқа қол қоюды директордан алып, бұрынғыдай аудандық білім басқармасына немесе облыстық білім басқармасына беру керек. Диплом алған жас маман «мені жұмысқа алыңыз» деп қай мектепке барып, қай директорға кіріп жүреді. Мектеп директорына кіру үшін адам іздейді.

Біз кеңестік дәуірдегі білім жүйесінің жақсы тәжірибелерінен қашпауымыз керек. Бұрын бүкіл облыстан, Қазақстанның түкпір-түкпірінен қандай маман, мұғалім керек, институтқа сұраныс түсетін. Сол сұранысқа байланысты бізді жолдамамен жіберетін. Қостанай ма, Торғай ма, қай жерге барсаңыз да, екі жыл еңбек етіп барып, дипломыңызды аласыз. Ал қазір бір жерде мұғалім жетпесе, енді бір жерде мұғалімге жұмыс жоқ. Сондықтан мұғалім мәртебесі туралы Заңда мұғалімді жұмысқа орналастыру міндетін аудандық білім басқармасына қайтадан жүктеу керек деп санаймын.

Мұғалімнің қадір-қасиеті тікелей мұғалімнің өзіне байланысты. Жұмысына жүрдім-бардым қарап, 45 минутты өткізіп, жалақы үшін жүретіндерді оқушы сезеді. Ұстаз өз елінің, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің жанашыры болып, біліміне, ұстаздық қабілетіне сеніп, жастарға білім беретін ұстазбын деген ой-арман, мақсатын толық сезінгенде ғана одан жақсы ұстаз шығады. Сондықтан мұғалімнің өзінің патриоттық тәрбиеге бейімділігін, көзқарасын анықтап алу үшін педагогикалық оқу орнына құжат тапсырған талапкерден қабылдау сынағын алуды ұсынар едім. Оның түк қиындығы жоқ. Мәселен, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани

жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты екі еңбегінен 5-6 сұрақ дайындап, талапкер соған жауап берсін. Ол ойланады. Бұл – болашақ мұғалімді патриоттық тәрбиеге бұрудың басы. Әрине, жоғары оқу орындарына талапкер керек. Ол бала емтиханнан жақсы өтіп, балы сәйкес келсе қабылдансын. Дей тұрғанмен, қабылдау сынағы болашақ маманды отаншылдыққа жетелейтіні айқын.

Біздің білім саласында ұрандату көп. Ағылшын тілін оқиық, үйренейік. Бірақ биология, химия, физиканы ағылшын тілінде оқытуға көшіру үшін алдымен кадр дайындауымыз керек. Жақында өзім танитын бір мұғалімді кездестірдім. Ағылшын курсында оқып жүр екен. «3-4 ай оқып, физика, биологияны ағылшын тілінде қалай түсіндіресіңдер?» десем, күледі. «Апай, ағылшын тілі курсын оқыған адамға 30 пайыз жалақы қосылып жатыр, солардан қалмайын деп оқып жүрмін. Әйтпесе ағылшынша оқыта алмаймыз ғой» дейді. Қарасаңыз, мұғалім шала ағылшынша, оқушы шала ағылшынша, сонда ол қандай білім болады? Неге асығамыз? Ағылшын тілін еркін меңгерген, химия, биология, физиканы қазақ тілімен қатар сол тілде аударып түсіндіре білетін мұғалімдерді дайындап алып, содан кейін неге кіріспейміз? Білім саласы «айтты – бітті, қолма-қол орындаймыз» дегенге келе ме? Менің естуімше, Семейдің Шәкәрім атындағы университетінде қазақ тілінің негізінде ағылшын тілін оқытудың факультеті ашылыпты. Міне, сондай факультеттерде ана тілдің негізінде ағылшын тілін меңгертіп, мұғалімдерді 3-4 жылдың ішінде дайындап барып, іске кірісу керек. Білім саласындағы асығыстық жақсылыққа апармайды.

Қазір мектептерде ата-анамен ынтымақтастық мәселесі әлсіреп кетті. Ата-ана мен мектептің ұжымының арасында жік пайда болды. Осы жікті жою керек. Ата-ананың мақсаты – баласының жақсы оқуы, мектептің мақсаты – балаға жақсы білім беру. Сондықтан осы жерде бізге дәл қазір психолог мамандар қажет. Психолог маман мектеп оқушысымен ғана емес, ата-анамен ынтымақтастықты қалыптастыру жұмысын ұйымдастырушы, басқарушы міндетін алу керек. Тіпті қажет болған жағдайда 6-10, 10-13, 13-16 жастағы балалардың психологиялық мәселелерін жекежеке қарастыру керек. Мақсат – ата-ананың педагогикалық-психологиялық білімін көтеру. Бұрын сондай тәжірибе болған. Сөздің түйінін айтқанда, мектептің психологі ата-анамен педа-

гогикалық, психологиялық мәселелерді жүргізуде, ата-ананың педагогикалық білімін көтеру мәселесінде жетекші болғаны дұрыс. Мәселен, мұғалімнің сабағына қатысу үшін оның рұқсатын алу керек. Ол – мұғалімге деген құрмет. Мұғалімнің негізгі міндетін атқаруына қалай болса солай араласып, кез келген уақытта барып сабағына қатысу дұрыс емес. Жүйкесін жұқартуға негіз болуы мүмкін. Сондықтан мұғалімнің қызметін құрметтеу мәселесін де Заңда қарастыру керек.

Мұғалімге зейнетке ерте шығу мүмкіндігі берілсе. Бұрынғы тәжірибеде бұл бар. Бұл жастарды мұғалімдік мамандыққа қызықтырып, мұғалім болуға жетелейді. Еңбек өтіліне байланысты ерте зейнетке шығу мүмкіндігі Заң жүзінде бекітілгені жөн.

Мұғалімдердің шығармашылық жұмыспен шұғылдануына айрықша көңіл бөлген дұрыс. Ылғи беске оқиды, ылғи төртке оқиды деген ол мұғалімнің еңбегінің көрсеткіші бола алмайды. Мұғалімнің өзінің шығармашылық жұмысқа бейімділігі, оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелей білуі ерекше маңызды. Мәселен, түрлі жобалар, ғылыми жобалар, біліктілік жобалар, түрлі сайыстар, мектепішілік, ауданішілік, облыстық, республикалық деңгейдегі сайыстардың жеңімпаздары, халықаралық сайыстың жүлдегерлері сол шығармашылық ізденіске бейім оқушылардан шығады. Сондықтан оқушыны тек оқу үлгеріміне емес, қабілет-қарымына қарай бағалау маңызды.

Айтпаса болмайтын тағы бір мәселе – мұғалімдердің баспасөзбен, педагогикалық баспасөзбен байланысының төмендеуі. Мәселен, бұрын республика деңгейінде өз тәжірибесімен бөлісіп, «Қазақстан мектебі» журналына келген материалды біз сыйғыза алмай, «Бұл жолы қазақ әдебиетін бердік, келесіде тарихты берейік» деп іріктеп отыратынбыз. Қазір, қарап отырсаңыз, педагогикалық баспасөздің кез келгенінде мұғалімдердің мақалалары жұтаң. Педагогикалық баспасөз – мұғалімдердің жұмысының айнасы. Сондықтан да заңның бір тұсында, педагогикалық байланыс пен ата-ананың ынтымақтастық мәселесін қарау керек деген сияқты, педагогикалық баспасөзге қолдау жасайтындай көңіл бөлінсе құбақұп. Сосын қазақстандық мектеп жүйесінде оқыған бала мемлекеттік тілді меңгеріп шығуы тиіс. Қараңыз, орыстілді мектептердің 70-80 пайызы қазақтың балалары. ЖОО-дағы орыстілді факуль-

теттерде жүрген балалардың көп пайызы қазақтар. Сонда олар орыс тілінде оқып жүрміз деп, ана тілінен шет қалғаны керек пе? Ана тілінен оларды ысырып тастауымыз керек пе? Сондықтан қазір ана тілі мәселесіне мемлекеттік тіл ретінде ерекше көңіл бөлуіміз керек.

Қабылданатын «Мұғалім мәртебесі туралы» Заңда мемлекеттік тілді дамытуда қоғамның арқа тірегі ұстаз қауымның барлығы бірдей белсенді болуы арнайы баппен қарастырылса, нұр үстіне нұр.

«Ана тілі» газеті, 2019 жыл, 20 наурыз, №11-12

ӨЗ ТАҒДЫРЫМЫЗҒА ЖАНАШЫР БОЛАЙЫҚ

Қайтадан облыс орталығына айналған Арқалық қаласына тағы да астаналық меймандар атбасын бұра бастады. Солардың бірі «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы Сайраш ӘБІШЕВА таяуда облысымызда, Амантоғай, Амангелді, Жангелдин аудандарында, Арқалық қаласында болып, жұртшылықпен жүздесті, оқу орындарын аралап, студенттермен, мұғалімдермен және мектеп оқушыларымен әңгімелесті.

Біздің тілшіміз сол сапар кезінде Сайраш Әбішқызына жол болсын айтып, келген шаруасы жөнінде әңгімеге тартқан еді.

С.Ә.: Бұл менің тарихы бай, барынша қонақжай Торғай өңіріне тұңғыш келуім. Сондықтан да астана интеллигенциясы өкілдерінің атынан, өзім басқарып отырған «Қазақстан мектебі» журналы редакциясының коллективі атынан облыс жұртшылығының қайта көтерген шаңырақтарыңа құтты болсын айтып, әрқашан да мерейлеріңіз үстем, еңбектеріңіз жемісті болсын дегім келеді. Осындай тілекті аудандарын қайта құрып, мәре-сәре болып жатқан амантоғайлық ағайындарға да жолдар едім. Қалай дегенде де, Торғай облысының қайтадан қалпына келтіріліп, әділеттіліктің салтанат құруы бүкіл республика халқын, иісі қазақ жұртын зор қуанышқа бөлеген оқиға болды.

Менің мұнда келгендегі басты шаруамның бірі – баспасөз тарату мәселесі. Қазір бүкіл Одақ, республика көлемінде, алыс аудандар мен ауыл-селоларда баспасөзге жазылу науқаны басталды. Және жылдағыдай емес, биылғы жазылымның көптеген ерекшеліктері болып тұр.

Соңғы жылдар жүзінде қазақ баспасөзі жаңа бір кезеңді – өрлеу кезеңін бастан кешіріп отыр. Оның өзі қоғамдық өмірімізге сәулесін түсіріп отырған демократияның, сол әкелген жариялылықтың жемісі екені даусыз. Соңғы бір-екі жылда қазақ баспасөзінде, бірнеше газет-журналдардың жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай жамырай жарық көруі менің әлгінде айтқан өрлеу кезеңі деге-

німді айқындай түседі. Амал не, биылғы көлденеңнен киліккен әр түрлі қиындықтар жаңа ғана буыны бекіп, тұсауын кестірген жас басылымдардың адымын аштырмай, өрісін кеңейтпей тастар ма екен деген күдігімізді де еселей түскендей. Қағаздың қымбаттауы, баспахана шығындары мен почта тарату ісіндегі қызмет ақысының көбеюі енді ғана құлашын кеңге жайып келе жатқан қазақ баспасөзінің жағдайын ауырлатып отыр.

Баспасөзге жазылу бағасы күрт қымбаттаған биылғы жыл, әсіресе қазақ оқырмандары үшін үлкен сын болғалы тұр деп ойлаймын. Олай дейтін себебім: қазақ баспасөзін қазақтардан басқа кім жаздырып алмақ? Кеңес Одағында 280 миллионнан астам халық тұрады десек, соның бәрі орыс тілінде сөйлейді, сол тілдегі басылымдарды жаздырып алуға мүмкіндігі бар. Оның ішінде жүз қырық миллионнан астам орыс жұрты өз тіліндегі басылымдарды алдырып оқиды.

Ал енді өзіміздің қазақ туыстарға келетін болсақ, соның 40 пайыздан астамы ана тілін толық түсінбейтін орыс тілді оқырмандарды құрайды. Қалған 60 пайызының алдында да қаншама таңдау бар? Сонда қазақтардың өзі ана тіліндегі басылымдарды әрі ысырып қоятын болса, ұлт газеттері мен журналдарын кім алып оқымақ ?!

ТІЛШІ: Сайраш Әбішқызы, осы жерде Сізге бір сауал. Орталық басылымдардағы құлақ түрерлік материалдарға әбден құныққан кейбір оқырмандар қазақ баспасөзі тартымсыз, мардымды ештеңе жазбайды дегенді айтады. Бұған не дер едіңіз?

С.Ә.: Алдымен әрбір халық өз тағдырына өзі жанашыр болуы керек дер едім. Қазақтың тарихы, қазақтың салт-дәстүрі, қазақтың тілі, қазақтың мәдениеті, міне, осының бәрі қазір қазақ баспасөзінің бетінде. Содан соң әрбір басылымның өз беті, бағыт-бағдары, көздеген мақсаты болады. Өз жұмысын соған сай жүргізеді. Мәселен, өзіңіздің «Торғай таңын» алайық. Облыс өмірін одан асырып Сізге ешкім де жазып бермейді. Ал оған қазақ жолдастардың өзі дәл қазір қол созып, көмек көрсетпесе, ертеңгі күні не болады? Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – қазақ баспасөзіне қазақтардың өздері қамқор болып, қолдау көрсетуі қажет.

ТІЛШІ: Әңгіме төркіні баспасөз төңірегінде өрбіп отырғандықтан, өзіңіз қол қойып, редакторлық ететін «Қазақстан мектебі» журналы жөнінде айта кетсеңіз.

С.Ә.: «Қазақстан мектебі» мен оның қосымшасы болып есептелетін «Бастауыш мектеп» – республикалық педагогика саласындағы қазақ тілінде шығарылатын маңдайға басқан бірегей басылымдар. Бұлар – халық ағарту қызметкерлеріне де, ата-аналарға да арналған журналдар. Сондықтан да біздің оқырмандарымыз сонау 1925 жылдардан бастап мектеп өмірін, педагогика мәселелерін тиянақты жазып келе жатқан өз журналдарын биыл да қағажу қалдырмас деген ойдамын.

«Бастауыш мектеп» – журналдың 1972 жылдан бері шығып келе жатқан қосымшасы. Тағы бір қуанышты жағдай, министрлікке осы жақтан хабарласып біліп отырмын, жаңа жылдан бастап журналымыздың тағы да бір қосымшасы – «Отбасы және балабақша» дүниеге келгелі отыр. Қазақ тілінде шығатын бұл журналдың әлі индексі де, нарқы да белгіленген жоқ. Дегенмен, алдағы уақытта бәрі де айқындалған соң, журналдың қаз тұрып кетуіне балабақша тәрбиешілерінің, ата-аналардың атсалысуын қалар едім.

ТІЛШІ: Сайраш Әбішқызы, ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы бәріміздің де мерейімізді өсіріп, еңсені биіктеткен қадам болды. Мұндағы ел де қол қусырып қарап отырмағанымен, қанға сіңген әдет бойынша жоғарыдан нұсқау күтіп, астанаға қарап алаңдай беретіні бар. Өзіңіз республикалық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі болғандықтан, бұл бағыттағы істер Сізге етене таныс қой деп ойлаймын. Туған тіліміздің қайта тірілту жөнінде Алматыда не тындырылып жатыр?

С.Ә.: Тіл туралы айтатын болсақ, бір ұлттың тілін «бұл тіл керек пе?» деп насихаттаудың өзі ұят. Ол тілдің керектігінде дау жоқ. Бүгінгі ұрпақ бізге соншалықты бай, соншалықты мөлдір, әдемі де әуезді тілімізді қалдырған ата-бабалар алдында ұятқа қала жаздап, қазір сол туған тілімізбен қайта қауышып, қайта табысып отырмыз.

Қазақтың тілі менің құлағыма ән сияқты естіледі. Тіл деген – ең алдымен адамның табиғаты ғой, адамды табиғатынан қалай айырасыз? Адамның тілі – рухы, одан қайтіп айырасыз? Тіл деген – адамның жаны, адамды жанынан қалай айырасыз? Тіл – тәрбие негізі, рухани байлық бастауы. Қазір бүкіл Кеңес Одағында халыққа білім беру қызметінің алдына үзіліссіз білім беру жүйесі деген мәселе қойылып отыр. Ол – балабақшада ана тілінде тәрбие

алып, мектепті ана тілінде оқып бітірген жасөспірімнің жоғары оқу орнында да білім алуын сол тілде жалғастыруы деген сөз. Бұл жүйе бізде бүгінге дейін сақталмай, бұзылып келді. Ендігі міндет республикалық «Қазақ тілі» қоғамы, «Қазақстан мектебі» журналы, тағы да басқа қоғамдық мекемелер мен мерзімді басылымдар, жалпы жұртшылық болып, ұрпақтарымыздың жоғары оқу орындарында ана тілінде білім алуларына қол жеткізу болуы керек. Біздің «Қазақстан мектебі» журналы осы салада үлкен еңбек сіңіріп келе жатыр. Биыл Алматыда медицина институтында қазақ бөлімі ашылды. Бір тілде оқып, ғылым тануды сол тілде жалғастыру білімнің бағдарламалық негіздерін барынша терең меңгеруге жағдай жасайды. Басқа тілдерді оқу барысында, жол-жөнекей үйрене беруге мүмкіндік мол. Әрине, орыс тілінің маңыздылығын, оның бізге қажеттігін ешкім де жоққа шығармайды. Бірақ оны да ана тілінің негізінде үйренуіміз керек. Мысалы, академик Костомаров – орыс тілін орыс емес халықтарға оқыту әдістемесінің ең білгір маманы. Сол кісі Алматыға келген сапарында қазақ тілді мектептердің азайып бара жатқандығына таңғалды. Және де басқосулардың бәрінде кез келген тілді тек ұлт тілінің негізінде ғана оңай меңгеріп кетуге болатынын дәлелдеп айтып жүрді.

ТІЛШІ: Сайраш Әбішқызы, кеше ғана облысымыздың ұлттық негізін құрайтын байырғы аудандардан оралдыңыз. Ондағы білім ошақтарының жай-күйімен таныстыңыз. Сізді көзі қарақты қаламгер, халық ағарту ісіне белсене араласып жүрген педагог ретінде таныр болсақ, сол сапардан нендей ой түйіп қайттыңыз?

С.Ә.: Амангелді, Жангелдин аудандарының мектептерінде шешуін күтіп тұрған мәселелер аз емес. Орыс тілін оқытудың жайы, шалғайдағы мектептердің оқу кабинеттерін жарақтандыру, оларды маман мұғалімдермен қамтамасыз ету жағы әлі де назар аударуды қажет етеді. Мен өз көңіліме түйген өзекті мәселелердің бәрін Алматыға барған соң тиісті орындарға жеткіземін. Әйтсе де көңілімде күдіктен гөрі үміт сәулесі мол екенін жасырмаймын. Ол Торғай облыстық партия комитетінің басшылығына Кенжебек Үкіұлының сайлануына да байланысты. Себебі Кенжекең – Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты ретінде Жоғары Советтің халыққа білім беру мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі. Сондықтан да облыс мектептерінде білім мен тәр-

бие жұмыстарының сапалы жүргізілуіне, әсіресе соңғы отыз жыл бедерінде қағажу көрген қазақ мектептерінің бұдан былай өгейлік көрмей, оза дамуына да облыс басшысы қамқор болар деген сенімдемін.

Сұхбатты жүргізген
Ә. ӘБІЛТАЕВ.
«Торғай таңы» газеті, 1990 жыл, 27 қыркүйек

ЖУРНАЛИСПЕН ЖҮЗДЕСУ

Бүгінгі таңда ел өмірінде қазіргі қиындықтарға қарамастан, елең еткізерлік өзгерістер мен жаңалықтарды ара-тұра болса да құлағымыз шалып қалады. Мысалы, жақында облысымызда білім беру саласында жаңадан педагогикалық лицейлер мен гимназиялардың ашылуына байланысты республикалық семинар болып өтті. Міне, осы жиынға астанамыз Алматыдан арнайы сапармен жерлесіміз, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері Сайраш Әбішева келіп қатысқан болатын. Біз онымен жолығып, сұхбаттасқан едік.

ТІЛШІ: Сайраш апай, сапарыңыз сәтті болсын. Сіздің бұл сапарыңыз мамыр мерекелерімен тұстас келіп отыр.

С. Әбішқызы: Рахмет, айналайын. «Семей таңы» газеті ежелден қазақ баспасөзінің қара шаңырағының бірі саналады. Бұл ұжымда кезінде халқымыздың Ахмет, Міржақып, Мұхтар сынды біртуар алып ұлдары жұмыс істеген. Бүгінде сіздер сол бір жақсы дәстүрді ары қарай жалғастырып, халқымызға адал қызмет етіп келе жатырсыздар. Бұл – үлкен мәртебе әрі мақтанарлық жайт.

ТІЛШІ: Сіз үлкен алқалы жиындарға қатысып, ел өміріндегі өзекті мәселелерге орай өз пікіріңізді ашық білдіріп жүрген жандардың бірісіз. Қазіргідей қиын кезде журналистерді әлеуметтік жағынан қорғау мәселесі жөнінде ойыңызды білгіміз келеді.

С. Әбішқызы: Ашығын айтсақ, қазір қоғамдық ойдың қозғаушысы, жаңалықтың жаршысы атанған баспасөздің өзін қолдап,

қорғауды қажет етіп отыр. Меніңше, халықтың мақсат-мүддесін білдіріп, мұң-мұқтажын жеткізетін, қоғамдық ой мен сана, белгілі бір саяси көзқарас, пікір қалыптастыратын бұқаралық ақпарат құралдары ешкімге де материалдық жағынан тәуелді болмауы керек.

Бүгінде үкімет тарапынан журналистер қауымын әлеуметтік қорғау мәселесі өз деңгейінде қолға алынып отырған жоқ. Мұны тым ұзаққа созып, кешеуілдете беруге болмайды. Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніңіз – тек күнделікті жаңалықтың жаршысы ғана емес, біздің рухани байлығымыздың көзі. Осыған орай журналистерді тұрғын үймен қамтамасыз ету, еңбекақысын өсіру секілді өзекті мәселелер әрдайым өз шешімін тауып отыруы тиіс.

ТІЛШІ: Халқымыз «Мектеп – білім бұлағы» деп тегін айтпаған. Біздің естуімізше, сіз басқарып отырған ұжымның өмірінде де елеулі өзгерістер мен жаңалықтар аз емес секілді. Әсіресе жаңадан басылып шықпақ болып жатқан «Қазақ тарихы» журналы туралы әңгімелеп берсеңіз.

С. Әбішқызы: Білім мен тәрбиенің бастауы – мектеп. Күні кеше бәріміз де сол мектептен қанаттанып, қияға құлаш сермеп ұшып шықтық. Менің осы жолғы туған жерге сапарым білім ордасы – мектеп өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтарға қатысты болып отыр. Облыстық білім беру басқармасы оқу-ағарту саласында жаңадан педагогикалық лицейлер мен гимназиялардың ашылуына байланысты республикалық семинар өткізген екен. Біз осыған орай қаладағы бірқатар оқу орындарында болып, ашық сабақтарға қатыстық. Ең бастысы, бізді қазіргідей қиын кезде оқу-ағарту саласындағы ізденіске толы жемісті істер, жаңалықтар қатты қуантты. Алайда қол жеткен жетістіктермен шектеліп қалуға болмайды. Қазақ гимназиялары мен педагогикалық лицейлерін көбірек ашуға батыл қадам жасау керек. Бірақ бұл арада бір ескеретін жайт, білім беру жүйесі таза коммерцияға айналмауы тиіс. Онда ақша емес, ең алдымен білім сапасы бірінші орынға қойылуы қажет.

Жаңа жоғарыда бірнеше оқу орнында болдық деп айтып өттім. Дегенмен көңілге кірбің ұялататын кейбір жағдайларға тоқтала кеткен жөн сияқты. Мысалы, №5 қазақ орта мектебіндегі геогра-

фия, №7 оқу орыс тіліндегі орта мектебіндегі Қазақстан тарихы пәнінен өткізілген ашық сабақтар ойлағанымыздай болмады. Әрине, бір жолғы ашық сабаққа қарап бүкіл мұғалімдер ұжымының таным-түсінігі, білім дәрежесі бөлендей деуге келмейді.

Бүгінде мен басқарып отырған «Қазақстан мектебі» журналының ұжымы туралы айтар болсам, бұл да өзіндік мол тарихы бар қазақ баспасөзінің бірі. 1925 жылы «Жаңа мектеп» деген атпен алғаш рет негізін қалап, басып шығарушылардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы атамыз болған екен. Бүгінде сол дәстүр жалғасын тауып, дамып келеді. Қазір «Қазақстан мектебі» журналының өзі үш бірдей басылымның қара шаңырағына айналып отыр. Мысалы, біздің шаңырақтың астынан «Бастауыш мектеп», «Үйелмен және балабақша», «Информатика, физика, математика» журналдары басылып шығарылады. Бұған қоса енді республикалық газеттерде хабарланғандай, жаңадан «Қазақ тарихы» журналы жарық көрмекші. Әрине, бұл жаңа басылым туралы көп ой айтуға болады. Алайда мен соның ең маңыздысын, яғни бұл журналдың ел тарихын шұқшия зерттеп, соны оқырмандарға талдап, саралап жазатынына тоқталып өткім келеді. Қысқасы, біз өз тарихымызды өзіміз жазуымыз керек.

«Қазақ тарихы» журналын үстіміздегі жылғы шілде айында басып шығармақпыз. Бұл – екі айда бір рет, бес баспа табақ көлемінде жарияланатын басылым. Жарты жылға жазылу бағасы небәрі 396 сом. Оның жаз ортасына қарай шығу себебі, рұқсат тым кеш берілді. Сол себепті бұл басылым биылғы газет-журналдардың каталогіне кірмей қалды. Алайда Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің барлық облыстық, аудандық байланыс жүйелеріне №355 схемалық жеделхаты жіберілді. Онда жергілікті жерлерде осы журналға жазылуды ұйымдастыру айтылған. Жаңа журналды жаздырып алам деушілердің жаңағы жеделхатқа көңіл аударулары тиіс. Сөз соңында жаңа басылым «Қазақ тарихы» журналына жылы лебіз білдіріп, жанашырлық танытқан «Семей таңы» ұжымына көп рахмет айтқым келеді.

ТІЛШІ: Әңгімеңізге рахмет!

М. КЕНЕМОЛДИН.

«Семей таңы» газеті, 1993 жыл, 6 мамыр

БІЛІМ ЖОЛЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨРКЕНИЕТ ЖОЛЫ

«Қазақстан мектебі» журналының дүниеге келгеніне бүгін 70 жыл толып отыр. Қазақ тіліндегі тұңғыш кәсіби-педагогикалық журнал осы уақыт ішінде тәуелсіз елдің мектебін терең білім, кемел тәрбие ошағына айналдыру жолында үлкен іскерлікпен еңбек етіп жатқан ұстаздар қауымының, жалпы қалың оқырманның сыралғы досына айналды. Газетіміздің бүгінгі нөмірінде «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы, «Құрмет» орденінің иегері Сайраш ӘБІШҚЫЗЫ басылымның өткен жолы, бүгінгі еңбек тынысы жөнінде өз ойын ортаға салады.

– Әрине, өткенге ой жіберу, жүріп өткен жолды саралау маңызды. Алғашқыда «Жаңа мектеп», «Ауыл мұғалімі», кейіннен «Қазақстан мектебі» аталған бұл басылымның тарихы бойдағы бар күш-жігері мен құлшынысын, терең білімі мен парасатын халық ағарту саласы жолына жұмсаған халқымыздың ардақты азаматтары С. Сәдуақасов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, Е. Омаров, С. Сейфуллин, М. Әуезов және басқалардың есімімен тығыз байланысты. Ең бастысы – бұл басылым өзінің жетпіс жылдық тарихында оқу-ағарту саласы қызметкерлерінің білімі мен шеберлігін арттыруға көмектесіп, ұлттық мектебіміздің қалыптасып, дамуы жолында үлкен жетістіктерге қол жеткізді десек, асырып айтқандық емес. Журналдың сонау бір жылдардағы сарғайған беттерінде абзал да ардақты азаматтардың халықты ең басты рухани байлық – ғылым мен білімге шақырған, осы бір игілікті істерге ұйытқы болған қаламгерлердің өшпес мұралары сақталған.

Сөйтіп «Жаңа мектеп» журналы ең алғашқы, бірінші санынан бастап өзінің ұзақ даму жолында қазақ халқын, жас ұрпақты білім-іліммен сусындатудың көптеген, өте күрделі мәселелерін уақытында көтеріп, уақыттың қатаң талабына үн қосып келеді. Басқа салалармен қатар, білім беру жүйесінде де қоғамның әр кезеңі алға тартқан сан алуан міндетті уақыттан кешіктірмей шешуге тырысу бүгінде басылым атаулының барлығының дерлік ортақ міндетіне, басты парызына айналып отыр.

Білім мен ғылым жолы – толық тәуелсіздікке жетудің жолы. Осындай аса маңызды мәселеде «Қазақстан мектебі» журналы

да өз оқырмандарына жол сілтейтін бейне бір бағдаршам іспетті. Сондықтан да бұл басылымды үзбей оқитын әрбір оқырманның білім беру ісінің, оның жай-күйінің сырт көзге байқала бермейтін ішкі қыр-сырынан алар мағлұматы, түйер ойы көп болса, біздің мақсатымыздың орындалғаны. Басылым ұжымының бүгінгі еңбек тынысы да осы биік мақсатқа бағытталған.

Жасыратыны жоқ, «Қазақстан мектебі» журналының басқа сипаттағы алуан түрлі басылымдарға қарағанда өз ерекшеліктері де бар. Ең алдымен оның авторлары мен оқырмандары негізінен қаламгерліктен ауылы алыстау кәсіп иелері – мұғалімдер, тәрбиешілер, ғалымдар, педагогтер және студенттер. Мұның өзі журнал ұжымының шығармашылық шағын тобының әрқайсысының өз міндетіне үлкен жауапкершілікпен қоса авторлар еңбегіне жанашырлықпен қарауға деген ниетін де қалыптастырады. Олар авторлар еңбегіне үлкен құрметпен және бүгінгі талап биігінен қарайды. Өйткені біздің ең басты тіреніштіміз – оқырман. Сондықтан да арадағы байланысты үзбей, одан әрі нығайта түсу – уақыт талабы.

– **Көпшілікке белгілі, Қазақстан мектептерінде 1997 жылдан бастап бірінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейін біртіндеп жаңа бағдарламамен оқуға көшу жоспарланды. Білім жүйесін реформалау, әрине, бір күннің ісі емес, ол ұзақ уақытты, үлкен күш-жігерді қажет етеді. Демек, уақытпен үндес өмір сүруге тиіс журналдың алдында тұрған мұрат-мақсаттар да, сөз жоқ, күрделілене түсті. Сайраш Әбішқызы, осы орайда атқарылып жатқан игі істер, тың ізденістер жөнінде әңгімелесеңіз...**

– Өркениетті мемлекеттердегі озық білім беру тәжірибесін мақсат еткен бүгінгі күн талабының зор екені рас. Басылым үшін қандай жағдайда болса да терең ізденіс таныту маңызды. Сондықтан да кездескен қиындыққа қарамастан бұл бағытта бірқатар шараларды жүзеге асырудамыз. Соңғы жылдары авторларымыздың басым көпшілігін құрайтын ұстаздар қауымы білікті талдауға, ойлы пікірге, ұсынысқа толы мазмұнды хаттарды жиі жолдайтын болды. Бұл көңілге қуаныш ұялатады. Мұндай хаттар шын мәнісінде шығармашылық ізденістен туатыны белгілі. Өз еңбегіне сын көзбен қарауға, талдау жасай білуге бейім ұстаз еңбегінің сапалық деңгейі едәуір өскендігі байқалады. Ал мұғалім еңбегінің сапасы жақсарса, білім сапасы да жетіледі. Менің ойымша, 45 минөттік

сабақ сапасы ең басты көрсеткіш болуы қажет. Сондықтан да жеке мұғалімнің ізденісіне басты назар аударуға, құнды пікірлерді, озық тәжірибені журнал бетінде жариялауға асығамыз. Мұның өзгелерге берері мол.

Еліміздің тәуелсіздік алуына орай республикадағы оқу-білім саласының бірден-бір жаршысы болып келе жатқан «Қазақстан мектебі» журналының да құлашын кеңінен жаюына тура келді. Өйткені Қазақстанда орта мектепте міндетті жиырма пән оқытылса, соның екеуінен басқасының (орыс тілі мен әдебиеті) қалай оқыту мәселесін бертінге дейін «Қазақстан мектебі» журналы жазып келді. Тәжірибемде байқағанымдай, әрбір мұғалім басылымның жаңа нөмірінен ең алдымен өз пәні туралы жазылған мақаланы оқиды. Егер таба алмаса, журналды оқымай қоюы да, оған жазылмай қоюы да мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда, оқырман талабы дұрыс. Егер барлық тақырып бойынша әр нөмірде бір-бір материалдан бергенде де толық қамту мүмкін емес. Осыдан келіп, педагогикалық жаңа басылымдар ашу қажеттігі туды. Сөйтіп арада 31 жыл өткеннен кейін бұрын жабылып қалған «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 1990 жылы қайтадан жарық көрді. Одан кейін «Отбасы мен балабақша» (1991 ж.) «Информатика, физика, математика» (1992 ж.) және «Қазақ тарихы» (1993 ж.) қосымшалары жариялана бастады. Осылайша өткен жылға дейін «Қазақстан мектебі» шаңырағынан ай сайын үш журнал, екі айда бір реттен екі журнал – барлығы бес журнал шығып, өз оқырмандарымен қауышып жүр. Бір құптарлығы – нарық қыспағына қарамастан, оқырмандарымыздың қатары уақыт өткен сайын арта түсуде. Халық ағарту саласын дамытудағы белсенді қызметі және жастарға білім мен тәрбие берудегі жемісті еңбегі үшін ғылыми-педагогикалық «Қазақстан мектебі» журналы үкімет тарапынан бірнеше рет әр түрлі наградаларға ие болды. «Қазақ тарихы» қосымша журналы өткен жылдың қорытындысы бойынша сәтті шығармашылық ізденістері мен тартымды жаңалықтары, қол жеткен жетістігі үшін Қазақстан Журналистер одағының лауреаты дипломына ие болды.

– Ең алғашқы редактор Молдағали Жолдыбайұлы «Жаңа мектеп» журналының бірінші нөмірінде «Журналдың мақсаты – «қысыр пәлсапа» сату емес, қисын жырларын жырлау емес, қазақ мектебіне араласу, қазақ оқытушысының мектептегі күнбе-күнгі

жұмысына жәрдемші болу, оқытушылармен пікір алмастырып, жүкті «Әуп!», «Әуп!» күш қосып, бірге тарту» деп жазған екен. Сізге соңғы сауал. Өзіңіз бір кезде оқырманы, қазір бас редакторы болып отырған осы басылымға қояр талап, алдағы мақсат жөнінде айта кетсеңіз.

– Арада өткен жетпіс жыл бірқатар өзгерістермен бірге күрделі міндеттерді де алға тартып отыр. Бірақ журнал ұжымына оқырмандар талабы өткен уақыттағыдан әлдеқайда жоғары екендігі айтпаса да түсінікті. Алаштың аяулы арыстары негізін қалап беріп кеткен журналдың сол бір тынысы кең үрдісін одан әрі жалғастыру жауапкершілігі биігінен көріне аламыз ба деген ой қазіргі бас редактор ретінде көңілімді үнемі мазалайды. Сондықтан да оқырман талабынан шығу, оның ойына ой қосып, ұстаздарға көмекші болуда басылым үнемі уақыт биігінен көріне берер деген үмітіміз бар. Сол үшін қажымай-талмай, үлкен ізденіспен еңбек етудеміз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен ***Бақыт БАЛҒАРИНА,***
«Егемен Қазақстан» газеті, 1995 жыл, 13 қазан

«ГЕОГРАФИЯ» ЖУРНАЛА И МЕЧТЫ ЕГО РЕДАКТОРА

Журналу «Қазақстан мектебі» исполнилось 70 лет. В канун юбилея наш корреспондент встретился с его редактором, Сайраш Абишевой, которая рассказала о становлении журнала, его сегодняшнем дне, перспективах на будущее...

– Сайраш Абишевна, давайте ненадолго вернемся в прошлое. Когда и как все начиналось?

– Журнал был создан в 1925 году и до 1933 назывался «Жаңа мектеп». За время существования он менял свое название пять раз. По их изменению можно судить об основных целях, проблемах и задачах журнала. Во главе создания казахской школы стоял Ахмет Байтурсынулы, который в 1925 году был председателем Совета по народному образованию. Вообще нужно отметить, что начало этого века было золотым веком для казахской интеллигенции, от-

части поэтому и стало реальностью создание подобного журнала. В то время казахская национальная школа только начинала становиться на ноги и, естественно, что наряду с ее созданием встал вопрос о научно-педагогическом, методическом журнале, способном оказывать помощь учителям, отвечать на возникающие в ходе учебного процесса вопросы.

– Были ли у журнала трудности в период его творческого становления?

– Ни одна из трудностей, которые прошел Казахстан, не обошла стороной и это издание. Для казахской аудитории журнал являлся единственным источником знакомства с новыми методиками, течениями в педагогике, новшествами в конкретных науках. Хочу отметить, что и на сегодняшний день «Қазақстан мектебі» остается главным многоотраслевым изданием, предназначенным именно для казахских школ. Если на русском языке выходит очень много периодики, относящейся к проблемам образования, то журнал «Қазақстан мектебі» – единственный в своем роде на всю республику.

– Отсюда, как следствие, большая нагрузка?

– Совершенно верно. Мы были вынуждены освещать очень широкий круг вопросов: проблемы воспитания, обучения, закономерностей развития ребенка, целостности педагогического процесса, вопросы профессионального подхода к анализу явлений, научные проблемы. Одним словом, первый и единственный в Казахстане профессиональный журнал нес на себе ответственность за освещение всех сторон и нюансов казахской школы.

– Оглядываясь назад, сегодня, видимо, можно с уверенностью говорить о том, что сделано. Но, наверняка, какие-то проблемы так и остались нерешенными...

– Их очень много. Одна из них – переводные учебники. Для казахской школы было написано всего четыре учебника: казахский язык, литература, учебник по казахстанской истории и географии. Вопрос этот был поднят уже в первом номере журнала и сегодня мы по мере возможностей и сил стараемся восполнить этот пробел. Публикуем научные статьи, исследования.

– Сайраш Абишевна, с какого времени вы возглавляете журнал?

– С 1987 года, а в редакцию пришла в 1983 году, в свое время закончила историко-филологический факультет КазПИ имени Абая, так что все проблемы педагогов знаю изнутри.

– Каков штат сотрудников журнала?

– Очень маленький, всего – семь человек, среди них есть и профессиональные журналисты, и профессиональные педагоги, которые занимаются сбором информации со всей республики. Очень помогают нам в этом постоянные авторы. Словом, пожаловаться на «узкую географию» и неимение новостей с периферии мы не можем. Хотелось бы отметить, что с прошлого года почта стала приносить много статей проблемного, критического плана. Это радует. Много нам пишут о своем опыте работы, о методике преподавания. Хорошую поддержку в организации материалов оказывают работники народного образования, методисты-педагоги.

– Какой тираж у журнала? Как вы считаете, достаточен ли он для заполнения вакуума информации, связанной с вопросами национальной педагогики?

– Наш тираж колеблется от пяти до семи тысяч. Думаю, на сегодняшний день этого вполне достаточно. В розницу журнал не распространяется, но на отсутствие подписчиков мы пожаловаться не можем. Сразу хотелось бы отметить, что специально агитацией в период подписки мы не занимаемся. У нас есть свой читатель, который, естественно, подпишется на «Қазақстан мектебі» без всяких сомнений и колебаний.

– Вопросы кадровой политики, организации учебного процесса, методика, новые принципы обучения, да еще и более 18 основных предметов, не слишком ли много для одного журнала?

– Согласна, что много. Но иного выхода не было. В 1962 году было создано первое приложение «Русский язык и литература в казахской школе», в 1972 – второе «Бастауыш мектеп» («Начальная школа»), с 1990 года на казахском языке самостоятельно начал выходить журнал «Казахский язык и литература», что, естественно, послужило хорошей помощью нам. С 1991 года начало свой путь приложение «Отбасы және балабақша» («Семья и детсад»), которое с прошлого года также приобрело статус самостоятельности. То есть на сегодняшний день круг проблем, которыми мы занимаемся, несколько уменьшился, что дало нам возможность

более тщательно и детально освещать их. Сегодня раз в два месяца наша редакция выпускает на казахском языке еще два приложения – «Қазақ тарихы» («История Казахии») и «Информатика, физика, математика», на страницах которых выступают маститые ученые, академики, учителя-профессионалы.

– Если говорить о приоритетном направлении журнала, то что на сегодняшний день в нем является основополагающим?

– Журнал должен заниматься народным образованием. Самое главное – разработка концепции казахской школы, ибо сегодня, не взирая на семидесятилетний стаж, мы делаем только первые шаги в разработке этой концепции. Наш журнал должен интегрировать психологические знания о двух возрастных периодах детей, показывать потенциальные возможности подрастающего поколения; ориентировать на дифференцированный подход в обучении и воспитании, на гуманистический характер отношений с детьми.

– Поделитесь планами на будущее...

–Надеюсь, что когда-нибудь название нашего журнала будет верно отражать его профессиональную и содержательную направленность. Если говорить о ближайших планах, то у меня, как у редактора журнала, есть три мечты: надеюсь, что когда-нибудь наш университет начнет готовить журналистов-педагогов, которые будут способны вести за собой читателя, не идти за ним, а именно вести, в лучшем смысле этого слова. Другая моя мечта заключается в том, что когда-нибудь казахская национальная школа выйдет из тени, в которой находится, займет место, которое принадлежит ей по праву. И последнее – надеюсь, что в самое ближайшее время мы сможем выпускать приложение, освещающее вопросы музыкально-эстетического воспитания детей. Мы все живем в одном мире, в одной семье и каждый из нас имеет право на национальную гордость, патриотизм и мы все должны чувствовать себя счастливыми. А люди чувствуют себя таковыми только тогда, когда нужны друг другу, когда приходят на помощь друг другу в стремлении обрести себя, свою историю, гордость за свой народ.

Интервью провела ***Светлана ФЕЛЬДЕ.***
«Вести Казахстана», 13 ноября 1995 года. Алматы

«ӨЗГЕ ҮШІН ӨЗІМДІ ЖАУАПКЕР СЕЗІНУ ЖАСТАЙЫМНАН БОЙҒА СІҢГЕН ҚАСИЕТ»

«Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы, қоғам қайраткері Сайраш Әбішқызы осылай дейді.

– Сайраш Әбішқызы, өзіңізді жете білетін адамдардың сізді кімге болса да қолынан келген көмегін аямайтын мейірімді жан деп айтып отырғанын талай рет естіп жүрміз. Мұндай адами мінез әу баста бала бойына отбасы тәрбиесінен дарыса керек. Ендеше, бүгінгі әңгімені өзіңіз өскен орта жайлы сөзден бастасақ.

– Әкем Әбіш соғыста екі рет жараланып, 1943 жылы елге оралған майдангер болатын. Көзін ашып көрген тұңғышы – мен ол кісінің 42 жасында туыппын. Менен кейін де үбірлі-шүбірлі бауырларым дүниеге келді. Үйдің үлкені болғаннан кейін бе, маған тым ертерек ес кірді. Кәрі әке, ауру шеше, әлі бұғанасы қатпаған бауырларыма қамқор болуға тырыстым. Мектеп жасында болсам да, үлкендерге сүйеу, бауырларыма пана болуды өзіме парыз санадым. Міне, осы бала кездегі бойыма сіңген жауапкершілік қашанда басты мұратыма айналды. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің де түпкі мәні осында болса керек. Жалпы, өзінің ата-анасын, туған-туыстарын, дос-жарандарын ойламаған адамда отаншыл қасиет болады дегенге сенбеймін.

– Сіз жас кезіңізде ғалым болсам деп талаптанған екенсіз. Осы бағытыңыздан айнып, журналистік жолға түсуіңізге не себеп болды?

– Мені ғылымға қарай икемдеген марқұм академик Қажым аға Жұмалиев болатын. Студент кезімде-ақ ол кісі маған «XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы ақын-жыраулардың тіл ерекшелігі» деген тақырып беріп, ғылыми зерттеу ісіне баули бастады. Ол кісі сол кезде аты өшуге айналып бара жатқан ақын-жыраулардың ел есіне қалайда салып отыруды мақсат етіп, ол ойын менен де жасырмайтын.

Кейіннен аспирантураға түсіп, Қажым ағаның жетекшілігімен әлгі тақырыптан кандидаттық қорғаймын деп жүргенімде, ол кісі қайтыс болып кетті. Әрине, менің ендігі жерде әлгі тақырыпты қорғап шығуым мүмкін емес еді. Бұл да бір естен кетпес өкініш!

Маған енді кафедраның ғылыми кеңесінің шешімімен екінші тақырып ұсынылды. «Жыр арқауы – бейбітшілік» деген тақырыпта ғылыми еңбек жазып шықтым. Бірақ осы тақырыпқа ар жағым онша жығылып тұрмағаннан кейін, өзім тоқтатуды жөн көрдім. Сөйтіп, әдебиетші ғалым болу деген ойдан саналы түрде бас тарттым.

– Сізді қазір елдің бәрі журналист ретінде біледі. Сол журналистік өмір жолыңыз туралы қысқаша айтып өтсеңіз.

– Журналистік өмір жолымда «Егемен Қазақстан» газетінің (ол кезде «Социалистік Қазақстан» болатын. Бас редакторы – Ұзақ Бағаев) орны зор. Бұл газет мені журналистік кәсіптің қыр-сырына баулыған университетім деп білемін. «СҚ»-дан кейінгі мектебім – «Қазақстан әйелдері». Онда жауапты хатшы болып істедім. Мені редакцияның бүкіл ішкі жұмыстарына, баспахана істеріне үйреткен үлкен мектеп осы «Қазақстан әйелдері» болды. Сөйтіп, мен «Қазақстан мектебі» журналына үлкен дайындықпен келдім.

– Сізді ел-жұрт қоғам қайраткері ретінде жақсы біледі. Журналистің бәрі бірдей ондай дәрежеден көріне бермейтіні белгілі...

– Мені сол дәрежеге жеткізген қазақ тілінің киесі деп білемін. 1989 жылы қазақ тілін қорғау мақсатында алғашқы құрылтай өткізілді. Сол құрылтайда Алматы қалалық қазақ тілі қоғамының ұйымдастыру комитетінің төрайымы етіп мені сайлады. Бұл өзі бір айтуға оңай болғанмен, көп күш-жігерді керек ететін, жүгірісі мен жиылысы, жүрек ауыртатын жайлары жеткілікті жұмыс болып шықты. Әйтеуір, Құдай сәтін салып, 1989 жылдың желтоқсан айында «Қазақ тілі» қоғамына қол жеткіздік. Мен сол қоғамды үш жылдай басқарып, шынын айтқанда, ыстығына күйіп, суығына тоңдым. Сірә, менің әлгі өзің айтқан қайраткерлігімнің алғашқы баспалдағы осы кезден қаланса керек. Қазақ тілі үшін күрес – бұл менің өмірлік қызметім. Сол жылдары қол жеткізген бір табысым – «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын ашу болды ғой деймін. 1958-1959 жылдары ашылып, қайтадан жабылған, репрессияға ұшыраған осы басылымды дүниеге қайта әкелу үшін министрліктің алдына қайта-қайта мәселе қойдым. Ақыры 1990 жылы осы журнал қайта ашылды.

– Енді, осы тұста бір емес, бірнеше журнал шығарып отырған өз ұжымыңыз туралы айтып өтсеңіз.

– «Қазақстан мектебі» журналының жалғыз қосымшасы «Бастауыш мектеп» қана еді ғой. Енді қазақ тілінің аясын кеңейте түсу үшін ең қажетті, зәру деген басылымдар ашуды қолға алдық. Бұл ойымызды ең бірінші бесік, отбасы тәрбиесінен бастауды жөн көріп, «Отбасы және балабақша» қосымшасын ашуға ұмтылдық. 1991 жылы ол да ашылды. Осыдан кейін-ақ 1992 жылы «Информатика, физика, математика» («ИФМ»), 1993 жылы «Қазақ тарихы», 1996 жылы «Биология, география, химия» қосымшалары дүниеге келді. Және бұлардың бәрі қосымша деген аты болмаса, жеке-жеке үлкен басылымдар ретінде жарық көрді. Сондықтан 1996 жылдан бастап «Қазақ тарихынан» басқасын жеке шаңырақ етіп, өз алдына оңашалай бастадық. 2003 жылы «Қазақ тарихы» да жеке бөлініп шықты. Ол қазір бір өзі – 10 баспа табақтық үлкен журнал. Енді ойласам, мен осы журналдарды ашу арқылы үш түрлі жетістікке жетіппін. Біріншіден, қазақ тіліндегі ғылыми басылымдар қатарын көбейтіп, ана тіліміздің өрісін кеңейттім, екіншіден, педагог-журналистердің жаңа легін даярлап шығардым, үшіншіден, осы журналдарды өз алдына жекелеп бөле отырып, жаңа жұмыс орындарын аштым. Оның үстіне он шақты бас редакторлар тобын жасақтадым. Қалай ойлайсың, мұным артық мақтан емес шығар. Осы тұста, біздің елде педагог журналистер даярлайтын оқу орындары жоқ екенін де ескерте кеткен жөн бола ма деймін. Әрине, мен мұнымен «болдым-толдым» деп отырғам жоқ, осы үрдісті әлі де жалғастырмақ ойым бар.

– Не нәрселерге көңіліңіз толмайды?

– Қазіргі қоғам күрделі даму үстінде. Елді демократияландыру, шынайы құқықтық мемлекет құру – ең басты мақсат. Құдайға шүкір деп айту керек, Қазақстанның қазіргі ішкі-сыртқы саяси және экономикалық жағдайы бұрынғы кеңестік республикалардың көбінен озық. Ел іші тыныш. Болашақтан үмітіміз тіпті зор. Бірақ менің көңілімді жүдеткен, тіпті, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айыратын бір мұңым бар. Ол – тіл мәселесі. Біз қанша жерден өркениетті елдердің қарасын көрдік, ертең қуып жетеміз деп мақтанғанымызбен, «мемлекеттік тіл» деген дардай атағы болса да, көп ешкімге керегі шамалы қазақ тілінің бағын ашпай тұрып, ұлт ретінде өркендей де, өсе де алмаймыз. Қазіргі уақытта қолында билігі бар азаматтарымыздың өзі тіл мәселесіне жүрдім-бардым

қарап, тек бер жағымен ғана бас шұлғып отыр. Ал олар өзі отырған бұтақты өзі балталап жатқанын білер ме екен?! Тіпті ұлт болашағы туралы ойлана ма солар? Парламентте отырған кейбір депутаттардың тіл саясатына деген көзқарастары қандай екені де өзімізге белгілі болып қалды. Сонда қазақ деген ұлттың, қазақ тілінің қамын кім ойлайды? Байқап отырсам, қазақ тілінің аясын кеңейтуге арналған іс-шаралардың бәріне жуығы жасанды, көзбояушылық іспетті. Ешкімнің іші ауырып отырған жоқ. Әйтпесе, он екі-он үш жылда біраз нәрсені тындырып тастауға болар еді ғой. «Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ» деген сияқты, біздің қолымыздан келетіні – жазу, айту.

– «Қолымыздан келетіні – жазу, айту» дегеннен шығады, сіздің осы «жазу, айтудағы» еңбегіңіз еленбей қалған жоқ. 1995 жылы «Құрмет» орденімен марапатталдыңыз. Сірә, бұл орденге қазақ әйелдері арасында тұңғыш ие болған ұстаз-журналист сіз болуыңыз керек. Ендеше, бұл орайда ешкімге өкпеңіз жоқ шығар.

– 1981 жылы тізбекті очерктерім үшін Журналистер одағының екінші сыйлығын иелендім. Ол очерктер 1986 жылы «Нұрлы жол» атты кітабыма топтастырылып берілді. Сонан кейін 1997 жылы шетел сапарларында жазылған жолжазбаларым үшін М. Сералин атындағы сыйлықтың тұңғыш иегері болдым. Үкімет тарапынан педагог-журналист ретінде Ы. Алтынсарин медалімен, білім беру ісінің үздігі атақтарымен марапатталдым. 2000 жылы Англияның Кембридж әлемдік-ғұмырнамалық орталығының энциклопедиясына білім беру және журналистік салада үздік көрсеткіш көрсеткен жеке тұлға ретінде кіргенімді айта кетейін. Иә, бұл тараптан келгенде, тағдырға да, үкіметке де дән ризамын.

– Педагог-журналист ретінде қазіргі білім реформасына, білім беру мен тәрбиелеу ісіне байланысты не айтар едіңіз?

– Мемлекеттің мемлекет болуы оның білім жүйесінен көрініс береді. Өз басым кейінгі шыққан тұжырымдаманы дұрыс қабылдадым. Аз ғана өкініш – осы тұжырымдама ертерек қабылдануы керек еді. Бірақ «ештен кеш жақсы». Бұл тұжырымдаманың ең ұнайтыны – түпкі нәтиже үшін жұмыс істейтіндігі деп білемін. Ал нәтиже дегеніміз – білім сапасы. Мәселен, жас адам қай оқу орнында оқыса да, сол мамандықты жете меңгерсін. Бұл – бірінші қажеттілік. Әлгі, әңгімеміздің басында айтып кеткен мақсаткерлік деген де осыған саяды.

– Өз өміріңізге ризасыз ба?

– Иә, ризамын. Бақытымды еңбектен тапқан адаммын деп санаймын. Жеке өмірімде де бақытсызбын демеймін. Өзімді үлкен отбасының қамқоршысы сезінемін. Бауырларымның балалары «апа» дейді. Мен де оларды немерелерімдей көремін. Мақсат та көп. Көз алдымда, бауырымда өсіп келе жатқан ұл-қыздың жақсы білім алып, маман болып шығуына, отау көтеруіне бас-көз болсам деймін. Қазақ тілді педагогикалық журналдардың тағы бір-екеуіне қол жеткізсем деген де ой бар.

– Өмірде қуаныш пен реніш қатар жүреді. Сіздің өміріңізде ерекше қуанатын және ерекше ренжитін жағдайлар болды ма?

– Ерекше қуанатыным – қолымнан келгенінше айналамдағы адамдарға, қарауымдағы қызметкерлеріме қамқорлық, көмек жасай алған сәттерім. Мен «Қазақстан мектебі» журналында 21 жыл қызмет етіп отырмын. 1987 жылдан бастап бас редактормын. Содан бері қарауымдағы қызметкерлерге пәтер алуға көмектесіп, қуанышына ортақ болып келемін. Баспана мәселесінің қандай қиын екені белгілі ғой. Оңай соқты демеймін, жалпы саны 10-нан астам пәтер алып, қызметкерлерім үйлі-күйлі болды. Ең бір қуанатын жағдай осы. Ал реніш мәселесіне келсек, әрине, болды. Бірақ жүрегімде ешкімге деген ешқандай өкпе-реніш сақталып қалған жоқ. Құдайға тәуба, ренішті тез ұмытып кетемін.

Әңгімелескен
Жұмагүл ҚУАНЫШБЕККЫЗЫ.
«Егемен Қазақстан» газеті, 2004 жыл, 12 мамыр

АНА ТІЛІМДЕ ШАБЫТТАНЫП СӨЙЛЕСЕМ, ӨЗІМДІ ӘН АЙТЫП ТҰРҒАНДАЙ СЕЗІНЕМ

Сонау соғыстың сұрапыл жылдарында шалғайдағы Ерназар ауылында 1944 жылдың көктемінде дүниеге келген нәрестеге Сайрангүл деп ат қойыпты. «Тұңғыштан туған тұңғышын» әжесі еркелетіп Сайрашым деп бауырына басыпты. Әже мейірімімен бойжеткен ерке қыз еркеліктен мүлде ада боп, туғанынан өжет, турашыл, еңбекқор болып өсіпті. Туған ауылдан ұзап, жырақ кет-

кенінде өскен орта, ұшқан ұяның тәрбиесінен алыстай қойған жоқ. Бала күнінен санасына сіңірген ана тілінің тағдыры үшін күресіп келеді. Кеңестік саясаттың азығы болған қазақ тілінің жай-күйі қабырғасын қаусатпай қоймады. Заты әйел болса да, мойымастан, нардың жүгін арқалады. 21 жылға жуық уақытын «Қазақстан мектебі» журналында өткізген Сайраш апай қайраткер ғана емес, білікті басшы да. Алғаш бас редакторлыққа келгенінде қазақ тілінде шығатын жалғыз журнал қазір қанатын кеңге жайған. Бүгінде ол жерден бірнеше педагогикалық қосымшалар шығады екен.

– Сайраш апай, әңгімені «Қазақстан мектебінен» бастасақ. Шалғайдағы кішкентай ауылда, сегіз жылдық мектепте ұстаздық қызмет етіп жүрген Сізді журналистикаға алып келген не сыр?

– Мектепті күміс медальмен бітіріп, Алматыға оқуға келдім. Шалғай ауылдан ел ордасы астанаға аттанғанымда, мендегі басты арман, не журналистикаға түсемін, не физик боламын деген ой еді. Қазір ойлап қарасам, неге журналистика мен физика деймін?! Былай қарасаңыз, екеуі екі түрлі мамандық қой. Бірақ бір логикалық байланыс бар сияқты. Физика да дәлдікті жақсы көреді, журналистика да дәлдікті сүйеді. Екеуі де адамның ойлану кеңістігін қажет етпей ме? Міне, осындай арман қуған мен сол кездегі ҚазПИ-ге (қазіргі АлМУ) келіп құжаттарымды тапсырып, тарих-филология факультетінің студенті болып шыға келдім. Неге ҚазПИ деп отырған шығарсың? Арман қуып, астанаға келгенімде, мені мұнда қарсы алатын да ешкімім болмады. Бірінші шілдеде келіп алыппын. Қарасам ешқандай оқу орнының жатақханасы 15-іне дейін қабылдамайды екен. Содан Қаз-ПИ-ге келсем, ауылдан келген абитуриенттерге жатақхана беріп жатыр. Сосын жатақхана үшін осы институтқа құжаттарымды тапсыруға тура келді.

Біз оқып жүрген кезде, институт бітірген түлектерге жолдаманы институттың өздері беретін. Сондай жолдамамен мен де ауылға аттандым. Институтты қызыл дипломмен тәмамдадым. Мен бітірген кезде ұстаздарым менен аспирантураға қалуымды өтінген. Бірақ бір отбасының тұңғышы болғаннан кейін, елдегі бауырларыма, ата-анама көмектесуім керек деп, сол жолдамамен ауылдағы сегіз жылдық мектептің ұстазы болып шыға келдім. Оның үстіне,

ол кезде қазіргідей аспирантураға қатты құмарлық жоқ, жұмыс істегенді тәуір көрдік. Мектепте тәлім-тәрбие беріп жүріп, аудандық комсомол комитетінің хатшысы болып сайландым. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласа бастадық. Сөйтіп жүргенімде, ауылға менің артымнан институттан шақырту келді. Аспирантураға шақырту келгеннен кейін, 1967 жылы Алматыға қайта келдім.

Аспирантурада оқып жүріп, сырттан келетін көмек жоқ, өзімді асырау үшін күні-түні еңбек ететінмін. Қосымша аудармашы болып жұмыс істедім. Оның үстіне, ол кезде мұнда менің ешқандай танысым жоқ. Сүйенетін де, сенетін де ешкімің болмаған кезде адам өз-өзіне ғана сенеді екен. Наныңды, киіміңді, тұрмысыңды өзің қамтамасыз етуің керек. Содан аспирантураны бітірген соң, бізге институттағылар «Жұмысты өздерің тауып алыңдар. Қай жерден қызмет тапсаңдар, сол жерге біз жолдама береміз» деді. Содан «Құласаң нардан құла» дегендей, бірден жұмыс сұрап, «Социалистік Қазақстанға» бардым ғой.

– Мамандығыңыз сәйкес келмейді деп қабылдамай қойма-ды ма?

– Әрине, қабылдамайды ғой. Өйткені «Социалистік Қазақстан» Орталық Комитет емес, Орталық Комитеттен кем де емес болатын. Қайта Құдай маған жүрек беріпті. Ол жылдары «Социалистік Қазақстанның» редакторы Ұзақ Бағаев еді. Өз еркіммен, өз бетіммен тірлік жасауды жасымнан үйренгенімнің арқасы болар, білдей газеттің бас редакторының қабылдау бөлмесіне именбей кіріп бардым ғой. Онда мендегі басты нәрсе «жұмысқа орналасу» деген ой болды. Содан редакторға өтінішті «Үй сыпырушы» болайын деп жазып апардым.

– Аспирантураны бітіріп, «Социалистік Қазақстанға» үй сыпырушылыққа ма?

– Иә. Қағазымның барлығын қаттап салып алдым. Оның ішінде мектепті күміс медальмен бітіргенім бар, институттың қызыл дипломы және бар. Осы кезге шейін жазып-сызған қағаздарымның барлығын жинап-теріп, бастықтың алдына кірдім ғой.

«Болашақта мен журналистика мамандығына ауысқым келеді. Ол үшін маған журналистиканың қыр-сырын үйрену керек. Бірден журналистік қызметтен бастауға әлі мүмкіндігім төмен деп есептеймін. Сондықтан да мынау шығармашылық орталықта

жүріп, өзімді үйренемін деп ойлаймын. Соны үйрену үшін мені үй сыпырушы етіп алыңыз. Сол үй сыпырушы болып жүріп, қолымнан жазу келетінін дәлелдеймін. Егер дәлелдемесем, өз обалым өзіме, үй сыпырушы болып жүре беремін» деп өтінішті дәл осылай жаздым ғой. Мені жұмысқа қабылдаңыз деп қысқа жазу емес. Осы күні мен қайран қалам. Жұмыс сұрап келген жастарымыз өтінішті дұрыс жаза алмайды.

Сол өтінішті Үзекең оқып, әбден риза болды. «Ой, айналайын-ай, ойыңның бәрін маржандай тізіп түсіріпсің ғой. Бірақ сені мен қалай үй сыпырушылыққа аламын? Мектепті күміс медальға бітіріпсің, институтты қызыл дипломмен аяқтапсың. Аспирантураң анау, жазғандарыңның өзі қаншама. Сондықтан мен сені үй сыпырушыға ала алмаймын» деді. Мен болсам: «Аға, мені алыңызшы, жақсы үй сыпырушы боламын» деп қоймаймын. Мені мүлдем жұмысқа алмай қояды деген қорқыныш қой. Ол кезде менің бағыма, журналистикаға әйел кадрларды даярлау туралы Орталық Комитеттен арнайы қаулы шығыпты. Содан Үзекең ойланып-ойланып отырып: «Жоқ, біз былай жасайық. Сенің қолыңа үш айға дейін штаттан тыс тілші деген куәлік берейін. Сол үш айдың ішінде мақалаң газет бетіне шықса, мен сені қызметке алу жөнінде редколлегияға мәселе қоямын» деді. Ол кезде «Социалистік Қазақстанға» редколлегияның шешімімен қабылданатын. Мен солай штаттан тыс тілші болдым. Енді газет бетіне не шығады деп ойланайын? Қаби Мыңжанов деген ағамыз өнеркәсіп бөлімін басқаратын. Сол кісіге барып, ақыл сұрадым ғой. «Аға, сізден ақыл сұрауға бола ма?» деп едім, «Кел, айналайын» деді. Содан «Социалистік Қазақстанның» бірінші бетіне не шығады дедім ғой. «Бірінші бетке өндірістің, өнеркәсіптің мақалалары жарық көреді» деді. Сосын Орталық Комитет тарапынан болып жатқан күнделікті жаңалықтарды береді екен. Мемлекеттің өміріне байланысты күнделікті жаңалықтар, нұсқаулар, қаулылар. Өнеркәсіп дегенді нық ұстадым да, Алматыдағы бүкіл өнеркәсіптерді жаяу араладым. Зауыт, фабрика, кондитерлік дейсіз бе, ешқайсысын қалдырған жоқпын. Киров зауытына бардым. Ол жерден кез келген адамды өткізбейді ғой. Кіре беріс есігінде бір күн отырдым. «Кіре берістегі бір күн» деген сияқты репортаждар даярлай бастадым. Өндіріс деген – қазақ журналистері бара бермейтін тақырып. Үш

айдың ішінде үш хабарым шықты. Таңның атысы, күннің батысы хабар-ошар дайындайтынмын. Алғашқы кездері бір хабар дайындау үшін жиырма-отыз бет қағаз жыртатын шығармын. Сонымен үш айдан кейін жұмысқа кірдім.

Осы газетте секретариаттың кіші әдеби қызметкері болып қызмет еттім. 90 сом жалақым бар. Кейіннен «Хабар және еңбекші хаттары» бөліміне, содан кейін «Ғылым және оқу орындары» бөліміне ауыстырды. Өйткені, менің педагогикалық мамандығым өте керек болды. Сол кездегі оқу орындарының жұмысы, қабылдау емтиханның жұмысы сияқты шаруаларды бақылап, солар жайлы материалдар беретінбіз. Алғашқы өтінішімнен кейін қызмет жөнінде өтініш жазған емеспін. «Қазақстан әйелдері» журналының жауапты хатшысы зейнеткерлікке шықты да, соған кадр іздей бастағанда, Орталық Комитет ол кісінің орнына қызметке мені шақырды. Осында жүріп те, жазудан қол үзген жоқпын. Сол көп ізденгенімнің арқасы болар, 1980 жылы жарияланған очерктер сериясы үшін 1981 жылы Журналистер одағының екінші сыйлығын алдым. Менің алдымда бір фототілші тұрды. Бұл журналда 1983 жылдың оныншы қаңтарына дейін қызмет істедім де, 10 қаңтардан бастап, қазіргі «Қазақстан мектебіне» ауыстым. Онда да орынбасары зейнет демалысына кеткен екен. Сосын бұл қызметке педагог журналистер іздейді ғой. Оның үстіне «Қазақстан мектебі» салалық журнал ғой. Онда кез келген журналист жұмыс істеп кете алмайды. 1987 жылы бас редактор зейнеткерлікке шығып, ұжым бірауыздан қол көтеріп, бас редакторлыққа мені тағайындады. Ол жылдары бұрынғыдай Орталық Комитет емес, қол көтеріп сайлау шыға бастаған кез. Сөйтіп, 1983 жылдан осы журналда қызмет етіп келемін.

– Білдей салалық журналдың редакторы «Қазақ тілі» қоғамын құрыпты. Сондай қарбалас кезеңде сіз басқарған қоғам уақыттан теперіш көрмеді ме?

– Көргенде қандай?! Оған теперіш көреміз деп қарап отырамыз ба? Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамы өте беделді қоғам болды. Өзім таза қазақ ауылынан тәрбие алып шыққан адаммын. Мен туған ауыл – Шығыс Қазақстан облысындағы бұрынғы Ақсуат, қазіргі Тарбағатай ауданы табиғаты қатал аудан. Тек қана қазақтар тұрады. Ондай жартылай шөлейтті жерлерде тек қазақтар тұрады

ғой, өзің білесің. Жасымнан әжемнің тәрбиесін көргендіктен болар, тілді жанымдай жақсы көремін. Өзіміздің тіліміз өзімізге сылдырап ағып жатқан бұлақтың үніндей естіледі. Көп адамдар кейде ана тілінің әуезін бұзып жібереді. Біздің тілде екпін сөздің соңғы буынына түседі ғой. Сол екпінді сақтап отырып сөйлесең, әдемі ән айтып тұрғандай естіледі. Кейде шабыттанып сөйлеп тұрғанда, өзімді ән айтып тұрғаннан кем сезінбеймін. Оның үстіне қазақ тілі мен әдебиетінің маманымын. Тағы бір қызығы, үндемей отыра алмайтын адаммын. Оның үстіне «Қазақ тілі» қоғамын құру туралы әңгіме басталғанда, соның басы-қасында бірге жүрдім ғой.

«Қазақстан мектебі» журналы қазақ тілді жалғыз журнал болды. Әрбір республикада өзінің тілінде бір-бір журнал шығарып қойды да, ал орыс тіліндегі 22 журнал Мәскеуден ағылып келіп тұрды. Қандай әділетсіздік десеңізші? Осы журналдың пәндік қосымшаларын ашуды өзіме мақсат етіп қойдым. Ең әуелі репрессияға ұшыраған журналдардан бастадым. Оның қатарында «Қазақ тілі мен әдебиеті» болды. Орталық Комитетке қайта-қайта хат жазып, төпелеп отырдым. Ол журнал 1958 жылы ашылып, 1959 жылы жабылып кеткен. Бар болғаны бір-ақ жыл. 1990 жылы осы журналды ашуға кірісіп кеттім. Міне, педагогикалық журналдағы менің ең бірінші жетістігім.

Ол кездері саясат деген сұмдық жүргізілген ғой. Кейін «Қазақ мектептері қалай жабылып кетті?» деген сұраққа жауап іздедім. Сонда Орталық Комитеттің Мәскеуден келген саясатын көрмейсіз бе? Білім сапасын жақсарту мақсатында шашыраңқы орналасқан мектептерді ірілендіру арқылы білім сапасын жақсарту деген қаулы келген. Оған кім қарсы болады? Міне, идеология қайда жатыр? Құрту үшін де, түзету үшін де идеология жұмыс істейді. Балалардың барлығын әкеліп интернатқа тоғыстырып, жер-жерлерде интернаттар көбірек ашылып, ата-анасының тәрбиесінен балаларын жұлып алып интернатқа орналастырды. Интернатта қандай тәрбие болушы еді? Біздің бағымыз – отбасы тәрбиесінің күш-қуаты. Одан кейін, айран-шалабыңды уақытында жалап ішіп жүресің. Теперіш көрмейсің. Міне, соның бәрін түсінгеннен кейін, «Қазақ тілі» қоғамына белсенді араласа бастадым ғой.

– Осы қоғам құрылған шақта Шона ағалар қайда еді?

– Шона аға да бізбен бірге болды ғой. Шона аға дегенің тіпті бар ғой, мына «Қазақ тілі» қоғамы құрылғаннан бұрын бастады. «Ит қосып қуды ғой қазақтар» деп өзі айтатын. Қазақтар тұратын үйлерді аралап, есігіне хабарландырулар іліп кететін, есігін барып қағатын. Көп қазақ балаларын өз ауласындағы орыс тілді мектептерге берді. Өз балаларын өздері ана тілінен айырды. Баласына ана тілі керек пе, керегі жоқ па, онда шаруасы жоқ. Заң бойынша баласының қайсы тілде оқуын шешетін – ата-ана. Ата-ана талап етсе, жеті бала жиналса, бір класс ашуға міндетті емес пе? Біз отаршылдықты көп көріп қалған елміз ғой, өзіміз талап етуді білмейміз. Міне, Шона аға соны түсінді. «Айналайындар-ау, баламды қазақ тілінде оқытамын деп өтініш жазсаңдар, ол ата-ананың өтінішіне байланысты ғой» деп, шыр-пыры шығып, жүгірген жоқ па? Заң қазірге дейін солай. Баласының қай тілде оқитынын ата-ана шешеді. Білім жүйесі де халық үшін жұмыс істейді. «Қуаттарым-ау, талап қояйық та, бірігейік те» деді. Ал біздің қазақтар болса «біз өзіміз білемізден» аса алмады. Шона аға талай теперіш көрді ғой, жарықтық. «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына негізгі жол ашқан адам – Шона аға десем артық айтқаным емес. Жанына кісілер жинай бастады. Сол кезде маған да келді. Сол қоғамның төрағалығына құрылтайға келген адамдардың ұсынысымен өттім. «Ана тілі» қоғамы деп құрамыз» деді бірқатары. Мен орнымнан тұрып, сөз сұрадым. «Қоғамның атын неге «ана тілі» дейміз, неге «қазақ тілі» демейміз деп, қазақ тілі деп айтуға осы жерде қорқып тұрмыз. Ана тілі деген орыстың да ана тілі, башқұрттың ана тілі. Басқа ұлттардың ана тілі дамып келе жатқанда, біздің қазақ тілі шаңға көміліп жатыр. Мен «Қазақ тілі» деп атауды ұсынамын» дедім. Содан қолдады да кетті. Сөйтіп, «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Мұнда мен ғана солай айттым деп айта алмаймын. Өйткені басқа жігіттер де өз ұсыныс-пікірлерін айтып жатты. Мен өзімнің сөзімді айтып отырмын. Мүмкін менің осылай сөйлеуіме, менің алдымда сөйлеген жігіттердің сөзі түрткі болған шығар.

Бәріміз жиылып, басқарма құрдық. Басқарманың төрағалығына кімді сайлау керектігі сөз болып жатқанда, әлі күнге есімде, жанымда бір топ Атыраудан келген мұғалімдер отырған. Соның арасынан Мақсат деген жігіт орнынан тұрып: «Менің ұсынысым бар» деді. Сөйтіп, ол жігіт менің кандидатурамды ұсынғаны.

Ұсынып тұрса, қалай қарсы боласың, осылай «Қазақ тілі» қоғамын басқарып кеттік. 1989 жылдың желтоқсан айында алғашқы құрылтайын да өткіздік. Қазақ мектебі, қазақ балабақшасын ашуға көбірек араластық.

– Неге соншама қарқынмен басталатын дүние бірте-бірте бәсеңсіп, аяқсыз қалып жатады?

– Бәсеңситін себебі басқару мәселесіне келіп тіреледі. Басқару, ұйымдастыру басында отырған адамдарға байланысты. «Қазақ тілі» қоғамының тәуелсіздік алғаннан кейін бәсеңсіп қалған себебі, жайбарақаттана бастадық. Өзіміздің мемлекетіміз ғой дегендей, кішкене босаңсу пайда болды. Көп жылғы отаршылдықтан кейін, көп жылғы қыспақтан кейін, енді қолымыз жетті-ау дегендей жайбарақаттылық басталды. Қыспақта отырғанында бостандыққа шықсам деп ұмтыла бересің ғой. Қазақ тілі мемлекеттік мәселелердің көлеңкесінде қалып қойды. Экономикалық тығырықтан шығу, халықаралық аренаға шығу сияқты үлкен-үлкен мемлекеттік мәселелер тұрды. Мемлекеттік тіл соның көлеңкесінде, ығында қалып қойды.

– «Мемлекеттік тіл» қозғалысы құрылып жатыр. Бұл қозғалыс та сайлаудың алдындағы өзімізді-өзіміз жұбату сияқты болып қалмай ма?

– Бұл жұбату емес, айналайын. Кез келген саяси науқанның алдында халықтың көкейінде жүрген нәрселерді алдыңғы қатарға алып шығу керек. Оның ешқандай қателігі жоқ. Бұл саяси науқан халықтың белсенділігін арттыратын кезең. Әрбір адам өзінің отбасында шай ішіп отырып, сайлаушы ғой, осы депутат маған не үшін керек деп ойланатын уақыты. Әркім өзінің азаматтық міндетін атқаратын кезең. Мемлекетім, тілім, дінім, жерім дейтін адамдар, жайшылықта асханада шай-су қамдап жүріп кіжінетін адамдар, енді, міне, өзінің ойын, іске асыратын уақыт – осы сайлау кезеңі. Осы кезеңде адамдардың ынтымағы, бірігуі қалыптаса, ол жұмыс алға қарай жүреді. Міне, осындай уақытта әрбір азамат мемлекеттік тілдің жолында күресу керек. Сен орыс болсаң, мен неге сенімен аудармашы арқылы сөйлесуім керек. Екеуміз бір елдің азаматымыз. Мен баяғыда, баяғыда деймін ғой, 1991 жылы «Мост дружбы» деген орысша мақала жаздым. Неге бұл достық көпірі бір бағытта ғана жүруі керек. Жолдың өзінде транспорт бір

бағытта емес, екі бағытта жүрмей ме? Біз тек қана бір бағытта, яғни орыс тілін дамытуда жұмыс жүргізсек, ол достық бола ма? Бір мемлекеттің ішінде орыс тілді азаматтардың құқы жоғары тұрады. Ал қазақ тілді азаматтардың азаматтық құқы төменірек. Неге? Ол теңдік емес. Ол, ең бастысы, достық емес. Мен сенімен дос болуым үшін орыс тілін үйренуім керек пе? Ал сен неге маған достық қолыңды созбайсың?!

Мен бір кездері қалалық мәслихатқа депутат болғанмын. Сонда: «Мен дискриминацияға ұшыраған халықтың өкілімін. Өз елімде, өз жерімде тұрып, өз ана тілімде сөйлей алмаймын. Мен зал түсіну үшін орыс тілінде сөйлеуге мәжбүрмін. Өзгелерге жеті минут берсеңіздер, маған он минут беріңіздер. Мен қазақша ойлаймын, оны аударамын, оны жақсы жеткізу үшін, оның бәріне секундтар керек» деп айтатынмын.

«Семнадцать мгновений весны» деген кино бар ғой. Сонда әлгі Нинаның шпион екенін қайдан біледі. Есіңде ме? «Мама!» деп айғайламай ма? Өлім мен өмірдің ортасында ол өзінің шпион екенін ұмытып кетті. Өйткені өмір бар жерде өлім бар. Өмір жағына қол созу үшін ана тілінде «мама!» деп шыңғырып жіберді. Алпыс екі тамырыңды солқылдатып келетін ана тілі еріксіз аузынан шығып кетті.

Ана тілі – жанымыз, рухымыз, санамыз, табиғатымыз. Біз қанша орыс боламыз деп келе жатырмыз, бірақ бола алмай келе жатқан жоқпыз ба? Бола алмайтынымыз – табиғатымыз бөлек. Киімің де, тілің де орысша болғанымен, бәрібір орыс бола алмайсың. Орыстарға да ондайдың керегі жоқ. Өздерінің жындыбастары жетеді. Біз өз табиғатымызды сақтап қана өзгелерге өзімізді сыйлатамыз. Өзімізді өзіміз сыйлау арқылы сыйлы боламыз. Сондықтан да үлкен арнаға түсу үшін «Мемлекеттік тіл» қозғалысын жасауымызға болады. Тек қана күнделікті күйкі тірліктің пайдасы үшін болып кетсе, өзіміздің үлкен мақсатымызды табанға таптаймыз. Адам мұндай жолда, қасиетті жолда, өзінің рухын, санасын аршып тазалап алу керек. Мынау, қас қағымдай өтпелі өмірде неге қолың жетсе де, баратын жерің екі метр екенін ұмытпауымыз керек. Тіршіліктің ұсақ-түйек мәселелерін бұған келіп араластырмауымыз керек. Қарапайым қатардағы мұғалімнен осындай «Түркістан» сияқты беделді газеттердің бетінен орын

алатындай дәрежеге жетсем, ұлттық ана тілімнің, қазақ тілімнің күресіне араласып жүргенімнің құдіреті деп ойлаймын. Мұндай жолға келетін адамның санасынан, ұсақ-түйек, бір жапырақ киер киімің, асыл тасың деген нәрсенің бәрі ұмыт болуы керек. Оның бәрі уақытымен табыла береді.

Біз осыншама кең байтақ жерді ру-ру болып қорғап келдік ғой. Бірнеше ата бірігіп келіп, ел болып, жұрт болып отырмыз. Сол сияқты ру-ру, тайпа-тайпа болып жерді сақтап, халық болып мемлекет дәрежесіне жеттік. Кез келген мемлекеттің тарихын қара, алысқа бармай-ақ, орыстың князьдіктерін қара. Сол князьдіктерден Ресей құрылды ғой. Міне, сондай ру-рулардың ортасын бөліп, ара-жігін ажыратып, «бөліп ал да билей бер» саясатын ұстады ғой. Ру дегеннен қорықпау керек. Неге мен өзімнің руым үшін, өзімнің айналамдағы ағайыным үшін күреспеймін. Неге сүйремеймін, егер сүйреуге келетіні бар болса... Етікші болуға шеберсің бе – етікші бол. Қолыңнан шаштараз болу келе ме – шаштараз бол... Ол да – талант, екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сондай дарынның көзін неге ашпасқа. Мен соны айтып, сүйрегенім үшін рушыл бола қалуым керек пе?!

– 21 жылдай «Қазақстан мектебін» басқарып келесіз. Білім саласындағы өзгерістерді де бір кісідей білесіз деп ойлаймын. Жалпы, мына биылғы жаңа жүйе, тұжырымдама, атышулы №228 бұйрық жайлы көзқарасыңыз...

– Ненің қате, ненің бұрыс екенін айтуға мен асықпаймын. Оның өзі бірте-бірте білінеді. Мен бірақ мына білім беру жүйесіндегі қабылданған тұжырымдаманы қолдаймын. Бұл тұжырымдаманың мақсаты – біреу. Ол – білім сапасын көтеру. Білім сапасы төмендеп кетті. Ауылда да, қалада да мектептерде, жоғары оқу орындарында коррупция, сапасыздық, ондай- мұндай... түрлі-түрлі себептер белең алып кетті. Осының бәрін жоямыз, осыларды жойып, білім сапасына жетеміз деп жатқан тұжырымдамаға кім қарсы болады? Ешкім қарсы болмайды. Мәселе осы тұжырымдаманы жүзеге асыру механизмінде. Тест жүйесін жүзеге асыруға болады. Тек оның жолдарын меңгеру керек. Ана жақта сөйтіп жатыр екен, біз неге бүйтпейміз деп көшіріп жасаумен тоқтамау керек.

Әбден авторитарлық жүйеге қалыптасып кеттік. Содан шықсақ деп ойлаймын. Авторитарлық жүйеден білім жүйесі шаршай

бастады. Ақылдасу, кеңесу деген жоқ. Педагогика ғылымы бізде дамыған. Ал бізде ғалымдардың дауысы естілмей қалады. Бұл жөнінде, үш тілде оқытатын эксперимент жөнінде ғалымдардың жазғанын оқыдың ба? Оқыған жоқсың. Ғалымдар неге айтпайды? Біздің ғалымдарымыз қайда? Осыған қайран қалам. Білім жүйесін дамыту ғылыми негізделген жолға түсуі тиіс.

«Мемлекеттік тіл» қозғалысы басталғалы бері, үш тілді оқытуға көшу жөнінде екі-үш мақаланы оқып тастадық. Үш тілге қарсы болып отыр деген пікір қалыптасқан ба деп қорқамын. Мәселе онда емес, біз үш тілге қарсы емеспіз, бұлай қабылдауға болмайды. «Жеті жұрттың тілін біл» деген мақал бар емес пе, жеті жұрт түгілі, жетпіс жұрттың тілін білсең артық емес. Бірақ біздің мемлекеттік тілдің мәселесі қайда қалады?! Анау өркениетті елдерде, Қытай, Еуропада бөленбай тілде оқытады дейміз. Осы жерде мен саған бір сұрақ қояйын. Оларда мемлекеттік тілдің мәселесі деген бар ма?

– Жоқ.

– Міне, мәселе осы жерде. Оларда мемлекеттік тілдің мәселесі шешілген. Бізде мемлекеттік тіл деген мәселе шаңға көміліп жатыр ғой. Соны аршып, шаңнан шығарудың жолын бірінші ойлауымыз керек. Бізді еуропалық стандарт деген желеумен қорқыта берудің қажеті жоқ. Мемлекеттік тіл өзінің конституциялық құқығына ие болған жоқ. Қазақстан үшін ең бірінші мәселе – мемлекеттік тіл. Қазақстан дейтін бір мемлекеттің халқы ең алдымен бірін-бірі мемлекеттік тілде түсініп тұрса, өзге тілді де үйрене береміз.

Әңгімелескен ***Гүлзина БЕКТАСОВА.***
«Түркістан» газеті, 2004 жыл, 29 шілде

ҰЛТ МАҚТАНЫШТАРЫНАН ҚОЛТАҢБА!


«Айгөлек» журналының құрметті оқырманы Ата-Анаға айтар көп тілектің ең үлкені – сәбилеріміздің ана тілі ұясына қанып өсуіне қолқор болабақ. Құдай алдында ниеттеуді айтсақ, балаларымыздың бәрі тілі қазақша емес, орысша тәрбиеге ақасақ екенін мойындайық. «Қазақша бақша, мектеп болмаса "дегекді" ұмытайық. Бала тіліңіз қайнар бастауға — Отбасы!

Қазақтың толқуғата-Ана Тіліміз көркеме берсін!

Сайраш ӘБІШҚЫЗЫ 1944 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жәнтікей ауылында туған.

«Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Журналистер одағының, Мұхаметжан Сералин атындағы сыйлықтың лауреаты

– Үлкен кісілер балалық шағын еске алса, әжесін айтушы еді...

– Оның жөні бар. Мені әжем сегіз айлығымнан бауырына басқан. Тамағымның тоқ, киімімнің бүтіндігін ғана ойламай, болашағымды да зерделеген. «А» деп тіл шыққанда маған «бисмилләні» үйретті. «Осы бір сөзді қайталасаң, сайтан сені тура жолдан адастыра алмайды, жамандыққа азғырмайды, ұрлық жасауға, жаман жолға түсуге бастамайды» деуші еді. Онысы аңыз ба, ақиқат па, кім білсін, бұл сөзді әлі де ұмытқан емеспін. Әжемнің арқасында қазақтың ел қатарлы азаматы болып шықтым ба деймін...

– Әжесінің қызы тентектеу, еркелеу келуші еді. Оның үстіне бүкіл ауылды аузына қаратқан би кемпірдің жекеменшік қызы болса...

– Тентектік жасамақ тұрмақ, ондайды ойлағанға уақыт таппадым ғой. Көкжырада әкемнің соғыста қаза тапқан бауырлары Шөжен, Тілеген ағаларымның жетім, жесірі тұратын. Әжем бір жыл мені ертіп алып солармен бірге тұрады. Келесі жылы Ақсуаттағы жалғыз қызының үйіне жол тартамыз. Ал мектепке жаңадан

келген оқушы жуас болатыны белгілі. Сонымен мектепті күміс медальмен, ҚазПИ-ді үздік бітірдім, аспирантураны тәмамдадым...

– Әлгінде әжеңізбен мақтандыңыз. Ол кісіден тағы не үйрендіңіз?

– Жарықтық, «бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деуші еді. Сонысы дұрыс па деймін. Менің ойымша, әр ата-ана баланың отбасында тілінің қазақша шығуын қасиетті парызым деп түсінсе деймін. Мен осыны әрқашан есте ұстаймын, өйткені, бабамыз бен әжеміздің тілінде ұлтымыздың мінезі, кең құшағы, даналығы, ұлылығы, бүкіл табиғаты жатқандай. Басқа ұлттың қазақ тәрбиесіне қызығатыны да сондықтан. Біздің әулеттің ерен тазалығы сол кісіден бізге мұра боп қалды. Тегінде, кірпияз әжем тек үстібастың, аяққиімнің тазалығына ғана емес, жан тазалығына да үңіле қарайтын. Сол әжемнің ерекше қасиеттерін жұртыма тарату үшін жорналшы болған сияқтымын. Расы, солай...

– Рахмет. Жас ұрпақ Сіздей отаншыл болып өссін.

Сұхбаттасқан ***Ш. КҮМІСБАЕВ.***
«Айгөлек» журналы, 2003 жыл, №2

«МЕН АРМАНДАҒАН МАМАНДЫҚ»

Құрметті оқырман!

Сүйікті журналдарың ұйымдастырған «Кім болам?» атты бәйгеге жолдаған хаттарыңда өздеріңнің арман-мақсаттарың, қалаған мамандықтарың туралы ойларыңды жазыпсыңдар. Көптеген ұл-қыздарымыз журналист болуды армандайды екен. Соған орай, жарты ғасырлық ғұмырын журналистикаға арнаған әріптесіміз, «Құрмет» орденінің иегері, Платиналы «Тарлан» сыйлығының лауреаты, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы Сайраш ӘБІШҚЫЗЫ жайлы әңгімелегенді жөн көрдік.

– Сайраш апай, туған күніңіз құтты болсын! Адам өмірінде тәттілігімен, қиялшылдығы, арманшылдығымен есте қалатын балалық шағыңызға оралсаңыз.

– Менің Рахима апам өте мейірімді адам еді. «Күнім, жаным» деп айналып, толғанбайтын. Ол кісінің жүрегінің нұрын, аналық ша-

пағатын мен жан дүниеммен сезінетінмін. Апамның аппақ мейірімі, аналық жүрек жылуы осы уақытқа дейін маған қуат беріп, қанат болып жүргендей. Үнемі апаммен бірге жүретінмін. Мектепке барғаннан кейін де дәл осы қалпымды бұзбадым. Балалық шағым Семей өңіріндегі Ақсуат пен Көкжыра ауылдарының арасында өтті. Апам ісмер болатын. Мені көп нәрсеге үйретті. Мен әкемнің 42 жасында көрген тұңғышымын. Мен жиырмаға келгенде, әкем алпысты алқымдап қалды. Содан ба екен, мен әкеме көмекші, сүйеніш болуға ұмтылдым.

– Апай, журналистика мамандығын қалай таңдадыңыз?

– 10-сыныпты күміс медальға бітірдім. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына түстім. Институт қабырғасында төрт жылдың ішінде бірнеше рет ауырып ауруханада жатып, айығып шығып, арасында қалалық бас поштаның жеделхаттар жіберетін түнгі бөлімінде үшінші кезекте жұмыс істедім. Әрине, қоғамдық жұмыстарға қатысуға да уақыт таптым. Институтты 1965 жылы қызыл дипломмен бітірдім.

1971 жылы аспирантураны бітірген соң, жасөспірім шақтағы журналист болсам деген арман жетелеп, сол кездегі «Социалистік Қазақстан» – қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінің шаңырағына алып келді. Осы шаңырақтан «Қазақстан әйелдері» журналына жауапты хатшылыққа ауыстым. Содан кейін «Қазақстан мектебі» журналы бас редакторы орынбасарлығына келдім. 1987 жылдан осы журналдың бас редакторымын.

– Апай, журнал оқырмандары Сіздің ыстық ықыласыңыз бен тілегіңізді күтеді.

– Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Жастар оқуға ынталы болып, қалаған мамандығын таңдап, өмірден өз орнын тапсын деймін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан ***Алмас ӘБІШ.***
«Мөлдір бұлақ» журналы, 2008 жыл, №5

«ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ – ҚАЗАҚТЫҢ БЕСІГІ»

Бүгінгі мектеп партасындағы балалар – келешектегі ел мен жер иесі болғандықтан, болашағымыз жарқын болу үшін, қайтсек те білім сапасын көтеруіміз қажет-ақ. Осы орайда біз сан жылдар бойы білім саласында еңбек етіп келе жатқан «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы, Қазақстан білім беру ісінің үздігі Сайраш Әбішқызымен сұхбаттасқан едік.

– Сайраш Әбішқызы, қазақ мектептеріндегі білім сапасын көтеру үшін не істеуіміз керек?

– Ең бірінші кезекте «ұстаз кадрлар, педагогикалық ұжымның міндеті және жауапкершілігі» деген мәселе тұрғысында ойлануымыз қажет. Өйткені ұстаз – өзінің кәсібін өмірлік етіп таңдағаннан кейін, балалардың білім сапасына жауапты адам. Ол – сол сабақтың министрі. Білім сапасы 45 минуттық сабақтың жүргізілуіне байланысты. Мектептерде қосымша жұмыстар, үйірмелер өткізіледі. Бірақ оның барлығы 45 минуттық сабақта негізі қаланған білімді одан ары тереңдету үшін қажет.

– Қазіргі ұстаз жауапкершілігі қандай болуы керек деп ойлайсыз?

– Соңғы кезде біз «мұғалімнің жағдайын жақсарту» дегенге көп көңіл бөліп, соған ауып кеттік. Ол бір жағынан дұрыс та. Бірақ бұл – қоғамымызда күн тәртібіндегі бірінші мәселе емес. Мұғалімдік – қасиетті мамандық. Меніңше, бұл зор мақтаныш сезімін туғызуы тиіс. Оның алдында тек балалар емес, ұлтымыздың бүкіл болмысы, болашағы тұр. Мұғалім болдың ба, осыны есіңнен шығарма!

– Қазір «мектеп мұғалімдері оқушылардан әр түрлі сылтаумен ақша жинайды» деген наразылықтарды ата-аналар тарапынан жиі естиміз...

– Қазір мектеп пен ата-ананың арасындағы байланысты тек ақшаға әкеп тіреп қойдық. Ең қауіптісі де, олардың арасын алшақтатып отырған да осы. Ата-ана мектепті тек ақша сұрайтын орын ретінде қарайтын болды. Баласы үшін ештеңесін аямайтын әке-шешесі қолындағысын беруге дайын, бірақ ар жағында мектепке деген наразылық қалады. Бұдан түптің-түбінде зиян шегетін – бала. Осыдан барып білім сапасы төмендейді. Ал керісінше,

баланың білімін жақсарту, қабілетін ашу, оқуға қызығуға жетелеу бағытында ата-анамен бірлесіп жұмыс істеу жағы ақсап тұр.

– Оқу орыс тіліндегі мектептерде баласымен бірге оқып шығатын ата-аналар өте көп. Ал қазақ мектептерінде жоқтың қасы. Неге?

– Мұғалім ата-анаға жетекші болу керек. Ата-ананың педагогикалық білімін көтеруге жетекші болу – мұғалімнің міндеті. Ата-ана өз тарапынан баласы үшін мұғалімге көмекші болуға, жақсы білім алуына ықпал етуі тиіс. Жалпы, бірлесе байланысын жақсарту күн тәртібінен қалмасын. Білім мен мәдениет – мәңгілік майдан!

– Қазақ мектептерінде оқу орыс тіліндегі мектептерге қарағанда, білім сапасы төмен деген сын айтылып жүр.

– «Қазақ мектебінде білім төмен» деген пікір білдірушілер қазақ мектебінің иісін де білмейтіндер. Оны көбіне өзіміздің орыстілді қазақтар айтады. Білместігін жасыру үшін де жауапсыз түрде «қазақ мектептерінде білім нашар» дей салады. Негізі, қазақ мектебі – қазақ баласы үшін таптырмайтын білім ордасы, тәрбие мекені. Менің ойымша, бұл – қазақ мектебіне, ұлтына қарсы жасалған идеологиялық саясат. Қазақ тіліне қарсы күрес деп білемін.

– Ұстаздық қызметке аларда қандай талаптар қойылу керек?

– Мұғалімдік қызметке аларда ғана талап қою, меніңше, өте кеш. Педагогикалық оқу орындарына талапкерлерді оқуға қабылдаған кезде, міндетті түрде шығармашылық емтиханнан өтуді енгізсе деймін. Сонда оқуға түсетін бала ойланады, жауапкершілікті сезінеді. Әйтпесе, тек диплом алу үшін оқитындар көбейіп кетті.

Мен Германияның академиясында семинарда болдым. Сонда менің көңіліме ұялаған бір нәрсе, ол жерде педагогикалық оқу орнын бітірген студенттің қолына бірден диплом берілмейді екен. Екі мемлекеттік емтиханнан өтіп, мектеппен етене араласып, мұғалім болуға дайын, сабақ бере алатын дәрежеге жеткенде ғана диплом алады. Біз де осы тәсілді эксперимент ретінде жүзеге асырып көрсек.

– «Латын әрпіне көшсек пе, жоқ кириллицада қалсақ па?» деген мәселеге көзқарасыңыз...

– Бұл төңіректе біздің қиналатын түгіміз жоқ. Қазір көшелерде жарнамалар латын әрпімен жазылып жатыр. Кез келгенін оқимыз. «Егер біз латын әрпіне көшсек, кириллицаны ұмытып қаламыз»

деген пікірге мүлдем қарсымын. Себебі, біз кириллицаны ешқашан тастамаймыз. Орыс әдебиетін кириллицамен оқысақ, ағылшын тілін латын әрпімен оқимыз. Сондықтан латын әрпіне көшуіміз керек! Дүниежүзі білім кеңістігіне қосылуда да біз латын әрпімен алға жылжимыз.

– Жақында тәуелсіздігімізге 14 жыл толды. Осы уақыт аралығында білім мен тіл мәселесінде қандай жетістіктерге қол жеткіздік? Және әрі қарай дамыту үшін не істеу керек?

– Жеке мемлекет болғандықтан, ізденіс, даму жолындамыз. Бұл орайда, тіл мәселесінде көп ілгері кеттік. Бірақ біз діттеген тұсымызға жете алмай келе жатырмыз. Әлі бұрынғы империя кезіндегідей «орыс халқының бодауында жүруіміз керек» деген санасезімнен шыққан жоқпыз. Орыс тілі болмаса, күн көре алмайтын сияқтымыз.

Ал білім саласында тәуелсіз мемлекеттің жолымен өркениетті білім кеңістігін кеңейтіп, қазақ тілін ту етіп, алға жылжи беруіміз керек. Бұл орайда, қазақ мектептеріндегі ұстаздарымызды өз кәсібінде жоғары жауапкершілікке шақырамын! Ел боламыз десек, түзейтін бесігіміз – қазақ мектебі.

– Әңгімелескеніңізге рахмет!

Гүлбану ӘНИЯТҚЫЗЫ,
«Қазақстан-Zаман» газеті, 2006 жыл, 24 ақпан

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТОЛЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕ ҒАНА ҚАЛЫПТАСАДЫ

– «Айқын» газетінің 28 тамыз күнгі санында Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Эрнест Төреханов тың «Қос академикке ескерту айтуы ұяттау екен. Бірақ...» деген тақырыппен академиктер Ә. Қайдаров пен Ө. Айтбаевқа арналған ашық хаты жарияланған болатын. Осы хатта жазылғандай, сіз халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының алдағы құрылтайында осы қоғамның атын «Мемлекеттік тілді қорғау қоғамы» деп атайық» деген ұсыныс білдірген көрінесіз. Мұның себебі неде? Сонда тілді кімнен қорғауымыз керек?

– Иә, Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мәжілісінде басқарма мүшесі ретінде бұл ұсыныстыменжасадым. Себебі «Қазақ тілі» қоғамы өзінің тарихи міндетін атқарды. Бүгін ол қоғам тежегіш күшке айналды дегенмін. Сөйтіп, басқарманың күн тәртібіне қойғыздым. Олар мені қолдады. Алдағы құрылтайға, қажет болса, осындай ұсыныспен баруымыз керек. Бірақ та бұл менің халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қажетсіз дегенім емес. Билікке таласып отырған да ештеңеміз жоқ. Бір мемлекеттік тілдің аясында Қазақстан бойынша 10–15 ұйым болса да артық емес. Бәріміздің илегеніміз бір терінің пұшпағы, жұмыла кіріссек қана оның иін қандыра аламыз. Оның үстіне жоғарыдағы ой алғашқыда туған пікір еді. Шынында да, тілді кімнен қорғауымыз керек?! Оның үстіне, осыдан көп ұзамай қазақ тілді газет-журналдардың бас редакторларының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тіл қозғалысы» құрылды. Бүгінде оның бес тең төрағасы бар: А. Айталы, М. Шаханов, Ж. Қорғасбек, Н. Жүсіп және мен.

– Бұл қозғалыс әзірше не бітіре алды?

– Қозғалыстың құрылғаны жөнінде ашық хат жариялады қ. Кешегі өткен сайлау барысында депутаттыққа кандидаттардың мемлекеттік тілді білетін-білмейтініне айрықша назар аударту жөнінде сайлаушыларға арнап үндеу қабылдадық. Алда әлі талай іс атқарылады деп ойлаймын.

– Сіз кезінде Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының тұңғыш төрайымы болыпсыз. Сол кездегі қоғам мүшелерінің белсенді болғанын білеміз. «Қыз сыны», «Тұсаукесер», «Айтыс» сынды талай ұлттық салт-дәстүрлеріміздің жаңадан жанданып жатқандығы да содан болар. Қазір ол белсенділіктен де айырылып қалдық. Айтайын дегенім, біздің тіл үшін күресіміз әлі де сол баяғы «іс-шаралардың» деңгейінде қалған сияқты...

– Қазақ тілі үшін күрес – менің өмірлік қызметім десем де болады. Әрі-беріден соң мені осындай дәрежеге жеткізген – қазақ тілінің киесі. 1989 жылы қазақ тілін қорғау мақсатында Әуезов театрында алғашқы республикалық құрылтай өткізілді. Сол құрылтайда делегаттар мені Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдастыру комитетінің төрайымы етіп сайлады. Қоғамдық негізде үш жылдай басқардым. Сосын Рахманқұл Бердібаевқа тапсырдым. Жалпы, дұрыс айтып отырсыз. «Арулар байқауы»

дейміз бе, сондай өтпелі дүниеге, болымсыз іс-шараларға алданып қалдық, әлі де алданып жүрміз. Үкімет те әр түрлі алдамшы шаралар өткізіп қояды. Кешелері өткен Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің сайысын-ақ алайықшы. Ықпалы жоқ шара. Қазір кәмпит бергенге балаша мәз болып отыратын кезеңнен өттік. Тіл мәселесі бойынша парламенттік, үкіметтік деңгейде белсене қимылдайтын кез жетті емес пе?!

– Білім және ғылым министрлігі жүргізіп жатқан қазіргі білім реформасына көңіліңіз толады ма?

– Тұжырымдама дұрыс. Кім қалай десін, толығынан қолдаймын. Дұрыс дейтінім, мұндағы қолға алынып отырған түпкі мақсат – білім сапасы. Білім сапасына байланысты түпкі нәтиже мемлекетке де, жеке адамға да керек. Білім сапасы бойынша мектеп бітіргенде қай ұлттың баласы болсын, мемлекеттік тілді меңгеріп шығуы керек. Өйткені ол мектеп бағдарламасында бар ғой. Ендеше, мемлекеттік тілді оқыту туралы мемлекеттік бағдарлама балабақшадан бастап жасалсын. Ағылшын тілін оқытқанға қарсы емеспін. Бірақ қазақ тілі бір кездегі орыс тілінің көлеңкесінде қалғаны сынды, енді ағылшын тілінің аясынан шыға алмай қалмаса болғаны.

– «Қазақстандық» ұлт болуға қалай қарайсыз?

– «Қазақстандық» ұлт ертең және бүрсігүні бола қалатын нәрсе емес. Мемлекеттік тіл мәселесі өз деңгейінде жұмыс істемей, біз еш уақытта қазақстандық ұлт болып біріге алмаймыз. Мемлекеттік тіл толық жұмыс істеген жағдайда ғана қалыптасуымыз мүмкін. Қазір бір Отанда тұрғанымызбен, бөлек-бөлекпіз. Басқаны былай қойып, бір қазақтың өзі орыс тілді, қазақ тілді болып екіге бөлінген. Бізден өзге елдер осы тілдің арқасында ғана тұтасып, ұйысып отыр. Меніңше, Президенттің қазақстандық ұлт мәселесін көтеруі қазақ тілінің мәселесін тиімді шешудің алдындағы түбегейлі ойластырылған мәселе сияқты. Біз ол кісінің жұмыс стиліне қалыптастық қой. Ерекше ақсап тұрған мәселеге осылай тыңнан жол салатыны ма деп ойлаймын. Әйтеуір мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты бір шешуші кезең жақындап келе жатқандай болады да тұрады.

– Сіз жалғыз «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы емес, республикалық деңгейде шығатын барлық педагогикалық, оқу-әдістемелік журналдардың «анасы» көрінесіз...

– «Қазақстан мектебі» журналы 1925 жылдан жарық көріп келеді. Ахмет Байтұрсынұлы, Смағұл Сәдуақасовтардың кезінде «Жаңа мектеп» деген атпен шығып тұрған. Кешегі жетпіс жылдық кеңес дәуіріндегі қазақ тілді жалғыз педагогикалық журнал. Ал сол кезде Мәскеуден орыс тілінде 22 педагогикалық-әдістемелік журнал шығып тұрды. Тәуелсіздіктің арқасында осындай журналдардың қазақ тілінде де шығуына мұрындық болдым десем, ешкім артық айтты демес. «Қазақстан мектебінде» еңбек етіп келе жатқаныма биыл 21 жыл болыпты. 1987 жылдан бас редактормын. О баста жалғыз қосымшамыз «Бастауыш мектеп» қана еді. 1991 жылы «Отбасы және балабақша» журналын дүниеге әкелдік. 1992 жылы «Информатика, физика, математика», 1993 жылы «Қазақ тарихы», 1996 жылы «Биология, география, химия» қосымшаларын жарыққа шығардық. 1996 жылдан бастап «Қазақ тарихынан» басқасын өз алдына оңашалай бастадық. 2003 жылы «Қазақ тарихы» да жеке бөлініп шықты. 2002 жылы дүниеге келген, ата-аналарға арналған «Тәрбие құралы» журналы да қазір 10 баспа табақ үлкен басылым. Әсіресе, 1958-1959 жылдары ашылып, қайтадан жабылған «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын министрліктің алдына қайта-қайта мәселе етіп қойып жүріп, 1990 жылы қайта аштырғаным ең бір үлкен еңбегім болды деп есептеймін. Бір айта кетер нәрсе, мұның барлығы – қазақ тілінде шыққан тұңғыш педагогикалық басылымдар. 1995 жылдан бері бюджетте жоқпыз. Өзімізді өзіміз қаржыландырамыз.

– «Қазақстан мектебінің» таралымы қанша?

– Қазіргі таңда алты мың.

– Еліміздегі мұғалімдер санына шаққанда, мардымсыз сияқты...

– Меніңше, бұл да жаман емес. Орташа есеппен елімізде 8,5 мың мектеп бар дейік. Оның 3 мыңы орысша немесе аралас мектеп болсын-ақ. Мен ойша айтып отырмын. Қалған 6000 мектептің кітапханаларының бәрінде біздің журнал бар. Жергілікті әкімшілік мұғалімдерді республикалық, облыстық, аудандық, қалалық газетке жазылуға міндеттейді. Ал ұстаздарға нағыз қажет педагогикалық басылымдар сол бойы қалтарыста қалып қояды. Бағдарлама ай сайын өзгеріп жатыр, мұғалімдер өздеріне керегін іздемесе, алуға ақшасын қимаса, білім сапасы қайдан болады?

– Егер құпия болмаса, кешегі парламенттік сайлауда қай партияға, қай кандидатқа дауыс бердіңіз?

– Жеке кандидатқа келсем, Медеу ауданы бойынша сайлауға түскен бір азаматқа дауыс бердім. Өз саласында мықты сияқты. Еңбек жолын сантехниктен бастағаны ұнады. Бағдарламасынан да біліктілігі байқалды. Оның үстіне Парламентке жаңа адамдардың барғанын қаладым.

Әңгімелескен ***Төреғали ТӘШЕН.***
«Айқын» газеті, 2004 жыл, 22 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІН БІТІРГЕН КЕЗ КЕЛГЕН БАЛА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙ АЛАТЫН БОЛУЫ ТИІС

– Республикамыздағы бірден-бір педагогикалық басылым «Қазақстан мектебінің» бас редакторы болғаныңызға да 20 жылдан асыпты. «Ұстаздардың ұстазы» атанған сіздің білім саласына сіңірген еңбегіңіз шаш-етектен. Білім беру саласы реформалардың сынақ алаңына айналып кеткен жоқ па?

– Білім саласындағы реформаның шетсіз-шексіз дүниеге айналып кеткендей әсер қалдыратыны рас. Тәуелсіздігіміздің он алтыншы жылына қадам басқан шақта білім және ғылым саласын басқаруға келген министрдің саны 10-нан асып кетті. Осының өзінен-ақ сырт көз үшін бір реформа аяқталмай жатып, келесісі басталып кеткендей көрінуі ықтимал. Шын мәнінде, мұның бәрін Тәуелсіз ел атанғаннан бергі аралықтағы білім саласындағы өзіндік ізденіс деп қарастырған абзал. Жалпы, бұл саланың өзіне тән қиындығы жетерлік, соның ең негізгісінің бірі – оқулық айналасында.

Кеңестік дәуірде Қазақстанда жазылған төл оқулық төртеу-ақ болды; «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан географиясы», содан кейін мектептерімізде 30 жыл бойына оқытылып келген Бекмахановтың пышақтың қырындай ғана «Қазақстан тарихы». Басқа оқулық атаулының барлығы орыс тілінен аударма болатын. Орыс тіліндегі оқулықтар ғана емес, көмекші оқу құралдарының басым көпшілігі Мәскеуден шығатын. Тіпті жиырмадан астам пе-

дагогикалық журналдардың орыс тілінде Мәскеуден таратылғаны белгілі жайт. Сондықтан оқулық жазатын бірегей институты қалыптаспаған Қазақстанға Тәуелсіздікпен бірге білім саласы үшін төл оқулықтар жазу міндеті күтпеген әрі айрықша маңызды ірі жаңалық болды. Әлі күнге оқулық жазуда бөгеліп те, қиналып та жатқанымыздың түпкі себебі – ғалым-педагогтер мен мұғалімдер қауымы үшін тың жұмыс болуында. Төл оқулықтар жазудың тұжырымдамалық негіздерін айқындауда, бағдарламаларын құрастыруда уақыт көшіне ілесе алмай отырғанымыз сондықтан.

– Оқулықтар әзірлеумен тікелей айналысатын Ыбырай Алтынсарин атындағы академия бар емес пе? Оқулық шығару ісінің тым шабан жүргізілуіне не себеп?

– Иә, Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институты 90-жылдарда академия болып қайта құрылды. Құрамында бірнеше ғылыми-зерттеу институттары ашылып, білім беру жүйесінің салалық жетекші теориялық-әдістемелік орталықтары ретінде жұмыс істей бастады. Жаңа заманға лайық төл оқулықтар жазу академияға тапсырылды. Қазақстандық алғашқы оқулықтар сол академияның басшылығымен жарық көрді де. Келе-келе академия жұмысы бөлініп кетті. Білім және ғылым министрлігіне тікелей бағынатын 12 жылдық оқу, оқулықтар мен оқу құралдарын шығару және тағы да басқа орталықтар құрылды. Бірнеше орталыққа бөлінгеннен кейін де бұрыннан қиын жұмыстардың атқарылуы енді тіпті ауырлап кеткен секілді. Дегенмен көпшілікке таусылмастай көрінген реформалар түптеп келгенде түпкілікті мақсатына жақындағандай. Бұлай деуіме себеп – 12 жылдық білім беру кезеңіне қадам бастық.

– Жаңа министр 2008 жылдан бастап білім берудің 12 жылдық жүйесіне көшетіні жайлы мәлімдеді. Білім беру саласы оған сақадай сай әзір ме?

– Білім берудің 12 жылдық жүйесіне үлкен дайындықпен келдік деуге ертерек. Тек бастауыш оқу буынына қатысты ғана айтар болсақ, қазір 1-4, енді 12 жылдық мектептің жоспары бойынша бастауыш буын 1-5 сыныптардан тұратын болады. Бұдан оқулықтарды қайта қарау мәселесі өзінен-өзі күн тәртібіне шығатыны ақиқат. Әуелі білім берудің негізгі стандарттары жасалып, оған сәйкестендіріліп бағдарламалар, қажетті оқу құрал-

дары әзірленуі тиіс. Міне, мұның бірер күнде аяқтала салар оңай шаруа емес екенін осының өзінен-ақ аңғару қиын емес. Ұстаздық еңбектің дәмін білетін жаңа министр Жансейіт Түймебаев, әрине, оны жақсы біледі. Қызметінде салиқалы, сабырлы мінезімен танылған Жансейіт Қансейітұлы келе сала мектептегі реформаны бір бағытқа бұруда. Оның жұмысының табысты болуына бүкіл ел тілектес.

– Бастаған реформасын аяқтамай жатып министрлер неге жиі ауыса береді? Себебі неде деп ойлайсыз?

– Оның бір себебі – департамент жұмыстарының уақыт көшіне ілесе алмай отырғанынан ба деп ойлаймын. Олар күн тәртібіне қойылған мәселені дер мезгілінде шешуде, жұмыстарын ұтымды ұйымдастыруда қазіргі талап деңгейінен біршама қалып қойған секілді. Қай мәселеде болсын, созбалаң көп. Нақты мысалға өз басымнан өткерген жайтты келтіргенім жөн болар. «Қазақстан мектебі» журналына байланысты 2005 жылы министр Бірғаным Әйтімова ханымға бір ұсыныспен бардым. Ол кісі келісті. «Шешіңіздер» деп департаментіне тапсырма да берді. Ол мәселе қозғалмаған күйінде бір жыл бойы департамент тартпасында жатты. Себебін сұрасаң, департаменттегілер «жоқ» демейді. «Қарастырып жатырмыз, ойластырудамыз, шешіліп қалар» деп уәдені үйіп-төгеді. Сосын «сабыр сақтайын, бүгін болмаса, ертең орындалар» деген үмітпен жүргенінде, зымырап күндер өте береді. «Шешілмей жатыр» деп министрге қайта жүгіріп бармайтынымыз тағы белгілі. Жаңа министр келе салысымен, кезінде «Әйтімова қолдап еді» деп қаз-қалпында сол өтінішімді қайтадан ұсындым емес пе. Оған дәп баяғыдай жауап алдым. Ол тағы да департаментке жіберілді. Жұмысты министр жалғыз жүргізбейтіні кімге болса да аян. Содан түйген ойым – департаменттегілердің министр тарапынан берілген тапсырманы уақытында орындауға жауапкершіліктері төмен немесе қауқарсыз. Түптің түбінде газет арқылы осы жайт Жансейіт Қансейітұлының көзіне шалынса, ойлансын деп әдейі айтып отырмын. Министр, әсіресе, департамент жұмысын реттеуді басты назарда ұстаса, мәселені түбегейлі шешумен айналысуға тиісті кадрлар іріктеуге жіті көңіл бөлсе құба-құп. Министр тарапынан айтылар келелі ой, ұсыныс департамент, орталықтар арқылы орындаларын ескерсек, қолға алынған бастама осылайша созбалаңға

салынып, аяғы құрдымға кетер болса, одан еш мән қалмайды емес пе? Мұның өзі Елбасы, Үкімет тарапынан министрлікке жүктелген стратегиялық, практикалық міндеттердің уақытылы орындалуына нұқсан келтіретіні айқын. Шешуші кезеңге келген шақта ұсақ-түйек демей, кез келген мәселені жүзеге асыруда, оған жауаптылар жұдырықтай жұмыла кіріскені жөн. Күні кеше Жолдауында Елбасы қатты айтты. Өте дұрыс. Білікті кадрлар әзірлеудің негізі бүгіннен қалануы тиіс. Өйткені бүгінгі студент 15-20 жылдан кейін ел тізгінін ұстар азаматтар. Сондықтан біреудің көзі, біреудің өзі демей, тек білім сапасын ойлайтын кез жетті. Дәп қазір жұмысты дұрыс жолға қоймасақ, білім саласына қатысты мәселе алдағы таңда бұдан да күрделеніп кетуі ықтимал.

– Ұзақ жылдардан бері педагогикалық басылымдар шығарып келе жатқан сіздің соңғы жылдары бәсекелестеріңіз көбейе бастағандай. «Физика», «Химия», «Дене шынықтыру» және тағы да басқа салалық журналдар көбейіп кетті. Оқырманға бір журнал болса да бірегей шыққаны пайдалы. Оның санын көбейткеннен гөрі сапасына көңіл бөлінгені тиімді емес пе?

– Қазіргі мектеп жүйесінің іргесі өткен ғасырдың 20-жылдарында қаланғаны мәлім. Мұғалімдерді даярлау курстары жаңадан ұйымдастырыла бастаған шақта ұстаздар қауымына кеңесші құрал ретінде Смағұл Сәдуақасов, Ахмет Байтұрсынұлы сынды ағаларымыздың басшылығымен 1925 жылы арнайы қаулы негізінде жарық көрген «Жаңа мектеп» журналының заңды жалғасы – бүгінгі «Қазақстан мектебі». Ол 70 жыл бойы педагогика саласындағы қазақ тіліндегі жалғыз басылым болып келді. Журналға 1987 жылы бас редактор болып бекітілдім. Мәскеуден шығатын көптеген педагогикалық басылымдар біздің журналдың бір-бір айдары ғана болатын. Журнал шыққан сайын айдарларды кезектестіріп қойып, мақалаларды сыйғыза алмай, әуре-сарсаңға түсетінбіз. Көкейдегіні ашып айтуға сәл де болса мүмкіндік туған жылымық кезең 80-жылдардың соңында «пәндік журналдар шығаруды мәселе етіп көтерейін» деп ойландым. Министрлік қолдады. Алғашқы кезекте қазақ тілі мен әдебиетін жеке журнал етіп шығардық. Ол оған лайықты да, сағаты көп. Іле-шала журналымыздың бір-бір айдары болып келген пәндерге қатысты салалық басылымдар жеке-жеке жарық көре бастады. 1992 жылы

компьютер деген еміс-еміс естілгенімен, информатика пәні мәселесі тіпті ауызға алынбайтын. Алайда мұғалімдерге осы саладан көмекші құрал қажеттігі, оған зәрулік анық байқала бастағанды. Содан «Информатика, физика, математика» әуелі қосымша, кейіннен жеке журнал болып, өз алдына отау болып шықты. Осылайша «Отбасы және балабақша», «Қазақ тарихы», биология, география, химия пәндері журналдарын шығардық. Ұлттық педагогика, психология, сондай-ақ музыка, әдеп, дене шынықтыру, қазақ тілі мен әдебиеті, шетел тілі, тағы да басқа тәрбиелік мәні басым пәндердің теориялық, тәжірибелік мәселелеріне арналған «Тәрбие құралы» журналы дүниеге келді. Қазір қай-қайсысы болсын авторлық құрамы, таралымы кең басылымдарға айналды. Әлгі «ғылымды қазақша сөйлету қиын» деп жүргендердің барлығы – қазақ тілін білмейтіндердің сөзі. Қазір осы журналдардың бәрінің де өз алдына қалыптасқан ұжымы, әрқайсысының жеке бас редакторы бар. Бәрі де аяқтарынан тұрып кетті. Педагогикалық журналдардың көбейгеніне қарсы емеспін, көбейту керек. Дегенмен соңғы уақытта оқырманды шатастыратын сапасы төмен басылымдардың бой көрсете бастағаны жасырын емес. Интернеттен, анадан-мынадан жинаған мақалалары тіпті сын көтермейді. Тиын-тебен жинап алуды көздеген мұндай журналдардың айналасы 2-3 жыл ішінде өзінен-өзі жабылып қалатыны бар.

– «Қазақ мектебі нашар». Қазақ мектептеріне катысты айтылар осындай пікірлерді кім таратады деп ойлайсыз? Шын мәнінде солай ма?

– Теріс пікір айтатындар қазақ мектептерінің жай-жапсарынан мүлдем бейхабар жандар. Мен оған әбден көз жеткізген адаммын. Нашар деп пікір қалыптастырудың өзі – ұлтқа, тілге қарсы жүргізіліп отырған үгіт, идеологиялық күрестің бір түрі. Оның ішінде орыс тілді өз қандастарымыз да бар. Орыс тілді мектептерде оқып шыққан олар баласын қазақ тілді мектептерге беруге ынталы емес. Баласы үшін өзінің де ана тілін үйренуге күш жұмсау керектігін артық санайды, сөйтіп, өзіне оңай жолын іздейді. Сонау өткен ғасырдың 60-80-жылдары 700-ге жуық қазақ тілді мектептер жабылды дейміз. Сол жылдары оқуы орыс тіліндегі мектептерде дәріс алған бауырларымыз қазір ата-ана, алды әже атанып жатыр. «Балаңызды неге орыс тілді мектепке бердіңіз?» деп талайынан

сұрадым. Бірауыздан айтатындары: «Білімі нашар». Дәлелі жоқ. Әйтеуір «дейді» дегенді қосып қояды. «Қай мектепте оқып едіңіз?» деп қарсы сауал қоямын ғой міндетті түрде. Жауап – «орыстілді мектепте». «Онда нашар екенін қайдан білесіз?» десем, «все говорят» деп шыға келеді. Қазіргі ата-ананың: «Мына баламды ана тілінен айырамын-ау, өзім білмедім екен деп бала тағдырына күні ертең кесірін тигізер әрекет емес пе мұным» деп ойланбайтыны таңғалдырады мені. Бұл – жалпы, кеңестік дәуірде қазақ тіліне жасалған отаршылдық идеологияның күні бүгінге дейін жойыла қоймағанының салдары, соның нақты дәлелі. Әйтпесе қазақ тілді мектептің артықшылығы зор. Оны бітірген баланың қазақ тілінің уызына қанып өсетінін, ата-анаға құрметі, мейірімі ерекше болатынын кім білмейді. «Қазақ мектебі мен орыс тілді мектепте оқыған екі балам екі түрлі» деп отырған ата-ананың әңгімесін талай рет естігенмін. Оған көз жеткізгендердің немересін орыс тіліндегі мектептерден алып, өз қолымен жетелеп, қазақ тілді мектептерге апарғанына талай рет куә болдым да.

– **Өзіңізге де мәлім, Батыс – идеясын сіңіруге оңтайлы тәсілді өз пайдасына икемдеуге өте шебер. Жыл сайын «Валентин күні – махаббат мерекесі» деген желеумен католиктердің діни мейрамын атап өту белең алып барады. Дүрмекке қосылған қазақ мектептері де «жүрекшелер» жасап, сыныбын безендіріп әлекке түседі. Оның мәнін ұғындыратын ұстаз табылмағаны ма?**

– Дәл қай жылы екені есімде жоқ. Төлебидегі ескі алаңда «Бауырсақ күні» деген бір мерекесымақ өтті. Біздің ұлттық дәстүрімізде де, мемлекеттік дәстүрімізде де, тіпті Қазақстанды атамекеніне айналдырған өзге ұлт өкілдерінің дәстүрінде де мұндай мейрам атымен жоқ. Бұл – сонау ұлттық дәстүрлі мерекелері жоқ Америкадан келген «жаңалық». Оларда неше түрлі ойдан шығарылған осы сынды мерекелер жиі өтіп тұратынын оқып та, көріп те жүрміз. «Ұйымдастырып жатқандар кімдер, көздеген мақсаттары қандай?» деген ойға қалдым. Содан бұл жасанды мерекелер арқылы біздің қалыптасқан дәстүрімізді ұмыттырудың бір амалы ма деген ойға келдім. Сондай-ақ соңғы жылдары сезімдері енді ғана бүр жарған жасөспірімдер арасында «Валентин күні» дегенді атап өту тым белең алып барады. Католик дінінің өз қызметін салақ атқарғаны үшін жазаға тартылған бір монахының құрметіне ар-

найы күн белгілеп, оны жастарға таңу – үлкен қиянат. Бұл да біздің балалардын сана-сезімін түп-тамырынан алыстатуды көздеп, алыстан келген жоспардың лебі екені дау тудырмайтын шындық Түптің түбінде жастарды ұлттық топырағынан айырудың секталар үшін ұтымды тәсілінің бірі. Махаббат деген – ауқымды ұғым. Отанға, туған жерге, ата-анаға деген махаббатты жылт еткен сезімді білдіретін жеңілтек ойға бұру, буыны қатпаған балаларды оған еліктіру өте қауіпті. Бүкіл қауым, ата-ана, мектеп болып оның табиғатымызға жат, мүлдем қайшы екенін жасөспірімге жабыла түсіндіруіміз керек. Ұлт үшін еш мәні жоқ осынау зиянкестік әрекетке қарсы тұру – бәріміздің азаматтық парызымыз.

– **Оңтүстік өңірдегі өзбек тілді мектеп оқушылары арасында жүргізілген сауалнамада олардың 80 пайыздан астамы ҰБТ-ға қатысуды қаламайтынын білдірген көрінеді. Сылтаулары – қазақ тілінде емтихан тапсырғанның қиындығы...**

– Өзге тілді мектептерде мемлекеттік тілді оқытудың жай-күйі еш сын көтермейтіні рас. Қазақ тілі 7-8 жыл бойы жүреді, алайда оны бітіріп шығатындар 7 сөйлем құрауға қауқарсыз. Олардың қазақ тілі ҰБТ-ға енгізілсе, тапсыра алмаймыз деуі сондықтан. Мұның өзі қазақ тілінің өзге тілді мектептердегі оқыту деңгейінің қаншалықты дәрежеде екенін айқындап тұрғандай. Мемлекеттік тілдің айналасындағы «анау бүй дейді», жалпы «дейді, дейді» деген әңгімелерді ысырып қойып, тұтастай тілді өркендетуді жанжақты қолға алар кезеңге келдік. Заң – баршаға ортақ. «Анау айтты, мынау айттыға» жығыла бермей, оның талаптарын қалтқысыз орындау – құқықтық республика үшін кез келген азаматтың міндеті екенін түсінетін уақыт әлдеқашан жеткен. Отандастарымыз бірінші кезекте Қазақстанның азаматы ретінде мемлекеттік тілді үйрену өз құқындағы азаматтық парызы, міндеті екенін түсінгені ләзім. Ал енді өз құқын аяққа таптап тұрып, өзгеден араша сұрауы – осы елдің азаматы ретінде ой-санасы қалыптаспағаны. Ондай адамның жетегіне еруге болмайды. Жалпы, оқу қай тілде жүргізілсе де, Қазақстан мектебін бітірген кез келген бала мемлекеттік тілде сөйлей алатын болуы тиіс. Әңгіме осы тұрғыда өрбіп, талап осылай қойылғаны абзал.

– **Кез келген жиындарда, кездесулерде, әр түрлі отырыстарда сөз басын ресми тілде бастайтын азаматтарымыз көп. Кейде ау-**

дитория қазақша сөйлеуін талап еткеннің өзінде: «Кім қай тілде сөйлейді, өзі біледі, ол әркімнің өз құқы», «Менің құқымды таптамаңыздар» деп баяндамасын орыс тілінде одан әрі жалғастыра беретіндері бар. Сонда мемлекеттік тілдің құқын қорғауы тиіс мемлекеттік қызметкерлердің бұл әрекетін қалай түсінуге болады? Оларға мемлекеттік тіл мүддесінің аяқ асты етілгені бәрібір болғаны ма?

– Қазақ тіліне қарсылық өзге емес, өз қандастарымыздың арасында жиі бой көрсететіні қорқынышты. Бір таңғалатыным – әсіресе, мемлекеттік қызмет атқарып жүрген азаматтардың тіл төңірегінде қарсылық әрекеттерінің басымдау екендігі. Сөзінің басын көзбояушылық үшін «Сәлеметсіз бе» деп қазақша бастаған болады. «Түсінбейтін адамдар отыр, сондықтан бәріне түсінікті тілде сөйлейін» деп, бірден орыс тіліне ауысып кетеді. Ондай қызметкерлер тілді меңгеруі тиіс немесе орнын екі тілде еркін сөйлейтін азаматқа босатқаны жөн. Ұлты кім, оған мән берудің еш қажеті жоқ, ең бастысы, екі тілді, мемлекеттік және орыс тілін бірдей тең білгені. Мемлекеттік қызметке аларда осы жағына аса мән берер болсақ, басқа саладағылар да ойланар еді. Күні ертең баласының мемлекеттік тілді білмегені кедергі болатынын сезген ата-ана оны үйретуді жаппай колға алар еді.

Мемлекеттік қызметкер Конституциялық заңдылықтың мүлтіксіз жүзеге асырылуын қадағалауы тиіс. Бұл – негізгі міндеті. Мемлекеттік қызметкерлер мемлекет алдындағы міндетін аяқ асты етсе, өзгеге не жорық?! Ең бірінші, осындай мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік қызметтен кетіру керек. Мемлекеттік қызметкер мінберде тұрып «жеке менің құқыма қол сұқпаңыздар» деп айтуға еш хақысы жоқ. Өйткені ол мемлекеттік қызмет атқарып тұр. Оның өзіне жүктелген мемлекеттік қызметті атқару үстінде, өз үйінде отырғанындай еркінсуі – әбестік. Ондай қызметкерді тиісті орындар тәртіпке шақыруы керек. Сондықтан мемлекеттік жиында мемлекеттік қызметкер мемлекеттік тілде сөйлеуге міндетті. Ал орыс тілі мемлекеттік тілмен қай ортада тең қолданылатыны Конституцияның 7-бабында анық жазылған.

– Латын қарпіне көшу жайлы әңгіме шыққалы сан түрлі көзқарастар білдіріле бастады. Бірі қолдайды, бірі қарсы. Сіз не дейсіз?

– Латын әліпбиіне көшсек, тіліміз дамымай қалады дегенге өз басым мүлдем қарсымын, бұл тіпті логикаға сыймайтын әңгіме. Латын қарпі тіл емес – тілді үйренудің, жазу арқылы ілім-ғылымға барудың басты құралы. Кейбіреулер латынға көшсек, кириллицамен жазылғандарымыз оқылмай қалады дегенді көлденең тартады, бұл да қисынсыз. Неге десеңіз, латын әліпбиіне көшкен күннің өзінде кириллицадан мүлдем қол үзбейміз. Қос әліпби қатар жүре береді. Мысалы, мектепте оқушы ағылшын, француз, неміс, әйтеуір бір шетел тілін оқиды. Ол тілдер латын қарпінің негізінде жасалған сол тілдердің әліпбиімен оқытылады. Медициналық институтта кириллицамен қоса түгелдей латынды да оқиды. Рецепт жазу, дәрі-дәрмектің атауларының бәрі латын тілінде. Кириллицаны жақтаушылар «оқу орыс тіліндегі мектептің қазақ балалары қазақ тіліндегі шығармаларды оқи алмайтын болады, қазақша білмей қалады» дейді. Оқу, сөйлеу әліпбиге тәуелді емес. Кириллицаны танитын орыстар қазақшаны оқи алмайды. Орыс тілді қазағың да алтындап, жарқыратып жазсаң да, кириллицаны танығанмен, қазақша жазылған екі жолдың мағынасын ұқпайды. Латын әліпбиіне көшсек, кириллицаны ұмытып қаламыз дейтіндердікі де құр байбалам. Біз латын әліпбиіне көшкен жағдайда, кириллицаны қатар оқитын боламыз. Мектептерде орыс тілі мен әдебиеті кириллицамен оқытылады. Ал оқу орыс тіліндегі мектептер қазақ тілі мен әдебиетін латын қаріптері негізінде жасалған әліпбимен оқитын болады. Біз өзі өмір бақи екі түрлі әліпбимен оқып келе жатырмыз. Мектеп жүйесінен тыс жұмыс істейтін кісілердің осыны ұмытып кететіні бар.

Көне руникалық немесе көне түркі жазуына көшуді ұсынатындар бар. Бұл – көне тарихтың жазуы. Ал латын, кириллица – біз үшін күні кешегі XX ғасырдың, бүгінгі жаңа ғасырдың қолданыстағы жазулары. Көп жазулардың ішінен іріктеліп шыққан үйреншікті, көзге қанық таңбалар. Мәселе, дыбыстық жүйемізге саясат ықпалымен еніп алған басы артық әріптерден құтылып, ана тіліміздің жазу жүйесін жетілдіруде. Ал көне түркі жазуын ғылыми мақсатта, тарихымызды зерттеу жұмысын тереңдете түсу мақсатымен оқытуды қолға алу – жоғары мектептің бағдарламасынан орын алса, нұр үстіне нұр.

– Латын әліпбиіне көшкеннен ұтатын тұстарымыз қандай?

– Қазақ тілі көп позицияда, көп жағдайда ұтады. Біріншіден, қазақ алфавитінде ілесіп жүрген басы артық әріптерден құтыламыз. Жіңішкелік белгі, жуандық белгілердің біз үшін көк тиынға қажеті жоқ. Ол белгілердің қызметін бізде буынның жіңішкелігі мен жуандығы атқарады. Я, ю, ц, щ, ч, h, э-нің де керегі шамалы. Ең бастысы – компьютер тіліне жақындаймыз. Қазіргі таңдағы компьютерге қазақ тілін енгізу қиындығы осы әріптің көптігінен туындап отыр.

Латын әліпбиі барлық термин сөздерді ана тіліміздің айтылу заңдылығымен жазуға жол ашады. Сонда қазіргі жазудағы көп қателерден құтыламыз. Ең керемет, ресейлік әріп жүйесінен шығу – үш ғасырдай мойнымызға ілінген бодандықтың соңғы ноқтасынан құтылу. Бүкіл әлемдік өркениеттің ортақ оқу, жазу түріне айналған (соның ішінде Ресейдің медициналық оқу орындарында, шетел тілдерін оқытуда, т.б.) латын әліпбиіне көшу тәуелсіздіктің тартуы болары хақ. Латын қарпі – әлемде ең көп қолданылатын жазу құралы екені мәлім жайт. Жалпы, латын қарпіне көшуден қорқақтау – өзіне түсер шамалы ауыртпалықтан қашатындардың үрейі. Мемлекет бірден қолға алып, іске кіріссе, қиналған да, қолдаған да бірдей, тез-ақ үйреніп кетеді.

Сұхбаттасқан ***Ұлбосын АЙТӨЛЕН.***
«Айқын» газеті, 2007 жыл, 31 наурыз

БҰЛ БАСЫЛЫМНЫҢ САРҒАЙҒАН ПАРАҚТАРЫНДА АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ІЗІ, СӨЗІ ҚАЛҒАН

Облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен Астанада Шығыс Қазақстаннан шыққан зиялы қауым өкілдері – талантты қаламгерлер елордалық шығармашыл жастармен кездескенді. «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы, жазушы Сайраш Әбішқызы бұл кездесуге келе алмаса да «Дидарға» сұхбат беруге келісімін берген еді.

Ол – қаламы қарымды журналист, білікті педагог. Мәдениет және қоғам қайраткері. «Құрмет» орденінің, Ы. Алтынсарин медалінің, тәуелсіз Платиналы «Тарлан» сыйлығының иегері.

Германияда мектеп директорларын арнайы дайындайды

– «Қазақстан мектебі» деген сексен бес жылдық тарихы бар басылымның басшысысыз. Қалай ойлайсыз, бүгінгі Қазақстан мектебінің бет-бейнесі қандай болуы керек?

– Ойландыратын сұрақ екен. 70-жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде жұмыс істегеннен бастап, білім жүйесінен әлі күнге қол үзіп көрген емеспін. Еңбек жолымды 1965 жылы мұғалімдіктен бастадым. Содан кейін аспирантурада оқыдым. «Социалистік Қазақстанға» кіші әдеби қызметкер болып жұмысқа кіріп, бөлімнің аға әдеби қызметкері деңгейіне дейін жеттім. Одан кейін «Қазақстан әйелдері» басылымында жауапты хатшы болып қызмет істеген кезде де білім жүйесінен іргемді алыстатпадым. Өйткені сырттай бақылаушы емес, пікірімді ашық айту үшін осы жолға түстім. «Қазақстан әйелдерінде» жүрген кезімде журналист ретінде орта арнауылы кәсіптік білім жүйесіне жауапты болдым. Басшылық қызметіме малданып, киелі жазу өнерін шетқақпай қалдырған емеспін.

1983 жылы «Қазақстан мектебі» журналына ауысқанда қайнаған білім жүйесінің ортасына келдім. Еліміздің білім жүйесіне деген ынта-ықыласым ерекше арта түсті.

Бүгінгі білім жүйесіне ой шалдырар болсақ, біз қазақстандық мектепті дамыту, білім сапасын жетілдіру мақсатында жұмыс істеудеміз. Реформаларға әуес болып кеткеніміз де жасырын емес. Кеңестік кезеңде бұйрық Мәскеуден түсетін. Мәскеу не айтса, соны құп алып, ләппайшыладық. Тәуелсіздікке жеткен уақытта еркіндіктің лебі есіп, бөркімізді аспанға ата қуандық. Жаңа мемлекет құрып, қазақстандық білім жүйесін жасау керек деген қатаң талап кеңінен ойлануға мүмкіндік бермеді. Сол кезде сәл сабырлылық жетпей қалды ма деп ойлаймын. Қазақстандық мектеп жүйесін жасаймыз деген министрлеріміз бірден білім саласын реформалауға көшті. «Ана елде бүйтіп жатыр, мына елде сүйтіп жатыр» деп, асығыстыққа, еліктеушілікке ұрынғандаймыз. Тіпті кезінде білім саласын тоғыз-ақ ай басқарған министрлеріміз де бар. Сол уақытта бірнеше халықаралық ұйымдарға мүшелікке кірдік. Елімізде жасалған шикі реформалардың бәрі сол асығыстық пен еліктеушіліктің салдарына ұрынды деп ойлаймын. Осының кесі-

рінен білім жүйесінде қалыптасқан бірқатар жетістіктеріміздің көз жазып қалдық. Талап қою, оқыту мәселесінде ана реформаны, мына реформаны орындаймыз деп жүріп мектептердің оқу үрдісіне қаншама ауырлық түсіріп алдық. Мұғалім алдында отырған отыз-қырық оқушының білім сапасын жетілдіре ме, әлде реформаның жетегінде жүруді ойлай ма? Қазір енді ес жиып, етек жапқан кезеңге жеткендейміз.

Кезінде Мәскеуден келетін орысша оқулықтарды ана тілімізге аударатын едік. Төл оқулық төртеу ғана болды. Оның бірі – Ермахан Бекмаханов жазып кеткен жұп-жұқа, пышақтың қырындай Қазақстан тарихы. Сосын Қазақстан географиясы, қазақ тілі мен әдебиеті. Қалғандары – аударма. Біздің ғалым педагогтердің оқулық жазатын тәжірибесі аз болды. 1997 жылы Германияның Бавария қаласында 15 күн білімімді жетілдіру үшін академияда семинарда болдым. Сапар барысында көрген-білгендерімді кейін «Бавария сабақтары» деген тақырыппен «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Қазақстан мектебі» журналында мақала етіп жарияладым. Бір таңғалғаным, Баварияда мектептің директоры болатын маманды арнайы дайындайды екен. Көрдіңіз бе? Ал біз мектеп директорын оның білімі мен білігін тексерместен «мынау жақсы мұғалім» дейміз де, тағайындай саламыз. Осының салдарынан кейбір жерлерде бұрынғы кеңес, партия қызметкерлері, зоотехниктер, мал дәрігерлері мектеп директоры болып кеткен жағдайлар да кездесті. Баварияны айту себебім, біз оқулық жазатын адамдарды дайындап, үйретуіміз керек еді. Өкінішке қарай, оқыту, үйрету, бағдарлау мәселесінде біз шетелдік озық тәжірибелерге жеткілікті ден қоймадық.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылдың сәуір айында білім қызметкерлерінің бірінші мәжілісін өткізді. Сол мәжілісте «Құрмет» орденін алдым. 1988 жылдан бастап Мәскеудің үлгісімен пәндік журналдар шығаруды қолға алдық. Сол кезде қанат қаққан, еліміздің білім саласындағы қазақ тіліндегі жалғыз және алғашқы журнал «Қазақстан мектебі» болатын. Бұл журналдан кейін қосымша ретінде «Қазақ тарихы», «Информатика, физика, математика» және «Отбасы және балабақша» сияқты бес пәндік журнал жарыққа шықты.

– Алматы қалалық кеңесінің депутаты болып сайланыпсыз. Сол жылдары атқарған жұмыстарыңыз, тындырған істеріңіз туралы айтып берсеңіз?

– Қазақ ұлтының перзенті ретінде өзіміздің қасиетті, киелі қазақ тілі жолындағы күреске қосқан үлесім мені ел алдына алып шықты деп санаймын. Ана тілі жолындағы күрес әлі де жалғасуда. Ана тіліміздің Ата Заңда ғана мемлекеттік тіл, ал өмірде мемлекеттік тіл деңгейіне жете алмай келе жатқаны өкінішті. 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесін алды. Осы жылдары «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Мен «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы ретінде Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болып сайландым. «Қазақ тілі» қоғамының ұсынуымен еліміздің астанасы болған Алматы қалалық кеңесінің депутаты болдым.

Қазақ тілінің киесі осы жолда мені толқын да толқын бұқараның алдына алып шықты. Депутат кезімдегі жұмысым «Қазақ тілі» қоғамының жұмысымен тікелей байланысты. Осы уақытқа дейін қазақ тіліндегі педагогикалық журналдар ашуда, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы ретінде өзімді әлі күнге дейін ана тіліміздің жолындағы күрескермін деп санаймын.

Тұманбай Молдағалиевтен кейінгі екінші адаммын

– «Қазақстан мектебіне» келгенге дейін бірнеше мектептен өттіңіз. Осы жөнінде аз-кем әңгіме өрбітсеңіз...

– 1965 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын қызыл дипломмен бітірдім. Ол кезде оқу бітіргендерге жұмысқа тұруға жолдама берілетін. Жолдамамен өзімнің туған жерім бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Ақсуат ауданының «Социалистік» ауылына бардым. Ю. Гагарин атындағы сегіз жылдық мектепте еңбек жолымды мұғалім болудан бастадым. Екінші оқу жылы басталарда аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы қызметіне шақырылдым. Біздің ауданнан, яғни Ақсуат ауданында туған қыздардан осы қызметке тағайындалған бірінші адам болдым. Оған дейін қыздар басқа аудандардан келеді екен. Аудандық комсомол комитетінің екінші

хатшысы болып істеп жүрген кезімде 1967 жылы ҚазПИ-ден аспирантураға шақыру келді. Шақырған академик Қажым Жұмалиев ағамыз еді. Мен институтта оқыған кезде ол кісі қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды. Студент кезімде белсенді болып, ғылыми жұмыстарға ерекше ден қойғандығымнан болар, академик мені институттың аспирантурасына қалдырғысы келген-ді. Бірақ орын болмады. Шақыру алған соң Алматыға қайтып оралдым. «XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бас кезіндегі ақын-жыраулардың өлеңдері ұмыт болып бара жатыр. Соларды біз ұмыттырмауымыз керек. Сол жырларды тірілтуіміз керек» деп бағдар берген ұстазым осы тақырыпты қаузауымды өтінді. Өкінішке қарай, 1968 жылдың желтоқсан айында Қажекең қайтыс болып, менің тақырыбым бекімей қалды. Қажекеңнің орнына кафедра меңгерушілігіне келген ғалым ағамыз одан кейін басқа бір тақырып ұсынды. Тақырып көңіліме жақпаса да, жазып шығуға тырыстым. Себебі ол тақырыптың әдебиеттен гөрі саясатқа жақындығы басым еді. Кейініректе жетекші ғалым ағаның өзі де осылай деді. Аспирантураны бітіргеннен кейін жұмыс іздеуге кірістім. Қол қусырып отыруға болмайды. Өмір сүру керек, табыс табу керек, тамақ ішу керек дегендей. Әкем көрі, шешем сырқат. Бауырларым жас, алдымда аға, әпкем жоқ. Жұмыс іздегенде де өзімнің еңбегіме ғана сенетін, көңілім қалаған жұмысты іздедім. Ол – журналистік жұмыс еді. Ақыры іздеген жұмысым «Социалистік Қазақстан» газетінен табылды. Бәрін тізбелеп не қылайын, 3 ай штаттан тыс тілші болып жүріп, штатқа кірдім. Сол жерде аттай алты жыл қызмет еттім. Содан кейін «Қазақстан әйелдеріне» жауапты хатшы қызметіне ауыстырылдым. 1983 жылы «Қазақстан мектебі» журналына бас редактордың орынбасары қызметіне тағайындалдым. 1987 жылдан бері журналда бас редактормын. «Қазақстан мектебінде» жұмыс істеп отырғаныма биыл – 28 жыл. Бас редактор болып отырғаныма 24 жылдан асты. Кейде журналдағы бас редактор қызметіндегі еңбек өтілі жағынан Тұманбай Молдағалиевтан кейінгі орында келе жатқан бас редактормын деп мақтанып та қоямын.

– Өзіңіздің қаламыңыздан туған кітаптарыңыз бар екендігінен хабардармыз. Сол рухани игіліктеріңіз жайлы сөз суыртпақтасаңыз...

– Өмірден көріп, көңілге түйген тәжірибемнің жемісіндей «Нұрлы жол», «Жыр арқауы – бейбітшілік», «Оттай ыстық он жыл» атты кітаптарым жарық көрді. 1981 жылы Қазақстан Журналистер одағының 1980 жылдың қорытындысы бойынша екінші сыйлығын алдым. Сол сыйлыққа ұсынылған очерктер мен мақалалар 1986 жылы «Нұрлы жол» деген атаумен тұңғыш кітабым шықты. Аспирантурада оқыған жылдары жүргізілген ғылыми жұмысым «Жыр арқауы – бейбітшілік» деген тақырыппен 1988 жылы «Қазақстан» баспасынан жеке кітап болып жарық көрді. Баршамыз үшін басымызға келген бақыт – еліміздің жеке мемлекет болып, тәуелсіздікке қол жеткізуіміз. Тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылдығы бүкіл қазақ халқы үшін бақ пен сынақтың, қиын да қызықты кезеңі болды. Қазақ елінің бір азаматы ретінде менің қосқан үлесім – тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына орай осы 10 жыл ішінде шыққан очерк, мақала, жолсапар жарияланымдарымды «Оттай ыстық он жыл» тақырыбымен, «Атамұра» баспасынан 2001 жылы кітап етіп шығардым. 60 жылдық мерейтойыма орай «Еңбегі мен қайраты екі жақтап...» деген ғұмырнамалық кітап жарық көрді.

– Былтыр Тарбағатай ауданын су алғанда сіз туған ауыл Жәнтікей де су астында қалды емес пе? Осы тілсіз жаудың салдарынан болған қауіпті жағдайда туған жер перзенті ретінде қандай көмек жасай алдыңыз?

– Туған ауылымда су тасқыны болғанда жүрегім қатты ауырды. Бірақ Аллаға тәуба дедім. Қызылағашта су тасқыны болғанда қанша адам о дүниелік болып кетті емес пе? Құдайға шүкір, Жәнтікей ауылында адам шығыны болған жоқ. Ең бастысы, сол апаттан адамдардың шығын болмай аман-есен шығуы. Жәнтікейден соң Көкжыра ауылын су алды. Содан кейін маған біраз адамдар хабарласып, «Апай, Жәнтікей жаққа барып қайтайық» деді. «Ол жаққа не деп барамын?» дедім мен. Егер кәсіпкер болғанымда, балаларға аяқ-киім, оқу жабдығын алыңыздар деп мол қаражат берер едім. Бірақ менің қолымда ондай қаржы жоқ. Ойлана келе, тасқыннан зардап шеккендерге арналып құрылған жәрдемдесу қорына Алматыда бас-көз болуды жөн көрдім. Сол қорды құрысуға ұйытқы болдым. Қордың жетекшілігіне ұсынып еді, жас жігіттер болсын деп одан бас тарттым. Сөйтіп қордың ұйымдастыруымен осы жақтан

шамамыз келгенше 3 миллиондай ақша жинап, сол қаржыға Семей арқылы екі «Камаз» көмек заттарын жөнелттік. Майра Ілиясова мен Еркін Шүкімановтар арнайы барып концерт қойып қайтты. Туған топырақтан асқан киелі жер жоқ. Мен үшін қазақ даласының әр төбесі биік, әр төбесі қастерлі. Әрине, кір жуып, кіндік кескен туған жердің орны қай кезде де бөлек. Міне, мен сондықтан өзімнің туған ауылымнан еш уақытта көз жазбаймын, көңілімде сақтаймын. Туған жерге тағзым деген адамның жүрегінде болуы керек.

«Сыйлыққа да сыймайтын еңбектер болады»

– Платиналы «Тарлан» сыйлығы, «Құрмет» ордені, тағы басқа сыйлық, атақтарды қанжығалапсыз. Бұл да адамның еткен еңбегінің нәтижесі ғой. Адамның бүкіл еңбегін сыйлықпен бағалаған дұрыс па?

– Әрине, сыйлық алған жақсы. Сыйлыққа да сыймайтын еңбектер болады. Еңбек сыйлықпен бағаланбайды, оны халық бағалауы керек. Сондықтан да бұл сыйлықтың өзі халық танығаннан кейін берілуі керек. Ал сыйлық алу арқылы халыққа таныламын деу дұрыс нәрсе емес. Сыйлықты алған адамға қарап оның еңбегін ешкім де өлшей алмайды. Халық танығаннан кейін алған сыйлықтың орны бөлек. Менің алған сыйлықтарымның барлығы – еткен еңбегімнің жемісі және Алланың маған берген бақыты. Еңбек жолында мен өзімді бақытты адаммын деп санаймын. Әрине, жеке өмірде қиындықтар, кедергілер мен әттегенайлар бола береді. Бірақ ғұмыр жолымда өзімді еңбегім жанған адаммын деп есептеймін. Білім жүйесінде Президенттен қазақ журналистикасында орденді бірінші алған адаммын. Менің кеудеме орден тағып тұрғанда Елбасымыз: «Сіз білім саласында, қазақ журналистикасы саласында бірінші орден алып тұрған адамсыз» деді. Әрине, мұны, алдымен, «Қазақстан мектебі» журналының Қазақстанның білім жүйесіне сіңірген еңбегін ескеру деп санаймын.

«Қазақстан мектебі» журналы қазірде бүкіл кітапханаларға тарайды. Бүкіл дүниежүзілік кітап палатасының арнайы нөмірі мен белгісімен марапатталған – осы «Қазақстан мектебі» журналы.

Бұл журналдың сарғайған парақтарында кешегі Алаш қайраткерлерінің құдіретті сөзі жатыр. «Қазақстан мектебі» Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Смағұл Сәдуақасов, Мағжан Жұмабаевтардың қолдауымен «Жаңа мектеп» деген атпен ашылған оқу-білімге арналған тұңғыш қазақ тілді журнал болды.

– Демография – өзекті мәселенің бірі. Қазақтың көбеюі үшін қайтпек керек? Бұл жалғыз Мақаш Тәтімовтің жұмысы емес шығар...

– Жұбан Молдағалиев жазғанындай, расында, қазақ мың өліп, мың тірілген халық. XX ғасырдың бас кезінде Көлбай Төгісов басқарған «Үш жүз» партиясы болған. Осы партияның бір құжатында қазақтың саны жеті миллиондай болғаны жазылыпты. Ал 1939 жылы қазақтың саны 3 миллиондай болған. 4 миллиондай қазақ қайда кетті? Әрине, алапат аштық, қызылдар мен ақтардың азаматтық соғысының кесірінен опат болды. Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы Ақсуат ауданының Тарбағатай тауындағы шекараның бүгінге дейін Кондюрин атымен аталатын бекеті бар. Кезінде кәмпескеден қашқан ата-бабаларымыз Қытайға сол жолмен де өтеді екен. Сонда әлгі Кондюрин «мен сендердің бейбіт түрде көшіп кетулеріңе жағдай жасаймын, алдын ала келісіп өтіңдер» деп өтірік алдап, аларын алып қалың көш жолға дайындалып, буынып-түйініп, малдарын алдарына салып шекарадан өтуге келгенде пулеметтен оқ жаудырып, бірін қалдырмай қырып салған көрінеді. Кондюрин атындағы бекет әлі күнге дейін сол қалпында Кондюрин болып тұр. Тарих үшін солай тұрғаны дұрыс шығар.

Мұны айтып отырған себебім, демография саясаты қазақ үшін ең бірінші кезекте тұруы керек. Отбасының тәрбиешісі ана-әке болу – табиғат алдындағы міндет. Оқу оқып, еліңе қызмет жасау – азамат ретіндегі міндет.

«Қазақстан мектебін» жабылудан аман алып қалып еді

– Гендерлік саясат жайлы жиі айтатын болдық. Бұл төңіректегі сіздің пікіріңізді білсек...

– Әйелдің рөлі кеңестік кезеңде жоғары болған деп айтып жүргендер көп. Менің білуімше, қазақта гендерлік саясат о заманнан

бері бар. Әйелді, қыз баланы дәл қазақтай қастерлейтін ұлт жоқ шығар әлемде. Сондықтан «Америка үйтіп жатыр, Еуропа бүйтіп жатыр» деп жөнсіз еліктеуге ұрынудың қажеті шамалы. Өзімізде бардың қадірін жете түсініп, дамытқан дұрыс.

Әйелдің рөлі қай қоғамда да үлкен мәнге ие. Әсіресе отбасы тәрбиесіндегі маңызы айрықша. Біз іргесі берік ұлт боламыз десек, әуелі отбасылық тәрбиені нықтауымыз керек. Ата Заңымызда тамаша бір бап бар. 17-бап. Сол бапта кәмелеттік жасқа толғанға дейін бала тәрбиесінің жауапкершілігі ата-ана мойнында делінеді. Сол бап бойынша дұрыстап жұмыс істеуіміз керек.

Бір мысал айтайын. Балабақша тәрбиешілері «баласын бізге әкеп, итеріп тастап, кетуге асығып тұратын аналар көбейіп кетті» дейді кейде. Сосын ақшасы барлар қазір үйде бала күтушісі ұстайды. Олар кімдер? Қалай тәрбиелеп жатыр? Онда шаруа жоқ. Мәселен, қазақ баласын орыс тілді күтуші бағып-қағып жүр делік. Бұл дегеніңіз ұлттық тілден қол үзу емес пе? Тілден қол үзгенің ұлттық табиғаттан, ұлттық тамырыңнан, болмысыңнан ажырау деген сөз. Міне, әйелдің рөлі. Нағыз гендерлік саясатты осы жерде көрсетуіміз керек. Меніңше, гендерлік саясат деген біздің қазаққа бөтен емес.

– Облыс басшысы Бердібек Сапарбаевтың тың бастамасын, жарқын істерін ел-жұрт біліп отыр. Бұл тұрғыда не айтар едіңіз?

– Әр кезеңнің өзінің халық үшін туатын ұлдары болады, айналайын. Халық үшін еңбек етуді өзінің өмірлік мақсаты тұтатын тұлғалар болады. Ол жүздің ішінде біреу бола ма, мыңның ішінде екеу бола ма? Міне, біреу болса, соның бірі, екеу болса, соның біреуі осы – Бердібек Сапарбаев. Бұл халық үшін, халыққа осы қажетті игіліктің бәрін жасасам екен деп еңбек ететін азамат. Мұны мен бүгінде ол кісінің облыс әкімі болғаннан кейін айтып отырғаным жоқ. Бердібек Сапарбаевпен бірге қызмет еткен адаммын. Сапарбаев Білім министрінің орынбасары болып қызмет еткен кезде мен «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы болдым. Бір министрлікте қызмет атқардық. Бір жайды айтайын. «Қазақстан мектебі» журналы 1997 жылы жабылудың аз-ақ алдында қалды. Сол кезде Бердібек Сапарбаевқа бардым. Ол кісі бұл уақытта Қызылорда облысының әкімі қызметінде. «Бердібек бауырым, «Қазақстан мектебі» жабылуға жақын. Алаш ардақтыларының

ізі қалған, сөзі қалған, 70 жыл бойы қазақ тілді жалғыз педагогикалық журнал болып келе жатқан басылымның ешкімге керегі жоқ болып қалды ма?» дегенімде: «Жоқ, апай, алаңдамаңыз. Жабылмайды. Жаппаймыз. Көмектесеміз. Қалай көмектессек екен?» деп, ойланып қалды. Менің ұсынысым дайын еді. Бұл кездесуге дейін Қызылорда облыстық білім басқармасының бастығы, журналдың ақылдастар кеңесінің мүшесі Әли Мүсілімовпен телефон арқылы тілдесіп қандай ұсыныс жасайтынымызды келісіп едік. «Сәке, – деді Әлекең, – Қызылорда қаласында мемлекетіміздің тарихында бірінші рет қазақ мектептеріне байланысты ғылыми-практикалық конференция өткелі отыр ғой. Бұл жиынға әкім келеді. Сонда журналға байланысты ұсынысымызды бірге отырып айтайық» деп, мен күтпеген, ойламаған, журналды тығырықтан алып шығатын тосын жолды нұсқады. Мен қатты қуанып, бірден келістім. Бердібек Сапарбаевпен кездесер сәтті күтіп, толқып та жүрдім. Жоғарыда жазғанымдай, кездескен сәтте іркіліссіз: «Журналдың бір нөмірін тұтастай Қызылорда облысына арнайық. Сіз сатып алыңыз» деп, Әлекеңнің ақыл-кеңесімен алдын ала дайындап қойған ұсынысымды айтып салып, «не дер екен» деп, жүзіне қадала қарап тұрдым. Бердібек «жарайды» деді. Сөйтіп бір нөмірді Қызылорда облысының білім жүйесіне арнадық. Сол нөмірдің қаржылай шығынын облыстық әкімшілік артығымен аударып берді. Сөйтіп жабылғалы тұрған журналға жан бітті. Қызылорда қаласына барған іссапардан кейін мен Алматыға қайттым. Журналдың арнаулы нөмірін дайындауға, оның қаржылай шығынының аударылуына тікелей Әлекең, Әли Мүсілімов көмектесті. Ол кісі болмағанда, бұл жоспар іске асар ма еді, аспас па еді. Себебі Алматыда отырып, алыстағы облыс әкіміне телефон шалып, сөйлесу өте қиын. Сондықтан менің қызметім үсті-үстіне хат жазу болды. Ал сол хаттарды қолына ұстап жүріп, облыстық әкімшілікке қайта-қайта барып жүріп, оң нәтижеге жеткізген Әлекең, Әли Мүсілімов еді. Бюджеттік қаржылай қосымша көмек тоқтатылып, шаруашылық есеппен өзін-өзі қаржыландыруға көшірілгеннен бері «Қазақстан мектебі» журналының тоқтаусыз шығып келе жатқаны әуелі мыңдаған оқырманның, одан кейін Бердібек Сапарбаев, марқұм Әли Мүсілімов сияқты жанашыр демеуші тұлғалардың тікелей қамқорлығы деп айтуға әбден болады.

Ал енді Шығыс өңіріне, Абай, Шәкәрім, Мұхтар туған киелі мекенге Бердібек Сапарбаевтың әкім болып келуі орынды шешім болды. Басқаны айтпай-ақ, кешегі тасқын күндері халықпен бірге керзі етікпен су кешіп, ел-жұрттың қиындығын бірге бөліскенінің өзі неге тұрады? Сол кездерде Бердібекті теледидардан көріп отырғанда «Айналайын-ай, қинады-ау сені. Бірақ халқыңмен бірге қиналдың. Қуанышты да халқыңмен бірге көрерсің» деп, тілек тілеп отырдым іштей. Бір сөзбен айтқанда, Бердібек Шығыс Қазақстан облысының бағына келген әкім болды. Ендігі тілегім – облыста әкім болып ұзағырақ жүре тұрса екен...

Сұхбатты жүргізген ***Олжас ҚАСЫМ.***
Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газеті,
2011 жыл, 28 мамыр

«МЕН ЕҢБЕГІМ ЖАНҒАН АДАММЫН»

«Құрмет» орденінің, Платиналы «Тарлан» сыйлығының иегері, мәдениет қайраткері Сайраш ӘБІШҚЫЗЫМЕН сұхбат.

– Сіздің педагогикалық баспасөз саласындағы еңбектеріңіз жоғары бағаланып, «Құрмет» орденімен марапатталдыңыз. Сол жылдары сіз қазақ баспасөзі мен білім беру саласындағы осы орденді алған тұңғыш ұстаз әрі журналист болдыңыз. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих-филология факультетін ұстаздық мамандығы бойынша тәмамдаған сіз журналистика саласына қалай келіп жүрсіз?

– Мен орта мектепті бітірген жылы журналистика немесе физика факультетіне түсемін деп келгенмін. Былай қарасаңыз, екеуі екі бөлек қой. Бірақ кейіннен, осы жасымның биігінен ойласам, бұның бір логикалық байланысы бар екен. Журналистика да инемен құдық қазғандай дүние болса, физика да нақтылықты қажет етеді екен. Бірақ мен оқуға түскелі келгенде жоғары оқу орындарының ішінде ҚазПИ ғана жатақхана беретін еді. Тұрмыс мәселесі кейде көп нәрсені шешеді. Содан жатақхана үшін ҚазПИ-дің тарих-филология факультетіне түстім. Оған Аллаға шүкір деймін.

Неге дейсің бе? Мен тарих пен филологияны білімнің негізі деп есептеймін. Өйткені өз тарихын білмеген қазақ баласы өзінің қазақ перзенті болғаны үшін мақтана алмайды. Мен осы факультетке түскеніме осы күнге дейін Аллаға шүкір деймін.

Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін туған жерім Ақсуаттағы (бұрынғы Семей облысы) Ю. Гагарин атындағы сегіз жылдық мектепке мұғалім болып орналастым. Мұғалім болғанда да өте белсенді мұғалім болдым. Мен өзім анадан ерте айырылдым да, әжемнің тәрбиесін көргенмін. Балалық шағым болды ма, болмады ма, білмеймін, ерте есейдім. Әжемнің оң қолы да, сол қолы да мен едім. Былайша айтқанда, әжемнің орынбасары болдым.

Әжем «Сәкентай, сен не дейсің?» деп үнемі менің пікірімді біліп отыратын. Мен сонда қысылмай, ойымды ашық айтамын. Осылай әжемнің тәрбиесін көрген мен маңайымда болып жатқан нәрселерге бейжай қарай алмайтын болып өстім. Мұғалім болғанда да өте белсенді болдым деп отырғаным сол. Мектепте бір жыл ұстаздық етіп, келесі жылында аудандық комсомол ұйымының хатшысы болып сайландым. Онда міндетті түрде жазу керек. Аудандық газетке үнемі мақала жазып тұрдым.

1967 жылы Алматыдан ҚазПИ-дің ректоры С. Толыбеков, академик Қ. Жұмалиев қол қойған, аспирантураға шақыру қағазы келгенде бірден Алматыға жол тарттым. Аспирантураны бітірген жылы жұмыс істеу керек болғанда тек өзімнің еңбегіме ғана сенетін журналистикаға барғым келді. Содан «Жығылсаң нардан жығыл» дегендей, бірден «Социалистік Қазақстан» газетіне барып, жұмыс сұрадым. Сол кезде мені «Қазақстан мектебі» журналының қосымшасына редакторлыққа шақырған-ды. Онда бармай, бірден журналистік тәжірибе жинау үшін газетке келдім. Үш ай штаттан тыс тілші болып жүргенде өзімнің жаза алатынымды көрсетіп, 1972 жылы тілші болып қабылдандым. Журналистік саладағы алғашқы қадамым осылай басталды. «Социалистік Қазақстан – менің университетім» деуімнің себебі де осы.

– Кезінде баспасөз беттерінде жарық көрген «Жауырды жаба тоқып, не ұтамыз?», «Аты-жөнді қазақшалауды мектептен бастайық», «Қазақтың баласы мектепте қазақша оқысын» сынды мақалаларыңызда қазақ мектебінің тағдырымен қатар ұлттық діл, тіл мәселелерін де жеріне жеткізе жазған екенсіз. Журна-

листің негізгі мақсаты – нақты дәлелмен қоғамдық ой қозғау болса, шындықты айтамын деп, кейде одан өздері опық жейтін кездері де болады. Сізде сондай жағдай кездесті ме?

– Мен адамның жеке басына тиісіп мақала жазған емеспін. Тақырыптарымның көбі қазаққа қатысты дүниелер. «Социалистік Қазақстанда» қызмет етіп жүргенде Талдықорғанның Сарқанына бір арызды тексеруге бардым. Бір дәрігер жігіт ауданға хирург болып келіпті. Әкесі лауазымды қызметте істейді екен, ұлын аспирантураға түсіру үшін уақытша жіберді ме деп қалдым. Әйелі солтүстік өңірдің жетім қызы. Әлгі жігіт әйелін аямай соғады екен. Әйелін ұрғанда қатыгездікпен ұрған. Бір есімде қалғаны, батареяның қасына тізерлетіп отырғызып қойып, екі иығынан аяғымен басып отырады екен. Біраз отырғаннан соң әйел талып құлайды. Ал енді бір соққанында езуін жыртып жіберіпті. Кейін оны өзі ауруханаға көтеріп апарып, езуін өзі тіккен. Бұл деген сұмдық қой. Мен осының бәріне өз көзімді жеткізіп алған соң жаздым.

Сол кезде маған «осыны жазбай-ақ қойыңыз» деген үлкен адамдардан телефондар соғылды. Тіпті кабинетіме келген жағдайлар да болды. Бірақ мен оларға: «Мен қызметкермін. Онда тапсырмамен барғандықтан, оны жазуға міндеттімін. Мен материалды жазып беремін, шығатын, шықпайтынын бастықтар шешеді» дедім. Ол кезде Сарбас Ақтаев орынбасар болатын. Сөкеңнің маған: «Байқа, ана жігіт келгенде жалғыз отырма» дегені әлі күнге дейін есімде сақталып қалыпты. Кейін ол мақала жарияланды. Ол жігіт аспирантураға түсе алмай қалды деп естідім. Қателігі өзіне сабақ болса болған шығар. Кейін әйелінен ажырасып кетті. Келіншегі маған келіп рахметін айтты. Одан кейін хабарым жоқ. Ал енді осындай жағдайлар болды.

– Бір сұхбатыңызда өмірдегі өкінішіңіздің бірі – академик Қажым Жұмалиевтің жетекшілігімен алған «XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы ақын-жыраулардың тіл ерекшелігі» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу еңбегіңіздің аяқсыз қалғаны деген екенсіз...

– Жоғары оқу орнында оқып жүргенде ғылыми конференцияларда баяндама оқып, белсенділігіммен көзге түсіп жүрдім. Академик Қажым Жұмалиев жоғары оқу орнын бітіріп жатқанда мені шақырып алып: «Сайраш қалқам, сенің мінезің ғылымға керек.

Сондықтан сен ғылым жолына түсуің керек» деді. Өзі әдебиет теориясын ғылым деңгейіне көтерген ғалым еді. Осылай мені ғылымға икемдеген марқұм академик Қажым аға Жұмалиев болатын. Студент кезімде ол кісі «XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы ақын-жыраулардың тіл ерекшелігі» деген тақырып беріп, ғылыми зерттеу ісіне баули бастады. Кейіннен Қажым ағаның жетекшілігімен әлгі тақырыптан кандидаттық қорғаймын деп жүргенімде, ол кісі қайтыс болып кетті. Ғылыми жұмысым жетекшісіз қалды. Осы менің өмірімдегі үлкен өкініштің бірі еді. Қажекең бір жыл аман-есен жүре тұрғанда мен ғылыми жұмысымды қорғап, ғылым жолына түсер едім. Ғылым да менің жолым еді. Журналистика мен ғылым екеуі егіз ұғым ғой. Қажекеңнің қазасы менің өмір жолымды басқа бағытқа күрт бұрып жіберді.

– Бақытты еңбектен тапқан адамсыз. Қазақстан меценаттар клубының жалпыұлттық тәуелсіз Платиналы «Тарлан» сыйлығын сізден бұрын С. Нұрмағанбетов, Д. Исабеков, Х. Наурызбаев, С. Зиманов, А. Сейдімбек, т.б. сынды ел құрметіне бөленген ер азаматтар алған. Әйел болсаңыз да еңбегіңіз ер азаматтармен қатар бағаланды. Бүгінде кезіндегі еңбегім еленбей қалды деген өкпеңіз жоқ шығар?

– Жоқ, мен өзімді еңбегім жанған адаммын деп есептеймін. Ол да Алланың шапағаты, тағдырымның маған күле қарағаны болар. 1987 жылы «Қазақстан мектебіне» редактор болып барғанымда, оны маған дейін 15 бас редактор басқарған екен. Мен 16-редактор әрі бірінші әйел редакторы болдым. Өзім осы басылымды басқарып тұрғанда оған бір өзгеріс енгізуім керек деп, педагогикалық басылымдарды зерттей бастадым. Кейін басылымның өрісін кеңейтуді қолға алдым. Кеңес Одағы тұсында Мәскеуден орыс тілінде педагогикалық жиырмадан аса журнал шығып тұрса, Қазақстанда соның бәрінің міндетін жалғыз «Қазақстан мектебі» атқарды. Мұнымен барлық пәнді қамту мүмкін емес еді. Қосымшалар ашу осыдан басталды. Алдымен кезінде жабылып қалған «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын шығардық. Бұл менің бас редактор ретіндегі бірінші жеңісім еді. Осыдан кейін «Отбасы мен балабақша», «Информатика, физика, математика», «Қазақ тарихы», «Биология, география және химия» қосымша журналдарының тұсауын кестік. Бұл журналдар – қазір өз алдына жеке

бөлініп шыққан басылымдар. 1995 жылы педагогикалық баспасөз саласындағы еңбегім жоғары бағаланып, «Құрмет» орденімен марапатталдым. Одан бұрын 1981 жылы тізбекті очерктерім үшін Журналистер одағының сыйлығын иеленгенмін. Ал 1997 жылы шетел сапарларында жазылған қолжазбаларым үшін М. Сералин атындағы сыйлықтың тұңғыш иегері болдым. Үкіметтен педагог-журналист ретінде Ы. Алтынсарин медалімен, білім беру ісінің үздігі атақтарымен марапатталдым. Осының бәрі менің еңбегімнің бағаланғаны емес пе?!

– Сізбен әңгімелескенде бойыңыздағы қиындық атаулыға мойымайтын қайсарлық, адам жанын айтқызбай түсінетін мейірімділік, өзгеге жақсылық жасауға дайын тұратын үлкен жүректілік сынды игі қасиеттерді аңғармау мүмкін емес. «Жақсының көкірегі – елге қалқан» дейді. Өзіңізді жақсы танитын жандар да сіздің жақсылығыңыз бен қамқорлығыңызды үлкен ризашылықпен айтады. Жақсы адам болу өмірлік ұстанымыңыз ба?

– Мен өзім жақсылық туралы қарапайым ғана ойлаймын. «Қолыңнан келсе, қолынан келмейтін адамға көмектес». Менің осы қағидам – өмірден көрген-түйгенімнен туындаған. Мен «Социалистік Қазақстан» газетіне жұмысқа орналасқаннан кейін тұрмысқа шықтым. Бойыма бала біткенімен оны туа алмай операцияға түстім. Жолдасым бір ананың жалғызы еді. Ол енді бала болмай ма дегендей басқаша көзқарас байқатты. Енем жарықтық та солай ойлай бастады. Оны жүрек құрғыр сезеді ғой. Содан мен «біреудің бақытын байламайын» дедім де, жолдасыма «ешбір ренішсіз ажырасайық, сен өз бақытыңды тап» дедім. Осылай екі жаққа кеттік. Ауруханаға жатарда оның үйінде бірге тұрған едік, шыққанда мені жалдамалы пәтерге алып шықты. Не ойлағанын білмеймін, мен оның бекер емес екенін түсіндім. Жолдасым екеуміз ажырасқаннан соң ендігі тірлікті өзім жасауым керек болды. Мен «менің бағым «Социалистік Қазақстан» деп бекер айтпаймын. 1973 жылы күзде газетке Сапар Байжанов Бас редактор болып келді. Ал келесі жылдың көктемінде «Социалистік Қазақстан» үшін «Ұлы көш» болды. Редакция қызметкерлерінің тар жерде қыстырылып-қымтырылып тұратынын көрген Сапар аға Орталық Комитетке мәселе қойып, аз уақыттың ішінде 6 пәтердің кілтін алды. Жаңа пәтерге ие болған қызметкерлердің

6 пәтері редакцияға қалдырылды. Сол пәтерлі болғандардың ішінде мен де бармын. Адам өмірден үйренуі керек қой. Кейін өзім редактор болғанда қызметкерлерімнің пәтер мәселесіне ерекше көңіл бөлдім. Мен редактор болған жылдары 10-нан астам қызметкерімді баспаналы еттім. Мен мұны жақсылық жасадым деп ойламаймын. Қолымдағы мүмкіндікті дұрыс пайдаландым деп есептеймін.

– Қуанышы мен қайғысы, жақсылығы мен жамандығы қатар жүретін өмірде небір қиындықтар кездеседі. Солардың бәрінен сүрінбей өтуге күш-жігерді, табандылықты, қажымас қайратты қайдан аласыз?

– Оның бәрі – менің Рахима әжемнің тәрбиесі. Мен әжемнің халықтық педагогикасының жемісімін. Менің осы рухымды да, қуатымды да жігерлендіріп, қиындықтан жол тауып шығып кетуге жол көрсететін қасиет әжемнен сіңді. Өзі сондай адам болған. Өмірден көрген-түйгені мол еді. Соғысқа кеткен үш ұлының үш жесірін, жеті баласымен бір үйде шырқын бұзбай ұстап, соларды тәрбиелей білген жан. Ол кісі қайтқаннан кейін әкемнің қолында болдым. Әкем өте еңбекқор болған. Өмір бойы тынымсыз еңбек еткен. Ұжымшар бастығы да болған, жылқышы да болған. Соғыстан қайтпаған бауырларының балаларын бауырына басып өсірген. Жетеуіне жетімдік көрсетпеген. Олардың осындай тәрбиесін, еңбекқорлығын көріп отырып, қалай рухтанбайсың, қалай қайраттанбайсың.

– Ашық-жарқын әңгімеңіз үшін рахмет!

Әңгімелескен ***Мара КЕЛЕС.***
«Қазақстан әйелдері» журналы, 2014 жыл, №10

ЖЕНЩИНЫ-ОПТИМИСТЫ

Богатый на события двадцатый век с его жестокостью, прагматизмом и бешеными темпами жизни часто разрушают ранее устоявшиеся представления и традиции. В частности, никого уже не удивляет, что в таких сферах, как государственная или исполнительная властъ, по мнению многих. считавшихся об-

ластью деятельности мужчин, все чаще работают женщины. Наряду с представителями сильного пола они берут на свои плечи нелегкое бремя ответственности, груз *проблем, решение которых нельзя откладывать в долгий ящик. Хотя наш разговор с депутатом Алматинского городского Совета народных депутатов, главным редактором журнала «Казахстан мектеби» С.А. Абишевой проходил накануне 8 Марта, тон его вряд ли можно назвать праздничным: в жизни наших женщин сейчас трудностей больше, чем достаточно, а кому лучше знать их и говорить о них, как не депутату?*

– Сайраш Абишевна, вы достигли довольно высокой ступени своей карьеры: депутат, редактор крупного журнала. А с чего все начиналось?

– По образованию я педагог, в 1965 году окончила КазПИ имени Абая. Получив диплом учителя казахского языка и литературы, полтора года проработала в школе, но очень хотела стать журналистом и мне это удалось: в журналистике я уже 21 год. Сначала сотрудничала в газете «Социалистик Казахстан» (считаю, что журналистскую школу я прошла именно там), потом была ответственным секретарем в журнале «Казахстан әйелдери», в 1981 году получила премию Союза журналистов Казахстана и последние десять лет работаю в «Казахстан мектеби», с 1987 года – его главный редактор. Наш научно-методический педагогический журнал – единствеиный многоотраслевой журнал на казахском языке, к нему выходят три приложения, два из которых – «Информатика, физика, математика» и «Уйелмен және балабакша» («Семья и детский сад») начали выпускаться в последние годы. А депутатом горсовета я стала не так давно, в 1990 году.

– Вы ставили своей задачей при избрании депутатом решение специфических женских проблем?

– Считаю, что проблемы женщин неотделимы от проблем народного образования. 90 процентов школьных учителей – женщины, а каково сейчас приходится учителям, знают все. Самый больной вопрос–зарплата. На бумаге ее повышают, но фактически повышенные суммы невозможно получить вовремя, а к моменту выдачи денег они уже обесцениваются. Например, зарплату за сентябрь в школе получают в середине октября, а в сельских школах еще

позже. Поэтому в сентябре мы даже не ведем разговоров о подписке на наш журнал, считая, что они будут звучать как насмешка.

Среди учительниц много матерей-одиночек, многодетных матерей, как депутат стараюсь помочь им, чем могу, а если помогаю учительству, помогаю женщинам вообще.

Анна РЕЗНИК.

Газета «Вечерняя Алма-Ата», 1993 год, 5 марта

Әр кезеңде баспасөзде жарияланған мақалаларымнан үзінділер

ЖАУЫРДЫ ЖАБА ТОҚЫП, НЕ ҰТАМЫЗ?

Енді мектеп ісіндегі қайта құруды дәл осы тұстан, орыс, қазақ мектептері жағдайын ашып-жарып, бөле зерттеуден бастау керек. Бұл орайда Қостанай қаласында өткен республикалық ғылыми-практикалық конференция жасқаншақтау болса да, осы бағытта жасалған алғашқы қадам болды. Соңғы уақытқа дейін мұндай салиқалы жиындарда қазақ мектебінің қағажу көріп келгені жасырын сыр емес. Алысқа бармай-ақ қояйық. Өткен 1989 жылы 3-4 қазанда Өскемен қаласында республикалық педагогикалық қоғам кеңесінің көшпелі пленумы жұмысы барысында қазақ мектебі туралы бір ауыз сөз ести алмай, қынжылып қайтқанымыз бар. Пленум күн тәртібінен осы қаладағы Жамбыл атындағы қазақ мектеп-интернатының жаңашыл ұстазы Қанипа Бітібаеваның іс-тәжірибесі көрнекті орын алатынына күмәніміз болған жоқ. Амал нешік, пленум жұмысына бұл ұстаз тіпті шақырылмапты да.

...Қостанай қаласында өткен конференцияның бірінші күні жоспарланған шараларға сәйкес біз Боровской ауданы «Каменск-Уральск» совхозының ылғи қазақтар тұратын Шиелі бөлімшесінде болдық. Бөлімшедегі 3 сыныпты шағын кешенді мектеп жағдайымен таныстық. Бұл мектепте шәкірттер 6 жастан бастап оқиды. Үш сыныпты бітіргеннен кейін 9-10 жасар бүлдіршіндердің оқуын одан әрі жалғастыру жолындағы қиямет-қайым сандалысы басталады. Жан-жақтағы совхоздардағы мектептерге тарап кетеді. Бірі – интернатта, бірі – ағайын-туыс қолында тұрып оқиды. Жауырды жаба тоқымай ашығын айтсақ, бұл қазақтың ұл-қыздарының дамуын тежеу емей немене?!

...Бөлімше тұрғындарының өз ауылдарында шағын кешенді орталау мектеп ашуға көмек сұрай, жарыса айтқан тілектерін қағаз бетіне түсіріп газетте жарық көргенінше кейінге қалдыруға шыдамай, конференция мінберінен көпшілік назарына салдық. Қостанай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н. Князевтің шиеліліктерге көмектесетіні жөнінде уәдесін де естідік.

...Орыс тілінде оқып жүрген балалар ата-аналарының ырқымен ұлттық мәдениеттен, ана тілінен алыстап, рухани жартыкеш хал кешуде. Олар қандай білімді, тәрбиелі болса да, өз ұлтына жат адамдар, оның жақсысы үшін жүрекжарды қуана алмайды, ән-күйіне тұшына алмайды, мәдениеті мен әдебиетін білмейді. Рухани кемістік деген осы да.

...КСРО Педагогика ғылымы академиясының жаңа президенті, орыс тілін шетелдіктерге оқыту әдістемесінің аса ірі маманы, академик В.Г. Костомаров Алматыға келген сапарында «Вечерняя Алматы» газетінің *(14.07.1990 ж.)* тілшісіне берген сұхбатында: *«Адамның бір-ақ ана тілі бар. Оны екінші тілден үйренуден бұрын меңгеру өте маңызды. Ана тілін жақсы білу – орыс тілін жете меңгерудің алғышарты»* деді. Бұдан ана тілінің жас ұрпақтың интеллектуалды дамуының толыққандылығының алғышарты екенін түсіну қиын емес.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 1990 жыл, 17 тамыз

АТЫ-ЖӨНДІ ҚАЗАҚШАЛАУДЫ МЕКТЕПТЕН БАСТАЙЫҚ

Ойланып көрелікші. Санамызға әбден сіңісті болған жат жұрттық «..ов-ев, ова-ева-евна, ин-ина-инч...» жұрнақтарының беріктігі сондай, көпшілігіміз, иә, көпшілігіміз, қазақ бола тұра, әр түрлі сылтау, желеуді демеу ғып, тегімізді, аты-жөнімізді «қазақ дәстүрімен қазақша жазбай-ақ жүре бермейміз бе» деген салғырт пиғыл құрығында келеміз. Сөйтіп, біреуіміз ата-баба, әке есімдеріне жабысқан орыс жұрнақтарын қимай тосылып жүрміз. Тағы біреуіміз ата-баба, әке есіміне «тегі», «әулеті» сөздерін қосарлап, ал кейбіреуіміз руымызды, өйтпесе жер атауын қосақтап, ұлттық ортақ мәселеде бір мәмілеге келе алмай, әр жаққа тартып, қожырап тұрмыз. Бұл – бүгінгі қазақ ұлты үлкендерінің – зиялы қауым өкілдерінің қазіргі қоғам шарайнасындағы ілгерілеуінің іркілісі көп, жалпы жұртқа түсініксіз, мақсат-мансұғы беймағлұм таласты тірлігінің бір көрінісі.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 1999 жыл, 7 мамыр

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША ХАЛЫҚ БАР?

Кеңестік идеологияның санамызға батпандап сіңіп қалған кесірінен кейде өз ұлтымызды өз жерімізде, өз елімізде отырып, этникалық топтар қатарына қосып, жеке мемлекет болғанымызды естен шығарып алатынымыз рас. Бұл – империялық дәуірде орыс халқын кеңестік басқа қай ұлттан болсын жоғары қоятын идеология шырмауынан шыға алмай жүргеніміздің бір көрінісі.

«Жас Алаш» газеті, 2000 жыл, 24 ақпан

ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚША ОҚЫСЫН

Заң жүзінде ана тіліміз мемлекеттік тіл болса да, өмірде адымын жаза алмай келе жатқаны ақиқат. Неге? Ана тілін ардақтауға үндейтін ұлылар не дейді? Ұлы ойшыл Гегель: «Білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады» дейді. Неміс ойшылы Хайдеггер: «Тіл – адамның үйі, баспанасы» дейді. «Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт... Ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, ол – күйініш. Ана тілін біліп тұрып, бөтенше сөйлеу – бұл сүйініш» дейді Халел Досмұхамедұлы. «Тәрбие басы – тіл» дейді Махмұт Қашқари.

* * *

Мемлекет «Тіл туралы» Заң қабылдады. Орындалып жатыр ма? Қазақ тілі – қағаз жүзінде ғана мемлекеттік тіл. Мемлекет «Ақпарат құралдары туралы» Заң қабылдады. Телевизиялық және радио хабарларының 50 пайызы қазақ тілінде жүргізілсін дейді бұл Заң. Орындалып жатыр ма? Елбасы намысқа шақырып «қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деп, ұран тастады. Қайтсек бұған жетеміз? Елбасы аты-жөнді қазақша жазуға көшу жөнінде Жарлық жариялағанына төрт жылдан асып барады. Бұл жарлық тікелей қазақ мектебіне қарата шығарылғандай. Қай қазақ мектебі қолдап әкетіп, қазақ ата-аналармен ақылдаса, кеңесе, ұл-қыздарымыздың аты-жөнін қазақы қалыпқа көшіруді қолға алды?

Ерікті ел болғанымызға 10 жылға аяқ басты. Жылма-жыл мектеп түлектері лек-легімен үлкен өмірге сол баяғы «ов, ев, ова, ева» деген орыс кепештерімен аттанып жатыр.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 2000 жыл, 23 маусым

ШАҢЫРАҚ

(Пікір алысу отауы)

– Әкелер жөнінде айтатын болсақ, өзіме бұрынғы әкелер өте беделді болған сияқты көрінеді. Өзімнің әкеме, басқа да әкелерге қарайтын болсам, олар отбасында, шын мәнінде, «отағасы» деген атқа лайық болған адамдар. Ал бұлай болуы көп жағдайда әйел адамға, яғни ерлердің зайыбына да байланысты. Тіпті отбасында өсіп жатқан балалардың да әкені сыйлап өсуі аналарға байланысты. Балалардың әкені сыйлап өсуі болашақта адам ретінде қалыптасуы үшін өте қажет. Ұл баланың әке ретінде ертең өзін ұстай білуі, қыз баланың ертең өзінің жұбайын сыйлай білуі әкені сыйлаудан басталады деп айтар едім.

«Ана тілі» газеті, 2006 жыл, №2(13)

ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ЖАҚСЫСЫ

Күләш апайдың зерделі ойшыл, адамның жан дүниесіне үңілетін, ізгілік, жақсылық сезінсе, жас баладай куанатын, сол қуанышымен елмен, жұртпен бөлісуге асығатын асыл қасиеті қаламынан туған мақала-очерктерінен айқын аңғарылып тұрады. Роза Бағланова, Ғазиза Жұбанова, Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева, Нүкетай Мышпаева, Нұржамал Оралбаева, Зайда Ақышева, Розалия Елешева, Зылиқа Тамшыбаева, Мария Аябаева, Кәмшат Дөненбаева сияқты өнерде, ғылымда, халық шаруашылығының түрлі салаларында ерен еңбектің, ерліктің таңғажайып үлгілерін көрсетіп, абырой асқарына жеткен халқымыздың аяулы қыздары

туралы Күләш апайдың қаламымен өрілген небір тамаша туындылар – қайталанбас шыншыл, шебер дүниелер.

Менің зердеме өшпестей болып жазылып қалған бір көрініс – мұның айқын дәлелі. «Совмин» емханасы дәлізінде орындықта отырған Роза апай (Бағланова) менің алдымда сәл оза келе жатқан Күләш апайға бұрылып, қадала қарап, орнынан асығыс көтерілді де, еркелей сөйлейтін әдетімен: «Айналайын, Күләш, көп рахмет, жаным. Мен туралы көп жазылды. Бірақ өзіңнің жазғаның маған ерекше ұнады» деп, ол кісі қозғала бастағаннан-ақ, сәлем беріп, тұрып қалған Күләш апайдың қолынан ұстап, ыстық құшағына алып, ерекше ризашылығын қайта-қайта айтып, «жаз, жаз, өзің сияқты жақсы адамдар көп жазуы керек» деген тілегін білдіріп, қимастық көңілмен қолын босатып, жылы қош айтты. Қас қағым сәтте осындай толғанысты кездесудің куәсі болудың өзі мен үшін үлкен ғанибетті сәт болды.

К. БЕЙСЕНБИЕВА.

«Өмір – өзен, уақыт – керуен» кітабы. –
Алматы: Қазақ университеті, 2017 жыл. – 123-126-беттер

ҰСТАЗ АҒА ҰЛАҒАТЫ

Жетпісінші жылдардың орта шенінде «Социалистік Қазақстан» газетінің арнаулы беттері жарық көре бастады. Қыз-келіншектерге, аналарға арналған апталық бетін жүргізу, ұйымдастыру жауапкершілігі маған тапсырылды. Бұл мен үшін университеттің соңғы курсында жазылатын дипломдық жұмыспен пара-пар нағыз сынақ әрі журналистік мүмкіндігімнің шыңдалу мектебі болды. Әлі есімде, «Қаламқас» арнаулы бетінің бірі халықаралық әйелдер мерекесі 8 наурызға орай шығарылды. Оның мазмұндық сапасы, көркемделуі лездемеде аталып өтіп, маған ақшалай сыйлық берілетін болды. Бұл – менің журналистік еңбек жолындағы бірінші сыйлығым еді. Сол бетте «Ер-азаматтар лебізі» айдарымен шыққан Әбділда Тәжібаевтың: «Көктегі күн – жалпыға ортақ. Ал әр отбасының, үй ішінің кішкентай күні – әйел» деген пікірі қанатты сөзге айналып кетті. Қазіргі «Егемен Қазақстанның» әйел

қауымға арналған «Сырғалымның» сырына үңілген сайын сонау жетпісінші жылдардағы «Қаламқастың» іздерін көргендей боламын.

«Өмірге өкпесі жоқ адам» кітабынан. 2000 жыл

ӘЛЕКЕҢНІҢ ГҮЛЕКЕҢІ

Мен ұстаз Күлбарам Сәдуақасқызын аяулы жары Әлекең арқылы танып білдім. Сонау 1985 жылдары Алматыға іссапарға келгенде «Мынау Күлбарамның жазғандары еді» деп мақалаларын әкеп тұратын. Қандай қамқорлық дейсің! Кейін келе Күлбарамның өзімен де жақын танысып, сырлас құрбыға айналдық.

Орыстың ұлы жазушысы Л.Н. Толстой «Жақсы мұғалім болу үшін екі-ақ нәрсе керек: біріншісі – мол білім, екіншісі – үлкен жүрек» деген екен. Гүлекеңде осының екеуі де бар. Ол үнемі ізденіс үстінде, еш уақытта тоқтап қалған емес, оның қаламынан шыққан 100-ден аса еңбектері соның айғағы. Өзінің өмірлік кредосын «Еңбек және міндет» деп түсінетін Күлбарам Сәдуақасқызының еңбектері республика деңгейіндегі қолданысқа ие. Күлбарам Сәдуақасқызы мектепте ұзақ уақыт химиядан сабақ беру арқылы жинақтаған іс-тәжірибесіне ғылымды қосып үндестіру арқылы талай белестерді бағындырды.

«Сыр ардагері» газеті, 2013 жыл, 16 қаңтар

«ХАЛҚ ТАЪЛИМИ» ЖУРНАЛИ ЖАМОАСИГА

Қадрли Узбекистон муаллимлари, хамкасблар !

Тарихи ва тақдир-толеи бир, хаёти хамқадам кечган қозоқ-узбек халқлари орасидаги дустлик дарахтининг илдизлари жуда чуқур, мустахкам. Бугунги мустақиллик байроғи хилпираган даврда бу туғишган халқларнинг ёш авлодни тарбиялаш борасидаги мақсад-муддаолари хам бир-бирига мос ва муштарак.

Узининг 80 йиллик хаётида халқ билан бирга яшаб, кексаю ёшнинг севимли нашрига айланган «Халқ таълими» илмий-методик журнали туйи муносабати билан Сизларга чин юракдан қутловлар йуллаймиз. Журнал таълим-тарбия сохаси ходимларининг билим ва тажрибаларини тарғиб этишга, илм-фан, уқитиш борасидаги янгиликларни синчиклаб урганиб, кенг ёйишда, салохиятли педагогик кадрларни тайёрлашда, умумий таълим ишини ривожлантиришда хамиша энг олдинги сафларда бориб, улкан натижаларга эришган нашр сифатида қадрли. «Халқ таълими» келажакда хам тараққиёт, таълим-тарбия сохасидаги улкан ислохотлар йулида тинмай мехнат қилиши, Узбекистонда таълим-тарбия тизими карвонбошиларидан бири булиши, янада катта ютуқларга эришуви аниқ.

Тахририят жамоасига собитқадамлик ва ижодий баркамоллик тилаймиз!

Сайраш АБИШҚИЗИ,
«Қозоғистон мектеби» журнали бош мухаррири,
«Хурмат» ордени ва Қозоғисгон журналистлари
уюшмаси Мухаммаджон Сералин номидаги
мукофоти сохибаси.
Өзбекстан. Ташкент.
«Халқ тальими» журналы, 1999 жыл, №1

ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

Бүгінде 15 жылдық мерейтойын атап отырған «Қазақ тарихы» журналының бірінші нөмірі жарық көрген 1993 жылды еске түсірсек, еріксіз кешегі кеңестік саясаттың ауыр зардаптары еске түседі. Қазақ тарихы түгіл, Қазақстан тарихы жеке пән ретінде 1991 жылға дейін сабақ кестесінде болған жоқ. Сол себепті пышақтың қырындай Е. Бекмахановтың оқулығы да дұрыс пайдаланылмады. Мектепке арналған бір ғана осы оқулықтың ондаған жылдар бойы өртке сепкен тамшыдай қолданыста болып келгені белгілі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, «Қазақстан тарихы» жеке пән ретінде кіргізілді, оқулықтары шыға бастады. Бірақ мұғалімдерге арналған қосымша оқу құралдары жоқтың қасы еді. Осы кезеңде «Қазақстан мектебі» журналының қосымшасы ретінде қазақ тарихына арналған журнал шығару мәселесі көтерілді. Бұл ұсыныс жоғары мекемелерден қолдау тапты. Пікірталас туғызған мәселе – журналдың қалай аталуы болды. Біз «Қазақ тарихы» деп атауды ұсындық. Бұл 90-жылдардың бас кезі, көп адам әлі де қазақ деген сөзді ашық қолданудан қорқатын кезең еді. Сол себепті бірқатар шенеуніктер, ғалымдардың өзі «Қазақстан тарихы» деп атауды ұсынды. Қазақ халқының тарихын түп-тамырынан тарта жазу үшін 1917 жылдан бергі мерзімді қамтитын Қазақстан деген сөз шектеу болатынын айттық. Ақырында «Қазақ тарихы» деген атау көпшілік қолдауымен бекітіліп, 1993 жылы жаңа журнал дүниеге келді.

Осы уақыт ішінде бұл журнал тәуелсіздік шежіресін ғана емес, ата қазақтың арғы тарихынан бері қарай қозғап, талай ақтаңдақтың бетін ашуға үлес қосып, ұстаздар мен тарихшы ғалымдардың, ізденушілердің сенімді серігі болып келе жатыр. Алда да өркендей беруіне, ұлт тарихымен бірге дамып, өз тарихының да жарқын беттерін жаза беруіне тілектестік білдіремін.



ЖАҢА ЖУРНАЛҒА – ЖАРҚЫН ЖОЛ

Семей қаласының тарихы басталған үш ғасыр ішінде оның басынан кешкендерінің Отан тарихындағы орны айрықша маңызды. Мыңжылдықтармен тілдескен көне Семей жүрек тебірентіп, адамдарды өзіне тартып тұрады. Еуразия орталығында ұшы-қиырсыз дала төсінде орныққан осы қаладан әлем биігіне Абай, Шәкәрім, Мұхтар самғады. Еуропаның бас қаласы – Парижді Әміре әні тербетті. Алаш арыстарының алтын бесігіндей аяулы да асқақ Семейдің дәмін татқан ұлы тұлғалар қаншама... Төңкеріс пен дүрбелең жылдардағы майдан алаңы да, аранын ашқан атом қаруының сынақ алаңы да Семей болғалы тарих беттерінде қалды. Бүгінгі Семей – тәуелсіз еліміздегі іргелі білім-ғылым, мәдениет ордасы.

Тарихы да, тағылымы да мол Семей мемлекеттік педагогикалық институты – осы аймақтың ғана емес, республикамыздың ірі ғылыми, мәдени орталықтарының бірі. Бұл оқу орны өркениет жолында әлемдік кеңістікте жарқыраған үлкен шоғыр жұлдыздардың сапынан көрініп, айналасына нұрын төге түсуде. Шұғылалы нұрдың жаңа арнасы – «Еуразия орталығы – Центр Евразий» журналы. Жаңа журналдың қадамы құтты, мазмұны мықты болсын, құрметті әріптестер! Семей өркениеті дүниеге әкелген жаңа басылым тарих, философия, саясаттану, педагогика, тағы басқа ғылым салаларының сыр-сипатын тереңнен суыртпақтай тартып, күй тұнған, ән қалықтаған, тамаша тағдырлар тоғысқан, көне тарих көші керуендерінің іздері мәңгілік сақталған Ұлы даламыз – Еуразияның барлық игілік пен жетістіктер орталығы бола беруіне жаңа журнал үлкен үлес қосуына тілектеспіз.

ШЫҒАР ШЫҢЫ БИІК БОЛСЫН!

«Қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі – Абай» (М. Әуезов) болса, ұзақ уақыт бойы заманның қара бұлты басын тұмшалап, көрсетпей келген тағы бір асқар шың, Абайдың ақындық мектебінің басты тұлғасы – Шәкәрім. Оның ардақты есімі халқына қайта оралғалы біраз уақыт өтіп, көптеген игі істер атқарылғанымен,

Шәкәрім шыңы әлі де жұмбағы мол, оқылып, танылып бітпеген бір биік. Енді, міне, жаңадан ашылған «Шәкәрім» журналы ұлы ақын есімін ту ете отырып, сол олқылықтардың орнын толтырады, халықтың өркениет көшіне бар асылын жоғалтпай, өткеннен сабақ, ұлылардан өнеге ала отырып ілесуіне жол ашады деп үміт етеміз.

Өткен ғасырдың басында М. Әуезов, Ж. Аймауытұлы бастап ашқан «Абай» журналының қатарында «Шәкәрім» журналы да халық игілігіне айналуы көңілге қуаныш ұялатады. Осы жерде Шәкәрім Құдайбердіұлының 1925 жылы «Таң» журналына әнмен арнаған байғазысы еске түседі.

Ойлы, шешен, қаламды таланттылар,
Жан беріп көркейту –
Сіздерге аманат, –

деген екен ақын сонда.

«Шәкәрім» журналын да бүгінгі ұрпақ ұлы ақынның аманатындай көріп, әрдайым құрметпен қарауына, ниеттес жанашыры көп болуына тілектеспіз.

ДӘСТҮРЛІ БАСЫЛЫМҒА АЙНАЛСЫН!

Дәстүр дегеніміз – ауқымы кең ұғым. Ел бар, ұлт бар жерде тарих бар, тарих бар жерде дәстүр бар. Ғасырлар сүзгісінен өтіп, сұрыпталып, саф алтындай сомдалып шыққан дәстүрдің ғұмыры ұзақ. Ол халық өмірімен біте қайнасып, тіршілік ету философиясына айналатыны белгілі. Дүниеге көзқарасын мақал-мәтелмен түйіндеп тастап отыратын қазақ халқы «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп бекер айтпаса керек. Ұлы Абай айтқандай, «дүние есігін өлеңмен ашып, өлеңмен жапқан» халықтың қуанышы да, қайғысы да ұлттық дәстүрлермен қатар өріліп жатады. Тағам әзірлеу, той өткізу, шілдехана, сүндет той, құдалық, ең соңында о дүниеге шығарып салуға дейінгі әдет-ғұрыптардан қазақтың қанына сіңген қайырымдылық, қонақжайлылық, қайсарлық, төзімділік

сияқты қасиеттер анық байқалады. Қазақтың дүниетанымын, ұлттық пәлсафасын іздеген адам дәстүрге үңілгені дұрыс. Тіліміз бен дінімізді қорғағандай, дәстүрімізге де берік болу ұлтты мәңгі сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Жаңадан ашылып отырған «Дәстүр» журналы – ұлтқа қызмет ететін, оның жоғын жоқтайтын, олқылықтың орнын толтыратын басылым болсын деп тілек білдіремін. Халық сүйіп оқитын дәстүрлі журналға айналсын.

Үшінші бөлім

Жақсы сөз жан семіртеді

Халық мәтелі



Журналистік еңбек белестерімде өзімнен үлкен-кіші көп адаммен қызметтес болып, адал дос, жанашыр, жақын туған-туыстардың ортасында жүргендей ыстық ықыласқа кенелдім. Күні бүгінге дейін олардың аппақ пейіл, таза көңіл тілегінен жан дүнием жасарып, жоғым толып тұрады. Өмірдің ащысы мен тұщысын бірлесіп бастан өткізген, не түрлі қуанышы мен ренішін бірге көтеріскен қызметтес әріптестерімнің орны мен үшін ерекше құрметті. Университеттік оқу мен еңбек мектебім болған «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясында ұстаздық тәлім-тәрбие берген Сапаржан Қайдаров, Мағауия Машақов, Мыңбай Ілес, Ақселеу Сейдімбек, Тоқтарбек Қызықбаев, Совет Шиманбаев, «Қазақстан әйелдері» журналында табысқан Рза Қунақова (иман байлығын берсін) сияқты қаламгер әріптестерімді, жұмыс іздеп жүдеп жүргенімде қаламымның қарымын білмесе де, біліміме сеніп 1971 жылы қызмет ұсынған, 1983 жылы «Қазақстан мектебі» журналы бас редакторының орынбасары – «Бастауыш мектеп» қосымшасының редакторы (сонау 1971 жылы өзі шақырған) қызметіне қуана қабылдаған бас редакторым Мұқаш Сәрсекеев, журналистік шығармашылық жолымды ашқан бас редакторларым Ұзақ Бағаев, Сапар Байжанов, Әтина Жәкетованы (иман байлығын берсін) еш уақытта ұмытпаймын, ұлағаттарына бас иемін.

Иә, қаламгер тұстастарымның қисыны туған сәтте маған арнаған жылы сөздерін оқыған сайын риясыз қуаныш құшағына кіріп, марқайып отырамын.

ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІҢ ҮНІ

«Отан – оттан да ыстық» дейді халқымыз. Егер сол Отан бөтенге бодан болса, оның оты перзентінің өзегін өртейді, ешкімге тәуелсіз болса, мақтаныш алауын маздатады. XX ғасырдың соңғы он жылында тәуелсіз мемлекет ретінде әлемге танылған Қазақстанның әрбір отансүйгіш азаматының кеудесіне осындай сенімнің өшпес оты тұтанған. Ғасыр басында ұлтын сүйген қайраткерлер азаттықтың ақ жолын іздеп шарқ ұрса, ғасыр соңындағы ұрпақ қолы жеткен азаттықты баянды ету үшін тер төгуде. Күрес әлі біткен жоқ. Қолыңыздағы кітаптың әр парағынан ескен азаматтық үн, күрескерлік рух осы ойға жетелейді. Отанның тағдыры – тәуелсіздікте, тәуелсіздіктің тағдыры білімде екеніне көз жеткізе түседі.

Қазақтың қайраткер қыздарының бірі, тәжірибелі педагог әрі қарымды қаламгер Сайраш Әбішқызының бұл кітабы тәуелсіз Қазақстанның он жыл ішіндегі тыныс-тіршілігін әр қырынан қамтиды. Мақалалардың шынайылығы мен жүрекке жақындығы сонда, автор тек сырттан бақылап ой толғаушы емес, күреске толы өмірдің бел ортасында жүріп өзі куә болған ізгілік пен игілікті, кедергі мен келеңсіздікті жеріне жеткізе жазады, бет-жүзіне қарамай батыл айтады.

Кітаптың беташар тарауы «Ойтұмар» деп аталған. Оған енген алғашқы мақала тіл туралы. Осында бір символдық мән бар. Адамның немесе сол адамдардан құралатын халықтың бүкіл ішкі рухын, мәдениетін, ниет-тілегін сыртқы ортаға жеткізетін құралы да, өмірінің мәні де, сәні де – тіл. Сондықтан болар, әр адам өзінің туған халқына деген махаббатын ана тіліне деген махаббаттан бастайды, халқы үшін күресті ана тілі үшін күрестен бастайды. Осы күреске әлдеқашан белсенді жауынгер болып кіріп, сардар деген атқа лайық қайрат көрсетіп жүрген Сайраш Әбішқызы еңбектерінің де негізгі өзегі, ойтұмары, лейтмотиві – тіл үшін күрес. Оның

ар жағында бүкіл оқу-тәрбие, тарих, мәдениет, ұлт тағдыры жатқаны өз-өзінен түсінікті.

«Тілі зордың – елі зор» дейді автор. Сөз байлығы мен мәдениеті тұрғысынан алғанда тіліміз зор-ақ. Бірақ өз үйінде өгейсіп, кіріптарлық күй кешкені – зор бола тұрып қор болғаны ғой. Тілдің осындай әлеуметтік теңсіздігін, педагогикалық ілімге қайшы істердің зардабын қаламгер терең танып, оның «қара орманға өрт қойғандай» қауіпті астарын нақты мысалмен көрсетеді, тығырықтан шығар жол нұсқайды.

Орыс тілінде жарияланған «Мост дружбы» мақаласында бір кездері жалаулатқан кеңестік «достық» деген ұранның шын мәнінде теңсіздікке құрылғанын айғақтайды. «Не понимая языка рядом живущего народа, можно остаться всю жизнь ему чужим» деген түйін жасап, ондай достықтың біржақты болатынын айтады. «А справедливо ли это?» Міне, тілді сыйламаушылардың бәріне қойылған, солардың тілінде қойылған өткір сұрақ.

«Халық» деген ұғымды автор бөлінбейтін біртұтас түсінік ретінде, мемлекеттің алтын діңгегі деп қарап, оған жік салушылықты әшкерелейді («Қазақстанда қанша халық бар?»). Саяси тәуелсіздікті берік сақтау үшін рухани тәуелсіздікке жету керек, рухани жалтақ бағыныштылықтан құтылу керек екенін айтып, фамилияны қазақша жазудың дәстүрлі жүйесін ұсынады («Аты-жөнді қазақшалауды мектептен бастайық»). Білім өз алдына бір әлем, білімнің құны кетті деу күн шықпайды, ай тумайды дегенмен бірдей деп ой қорытады («Әліппеден басталған әлем»). Педагогикалық кәсіби басылымның ерекшелігін, мақсат-міндетін тап басып көрсетеді («Абыройлы асқар асу»).

Шетелге саяхат жазбалары («Бавария сабақтары») жай тамсану, тамашалау емес, сол елдің білім жүйесін зерделеу, салыстыру, озық үрдісін ортаға салу мақсатын көздейді. Бұл тұрғыдан алғанда жолжазба топтамасы өз алдына ғылыми зерттеуге бергісіз дер едік. Сондай-ақ кітапқа баспасөз шежіресі, ұстаз ұлағаты, бауырластық тағылымдары туралы қызықты мақалалар енген.

Қалам қуатымен ұстаздық ұлағатын бір арнаға тоғыстырған педагог-журналист ретінде автор, әсіресе, қазақ мектебі мен қазақ тілінің қағажу көруіне, жымысқы саясат пен көзбояушылыққа ымырасыз күрес ашып, дер кезінде дабыл қаға білген.

Сонау кеңестік қоғамның қаһары қайтпаған кездің өзінде рухани жұтаңдықты ұлт болашағына жабысқан індет деп танып, «Қазақ ұлтының болашағына қауіп төнді, XX ғасырдың соңғы он жылы ішінде қазақ жастарын рухани дамудың жаңа көкжиегіне алып шығудың жолдарын айқындап, жедел қолға алатын қазір дер шақ» деп жазды («Жауырды жаба тоқып, не ұтамыз?»).

Қазақ педагогикасы қазақ мектебі үшін жұмыс істесін, қазақтың баласы мектепте қазақша оқысын. Қазақ үшін ең ауыр да абыройлы жол – білім жолы... Міне, ұлтым деп соққан үлкен жүректің үні осындай. Бойыңызға көсемсөзден күш бітсін, жігер оты тұтансын, ойлы оқырман!

Ақселеу СЕЙДІМБЕК,
жазушы, филология ғылымының докторы, профессор.
«Оттай ыстық он жыл».
– Алматы: Атамұра, 2001. – 3-4-беттер

«ОТТАЙ ЫСТЫҚ ОН ЖЫЛ» ТӘЛІМІ

Қайраткерлігін жазудың азабы мен қуанышы қатар жүретін күрделі жолымен үндестіріп жүрген санаулы қазақ қыздарының бірі – Сайраш Әбішқызы. Ізденісімен, еңбегімен бүгінгі ұлттық қоғамымыздың іргетасын белсенділікпен қаласып және соның лайықты жемісін де татып келеді. Бұл арада ұлттық деген теңеу тегіннен тілге оралмаса керек. Сайрашқа қатысты әңгіме қозғағанда, ең алдымен оның өз ұлтына деген адалдығы, елім, жұртым, тілім деп соққан жүрек лүпілі көңілімізге жақын.

«Атамұра» баспасынан жақында жарық көрген «Оттай ыстық он жыл» кітабы да, міне, жоғарыда айтқан саналы ізденістің заңды жалғасы. «Ойтұмар», «Азаттықтың ақ жолында», «Баспасөз – шежіре», «Ұлт бесігі – қазақ мектебі», «Шартарап», «Жадыңда жүрер жаңғырып» атты тарауларға бөлініп берілген мақалалары бір-бірімен логикалық шымырлықпен байланысып, мемлекетіміздің алдында тұрған білім беруге, тілге, жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты маңызды мәселелері нақтылы айқындалған. Және бұлар жалаң баяндау емес, себеп-салдарына терең үңіліп, жан-жақты

зерттелінген, талданған мәселелер. Арзандыққа ұрындырар жалаң ақылгөйсу мұнда жоқ. Бұдан он екі жыл бұрын айтқан «Кез келген халықтың тамыры ортақ үш бірлігі: ел мен жер және тіл тағдырына немқұрайды қарау – қиянаттың ең ауыры» деген пікірінің бүгін де, ертең де мәнін жоймайтынын қалай ғана мойындамассың. Автордың осындай терең тұжырымдары кітаптың негізгі өзегін құрайды. Назар салыңызшы: «...елдігімізді сақтап, тәуелсіздігімізді қолдан бермейік десек, отансүйгіштік сенімнің қазақстандық әр азаматтың жүрегіне терең ұялауы үшін баршамыз болып күресейік», «...қазақтық рух пен мемлекеттік қажеттілікті күшейтуге қам-қарекет жасамаған жағдайда ана тіліміздің көсегесі көгермейді», «...қазақ балалары тұтастай ана сүтімен бойына сіңген қазақ тілінде білім алуға бет бұрған кезде ақыл-ойы дамуы жағынан артта қалған балаларға арналған мектептердегі қара домалақ шәкірттердің саны күрт кемитініне күмән жоқ». Құнды пікірлердің астарынан батыл авторлық позицияны айқын аңғарамыз. Кітабына өзек еткен қай мәселе де өміршеңдігімен көкейге қона кетеді. Он жыл аралығында жинақталған ой көкжиегінен Сайраш Әбішқызының журналистік алғырлығы, қайраткерлік белсенділігі, азаматтық отансүйгіш қасиеті дараланып тұр. Кітаптың тілі жатық, анық та қанық. Айтайын дегенін нақты жеткізіп, кей тұста сөз саптасы нақылға ұласып отырады. «Тілі зордың – елі зор», «Әліппеден басталған әлем», «Әйел ұлтты тәрбиелейді» тақырыптарын былай қойғанда, «ана тілі негізі бастауышта қаланады», «халық» сөзі – мемлекеттік құрылымның алтын діңгегі, ұлттық дәстүр, тағылым-ұланымен жасампаз», «рух дегеніміз ұлттық сана мен сезімге тікелей байланысты», «тіл – біздің мемлекетіміздің, ұлттық өркендеуіміздің тірегі», «өзге халықтың тілімен өз дегеніңе жете алмайсың» тәрізді үлгі-ұлағатқа тұнған тіркестер... Тілінің шұрайлылығы журналист ой-өрісінің кең, ұлттық рухани байлықтан емін-еркін сусындай қалыптасқанын дәлелдейді.

Қай тарауын алсақ та, көкейтесті мәселелерге тұнып тұр. Жасөспірімдерге білім берудің қазіргі кезеңдегі шешілмей жатқан түйткілдері, ана тілі қанатының құлашын кең жая алмау себептері автордың жан шырылына айналған. Оның жаны ғана шырылдап қоймайды, тығырықтан шығудың амалын қарастырады, бағыт-бағдарын ұсынады. «Жауырды жаба тоқып,

не ұтамыз?», «Аты-жөнді қазақшалауды мектептен бастайық», «Қазақтың баласы мектепте қазақша оқысын» деп жар салады. «Бавария сабақтары» жолжазбасы автордың елгезек те сезімтал, көрген-білгенін електен өткізе түйіндейтінін байқатады. Оқырман мол мағлұмат алады, оқыста бай деректерге кенеледі, өзгемен өзін салыстырарлықтай мүмкіндік иемденеді. «Ұстаз аға ұлағаты» естелігінде қазақтың белгілі қаламгері Байжан ата Сапар ағасынан көрген тәлімі, өнегесі, алғыс сезімі асқан жылылықпен жеткізілген. Естеліктің өн бойынан шуақ еседі, жеңіл оқылады. Қай тақырыпта да автор «суда жүзген балықтай». Өз ұлтының перзенті, ана тілінің қамқоршысы, жас ұрпаққа жаны ашитын ұстаз, қаламы жүрдек журналист, талғамы биік зерттеуші екендігі автор қолтаңбасының қадірін арттырып, іскерлігінен хабар береді. Сайраш Әбішқызының ғылыми-тәжірибелік ізденістері мен пікірлерін жинақтап, халқының асқақ тұлғасын байытуға, биіктетуге талпынысы кім-кімді селқос қалдырмайды. Кітапқа алғы сөз жазған жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Ақселеу Сейдімбек «...ұлтым деп соққан үлкен жүректің үні осындай. Бойыңызға көсемсөзден күш бітсін, жігер оты тұтансын, ойлы оқырман» дейді. Қазақстан тәуелсіздігінің «оттай ыстық он жылының» рухани сұранысына, өз мүмкіндігінің деңгейінде жауап беруге тырысқан Сайраш Әбішқызының жаңа кітабының жолы ұзақ болсын! Туған ұлтымызды селт еткізер сұңғыла ойлар жаңғырығы жалғаса берсін!

Мағира ҚОЖАХМЕТОВА.
«Алматы ақшамы» газеті, 2001 жыл, 13 қаңтар

ҚАЛАМГЕРДІҢ ЖАНЫН БАУРАҒАН ЖЫЛДАР

Белгілі журналист Сайраш Әбішқызы өз кітабын «Оттай ыстық он жыл» деп атапты. Бұл – еліміздің тәуелсіздікке қолы жеткелі бергі он жыл. Сондықтан да ол айрықша. Әйтпесе журналистің қалам тартқанына отыз жылдай болған. Соңғы он жылдан бұрынғы жазғандары да кітап етіп шығаруға жетерлік. Бірақ автор тәуелсіздікке қол жеткен, сол тәуелсіздікті баянды ету жолындағы

күреспен өткен жылдарда жазғандарының басын құрап, кітап етіп шығаруды жөн көріпті.

Сайраштың жазғандарын кезінде оқып та жүрдік. Оған бір жағы өзінің журналистік жолын «Социалистік Қазақстаннан» бастағаны да себепші. Бірге қызмет еткен қаламгердің қадамдарына назар аудармай тұра алмайсың. Сондағы жазғандары өзінше бір ізденісімен, тақырыптарының айрықша өткірлігімен ерекшеленетін. Әйелдердің қоғамдағы орны жайлы толғаныстары оқырмандарға үлкен ой салғаны белгілі.

Ал тәуелсіздікке қол жеткен алғашқы жылдарда журналистің қаламы бұрынғыдан да өткірленіп, қоғамдық мәнді тақырыптарға көбірек ойысатын болды. Әсіресе, бұл кезде Сайраш Әбішқызы негізгі екі тақырыпқа – қазақ тілін өркендету және қазақ мектебін дамыту мәселелерін өнімді жазды. Жазып қана қоймай, сол мәселелерді шешуге де өзі белсене араласқаны бар. «Қазақ тілі» қоғамының Алматы қалалық ұйымының төрайымы бола жүріп, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы ретінде қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, қазақ мектептерін, қазақ балабақшаларын ашу ісіне үлкен үлес қосты. Кітаптағы «Тілі зордың – елі зор», «Қазақстанда қанша халық бар», «Әліппеден басталған әлем», «Қазақтың баласы мектепте қазақша оқысын» сияқты мақалаларда журналистің ғана емес, үлкен өмірдің бел ортасында жүрген қайраткердің де үні естіледі.

Еліміздің тәуелсіздігі туралы көп айтамыз. Айтып қана қоймай, соған үлес қосу кімге де болса парыз. Сол парызын әркім әр түрлі өтейді. Сайраш Әбішқызының «Оттай ыстық он жылын» оқып шыққанда, қаламгердің үнін де естисің, елінің болашағы үшін білек сыбанып күресіп жүрген азаматтық іс-әрекетін де көресің.

М. ЖАҚЫП.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2001 жыл, 17 ақпан

«АДАМЗАТТЫҢ ҰРПАҒЫ ЖОҒАЛМАСЫН!»

Ғасырлар бойы қасірет құрсауында тұншығып келген көрі тарих «Аврора» залынан дүр сілкініп, адамзат шежіресінің Ұлы Ок-

тябрьден бастау алатын жаңа бетін ашқаны – әлем мойындаған аксиомалық ақиқат. Әділетсіз, озбыр дүниенің түнегін түре қуған Октябрьдің қуатты сәулесі төрткүл әлемге шапағаттай шашылды. Бұл – есесі кеткен еріксіздерге ерік әкелген, теңдік, азаттық, әділет тартулаған жаңа таңның шапағы еді.

Қазақ совет әдебиеті, оның ішінде бірінші кезекте ұшқыр жанр – поэзия, еліміздегі осындай ұлы өзгерістерді шабыттана жырға қосты, интернационалистік және патриоттық рухы қуатты тың шығармалар тудырды. Бейбітшілік, Отан қорғау және халықтар бауырластығы тақырыбы қазақ совет поэзиясының іргетасын қалаған алыптар тобы мен қазіргі әдебиетіміздің талантты өкілдерінің арасын жалғастырып тұрған алтын көпір іспеттес.

«Мектеп» баспасынан жуырда ғана жарық көріп, оқырманға апарар сапар сүрлеуіне енді ғана қадам басқан Сайраш Әбішеваның *«Жыр арқауы – бейбітшілік»* атты кітабы, атынан аңғарылып тұрғандай, поэзиямыздағы бейбітшілік тақырыбының көрініс табу процесін зерттеуге арналыпты. Әлбетте, бұл тақырып бұрынсоңды ғылыми-зерттеу объектісіне айналмаған, тусырап жатқан тың алқап еді дей алмаспыз. Әйтсе де бейбітшілік, халықтар достығы сияқты қастерлі ұғымдарды әдебиет пәнінің мұғаліміне, мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындары студенттеріне, жалпы әдебиет сүйер қауымға, солардың талап-тілегіне лайықтай баяндайтын, программалық материалдың шеңберін кеңейте түсетін кітапқа зәру болып келгенімізді де мойындау керек сияқты. Біздіңше, кітаптың басты құндылығы мен бағасы осы олқылықтың орнын толтырғандығында. Айтқанымызды айғақтау үшін еңбектің мазмұны мен құрылымына, тексеру объектісіне тереңдей үңілу қажет деген байламға тоқтадық.

Көлемі бес баспа табақтан сәл ғана асып жығылатын шағын кітапта қазақ совет поэзиясының аталған тақырыпқа жазылған кезеңдік шығармаларының көркемдік және идеялық сипатын саралау мақсаты қойылған. Автордың өзі айтпақшы, *«Жыл өткен сайын алыстап тарихқа айналған дәуірдің тағылымы мол көркем шежіресі іспетті 20-30 жылдардағы қазақ совет поэзиясында бейбітшілік тақырыбының жырлануына шолу жасай отырып, бұл еңбекте сол жылдардың кезеңді туындылары болған бірқатар өлең, жыр, толғау, поэмалары төңірегінде сөз қозғалады»*

(4-бет). Әдебиетіміздің 20-30-жылдардан кейінгі тарихының үлесіне тиетін бейбітшілік тақырыбындағы поэзиялық шығармаларды арнайы, кең ауқымда сөз етуге кітап көлемі толық мүмкіндік бермеген. Дей тұрсақ та, автор осы бір 40-50 жылдық кезеңнің шоқтығы биік туындыларына оқырман назарын аудара алған.

Кітап «Социализм мен бейбітшілік – егіз ұғым», «Қазақ совет поэзиясының туу және қалыптасу дәуіріндегі бейбітшілік тақырыбы», «Бейбітшілік тақырыбы – соғысқа дейінгі бесжылдықтар поэзиясында», «Отан азаттығы – ел тілегі», «Бейбітшілік – болашақ кепілі» атты салмақты сауалдар шоғырын саралайтын бес тараудан тұрады. Кітаптың методикалық бағыттылығынан хабар беріп, оқу құралдық сипатын айқын аңғартып тұрған жайттың бірі, біздіңше, зерттеу тақырыбына қатысы бар теориялық еңбектер мен жыр кітаптарын қамтитын библиографиялық көрсеткіш. Мұның өзі мұғалімге яки қазақ әдебиеті үйірмесі мен факультативтік сабақта баяндама жасауға көмегін тигізіп, ізденіс бағытын айқындауға жәрдемдеседі.

Кітаптың алғы сөзінде поэзиямыздың өміршеңдік рухын қалтқысыз танытар қасиеттеріне айтқанынан айтпағы мол мөлтек сипаттама берілген. Еңбектің негізгі тарауларындағы ойлардың тоқайласар түйіні, біздің ойымызша, автордың: *«Бейбітшілік тақырыбы – қоғамдық дамудың социалистік дәуірінің мақсат-мұддесіне сәйкес демократиялық көзқарастың әдебиеттегі нақтыланған көзқарасы»* деген теориялық топшылауында жатыр. Әдебиеттегі гуманизм идеяларының айрықша бағалы ролін аңғартуды мақсат тұтқан автор А. Радищев, А. Пушкин, Л. Толстой, Н. Чернышевский, Н. Добролюбов, В. Белинский шығармаларындағы азаматтық әуенге оқырман назарын аудара отырып, осы ізгі идеялардың кейіннен М. Горький мен В. Маяковский творчествосында қуатты қарқынмен жаңғыра бой көрсеткенін әңгімелейді. Орыстың классикалық әдебиеті өкілдерінің публицистикалық қуаты шиыршық атқан туындыларының жас қазақ совет әдебиетінің қаламгерлері үшін де тағылымдық роль атқарғанын автор шебер аңғартады.

Әдебиетіміздегі алыптар шоғырына енетін С. Сейфуллин мен І. Жансүгіровтің Отан қорғау, интернационализм, халықаралық ахуал, т.б. турасында жазылған туындыларын С. Әбішеваның ай-

рықша ден қоя зерттегені аңғарылады. Сәкеннің әйгілі «Советстан», «Жас қазақ марсельезасы», «Чжан Цзо-лин», «Алтай», Ілиястың «Гималай», «Саяхат қошқарлары», «Қосаяқ», «Октябрь елесі», т.б. тұлғалы туындыларын ойына арқау еткен автор олардың идеялық-көркемдік, эстетикалық сырларын соны тұрғыдан ашуға талаптанған. Сөз орайы келгенде айта кету қажет – орта және жоғары мектеп оқулықтарына ертеден еніп, хрестоматиялық сипатқа ие болып үлгерген белгілі туындылардың зерттеушілер назарына іліге қоймаған қасиеттерін аша білу кімнен де болса шығарма табиғатын нәзік те терең түсінуді талап етері хақ. Осы тұрғыдан қарағанда, еңбек авторының өлең-жырларға өзіндік көзқараспен келгенін, онысы көбінесе сәтті шығып отырғанын баса айтуға тиіспіз. Бұл әсіресе Ілиястың «Қосаяқ» өлеңіне берілген талдаудан айқын аңғарылады.

Зерттеуші 20-30-жылдар поэзиясын кең аяда қарастырып, А. Тоқмағамбетов, Ө. Тұрманжанов, Қ. Әбдіқадыров, Ә. Тәжібаев, т.б. ақындар творчествосындағы Отан қорғау, интернационализм, халық азаттығы тақырыптарына байыпты талдау жасаған. Бұл орайда Испания тақырыбына арналған поэзиялық шығармалардың орны ерекше. Зерттеуші Қ. Аманжоловтың «Сүйемін мен испанканы», А. Тоқмағамбетовтің «Испания», Ә. Тәжібаевтың «Аида», «Батыр шал», «Ормандағы бала», Д. Әбілевтің «Ремидиос», Т. Жароковтың «Долорес» сияқты өлеңдері мен дастандарының ішкі мән-мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін сарабдал сыншыға тән зерделілікпен саралаған. Ерекше ескертер бір жайт – еңбек авторы қазақ поэзиясындағы аталмыш тақырыптардың жырлануы мәселесін одақ әдебиетінің дамуы аясында қарастырады. Н. Тихонов, П. Тычина, М. Бажан, Я. Купала, П. Бровка, Г. Абашидзе, С. Вургун, М. Тұрсын Заде сияқты ақиық ақындардың отқа оранған жырларымен А. Фадеев, И. Эренбург, А. Толстой, В. Вишневский сынды заңғар жазушылардың бейбітшілік тақырыбын арқау еткен публицистикалық туындылары турасындағы толғаныстар зерттеуге ерекше әр беріп тұрғанын баса айту парыз. 30-жылдардың ортасында фашизмге қарсы күреске төрткүл әлемнің таңдаулы қалам қайраткерлері түгел араласты. Р. Роллан, А. Барбюс, Э. Вайнерт, Р. Фокс, К. Спрингг, Э. Хемингуэй, т.б. азамат қаламгерлердің асқақ үнді шығармалары кітапта орынды сөз етіледі.

Бейбітшілік және ел қорғау тақырыбына жазба әдебиет өкілдерімен бірге халық ауыз әдебиетінің Жамбыл, Нұрпейіс, Кенен тәрізді саңлақтарының да көптеген шығармаларын арнағаны мәлім. Оқырман қауым «Жыр арқауы – бейбітшілік» атты кітаптан бұл туралы да бірқатар бағалы мәліметтер ала алады. Зерттеуде поэзиялық шығармалардағы дәстүр мен жаңашылдықтың көрініс табуы мәселесі теориялық тұжырымдар арқылы сәтті шешілген. Мұның айқын мысалы ретінде С. Мұқановтың «Сөз – Советтік Армия» «Поэзия маршалы», А. Тоқмағамбетовтің «Біздің салтымыз сол», Ә. Тәжібаевтың «Ақын дауысы» атты жырлары хақындағы қисынды топшылауларды атауға болады. Кітаптың «Бейбітшілік – болашақ кепілі» атты соңғы тарауында қазіргі поэзиямыздағы азаматтық әуен мен публицистикалық сарынға азды-көпті шолу берілген.

Еңбек авторы Ә. Тәжібаев, С. Сейітов, Қ. Бекхожин, М. Әлімбаев, Ә. Сәрсенбаев, Х. Ерғалиев, т.б. ақындардың творчествосына өзек болған желілі арқауды талдай отырып, бүгінгі жырдың азаматтық белсенділігі үдей даму үстінде екенінен хабар береді. Тоқаш пен Қадырдың, Мұқағали мен Төлегеннің, Жұмекен мен Тұманбайдың, шоқтай қызу, наркескендей өткір жырларына арқа сүйеген автор замандас поэзиямыздың бірқыдыру қадір-қасиетін қапысыз дәл танытады. Арқалы ақын Мұқағали қаламынан туған:

Талай нөсер төгілер, болар жасын,
Алапат күн әйтеуір жол алмасын.
Мына нұрлы өмірге тірек болған,
Адамзаттың ұрпағы жоғалмасын, –

деген жалынды шумақтары зерттеушінің бүкіл мақсат-мүддесімен астасып жатқандай. Тұлғасы тұтас, айтары айқын еңбекте азды-көпті әттегенайлар да ұшырасып қалады. Бұлардың бір парасы қазіргі әдебиет зерттеушілеріне жариялылық пен демократияландыру дәуірі беріп отырған мүмкіндіктерді еңбек авторының сарқа пайдаланбағанымен ұштасып жатыр. Біздің айтпағымыз, 20-30-жылдардың поэзиясына баға беруді мақсат тұтқан әр әдебиетші сол дәуірдің ащы шындығын да айқара ашып көрсетуі тиіс. Сонымен бірге, кітап стиліне тән публицистикалық сөз сап-

таулар мен журналистік орамдардың кей жағдайда зерттеу байсалдылығына азды-кемді нұқсанын тигізгені де байқалады. Автор ассонанс пен аллитерацияның ағынына ырқын алдырып қойған тұстарда «қайраулы қанжар» «қалаулы қанжарға *(20-бет)*, «декларация» «декламацияға» *(70-бет)*, т.б. айналып кетуі ғажап емес. Драматургия жанрын сөз еткенде, Әйгерімнің киіз үйінде қойылған Мұқаңның әйгілі «Еңлік – Кебегін», Сәкеннің «Қызыл сұңқарларын» ескеру қажет еді. Бірақ бұл сияқты кемістіктер С. Әбішеваның жаңа кітабының байсалды зерттеушілік бітіміне, студенттер мен оқушылар үшін аса қажетті танымдық сипатына кедергі келтіре алмайды. Ойымызды қысқаша қайырсақ, майталман журналист, белгілі әдебиет методисі С. Әбішеваның «Жыр арқауы – бейбітшілік» атты зерттеу кітабы – оқырманға берері мол, тағылымды, тартымды туынды.

Ғ. МҰҚАНОВ,
Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының аспиранты.
«Қазақстан мұғалімі» газеті, 1989 жыл, 6 қаңтар

ЖАН ШУАҒЫ

Осы бір жасыл түсті, жақсы түптелген әдемі кітапты қолына алып парақтай бастаған әрбір көзі қарақты, көкірегі сауатты адамның жанары жайнап, жүрегі сайрай бастайтыны ақиқат. Әрине, оған себеп – кітаптың әдемілігі емес, кітап кейіпкерінің өміршең өрен тұлғасы. Ол тұлға – бүгінгі саусақпен санарлық аз ғана қайраткер қыздарымыздың бірі, республикалық «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы Сайраш Әбішқызы.

Еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған Сайраш Әбішқызының бүгінге дейінгі өмір жолы тұтасымен өрнектелген. «Еңбегі мен қайраты екі жақтап...» деп аталатын бұл кітаптың әдеттегі өмірбаяндық кітаптардан ерекшелігі сол – бұл кітап беттерінде кейіпкердің бүкіл болмыс-бітімін жан-жақты ашып көрсететін шуақты да қуатты жүректердің мөлдір сырлары шүпілдеп тұр. Еткен еңбегі елеусіз, төккен тері төлеусіз қалмаған деген осы!

Жұрт білетін Сайраш Әбішқызы алдаспандай өткірлігімен ерекшеленетін. Бойынан көсемдік пен шешендік қатар көрініп, атойлап тұратын. Ал енді мынау кітапты оқыған әрбір оқырман бұл адамның жан-жүрегінің гүлдей нәзіктігі мен арман-аңсарының таудай алыптығын қатар көріп, тағы да бір тамаша жаңалық ашқандай сүйсінері де рас, жан шапағатын түйсінері де рас. Әсіресе, кейіпкердің «Сыр-сұхбат пернесіндегі» өзі туралы толғанысын толқымай оқу мүмкін емес. Көңілі бекем адамның да көзіне шық тұрғызар сәттер, боркемікті де аяғынан тік тұрғызар сәттер... мол мұнда!

Осы бір естелік-эссе іспетті сыр-сұхбатты оқи отырып, Сайраш Әбішқызының жазушыға тән тіліне ғана емес, сұңғыла, сыршыл діліне де таң қаласыз. Қарапайым ұлылық! Оның үстіне сана тазалығы мен жад мықтылығын қосыңыз.

Кітап Сайраш Әбішқызының алпысқа келген мерейтойына орай шығарылғандықтан, оның ішінде көптеген адамдардың тілек-ниеттері, ыстық ықыластары да берілген. Солардың ешқайсысынан ине жасуындай жасандылық білінбейді, керісінше, осы бір от жүректі азамат қызға деген айтып жеткізе алмас адал сезімдерін өздерінше өрнектеп жеткізсем деген пәруана көңілдері менмұндалап тұр. Сексеннің сеңгіріне шыққан қарияның дария көңілінен бастап, жауқазындай жас жүректің дүрия сезіміне дейін осы кітап бетінде моншақтай тізіліп тұр. Осылардың бәрі бас қоса, астаса келіп, Сайраш Әбішқызы деген абзал адамның тұтас тұлғасын сомдап шығарған.

«Ол – мемлекеттік тұлға, – депті өзінің жүрекжарды сөзінде белгілі қаламгер Төкен Ибрагимов, – қоғам қайраткері, халқының азаматы: елі сүйінсе, туған топырағы осындай перзентіне елжіресе керек. Алпысқа рахмет, айта алмай жүрген тілек еді, бір парасы – осы. Ол мен үшін мейір, тірек. Ол – Елі мен Отанының мақтанды перзенті».

Иә, бұл – үлкен жүректің адал сыры, шын бағасы...

Бұл кітап – дерекнамалық дүние. Олай дейтініміз әрбір сөздің артында бір-бір адамның шынайы ой-сезімі, белгілі бір адам туралы білген-түйгені тұр. Тіпті сол әңгімелеуші адамның өзі, көзі тұр. Кітапты парақтап оқи бастаған оқырман тәй-тәй басқан сәби Сайраштан бүгінгі алпыстың асқарына шыққан азамат Сай-

рашқа дейінгі аралықты ой көзімен ғана емес, өз көзімен де көріп шыққандай әсер алады. Сондықтан бұл кітапты бүтін бір өмірді тұтас қамтыған деректі әрі көркем дүние десе де болғандай. Кітапта берілген тарихи мәні бар суреттер топтамасы да бұл ойымызды толықтыра түседі. Кітаптың бұлай қабылдануына оның жүйеленуі де жақсы қызмет атқарып тұр. Бөлімдердің аттарынан-ақ кейіпкердің өмір белестері өз кезегімен баяндалатыны байқалатындай. Мәселен, «Сыр-сұхбат пернесі», «Туған ауыл – алтын бесік», «Мектеп – білім кемесі», «Ұстаздық – ұлы іс», «Тілектес ағайын лебізі», «Өлеңмен ойын өрнектеп». Осы алты тараудан кейінгі жетінші, соңғы тарау бірнеше тақырыптарға бөлініп берілген. Олар: «Кітаптардағы келбеті», «Баспасөз беттерінен», «Жүрекжарды», «Қолтаңба – көңіл сыры», «Құжаттарда – өмір сыры» және «Қалам ұшында – өмір шындығы».

Мұның бәрін тізбелеп айтып жатқан себебіміз – кітаптың қайқай оқырманның да қалауынан шығып, өз тереңіне тарта түсетіндігін білдіру.

Бұл кітаптың тәрбиелік мәні үлкен. Кәрі оқысын, жас оқысын – көзге – нұр, көкірекке жыр құятын осындай ұлағатты, ұстынды кітаптардың дүниеге жиі келіп тұрғанына не жетсін!

Әбубәкір ҚАЙРАН.
«Қазақ әдебиеті» газеті, 2004 жыл, 16 шілде

ПЛАТИНАЛЫ «ТАРЛАН» ИЕСІ

Сайраш Әбішқызы – «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы. М. Сералин атындағы сыйлықтың иегері. Англияның үздік жетістіктер мәліметтерін тіркейтін Кембридж гуманитарлық орталық жылнамасының 2000 жылғы анықтамалығының бірінші басылымына білім беру мен журналистика саласындағы үздік жетістіктері үшін есімі енгізіліп, арнайы дипломмен марапатталған.

Сайраш Әбішқызымен ең алғаш кездесуіміз алпысыншы жылдардың аяғында болса, осы күнге дейін қызмет бабында, түрлі басқосуларда кездесіп тұрамыз. Бір күні маған телефон соғып, «Сізді, Балжан Бөлтірікова апамызды Балқаш ауданына апарып,

қыз-келіншектермен кездессек» деген өзінің шешімін айтты. Мен бұл бір тамаша кездесу болатын шығар деп, «Барсақ барайық» дедім. Көп ұзамай Сайраш мені, Балжан Бөлтірікова апамызды, қазіргі Ұлттық Ғылым академиясының академигі Фатима Полимбетова Абулхаировна үшеумізді Алматыдан Балқаш ауданына Бақанасқа алып кетті. Сайраш ол кезде «Социалистік Қазақстан» газетінде істейтін. Жол ұзақ болса да ешқандай білінген жоқ, неше түрлі қазақ әндері айтылды, әдемі әңгімелер, шетелде көп болған Балжан апамыздың көргендерін естіп қарқ болып, ешқандай шаршамай Бақанасқа жеттік. Келсек аудан орталығында ауыл-ауылдардан келген қыз-келіншектер жиналып отыр екен, жиналыс та басталып кетті.

Онда барған біз де сөйледік, айтылған пікірлерді де тыңдадық. Өте жақсы өтті. Барған жұмысымыз нәтижелі болды. Содан кейін «Социалистік Қазақстанда» әйелдерге арналған бет шыға бастады. Ол кезде газеттің бас редакторы Сапар Байжанов болатын.

Сайраш газеттен кейін «Қазақстан әйелдері» журналына қызметке кетті, бірақ біздің жұмысымыз тоқтаған жоқ. Сол жылдарда мен «Қазақстан әйелдері» журналында редколлегия мүшесі бола жүріп, талай әйелдермен кездестім. Журналда істей жүре Сайраш мақалалар жазып, талай мәселелерді журнал бетінде көтерді.

Одан Сайраш Әбішқызы «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторына дейін өсті. Онда жиырма жылдан астам қызмет істеп келеді. Бұл – үлкен мерзім. Осы жұмысында Сайраш Әбішқызы Қазақстанның мектептерінде болып, жастарға жан-жақты білім, өнегелі тәрбие беруді айтып, жазып жүрген адам. Сайрашты мектеп мұғалімдері, ата-аналар, өзінің ел-жұрты жақсы біледі. Ол бәріне қамқоршы. Осындай қазақ қыздары көбейе берсе, халқымызда жақсылық бола береріне күмән жоқ.

Күләш ҚҰНАНТАЕВА,
Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі,
педагогика ғылымының докторы, профессор.
«Бастауыш мектеп» журналы, 2007 жыл, №7

ЖАН ШУАҒЫН СЫЙЛАҒАН

Жасы келген жанның соңына қайырыла көз тастап, өткен өмірін ой елегінен өткізетін кездері аз болмаса керек. Осы жасқа келгенше не бітірдім, не тындырдым? Алға қойған мақсаттарымды орындай алдым ба? Мынау жарық дүниеге келгендегі адами міндетімді, елім, жерім, ұлтымның алдындағы перзенттік парызымды өтедім бе? Халқымның болашағы қандай болмақ? Еліміздің ертеңгі тізгін ұстар ерлері – қазіргі жастардың тәрбиесіне жете көңіл бөліп жүрміз бе?..

Педагог-ұстаз, білім саласының маманы ретінде мұндай сауалдардың мені де айналып өтпесі анық. Мұндайда әйтеуір күдік-күмәннан гөрі үміт-сенім сәулесінің жарығы мол, десі басым екеніне шүкір деймін. Мағжан ақынша: «Мен жастарға сенемін» деп күбірлейсің көкірегіңде үміт сәулесі ұшқындап. Әсіресе, өзіңнен кейінгі толқынның арасынан жігерлі, қажырлы, қайратты жандарды көргенде осы үмітіңнің сөзсіз ақталарына бек сенесіз...

«Диқанның бақшасын көр, жемісін тат, адал еңбек еткеннің көңілі шат» деген екен Әлішер Науаи. Өз ісіне мығым, мамандығын сүйетін адамның шығар асулары да биік болары анық. Осындай елімізге танымал тұлға, қайраткер қыздардың бірі – Сайраш Әбішқызы.

Сайраштың есімі аталса, ең әуелі 1970 жылдардағы «Социалистік Қазақстан» газетінің қыз-келіншектер мен аналарға арналған «Қаламқас» айдарымен берілетін арнаулы беттері көз алдыма келеді. Аталған үлкен газеттің айына 2-3 рет жарық көретін беттерінің жүргізушісі Сайраш Әбішева еді.

Міне, сол жылдары мен Сайраштың журналистік қаламының қарымдылығына, әсіресе ұйымдастырушылық қабілетіне, үлкенмен де, кішімен де тез тіл табысып, шүйіркелесе жөнелетін, қағылез, кішіпейіл мінезіне ерекше сүйсінетін едім. Көзі шоқтай жайнап, айналасына шуағын шашып, мейірімін төгіп жүретін. Орынды уәж, орнықты мінезімен көпшілікті баурап, айналасына үйіре білетін. Ара-арасында көпшіліктің көңілін көтеріп, жанын сергітетін әзіл-қалжыңын да аямайтын. Оған іскерлік пен жауапкершілік, табандылық пен қайсарлық қосылғанда, сол кездегі отызға толмаған жап-жас Сайрашты бәріміз айналып-үйіріліп, қасынан шықпаушы едік. Айтқанын екі етпеуге тырысатынбыз.

Қоғам қайраткері Балжан Бөлтірікова апайдан бастап «Қаламқас» клубының мүшесі болғанбыз, бәріміз Сайрашты жанымыздай жақсы көріп, клуб жұмысына құлшына, қызыға көмектестік. Ауыл-ауылға сапарға шығып, кездесулер өткіздік. Кездесу-сырласумен-ақ ел еңсесін тіктетіп, жабырқаған көңілдерді жұбаттық. *«Жанам деген жүректерге от бердік, шабам деген жігіттерге ат бердік»* (Т. Айбергенов). Бұл кездесулер жайында аға газеттің арнаулы бетінде «Қаламқастың» «Дөңгелек үстелінен» репортаж деген сияқты тақырыптармен жарияланып тұратын. Сол жылдардың өзінде-ақ мен Сайраштың белгілі журналист әрі қоғам қайраткері деңгейіне жететініне нық сенімді едім.

Содан кейін Сайраш Әбішқызының есімі аталса, «Қазақстан мектебі» журналы, ал «Қазақстан мектебі» аталса, Сайраш Әбішқызы ойға оралатын болды. Өйткені ол 1983-1987 жылдары «Қазақстан мектебі» журналы бас редакторының орынбасары, содан 2011 жылдың шілдесіне дейін аталған басылымның бас редакторы болып қызмет атқарды. Сонау 1983 жылдан бастап Сайраш екеуміз білім мен тәрбие саласының бір-бір пұшпағын ұстаған жауапты қызметкер әрі ұстаз-әріптес ретінде иық тірестіре бірге жүрдік десе де болғандай.

Сайрашты өз ісімен біте қайнасып, еңбегі мен қайратына сүйеніп өмір сүрудің үлгісіндей қабылдайсыз. Осынау жігерлі, қажырлы қадамдарына қарап сүйсінесіз. Айтпақшы, ол туралы 2004 жылы жарық көрген өмірбаяндық деректі кітаптың «Еңбегі мен қайраты екі жақтап...» деп аталуы да кездейсоқ емес шығар. Осы кітаптағы С. Әбішқызы туралы бір очеркте: *«Педагогикалық баспасөз саласындағы еңбегі жоғары бағаланып, Сайраш Әбішқызы «Құрмет» орденін алған тұңғыш ұстаз әрі журналист, қазақ әйелдері арасында да мемлекет тарапынан марапатталғандардың алдында тұр. Ойымызды осы тұңғыш сөзінің төңірегінде өрбітіп көрейікші. Ата-ананың тұңғыш перзенті... «Қазақстан мектебі» журналының тұңғыш әйел редакторы... Қазақ тіліндегі жеке пәндерге арналған тұңғыш журналдарды дүниеге әкелуші, журналистикадағы М. Сералин атындағы сыйлықтың тұңғыш иегері... Кембридж ғұмырнамалық анықтамалығына білім беру мен журналистика саласындағы үз-*

дік жетістіктері үшін есімі енгізілген тұңғыш қазақ әйелі...» деп жазылған екен. Бұған біз өз тарапымыздан қосарымыз: С. Әбішқызы «Қазақстан мектебі» журналын кеңестік дәуірде ғана емес, тәуелсіз Қазақстан кезінде де басқарған тұңғыш редактор әйел, сонымен қатар, журналда отыз жылға жуық қызмет етіп, ширек ғасыр бас редактор міндетін зор абыроймен атқарған қайраткер ретінде де тұңғыш деуге әбден лайық. Қазақ баспасөзі үшін, педагогика саласы үшін талай істерге бас болған тәжірибелі педагог-журналист бүгінде өз алдына бір мектеп іспетті жан. Олай дейтініміз, Сайраштан тәлім-тәрбие алған, қамқорлығын көрген талай-талай ұстаздар да, қалам иелері де өз салаларының білгіріне айналып, жер-жерде еңбек етуде. Олардың қай-қайсысымен кездесіп, тілдесе қалсаңыз да «Қазақстан мектебі» журналын, Сайраш Әбішқызын ұстаз тұтып, өз өмір жолындағы бір мектеп санайды. Әрқашан да игі бір істі бастарда осы кісіден ақыл-кеңес алуды жөн көретіндері де аз емес. Осының бәрін ескере келе, *«Сайраш Әбішқызы мектебі»* деген ұғымды да ауыз толтыра айтуымызға әбден болады.

Сайраш Әбішқызы «Қазақстан мектебі» журналын өтпелі кезеңде, нарықтың халықты алғаш рет қысымға алып, естен тандыра жаздаған жылдарында да басқарды. Қатардағы көп басшылардың біріндей жұмсақ креслоға жайғасқанына малданған жоқ. Қайта аталған басылымды ел келешегінің ертеңі – жас ұрпақтың білім мен тәрбиесіне жауапты ұстаздардың ұстазы, жәрдемшісі, жанашыры, жанкүйері, жоқшысы деңгейіне дейін көтере білді.

Бас редактор ретінде ол Білім және ғылым министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінен де, конференция-семинарлардың да бірде-бірінен қалмайтын. «Жыл мұғалімі», «Сынып жетекшісі», «Қыз сыны» сияқты байқауларда да жиі кезігіп қалатынбыз. Және ол қатардағы бақылаушы ретінде емес, ел, ұлт мүддесі сынға түскен кез келген іске білек сыбана кірісіп кететін, әрбір мәселенің ақиқатын айтпай қоймайтын. Онысы біреуге жағып, біреуге жақпай жатады. Бірақ Сайраш әлдекімдердің ескертуіне, жақтырмағанына пысқырып та қарамай, «Халық сенім артып отырғанда қалай үнсіз қаламыз» деп, көкейіндегісін бүкпей, айтып-айтып тастайтын. Ойға алған ісін орындамай және тоқтамайтын. Сөйтіп, бірде батыл мінезімен, бірде абыройлы беделімен барын

салып, Алаш қайраткерлерінің ізі қалған журналды қазіргі дәрежесіне жеткізді.

Қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы, қалалық кеңестің депутаты, «Қазақстан-Қырғызстан бауырластығының» төрайымы сынды қоғамдық жұмыстарды да зор абыроймен атқарды. Тіпті білім-ғылымның әр сатысы мен саласына арналған «Информатика, физика, математика», «Қазақ тарихы», «Отбасы және балабақша», «Тәрбие құралы» сынды бірнеше журналды осы қиын кезеңдерде дүниеге әкелуі де – ағысқа қарсы жүзгендей ерен еңбектің жемісі. Осылардың барлығы дерлік кейінірек бөлек-бөлек басылым болып, жеке отау да тікті...

Иә, жасы келген адамның соңына қайырыла көз тастап, өткен өмірін ой елегінен өткізуі заңдылық. Сондай сәттерде арамызда елге тұлға, ерге медеу болар, арлы, нұрлы жандардың бар екенін ойласаң, көңілің марқайып, жан сарайың жадырап қалары анық. Өйткені, мұндай шапағатты жандар айналасына нұрын шашып, мейірімін төгіп, жан шуағын сыйлап жүреді. Ондай адамдар барда еңсеміз – биік, жүзіміз – жарқын, келешегіміз – кемел. Қазіргідей ақпарат селі қаптаған, телеарналарды атыс-шабыс жайлаған, пенделердің бірін-бірі тыңдаудан қалған мынау арсың-күрсің заманда адамға ең қажеті де сол мейірім мен жан шуағы болса керек.

Күләш ҚҰНАНТАЕВА,
ҚР ҰҒА және РФ Білім академиясының академигі,
педагогика ғылымының докторы, профессор.
«Қазақ әдебиеті» газеті, 2012 жыл, 30 наурыз

ЖАҚСЫНЫҢ ЖЫЛУЫ ЖАНҒА ДӘРУ

Осы өмірде талай адамдармен дәмдес-тұздас, серіктес, әріптес, дос-жолдас болыппын. Солардың біразын ой елегінен өткізсе, мінез-құлқымен, адамгершілік парасатымен, ақниет көңілімен, білікті іскерлігімен, мәдениеттілігімен, сүйкімділігімен, кішіпейіл қамқорлығымен жанынды нұрландырып, құрметке бөленген адамның орны қашанда ерекше ғой. Дегенмен өмірдің сәнділігінің, оны жасайтын жақсы адамдардың көп болғанына не жетсін!

Өз басым сондай жандардың алдыңғы легінде Сайраш Әбішқызын атар едім. Мұндай бағаның өзі бір көре салып, не аз ғана алған әсеріңе бола беріле салмайтыны да заңды. Көп уақыт бірге, қатар жүргенде, не әріптес, пікірлес болып жете түсіністіктен кейін барып, соның өзінде уақыт сынынан мүдірмей өткенде ғана орнығады десек, артық емес.

Мен Сайраш Әбішқызын алғаш рет «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің кіші әдеби қызметкері кезінде көрдім. Сайраш газет жұмысына біздің отбасылық досымыз, асыл азамат марқұм Ұзақ Бағаевтың редакторлығы кезінде келіпті. Ұзан (біз солай атаушы едік) адамның бойындағы жақсы қасиеттерді, соның бірі – іскерлік пен қабілетті тез тани коятын еді. Жас қызметкер Сайраштың жұмысқа деген қабілеті мен бар мүмкіндігін толық танып білуге үлгермеді десе де болады. Өйткені, жаратылысынан жаны жайсаң, биязы, өте мәдениетті азамат Ұзақ Бағаев редакторлық қызметте жүргенде көп ұзамай айықпас ауруға шалдығып, бар-жоғы 43 жасында дүние салды. Осы аз ғана уақыт ішінде өлі журналистік тәжірибесі аз жас маман Сайраш та өзін танытып үлгере алмады.

Енді газетке жаңадан келген редактор – бұған дейін «Лениншіл жас» (Жас алаш), «Мәдениет және тұрмыс» («Парасат») басылымдарында басшылық қызметте болған, Орталық партия Комитетінің Үгіт және насихат бөлімінде нұсқаушылықтан бөлім меңгерушісінің орынбасарына дейін он жыл еңбек етіп, үлкен мектептен өткен тәжірибелі журналист-жазушы Сапар Байжанов келген. Бас редактор редакцияда шығармашылық ахуал орнатып, газеттің сапасын арттыру мақсатын алға қойып, алдымен газетке қосар үлесі шамалы, ұсыныс, жаңалығы жоқ, 20-30 жыл таптаурын отырып қалған жасы жеткендерді зейнеткерлікке жіберіп, олардың орнына жер-жерден ойы ұшқыр, қаламының желі бар, оннан астам талапты журналистерді шақырды. Сонымен бірге, аппараттағы мамандардың қабілеті мен жұмысқа деген мүмкіндіктеріне көңіл аударды. Жаңадан келген үй-күйі, жағдайы жоқ журналистер мен жас мамандарға жағдай жасау мақсатымен сол кездегі республика басшысы Дінмұхамед Қонаевтың алдына мәселе қойып, ол кісінің келісімін алып, өкіметтің қаулысымен редакция қызметкерлері үшін жылына 320 шаршы метр үй алып тұру және үй алушылар-

дың бұрынғы пәтерін редакция меншігіне қалдыру мәселесін шешіп алды. Үй-күйі жоқ жас маман Сайрашқа да екі бөлмелі үй тиеді.

Сол уақытты бүгінде еске алған Сайраш: «Сапар ағайдың газетке редактор болып келуі, менің шығармашылығымның ашылуына, әрі үй алып, баспаналы болуыма зор септігін тигізді» дейді ризалық сезіммен. Ендігі жерде Сайрашқа жұмысқа бел шешіп кірісіп, бойындағы бар мүмкіндігін көрсету ғана қалады. Көп ұзамай газетте әйелдерге арналған бет ұйымдастыру мәселесі туындап, бұл міндет Сайрашқа жүктеледі. «Қаламқас» деген айдармен шығатын әйелдерге арналған беттегі ана мен баланың жайы, отбасылық тәрбие, ерлі-зайыптылардың құқығы мен міндеті, ата-ананың бала алдындағы парызы туралы көтерілген проблемалық мәселелер көпшіліктің көңілінен шыққанының кезінде оқырман ретінде куәсі болдық. «Қаламқас» беті редакциядағы апта сайынғы лездеме кезінде де сан рет мадақталып жүрді.

Сапекең редактор боларға дейін диссертациялық жұмысын аяқтап, қорғайтын күнін белгілеу ғана қалған еді. Диссертация қорғайтын күні үйге телефон соғып, маған бір маңызды құжатты тауып қоюымды тапсырып, кісі жіберетінін айтты. Аз ғана уақыттан соң есіктің қоңырауы соғылды. Ашсам, жасы 25-тер шамасындағы сұңғақ бойлы, қоңырқай қысқалау бұйра шашты, тығыршықтай келіншек келіп тұр. Бас редактордың тапсырмасымен келгенін баян етті. Үстінде сәбіз түстес әдемі көйлегі ақсары өңімен үйлесім тауып, мейірімді жымиысымен тым сүйкімді көрінді, болымсыз қымсынып та тұрған жоқ, нық сөйлейді, тым батылдау ма деп те қалдым. Мен болсам, бастықтың зайыбымын деп сіреспей, қазақи мінезге салып оған төрлетуді, дәм татуды ұсындым. Ол болса асығыстықты сылтауратып, дәліздан жоғары озбай, ризашылық ишара білдірген соң құжатты алып, қоштасып кетіп қалды. Сол ақсары келіншек Сайраш Әбішқызы екен, екеуміздің таныстығымыз осылай басталған. Мен ол кезде «Қазақстан әйелдері» журналының қызметкері едім. Алматыдағы педагогикалық газет-журналдан басқа барлық басылымдар тоғыз қабатты «Баспасөз» үйіне орналасқан еді. Бір шаңырақтың астында болған соң, кіріп-шығып жүргенде анда-санда Сайрашпен жолығысып қаламын, сәлеміміз түзу. Сайраш көрген сайын кішіпейілділікпен, зор ілтипатпен амандасады, мен де іш тартып, жылылық танытумен болдым. Арада 1-2 жыл өткенде біздің редакцияда да жауапты

хатшының орны босап, сол орынға «Сайраш келетін болыпты» дегенді естідік. Босаған орынға іштен де, сырттан да талпынушылар көп болды. Бірақ Орталық Комитеттің идеология бөлімі Сайрашты лайық көріп, жауапты хатшылыққа тағайындады. Сөйтіп, екеуміздің жолымыз енді бір редакцияда тоғысқан-ды. Редакцияда ақын Рза Қунақова екеуміз бір кабинетте отырушы едік. Екеуміз сіз-біз десіп, жақсы сыйластықта жүрген кезде арамызға Сайраш келіп қосылды. Енді қатарымыз өсумен бірге, үшеуміздің арамыздағы бірлігіміз, сыйластығымыз одан бетер арта түсті.

1983 жылы Сайраш Әбішқызы «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторының орынбасары, «Бастауыш мектеп» қосымшасы редакторы қызметіне шақырылды. Кезінде «Социалистік Қазақстан» сияқты үлкен газет пен таралымы ең көп әйелдер журналының көрігінде шыңдалып, шебер ұйымдастырушы, іскер журналист ретінде танылған Сайраш үшін бұл бір белеске көтерілу еді. 1987 жылы педагогикалық басылымдардың ішінде негізін Ахмет Байтұрсынұлы сияқты қазақтың біртуар арысы қалаған «Қазақстан мектебінің» редакторлығына тағайындалды. Педагог журналист, үлкен мектептерден өтіп ысылған Сайраш Әбішқызы аға журналды бұрынғысынан да жандандыра түсіп, тақырып аясын кеңейтіп қана қоймай, жекелеген пәндерді оқыту әдісін түгел бір журнал бетінде қамтудың мүмкіндігі аздығын сезінді. Әрі бұл ойын Білім министрлігінің алдында дәлелдеп, бірнеше пәндерге арналған қосымша журналдар ашуға қол жеткізді. «Қазақ тарихы», «Отбасы және балабақша», «Информатика, физика, математика», сәл кейіндеу «Химия», «Биология және география» деп аталатын қосымша журналдар ашты. Олардың бәріне өзі жақсы білетін, бұл жұмысты алып кете алады-ау деген кәсіби журналист мамандарды тартып, қосымшалардың редакторлығына орналастырды. Сол 1990 жылы менің де жолым түсіп, «Отбасы және балабақша» қосымшасына «Мәдениет және тұрмыс» (Парасат) журналының бөлім меңгерушілігінен ауысып келдім. Сөйтіп, Сайраш екеуміздің еңбек жолымыз тағы да тоғысты.

Сайраш өзі басқарып отырған «Қазақстан мектебі» журналының жұмысына қоса, аталған қосымшалардың барлығының да әрбір материалының сапасына дейін тікелей араласып, олардың уақтылы жарық көріп, оқырман қолына тиіп тұруына басшылық жасады. Міне, сол кезеңде де мен үшін Сайраштың ұйымдастырушылық

шеберлігі мен еңбекқорлығы бұрынғыдан бетер айқын ашыла түсті. Сонымен бірге редакцияға келуші авторларды қабылдау, кездесулер ұйымдастыру, «Қазақстан мектебі» журналы мен әрбір қосымша жарыққа шыққаннан кейінгі өткізілетін лездемелер, редакция қызметкерлерінің мұң-мұқтажына орай қажеттіліктерін қамтамасыз ету сияқты толып жатқан жұмыстардың бәріне де үлгеріп, тап-түйнақтай тындырып отыратын.

Сайраш өзінің жеке шығармашылығын дамытуды да ұмытқан жоқ. Оған республика баспаларынан жарық көрген «Нұрлы жол», «Жыр арқауы – бейбітшілік», «Оттай ыстық он жыл» деп аталатын кітаптары айғақ. Сонымен қатар Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамына сіңірген еңбегі бір төбе. Шынымды айтсам, Сайраштың тынымсыз тірлігіне қарап, не деген қажымайтын, мойымайтын жан еді деп таңданатын сәттерім де аз емес. 1994 жылдан бастап Сайраш Әбішқызы «Отбасы және балабақша», «Қазақ тарихы», «Информатика, физика, математика», «Бастауыш мектеп» қосымшаларын өз алдына жеке журналға айналдыруға күш салып, жеке-жеке отау тігуіне атсалысты. Содан бері бұл журналдардың бәрі де өтпелі кезеңнің қиындықтарына төтеп беріп, жарық көріп келеді. Аталған журналдардың бас редакторларынан бастап, барлық қызметкерлері «Қазақстан мектебін» өздерінің қара шаңырағы санап, оны көп жыл басқарған Сайраш Әбішқызына деген ризалық сезім мен зор құрметін аямайды. Ондай құрметке Сайраш Әбішқызы педагогикалық басылымдарға сіңірген еңбегімен жетіп отыр.

«Құрмет» орденімен марапатталған кәсіби журналист, елімізде әйел замандастардың ішінде алғашқылардың бірі болып Платиналы «Тарлан» сыйлығының иегері атанған да Сайраш Әбішқызы. Жалғыз маған ғана емес, өзін жақсы білетін жандардың, әріптестерінің алдында барлық қадір-қасиетімен шоқтығы биік жан ретінде танылған Сайрашқа осынау мерейлі шағында өзіңмен әріптес әрі сыйлас жан ретінде айтар тілегім: Алла саған қуат берсін, қолыңнан қаламың түспесін! Алланың өзіңе бұйырған жақсылығы мен абыройы арта берсін!

Күләш БЕЙСЕНБИЕВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері.
«Егемен Қазақстан» газеті, 2014 жыл, 17 мамыр

САЙРАШ

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын.
Ақын Сара

1987 жылы 16-17 қарашада Қызылжарда (Петропавловск) «Оқу-тәрбие үдерісін оптималдандыру» деген тақырыпта республикалық ғылыми-әдістемелік конференция өтті. Қазіргі белгілі ғалым Шәркүл Таубаева хабарласып, атақты академик Ю.К. Бабанский қатысатын үлкен конференция өтетінін, соған баяндамамен келуімді хабарлады. Ол кезде Шәркүл Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында істейтін. Баяндаманы қазақ тілінде жасау керектігін ескертті. Себебін сұрағанда қазақ тілінде баяндаманың аз екенін айтты.

Сол жылдары бүкіл кеңес мектептері оптимизация идеяларымен «ауыратын». Сол «аурудың» бірі мен едім. Сонымен, Өскеменнен жеті адам, білім жетілдіру институтының директоры Тит Ермилович Самойлов бастаған делегация Қызылжарға жеттік. Баяндамамды қолыма ұстап мен отырдым. Мектеп директорлары, облыстық, қалалық, аудандық, білім беру ісінің бастықтары, ғалымдар, тұжырымдап айтқанда бүкіл педагогиканың «элитасы» жиналған екен. Конференция әдеттегідей таза орыс тілінде өтіп жатты. Үзіліс кезінде сол кездегі министрліктің ең белді орындарында отырған екі ағатайым келіп: «Баяндаманы қай тілде жасайсыз?» деп сұрады. Мен қазақ тілінде жасайтынымды айтып едім, бір өтірігі жоқ, шошып кетті. «Қазақ тілінде жасамайсыз, ұят болады» деді екеуі бұйрықпен. Залда кем дегенде 70% пайыз қазақтар отырғанына пысқырып та қараған жоқ. «Менің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі екенімді білесіздер, оның үстіне М. Әуезовті оқыту айналасында сөз қозғаймын» дедім. «Жоқ, орыс тілінде сөйлесеңіз ғана сөз береміз» деп, шорт кетті көкелерім. Кесел мінезім ұстап, орнымнан тұрып жиналып шығып кетпегеніме әлі де ризамын. «Жарайды» дедім, өтірік келісіп. Міне, сөз кезегі де келді. Өзімді өзім қайрап, көзге келген жас пен өн бойымды билеп кеткен намыс отын барынша тежеп, мінбеге көтерілдім. «Кешіріңіздер, мен Өскеменненмін ғой, бірер ауыз орысшамның бар екенін түсінерсіздер, бірақ мен баяндамамды ұлы Мұхтардың ұлы

тілімен жасаймын, себебі оны аударуға шамам келмейді» деп, сөйлей жөнелдім. Ерекше бір шабыт бітті, оның үстіне бүкіл залда өлі тыныштық орнаған еді. Мінбенің жанында, президиумда отырған ағатайларымның «Мынау не деген ұятсыз адам» деген сөзін естіп қалдым. Күбірлеп, сөйлесіп отырған. Өзгені тоссам да, тап мынадай сұмдықты кім тосыпты... Қалай сөзімнен жаңылмай, не жылап жібермей сөйлеп шықтым?.. Артынан өкініп жүрдім, сөзімді ары қарай жалғастырмай, құрметті Юрий Константинович, құрметті әріптестер, кешіріңіздер, мен сөйлей алмаймын, мені «ұятсыз» деп жатыр мыналар» деп, қағазды алдарына лақтырып, мінбеден түсіп, шығып кету керек еді. Сол кезде ол ойыма келмеді, барлық күш-жігерімді жинап, баяндамамды аяқтадым. Бүкіл зал дүркірей қол соқты... Мінбеден түсіп, ешкімге қарамай, орныма бармай, жиналыстан шығып жүре бердім, көзімнен жас құйылып кетті. Оны көпшілігі көріпті. Жаңылмасам трактор заводы ма, әйтеуір өте кең, сәулетті залда өтіп жатқан жиын. Бір уақытта артымнан «жолдас Бітібаева, жолдас Бітібаева» деген әйел дауысы шықты, мен бұрылмай жүре бердім. Қуып жеткен дауыс өзім шамалас әйел екен, бас салып, дауыстап жылай бастадым. Ол да мені құшақтап, жылап тұр. Замандасым, құрбым Сайраш Әбішқызымен тағдыр, тіл тағдыры осылай табыстырған еді. Құшақтасқан, жыласқан қалпымызда жиын аяқталмай-ақ менің бөлмеме келдік. Ағылтегіл жылай жүріп, шай іштік, алғашында неге жылап жүргеніміз жайлы жақ ашқанымыз жоқ. Айтпай-ақ бір-бірімізді түсініп отырмыз. Кейін Сайраш менің 55 жылдық мерейтойымда, Астанада, тебірене тұрып, көзіне жас ала осы оқиғаны бүкіл жиналғандар алдында айтқан болатын. «Қанипа конференцияда жалғыз өзі қазақша сөйледі, сыртынан білетінмін. Ширығып тұрды, сездім, бірақ ол кезде себебін түсінбеген едім. Дегенмен, оның мәнерлі шешен сөзі залды өзіне қаратты. Мінбеден түскен ол сыртқа беттеді, тіп-тік, офицерлер жүретін жүріспен жанымнан өте берді, екі көзінен аққан жас бетін жуып кетіпті. Қалай жиынды тастап, соңынан жүгіре шыққанымды білмей қалдым».

Қазір ойлап отырсам, сол мезеттер, Сайраш екеумізді табыстырған сәттер неткен сәулелі, неткен мөлдір сезімдер тоғысқан сәттер еді... Себебі екеумізді қауыштырған, ғасырдан ғасырға сорлаған қазақ тілінің тағдыры болатын. Осы кездесу ұзақ жыл-

дарға созылған достық қарым-қатынасқа ұласты. Мүмкін мінездегі ұқсастықтар да бізді жақындастырған шығар. Тура сөйлеу, еңбекқорлық қасиеттеріміз де ортақ еді. Менің Астанада өткен шығармашылық есебімде бүкіл жұртты аузына қаратып «Қанипаны «Халық Қаһарманына» ұсынайық деп, ұсынысты жасаған да Сайраш еді. Ол көп жылдар «Қазақстан мектебі» журналын басқарды. Журналды сақтап, оның мәртебесін көтерудегі еңбегі де ұлан-ғайыр екенін барша әріптестері біледі әрі құрметтейді.

Оның бауырмалдығы туралы әңгіме басқа. Басыңа іс түссе ерекше жігерлендіріп, майысқан сүйегіңді қатайтып, рух, дем беретін қасиетін басымнан өткіздім. 2002 жылы тоғыз қыздың ішіндегі жалғыз бауырым Әділғұмар жеті жылға созылған ауыр науқастан айналасы 2-3 күн ішінде 45 жасында көз жұмды. Әкеден қалған, қанымызды жалғастыратын жалғыз тұяқ қазасы менің жүрегімді езіп-ақ жіберді. Қайғыдан алақандай-алақандай болып шашым түсіп қалды, псориаз деген пәлеге ұшырадым. Күндіз-түні ол көз алдымнан кетпеді. Сом денелі, бота көз өте реңді жігіт еді. Ақындығы, әншілігі, ақкөңіл жомарттығы да бар болатын. Алла аямады, қара жер құшағы суық бауырына тартты. Қайғыдан майысып, мезгілсіз келген ажал салмағынан қайысып жүргенде бір күні Сайраш досым ұрсып берді. «Әй, Қанипа, неге уатылып кеттің, қай уақытта телефон шалмайын солқылдайсың да тұрасың. Сені мұндай боркемік деп ойламап едім. Жалғыз сенің бауырың ғана қара жерде жатыр ма?! Менің де бауырым одан мәңгілік орын тепкен. Тіпті Алла оны дүниеге әкелмесе қайтер едің? Бір ұлы, бір қызы артында қалыпты. Ұрпақ қалмаса қайтер едің? Ұрпағы бар адамды атам қазақ өлдіге санамайды. Одан да балалары кішкентай екен, соларды жеткізуді ойла» деді. Оның сөзінен жігер алдым, ойға түстім, өзімді-өзім тоқтаттым. Шаш та шыға бастады, ұлы Бектасты бауырыма қысып «Жаратқан Ием, бергеніңді алсаң да, береріңді алма, мына бауырыма бақыт, өмір бер» деп тілей бастадым. Бауырымның арты жақсы. Бектас, міне, университетті бітірмекші, Әлиясы екі баланың анасы, тәубе, тәубе. «Досыңа – достық қарыз іс» дейді халқымыз. Екеуміз де бір-бірімізге қарызбыз деп есептемейміз. Дегенмен өз басым «қарыз» дегенге ерекше мән беремін. Досыңды жүрегіңде мәңгі ұста, қандай жағдай болса да сатпа, астыртын сөз айтпа, әйелдік өсекке қоспа, биікке шықса мақтан, сәтсіздік шал-

са қашпаған Сайрашқа өзім осылай қараймын. Онымен танысуым, достасуымды өмірімнің шуақты күндері деп есептеймін.

Қанипа БІТІБАЕВА,
КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері,
Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы.
«Егіз өрім». – Алматы: Жазушы, 2014 жыл. – 346-349-беттер

СЫРШЫЛ САЙРАШ АПАЙ

Қашанда әділетті, шындықты бетке айту қиын. Ол үшін адам ішкі-сыртқы дайындық жасап, алдымен өз шындығын айтуы керек. Бұл ретте Сайраш апай өмірлік шындықты өзінше айтып, өзінше жазып жүрген адам. Әсіресе қай жерде тіл туралы, қазақ туралы әңгіме басталса, астына сексеуіл жаққан қазандай көп уақытқа дейін суи қоймайды.

«Аяғы лас есік пен төрді былғар, тілі лас бесіктен көрге дейін былғар» деген, Сайраш апай сол тіл «былғағыштармен», қазақтың әдет-ғұрпын құрметтемейтіндермен хал-қадерінше айтысып келеді. Кейде небір мықты деген, аузының дуасы бар азаматтарымыз шындықты айтатын кезде тартынып тұрғанда, кез келген мінберде өзінің сыңғыр үнімен айбар көрсетіп бебеулеп кететіні ақиқат. Өйткені, қазақ тілі ол кісінің қанында, миында, жанында берік орныққан. Орнығып алған соң да оның ауруымен ауырады, ыстығына күйеді, суығына тоңады. Оны, тіпті, мінез етіп қалыптастырған. Ал мінезің – өз қадірің. Ендеше, бүгінгі Сайраш апай туралы сөз еткенде, журналистігінен, көп жылдан бері тапжылмай ұстаз деген үлкен зиялы қауымға арналған жорналды басқарып отырған басшыдан гөрі көз алдыма қайраткерлік санаттағы қасиеттері басымырақ келеді. Ал кешегі Сайраш апай жайында да біраз сыр шертуге болады. Ол кісімен бірнеше жыл бойы бұрынғы «Социалистік Қазақстан», қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінде бірге қызметтес болдық, сыйлас, сырлас жүрдік. Сол жылдарды жинақтай келгенде, Сайраш апай ұжым арасында осы белсенділігімен, көргенділігімен, тіпті жып-жинақы киім киіс, жүріс-тұрысымен де жақсы әсер қалдырған жан. Әсіресе газеттің қоғамдық жұмысына жанын салып араласты. Ол кезде кәсіподақ

ұйымының беделі де бедері бар кез. Сайраш апайдың журналистігі өз алдына, партбюро мүшесі болып, білдей газеттің кәсіподақ комитетін басқаруға сенім білдірілуінің өзі көп нәрсені аңғартса керек. Жұмыс істеймін деген жанға кәсіподақ ұйымының беделі бүгінгідей емес, әжептәуір, талай мәселенің басын қайыруға жарайтын кез. Сайраш апай сол мүмкіндікті пайдаланып, ұжымның бірлігін арттыруға, жақындастыруға, ұрпақ жалғастығының жібін үзіп алмай, сабақтастыруға ұйытқы бола білді. Ондай адами, азаматтық қасиеттерге өте бейім. Сонымен бірге алғырлығы, өжеттігі, жұртты бауырына тартып алатын «магниті» өз алдына.

Баршаға аян, ол уақыттарда «Социалистік Қазақстан» газетінде журналист қыздардың жұмыс істеуі некен-саяқ. Тіпті 60-70-жылдары мүлдем болмаған. Ол қалам ұстаған қыздардың аздығынан ба, әлде айдарынан жел есіп тұрған газетте «нәзік жандыларға» көрсетілген сенімсіздік пе, білмеймін, бұл басылымға орналасу қиынның қиыны еді ғой. Сайраш апай газет тарихында жұмыс істеген қыздардың ішінде ондықтың бел ортасына кірсе, ал қыздар арасынан аға әдеби қызметкер болғандардың алғашқысы шығар. Содан да болар, Сайраш апайға кілең «сен ат, мен тұрайын» жігіттердің арасында сын көз де, жауапкершілік те жоғары еді. Бірақ ол сыннан мүдірмей өтті. Тек қағылез, шапшаң журналистігімен ғана емес, онда жас, әдемі кезі болатын, барлық жағынан үлгі бола білді. Апайға қарап бой түзедік. Өйткені апайдың талғаммен киім киісі, жүріс-тұрысы сол кездегі уақытқа да, газеттің «мазмұнына» сай болатын. Тік жүріп, тік тұрды. «СҚ»-ның өз «ережесіне» сай қызмет етті. Кейде әзілқой құрдас әріптестері әзіл әңгімеге тартып жатса, орынды қалжыңмен жауап беріп, өзін сыйлата білетін.

Менің есімде, Сайраш апай «СҚ»-ның ерке қызы ретінде есте қалды. Ағайлар еркелетуші еді, өзі де еркелей алды. Ал еркелей білудің өзі де үлкен қасиет. Өйткені, «СҚ» жұрттың бәрін еркелете бермейтін. Сол көңіл, сол сый-құрмет шығар, қазір Сайраш апай «Егеменге» төркініне келгендей, ағаларына, сіңілілеріне келгендей әлі де еркелеп келеді. Лайым, солай бола бергей. Апай екеуімізді таныстырған, табыстырған, туыстырған «Егеменге» шексіз ризамын.

Гүлзейнеп СӘДІРҚЫЗЫ,
журналист-жазушы

«ӘР ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАСЫ – МЕНІҢ БАЛАМ...»

Дана халқымыз «Қыздың жолы жіңішке» деп қыз баланы айрықша аялаған, төрден орын сайлаған. Жолы жіңішке, жаны нәзік болғанымен, кейде ер-азаматтар атқара алмайтын шаруаны жалғыз өзі тындырып тастайтын аруларымыз аз емес. Сайраш Әбішқызы – қазақтың маңдайына біткен сондай ару-аналарымыздың бірі. Ол кісінің елге сіңірген елеулі еңбегі туралы қалай айтсақ та жарасады.

1944 жылы Семей облысының Ақсуат ауданының Ерназар ауылында дүниеге келген Сайраш ата-анасының тұңғышы еді. Әжесі оны жастайынан бауырына басып, елгезек те құймақұлақ кішкентай Сайрашқа ауыз әдебиетінің құнарын сіңіреді. Әжесінің небір таңғажайып ертегіге бергісіз аңыз-әңгімелері, салиқалы сөздері мен өнегелі өмірі әлі күнге дейін Сайраш апайдың көз алдында. «Батырлар жырын» әжесімен бірге тыңдайтын. Әже әңгімесі, соғыстан кейінгі өмір, ауыл тіршілігі, өзінен кейін соңынан ерген жеті бауыры... осының бәрі Сайрашты ерте есейтті. Тіпті, бала болып ойын ойнағаны да есінде жоқ. Ес білгелі бар білетіні – үй тірлігіне қолғабысын тигізу еді. Ауылда сегіз жылдықты бітірген соң, он жылдық мектеп болмағандықтан, Сайраш орталықтағы интернатқа орналасып, мектепті тәмамдайды. Онан соң Алматыға жол тартады. Абай атындағы педагогикалық институтты бітірген соң, еңбек жолын мектепте бала оқытудан бастайды. Жастайынан қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан ол партиялық қызметтер де атқарады. Кейіннен «Социалистік Қазақстан» (бүгінде «Егемен Қазақстан») газеті, «Қазақстан әйелдері» журналдарында тер төге еңбек етеді. Журналистиканың алғашқы баспалдақтарынан өтіп, толыққанды кәсіби білікті маман болып қалыптасады.

– «Социалистік Қазақстан» газетінде 6 жыл жұмыс істедім, бұл газет – менің университетім, – деп еске алады Сайраш апай. – Бұл газетке келгенде Ұзақ Бағаев бас редактор болатын. Ол кісі жаратылысынан жаны жайсаң, биязы, өте мәдениетті азамат еді. Бастапқыда ол кісі мені жұмысқа алу-алмау туралы екіұдай ойда болды. «Аға, мені еден жуушы етіп жұмысқа қабылдаңыз, сосын жазу қолымнан келмесе, сізді ұятқа қалдырмай, еденімді жуып жүре беремін...» дедім. Алайда Ұзан аға (ол кісіні солай атаушы

едік), маған 3 айға штаттан тыс тілші куәлігін берді. «Осы уақыт ішінде газетке мақалаң шықса, онда жұмысқа қабылдаймын...» деді. Содан Алматыдағы барлық өндіріс орындарының, зауыт-фабрикалардың тізімін жасап алдым да, ерінбей-жалықпай түгел аралауға кірістім...

Көп ұзамай жас журналистің бас қаладағы үлкен өндіріс орындарынан жазғаны газетке жарияланады. Ұзақ Бағаев та сөзінде тұрып, журналистикаға жаңадан қадам басқан Сайрашты жұмысқа қабылдайды. Алайда, арада біраз уақыт өткенде Ұзақ ағай айықпас дертке шалдығып, бар-жоғы 43 жасында дүние салады. Сонан соң газетке басшы болып журналист-жазушы Сапар Байжанов келеді.

– Сапар ағайдың газетке бас редактор болып келуі менің шығармашылығымның ашылуына, тұрмыстық жағдайымды түзеп, баспаналы болуыма зор септігін тигізді, – дейді Сайраш апай. Сапар Байжанов газетте әйелдерге арналған бет ұйымдастыру міндетін Сайраш Әбішқызына жүктейді. «Қаламқас» деген айдармен шығатын әйелдерге арналған беттегі ана мен баланың жайы, отбасылық тәрбие, ерлі-зайыптылардың құқығы мен міндеті, ата-ананың бала алдындағы парызы туралы көтерілген көкейкесті мәселелер көпшіліктің көңілінен шығып, «Қаламқас» беті апта сайынғы лездемеде әркез мақталып жүреді.

Өз жұмысынан рахат тауып, ойында ештеңе жоқ, «Қаламқасты» жарқыратып шығарып жүргенде «Қазақстан әйелдері» журналында жауапты хатшының орны босайды. Ол орынға барғысы келгендер көп болғанымен, Орталық Комитеттің идеология бөлімі Сайраш Әбішқызын лайық санап, көп кешікпей ол кісі жауапты хатшылыққа тағайындалады. Редакцияда ақын Рза Қунақова, Күләш Бейсенбиева сынды беделді журналист апайларымен танысып, әріптес ретінде де, өкшесін қуған ізбасар сіңілі ретінде де «сіз-бізі» жарасып, өзара жақсы сыйластық орнайды.

– «Қазақстан әйелдері» журналы әйелдер тақырыбын алаңсыз зерттеуіме жол ашты. Қазақтың небір мықты қыздарының, аяулы аналарымыздың образын жазғаным үшін де бақыттымын, – дейді Сайраш Әбішқызы. – Бұл жылдар менің өндіріп жұмыс істеген жылдарым еді. Әр түрлі салада еңбек етіп жүрген әйелдер туралы өте көп жаздым. Әйел тақырыбы – қай қоғамда, қай заманда болсын өлмейтін, мәңгілік тақырып. Қоғам ауысып, дәуір алмасқанымен,

біздің қазақ үшін еш уақытта ұмытылмайтын, назардан тыс қалдыруға болмайтын тақырыптың бірі осы.

Қаламы қарымды, ойы алымды журналист, білікті педагог Сайраш Әбішқызы әйел өмірін үш кезеңге бөледі: алғашқысы – қыз-ғұмыр, екіншісі – келін-ғұмыр және ана-ғұмыр.

– Осы үш кезең дүниеге шыр етіп келген әрбір қыз баланың бүкіл өмірін қамтиды. Сондықтан қоғамдағы кез келген мәселе әйел затын айналып өткен емес. Отбасындағы бала тәрбиесінен бастап, экономикалық, қаржылық, қоғамдық, әлеуметтік, тіпті, саяси мәселелерге де әйел заты бейжай қарап отыра алмайды. Өмірдегі кез келген оқиға әйел жүрегі арқылы өтеді. Әйел жаны нәзік, дегенмен, өмірдің қиын-қыстау сәттерінде қыздарымыз ешқандай ауыртпалыққа мойымай, қайраттана, жігерлене түсуі керек. Қиындықты жеңе білген адам ғана бақытқа жетеді. Біз осы ойды балаға жастайынан түсіндіруге тиістіміз. Бала тәрбиесінде ата-ана мен мектеп бірлесе жұмыс атқарса, онда келешек ұрпағымыздың сана-сезімі жоғары, ақыл-парасаты биік болып қалыптасары анық, – дейді Сайраш Әбішқызы.

Өмірінің 40 жылдан астам уақытын журналистік салаға, соның ішінде қоғамдағы әйел образын қалам арқылы сомдауға жұмсаған Сайраш Әбішқызы үшін кейінгі өскелең жас ұрпақтың тәрбиесі, әсіресе, қызына қырық үйден тыйым салған халықтың отбасындағы тәрбиесі – мәңгілік тақырып.

– Ұрпағына үлгілі тәрбие беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондыру ата-ананың борышы. Қоғамда қыз бала тәрбиесі ел басқарған азаматтардың назарынан еш уақыт тыс қалған емес. Қыз бала тәрбиесіне қатысты ауыз әдебиетіндегі небір жыр-жауһарларымыз бен ақын-жазушыларымыздың шығармалары соның айғағы. Тіпті бүгінгінің сөзін айтар болсақ, Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында анаға, қыз балаға ерекше көңіл бөліп, нақты атқарылар іс-шаралар қатарын атап өткені белгілі. Біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары. Қыз баланың тәрбиесіне, бағы ашылып, жұлдызының жануына әрбір азамат, әрбір ата-ана, тұтас қоғам жауапты...

1983 жылы Сайраш Әбішқызы «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы орынбасары әрі осы журналдың «Бастауыш мектеп» қосымшасына редакторлыққа шақырылады. Сайраш Әбішқызы үшін бұл бір белеске көтерілу еді. Ал арада екі-үш жыл өткен соң «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы қызметіне тағайындалады. Бұл журналдың негізін Ахмет Байтұрсынұлы, Смағұл Сәдуақасұлы сынды қазақтың біртуар арыстары қалаған. Педагог-журналист әрі «Социалистік Қазақстан», «Қазақстан әйелдері» сынды үлкен мектептерден өтіп ысылған Сайраш Әбішқызы журналды бұрынғысынан да жандандыра түсуді мақсат етеді. Жекелеген пәндерді оқыту мәселелерін түгел бір журналда қамту мүмкін емес еді. Міне, осы ойын Білім министрлігінің алдында дәлелдеп, бірнеше пәндерге арналған «Қазақ тарихы», «Отбасы және балабақша», «Информатика, физика, математика», «Биология, география және химия» деп аталатын бірнеше педагогикалық ғылыми-әдістемелік қосымша журналдар ашты. 1994 жылдан бастап бұл қосымшалардың бәрі де «енші алып», әрқайсысы бөлек-бөлек отау болып, жеке-жеке журналға айналады.

Сайраш Әбішқызы басшылық-ұйымдастырушылық жұмыстарымен қатар, өзінің жеке шығармашылығын да ұмытқан жоқ. Ізденімпаз журналист қаламгерлік қырынан да жұртқа жақсы танылды. Оның «Нұрлы жол», «Жыр арқауы – бейбітшілік», «Оттай ыстық он жыл» деп аталатын кітаптары оқырманға жол тартты. Ал Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамына сіңірген еңбегі өз алдына бөлек әңгіме.

– Отбасында қалыптасқан тәрбиені одан әрі жалғастыратын – қазақ мектебі. Қазақ мектебіндегі тәрбие бесігінің тілі – ана тілі. «Ана сүтінің уызына жарып өспеген баланың денсаулығында бір кемшілік болады» дейді дәрігерлер. Сол сияқты, ана тілінің уызына жарымай өскен балада да көп кемшілік болады. Ана тілі – адамның еркін сөйлеуіне жол ашады. Ана тілін меңгермеген бала қазақ тілді ортада өз ойын ашық айта алмайды. Өз пікірін айтудан қашады. Бұл психология ғылымында «дағдарыс» деп аталады. Бүгінгі таңда теледидар дейсіз бе, интернет дейсіз бе, техниканың дамыған заманында ата-ана мен баланың сырласуы, ананың қызымен, әкенің ұлымен сөйлесуі, тіпті адам мен адамның тіл-

десуі азайып бара жатыр. Бұл жақсы емес. Отбасында ата-ана баласымен міндетті түрде сөйлесіп, сырласып тұруы керек. Осыны ата-аналар басты назарға алса екен. Ал білім мен тәрбиенің қайнар көзі – әр баланың туған жерінде, ана тілінде... – дейді тәжірибелі педагог Сайраш Әбішқызы.

Сөз орайы келгенде Сайраш апайдан өз туған жері туралы сұрадық...

– Мен Семей өңірінің қызымын. Өз жерімді мақтан тұтамын. Небары 17 жасымда арман қала, алып шаһар – Алматыға жол тарттым. Сол кезден бастап туған ауылым, Ақсуатым менің сағынышыма айналды. Шіркін, туған жердің ауасы да, топырағы да, аспаны да ерекше ғой!.. Ауылға жиі барып тұрғанға не жетсін!.. Жолым түссе, мен де ауылға ат басын бұрып тұрамын. Туған ауылымның, Ақсуатымның, Семейімнің бүгінгі кескін-келбеті мені ерекше шаттыққа бөлейді. Семей қаласындағы орталық алаңымыз жаңартылып, қаланың көрнекті жерлері көркейе түскен. Алдыңғы жылы қалаға барғанымда Ертістегі аралда болдым, ондағы жаңадан салынған құрылыстар қатты ұнады. Бейбітшілік стелласындағы қарлығаш жақсы ойластырылған. Бұл құсты қазақ халқы ерекше жақсы көреді. Қарлығаш тек таза жерге, береке-бірлік ұйыған жерге ғана ұя салады. Тазалық пен тыныштықтың символы – қарлығаш бейнесі бейбітшіліктің ұясындай болған осы аралда өз орнын дәл тапқан. Қала тұрғындарының әлеуметтік мәселелері де біртіндеп оңтайлы шешімін тауып жатыр, – деген Сайраш Әбішқызы әңгіме барысында игілікті істердің басы-қасында жүрген қала әкімі Айбек Мұталапханұлына алғысы зор екенін жеткізді.

Мәдениет және білім беру саласының қайраткері, «Құрмет» орденімен марапатталған педагог-журналист, елімізде әйел заманастардың ішінде алғашқылардың бірі болып Платиналы «Тарлан» сыйлығының иегері атанған Сайраш Әбішқызы зейнеткерлік демалысқа шықса да, бүгінге дейін «Қазақстан мектебі» журналының кеңесшісі, республикалық-педагогикалық «Тәрбие құралы», «Биология және салауаттылық негізі», «Химия мектепте», «География және табиғат» журналдарының бас редакторлары кеңесінің төрайымы қызметін атқарып келеді.

«Қазақ журналистикасы даму үшін салалық журналистиканы дамыту керек...» деген Сайраш апайдың өзі – педагогика саласы-

на маманданған журналист. Сол арқылы елімізде педагогика саласының да дамуына елеулі еңбек сіңірді десек, артық айтқандық емес. Ал журналист ретінде қоғамдық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты немесе қандайда бір көкейкесті мәселелерге қатысты ол кісі әркез азаматтық танытып, халықтың сөзін сөйлеуден жалыққан емес. Қашанда салмақты ой, салиқалы пікірлерін алға тартып, елге жанашырлық танытып жүргені.

– Жастау кезімде әкеме: «Сіз маған ешқашан қызыңыз сияқты қараған емессіз, маңдайымнан сипап, бетімнен сүйген емессіз...» деп реніш білдірдім. Сонда әкем: «Сайраш-ау, мен сені бауырымдай көрдім, өзім жалғыз болғандықтан сен маған бауырымдай едің...» дегені бар. Ойлап қарасам, расында солай екен. Мен еш уақытта балам жоқ деп ойламаппын. Өйткені, «Әр қазақ – менің жалғызым» демекші, әр қазақ – менің бауырым, әр қазақтың баласы – менің балам...

Мұндай сөзді нағыз педагог қана айта алса керек...

Сәуле ӘБЕДИНОВА,
«Ақжүніс» журналы, 2014 жыл, №9, 16-19-беттер

ҒҰМЫРЫ ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ЖАН

Мен Сайраш апайды бала күнімнен білемін. Отбасымыз араласып тұрды. Әкем Жақан Құсайынов апайды «қарындасым» дейтін. Ал анам Рза Қунақова, Күләш апай Бейсенбиева мен Сайраш апай үшеуі «Қазақстан әйелдері» журналында бірге қызмет атқарды.

Әрине, мен ол кезде жас болдым және апайды үйде қонақта болғанда ғана көріп, сол кісілердің қарым-қатынастары арқылы ғана таныған болатынмын. Үлкендердің бұл әдемі сыйластықтары өнегеге толы еді...

Өкінішке қарай, тағдырдың жазуымен менің ата-анам дүниеден озып, біз олармен араласқан жайсаң-жақсылардың көбінен қол үзіп кеттік. Дегенмен сол замандас, қатарластарының аты-жөндері естіле қалса, көңілім елегізіп, көргім келіп тұратын. Орайы келіп жатқанда, кездестіріп те жүрдім.

Араға жылдар салып, қызмет бабымен мен Астанаға ауысып кеттім. Ел-жұрт, ағайын-туыс, жақындарым Алматыда қалды...

2000 жылы қыркүйек айында Жамбыл облысы Қордай ауданы Ноғайбай ауылының орта мектебіне анам Рза Қунақованың аты берілді. Мектептің салтанатты ашылу рәсіміне бірқатар ақын-жазушылар, ата-анамның ағайын-туысы, жекжаттары, жолдастары қатысты. Күләш апай Бейсенбиева мен Сайраш апай анамның аруағын құрметтеп, құрбыларының туған жеріне бөрінен бұрын келіп жеткен болатын.

Сондай-ақ 2008 жылдың күзінде анамның туғанына 70 жыл толуына орай Қазақстан Жазушылар одағында өткен еске алу кешіне Сайраш апай келіп, анам туралы біраз естеліктерін ортаға салды. Содан бері үзілген байланысымыз жалғанып, телефон арқылы хабар алысып тұратын болдық.

Осыдан екі жыл бұрын Сайраш апай Астанаға көшіп келуге ниеті барлығын білдіріп, Елордаға келгенін хабарлағанда қатты қуандым. Ата- анамның «көзіндей» болып жүрген апайды тез арада үйге қонаққа шақырып, емен-жарқын араласып, біраз шер тарқаттым. Сонда апайға: «Сіз менің төркінімсіз, мұнда мен жалғызсырап жүр едім, енді сіз келіп, ортамыз толатын болды» деген едім.

Аллаға шүкір, Сайраш апай Сарыарқаның төсіне қоныс аударып, зиялы қауым қатарын толықтыра түсті. Содан бері апайға әбден бауыр басып, етене араласа жүріп, мен ол кісінің рухы биік, үлкен жүрек иесі екенін таныдым. Апайдың өз аузынан өмір жолы туралы айтқан әңгімелерін тыңдай отырып, қиындықты жеңіп, сынақтан сүрінбей өтуіне құдіретті Алла Тағаланың берген таудай талап, сыйымды сабырлылық, тозбас төзімділігіне тамсандым. Еліне жасаған қызметінің еленіп, жоғары бағаланғанына қуандым. «Бақыт бағасын білгеннің басында ғана тұрады» демекші, мемлекет тарапынан зор марапатты иеленіп, үлкен құрметке бөленсе де, апай өте қарапайым, жаны таза, мейірімді жан болып қалғанына тәнтімін.

Қай тақырыпта болмасын, апайдың айтқан әңгімесі мәнді де мағыналы, өнеге мен үлгіге толы. Өмірден көргені мол, түйгені көп. Қашан да апайдың үйіне бара қалсам, жайылған ақ дастарханы басында замандастары, ағайын-туыс, бауырлары толып отырады. Мен де апамыздың арқасында талай игі жақсылармен туыс болып

кеттім. Халқымызда жақсы сөз бар: «Адам мен адамды қоса білген адам – жақсы кісі, ел мен елді қоса білген – дана кісі», көпшіл және дархан мінезді болу да Сайраш апайдың ерекшелігі деп білемін.

Қазіргі уақытта әр адам өз қара басының қамын күйттеп, «маған ғана таң атсын, маған ғана күн шықсын» деген заманда маңайындағы адамдарға сая, жан-жағына пана, ағайынға жанашыр болатын адам кемде-кем. Ал Сайраш апай болса, адами қасиеттердің бәрін жоғары ұстап, өзінің бауырмалдылығымен, жүрегінің ақтығымен, пейілінің кеңдігімен айналасына шуағын төгіп, шарапат-шапағатын жаудырып, барлығына қамқор болып жүр. Бұл – әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Адамның ірілігі оның кісілігімен бағаланады емес пе? Бұл орайда, Сайраш апай ірі тұлға дер едім.

Бүгінде апай зейнеткерлікке шықса да, аттан түспей, тыным таппай, қоғамдық өмірге белсене араласып жүр. Өйткені жан тыныштығын ойлап, айналаға бейжай қарау, немқұрайлылық таныту апайға жат дүние.

Биыл мерейтой иесі болған апай туралы талай жылы лебіздер мен тілектер айтыла беретініне сенімім мол. Көп тілеуі көл болар. Мен де Сайраш апама мықты денсаулық пен күш-қуат тілеймін. «Жақсы адамдар өзіне байлық жинамайды, өздері байлыққа айналады» демекші, Апай, сіз – біздің байлығымызсыз. Алла Тағала деніңізді сау қылып, ұзақ жылдар бойы жүрегіңіз «халық, бауыр» деп соға беруіне нәсіп етсін!

Қазақ Еланаларының ізін жалғастырған, халықтың амандығын, жұрттың тыныштығын ойлайтын, ғұмыры ғибратқа толы Сайраш апамыздай халқымыздың қайраткер қыздары көп болса екен.

Ғалия ҚҰСАЙЫНОВА,
Жақан аға мен Рза Қунақованың қызы,
Парламент әкімшілігінің қызметкері.
«Ақжүніс» журналы, 2014 жыл, №9, 19-20-беттер

ЖАН ШУАҒЫ

Эссе

Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын.

Халық мәтелі

Өмірде небір адамдармен ұшырасасың.

Олардың бірі жұғысқаннан-ақ көңіліңе күн орнатып жібереді...

Ал, көзі жылмиып, өтірік күлгенсігенімен, сұрқай пиғылы сыртқа теуіп тұратын екіншісінің сықпытынан-ақ арқаң мұздайды.

Әне, бос қауғадай қаңғырлаған қуыс кеудесі мен құрқылтайдың ұясындай бір уыс түсінігін жасыру үшін сәлеміңді саусақтың ұшымен ғана әрең алып, көк тірегендей ыңырана талтаңдап үшіншісі кетіп барады...

Бәрі заңдылықтан. Бес саусақ бірдей емес, мың-миллион мінездің қайсысын ежіктей бересің. Өзіңде де біреуге жағып, біреуге жақпайтын әдет көп, кейде қуанғаныңды да, ренжігеніңді де елемей, күнделікті күйбең тірлік жетегінде аяңдап жүріп жатасың. Дегенмен, жақсылық-жамандығымен өз өміріңе тікелей ықпал еткен адамдар туралы толғанбай тұра аласың ба?!

Осы ғұмырымда талай жанның шапағат-шуағына бөленіппін. Арагідік «енді сол кісілердің еңбегін қалай ақтасам болады?» деп қиялдайсың. Әрине, желкеңнен төніп «қарызыңды өте!» дейтін ешкім жоқ. Бәрібір ар алдында есеп бермей және жүре алмайсың. Сондайда, расымен, осынау адамдардың жақсылығын қалай ақтаймын деп қиналуың қисынды ғой.

Иә, қайтіп өтемексің ел еңбегін?! – Осыны білмейді екем-ау.

Кей ағайынның қорлығы да өтіп бағыпты. Ал солардан қарымта қайта ма, жоқ па?..

Бұ да бір жауабы жоқ, бұлдыр сауал. Е, жарайды. Қойшы оны! Қайтесің... дейсің де тынасың.

Осылайша, сеңдей сапырылысып жөн-жөнімен ерсілі-қарсылы ағылған халықтың арасында теңіздегі бір тамшыдай мен де ано-оу тым алыста бұлыңғырлау бұлаңдаса да өзім межелеген бағытты бетке алып жүріп келемін. Діттеген мәре жеткізе ме, сапар қай жерде үзіледі?! – О да беймағлұм...

Ойланып, өткен-кеткеніңе шолу жасап, қым-қуыт тірлік құбылыстарын сана сүзгісіне салып келе жатқаныңда көз алдында сонау бір кездердегі сыныптастар... қарулас достар... курстастар... ұстаздардың кескіндері көлбеңдейді.

Қызық, солардың көбін бүгін әбден ұмытуға айналыппын-ау мен. Бәлкім, жүрегіңе жақын болмағандықтан, көкейінде жарқын іздері қалмағандықтан шығар.

Мезетте көмескі елестеген сол бейнелердің арасынан жарқ етіп, жабырқасаң жұбатқан, жауырғанда жылытқан аса бір аяулы адамдардың тұлғалары мөлдірей айшықталып жаныңа нұр сепкендей болады.

Осы бейнелердің қақ ортасынан Сайраш апайымның... қазақтың қайраткер қыздарының бірі Сайраш Әбішқызының болмысы тіптен жарқырай түсіп айқындала көрінеді. Өйткені бұл кісінің орны көпшілігіміз үшін аса ерек...

Шырқау биіктегі бұл бейнелердің бірі: «Бізді де естен шығардың-ау, ә? Бұл қалай?!» дейтіндей жүзіңе жазғыра қарап.

Қысылыңқырап қаласың да, көбіне осындай жанашырларыңның да қадіріне жете алмай жүретініңді бәрібір мойындамай: «Жоға, неге ұмытайын! Ұмытқам жоқ. Күнде ойлаймын сіздерді!» деп дауыстайсың іштей.

Тағдырдың сұрапыл толқындары мені де жоңқаша лақтырып, сергелдеңіне салып-ақ бағыпты. Қазір де сол сәтсіздіктерің, қамыққан, торыққан тұстарың ойға оралса, көзің мұнартып, қоңырқая бастайсың.

Қалайда, саралап байқасаң, әлгі тоқыраулардың көбіне ең алдымен өзің кінәлі болып шығады екенсің.

Не айтатыны бар, ту төбеңнен шыр айнала келіп басыңа қонғалы тұрған бақты қос аяқтап тепкен кездер бізде де болыпты. Жастықтан, өзім болам деген өркеуде баландықтан, анығырақ айтқанда, ақымақтықтан бәрі. Ал өмір асты-үстіңе түсе, бар қатеңді кешіріп, өбектей беретін әжең емес, қай еркелігіңді көтергендей.

...ҚазМҰУ-дың журналистика факультетінің IV курсында жүргенімде «Біздің Отан» (кейін «Шалқар») газетінің бас редакторы Мұса Дінішев ақсақал (әйгілі әнші Әлібек Дінішевтің әкесі) қызметке шақырды.

Әңгімені созбұйдаламай салған беттен-ақ:

– Шырағым, сені кісі таппай шақырып отырғам жоқ. Босаған жалғыз орынға таласушылар көп. Көпшілігі елге белгілі ақын-жазушылар болса да ешбірін қабылдамай отырмын. Редакциядағы шығармашылық жұмыстың «қанын» жаңарту үшін бізге өзіңдей свежая струя керек. Табаны күректей 170 сом айлық белгілеймін, бір жылдың ішінде үй аласың. Кел, айналайын, жамандық көрмейсің! – деген.

Оқу орнын бітірмей жатып астанада шығатын аты жарты әлемге аян газетке қызметке орналасу екінің бірі түсінде көрмейтін бақыт емес пе!

Алайда, не сор түртеді десейші, халықаралық болғанымен, көлемі қораштау газетті қоңылтақсимын ба, келгім келмей сипақтап:

– Аға, мен араб шрифтын танымаушы едім... Анау-мынау... – деген сылтауларды алға тартамын.

– Е, оның жарасы жеңіл ғой, – дейді Мәкең, – бір аптада-ақ игеріп кетесің.

Бұдан кейін үлкен кісімен сөз таластырудың реті болмайды. Мұсағаңа не келемін, не келмеймін деп кесімді жауап айта алмай, міңгірлеп тұрып, сырғақтап шығамын да, «Кірпіш зауыты» көшелеріндегі жалға тұрып жатқан пәтеріме тайып отырамын.

«Үй» дегені көңілге қонып еді. Тұңғыш ұлым да аяқтанып қалған. О кез совет өкіметінің дәуірлеп тұрған шағы ғой, жас мамандардың баспана мәселесін жеңіл шешетін арнайы қаулы болатын. Соны ойлап, «е, үй қайда қашар дейсің, бір жөні болар, «Отанды» қоя-ақ қояйын» деп, көңіл жұбатамын.

Әйтеуір, Мұсағаның екі-үш мәрте кісі жібергеніне де қарамай, қашқалақтап, о жаққа жоламай кеттім.

Сондағымның адам түңілерлік күпірлік екенін бала-шағамен бірнеше жыл бойы кісі есігінде қаңғып, бармақ шайнап жүргенде бір-ақ білмеймін бе!..

Не керек, сөйтіп V курс та тәмамдалған. «Сағат Әшімбаевтың сыншылық шеберлігі» деп аталған диплом жұмысын үздік қорғап, оқу орнын да бітірдім. Сағат аға ол кезде Қазақ ССР Мемлекеттік телерадио комитеті төрағасының орынбасары еді, тақырыпты зерттеу кезінде өзара жақсы тіл табысқан соң маған: «Ақыры журналистика мен әдебиетке ден қойған екенсің, Алматыдан кетпе, қалың шығармашылық ортасы жан-жақты өсуіңе, есеюіңе де

жақсы, қалаған қызметіңе орналасып, үй алуыңа жәрдемдесемін» деген.

Сыңарезулігім тағы сорлатады. Кейде бір жөн-жосықсыз «ел, ел» деп емешегіміз үзіліп, елпілдеп қалатынымыз бар ғой, мен де Қарағанды қашып кететіндей, бүйрек бұрып, со жаққа қарайладым да қалдым. Және іштей «Алматы тұра тұрсын. Астананың у-шуынан тынығайын. Маған таныс қайнаған өмір материалдарының бәрі елде. Бара салып шетінен кертіп жаза берейін» деймін де.

Солайша, Сәкеңе де құлақ аспай, кеншілер астанасына тартып кеттім. Бірақ онда мені асыға күтіп, бала-шағама үй-жай дайындап отырған ешкім жоқ екен.

Облыстық газетке жақсы орналасқанмен, баспана қылып сағаламаған жер қалмай, ақыр аяғы қаланың 26-кварталында орналасқан кілең қағылған-соғылған, маскүнем, жезөкше, жүліктер жиналатын атақты «Дом 500 веселых» үйінде де тұруға тура келген.

Қиналасың. Бірақ «бөрі арықтығын білдірмейді» – сыртқа сыр бермеген боласың. Бір жақсысы, жассың, қай іске де білек сыбана құлшынып барған су жаңа мамансың, көбіне күні-түн жұмыстың қызығымен жүріп-ақ күйзелуге уақыт та болмайды.

Күндердің күнінде біздің тұрмысымызды сырттан бақылап жүрген үлкен қызметтегі жамағайын ағаларымның бірі мені ертіп барып, қаланың қақ ортасында бос тұрған алты бөлмелі үйді көрсетті. Кезінде кеңсе болса керек, ауласының өзі ат шаптырым, сыртынан-ақ кең сарайдай жақсы салынғаны көрініп тұр. «Таяуда мынау жекеменшікке сатылады. Алты мың сомды сен тап, қалған бірер мыңы менің мойнымда. Қазір үкіметте баяғыдай тәртіп бар ма, бір-екі жылда үй ала қоюың қиындау болар. Саған алаңсыз жұмыс істеу керек, үй жоқта не береке қалады, осыны ал қалайда. Қашанғы итшілеп жүресің!» дейді ағатайым.

Ондай қаржы студент аудиториясынан кеше шыққан менде қайдан болсын, бас шайқап, ыржидым да қойдым.

Әрине, жақын ағайындарыма жағдайым осылай боп тұр, үйдің кезегі көрінетін түрі жоқ деп алақан жайып барсам, елдік жасап әлгі ақшаны тауып та берер еді. Алайда ондай қадамға әншейіндегі аршыл, намысшыл басың өлсең апарар ма.

Жалақыңды екі айдың арасында өзер жеткізіп жүрсең де, келіп-кетіп жататын туған-туысқа қонақжайлық танытып, іш алдырмайсың. Олар да ахуалыңды байқап отырғанмен, қолындағысын ұстата салуға асықпайды. Оған ренжімейсің де – «Ағайын жоқ болсаң бере алмайды, бар болсаң көре алмайды».

Солбырайып редакцияға оралып, кіре бере алдында ғана асханадан тамақтанып шығып келе жатқан әйеліме: «Қанша ақшаң қалды?» дегенімде жаутаңдап, «Пятьдесят копеек» деп орысша жауап бергені есіме түсіп жылағым келді. Қазақша айтсам, тіптен жабырқатып жіберермін дегені шығар. Ағам да айтады-ау, сөйткен менде қайдағы алты мың сом?! О-о-ой!..

Өстіп жүріп арада үш жыл өткенде «Лениншіл жас» жұмысқа шақырды.

Ойыма Рембрандтың әйгілі «Адасқан ұлдың қайтып оралуы» картинасы түседі. Дәл сондағыдай бірталай сандалып, табан тоздырған соң, бетті астанаға қайта түзейміз...

Өкінішке қарай, ол Совет Одағының іргесі сөгіліп, балапан басына, тұрымтай тұсына тарта бастаған берекесіздеу кез болатын. Бұрынғы заң, қағидалар да жайына қала бастаған. Жаңа бастығым да алдын ала мұндағы баспана зәрулігінің тіптен қиындау екенін ескерткен. «Жазған құлда шаршау жоқ», көрмей жүрген ділгірлік емес, келіскенбіз.

Келсем, мұндағы жігіттердің де көбі тура мендей әйел-баласын көрінген жерге паналатып, шапқылап жүріп жатыр екен. Біз де жатақханадан жатақхана, пәтерден пәтер ауыстырып көше жөнелетін «ежелгі өмір салтымызды» жалғастыруға кірістік.

Бір сүйініштісі – қиын да қызықты қызметің бар, қоғамда болып жатқан күрделі өзгерістердің басы-қасында жүресің. ТМД республикалары басшыларымен қатар әлемдік деңгейде азуларын айға білеген небір шетелдік саясат сайыпқырандарымен жүздесесің, тәуелсіздік жолына түскен халқыңның тағдырын жақсартуға зәредей болсын үлес қосуға ұмтылып, зыр жүгіресің. Ал ел тағдыры, сайып келгенде, өз тағдырың ғой...

Мұндайда біздейлерді ұлы майданның алғы шебінде жүрген жанқияр жауынгерлерге ұқсатуға болар еді. Бірақ «тылың» осал, сәулетті сарай, заңғар ғимараттардағы жұмысыңнан соң шаршап-шалдығып келіп біреуден жалдап алған тауық күркесіндей

«құжыраңа» енгеніңде, көңілің жел гулеген даладай құлазиды. Жарыңның сынық жүзі мен балаңның мұңды жанары арқаңды мұздай қариды.

Сөйткенше бес жыл да зу етіп өте шығыпты.

Бірде троллейбус ішінде белгілі журналист Қайыммұнар Тәбей ұшырасып қалды. Сыйлас, сыралғы ағам көпшілік журналист ағайындардың әріптес іні-қарындастарына сырттай қамқор болып жүретін әдетінше өзіне тән сырбаздықпен там-тұмдап қана халахуалымды сұрады. Бірақ баспанаң не болды, ертеңгі күніңді қалай көрмексің деп қазбалаған жоқ. Оған бәрі де белгілі еді. Тек көліктен түсе бере:

– Сен осы Сайраш апайға жолықшы. Жалпы, саған сол жер қолайлы болар. Сөйт! – деп қалды.

«Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы Сайраш Әбішқызын алғаш әлдебір жиналыста көргенмін. Мемлекеттік тіл мәртебесі туралы мәселе қозғалып жатты білем. Мінберге көтерілген Сәкеңнің көкейкесті ойын тайға таңба басқандай жеткізіп, жан-жүрегімен төгілте, жалындата сөйлейтіні есте қалыпты.

Сонда келбеттілігінен бе, неге екенін, осы апайды дүйім ел «Биік келін» атаған Ақжолтай Ағыбай батырдың анасы Қойсана шешемізге ұқсатқанмын. Тұлғасы кесек пішілген сол анамыздың ақылының, тәкаппарлығының, ділмарлығының алдында кеуде керген талай ер мыстары басылып, тырп ете алмай қалатын деуші еді. Тіліңің өткірлігінен шығар, сол сәт Сәкең де бетің-жүзің демей кесіп түсер айбындылау көрінген. Әлгі жиында шешеннің мір оғындай нақты мысалдарына жұртшылықтың айрандай ұйығанын да ұмытпаппын. Сайраш апайды жақынырақ білетін кей жолдастарым ол кісі туралы әңгіме қозғалса: «О-о-о, апай алтын ғой! Ел қамқоры... әділет жанашыры... Қаншыл, жүректі адам!.. Өтірік пен көлгірлікті, мәймөңкені жек көреді. Өйтіп ол кісінің ашуына ілігуден сақтасын!» дейтін.

Қайыммұнар ағамның ұсынысы ой салып, Сайраш апайыма жолықсам жолығайын, бірақ қалай қабылдар екен деп бір-екі күн тайсақтап жүрдім де, белді бекем буып, қой, нартәуекел, тонымды шешіп алмас, қызметін бермесе бермесін, ел аузында жүрген адаммен жүзбе-жүз тілдесіп қайтудың өзі неге тұрады деп, бардым.

Бекер жүрексінгенімді соң білгем. Кең кабинетте шұқшиып қағаз қарап отырған апай ісін ысыра тұрып сонша жылы, мейірле-

не қабылдаған. Жүзіңе басын шайқалтыңқырап, жанарынан нұр шаша зерделей қарап, сөзіңді зор сабырмен, ыждаһаттана тыңдайды екен. Бес-он минуттың ішінде жағдайымды желдірте айтып шықтым. Үйсіз-күйсіздеу жүргенімді естігенде мұңайыңқырап қалғандай болды. Кім білсін, көзіне өз Отанынан өгейлік көріп, баспанасыз жүрген мен сияқты інілерінің тұтас армиясы елестеді ме?..

Мән-жаймен мұқият танысып алғаннан кейін:

– Баспана мәселесі қай жерде де қиын, – деді күрсініп. – Егер «Қазақстан мектебіне» орналаспақ ойың болса, бір орын бос, кел. Үш айдан соң журналдың шыға бастағанына 70 жыл толады. Соған орай арнайы мерекелік нөмір дайындау үстіндеміз. Іс қарбалас жүріп жатыр. Келсең, ертеңнен бастап жұмысқа кірісесің. Ал үй туралы ештеңені кесіп айта алмаймын...

Кеңседен көңілді шықтым. Бастықтың кең пейілі, ал кеттімсіз ұстамы, уәдеге сараңдығы қуантқан. «Аралап талай жердің дәмін татып», мандайды да тасқа талай соғып ысылып қалған кезіміз ғой, редакцияға бара салып үй ала қояйын деп өзімнің де иегім қышыған жоқ-ты.

Келесі күн іске араласа-ақ аңғардым, журналдағы шығармашылық өмір газеттегі тірліктен мүлдем өзгеше екен. Мұнда ондағыдай далиған штат та, күнделікті от ала қашқандай қуғын-сүргін жүгіріс те жоқ, шағын отбасы мүшелеріндей ғана ұжым өзді-өзіара ақырын күбірлесіп қойып, шаруаларын өгізаяң қимылмен-ақ опыра тындырып жататын сияқты.

Апай редакцияда қызмет ететін сайдың тасындай үш-төрт жігіт пен еліктің асығындай төрт-бес қызды таныстырды. Бірінен-бірі өте жұтынып тұрған бойжеткендерді «Дикабай, Микабай, Жакабай» деп шақырады. Сөйтсем, олары Динара, Мейрамгүл, Жанар деген қыздар көрінеді. Ғылыми-әдістемелік басылымға жетекшілік жасап отырған өзі педагог, психолог басшының қарауындағыларға деген мұндай қатынасы ұжым мүшелерімен арадағы өзара түсіністікті, сыйластықты нығайта түсетін таптырмас құрал-ау деп түйіп қойдым. Айтқандай, ұзамай-ақ қызметкерлердің де апайды туған әпкелеріндей қадірлеп, бүкпесіз сырласа беретіндігіне көз жеткен. Бірте-бірте мен де осындай бір атаның балаларындай тату да еңбекқор ұжымға кіріге бердім.

Тағы бір таңдандырғаны – осы шағын ғана топ «Қазақстан мектебі» журналымен қатар оның әрқайсының көлемі бес баспа табақтан келетін «Қазақ тарихы», «Информатика, физика, математика», «Биология, география және химия» қосымшаларын да шығарады екен! (Кейін білдім, кезінде «Русский язык и литература в школе», «Бастауыш мектеп», «Отбасы және балабақша» журналдары да «Қазақстан мектебі» шаңырағынан қанат таныпты). Маңызды-маңызды бұл идеялардың дені тікелей Сайраш Әбішқызының қайраткерлігі арқасында жүзеге асыпты.

Республиканың ғылымы, білімі саласында зор мемлекеттік мәнге ие осынау күрделі қадамдар кішкене ғана штаб-пәтердей редакциядан бастау алып, іске еніп жатса таңырқамай қайтесіз. Ал бастаманы көтеріп, оны өмірге араластырудың арасында қаншама қажыр-қайрат қажеттігі өзі-өзінен белгілі ғой.

Бас редактор бөлімдерде әзірленіп, ай сайын өндіріске кететін осы басылым материалдарының бәрін тапжылмай бастан-аяқ оқып, қайта редакциялап шығады. Бастық талабы бойынша орфографиялық, стилистикалық, логикалық төрт-бес қате болса, бет түзетіліп түгелдей қайта басылуы керек. Бұл – көбінесе хатшы-машинистка қыздарға «сор». Сондықтан олар да бөлім редакторларының материалды сапалы дайындауына талап қоюға мүдделі. Демек, қызметкерлер жұмысты екі істемей қолға алғаннан-ақ неғұрлым тиянақты орындауға ұмтылады. Сөйтіп, әрбір мақала баспаға ине-жіптен жаңа шыққандай жарқырап, «су жаңа» күйде жіберіліп тұрады. Бұдан кәсіби мәдениет биіктігі де байқалмақ...

Әр қызметкердің мінез-құлқы да, жұмыс әдісі де әр қилы. Біреуінің алдында шашау жатқан парақ жоқ, жылан жалағандай жым-жылас. Екіншісі жүз жол хабар жазу үшін алды-артынан газет-журнал тігінділерінен «баррикада» жасап алады...

Өзімнің ең жаман әдеттерімнің бірі – үстелімнің үсті үнемі ыбырсиды да жатады. Жұмыс үстінде қағаздарым, тіптен, жайылған малдай еденге дейін шашырап кетеді. «Бұл – шығармашылық мінездің белгісі» деп, өз-өзімді іштей қанша ақтағанмен, осы үшін бастықтарымнан талай сөгіс естідім. Ұқыпты-ақ болайын деп қазір-ақ жинастырып қоямын, мезетте-ақ төгіліп-шашылып, қайта жайрайды.

Бір қызығы, тазалыққа қатал Сайраш апайым еңбек сапасы мен өнімділікті бәрінен жоғары қоятын қасиетінен болса керек,

«мынауың не?» деп ескерту жасаған емес. Кіре қалса, салақтығыма жымия қарап үндемей шығып кетеді. Ондайда, әрине, өз-өзіңнен қысылып, жалма-жан қайта жинақтала бастайсың.

Және бір ерекшелік – журналистердің басым көпшілігі жұмысты таң азаннан өндіреді, бірі бап тілеп, түс ауғанша толғанып жүріп алады. Өзім салмақты дейтін мақалаларды түнгі сағат екіүш мөлшеріне дейін отырып жазғанды қалаймын. Бұл әдет те қалыптасқан кеңсе тәртібіне әбден қайшы. Тапсырманы ойдағыдай даяр қылғаныңмен, ертеңгісін тұра алмай, қызметтен кешігесің де жүресің. Бастық мұны да байқап қалып: «Жұмыс кестеңді өзің белгіле. Ерте келсең – ерте, кеш келсең – кеш қайт» деп кеңшілік жасайды. Бұл жақсылықты сөз жоқ, сен де лайықты ақтауға тырысасың.

Бас редактордың шығармашылық күштің қабілет-қарымын тамыршыдай тап басып, оларға белгілі іс саласын жеке икемдеріне қарай таңдап беруі қызметкерлерге де ыңғайлы. Редакцияда атқарылатын міндеттер сырын жетік білетін журналистер қашанда өзіне жүктелер тапсырмаларды орындауға саптағы солдаттардай сай тұрады.

Солдат демекші, кейдегі әпкелік риясыз пейілмен: «Қарындарың ашып жүрген жоқ па?.. Ақшаларыңды ұқыптап ұстаңдар... Аяқтарың жылы жүрсін!..» дейтін Сәкеңді бір сәт қамқор командирге де ұқсатуға болады. (Жағдайы келіспеген жауынгер ел қорғай ала ма?!).

Анда-санда: «Келіннің халі қалай? Балалар ауырған жоқ па?» деп үй ішіңнің ахуалын тәптіштеп сұрайтыны бар. Бұл кезектегі әшейін қатынас болып көрінгенімен, «отбасы – шағын мемлекет» – бүкіл жарқын істің сәулесі бір нүктеден шуақ шашып, нұрлы әлемге ұласпай ма. Осы құбылыс сырын тереңнен байқайтын басшы маңызды мәні бар «ұсақ-түйекке» жіті көңіл аударып, назардан тыс қалдырмайды.

Бас редактордың бір басына журналдардың заман талабына сай тақырыптық, мазмұндық, формалық сапасын арттыру, оларды бастыратын қағаз табу, өзге де түрлі қаржылық шығындар үшін демеуші іздеу сияқты толып жатқан күрделі міндеттер жетіп артылар еді. Қайран қалдыратыны – Сайраш апай бұл істерді игеруімен қатар, басқа да салмақты қоғамдық жұмыстарға белсене

араласуға уақыт табады. Оған мысал ретінде басқасын қойып Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуының басы-қасында жүріп, өзі тұңғыш төрайымы, онан Еларалық қазақ-қырғыз қауымдастығының төрайымы болғанын атасақ та жеткілікті болар. Сол сияқты кезінде Сайраш апай басқарған тұста «Қазақ тілі» қоғамы бүгінгі қазақ мектептері мен балабақшалардың ашылуына тікелей мұрындық болды.

Осындай бағыттағы немесе білім жүйесіне байланысты түрлі деңгейде өтіп жататын жиындар мен іссапарлар қымбат уақытты ұрлаудай-ақ ұрлайды ғой. Ал Сайраш апайда істі сырттан бақылап, тек отырып қайтатын әдет жоқ, көкейде қайнаған пікірін биік мінберден бір-ақ айтпай, тыншымайды. Мұндай мінез қоғамдық құбылыстардың басы-қасында шыр-пыр болып жүретін нағыз ел жанашырларына ғана тән шығар.

Жиі болатын осындай шаралардан соң Сайраш Әбішқызын редакция кеңсесіне іздеп келушілер қаптап кетеді. Әсіресе, сұхбат алуға ниеттенген телерадио тілшілерінің аяғы көпке дейін басылмайды.

Бірқатар публицистикалық кітап жазған қаламы жүрдек Сәкең журналистік төл кәсібінен де бір елі ажырамайды. Толғантқан жайларды жедел қағазға түсіріп, республикалық газеттерге жөнелтіп отырады. Қаламгердің бертінде жарияланған проблемалық мақалаларының дені, негізінен, іссапарларда туған ой жемістері сияқты. Сондай жазбалардың бір-екеуінде апайдың кейбір облыс әкімдерін де батыл сынға алғаны жадымызда қалыпты.

1997 жылы тартымды мақалалар сериялары байқауында апайдың еңбектері Қазақстан Республикасы Журналистер одағы басқармасы тарапынан лайықты бағаланып, шығармашылық одақтың Мұхамеджан Сералин атындағы сыйлығының лауреаты атанды.

Сәкең не айтса да, не жазса да ұдайы халқын сүйген үлкен жүрегінің үкімін білдіретіндей. Сондықтан, апайдың бүкіл адамгершілік, қайраткерлік бітім-болмысын, ең алдымен, оның елжандылығымен байланыстырған жөн секілді. Кейде, тіптен, кейіндегі баспасөз беттерінде жиі көріне бастаған «ұлттық эгоизм» мінезінің нағыз иелері осы Сайраш Әбішқызындай адамдар ма деп ойлаймын. Әлдебір саяси шолушылардың «тұрақты лексиконына»

ене бастаған бұл тіркес, әдетте, жағымсыз мағынада, жекелеген ұлттардың «көрпені өзіне тарту» қимылдарын «әшкерелеу» бағытында айтылып жүр. Мұндай «насихаттың» қай жақтан тарайтыны белгілі емес пе. Бас-басына дербестік алып кеткен бұрынғы кеңестік республикалардың ризығын жеп үйреніп қалған ауыздарға ай-күн аманда тегін «майшелпектен» ажырау оңай боп па!

Әлгі «болжаушылар» «кей елдердің» ұпай түгендейміз деп әлемдік өркениеттен оқшауланып, шектелуге, тоқырауға түскенін тілге тиек етеді.

Қараңызшы, «тарихыңды тәрк ет, мәдениетіңді мансұқ қыл, дәстүріңді құрт, байлығыңды бізге бер. Сөйтіп барып қатарға қосыл. Босбелбеулікпен ғана ел боласың» деген уәж қисынға келе ме! Дана Сократтың «өзіңді таны!» дейтініндей, алдымен өз қадіріне жете алмаған адам да өзгені сыйлап оңдыра ма? Керісінше, сол «жағымсыз» ұлттық эгоизм қасиеті дәл қазіргі көбіміздің бойымызда болмай өкіндіріп тұр-ау. Іргені ашық тастап, баяғыша келген-кеткеннің бәріне «ақкөңілділік», «жомарттық» таныта берер болсақ, ел дәулетінің бұрынғыдай ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кете беруімен бірге төрткүл дүние алдында тек өзімізге ғана тән бет-бейнеміз бен мінез-құлқымыздан айырылу қаупі тумай ма?!

Төл тарихи мәдениет мұраларынан мақұрым қалған әрбір халық көлденең көк аттының арбауына түсіп, жетекке ере кететін жетім балаға ұқсайды деседі. Біз де тұтас дәуір бойы осы тағдырды бастан кешпедік пе.

Сүйініштісі, бүгінгідей шешуші сәттерде жаңаша дәуірге бағыт бұрған ел қамын жеп көш басында жүрміз дейтін ер азаматтардың өзінде бола бермейтін беттілікті, шешімділікті, жақсы мағынасындағы эгоизмді халықтың Сайраш апайдай қыздарының бойынан көріп қуанасың.

Сонау бір жылдары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сайраш Әбішқызының кеудесіне өз қолымен «Құрмет» орденін қадағанда оның халықтың сәулетті болашағы жолындағы осындай нар жүгін көтерер ерлігін, жанкешті еңбегін жоғары бағалағаны анық.

«Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деп Жұбан ақын айтатындай, қарап отырсаңыз, қай заманда да ел іргесіне сүйеу болған аналарымыз, апаларымыз екендігіне көз жетеді.

Ойлап көрсем, менің де тағдыр жолым басымды тауға да, тасқа да соқтыра жүріп Сайраштай асқар тау әпкеме әкеле жатыпты.

Апай жұмыста кәсіп сырларын игеруге баулыған тәжірибелі ұстаз ғана емес, қасындағы бауырларына өмірдегі кішіліктің, кісіліктің де жөнін үйреткен абзал аға болды десем артық емес. Ол бүгін де біздей көптеген қыз-жігітті кең қанатының астына алып пана да болып келеді.

...Бір күні үй алдым. Қас қарая күнделікті шаруаны аяқтап қайтқалы жатыр едік, хатшы қыз: «Қазір бастықта жиналыс болады, орындарыңызда болыңыздар!» деп кетті. Ойда ештеңе жоқ, барсақ, күн тәртібіндегі мәселе пәтер бөлу екен. Редакциядағы менен басқа шығармашылық қызметкерлердің бәрінің үйі бар-тын. Бас редактор қала әкімшілігінің «Қазақстан мектебі» журналының айтулы мерейтойына орай үш бөлмелі пәтер бөлгенін, оны маған берудің ұйғарылғанын мәлімдеп, шешімді қолыма ұстатты.

Бұл – жетекшінің күні бұрын төккен маңдай терінің жемісті мәресін, зор еңбектің ғажап нәтижесін паш еткен салтанатты сәт көрінісі ғана болатын. Әйтпесе, кейінгі судың өзі сатулы кезеңде әкімшілік жайдан-жай қай мекемеге үй таратып жатқандай. Ал қарауындағы қызметкерлерінің киімінің бүтіндігіне дейін уайым жейтін қамқор апайдың осы пәтер жолында қаншама есікті ашып, жүйке тоздырғанын тек өзі біледі. Мұндай жақсылықты әкеңнің де жасай қоюы екіталай емес пе?!

Қазір сондағы толқынысымды айтып жеткізуім қиын шығар. Жылдар бойына жер-жерде жүдеп-жадап босыдық қой...

Түнделетіп Әбділдабек досым екеуіміз менің қамсыз отырған бала-шағамды қуантуға келе жаттық. Көзіме «Берсең бер, бермесең қой баспанаңды» деп жүріп талай жылдар өткенде ақыры үйдің шешімін алып шығып, дәлізде «Не болды, не болды?!» деп, тағатсыздана күтіп отырған Сақыпжамал шешемізге үнсіз егіліп: «Қазір айтам, қазір айтам!» дей беретін Қасым ақынды елестетіп, көңілді мұң тербейді...

Бүгін де көшеде келе жатып «Бізді де ұмыттың-ау, ә?!» деп күлімдей қарап тұрған Сайраш апайдың кескінін көргендей болдым.

– Жоқ, апай, ұмытқам жоқ! – деп дауыстағым келеді тағы да. – Қалай ұмытайын!

Құлтөлеу МҰҚАШ,
журналист, Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері

АҚИЫҚ АНА ҚЫРАН АСПАНЫНДА!

Жүрегіңе көктем күніндей нұр шуағын төгетін, жаныңды түсініп, жабырқасаң, маңдайыңнан сипап, жабықсаң, қайрат-жігер беретін жаратылысы бөлек, жайсаң жандардың жер бетінде жүргеніне не жетсін, шіркін! Тіпті кейде өміріңнің бар мағына-мазмұны мен қадір-қасиетін де сол бір адамдарға қарап өлшеп-пішетін сияқтысың. Өйткені нағыз адал таразы, айқын жол бағыты да сол адамдардың іс-әрекеті мен мақсат-мұратынан көрініп тұрады.

Менің өмірімде сондай бір өшпес өнегесімен із қалдырған адам – Сайраш апай Әбішқызы. Бүгінгі таңда алпыстың асқарына шығып, елі мен жерінің алдындағы парыз-қарызын бір адамдай өтеп шыққан, сонысымен асқақ арман-мұраттар үдесінен көріне алған осы апайымның қабағына көлеңке түспесе екен, Құдай денісіне саулық берсе екен деген тілегімді іштей жиі қайталаймын. Иә, мұның себебі де жетерлік.

1986 жылы «Жалын» баспасында жүргізілген сұрапыл «қысқартуға» ұшырап, «Қазақстан мектебіне» жұмыс іздеп келгенімде, шын адамдық мейір-шапағатымен жұмысқа қабылдаған апайымның сол бір кездегі бет-ажары, жылы сөзі мен қайрат беріп қайрауы бүгінгідей есімде.

Мен «Қазақстан мектебіне» дейін журналистік мектептен өтпеген, таза әдебиетші қатарындағы жан едім. Екі жылдық мұғалімдік қызметтен кейін үш жыл «Балдырған» журналында поэзия бөлімін басқардым. Одан кейін «Жалын» баспасы. Мұндағы жұмысым – адамның ішін пыстыратын бір авторлардың түкке тұрмайтын өлеңдерін өңдеп-жөндеп, өндіріске өткізу болатын. Әрине, ол кезде де үзіп-жұлып болса да баспасөз бетіне мақалалар жариялап тұратынмын. Әр түрлі тақырыпта. «Қазақстан мектебінің» педагогика-психология бөлімінің редакторы ретінде, педагог-журналист ретінде мақалалар жазуға тура келгенде, алғашында қорқақтағаныммен, ең бастысы, Сайраш апайдың демеу-қолдауының арқасында тез арада-ақ бұл қызметке де төселіп кеттім. Апай қашанда маған күш-жігер беріп отырушы еді.

Шындығын айту керек, жастық пен мастықтың арқасында жаза басқан кездерім де аз болған жоқ. Анамдай аяулы адамды ренжіткен кездерім де жоқ емес. Сол туралы ойласам, жүрегім сазып,

арқам терлеп кеткендей боламын. Әрине, ол қателіктерімде арамдықтың көлеңкесі де жоқ болатын, сол баяғы жұмысқа келе алмай «ауырып» қала беретінім...

Сайраш апайымның арқасында қаншама жер көрдім, ел таныдым. Үлкен-үлкен проблемалық мақалалар жазу бақытына ие болдым. Қазір «Қазақстан мектебінің» сол кездегі сандарын парақтап отырсам, Қазақстанның біраз түкпірлерін сол кезде аралаппын, сол кезде тәуір мақалаларды дүниеге әкеліппін. Менің кейіннен «Қазақ әдебиетінде» де қамшы салдырмай кеткеніме осы бір «Қазақстан мектебінің» сабақтары үлкен көмегін тигізгені анық. Бұл өзі – мен үшін, мен ғана емес, осында істеген, істеп жүрген көптеген азаматтардың аяулы мектебі. Олардың қай-қайсысы болсын, Сайраш апайға деген алғыстарын айтып жеткізе алмай әлек болады. Әрине, оған себеп, осы «Қазақстан мектебінің» қатардағы қызметкері мен үй сыпырушысына дейін пәтерлі болуы және олардың бүкіл үй-ішілік жағдайларына дейін Бас редактордың назарынан тыс қалмауы, ең бастысы – мейірім, шапағат!

Өзім ойлаймын, егер осы апайымның мейір, шапағаты болмағанда, қай уақытта үй алып, қай уақытта қатарға қосылар едім деп. Иә, бұл бір айтып жеткізе алмас ізгілік..

Мен осы адамның сарқылмас қайратына, жемірілмес жігеріне таң қаламын. Бұл кісі тек халық үшін, адам үшін жаратылған сияқты. Қанша жылдар қатар жүріп, өз басының қамын күйттегенін көзім көрмепті. Тіпті, кейде ауырып отырған кезінің өзінде журналдың немесе әлдебір қызметкерінің қамын ойлап отыратынына таңғаласың. Жатып қалған кезінің өзінде телефон соғып, шаруаның мән-жайын тексеріп отыратыны тағы бар.

Менің осы жазғандарымды оқып отырған әлдекім «апайын әбден мақтапты» деп күлуі де мүмкін. Бірақ Сайраш апай туралы, әсіресе, ол кісінің тіл жетпес адамгершілік қасиеттері туралы осынау бір кішкентай ой-толғауда айтып шығу тіпті мүмкін емес. Өз басым осынау бір қазақтың нағыз біртуар адамымен әріптес, қызметтес болғаныма, қала берді бауыр, іні болғаныма шексіз ризамын.

Біздің қай-қайсымыздың болсын кішкентай ғана жетістігімізге шексіз қуанып, ажарланып, нұрланып кететін, ауыз толтырып айтып жүретін алтын апайымызға көңіл өтеуінен басқа ешқандай

жақсылық істей алмадық-ау деп ойлағанда, өзімнен-өзім ұялатыным да рас. Бірақ «Көп тілеуі – көл» деген ғой, сол көптің біреуі ретінде, жанымен жақсы көретін бауыры ретінде Сайраш апайыма сәт сайын саулық, саламаттық тілеп отыратыным – Алла алдында ақиқат!

Маған апайдың алатын биіктері, жететін жетістіктері әлі көп сияқты болып көрініп тұрады. Өйткені, бұл кісі қанаты талмай самғайтын мұзбалақ ана қыран сияқты – қажымас қайрат-жігердің иесі. Осы бір ана қыран қанаттандырып ұшырған балапандардың біразы қазіргі уақытта кереге қанаттарын кең жайып, қазақ аспанында қалықтап жүр. Соның бәрін Құдай көп көрмесін дейміз!

Әбубәкір ҚАЙРАН,
«Құрмет» орденді ақын, халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының иегері, «Тәрбие құралы»
журналының бас редакторы, Шығыс
Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының
Құрметті азаматы

ТАРЛАН БОЗЫН ҮМІТТІҢ ТАҢ АСЫРҒАН

Сонау бір соғыстың сұрапыл жылдары еді. Шалғайдағы «Ерназар» ауылының да есіл ерлері бірінен соң бірі майданға аттанып жатты. Солардың тілеуін тілеп, жаутаңдаған жар, аңыраған ана қалды. Соның бірі – Рахима әже болатын. Соғысқа дейін мектеп директоры болған Тілегені, ұжымшар құруға қатысып, ел алдында жүрген Әбіші мен Әбіжаны – үш ұлы бірдей батыстағы қанды қасапқа кетті. Тілеген мен Әбіжанның артында жеті бала қалды. Ал өздері болса, бірі – Будапешт түбінде, бірі – Белоруссия орман-дарында соғыс құрбанына айналып, мәңгі мекен тапты. Әбішті тағдыр желі Сталинград қырғынына апарып салды. Бір рет жараланып, ұрысқа қайта кіргенімен, Ростов түбінде екінші рет жараланғаннан кейін, 1943 жылы елге оралды.

Ауыр жылдар сынына барлық аналар сияқты қайыспай төзген Рахима әже тұңғышын аман көргеніне тәуба қылған. Бұл кез соғыстың беті түзелгендей болып, жеңіске деген сенім де молая

түскен. 1944 жылдың көктемінде Әбіштің шаңырағында шыр етіп дүниеге келген тұңғыш сәби үні ауыл-аймақты қуанышқа бөледі. Нәрестеге Сайрангүл деп ат қойылды.

Ердің жүгін арқалаған қайсар жан. Ақыл-парасаты мен өмір тәжірибесі бір басына жетерлік Рахима әжені жұрт ерекше сыйлайтын. Сол асыл әжесін Сайраш Әбішқызы бүгінде сағынышпен еске алады.

– Әжем мені тұңғышымнан туған тұңғыш деп өз бауырына салып, еркелетіп Сайраш деп атады. Туған шешемнен ерте көз жазып қалдым. Сөйтіп, мен әжемнің және екінші шешем Нұрбәтиманың тәрбиесінде болдым. Ол кісі маған өгейлік жасаған емес. «Майлыаяғым» деп, «балалардың ағасы» деп аялады. Әже тәрбиесінің де құдіреті ерекше ғой. Ол кісі соғыстан оралмаған екі ұлының отбасына да өзі ие болып, ұстап отырды. «Қайран біздің аналар арды ойлаған» дегендей, әжем сияқты адамдар қатал еді, қайсар еді, бірақ қатыгез емес еді. Әрдайым адамгершілік жолын іздейтін.

Міне, осындай туған дала, өскен орта, ұшқан ұя тәрбиесі жас адамның алдағы ғұмырына азық болып, шыңдаған үстіне шыңдай беріп еді. Жасынан өжет, турашыл, еңбекқор Сайраштан ел үлкен үміт күтті. Алматыдан оқу бітіріп, туған ауылына келгеннен кейін еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған жас маманға үйіп-төгіп берілген жүктеме, қосымша жұмыстармен қоса, мектептің комсомол ұйымының хатшылығы да міндеттелді. Ал келесі жылы оған аудандық комсомол комитетінің хатшысы болуды ұсынды. Айналасы бір жылдың ішінде Сайраш Әбішқызы аудан жастарының танымал жетекшісі бола білді. Газет бетіне жастарды жалынды іске шақырған, жағымсыз көріністерді сынаған мақалаларды жиі жазып тұрды.

Адам баласының тағдыр жолы бұралаң келеді ғой. Өмір оны біртіндеп туған ауылынан алыстата берді. Бірақ халқынан алыстаған жоқ, тұлғасы еңселеніп, қай істе болсын ел тағдырымен біте қайнасумен болды. Ғылым соқпағына түсті, қалам ұстап сөз семсерін сілтеді. Ол туралы сөл кейінірек...

Халық кез келген танымал тұлғаның жеке өмірін білуге тым әуес келеді. Тіпті, біле алмаған күнде өз қиялынан әр түрлі аңыз тудырып, орынды-орынсыз жапсыра беруге ұмтылатыны

тағы бар. Оқырман көңілінде ондай сауал қалмас үшін Сайраш Әбішқызының осы төңіректе әңгімелеуін өтінген едік.

– Адам өмірі екі арнадан тұратын сияқты, – деді апай сәл ойланып, – қоғамдық өмір және пенде ретіндегі жеке өмір. Жаңа айттым ғой, тәрбиеден кенде болған жоқпын, мақтаулы қыз болып өстім. Мезгілі жеткенде өз көңіл қалауыммен тұрмыс құрдым. Жастықтың думанды ортасынан отбасылық өмірге бет бұрдық. Тәңірім маған перзент сүюді жазбапты. Дәрігер: «Бала өз орнында емес, ана өмірін сақтау үшін операция жасау керек» деген қорытынды шығарды. Операцияны бастан өткердім де, тұңғышымды өмірге әкеле алмадым. Жүрегімнің астында үш айға жетер-жетпес уақыт қана жүрді... Уақыт өте берді. Тұрдалы анасының жалғыз ұлы болатын. Енемнің де қабағы пәс болды. Бәрін де түсіндім. Жарымның бақыты ашылсын, өзім рұқсат берейін деген шешімге келдім. Солай біз екі жаққа кеткенбіз. Кінә, тағдырдан ғой, сәлеміміз әрқашан түзу. Одан бері біраз жылдар өтті, өзімді бақытсыз сезінбеймін. Бақытымды еңбектен таптым, өкінішім жоқ. Жора-жолдастарым өте көп, олардың адал көңілі, туыс-бауырларымның құрметі айрықша. Өзім үлкендер қамқорлығын көп көргендіктен болар, жастарға жаным ашып тұрады. Қазақтың әр баласы маған бала сияқты. Отбасымда өз бауырларымның балалары «апамыз» деп, алдымнан өтпейді. Оларға бас-көз болсам, мекеме басшысы ретінде де аналық қамқорлықты бірінші орынға қоямын.

Апай осыны айтқанда мейірленіп, жанарынан шуақ төгіле бастағандай болды. Сана мен сезімді құрсаулап, жаңғырықтан басқа үн шығармайтын тас қамалдай көрінген кеңестік қоғам ыдырауға айналған кез. Ұлтын сүйген жүрек болса, ұмтылып қайрат жияр сәт енді келді. Бұл күндерге небір өткелектен өтіп, ел танып, жер танып, терең білім мен парасат, қажыр-қайрат иесі болып жеткен Сайраш Әбішқызы халқына жан аямай қызмет ететін кезең туғанын айқын сезінді. Ұлтты тұншықтырудың алуан түрлі айла-амалын қолданған кеңестік саясаттың түпкі мақсатын о бастан-ақ түйсінген жан, ең алдымен, ана тілін арашалауға белсене араласты. 1989-1992 жылдарда Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болды. Осы жылдары астанадағы қазақ тіліне деген немқұрайдылықтың тоңын жібітіп, сіресқен мұзын бұзу үшін мұзжарғыштай болат күш керек еді. Отаршыл жүйенің

салып кеткен сансыз кедергілеріне қарамастан, қаланың ірі мекемелері мен ұйымдарында, зауыт-фабрикаларда қазақ тілін оқыту курстары ашылды, өнер мен мәдениет кештері ұйымдастырылды. Сайраш Әбішқызы сол тұстарда орыс тіліндегі басылымдарға да өткір мақалалар жазып, ұлт мүддесін ашық айтты, батыра жеткізді. Қазақ мектептері мен балабақшаларының санын көбейтіп, оларды қазақ ұлтының шын мәніндегі бесігі, ана тілінің ордасы ету үшін қаншама қажыр-қайрат жұмсалды десеңізші?! 1990 жылы «Қазақ тілі» қоғамының ұсынуымен Алматы қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды.

Сайраш Әбішқызының есімі Алатаудың арғы бетіндегі Манас елі – қырғыз бауырларға да жақсы таныс. «Қазақ-қырғыз бауырластығы» қоғамының төрайымы бола жүріп, екі ел арасындағы рухани-мәдени қарым-қатынасты жақсартуға көп ықпал етті. «Чуй Баяны» газетінде қырғыз тілінде жарық көрген «Қазақ, қырғыз бір туған» мақаласында екі ел арасындағы тамыры тереңге кеткен достықты паш етті.

Осылайша, әрбір игілікті істің басында жүретін, жалынды сөзімен, батыл әрекетімен небір қиын түйіндерді шеше білетін Сайраштай қызына халықтың да ықыласы ерекше. 1995 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өз қолынан «Құрмет» орденін алғанда, басқа да мерейлі шақтарда, тіпті осы таяуда Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы атанғанда жер-жерден жылы лебіздер, құттықтаған жеделхаттар жаңбырша жауды. Олардың кейбірі өлең жолымен де өріліп жатады.

Болса екен деп ғалам нұр,
Болса екен деп далам гүл.
Халқым халық болса деп,
Мазасыз бір адам жүр.
Бары –халқы – базары.
Сонда ғана назары.
Ажары да қазағы,
Азабы да қазағы...

Иә, халқын ойлап мазасыз күн кешіп, азабын көтеріскен қайрат иелері барда қазақтың бақыты ортаймайды.

Тәуелсіздіктің 10 жылдық тойы қарсаңында Алматы қалалық әкімшілігінде Сайраш Әбішқызына Елбасының алғыс хаты табыс етілді. Таратып айтсақ, бұл – бір журнал аясынан жеті журнал шығарып, оның төртеуін жеке басылым етіп, қазақ тіліндегі педагогикалық журналдарды көбейту, қазақстандық мектепті қалыптастыру, «Қазақ тілі» қоғамын басқарып, мемлекеттік тілді дамыту, т.б. игі істері арқылы тәуелсіздікке қосқан үлесі үшін көрсетілген лайықты құрмет.

Шапағатты шақтар. Сонау 1965 жылы сегіз жылдық ауыл мектебінде тыным көрмей мұғалімдік жолын бастаған Сайраш Әбішқызының көмекші серігіне айналған журнал – «Қазақстан мектебі» еді. Өзі ұзақ жыл тұрақты оқырманы, белсенді авторы болған осы журналға ол 1983 жылы бас редакторының орынбасары әрі «Бастауыш мектеп» қосымшасының редакторы болып келді. Баспасөз жұмысының ыстық-суығын көрген педагог-журналиске бұл міндет қиын соқпағанымен, тарихы тереңде жатқан журнал алдындағы жауапкершілікті бірден сезінген. Бұл сезім, әсіресе 1987 жылы шілдеде зейнеткерлікке шыққан Мұқаш Сәрсекеевтің орнына бас редактор қызметіне тағайындалғанда арта түсті. Ең алдымен, журналдың өрісін кеңейту керек болды. Себебі Кеңес Одағы тұсында Мәскеуден орыс тілінде педагогикалық жиырма шақты журнал шығып тұратын, ал Қазақстанда соның бәрінің дерлік міндетін жалғыз «Қазақстан мектебі» атқарды. Мұнымен барлық пәндерді қамту, әрбір мұғалімнің қажетін өтеу мүмкін емес-ті. Қосымшалардың ашылуы осылай басталды. Қаншама есіктер қағылды, мөрлер мен қолдар жиналды. Әуелі 1959 жылы жабылып қалған «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы шыға бастады. 1991 жылы «Отбасы және балабақша», 1992 жылы «Информатика, физика, математика», 1993 жылы «Қазақ тарихы», 1996 жылы «Биология, география және химия» қосымша журналдарының тұсауы кесілді. Сөйтіп, бір шаңырақтан бес журнал шығып тұрған кездері де болды. Оның қаншалықты қаржы мен шығармашылық күш-қуат талап ететіні тағы бар.

Кейін біртіндеп бұл журналдар жеке отау тігіп, бөлініп шықты. Қазіргі уақытта «Биология, география және химия» журналы «Биология және салауаттылық негізі», «Химия мектепте», «География және табиғат» деген үш журналға айналған. Осылардың

және тәрбие саласына арналған «Тәрбие құралы» журналының жарық көруі С. Әбішқызының тікелей басшылығымен жүзеге асуда.

«Қазақ тарихы» журналының дүниеге келуі тәуелсіз Қазақстанның елеулі табысы десек артық емес. Осы уақыт ішінде журнал өткен тарихымыздың небір ақтаңдақ беттерінің орнын толтырып үлгерді десеңізші. 1995 жылы «Қазақ тарихы» журналына Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты дипломы берілді. Педагогикалық баспасөз саласындағы осындай еңбегі жоғары бағаланып, Сайраш Әбішқызы «Құрмет» орденін алған тұңғыш ұстаз әрі журналист, қазақ әйелдері арасында да мемлекет тарапынан марапатталғандардың алдында тұр. Ойымызды осы «тұңғыш» сөзінің төңірегінде өрбітіп көрейікші. Ата-ананың тұңғыш перзенті... «Қазақстан мектебі» журналының тұңғыш әйел редакторы... Қазақ тіліндегі жеке пәндерге арналған тұңғыш журналдарды дүниеге әкелуші... Шетелге сапар барысынан жазылған жолжазба очерктері үшін 1997 жылы М. Сералин атындағы сыйлықтың тұңғыш иегері... Алыстағы Англияның үздік жетістіктер мәліметтерін тіркейтін Кембридж ғұмырнамалық орталық жылнамасының 2000 жылғы анықтамалығының бірінші басылымына білім беру мен журналистика саласындағы үздік жетістіктері үшін есімі енгізіліп, арнайы Дипломмен марапатталған тұңғыш қазақ әйелі... осылай жалғаса береді. Осылайша әрбір жақсы істің басында тұру үшін «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп, Абай айтқан үш қасиетті бойға сіңірген бөлек жаратылыс иесі болу керек шығар. Бұл қасиеттердің алғашқысы – халық үшін қызмет еткізіп, қайраткерлікке жеткізсе, екіншісі – жан байлығымен жарасым тапқан қаламгерлікке жетелейді, ал үшіншісі – табиғатына біткен тәлімгер ұстаздықтан туатын жылы жүрек пен мейірім. «Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған» деген осы болар. Ы. Алтынсарин медалі мен білім беру ісінің үздігі атағы Сайраш Әбішқызының ұстаздықтағы белесі десек, оның жылы жүрегі мен адамгершілік шапағатын көрген сансыз ұл-қыздардың алғысы сол көңілдерде жазылып жатқан жеке бір тарих.

Қайырбек ШАҒЫР,
ақын, «Тәрбие құралы» журналының бас редакторы.
«Қазақ әдебиеті» газеті, 2004 жыл, 28 мамыр

БАСТЫ ТАЛАБЫ – ЖАУАПКЕРШІЛІК

Педагогикалық институтты бітіріп, туған ауылым Қарауылдағы Абай атындағы орта мектепте қызмет етіп жүргенімде, менде Алматыға барып орнығу туралы ой болмаған еді. Бірақ кездейсоқтықтан гөрі, адамның өмір жолы белгілі бір заңдылықтарға бағынады. Менің Сайраш Әбішқызы басқаратын «Қазақстан мектебі» журналына келуім де сол сияқты болды. Мектепте физика, информатика пәндерінен сабақ беретінмін. Информатика пәні мектепке алғаш енгізілген кез. Біздің мектеп облыста үшінші болып компьютер сыныбын иеленді. Бір күні «Егеменді Қазақстан» газетін оқып отырсам, «Ашық байқау жарияланады» деген хабарландыру басылыпты. 1992 жылдың қаңтарынан бастап «Қазақстан мектебі» журналы жанынан қазақ тілінде екі айда бір «Информатика, физика, математика» қосымшасы шыға бастайтыны, осыған орай еліміздің Білім беру министрлігі мен «Қазақстан мектебі» редакциясы қосымшаның редакторы қызметіне ашық байқау жариялайтыны айтылыпты. Бірнеше шарттары бар екен: мектепте сабақ беру тәжірибесі, информатиканы білу, жоғары білім, журналистік қабілет, т.б. Ойланып қалдым. Талаптардың бәріне сай келіп тұрмын, сынақтан өтетінімді де жүрегім сездіргендей болды Новосибирскінің электрондық техникалық университетінде 6 ай курстан өткенім де бар. Хабарландырудың соңындағы: «Байқау бойынша қызметке қабылданған маман Алматы қаласына тіркеуге алынып, бірден үй кезегіне қойылады, алғашқы кезде жатақханамен қамтамасыз етіледі» деген жолдар да сол кезең үшін үлкен жаңалық еді. Әншейінде көп әбігерленбейтін басым, бірден құжаттарымды түгендеп, журнал редакциясына жолдадым. Ол туралы ешкімге айтқан да жоқпын. Бұл – оқу жылының аяқталған уақыты.

Сөйтіп, күз келді. Қыркүйек айында хат алдым. Байқау комиссиясы Алматыға шақырыпты.

Жалпы, «Қазақстан мектебі» журналымен оған дейін де таныс едім. Шешем мұғалім болды. Ал өз мамандығыма қатысты журналдар орыс тілінде Ресейден ғана шығатын. Енді қазақ тілінде шығатын болғаны бәрімізді қуантты.

Алматының Абылай хан даңғылындағы редакция үйіне жеттім. Корректор Күлила Майтыбай отыр екен. Бір айналып келіп,

бас редакторға кірдім. Сайраш апай біраз сұрақтар қойды. Қосымша журналды ашу туралы қалалық кеңес атқару комитетінің төрағасы В. Храпуновтың және ҚР Білім министрлігі алқасының шешімімен таныстырды. Тіл заңын жүзеге асыруға байланысты қолға алынып жатқан шара екенін аңғартты. Жауапты міндет екенін түсіндірді. Алғашқыда барлық игілікті үйіп-төккен жоқ. Жазу жұмысының қиындығын білемін. Аудандық газетке компьютер туралы жазып тұрғаным болмаса, бұл салада тәжірибем аз болды. «Атқара аламын ба?» деген қорқыныш та туды. Соны сезген болу керек, Сайраш апай жігерлендіріп, қанат бітіргендей сөздер айтты.

Ертеңінде комиссия отырысы болды. Байқауға Қазақстанның әр түкпірінен 9 адам құжат тапсырыпты. Комиссия мүшелерінің жан-жақты қарап, талқылауымен қосымша редакторлығына мені лайық деп шешті. Қызметімді ауыстыру жөнінде Абай атындағы орта мектеп директоры Ғ. Қуанышбаевқа хат жазылды. Ауылда бірінші тоқсанның сабағын аяқтап, журнал жұмысына кірісіп кеттім. Қосымша журналдың қалыптасуы Сайраш Әбішқызының тікелей басшылығымен жүзеге асты. Осы кісінің үлкен қамқорлығы арқасында журналмен бірге мен де тәжірибе алып, жетіле түстім. Апайдың адамға сенімі жігер беріп, жұмысқа құлшындырады. Қосымша журналдың бір ерекшелігі, көбінесе есеп-қисап, формуладан тұратын. Қазіргідей компьютер жоқ, бәрі қолмен теріледі. Алғашқы нөмірді желтоқсан айында сәтімен тапсырдық. Менің отбасымды жаңа құрған кезім еді Бір колледждің жатақханасынан бөлме алып берді. Бірден үй кезегіне тұрғызды. Мен келген жылы ұжымда үш-төрт адам үй алған екен, ылғи жас жігіттер мен қыздар. Солардың қоныс тойларында болып, ұжыммен жақын таныса бердік. Бір жылдан аса бергенде маған да үйдің ордері тапсырылды. Ондағы қуанышты айтып жеткізу қиын. Жұрт мүмкін емес деп таңданатын. Халыққа қажет журналдар үшін, болашағы бар мамандар үшін мүмкін еместі мүмкін ету Сайраш апайдай дара тұлғалы жандардың қолынан келгені анық.

Аталған ұжымда еңбек етіп жүргенде тұңғыш ұлым Абылай дүниеге келді. Таңертең жұмысқа келе жатсам, бұрынғы Коммунистік даңғылының атын Абылай хан деп өзгертіп, тақтайша іліп жатыр екен. Редакция сол даңғылдың 34-үйінде орналасқан. Баламның аты Абылай болуына осы көрініс те ықпал етті.

Қосымшаның редакторы әрі бас редактордың орынбасары бола жүріп, баспахана жұмысымен етене таныстым. Сайраш Әбішқызы «Үйелмен және балабақша», «Қазақ тарихы», «Биология, география және химия» қосымша журналдарын шығаруды қолға алды. «Информатика, физика, математиканың» таралымы бірнеше есе өсті. 1997 жылы оның 5 жылдығы салтанатты түрде атап өтіліп, жеке журнал ретінде отау құрып шықты.

«Қазақстан мектебі» журналы аясында қалыптасқан «ИФМ» жұмысын әрі қарай алып кетуіме Сайраш Әбішқызының өнегесі, үйреткені зор көмек болды. «Сыныктан басқаның бәрі жұғады» дегендей, қазіргі уақытта бұрынғы «Информатика, физика, математика» журналы заман талабына қарай үш журналға бөлінді. Олар: «Информатика негіздері», «Математика және физика», «Алгорифм».

Қазір ойласам, аз ғана тәжірибемен 26 жаста келіп, үлкен міндетке араласуыма Сайраш апайдың мақсаткерлігі, тәлім-тәрбиесі зор көмек беріпті. Жетістіктеріміздің бәрі осы кісінің арқасы екені даусыз Ең басты талабы – жауапкершілік. Ұсақ демей, ірі демей, тапсырылған әр жұмысқа жауаппен қарауды, аяқсыз қалдырмауды үйретті. Өте еңбекқор адам, оған әсіресе, «Қазақ тарихы» журналын ашарында көз жеткен. Бұл жұмысқа келген біраз адамдар «қолымыздан келмеді» деп кетіп жатты. Ондай жауапты кезеңде уақытпен санасу жоқ. Сыннан өткендер өтті. Ал адамға жақсылық жасаудағы мәрттігіне жұрт куә. Сайраш апайымызға зор денсаулық тілеймін. Еңбегіңіздің жемісін көріп, жүре беріңіз!

Ардақ КӘКІТАЕВ,
педагог-журналист,
«Информатика негіздері» журналының бас редакторы

Құмдай сусып, сынаптай сырғыған уақыт ағысы...
Төкен Ибрагимов

«ӨМІР ДЕГЕН ЖАРҚ-ЖҰРҚ ЕТКЕН НАЙЗАҒАЙ»

– ...Газет дегеніміз белгілі анықтама бойынша коллективтік үгітші, коллективтік насихатшы ғана емес, коллективтік ұйымдастырушы да. Мен осындағы «коллективтік» деген сөзге де айрықша мән берер едім. Сонысына қарай газет – коллективтік еңбектің жемісі. Демек, әр нөмірде сенің де үлесің керек. Ал әр нөмір белгіленген мерзімде шығады. Газетті үзбей оқитын адамдар әр нөміріндегі кішкентай хабардың өзі дәл осы мерзімде қажет екенін аңғарады. Олай болса, ол хабардың нөмірдің қатталуынан кешіктірілмегені – тәртіп. Газет соған үйретеді, соған тәрбиелейді.

Осындай қағиданың тәрбиесін көрген Қойшығара Салғарин, Ақселеу Сейдімбеков, Әділ Дүйсенбек, Кеңес Юсупов, Сайраш Әбішева, Тоқтарбек Қызықбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Сабыржан Шүкіров, Жанат Елшібеков, Жұмагүл Солтиева, Қайсар Әлім және басқалары кейіннен танымал ақын-жазушылар, ғалымдар мен журналистер дәрежесіне көтерілді.

Ержұман СМАЙЫЛ.
«Егемен Қазақстан», 2018 жыл, 5 қаңтар

СЫЙЛЫҚ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ӘРІПТЕСТЕР!

Қазақстан Журналистер одағының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің «Мәдениет қайраткері» құрмет белгісімен кәсіби мереке қарсаңында мыналар марапатталды: Әбішқызы Сайраш – «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы.

«Егемен Қазақстан» газеті, 2005 жыл, 25 маусым

ҚҰМСАҒАТ

«Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы, публицист-жазушы Сайраш Әбішқызының өмірбаяны XXI ғасырдағы әлемнің ең үздік 2000 ғалымының өмірбаяны тіркелген Халықаралық Биографиялық орталықтың анықтамалығына енді. Ол бұл марапатқа білім және журналистика саласындағы жемісті қызметтері үшін ие болды.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 2001 жыл, 15 ақпан



Диплом

Үздік жетістіктер мәліметтерін тіркейтін Халықаралық
Биографиялық орталық жылнамасы

МАРАПАТТАЛАТЫН ЖЕТІСТІКТЕР

XXI ғасырдың 2000 әлемге әйгілі ғалымы тізіміне
елеулі жетістіктері үшін баспагер коллегиясы

САЙРАШ ӘБІШҚЫЗЫНЫҢ

өмірбаянын ұсынады

Ол кісінің өмірбаяны жоғарыда айтылатын
анықтамалығының Бірінші баспасына енгізілген
және осыдан бастап ол кісіге

БІЛІМ БЕРУ МЕН ЖУРНАЛИСТИКА

саласына қосқан зор үлесі үшін бүкіл әлемде құрмет көрсетіледі

Бұл диплом бойынша

САЙРАШ ӘБІШҚЫЗЫ

XXI ғасырдың 2000 еңбек сіңірген әйгілі
ғалымдарының қатарына енгізілді, жоғары дәрежелі ғалым ретінде
Халықаралық Биографиялық
Кембридж орталығының Англия архивіне тіркелді.

Халықаралық Биографиялық орталықтың
лауазымды қызметкерінің қолы қойылған.
Кембридж, Англия, 12 желтоқсан, 2001 жыл.
Ағылшын тілінен аударылды

«ОТТАЙ ЫСТЫҚ ОН ЖЫЛ»

Таяуда Алматыдағы республикалық А.П. Чехов атындағы жастар мен жасөспірімдер кітапханасында белгілі журналист, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы Сайраш Әбішқызының Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдық мерекесіне орай жарық көрген «Оттай ыстық он жыл» атты («Атамұра» баспасы, Алматы, 2001 жыл) публицистикалық саралау кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Мәжілісте сөз сөйлеген академик Ө. Озғанбаев, жазушы-қаламгерлер К. Смайылов, Ж. Ахмади, «Ақ желкен» журналының бас редакторы М. Қожахметова, тағы басқалар кітап авторының ғылым мен білім саласындағы өзекжарды проблемаларды кәсіби маман ретінде қозғаған төлтумаларына байыпты бағаларын берді.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 2001 жыл, 23 ақпан

* * *

Қадірменді Сайраш Әбішқызы!

Сізге «Қазақ-кыргыз бир тууган» атты мақалаңыз шыққан Қырғызстанның «Чуй баяны» газетінің бірнеше данасын жіберіп отырмыз.

Екі бауырлас халықтар арасындағы достық қарым-қатынастардың одан әрі дамуына өз үлесіңізді алдағы уақытта да қоса беретініңізге сенімдіміз.

Зор құрметпен елші Мұхтар ШАХАНОВ.
1999 жыл, 27 қазан

* * *

Урматтуу Сайраш Абишевна!

Сізди Жаңы 1997-жылыңыз менен куттыктап, бекем ден соолук, зор бакты-таалай, илтеги ийгиликтерди каалайбыз! Эл-журт-

ка арналған эмгегиңиз ардайым артыла беришине Ала-Тоолук боордоштор чын пейилден тилектештик билдирет!

Кыргыз Республикасынын Казакстан Республикасындагы
элчиси А. РЫСКУЛОВ

БІР ТОП ЖУРНАЛҒА БІР ӨЗІ БАСШЫЛЫҚ ЕТІП...

1959 жылы жабылып қалған «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы Сайраш Әбішқызының көп күш-жігер жұмсауымен 1990 жылдан тұрақты шыға бастады. Бұдан соң «Қазақстан мектебі» журналы жанынан ғылыми-әдістемелік журналдар шығару мақсаты жүзеге асты. 1991 жыл «Отбасы және балабақша», 1992 жылы «Информатика, физика, математика», 1993 жылы «Қазақ тарихы», 1996 жылы «Биология, география және химия» қосымша журналдарының тұсауы кесілсе, бұл күндері олар жеке-жеке танымал басылымға айналды. 2002 жылдың қарашасынан бастап шыға бастаған «Тәрбие құралы» журналының дүниеге келуі де – осы Сайраш Әбішқызының іскерлігі мен біліктілігінің жемісі.

Еткен еңбек еленбей қалмайды. Сайраш Әбішқызы – «Құрмет» орденінің, Ы. Алтынсарин медалінің, М. Сералин атындағы сыйлықтың иегері, ҚР білім беру ісінің үздігі. Тізе берсек, мұндай марапаттар жетерлік. Ал ең үлкен бақыт – халықтың ықыласына бөлену. Сайраш Әбішқызы – осы бақытқа ие жан.

Жолдас САРМАНОВ.
«Жас Алаш» газеті, 2004 жыл, 13 мамыр

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

1990 жылғы қаңтардың 28-жұлдызында XXI сайланған халық депутаттары Алматы қалалық Советіне депутаттар сайлау жалғастырылды.

Алматы қаласының сайлаушылары тағы да өз қалаулыларының есімдерін атады. Астанадағы «Орбита-2» микроауданының

тұрғындары «Алматы ақшамы» демеушісі болып отырған Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамы басқармасының төрағасы, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы Сайраш ӘБІШЕВАНЫ №2 сайлау округі бойынша халық депутаттары Алматы қалалық Советінің депутаттығына сайлады.

«Алматы ақшамы» газеті, 1990 жыл, 30 қаңтар

ЖЫЛЫ ЖҮЗДІ КЕЗДЕСУ

Моңғол Халық Республикасы мен Қазақстанның арасындағы мәдени, достық байланыс қазір бұрынғыдан да жақсы дамып келеді. Қайта құру талаптары халықтардың арасындағы достық қарым-қатынастың кеңінен өрістеп жетілуін ерекше қуаттап отыр.

Моңғолияның Баян-Өлгий аймағындағы халықтың сексен пайызы қазақтар. Онда ана тілінде оқитын мектептер бар, «Жаңа өңір» атты газет шығады. Міне, сондықтан ондағы туысқандар астананың оқу орындарымен (ғылыми-зерттеу институттарымен, өнер ордаларымен) тығыз байланыс жасайды. Өзара тәжірибе алмасу мақсатында ол жақтан маман, ғалымдар бізге жиі келеді.

«Қазақстан мектебі» журналының редакциясында астанаға осындай мақсатта келген доцент, Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының директоры Х. Дугэр және осы институттың Баян-Өлгий аймағындағы секторының жетекшісі Дәуіт Қалиевпен журналистердің кездесуі болды. Онда аталған кісілер, елдеріндегі ағарту саласындағы атқарылып жатқан істерді, өзгерістер мен жаңалықтарды айтты. Оқу құралдары мен программалардың мектепте қалай пайдаланылатынын түсіндірді. Сондай-ақ алдағы уақытта ағарту саласындағы проблемалар бойынша ғылыми-конференциялар өткізуді жоспарлап отырғандарын айтты. Қазіргі уақыт талабына байланысты мектептер мен оқу орындарында кейбір мәселелердің қайта қаралып жатқанын да сөз етті. Кездесу соңында қонақтар газет қызметкерлерінің сұрақтарына жауап берді.

Өз елдеріндегі ағарту саласының жұмыстарын әңгіме етіп, кездесуде шынайы достық пен бауырмалдық көрсеткен моңғолдық туысқандарға журналдың бас редакторы С. Әбішева журналистер

атынан творчестволық табыс тілеп, алғыс айтты және оларға сыйлық ретінде альбом-ескерткіш тапсырды.

О. ӘЛМЕРЕКОВ.
«Социалистік Қазақстан» газеті, 1989 жыл, 22 қыркүйек

ДОСТЫҚТЫҢ БАЛЫН ТАТТЫРҒАН

Қазіргі таңда менің балалар ақыны, ғалым болып қалыптасуыма себеп болған, әрине, бірінші өзімнің талабым, екінші Сайраш десем, артық айтпаспын. Сайраштың адал ниеті, тереңдігі, имандылық пен парасаты. Ретті жерінде сынап та алады. Мен досыма түйе мен бие бергенім жоқ, ризашылығымды «Досыма» деген жыр жолына өріп, тарту еттім.

Рахат НАУРЫЗБАЕВА,
ақын, ғалым-ұстаз.
«Еңбегі мен қайраты екі жақтап...». – Алматы: Курсив. – 76-78-беттер

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МҰРАҒАТ ҚОРЫНАН

Баспасөзге шолу

Амангелді КЕҢШІЛІКҰЛЫ:
...«Айқын» газетінде жарық көрген Сайраш Әбішқызымен өткізілген сұхбатта да негізінен мемлекеттік тіл мәселесі әңгіменің арқауына айналыпты. Сондай-ақ Сайраш Әбішқызы мемлекеттік тіл мәселесі өз деңгейінде жұмыс істемей, біз еш уақытта қазақстандық ұлт болып біріге алмаймыз дегенді айтыпты. Сайраш Әбішқызы Президенттің Қазақстанда ұлт мәселесін көтеруі қазақ тілінің мәселесін тиімді шешудің алдындағы түбегейлі ойластырылған мәселе деп санайды...

2004 жыл, 22 қыркүйек

ӘЛІПБИ АЛМАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Бүгін Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамы еліміздің латын әліпбиіне өту мәселесі жөнінде дөңгелек үстел өткізді.

Сайраш Әбішқызы, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы:

– Кейбір жолдастар айтады, біз латын әліпбиіне көшетін болсақ, қазақ тілі құриды деп. Ол құрымайды, еш уақытта да құрымайды. Әліпби деген тілдің үйретудің құралы. Әліпби жоқ кезде, латын немесе кириллица жоқ кезде, руникалық әліпбиіміз ұмыт болған кезде де қазақ тілі сақталған. Ал латын әліпбиіне көшетін болсақ, біз компьютер тіліне жақындайтын боламыз.

2007 жыл, 25 қаңтар

ТІЛ ТАҒДЫРЫ ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

Жуықта Алматы қаласының әкімшілігінде Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасын жан-жақты талқылауды мақсат еткен жиын өтті. Мұндай жиналыстар еліміздің әр облыс, қалаларында өз жалғасын табуда.

Аталмыш шараға қалалық тіл басқармасының бастығы Мамай Ахетов, «Мемлекеттік тілге құрмет» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Асылы Осман, «Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы Дос Көшім, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы Сайраш Әбішқызы, қалалық Ішкі саясат басқармасының бастығы Кенжехан Матыжанов, республикалық «Жалын» журналы бас редакторының орынбасары Құдияр Біләл және қаладағы белгілі БАҚ өкілдері қатысты.

Тіл тағдыры талқыға түскен келелі жиында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мәселесі сөз болды. Қайта түлеген жаңа бағдарлама босағадағы жетім баланың күйін кешкен туған тіліміздің тағдырына оң ықпалын тигізсе, атымыздың бәйгеден келгені...

Бағдарламадағы қуантарлық бір жаңалық – мемлекеттік тілді балабақшадан бастап үйретіп, оны мектеп пен жоғары оқу орындарында сатылап жалғастыру жүйесін қалыптастыру. Мұның барлығы халықаралық талаптардың дәстүріне негізделіп жасалған. Ендігі жерде тіл оқытатын орталықтардың жұмысы қатаң қадағаланып, арнайы есепке алынады. Бұл басқосу көкейде жүрген көп ойларға қозғау салғандай. Айталық, тілді оқытуға, үйретуге, сондай-ақ оқулықтарға, сауатсыз жарнамаларға, терминологияға, ономастикаға байланысты әр алуан ұсыныстар ортаға салынды. Мұнымен қоса, бағдарламаның жазылу стиліне, мәтініне даулы көзқарастар да айтылды.

Бағдарлама жобасы әбден пысықтап ой елегінен өткен соң ғана 21 қыркүйек – тіл мерекесі қарсаңында үкімет назарына ұсынылмақ. Біздегі тілек – жиналыста айтылған құнды ұсыныс-пікірлер ескерусіз қалмаса болғаны...

Әбу ЖАРҚЫНҰЛЫ.
2010 жыл, 23 тамыз

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСПАСӨЗ АРДАГЕРІ

«Диқанның бақшасын көр, жемісін тат, адал еңбек еткеннің көңілі шат» деген екен Әлішер Науаи. Өз ісіне берілген, мамандығын сүйетін адамның шығар асулары да биік болары анық. Осындай елімізге танымал тұлға, қайраткер қыздардың бірі – Сайраш Әбішқызы. Сайраш апайдың есімі аталса, «Қазақстан мектебі» журналы ойға оралады, «Қазақстан мектебі» журналы аталса, Сайраш Әбішқызы ойға оралады. Өз ісімен біте қайнасып, еңбегі мен қайратына сүйеніп өмір сүрудің үлгісіндей қабылдайсыз. С. Әбішқызы «Қазақстан мектебі» журналын кеңестік дәуірде ғана емес, тәуелсіз Қазақстанда басқарған тұңғыш редактор әйел, сонымен қатар журналда отыз жылға жуық қызмет етіп, соның 25 жылдай бас редактор қызметін зор абыроймен атқарған мерзімі жағынан да тұңғыш деуге әбден лайық. Қазақ баспасөзі үшін, педагогика саласы үшін талай істерге бас болған тәжірибелі педагог-журналист бүгінде өз алдына бір мектеп іспетті жан. Олай дей-

тініміз, Сайраш апайдан тәлім-тәрбие алған, қамқорлығын көрген талай-талай ұстаздар да, қалам иелері де өз салаларының білгіріне айналып, жер-жерде еңбек етуде. Олардың қай-қайсысынан сұрасақ та, «Қазақстан мектебі» журналын, Сайраш Әбішқызын ұстаз тұтып, өз өмірлеріндегі бір мектеп санайды. Әрқашанда игі бір істі бастарда осы кісіден ақыл-кеңес алуды жөн көретіндері де аз емес. Осының бәрін ескере келе, *«Сайраш Әбішқызы мектебі»* деген ұғымды да ауыз толтыра айтуымызға әбден болады.

Біздің айтарымыз, бүгінде зейнет жасына байланысты құрметті демалысқа шыққалы отырған Сайраш Әбішқызы педагогикалық баспасөз ардагері ретінде алдағы уақытта да журналға ақылшы, кеңесші болудан шаршамайды деп сенеміз. Еңбегінің зейнетін көре беруге нәсіп етіп, деніне саулық, көңіліне шаттық, ғұмырына ұзақтық тілейміз!

Сәния БЕКТЕНҒАЛИЕВА,
«Қазақстан мектебі» журналының 17-ші бас редакторы,
педагогика ғылымының кандидаты

ПЕДАГОГ-ЖУРНАЛИСТ

Бүгінде журналистика сынды жауынгер саланың қыр-сырын жете игеріп, меңгеріп қана қоймай, оның көш басындағы азулы азаматтар салып кеткен ізді жаңғыртып, жалғастырып келе жатқан Сайраш Әбішқызымен 1995 жылы алғаш рет жүздесудің сәті түсті. Қазақ телевизиясының жаңалықтар бөлімінде қызметте жүргенімде редакцияға Сайраш Әбішқызының «Құрмет» орденімен марапатталғаны жайында жағымды хабар келіп түсті. Алғашында белгілі педагог-журналиспен сұхбаттасуға жүрексінгеніммен, қарапайым да кішіпейіл Сайраш Әбішқызымен әңгімем көптен таныс адамдарша жарасып кетті.

– Иә, жалпы әйел журналистің жолы ауыр ғой. Журналист өз атын өзі ерттеп мінетін мамандық болғандықтан, мүмкіндігіме қарай осы жолды таңдадым. Өйткені отбасымдағы өзімнен кейінгі 7 балаға сүйеніш болатын ешкім болмағандықтан жұмысыма бар жігерімді салдым, – деп журналистиканың алғашқы баспалдағын аттаған алғашқы қадамын тебіреніспен еске алады.

Өзінің бойындағы мүмкіндігі, сенімі, ізденісімен қоса педагогтік, қаламгерлік қасиеттерін қабыстыра білген Сайраш Әбішқызы – бүгінде белгілі қоғам қайраткері, бірнеше кітаптың авторы. Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, Ы. Алтынсарин атындағы медальдың, «Құрмет» орденінің, Журналистер одағы сыйлығының екі рет және М. Сералин атындағы сыйлықтың тұңғыш иегері.

Еліміздің рухани өмірінде ерекше орны бар «Қазақстан мектебі» журналында қызмет істеп жүрген журналистерді Сайраш Әбішқызының педагогтік, журналистік университетінен өткен, буыны бекіген қаламгерлер деп айтуымызға болады. Олар салалық журналистиканы меңгеріп қана қоймай, басшысының ізденімпаздық пен ұйымдастырушылық қабілеттерінен үлгі алып жүргені ақиқат. Бүгінде жоғары оқу орындарында журналист мамандарын белгілі бір салаға бағыттап дайындауға көбірек көңіл бөлінсе деген ой Сайраш Әбішқызын көптен мазалап келеді. Өйткені өзінің көп жылдық тәжірибесінде, педагогика саласын үңгіп жазатын журналистерді аз кездестірген.

Белгілі педагог-журналист Сайраш Әбішқызының қоғам өміріндегі елеулі істері, іскерлік қабілеті мен шығармашылығын қазақ журналистикасындағы өнеге мектебі деуімізге негіз бар.

Бейбіткүл ДУАНБЕКОВА,
«Отбасы және балабақша» журналының бас редакторы

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗЫ

Қазақтың қаламгер, педагог, қайраткер қыздарының бірі, Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұрағатының №338 жеке қор иегері Сайраш Әбішқызы 2009 жылдың 13 мамырында 65 жасқа толады.

Сайраш Әбішқызы – елге танымал жандардың бірі. Оны танытқан – ұшқыр қаламы, шешен тілі, ең бастысы, қайраткерлігі...

Алматы қаласының Орталық мемлекеттік мұрағатында 1956-2002 жылдар аралығындағы қаламгердің өмірбаянына және еңбек қызметіне байланысты құжаттар, қолжазба мақалалары, ре-

цензиялары, кітаптары, Құрмет грамоталары, фотосуреттері мемлекеттік тұрақты сақтауға алынған. Жеке қор иесі Сайраш Әбішқызының шығармашылық еңбек жолында 1981 жыл айрықша жылдардың бірі болды. Қазақстанның 60 жылдығы қарсаңында жазылған очерктер топтамасы үшін Қазақстан Журналистер одағының 2-сыйлығын иеленді. Ол топтама очерктер 1986 жылы «Қазақстан» баспасынан «Нұрлы жол» деген атпен кітап болып басылып шықты.

Сайраш Әбішқызы республикалық «Достық» бірлестігінің қалауымен «Қазақстан – Қырғызстан» бауырластығының төрайымы болып сайланды. «Қазақ-қырғыз бауырластығы» қоғамының төрайымы бола жүріп, екі ел арасындағы рухани-мәдени қарымқатынасты жақсартуға көп ықпал етті. «Чуй Баяны» газетінде қырғыз тілінде жарық көрген «Қазақ, қырғыз бір туған» мақаласында екі ел арасындағы тамыры тереңге кеткен достастықты паш етті. 2001 жылы «Атамұра» баспасынан қаламгердің «Оттай ыстық он жыл» кітабы жарық көрді. Ол Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына лайықты тарту болды. «Отанның тағдыры – тәуелсіздікте, тәуелсіздіктің тағдыры білімде екеніне көз жеткізе түседі» деп, жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбек кітапқа пікір білдірген. Осы тәуелсіздіктің 10 жылдық тойы қарсаңында Алматы қалалық әкімшілігінде Сайраш Әбішқызына Елбасының алғыс хаты табыс етілді.

А. СӘКЕНҚЫЗЫ,
Алматы қалалық Орталық мемлекеттік мұрағатының I санаттағы мұрағатшысы

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ – МҰРАЖАЙДА

Аудандық тарихи-өлкетану мұражайының қазіргі заман бөлімінде Тарбағатай өңірінен түлеп ұшқан жерлестеріміз – қоғам қайраткерлері, ғалымдар, өнер жұлдыздарының үлгі-өнегелерін дәріптейтін айғақтар бар. Олардың арасында елімізге танымал қаламгер, ұстаз-тәлімгер Әбішқызы Сайраш әпкеміз жөнінде кітаптары мен шығармаларынан құрастырылған мазмұнды топтамалар

бар. Сайраш Әбішқызының ұлт, мемлекет, ұрпақ, тіл тағдырына қатысты қомақты да келелі мәселелерді көтерген, әр жылдары республикалық басылымдарда жарық көрген таңдаулы еңбектері қойылған. Ұстаздық жолын Ақсуаттан бастаған зиялы жерлесіміздің республикалық «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторына дейінгі өнегелі тәлімгерлігі еліміздің ұстаздар қауымына үлгі болуда. Оқу-ағарту саласындағы маңызы зор қоғамдық істерге белсене араласа жүріп, көптеген еңбектері жарық көрді.

Сайраш Әбішқызының «Нұрлы жол», «Жыр арқауы – бейбітшілік», «Оттай ыстық он жыл» кітаптары – еңселі еңбегі мен игілікті істерінің жемісі.

«Құрмет» орденінің иегері С.Әбішқызының тәлімгерлік өнегесі өлкетану талаптарына сай танымдылықпен зерттеліп, жинақталуда.

Қонысбек АҚЖАСАРОВ,
Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры.
2004 жыл

* * *

Құрметті Сайраш апай!

Балғын балалық балдәуренді бастан өткеріп, пай-пай, 25-ті артқа тастап, 30-да орда бұзар іс тындырып, 40-тың қырқасында қыдырыстап, еліктің лағындай елпілдеп жүріп 50-ді еңсеріп, 60-қа да тал түсте жетіп, желіп жүріп 70-ке де келдіңіз. Енді 80-де селкілдемей секіріп жүретіндей, 90-да тосырқамай томпаңдап жүріп 100-ге жетіңіз. Отбасыңыздың тірегі, бауырларыңның ақылшысы болып, әрдайым сыйлы ортада мәртебеңіз биіктей берсін!

Өзіңдей кең пейілді, дархан көңілді адаммен дәмдес болуды бұйырған жандардың шынайы ықыласын уақыт шыңдай түсіп, жасыңызға жас қосылған сайын айналаңызға тілектес, ниеттес адамдар көбейе түссін!

Деніңіз сау болып, баянды да бақытты ғұмыр кешуіңізді тілеймін!

Осынау айтулы күні Сізге деген зор құрметімді білдіремін. Өміріңізге барша жарық дүние шапағатын, зор денсаулық, баянды

бақыт, мейірім мен қуаныш тілеймін! Ой-мақсаттарыңыздың жүзеге асуына тілектеспін!

Ізгі ниетпен
Фатима қажы НИЯЗБЕКҚЫЗЫ,
Л. Гумилев атындағы
Еуразия мемлекеттік университетінің профессоры

* * *

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕҢБЕК БЕЛЕСТЕРІ









БАРҚЫТБЕЛДІҢ САЙРАШЫ

(Сайраш Әбішқызына)

Әнін жазған Қалихан Сафаров
Сөзін жазған Серік Жұматов



Жанашыры тілімнің,
Падишасы білімнің.
Қылқаламның күлігі,
Жұлдызды қызы бүгіннің.
Алауындай жасынның,
Нақ сынығы асылдың.
Қара сөздің дұлдұлі,
Бір туар қызы ғасырдың.

Қайырмасы:
Өнегесі өрліктің,
Адалдықтың айнасы.
Періштесі елдіктің,
Барқытбелдің Сайрашы.
Барқытбелдің Сайрашы.

Қайнарындай ақылдың,
Қамқоршысы салтымның.
Тұнық ойдың тұмасы,
Перизат қызы халқымның.
Сардарындай сенімнің,
Сарбазындай шебімнің.
Қайсар туған анадан,
Қаһарман қызы елімнің.

Қайырмасы.

ҰСТАЗСЫЗ ҰЛАҒАТТЫ – БІЛЕРІМІЗ...

Әріден сөз бастасақ шамалы біз,
(Жыл жылан. Тамылжыған сары ала күз).
Қарғыбадай ауылда қасиетті
Басталды еңбектегі қадамыңыз.

Үйретіп парасатын ұғымыңның,
Көрсетіп тұңғиығын біліміңнің,
Біздерге бағыт беріп бағдаршамдай,
Болдыңыз жетекшісі сыныбымның.

40 жыл содан бері артта қалды,
Оздырды төрге Сізді бақ-талабың.
Даңқыңа алты алашқа мәлім болған,
Шаттанып елің-жұртың мақтанады.

Ойымды айтар болсам ақтарыла,
Еңбекпен Бақытыңды тапқаның да,
«Өсті деп таудың қызы тауға қарап»,
Айналдың Тарбағатай мақтанына.

Жоралы жерде өркез жолың тұрды,
Ордалы жерде алдың орныңды.
Олжалы жерде алып үлесіңді,
Таныттың ғибратты болмысыңды.

Ұштасып ақыл менен айбатыңыз,
Үндесіп қайырым мен қайратыңыз.
Ұғысып тектімен де, кектімен де,
Табыстың тайқазанын қайнаттыңыз.

Өрледің қажырыңмен, қуатыңмен,
Төрледің мақсатыңмен, мұратыңмен.
Ерледің біліміңмен, іліміңмен,
Ауылың алыс қонды тұрақсыздан.

Шабысын көрсеттіңіз қазанаттың,
Намысын байқаттыңыз азаматтың.
Табысың талай нарға жүк болардай,
Биігің бағындырған ғажап-ақ тым.

Көңілің саялы да шұғылалы,
Өмірің баянды да мағыналы.
«Киелі Мұрын ана рухы қонған»
Деп елің өршіл қызын бағалады.

Әлі де лаулай берсін жігеріңіз,
Мәнімен орайлассын тілегіңіз.
Тарихтан ойып тұрып орын алар,
ҰСТАЗСЫЗ ҰЛАҒАТТЫ – БІЛЕРІМІЗ!

Шәкіртіңіз
Серік Зейнетайұлы ЖҰМАТ.
Ақсуат ауылы

АҚ КЕМЕ

Сайраш Әбішқызына

Өз өлкесін өзендей сипап аққан,
Төгіледі төгілсе күй шанақтан.
Үлкен жүрек сезімі сол сияқты
Өз еліне өзендей сый таратқан.

Қолтығына жел болған қанаттының,
Толғауына дем болған талаптының,
Ардақ тұтып Алты Алаш аспандатсын,
Қалғымаған халқы үшін қазақ қызын.

Арлысына адал жан ара тұрған,
Тарлан бозын үміттің таң асырған.
Әз биікке көтерсін әйел затын –
Қайсарлық пен жаралған жарасымнан.

Қарай қалсын Күн-Тәңір мейірленіп,
Арайлансын Көк Аспан көңілденіп.
Жымыңдасып жұлдыздар Айлы аспанда,
Ар-Жүректің өлмейтін көзін көріп!

Қазақ жері қашаннан даңққа мерей,
Дәме күтіп тұрмаған бақтан өгей.
Ар-Жүректің арманы алыс жүзсін,
Көк мұнарды көктеген Ақ кемедей!

Араңда отыр, адамдар, Алтын адам,
Нар тауменен теңесер нарқы маған!
Теңіз боп та тербеліп елестейді,
Маржан ойы терең де жарқыраған.

Ай маңдайын өбеді айбатты елі,
Жасарады жасанып жайнап жері!

Аман болсын ардагер азамат қыз,
Аман болсын қазақтың қайраткері!

Әбубәкір ҚАЙРАН,
ақын, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты,
«Құрмет» орденінің иегері

ТАРЛАНБОЗ

2007 жылы ағарту саласындағы
Платиналы «Тарлан» тәуелсіз сыйлығын
алған Сайраш Әбішқызының
еңбек тойында оқылған өлең

Жемісті болсын дәйім алдағы күз,
Жетелесін биікке жанған жұлдыз.
Батыр қызы қазақтың Сайраш апай,
Орындалды тағы бір арманыңыз!

Білім жолын білікті жалғадыңыз,
Бауыр, туыс, дос-жаран жан-жағыңыз.
Тарланбозы қазақтың Сайраш апай,
Құтты болсын таңдаулы «Тарланыңыз»!

Қия жолын білімнің таңдадыңыз,
Ақсуаттан ғарышқа самғадыңыз.
Тағы да құтты болсын, Сайраш апай,
Мәртебелі «Тарланды» алғаныңыз!

Құрметпен
бауырыңыз ***Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,***
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты

ТАРБАҒАТАЙ ТАУЫНАН ҰШҚАН ҚЫРАН

Барқытбелдің ұшырған елі баптап,
Қыран құсы келеді сенімді ақтап.
Алпыс белес, алпыс шың артта қалды,
Қайраты мен еңбегі екі жақтап.

Әкесі Әбіш үйреткен жасыма деп,
«Жайсаң жандар жиналсын қасыңа көп».
Тарбағатай тауынан ұшқан қыран,
Салды ұя Алатау басына кеп.

Мекен етіп Алматыдай астананы,
Шырқалды шартарапқа асқақ әні.
Күйттемей жеке басын, жеке өмірін,
Болсын деді қазағым баспаналы.

Байтақ елім – көзімнің қарашығы,
Көкжиекпен астасқан дала шыңы.
Даласы мен қаласын сүйе білген,
Сайраш апай, тілдің де жанашыры.

* * *

Айта алмаған ақ тілегім көп менің,
Нұрын шашсын, жырын шашсын көкте күн.
Ілім, білім шырағына шам болып,
Жетелей бер, «Қазақстан мектебін!».

Жолдас САРМАНОВ,
ақын, журналист

ДОС КӨҢІЛІ

Сайраш Әбішқызына тартуым

Әнін жазған Р. Наурызбаева
Сөзін жазған С. Сіргебаев



Ай дидарлы жүзіңнен
Ізгілік мұң сезем ін.
Жүріп өткен ізіңнен
Көрдім өмір кезеңін.
Сенің үміт талабың
Мені де жүр жетелеп.
Жолын іздеп шаршаймын
Жеткізетін төтелеп.

Сен қуансаң қуанып,
Төбем көкке жетеді.
Табыстырды біздерді
Сан сырлардың жетегі.
Шын берілген досымның
Жер бетінде жүргені.
Тағдыр деген кісінің
Маған қарап күлгені.

САЙРАШЫМ

Ақ Сайраш, айналайын, ел ағасы,
Қиындықты қажымай жеңе аласың.
Абыройды жолыңа өткел тұтып,
Ұлы өзеннен сескенбей өте аласың.

Еңсең биік, жүзің жылы апасың,
Жас ұрпаққа ақ таң болып атасың.
Жеңіс дәмін жеңіп алған еңбекпен
Еліңменен ортақтасып татасың.

1979 жыл, 27 қазан

Мен сені күн ойлаймын, түн ойлаймын,
Сені ойлап ой теңізін көп бойлаймын.
Сенемін біз ұмтылған биіктердің
Жеңісін өзіңменен бір тойлаймын.

1980 жыл, 21 наурыз

Басқаның бақыты үшін жаратылған,
Ардақты да айбынды дара тұлғаң.
Халқыңның мақтан тұтар қарлығашы,
Көбінен биік еңсең, дара тұлғаң.

Рахат НАУРЫЗБАЕВА.
1981 жыл, 10 қыркүйек

САНДУҒАШ ҮНДІ САЙРАШҚА

Сартылдаған мінезі ашық-жарқын,
Асқақтатқан биікке туған халқын,
Қазақтың «чоң қызы» боп бұл күндері,
Қырғызға да белгілі сенің даңқың.

Шүкіршілік ете білдің барына,
Жақсылардың жақын жүрдің жанына.
Бауырға да, достарға да адал боп,
Дақ түсірмей келесің сен арыңа.

Ет-жүрегің елжірейді бауырға,
Тектілік бар өзің туған ауылда.
Жасап жүрген еңбегіңмен еңселі,
Құрметтісің үлкен-кіші қауымға.

Нұр кетпесін күлімдеген көзіңнен,
Қуат алсын достар асыл сөзіңнен.
Ақ тілекті айтайық біз тойларда,
Досқа деген ізгі ниет сезіммен.

Елге үлгі еткен адал еңбегің,
Өз еңбегің болды сенің сенгенің.
Әділдіктің ақ жолынан айнымай,
Арсыздардың арбауына көнбедің.

Тектілігің сезілер тұла бойдан,
Асыл сөзді айтасың ақыл-ойдан.
Қатар жүріп достармен, бауырлармен,
Орындалсын мақсатың алға қойған.

Абыроймен алғы сапта келесің,
Тиянақты істеріңе сенесің.
Тұңғышым деп жақсы көрген өзіңді
Әбіш ата аруағымен демесін.

Мұқалмасын қолыңдағы қаламың,
Бақ әкелсін әрбір басқан қадамың.
Ақ тілегін арнап жүрген біздерге,
Мен де өзіңді адал досқа санадым.

Рысбай СӘТІМБЕКҰЛЫ.
«Халқым менің – қазынам» кітабынан.
– Алматы: Шартарап, 2000 жыл

АҚ ОРДАҒА СІЗ ҚАДАҒАН УЫҚТАР

«Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы,
«Құрмет» орденді педагог-журналист Сайраш Әбішқызына

Қандай еді бабалар, мыңғыртып мал айдаған,
Сертке ұстайтын қылышын намысына қайраған.
Қолайлысын қоныстың, шұрайлысын өрістің
Жанын сала қорғаштап, жатқа бермей жайлаған.

Етек-жеңі кең жатқан ертегідей Шығысты
Арбаушылар көп болды саясатпен жымысқы.
Көшіп-қонған қиырда қыран текті қазақты
Қаумаласып жан-жақтан жоқ етуге тырысты.

Талай асыл мұраны тартып та алды, кесіп те,
Тұншықтырмақ болды ғой тіл мен ділді бесікте,
Қилы-қилы заманда қайырсыздар сүйреді-ау
Қазағымның төрдегі алтын басын есікке.

Көне ме оған бөрідей түз тағысы айбатты,
Азаттыққа ұмтылды, жыққызбады байрақты.
«Отаным-ай, елім-ай, ұлтым-ай» деп күрескен
Батыр туған қазақтан қыз да туған қайратты.

Соның бірі Сіз дер ем, өмір өзі шыңдаған,
Мейірбандық сәулесін түсіруден тынбаған.

Өлеңменен өрілген осы жолдар бір емес,
Алғысы деп ұғарсыз адамдардың мыңдаған.

Қай қандастың бұл күнде ер-тұрманы сай, бүтін?
Жұмыссыздық, үйсіздік қанатын кең жайды тым.
Мақатаев, Сейфуллин, Саин – кілең ақындар,
Өзі өлсе де халықтың бөлісуде қайғысын.

Әр қазақтың қазіргі бір арманы – баспана.
Төрт қабырға мұң болды үлкенге де, жасқа да.
Баспанасыз отбасы – астанасыз мемлекет,
Өз тізгінін жоғалтар, тәуелді боп басқаға.

Күйсіз жанға бұлыңғыр, көкте қанша тұрса күн,
Жалған ұран ас болмас, ұлып жатса құрсағың.
Бір отбасын жарылқап, пана беру басына –
Тәуелсіздік әперу мемлекетке бір шағын.

Ақ орданы осылай, болады екен тіктеуге,
Бейбіт күнде зор ерлік болады екен істеуге.
Құбылмалы кезеңде кісілікті жоғалтпай,
Ардың биік тағынан болады екен түспеуге.

Ықыласты суытпай, мүлде кіршік жуытпай,
«Апай» дейміз әрқашан, ағайындай, туыстай.
Саяңыздан өрбіген ғалым, ақын, ұстаздар,
Шаңырағына Отанның Сіз қадаған уықтай.

ҰСТАЗДЫҚ БАСЫЛЫМНЫҢ БАС ДАНАСЫ!

Ұлтым деп лүпіл қағып жүрегіңіз,
Арайлы Ақсуаттан түледіңіз.
Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат,
Қайсарлық болды сіздің тірегіңіз.

Көп еңбек сіңірсем деп текті еліме,
Басшы боп «Қазақстан мектебіне»

Сіз келген сонау жылдар ел жадында,
Кетпепті ерен еңбек текке, міне.

Болмаса жарып шығар адамда ерлік,
Арлыға жасаған ба заман кеңдік.
Азаматтық жолдағы биік шыңдар:
Ұстаздық, қайраткерлік, қаламгерлік.

Кенде емес зор таланттан, дара ақылдан,
Әуелден ұстаз болып жаратылған.
Жаңашыл Сайраш апай ұйытқы болып,
Жаңа бір журналдардың бағы ашылған.

Ұстаздық басылымның бас данасы,
Бейне бір ұжымның да жақсы анасы.
Бәрінің болсын дейтін баспанасы,
Жабықпай өссін дейтін жас баласы.

Қарыздар сізге дәйім ұжымыңыз,
Қашанда биік болсын тұғырыңыз.
Бұл сөздер біздің ғана тілек емес,
Халықтың алғысы деп ұғыныңыз.

Қайырбек ШАҒЫР,
ақын-журналист

ТУҒАН ЖЕРГЕ КЕЛГЕНДЕ

Қымбатты Сайраш түлеп ұшқан біздің жерден,
Ортаға көп жыл салып биыл келген,
Аз да болса қабыл ал бұл сыйлықты
Ақ ниетпен ұсынған туған елден.

Ұрпағы Ақсуаттың атың қанық,
Мақтан тұтар өзіңді туған халық.

Үнемі келе алмадың, жер де шалғай!
Бірақ жүрсең болады есіңе алып.

Келдің, алдық өзіңнен көп ұлағат,
Көңілі хош, разы болды көп жамағат.
Халқыңның саған айтар батасы бұл –
Абыройлы, бақытты бол, сау-саламат!

Ақсуат бастауыш мектебінің
педагогикалық ұжымы атынан
Самал САБЫРОВА

ДОСТЫҚ ӘЗІЛ

Мектеп түлегі Сайраш Әбішқызына

Алматы – өзі бір мектеп,
Алып қалды құрметтеп,
Жылдан-жылға журналын
Шығарасыз өрнектеп.

Сыйлап бүкіл қауымды,
Ардақтысы болдыңыз.
Сирек келіп, ауылды
Сағындырып қойдыңыз.

Хамза СӘТИЕВ,
журналист

«ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ» ЖУРНАЛЫ ҰЖЫМЫНЫҢ ӘР КЕЗДЕГІ ҚҰТТЫҚТАУЛАРЫ

Басында жүрген бар істің,
Сайраш апа – аяулы қызы Әбіштің.
Тәлім-тәрбие жолында тер төгіп
Әділет үшін алыстың.

Жасайсыз жұмыс іздене,
Үлгі боп мына бізге де.
Туған күні айтар тілегіміз –
Жетіңіз талмай жүзге де!

* * *

Сайраш апай!
Шаршадыңыз ба?
Шаршай көрмеңіз нар шағыңызда,
Сізді біреулер «ер жігіт» дейді,
«Мұндай азамат көрмедік» дейді.
Тіл-көзден аулақ ... олай айтпасын –
Бірақ та, бірақ... қалай айтпасын –
Ағалар ойлап қара бастарын,
Жігіттер жидіп бара жатқасын!
Қалай айтпасын!..
Қалай айтпасын!..

* * *

Болса екен деп ғалам нұр,
Болса екен деп далам гүл,
Халқым халық болса деп,
Мазасыз бір адам жүр.

Бары – халқы – базары.
Сонда ғана назары.
Ажары да қазағы,
Азабы да қазағы...

– Бұл сая адам қай адам,
Емес шығар жай адам?

– Нұры болған жұлдыздың,
Жыры болған ұл-қыздың,
Редактор, төраға
Сайраш апай бұл біздің.

Күлсін апай, нұрлансын,
Жаңа жылда жырлансын!
Қазағының тілімен
Ғасырларға бір барсын!

* * *

Сөйлесе шешен көсілген,
Түйіндер не бір шешілген.
Мінезі кейде алмастай,
Жібектей кейде есілген.
Көрсетіп қате, кеміңді,
Міңіңді түзеп, кешірген.
Сәкеңдей салқар адамды
Сақтасын Құдай кесірден!
Бармақ басып санаңдар, –
Үш журнал бар, қоғам бар.
Келіндерге сын айтып,
«Қыз сынына» алаңдар.
Айтыңдаршы осындай,
Қай журналда адам бар?!

* * *

Үлкенін де кішісін дарасындай,
Көретін бәрін-дағы баласындай.
Сайраш апаң, дана апаң бәрімізге,
Бір ғасырдың көрінер данасындай.

Нарығыңды елеусіз бұйым көрмей,
Жаны жайсаң көңілі шалқар көлдей.
«Қазақстан мектебі» діңгегі боп,
Қосымшалар көрінер асқар белдей...

* * *

Бәріміз де жігітпіз ғой ересек,
Өзімізді сонша нашар демес ек.
Бірақ, бірақ...
Апай, Сізсіз бұлыңғыр
Күн ертеңгі біз көретін келешек.

Арқаңызға тиеп алып жүк қанша,
Ұттырмайсыз,
Ұмтыласыз ұтқанша.
Түріміз бар біздің де орден алатын,
Сіз зейнеттік демалысқа шыққанша.

Апай, апай!
Бәрімізге әз ана.
Сыйдырмаспыз одан басқа бағаға.
Қашан-дағы қамқор болып жүріңіз
Біз секілді бір бейкүнә «балаға».

* * *

Өмірдің өрлері бар, еңісі бар,
Жолдардың жотасы бар, тегісі бар,
Адамның алыс-жақын өрісі бар,
Еңкеймей елу жасқа келесі бар.

Қазақтың тұлпары көп кермесінде,
Сол сынды жақсылар көп жер бетінде.
Солардың бір саңлағы – Сайраш апай,
Өмірдің нұры жанған кеудесінде.

Елуге келді бүгін жан апамыз,
Той жаққа бетімізді қаратамыз.
Қырыққа жаңа келген жан секілді
Анықтап осы адамға қарасаңыз.

Кім айтар осы адамды жасиды деп,
Кей дұшпан жан жарасын қасиды көп.
Апайды білетіндер мақтасады:
«Бұл Сайраш бес жігітке татиды» деп.

Алдында арманы көп жарқыраған,
Жігерін әр күн сайын қамшылаған,
Той күні Сізге айтатын тілегіміз –
Енді бір елу жаса, Алтын Адам!

* * *

Қыннан шыққан қылыштай жарқыраған,
Қанып ішкен парасат – бал тұмадан.
Қазақ үшін туған қыз Сайраш апай –
Қасымызда отырған алтын адам.

Ол тербеткен білімнің ақ бесігін,
Өз халқының ойлаған бақ несібін.
Осы адамнан бата мен тілек сұрап,
Жүрегіміз айқара ашты есігін!

* * *

Сайраш апай!
Сізге арналар тілек көп.
Соғып тұрсыз кеудемізде жүрек боп.
Сәнімізді келтірдіңіз өмірде,
Бәрімізге сүйеніш боп, тірек боп.

Мәуелі бақ – «Қазақстан мектебің»,
Әр ай сайын жапырағы көктеді.
Баптағалы сіздің бағбан қолыңыз,
Қаншама рет өз жемісін төкпеді!

Сіз күлгенде ақ жүректі көрсетіп,
Біз қуандық жанарымыз жарқ етіп.
Адамдықтың аппақ нұрын көргендей,
Тәу етеміз тәуба алдында ант етіп.

Сіздей адам жаратылмас жайдары,
Және де бар ақ алмастай айбары.
Сайраш апай, Сіз алпыста емессіз,
Жас батырсыз желбіреген айдары.

Рас, рас, талай қамал алдыңыз,
Арыстанның аузына да бардыңыз.
Сіз алатын асулар көп әлі де,
Ашық болсын деп тілейміз алдыңыз.

Сайраш апай!
Сау-саламат болыңыз!
Ұзақ болсын ұзақтан да жолыңыз!
Ұран болып ұл мен қызға сөзіңіз,
Жас жүрекке жігер болып қоныңыз!

Әр жылдары жазылған құттықтау өлең авторлары:
Ә. Қайран, Ж. Сарманов, Қ. Шағыр

СІЗГЕ АРНАДЫМ ЖЫРЫМДЫ!

Сайраш апай!
Сізге арнадым жырымды.
Сізге айтамын шаттығымды, мұңымды.
Құттықтаймын!
Құтты болсын апатай,
Ұсынамын үлбіреген гүлімді.

Сүріндірмей кезіксе де неше сын,
Жасадыңыз жақсылықтың нешесін.
Сыйлағандай сыйлап тұрмын көкесін,
Сүйген жандай сүйіп тұрмын шешесін.

Дауылдардан құламаған еменсіз.
Қиындықтың барлығын да жеңдерсіз.
Біз секілді жаны нәзік гүлдерге
Күн сияқты ақ шуақты себерсіз.

Құттықтаймын!
Сіз бақытты болыңыз!
Ұзақтарға ұзай берсін жолыңыз.

Жүрек қана, тілек қана менікі,
Мені туған сіңілідей көріңіз.

Құттықтаймын!
Қуан, апай, күл, жайна.
Қуансаңыз жұрт қуанып тұрмай ма?
Ақ көңілі адал болса,
Адамдар
Ақын болып кетеді екен мұндайда.

Мейрамгүл ӘБДІРОВА,
компьютер операторы

БҮГІН ТОЙ!..

Бүгін той – жөні бөлек, мәні бөлек,
Дәл мұндай салтанаттың сәні де ерек!
Басына бір қызының бұл қазақтың
Аспаннан нұр құйылған, Тәңір елеп!

Сол нұрға шомыламын дегендерге
Қазақтың қоспасы жоқ қаны керек!
Әйтпесе, әрі-сәрі дүбәрамен,
Ешқашан есеп-қисап, мәміле жоқ!

Бүгін той – үлкен тойы ел мен жердің,
Бел буып, болашаққа сенгендердің.
Жалт етіп жанарлары жай отындай
Ұлттың ұранына ергендердің,
Қолынан келгенінше қимыл жасап,

Қазақтың басын көкке теңгергеннің
Жиналып осы тойда біразы отыр
Тар өткел, тайғанақты көргендердің.
Қашанда абыройы үстем тұрсын
Ниет қып осы тойға келгендердің!

Бүгін той – ұлы тойы Ер Ананың –
Сұрына сыр бермеген замананың.
Мұңынан қанып ішіп өз елінің,
Ардақтап, аялаған Адам арын.
Дариядан өзен бұрып, бұлақ құрап,
Біліммен сусындатқан балаларын.
Шалдықпай келеді әлі кеңейтумен
Ұстаздар әулетінің саналарын!

Бүгін той – басқа тойдан бөлек жөні –
Болмайтын боямасы, өрескелі.
Сайраштай ер қыздары көп болса егер,
Қазақтың қашандағы кең өткелі!
Мерейін елдің осы көтеретін
Ежелден ер аналар емес пе еді!
Қыздары Ұмай ана Қызыр сынды –
Шапағат ұққандарға кеңестері.
Осы той сондықтан да бәрімізге
Сияқты самала нұр елестеді...
Қашанда Сайраш сынды аналарға
Өмірдің, көңілдің де керек төрі!

АЛТЫН АДАМ

(Алматы мемлекеттік қалалық мұрағатында Сайраш Әбішқызының 75 жасқа толуына орай өткен кездесуде оқылған өлең)

Мың тоғыз жүз қырық үш,
Қанды майдан бораннан –
Қинаубайдың Әбіші жараланып оралған.
Келесі жыл сәуірде келді өмірге тұңғышы,
Сол бір сәби сыйлапты үміттерін жоғалған.

Содан бері, мінеки, жетпіс бес жыл болыпты,
Қазақ халқы қанша рет торықты да толықты.
Сайраш Әбішқызы да сара жолын салам деп,
Ел деп соққан жүрекпен өмір сырын көп ұқты.

Бітіргенде мектепті, медаль тағып ол тұрды,
Білім алып ҚазПИ-де, үздік шығып құлпырды.
Ұстаз болып екі жыл, содан кейін ауданда –
Комсомолға басшы боп, еңбек етті мол сырлы.

Қолын бұлғап Алматы, «Бізге кел!» деп шақырды,
Ғылым, білім қуалап, кітаптарды сапырды.
Бас газеті қазақтың қызметке қабылдап,
Журналистік өмірдің жарқын жолы ашылды.

Содан кейін – ерекше әйелдердің журналы,
Хатшы болып жауапты, өзін сонда шыңдады.
«Қазақстан мектебі» алтын тақ боп содан соң,
Мәуеледі осында ең жемісті жылдары.

Тәуелсіздік тынысын сезген алғаш бұл адам,
Жұбатсам деп ойлады қазақ тілін жылаған.
Мектептерге қажетті журналдарды көбейтті ал,
Әмбе оқыту ісінің бейжайлығын сынаған.

Тыпыршыды тұлпардай, бір орнында тұра алмай,
Ескерілді еңбегі, самғады апай қырандай.
Депутат боп сайланып, алды «Құрмет» орденді,
Лауреат боп «Тарланға», асқақтады шынардай.

Еліне еңбек сіңірген ол рәсімді қайраткер,
Тарих – кітап! Болашақ – ашылатын әр беттер!
Сайраш апай – саңлақ, саф алтыннан жаралған,
Ел мен жері елжіреп, мәңгі бақи құрметтер!

Жан нұрына малшынған біздің жүрек – бір бөбек –
Сайраш апай сау болса, әр күн сайын гүлдемек!
Бес жылдан соң сексенін тойлап жатсақ мәз болып,
Сөз сөйлерміз тағы да мойын созып мінбелеп!..
Жанға қуат, сезімге сәулелі нұр сыйлайтын –
Әрбір таза жүрекке дәл осындай Күн керек!

Әбубәкір ҚАЙРАН.
2019 жыл, 11 маусым

Төртінші бөлім

Әке жолы — өмірлік өнеге



Собалақ Ата немересі Қинаубайұлы Әбіш әкемнің дүниеге келгенінде азан шақырып қойған аты Абдрахман екен. Екі інісі Әбіжан, Тілеген әкемнің есіміне ұйқастырыла қойылыпты. Есейе келе, әкемді Әбіш деп еркелетіп ресми құжаттарында осылай жазылыпты. Інісі Әбіжанның дене бітімі кішілеу болып, үлкендер Шөжен деп еркелетіп, осы есімі барлық құжатта, бала-шағаларының, немерелерінің тегі болып жазылыпты. Тілеген атамыз Зайсан педагогикалық училищесінде білім алып, мұғалім атанып, оқыған қауымның алдыңғы легінде болыпты. Аты-жөні өзгеріссіз сақталған. Үшеуі де – 1941-1945 жылдардағы соғыс жауынгерлері. Әкем 1943 жылы елге оралғаннан кейін туған тұңғышы менің де азан шақырып қойған есімім Сайрангүл екен. Соғыстан кіші екі әкесі аман оралып, сайрандап жүрсін деп әжем ырымдапты. Өзі еркелетіп Сайраш депті. Сөйтіп Сайраш болып келе жатырмын.

Әкем 1902 жылы туып, патшалық заманның 15 жылдай соңын, кеңестік 70 жылды толық бастан өткізіп, Отанымыздың тәуелсіздікке жеткен бақытын көріп, 1994 жылы қатарласына қадірлі, туған жұртына сыйлы, екі інісінің артында қалған екі жесірі мен жеті баласына айрықша қамқор болып, о дүниеге аттанды. Қағаз бетінде журналист Нұрбек Сейілхановтың жазғаны қалды. Газеттен қиып алып, сақтап едім. Енді, міне, кітабыма енгізуді перзенттік парызым санадым.

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

Екі дүниені бірдей көзбен көріп, патшалық феодалдық тұрмыста жастық шағын өткізіп, жігіттік шағында кеңестік өзгерістің басы-қасында болып, саналы өмірін жаңа қоғам орнатуға арнаған, қартайған шағында ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, арман-мақсатына жетіп, алаңсыз өмір сүрген қарт бейбіт қоғам қадірін тіпті жақсы біледі. Екі қоғамдық құрылысты басынан өткізген адамдар қатары да сиреп барады. Сондай қарттың бірі – 84 жастағы Ерназар селосының тұрғыны, еңбек және соғыс ардагері Қинаубаев Әбіш.



Анықтама

Тарбағатай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің мұрағатында Ұлы Отан соғысының II топтағы мүгедегі ҚИНАУБАЕВ Әбіш 1902 жылы туылған, КСРО Қорғаныс Министрінің 06.04.1985жылғы №85 бұйрығымен I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталғандығы туралы деректер сақталған.

Негіз: КСРО медалдары және ордендарын табыс ету туралы 1985жылғы 9 желтоқсандағы №1 хаттамасы

Анықтама сұралған жерге берілді.

Тарбағатай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы подполковник Н.Абдилбаев

Жасының ұлғайғанына қарамастан, толықша зор денесін тік ұстаған, әлі де еркін нұры таймаған кішілеу көзі мен әлі ескіре қоймаған дөңгелек жүзінен жылылық, мейірімділік танылған қарт өткен өмірінен сыр шертеді.

Ол кісі 1902 жылы қазіргі Карл Маркс атындағы совхозға қарасты Сандықтас деген жерде өмірге келіпті. Өзімен тете, бір әкеден туған екі інісі Ұлы Отан соғысынан оралмапты. Бір бауыры Тілеген Ерназарда мектеп директоры болып тұрып соғысқа аттанған екен. Венгрия жерін азат ету жолында қаза болыпты. Ал екінші інісі Шөжен (Әбіжан) Ерназар ұжымшарында бастық болып тұрғанда Белоруссияға әскери міндетін өтеуге кетіп, сол мерзімде соғыс басталып кетіп, жау қолында қалған өлкеде партизандарға қосылып жаумен соғысып жүргенде 1944 жылы қаза болған. Қария «орнында бар оңалар» деп, сол ел үшін жанын қиған екі інісінен қалған балалары қазірде жетіліп, бірнеше үй болып отырғанын айтады.

– Өзім жасымнан опырып істейтін қара жұмыстың адамы болдым. 1928 жылы артельге мүше болдым. 1932 жылы сегіз үй бірігіп «Ерназар» ұжымшары атандық, – дейді қарт.

1933 жылы Базар бойына егін салып, 1935 жылы ұжымшарға ол кісі кілетші болған. Өз айтуы бойынша, ел басқарып, атқамінер қатарына қосылғаны сол жылдан бастап.

Көңілінде санасы, жүрегінде оты бар жігіт кенже қалдым демей, сауатсыздар мектебінен оқып, ақ пен қараны ажыратып аздап сауат ашқан. 1940 жылы Семей қаласынан 6 айлық курста оқып келіп, «Жаңанесіп» ұжымшарына (Қызылкесік ауылдық Кеңесі) бастық болыпты. 1939 жылы КПСС мүшелігіне кандидаттыққа, 1943 жылы майданда КПСС мүшесі қатарына өткен.

– 1942 жылы майданға аттанып, алғаш барған бетте Сталинград түбінде жамбасымнан жараландым. Үш ай Саратовта госпитальда жатып, сауыққан соң соғысқа қайта аттандым. Ростов түбінде болған шайқаста оң қолымның шынтағымнан жараланып, Барнауыл қаласында емделіп шыққан соң 1943 жылы елге қайтып ораддым, – деп соғыстағы тарихын қысқарта айтады Әбең.

Әскерден келген соң Амангелді атындағы ұжымшар бастығының орынбасары, кейіннен 1947 жылы «Көкжыра» ұжымшарына бастық болған. 1950 жылы ұсақ ұжымшардар ірілендірілгенде бастықтықтан босап, 6 жыл қой фермасында меңгеруші болған.

– 1956 жылы ферма меңгерушілігінен босап, 1964 жылға дейін қар жамылып, мұз жастанып, 8 жыл бойы жылқышы болдым. Сол жылы 80 сом пенсияға шықтым. Болашақ оқығандардікі екенін білген соң балаларымды оқытуға баса назар аудардым, – дейді ақсақал.

Ол кісі 8 бала тәрбиелеп өсірген. Үлкен баласы Сайраш Әбішева Алматыда «Қазақстан мектебі» журналы редакторының орынбасары, одан кейінгі ұлы Кәдірбек – Алматының архитектура институтында мұғалім, Кенжегүл Қинаубаева – Алматыдағы бір өндірісте экономист-бухгалтер, Сайлаубек – Карл Маркс атындағы совхозда бухгалтер, Оңдасын – Алматыда құрылысшы, Рая – Қызылкесік селосында мұғалима, Талғатбек – «Сұлутал» совхозында шофер. Өзі Бақытбектің қолында. Қарттың өз балаларынан есептегенде 21 немересі бар.

Ақсақал бірде астанамыз Алматыдағы балаларында болса, бірде Ақсуаттағы балаларын аралап, қалған өмірін аялы алақанда өткізіп жүрген адам. Бала кезімізде, ертекте бір адамның басынан неше түрлі қиындықты өткізіп келіп-келіп, ақырында ертекші «сөйтіп мұратына жетіпті» деп бітіруші еді. Әбең де сол ертегінің кейіпкеріндей. Әбең ұл-қыздары мен немерелерінің ортасында бақытты тұрмыс құшағындағы мыңдаған қарттардың бірі ғана.

Нұрбек СЕЙІЛХАНОВ.
Семей облысы Ақсуат ауданы.
«Еңбек туы» газеті, 1986 жыл, 13 ноябрь

Бесінші бөлім

Туған өлкемнің
мақтан ететін тұлғаларының
ақ тілегі — ақ теңіз



Менің туған өлкем – Барқытбел баурайы. Барқытбел – Тарбағатай тауының көне атауы. Еренқабырға деп те айтады. Мұның өзі таудың тарихы халқымыздың көне тарихынан тамыр тартатынына бұлтартпас айғақ. Зайсан көлі мен тарихи Жоңғар қақпасы қапталындағы Жалаңашкөл, Алакөл айдыны шалқыған Үржар ауданынан бөліп тұрған Еренқабырғаның (Тарбағатай тауының) бергі баурайынан басталып, Аягөз, Көкпекті аудандары жиегімен ұштасып, кең жазығы мен көк шалғыны, биік тау жоталары жарыса жалғасатын, табиғаты аса көрікті аяулы мекен Тарбағатай ауданы – менің туған өлкем, алтын бесігім. Менің алпысқа толған мерейтойымды аудан әкімі Айбек Кәрімов бастап үлкен салтанатпен атап өтті. Кіндік кескен өлкемнің – Ақсуат, Ақжар өңірі жұртының мақтан ететін тұлғалары маған арнаған жүрекжарды лебіздерін жарыса жазды. Сонда көңіл қуанышым асқар таудың ақ шыңдарына ақ үлпадай ұшты ғой. Ақжарма тілектерін сыйлаған ағаларым, Қарпық, Төлеубек, Төкен, Орынбек, Қализада, туыс-дос Мәлс, Мұхтар, Мұса, Мәлік, Серікқазы, кіндік бауырым Марат дүниеден озды. Иман байлығын берсін. Ортамызда өздері болмаса да, өнегелі өсиет сөздері – тірлігіме үлкен тірек. Биылғы 75-іме тарту-таралғы болсын деген осы кітабымды баспаға берер алдында аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Маханқызы Жұмаш сіңілімнің құттықтау хаты келіп, жерлестерімнің ақ тілек-лебіздерін жалғастырды.

Туған өңірдің ақ тілеулі асыл адамдары құрметінің орны бөлек екен. Тілегім – қазақтың үлкен-кішісінің бәрі де өскен өлкесінің қадірлісі болсын! Менің жұртымның ақ тілегі баршаға жұғысты болсын!

АБЫРОЙЫҢ АСҚАҚТАЙ БЕРСІН!

Мен Сайрашты 1953-1959 жылдар аралығында Көкжыра орта мектебінде директор болып істеген кезімнен, өте жас кезінен білемін. Рахима әжесі тұңғышынан туған тұңғыш немересі Сайрашты өз бауырында еркелетіп өсірді. Ал Рахима әжесі тіпті жас кезінен бастап-ақ өзінің мол ақыл-парасатымен елге сыйлы болған. Ақылды әже соғысқа аттандырған үш ұлынан: Әбіш, Шөжен (Әбіжан), Тілегеннен қалған Меңке, Күлән бастаған келіндері мен Сәбетай бастаған немерелерінің басын біріктіріп, ұрпақтарын бір-бірімен тату-тәтті, ұйымшыл етіп тәрбиеледі. Алғашқы немере келіні, менің жақын туысымның қызы Күлсағат та әжесінің көңіліне сай болғанын, әжесі дүниеден өткен соң ақылдылығымен Қинаубай ұрқына ұйытқы болғандығын қабірінің басында елдің қабырғасын қайыстыра көз жасын төгіп тұрып сөйлеген Сайраштың сөзін тыңдау үстінде көзім жетті.

Тілегеннің бәйбішесі ноғай қызы Меңке ақылды, мінезді адам еді. Шөженнің бәйбішесі Күлән да момын, ақылды болатын. Меңке – ұстаз әрі мектеп партия ұйымының хатшысы. Екеуі де мұғалім бәйбішем Шәмшамен сонша сыйласымды болып араласып кетті. Кішкентай Сайраш та біздің үйде жиі болатын. «Тұлпар болар құлынды мүшесінен танимын» дегендей, бала болса да Сайраштың бойынан ерекше жақсы қасиеттер сол кезде-ақ байқалушы еді.

Осылай кішкентай күнінен білетін, өсе келе биіктен биікке көтерілген, ақырында бүкіл еліміздің мандайына біткен біртуар, дана қызы болған, есімі елімізден тыс жерлерге де мәлім болып, биік абыройға бөленген аса тағылымды өмір жолына Шәмша екеуміз терең сүйіспеншілікпен, мақтанышпен, жүрекжарды туыстық тілеулестікпен қараймыз. Алла жар боп, абыройың одан әрі әлемге танылып, асқақтай берсін. Әумин!

С. Әбішқызының «Оттай ыстық он жыл» кітабы туралы пікірін жазушы Ақселеу Сейдімбек: *«Қазақ педагогикасы қазақ мектебі үшін жұмыс істесін, қазақтың баласы мектепте қазақша оқысын. Қазақ үшін ең ауыр да абыройлы жол – білім жолы...*

Міне, ұлтым деп соққан үлкен жүректің үні осындай» деп әділ де дәл түйіндейді. Сайраш Әбішқызы үн көтеріп қана қоймай, осы ұлы мақсаттарды жүзеге асыруда кемеңгерлікпен қыруар іс тындырған. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» дейді дана халқымыз. Сайрашқа осыншама қасиет ең алдымен өзіміз көзіміз көрген аса ақылды әжесі Рахиманың тәрбиесі арқылы дарыса, біртіндеп өзінің туған топырағындағы киелі әулие, Орта жүзге ықпалы жүрген данышпан ел басшысы, өзінің осы қасиетіне замандастары Қисық аға сұлтан мен Құнанбайды тәнті еткен, 14 жасында 9 жетімнің шаңырағына келін боп түсіп, өзінің бір Алла берген қабілет, қасиеттерімен, өлшеусіз дарынымен ақырында ел иесі үлкен қайраткер дәрежесіне көтерілген Үйрек (шын аты Тыныштық) ана мен арғы атасы Байыстың бәйбішесі киелі әулие Мұрын (Дүзай) анамыздың ұрпақтан-ұрпаққа аңыз боп жеткен асыл қасиеттерін де аса алғыр Сайраш бала кезінен-ақ зердесіне молынан сіңіріп өсті. Бүгін халқымыздың көз алдында сол әже-аналарының лайықты ізбасары боп, солардың ізгі қасиеттерін мінсіз жалғастыруда.

Жазып жатқан «Тағылым» деген кітабыма Сайраш жөнінде көлемді материал кіргіздім.

Менің Сайрашқа «Қазақ тарихы» журналына басуды сұрап жіберген «Хан батыр Қабанбай дәуірі» деген көлемді мақаламды (2003 ж. журналдың 1-2-санына басылды) компьютерден өткізіп, көптеген дана етіп көбейтіп, зиялы қауым өкілдеріне өз қолымен таратқан, менің шығармашылық еңбегіме соншалық қамқорлығы үшін де аса ризамын.

Қарпық ЕГІЗБАЕВ,
«Тағылым» кітабының авторы

«ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ, НҰРЫ ТАСЫСЫН»

Мен бұл мәтелді бекер келтіріп отырғаным жоқ. Өзім 67 жасқа келдім. Өмірде талайды көрдім, талайды үйрендім, қазақтың феодалдық өмірін түйсініп, социалистік өмірдің ішіне араластым.

Енді, міне, жаңа орныгып келе жатқан егемен, тәуелсіз Қазақстанның өркениетті қоғам құрып жатқандығының куәсі болып отырмын. Сонда түйгенім: қай заманда болсын «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген нақыл өз мәнін жойған жоқ. Өйткені, білген кісіге біреуді мақтау-мадақтау арқылы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде, сабақ болсын деген мақсатта айтылып отыр. Осының бір мысалы есебінде сыйлас, сүйікті, бір ауылда бірге өскен қарындасым Сайраш Әбішқызы туралы ғибрат жазуға қолға қалам алдым. Мен журналист немесе жазушы емеспін, қарапайым ауыл адамы, ауыл шаруашылығының маманымын. Менің мақсатым: Сайраш кім, ата-бабалары, туып-өскен жері, оны қоршаған ортасы туралы аз да болса мағлұмат беру. Сайраштың руы Найман, оның ішінде Қаракерей, Қаракерейден Мәмбетқұл (Қыржы), оның ішінде Олжабай табынан. Атамекендері Кіндікті өңіріндегі Қарағаш өзенінің Гауһар деген тұсы, бұл жер қазір де Қинаубай қорасы деп аталады. Атасы Қинаубайдан Әбіш (азан шақырып қойған аты Әбдірахман), Тілеген, Шөжен (шын аты Әбіжан) деген үш ұл туған. Қинаубай өз айрандығы өзінде орта шаруа болған адам. Қинекең балаларының тәрбиесіне өте көңіл бөлген. Балаларының бәрін ауыл молдасынан оқытып, арабша хат танытқан және балалары да еті тірі, еңбекшіл болып өскен. Қинаубай Шөженді түтін иесі есебінде өз қасында ұстап, шаңырақ шаруасына үйреткен. 1928-1929 жылдары Ақсуат ауданында Кеңес өкіметі орнаған кезде Кіндікті өңірінде алғашқы құрылған «Қарағаш» артелінің төрағасы болып Әбіш сайланған. Кейіннен іріленген Е. Ерназаров атындағы ұжымшардың бастығы болды. Ал Тілеген болса, көзі ашық, сергек жігіт, ауыл мектебінде алғашқы мұғалім болды. Тілегеннің саужой (сауатсыздықты жою) кезіндегі еңбегі бағаланып, ол кезде Зайсан қаласында ашылған мұғалімдер дайындайтын курсқа жіберілді. Оны ойдағыдай бітіріп, аудан орталығындағы мектепке мұғалім болады. Кейіннен Семейдің педучилищесін бітіріп, 1935 жылы Ақсуат ауданының орталығы Ақсуат селосында алғаш ашылған орта мектептің бірінші директоры болды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Қинаубайдың үш ұлы бірдей соғысқа аттанды. Тілеген мен Шөжен соғыстан оралмады. Біздің туған ауылымыз Жәнтікейден 70-тен астам азамат соғысқа аттан-

са, содан санаулы ғана адамдар қайтты. Олар мыналар еді: Әубәкір Бекхожин, Омарбек Жыбраев, Баяхмет Сағындықов, Есенғұл Ысқақов, Сымағұл Байбұрашев (менің әкем), Манаш Станбеков, Рахмет Дүзбаев, Әбдірахман (Әй) Шүңіреков, Айдархан Солтанбеков, Қабақ Алшынов, Қасым Мұстафин – барлығы он бір азамат. Бұлар біреуі ақсақ, біреуі шолақ, контузия алған жандар еді. Әбіш келе ұжымшарға қайта бастық болды.

1947 жылы іріленген Ақсуат ауданының Шверник атындағы ұжымшарына төраға болып жоғарылады. Кейіннен оқыған жас мамандар, шаруашылық басқаруға тағайындалған кезде Әбең қой фермасының басшысы болды. Жылқышы болып жүріп зейнеткерлікке шықты. Ұлы Отан соғысы кезінде Әбіш Ростов қаласы маңында шайқасса, менің әкем Сымағұл Тюмень облысы жерінде соғысты. 1943 жылғы Сталинград шайқасына екеуі де қатынасқан. Сол кезде жоғарғы соғыс қолбасшысы әрбір майданнан әскерлерді Сталинград қаласы маңына шоғырландырса керек. Бірақ екеуі бірін-бірі көрмеген. Ауылға келген соң ғана Сталинградта бірге болғандарын білген. Менің әкем: «Сталинград шайқасы өте сұрапыл болды ғой. Аспаннан күн көрінбейді, қашан таң атып, күн батқанын да білмейсің. Жер-көктің бәрі – шаң, түтін. Атылған зеңбірек, жарылған снаряд, самолеттің гүрілі, танкінің дүрілі, қала да, дала да өртеніп жанып жатыр. Айғайлаған, жылаған дауыстар, командирлердің айқайлаған бұйрығы, кімнің өлі, кімнің тірі екенін біліп болмайды. Тек Құдайдан ертеңгі таңға жанымды жеткізе көр деп сиынудан басқаға күй жоқ. Бір адым кейін шегінуге болмайды. Шегінсең, атып тастайды. Тамақ тұрмақ, судың өзі қат. Алла жар боп, елге аман оралдық қой. Мүмкін балалардың көрер жарығына қарай шығар» деп отыратын. Менің әкем соғыстан ақсақ болып келсе, Әбеңнің бір қолы кем болып келді. Әбеңнің дастарханы мол, жомарт адам еді. Бәйбішесі де асқа бапты кісі болды. Тіпті, шәйнекке сары шаймен қоса үш төрт тілім қазы да салып шәй демдейтін. Ондай шәйдің дәмі ауыздан әсте кетер ме?!

Қинаубай балалары шетінен кесек, балуан пішінді адамдар болған. Соған орай, тұқымына тартқан немерелері де денелі болып ержетті.

Әбең ауыл ішінде беделді, мейірімді, ақкөңіл жан еді. «Үлкендерді сыйлаңдар, әсіресе ер-азаматты қадірлеңдер» деп отырушы

еді. Ағайын арасындағы береке-бірлікке де ұйытқы еді. Соның айғағы, інілерінің балаларын бауырына тартып, бір үйдің баласындай қамқор болды. Шөжен інісінің Сайлаубек деген ұлын бауырына салып, өз атына жаздырып өсіріп жеткізді, оқытып мамандық алғызды, әйел әперіп, отау етіп шығарды. Сол Сайлаубек Әбішев болып жазылып, көп жылдар есеп қызметкері болып жұмыс істеп зейнеткерлікке шықты. Әбең керемет еңбекқор адам еді. Соған өзім куә болған бір жайды айта кетейін. 1966 жылы мен «Сұлутал» кеңшарының №1 «Қожакелді» фермасының меңгерушісі едім. Кеңшардың өндірісінің 70 пайызы сол фермаға шоғырландырылған. Кеңшардың 22000 гектар егіндігі, 2600 ірі қарасы, түйе, тауық, шошқа, жылқы фермасы сол «Қожакелді» бөлімшесіне қарайды. Қалған №2, №3 бөлімшелері қой өсірумен шұғылданады. Жұмыс ауыр, шаруашылықтың қиындықтары бастан асады. Сол жылы егін өте бітік шықты. Қазақстан мемлекетке миллиард пұт астық тапсырамыз деп астықты тазалап, сорттап мемлекетке өткіземіз, тұқымдық қор мен жемдік қорды қамбаға құю бар. Осыған орай ұйымдастыру қабілеті күшті, шаруаның білгірі бір азамат керек. Сол адамның таңдауы Әбіш ақсақалға түсті. Әбең қинала-қинала, өзінің зейнеткер екенін, жасының ұлғайып қалғанын айтып әзер келісті. Көмекшілігіне электрик әрі механик етіп Солтанғазы Ахметов деген тепсе темір үзетін азаматты тағайындадық. Әбеңнің қарауында 30-40 қыз-келіншек, жас балалар бар. Науқан қызу жүріп жатыр. Қырманда жұмыс сөткелей кезекпен істеледі. Дәл осы кезде Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Михаил Пантелеевич Карпенко деген кісі күзгі егін жинау науқанын тексеріп, Ақсуат ауданына келді. Ауданға кіре берісте орналасқан «Сұлутал» кеңшарына бірінші келмек. Карпенко өзі қатал, партизан отрядында болған, аудан, ауыл басшылары қатты жасқанады. Бізде де зәре жоқ. Дегенмен, біздің қырманға Карпенко үндемей кетті. Мұнысы – біздің қырманнан мін таппады деген сөз. Қырманда не бөрткен, не көктеген дән жоқ. Жылан жалағандай тап-таза. Мемлекетке астық тапсыру ойдағыдай жүріп жатыр. Ал көрші кеңшарларда қырмандағы қызылдың көже болып жатқаны, тазалықтың, тәртіптің жоқтығы қаншама сынға ұшырады. Міне, бұл іс Әбеңнің арқасы еді. Карпенко кеткен соң мен Әбеңе рахметімді айттым. Сонда Әбіш ақсақал тұрып:

«Е, Төлеубек, бұл жұмыс жұмыс па, тәйірі. Мүмкіндік бар, бәрін техника атқарады. Біздің кезімізді айтсаңшы, ол бір тозақ заман еді ғой. Онда біз ауа райына толық тәуелдіміз. Қолмен орылған егінді қырманда шаңтаспен бастырамыз. Сабанын алған соң борықты бұртқа үйеміз. Жаңбыр жауса астық бүлінеді. Тездетіп астықты тазалап, орын-орнына жөнелтіп отыру керек. Астықты ұшырып тазалау үшін табиғаттың желі соғу керек. Кейде жел он шақты күн сөткелей соқпай қояды. Борықты қызылдай алмайсың. Тапсыру жоспары жұма сайын ауданға беріліп отырады. Кейде жұмасына 1 кг астық өткізе алмайсың. Ол кез – «Үндеместің» кезі. Кінәсіз «халық жауы» болып шыға келесің. 1 кг бидай ұрланса, сотталып кете барасың. Сол кезде әрбір ауылға ауданнан, облыстан өкілдер келіп бақылап тұратын. Солардың бірі облыстың өкілі Сүлеймен Үйсінбаев деген кісі біздің ауылға өкіл болып келді. Өзінің аздап ақындығы бар, тобықты жігіті еді. Сол жолы бір жұма жел соқпады. Қырманшылар «Қабай, Қабай» деп жел шақырады, бірақ жел соқпады. «Қабай» деген – ескі қазақ ұғымында желдің иесі. «Қабай» деп айқайласа жел келеді деп есептейді. Сондағы Сүлекеңнің айтқан өлеңі:

Қырманда борық толып тұр,
Охрандар қорып тұр.
Ақтай кетті мәлімет,
Әлде неге жорып тұр, –

дейді екен.

Небір қиындықты бастан кештік, сендерге құдайым көрсетпесін. Қой, Төлеубек, жұмыс тоқтап қалды, бөгеме» деп, жұмысшыларға кетті. Сол кезде Әбең 65-66 жаста еді. Қайраты қайтпаған, сөткелей жұмыс істеді. Сөйтіп бізді, халықты риза етіп қырман жұмысын толық өткізіп, үйіне қайтты.

Жоғарыда айтылған соғыстан оралған ақсақалдардың барлығы дерлік 1900-1905 жылдары туған адамдар еді. 70-жылдардың ортасында сол үлкен ақсақалдардың төрт-бесеуі ғана қалып, қалғандары өмірден өтті. Көзі тірілері: Әбіш, Сымағұл, Баяхмет, Омарбек, Қасымдар өле-өлгенше күнде кезекпен бір-біріне қонақ болып, әңгімелесіп қыдырып жүретін. Сол адамдардан бүгінде

ешкім жоқ. «Орнында бар оңалар» дегендейін, барлығының балалары өздері ата-әже болып, бала сүйіп, немере көріп отыр.

Әбіш ақсақал да өз кіндігінен ұл-қыз сүйді. Ал бауырына салған ұлы Сайлаубектен шөбере көрді. Әбіш әкеміздің де барлық балалары үйлі-баранды, балалы-шағалы. Сайраш – Әбеңнің тұңғышы. Әбіш ақсақал «Сайрашым – отымның алды, суымның тұнығы» деп отырушы еді және де оны өзге балаларынан ерекше жақсы көруші еді. Сайраш Әбішқызы 1944 жылы 13 мамырда туған. «Ақсуат» орта мектебін күміс медальмен бітірген. Қазақ педагогикалық институтының тарих-филология факультетін қызыл дипломмен бітірген. 1965 жылы мұғалім, одан кейін Ақсуат аудандық комсомол комитетінің хатшысы болды. Артынан аспирантураны бітіріп, «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Қазақстан әйелдері» журналында істеді. Соңғы жиырма жылдан астам уақыт «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторының орынбасары, бас редакторы. 1997 жылы – М. Сералин атындағы сыйлықтың иегері, 2000 жылы – Англиядағы Кембридж жылнамасының анықтамалығының бірінші басылымына аты енгізіліп, арнайы диплом берілген тұңғыш қазақ әйелі. Үш кітабы жарық көрді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденін, Ы. Алтынсарин медалін омырауына тақты. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі. Өз мүддесінен халыққа қызмет етуді артық санаған Сайраш, еліміздің жас ұрпағын тәрбиелеуге әлі де еңбек сіңіріп, ел сенімін ақтай береді деп сенеміз. Сайраш Әбішқызы – өзі туып-өскен Тарбағатай (бұрынғы Ақсуат) ауданының Құрметті азаматы. Сайраш – Алтайдың сауыры Тарбағатай елінің мақтанышы.

Мерейтойың қайырлы болсын, ғұмырың ұзақ болсын, денсаулығың зор болып, еңбегің жемісті болсын ауылдасым, Тарбағатай топырағының перзенті – Сайраш қарындас! Бұл тілекті барлық жерлестеріңнің батасы деп ұғарсың. Алла жар болып, Қаракерей Қабанбайдың, әулие Ырғызбай атаңның аруақтары жебей жүрсін.

Төлеубек СЫМАҒҰЛОВ,
«Найман Мәмбетқұл және Ырғызбай әулие әулеттері» шежіре кітабының авторы

СҮЙКІМДІ САРЫ ҚЫЗ ЕДІ

Семей қаласындағы Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі, әдебиеті факультетін бітірген мен 1952 жылы тамыз айында «Көкжыра» жеті жылдық мектебіне оқу ісінің меңгерушілігі қызметіне келдім. Мектепте 150-дей бала оқитын еді.

Оқу ісінің меңгерушісі болғандықтан, мектептің тоқсандық, жылдық ақпараттарын жасаймын, оқушылардың бас жұмыстарын, келу, кету мәліметтерін, сабақ үлгіру ақпараттарын жүргіземін. Сондықтан мектептегі оқушылардың барлығының аты-жөнін, олардың ата-аналары кімдер, қандай жұмыс істейді, отбасындағы тәрбиесі қандай екенін толық білетін едім. Осы жылдарда Әбішева Сайраш бастауыш сыныптарда оқыды. Өте сүйкімді, үкідей сары қыз еді. Сабақты үздік оқыды. Өз сыныбында белсенді бала болып, бірге оқығандарға басшылық жасап жүрді. Сайраштың әкесі Қинаубаев Әбіш – соғысқа қатысып бір қолынан жаралы болып келген азамат Шверник атындағы ұжымшарда қой фермасының меңгерушісі болып істейді. Ел арасында беделді, ойын ашық, тура айтатын, ақжарқын мінезді адам еді. Мектепке келіп, қызының оқуы жайын біліп тұратын, мұғалімдермен пікірлесіп жүретін еді.

Аудандық оқу бөлімінде меңгеруші болып жүргенімде «Қазақстан мектебі» журналының редакторы Сайраш қызмет бабында ауданға келгенде аудан мектептерін бірге аралап, мұғалімдермен кездесіп, «Дөңгелек үстел», журнал оқырмандарының конференциясы, сұрақ-жауап кештерін өткізіп, пікір алысып жүрдік. Сайраш бас редактор болып істейтін «Қазақстан мектебі» журналы аудан мұғалімдерінің сүйіп оқитын әдістемелік құралына айналды. Аудан мұғалімдері журналмен үздіксіз байланыс жасап, өздерінің жұмыс тәжірибелерін жиі жазып тұрды. Сайраштың мұғалімдермен осындай тұрақты да үздіксіз байланысын аудан жұртшылығы, аудан әкімдігі жоғары бағалап, Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының «Құрметті азаматы» деген атақ берді. Мен Сайрашқа оқушым және қызмет бабындағы үлгілі ізбасарым ретінде алғысымды айтып, «Қазақстан мектебі» журналындағы

бүкіл республикаға танымал болған қажырлы еңбегінің бұдан да жемісті болуына тілектестік білдіремін.

Қализада ҚАЛЕЛОВ,
Қазақ КСР және КСРО халық ағарту ісінің озық қызметкері,
облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер,
Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы.
«Ұстаз үні» газеті, 2004 жыл, №6-7

АЛҒЫР ШӘКІРТ – ЕЛ ТІРЕГІ

Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі К. Даукеевтің 1955 жылғы 18 шілде күнгі бұйрығы бойынша Ақсуат ауданы Қызылкесік ауылындағы С.М. Киров атындағы орта мектепке оқу ісінің меңгерушісі, биология-химия пәнінің мұғалімі болып қызметке орналастым. «Қызылкесік» орта мектебінде 7 жыл – 1961 жылға дейін қызмет еттім. Сол жылдары оқушым, 9-сыныпта оқитын Әбішева Сайрашқа биология-химия пәндерінен сабақ бердім. Сайраштың әке-шешесі бізбен жерлес, менің ата-аналарыммен қоныстас болған адамдар. Әкесі Қинаубаев Әбіш – беделді, елге танымал, ауданның бірнеше жерінде көп жыл бастық болып, Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығын өркендетуге зор еңбек сіңірген адам.

Сайраш үлкен апасы Рахиманың тәрбиесімен өсіп, ержетті. Бүкіл ауыл Сайраш деп атайтын. Сайраштың мәпелеп өсірген Рахима апа айбынды адам еді, осы апаның тәрбиесі Сайраштың алғыр әдебиетші, атақты ұстаз болуына жол ашты деп есептеймін. Әбішева Сайраш менің ең сүйікті оқушым еді. Мектепте өте жақсы оқыды, сабаққа мұқият дайындалатын, сыныптан тыс әдебиет кітаптарын көп оқитын, тапқыр, қазақтың шешендік сөздерін ұтымды қолданатын, өте шешен еді. Сабақты өте жақсы оқумен бірге мектептегі түрлі қоғамдық жұмыстарға, үйірмелерге белсене қатынасатын. Осындай зор қабілеттілігі мен еңбек сүйгіштігінің арқасында жоғары дәрежелі білім алды. Әбішева Сайраштың өскен ортасы, тәрбиелеген ата-анасы, туған-туыстары оқыған, білімді, ел сыйлайтын құрметті адамдар болатын. Сайраштың әкесі

Қинаубаев Әбіштің туған бауыры Тілеген Қинаубаев – «Ерназар» орталау мектебінің директоры, осы естелікті жазып отырған менің ұстазым еді. 1942 жылы ағалы-інілі Қинаубаев Әбіш, Қинаубаев Тілеген Отан қорғау үшін неміс басқыншыларына қарсы соғысқа аттанды. Қинаубаев Тілегеннің орнына мектеп директоры болып зайыбы Қинаубаева Меңке қалды. Қинаубаева Меңке 1920 жылдары Зайсан қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курсты бітірген. Ұстазым, мектеп директоры Қинаубаева Меңкенің маған 1943 жылғы 20 маусым күнгі «Ерназар» орталау мектебінің 5-сыныбын өте жақсы оқып, үлгілі тәртіпті болғаным үшін берген Мақтау грамотасы қазір архивімде сақтаулы тұр. Қинаубаев Тілеген білімділігі мен қайрат-қажырының арқасында Ұлы Отан соғысында өте қиын мамандықты меңгеріп, парашютші-десант болған. Асыл аға, ардақты ұстаз Қинаубаев Тілеген Отан тапсырмасын орындау жолында ерлікпен қаза тапқан. Сайраштың әкесі Қинаубаев Әбіш Ұлы Отан соғысында сол қолынан жараланып, елге – Ерназар ауылына оралды. Ауыл шаруашылығында көп жыл лауазымды қызметтер атқарды. Сайраш Әбішеваның білімділігімен бірге ұйымдастыру қабілеті өте жоғары болатын. Ауданда комсомол комитетінің хатшысы болып та қызмет атқарды. Ұстаздық қызметтің қыры мен сырын жете меңгерді. Зор қабілеті мен талмай еңбектенуінің арқасында бүкіл Қазақстан Республикасына танымал ұстаздардың ұстазы болды. «Алғыр шәкірт – ел тірегі» деген осы.

Мұқаметкәрім БАХТИН,
ардагер ұстаз,
«Құрмет белгісі» орденінің иегері

«ЕҢБЕГІ МЕН ҚАЙРАТЫ ЕКІ ЖАҚТАП...»

Құмдай сусып, сынаптай сырғыған уақыт ағысы талай-талай мезгіл межелерін – кез-кезеңдерді алыста, артта қалдырыпты-ау. Бәрі де кеше ғана еді ғой. «Кеше ғананың» ар жағында 40 жыл қалыпты. ...Енді, міне, ертеңнің алдында еске алар қимас, қымбат ғұмыр табыстары елжіретер сәттерімен ыстық екен. Және бір жақсысы: көңіл құлазытып, налытардай елеулі ештеңе де жоқ екен. Қайта еңсеңе еселеп ес қосқандай. «Кеше ғананың» әр

жылында емірене еске алар күндер, мезгіл, сәттер аз емес екен. Оларда өзің үшін емес, өзгелердің қуаныштарына кенелген шақтар мол-мол болыпты, тәтті болатын. Бауырларыңа бауырдан ет бөлгендей мерейіне мейірім бөлу – ғанибет, рахат еді. Мейірімді тебірентіп мерей өсіп, көңіл шексіз толқыған шақтар құшағы ыстық еді-ау. Бұл құшақта бауырластықтың бал дәмі мен нәрі, нілі бар еді. Онда жеке риза сезім мақсаты емес, ағайындық ауқымдағы сүйініс емес, ел, ұлт сезімімен шектес, әуендес, үндес қуаныш, сүйініс демі бар еді. Сол сүйініс сол сәтпен бітпей, жыл өткен сайын жылдар легінде жалғасып, еселене түсті. Ол: мен үшін, жалғызіліктеу маған рухани тірек, түгесілмес байлық, көңіл қазынасы еді; ол және соқпа емес, үзілмес үміт сыйы тәріздес еді, сонымен алды жарық шалынады. Артыңнан озып алдыңа түскен іні-қарындас – жаны жақын жандар ғұмырдан өмірге ұласар мұрат, рухани мирас қой.

Сондай адамдарым бар мен де мерейлі жанмын деп ойлаймын. Олар алтын да, ақша да бөліп бермес, өздерінің жетістіктерімен, жеткендерімен, сұңғыла сарайларымен, тұлға, болмыстарымен қуаныш сыйлайтын, сыйламай тұра алмайтындықтарымен ең жақын жандар. Олар және аздығымен қымбат, аздықтарымен-ақ мыңдарға пара-парлығымен екі есе аяулы, бағалы, бар, мол, көп-көптерге жетіп жатар жалқы жандар, дара табиғаттылар. Сол аздармен аз кездесер сәттерге аздаған ғана ұшырасар шақта ашық күн астында айнала, қарсы алдың жарыққа толып кетеді. Ол – олардың жүздері мен көздері, жүректерінен есер жарықтар, әр сөздерінен ұшып көңілге шырақ жағар нұр шұбырындысы арайы ғой, шуақты жылуы ғой. Бұл – сирек соғар сәт, сағаттың, баға жетпес жылдар сағынышының өтеуі де осы болмақ. Бұл осы сәтте, ұшыраса қалған шақта құшақтап құшысу, сүю-аймаласу шарт емес, жанар толған жарықты бөлісер, сезінер бас изескен ишара да жетіп жатыр. Асқар Сүлейменовтің ыңғайына бақсақ, арада әлденеше сағат соңынан ғана: «Тіріміз» деген де жетіп жатар, сол да аз емес! Ал Зейнолла: «Көрдіңіз ғой, сол осы кісі?» деумен шектелер еді, қос жанары дым шылап өңменіңнен өткізе, үнсіз өткір нұр жұтқызатын.

Енді келіп, өткеннің өзегіне үңіліп, сол күндер мен жылдар көңіл әлеміне көз жіберсек, көңіл көзіне шалынбас не бар екен!.. Бәрі бар.

Сайраш Әбішқызы. Бірімізге біріміз балалық, жастық кезден жақын, жағаттас болып таныстық бастағанбыз. Мен отряд вожатыйы сегізінші сынып оқушысымын да, ол бесінші сыныптағы қызыл галстукті пионер еді. Оқу озаты болатын, Мәлс Тәшенов, Төкен Жұмажанова, Тілектес Малыбаев, Майраш Ыдырышева, Бақыт Үйісбекқызы, Жолтай Солтанбекова да осы сыныпта оқитын. ҚазПИ-дегі студенттік жылдарда қайта түйісті. Содан бері күні бүгінге дейін үзілмес бауырластықпен ниет тоғыстырып келеміз, көзден жарық, көңілден жылу бөлісумен келеміз. Содан бері ортамыздағы ортақ қуанышты ортақ бөлісіп, қиындықта да табысып-түйісіп, жолыққан сайын бірімізге біріміз мерей, мейір сыйласып келеміз.

Сайраштың өр үнді, өжеттік өршіл мінезі қажырынды қайрап, өзіңді ширатып тастайтын сәттер аз болмайтын. Сонымен қоса оның жылауға бейім, аялай қалғыш сәттері рахатқа бөлейтін. Ойына сай сөз нәшіндері түптен тартар таным тереңдігін әркім-ақ тез сезінетін. Сөз жылдамдығы іскерліктегі шапшаңдығымен үйлесіп, кімді де болса үйіріп алатын мінез ерекшелігі байыптылыққа сарқатын. Кесек мінезден кесімді кесек ойлы сөздер жік-жігімен айтпағын айқын ақтарып алдыға тосады. Осы табиғат болмысының қалпы – бар ғұмырының үлкен таяныш тірегі. Ол сонысымен өршіл тұлға танытып, мерейлендіріп тастайды. Білім, пайым, ой парқын биіктен көрсететін әдемі де айдындылығымен көп мықтымсынғандардан жоғарыдан көрінетін. Осы азаматтық болмысы көп сүйінтетін, еліне сонысымен сүйікті, сыйлы.

Өңірдің ортақ перзенттеріміз ғой, үлкен сезім – қуаныш құшағында өңір лебі түйсінілгендей сәттер болады ғой, өзектескен де. Өңір өзінің өркенімен өрісті өзек мейірлі ғой, мәртебе де осы арайлап көрінбек, әуелеп шалынбақ, асқарлай түспек, өңір-ананың бақыты да осы-ақ шығар. Ол – перзенттің де мақтан бақыты. Өркенді ұл-қыз туған топырақтың мақтан туын тігер бір-бір тұғырлар ғой. Осы сәттегі туған жер жұртының көңіл биігі көкпен аспандас, әуелес. Онда ұлт қуаныш лебі сезілмек.

Сайраш Әбішқызының елі-жұрты осы бір сезім құшағынан осындай мерей, көптік мақтан сезінбек. Ол кешегі кеңес кезінде де, бүгінгі егемен еңселі кезеңде де республикаға ардақты, елі-жұртына сіңірген еңбек есесімен қадірлі, құрметті, ендігіге өнеге де.

Көкірегі өзегін өнер жарығына ерте төсей өсті. Ол сұңғылалық алдындағы сыр нәзіктігіне бастап, көркемдік түйсігіне жетелеген. Өнер жарығынан сәуле жұтқан сезім алғыр, сергектікке із дарытады. Ол ойдың сындылығына қалып мүсіндейді, нәзіктікке жіп сабақтайды. Сезімдегі нәзіктік ой мен тілдің өткірлігіне септеседі, талғамда қалауды түйсік жарақтайды. Түйсіктіктің тез аңғарғыштығы мен тілдегі тапқырлық осыдан қалыптасады, сергектікті демдендіреді ғой. Ой мен тілде жинақылық пен ықшамдылық икемділікпен істе көрініс табады да, тауып істеу, тауып айтуға бейімдейді. Мектеп және студенттік жылдардың алғашқы кездеріндегі драма қойылымдарына қатынасқан өнерге әуестік құр кеткен жоқ, қадірі пайымды парасат сөздерінің көркем өрімі сол кездерден жіп сабақтаған. Соның жалғасында қазіргі қай сәттерде суырылып шығып әрлі де әдемі әсерлі сөйлей жөнелуге бейім қалып сол жолда қалыптанған. Өмір, ғұмыр сабақтарын ойына, бойына, өзегіне көп түйген ойлы толғаныстары білім, білік қорымен ұштасып, тыңдаушының ұғымымен ұластық тіл табатындығы содан. Жеке пікір-ойлары қоғамдық көзқарастармен астас оқу-ағарту, білім, өнер, адамгершілік-тәрбие тағылымдары бағытында тартымдылығы оның парасат аңғарын танытып жатады. Ісіне берік, іскерлікке қызметін арнаған жан бүгінгіні ертеңгіге қалдырғысы келмекші емес. «Қадалған жерінен қан алар» мінез іс ыңғайы талабынан тумақ. Сайраш сондай жан, сабырлы, дегбірі қатар іске қосылар сәтте шаруа мен жұмыстың аяғынан шыққанша кімді де болса әлдеркіне қоймайды.

Пысықтық пен ширақтық адам іскерлігіне, тындырымдылығына да жәрдемші ғой, әрі ұқыптылық, жинақылық іскер жанға серік. Бұл қалыптар мен мінез, дағдылар – елге танымал қайраткерлік дәрежесіне жеткізген, қолдаушы, қостаушы, тіректері, жебеушілері. Сайраштың кімі бар еді өзінен басқа. Өзінен басқа кімі болыпты, осы қазір бар ма?! Болмаған, жоқ. Ол: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен қайратың екі жақтап» деген Абай ойының ыңғайында өсіп ержетті, ерінбес еңбегінің жемісі жеңісі ретінде ерлеп жетті. Енді, міне, елден еңселі ересектік азамат айдынымен жеткен биігіне де елін еміренте жүз тосуға қақылы, тосуда, тосады да.

«Қазақстан мектебі» – қазақ оқу-білімін беру жөніндегі аса бір ардақты, аялы, ауқымды мектеп, ұстаздарға ұстаз мектеп. Ол –

Сайраш Әбішқызының іскер-қайраткерлік қызметте ардақты мектебі; бүкіл Қазақстан мектептері тынысына тілдестіріп, сырластырып, сіңістірген мектеп. Жиырма жылдан астам осы қасиетті-киелі оқу, оқыту ошағы, білім-тәрбие жаршысында өтіп келе жатқан қызметі – бәрінен де ыстық, жан жүйесіне жақын өзге болмаса керек. Осы журналды Сайраш Әбішқызынан ұзақ басқарған ешкім де жоқ. Мұқаш Сәрсекеев ағасынан жалғасқан киелі жол қасиетті де қастерлі.

Мұғалім, ұстаз, оқушы, оқытушы, балғын бүлдіршіндермен ізгілікті ізденіс табыстырған, мүдделестіріп, мұраттастырып жіберген. «Қазақстан мектебі» Сайраш Әбішқызына, Сайраш Әбішқызы оған шексіз қарыздар шығар. Ол қарыз – екеуінің арасындағы асыл парыз, азаматтық мүдде мен мұраттар, ұрпақтар буындары алдындағы ортақ мақсұт-мұраты болса керек.

Ортадағы ортақ мүдде салмағы іске де, іскерлікке де, іскерлік иесіне де небір сын кезеңдер кешіргені анық. Сан қилы кездер мен кезеңдер, өзгерістер, қайта құрулар, кезең сайын реформалар бірінен соң бірі болып өтіп жатса да, оқудың ұлы үрдісіне толас болған емес. Қоғам оқытушы, мектеп сабағын тоқтатқан жоқ. Әр кез бен кезең өзіндік талап-тілегін күн тәртібіне ұсынды. Тынысын Қазақстан оқуы тынысына тығыз жалғаған «Қазақстан мектебі» уақыт райының бар құбылысын мектеп мұғалімі, тәрбиешілерімен бірге кешірді, кешіріп келеді. Еркіндік алған егемен ел тынысымен тыныстас оқыту-тәрбиеде үздік үрдістер көріністері журнал материалдарын маңыздандырып, түрлендіре түссе, журнал республиканың бар тарабын ізгі істерде ортақ тоғыстырған жанды әдістеме орталығы болумен келеді. Әр сан сайын республиканың бар түстігіндегі озық, үлгі нұсқалық материалдардың орын алуы журнал ұстанған бағыт-бағдарды айқын аңғартпақ. Әр мектеп, әр мұғалім, тәрбиешімен, пән оқытушымен күнделікті, әр сағаты, әр сабағымен үндес, тілдес болу – мүмкіндігінше журналдың басты парызы, ол және қиын да ауыр міндет. Міндет жүгі – парыз. Ол парызда республика, мемлекет, ұлт білім-тәрбиесінің мүдде-міндеті бар. Өйткені ұрпақ сана сарайына ұлт ұғымын, ұлттық сезім демін ұйытып, ұялатар ұя – мектеп болса, мектепсіз, мектеп сабағынсыз сана – иесіз, тәрбиесіз. Мектепсіз қоғам мен мемлекет – тәрбиесіз мекен мен орын ғана ғой. Ал мектеп – білім, тәрбие-тәлім бесігі.

Ол бесікті, бесік бөлеуін көрмеген білім, тәрбие ұрпақ бойы мен ойына, сана сарайына ұйып, сезімдерге дарын қонуы мүмкін емес. Осы қасиетті бөлеу – оқыту мен тәрбиенің, тәжірибе, тәлімнің, әдісі мен тәсілдері, амалдары мен жолдары нәтижесінде: адамдықты, адамды қалыптастырудың, қаруландырудың күретамыры – ұлы үрдістің арнасы мен арқауы. Ал «Қазақстан мектебінің» өмірлік, өміршең миссиясы – парызы дегенде, осы мәртебелі мемлекеттік істі түсінсек керек. Жиырма жылдан бері ғұмырының бар мұраты осы ізгі жолға, мүдде мұратына арнаған Сайраш Әбішқызының мемлекет ісіне сіңірген еңбегі, атқарған қызметі осындайлық ардақты істерімен, ізгі іскерлігімен, елден ерек еңбегімен айдындана өрлеп жоталана бермек. Ол – мемлекеттік тұлға, қоғамдық қайраткер, халқының азаматы: елі сүйінсе, туған топырағы осындай перзентіне елжіресе керек. Алпысқа рахмет, айта алмай жүрген алғыс еді, бір парасы – осы. Ол – мен үшін, мейір тірек. Ол – елі мен Отанының мақтанды перзенті.

Төкен ИБРАГИМОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Семей қаласының Құрметті азаматы.
«Өнер өрісі» (1979 ж.), «Толқын толғау» (2000 ж.),
«Оймен оңаша» (1999 ж.), «Индираға хат» (үзінділері баспа
бетінде жарияланған) кітаптарының авторы

РАХИМА АПАСЫ ЕЛ АНАСЫ ЕДІ

Сайраштың әкесі Қинаубаев Әбіш – қарапайым еңбек адамынан шыққан шаруашылық басшысы. «Жаңанесіп» мойынсерігін ұйымдастырушылардың бірі болған. Екінші дүниежүзілік соғысқа алғашқылардың қатарында аттанып, Ростов, Сталинград шайқастарына қатысып, ауыр жараланып, 1943 жылдың қысында ел-жұртымен аман-есен қауышты. Бақиға соғыстан қалған естелігі іспетті жамбасындағы оқты ала кетті.

Майдангер, екінші топтың мүгедегі Әбіш аға тылдағы қыруар еңбектің қайнаған ортасында жүрді. «Жаңанесіп», Ерназар, «Көкжыра» (Шверник ұжымшары) шаруашылықтарын басқарды, фер-

ма меңгерушісі, жылқышы болды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін аудан экономикасын, қоғамдық мал басын арттыру саласында абыройлы еңбек етіп ел құрметіне бөленді.

Сайраш немеренің ең үлкені болғандықтан, әжесінің тәрбиесінде ержетті. Сайраштың жақсы азамат болып өсуіне Рахима әжесінің сіңірген еңбегі ерекше. Әжесі ауқатты отбасынан шыққан, ер мінезді, әйел жүректі, бір ауылды, абысын-ажын, келін-кепшек, замандастарын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған, өр мінезді, от жүректі, жаны жайсаң, көңілі дархан, жағасы жайлау, етегі кілем дейтіндей үлкен жүректі ана еді. Кескін-келбеті де кесек, қазақтың бес биенің сабасындай дейтін атқа лайық, береке-ынтымақтың, қолы ашық жомарттықтың үлгісі еді.

Сайраштың екінші тәрбие алған Нұрбатима апасы да, қазақтың «келін қайын ененің топырағынан» дейтіндей, от мінезді, орақ ауызды, ойы ұшқыр, тілі жүрдек, күміс көмей, жез таңдай, аса ділмар, өмірлік тәжірибесі мол, кемел ақылды ана еді. Отырған ортасын жайдары да жатымды әзіл-қалжыңымен күлкіге бөлеп отыратын табиғатында таза адам еді. Екі ананы тел емген Сайраш қарындасымыз тіл мәйегіне осы екі анасынан ауызданған: «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегендей, Сайраш та өз құрбы-құрдастарының, аға-жеңгелерінің, апа-жезделерінің және келіндерінің арасында жарасымды әзілдерімен, жайдары ашық-жарқын мінезімен отырған ортасын толықтырып отырады. Сайраштың ерік-қайратының күшті, ағайын-туғанға бауырмал, үлкен жүректілігі осы аналарынан дарыған. Қызмет бабында іскер, ұйымдастыру қабілеті мығым, біліміне біліктілігі сай азамат ретінде республикаға танымал. Бүгінде елімізге аты мәлім журналист. «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы. «Қазақстан мектебі» журналы жыл сайын бәйтеректей бүрлеп, әдістемелік өрісін кеңейтіп, республикалық оқу-ағарту қызметкерлеріне әдістемелік бағыт-бағдар беретін бағдаршамға айналуда. Елімізде әйелдер арасында «Құрмет» орденінің тұңғыш иегері. Ақсуат өңірінің мақтан тұтар ардақты азаматы. Сонымен бірге Сайраш Әбішқызының өмірбаяны XX ғасырдағы әлемнің ең үздік 2000 ғалымының өмірбаяны тіркелген Халықаралық Биографиялық орталықтың анықтамалығына енді. («Қазақ әдебиеті», №7(2741), 15.02.2002 ж.) Сайраш Әбішқызының қызметке араласқан аз

уақыт ішінде осындай абырой-атаққа ие болуы – табан ет, маңдай терінің өкімет тарапынан әділ бағалануы.

Сайраштың өмір жолы бала кезінен таныс. Мен ағарту қызметіне 1953-1954 оқу жылынан араластым. Ақсуат ауданы Көкжыра ауылындағы М. Әуезов атындағы орта мектепке (сол жылдары «Көкжыра» жеті жылдық мектебі деп аталатын) математика пәні бойынша мұғалімдік қызметке орналастым. Сонда Сайраш 3-сынып оқушысы. Сол кездің өзінде мектептегі өз шамасы келетін түрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын. Орта мектепті «Ақсуат» орта мектебінен аяқтады. 1966-1967 оқу жылында жоғары оқу орнын аяқтап, ата-аналарының қалауы бойынша ауылда мұғалім болды. «Ерназар» сегіз жылдық мектебі деп аталатын, «Сұлутал» совхозы атанған шаруашылықта (бүгінде Қ. Сәтбаев атындағы орта мектеп) Сайраш екеуміз бірге қызмет атқардық. Мен – оқу ісінің меңгерушісі, Сайраш – қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі. Бір-екі айдай ғана мұғалімдік қызмет атқарды, сол аз уақыттың ішінде ата-аналардың, педагогикалық ұжымның және оқушылар қауымының сүйікті ұстазы ретінде өзін таныта білді. Қызметке іскер, мәдени-көпшілік жұмысына белсенді кадр бірден аудан басшыларының назарына ілініп, аудандық комсомол комитетіне қызметке ауысты. Аудандық комсомол комитетінде де көп істеген жоқ, Алматы қаласына аспирантураға оқуға аттанды. Сайраш қарындасыма мықты денсаулық, еңбегіне табыс тілеп, зор құрмет пен табысқа жете беруіне тілектестік білдіремін.

Орынбек ҚАЛИАЖДАРОВ,
ҚР білім беру ісінің үздігі, мектеп директоры

ПАРАСАТ ИЕСІ

Ұлы Абай: «Адам адамнан төрт нәрсемен озады. Ол – ғылым, білім, ар, мінез. Осы төртеуінен басқамен озамын деу – ақымақтық» деген. Бұл қазір де маңызын жойған жоқ.

Сайраш Әбішқызы өз қатарынан осы төрт қасиетімен оза білді. Мектепті, институтты өте жақсы бітірді, қабілетінің, еңбекқор-

лығының арқасында ұзақ жыл журналистика саласында табысты еңбек етіп келеді. Еңбегімен елге белгілі болды, халқына танылды, құрметке бөленді.

Тағы бір айта кететін тұсы, біз білетін, көз жеткен қасиеті – азаматтық позициясы айқын. Қоғамдағы келеңсіздіктерге әр уақыт пікірін білдіріп отырады. Әсіресе қазақ мектептерінің жағдайына алаңдаушылығы, қазақ тілінің қоғамдағы орны туралы толғаныстары ешкімді бейжай қалдырмайды. Мұның өзі үлкен парасаттылықтан туындаса керек. Бүгінде «Мемлекеттік тіл» қозғалысының бастамашыларының бірі болып отыр. Республиканың зиялы қауымымен бірлесіп өзекті де өткір мәселені үзбей қойып келеді. Біз, жерлестері, осы қозғалысқа үлкен табыс тілейміз және толығымен қолдаймыз. Өйткені, тіл туралы қойып отырған мәселесінде ұлттың ұлы мүдделері бар, жанымызға сеншалық жақын.

«Қазақстан мектебі» журналы нарық қыспағына төтеп беріп, жабылып қалмады. Бұл да Сайраштың іскерлігін көрсетеді. Алдына барған адамның шаруасына қолынан келгенше көмегін аямайтын қасиеті де оны даралап тұрады. Жас журналистерге қамқорлығы ерекше. Қанша жасты тәрбиелеп қанаттандырып ұшырды десеңізші. Ақсуат орта мектебінде бірге оқыған достары Сайрашты мақтап тұтамыз, еңбегіне табыс, деніне сауылық тілейміз.

Сайраш Әбішқызымен мектепте бірге оқыдық, студенттік шақты бірге өткіздік, еңбек жолы да көз алдымызда. Мектепте қалай сыйласып, қалжыңдасып жүрсек, бүгін де сол сыйластығымыз, қалжыңымыз үзілген жоқ.

Сайраш туралы айту бір қарағанда маған жеңіл сияқты. Шындығында, деңгейі жоғары, баспасөз саласының қызметкері туралы пікір білдіру оңай шаруа емес.

Сайраш мектепте, институтта өте жақсы оқыды, алғыр болатын. Өмір жолы оны баспасөз қызметкері болуға алып келді. Жақсы адамдардың ортасына түсіп, солардан үйреніп, қамқорлығын көріп, Құдай берген қабілетінің арқасында ұзақ жыл «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы қызметін табысты атқарып келеді.

Сайрашты танып білу үшін Сайраштың мақалаларына жүгінген орынды ма деп ойлаймын. Адамды құрғақ мақтауға да болмайды,

жақсы қасиеттерін дөп басып айту да оңай шаруа емес. Қай кездегі мақалалары болсын, өзіміздің Сайраштың мақаласы деп оқып отырамыз. Жазған материалынан терең білетіндігі, азаматтық позициясы айқын көрініп тұрады. Тіл байлығы мол, бос сөзге орын бермейді. Нені жазса да, әділеттілік, адамгершілік тұрғыда мәселені нақты, ұстанымды түрде көтере біледі. Осы қасиеттері зиялы қауым ортасында беделге ие болуына, өзін сыйлата білуге мүмкіндік жасады ғой деп ойлаймын. Өмірде де, адамдармен қарым-қатынаста да адамгершілігі өте зор. Бауырларына, ағайын-туысқа, жалпы адамдарға қамқорлығы ерекше.

Нарық заманына да тез бейімделіп кетті. Тәуелсіздікті қуана қарсы алғандардың бірі. Қоғамдағы қазақ тілінің жоғарғы орны үшін күресетіндердің алғы сапында жүр. Қазақ мектептерінің ашылуына қосып жүрген үлесі де аз емес. Өзінен кейінгі жас журналистерге үлкен қамқорлықпен қарайды. Әр түрлі қоғамдық жұмыстарға қатыса жүріп, өзінің қайраткерлік қырын танытып келеді. Бір сөзбен айтқанда, бақытын еңбектен тапқан жан.

Сайраш туралы сөз қозғағанда, туысқан ретінде араласқандықтан, отбасы жағдайы туралы айтпай кетуге болмайды. Өз басы жақсы азаматқа жар боларлықтай, бойында әйелге тән барлық қасиеті бола тұрса да, тағдыр жақсы азамат кезіктірмеді. Бас қосқан жұбайлық өмірі сәтсіз болды. Студент кезінде көп ауырып еді, соның да салдары болу керек. Сол кезде жазылып, адам қатарына қосылады деп ойламайтынбыз. «Қазір тірі жүргеніңе тәуба деп айт» деп қоямыз. Отбасы жағдайының сәтсіздіктеріне де ұсақтық, күйректік танытпай, ірілік көрсеткенінің куәсі болдық. Мұнда да мәселенің бәрін адамгершілік тұрғысынан шешті. Ешкімге намысын таптатқан жоқ. Тағдырдың жазғанына адам ретінде көндікті, өзін жоғары ұстай білді. Осы қасиеті үшін де достары, туыстары қатты сыйлайды.

Мәлс ТӘШЕНҰЛЫ,
«Уақыт өлшемі» кітабының авторы.
«Тарбағатай» газеті, 2004 жыл, 24 сәуір

«АУЫЛДАН КЕЛГЕН ҚЫЗ»

Ауыл – біздің тұнық бастауымыз, мөлдір бұлағымыз, асыл топырағымыз, ата-бабадан қалған мирасымыз. Қазақтың барлық асылдары – сол ауылдың түлектері. Ауыл – қаладағы бар қазақтың қара шаңырағы.

Ауыл десе әр адамның өз ауылы көзіне елестейді. Біздің есімізде мәңгі сақталатын ауыл – Ақсуат. Алматыдан мың, Семейден жарым мың, темір жолдан ширек мыңнан астам шақырым шалғай орналасқан аудан орталығы. Әлгі Қадыр Мырза Әлидің «Ақсуаттан түк алмай қарыз болып қайтасың» дейтін ауылы.

Өткен ғасырдың 60-жылдарының басында сол кездегі әсем астана – Алматыға Ақсуаттың келесі бір топ жас ұшқындары білім қуып, оқу іздеп келді. Солардың басым көпшілігі талантты жастар еді, сондықтан да ат басын Алматыға бұрғандай көрінеді.

ҚазМУ, ҚазПИ, АШИ, Политех, Халық шаруашылығы институты және тағы басқа оқу орындарына оқуға түсіп, студенттік бақытқа қол жеткізді. Қызықты, бұрын таныс емес өмір басталды.

Біз қаланы жатырқағаннан ба, әлде жан дүниеміздің ауылдан ажырай алмай жүргенінен бе, елді қосылып сағынғанның ләззатынан ба, бір-бірімізден ажырай алмай әрқашан жұбымыз жазылмаушы еді. Қызық болғанда, бір ауыз қазақша білмейтін Вера дейтін химфактың таза орыс қызы бізді көргенде: «Шұбырған Ақсуат» деуші еді (біреу жақсылап үйретіп қойғандай)...

Сонымен, міне, қырық жыл «шұбырып» жүрміз.

Бір мектептен шыққан сол топ бір отбасынан шыққандаймыз: бір-бірімізге аға-қарындас болып кеткен жандармыз.

Әрқайсымыз өмірдің әр түрлі сатысына көтерілдік. Өрледік, биіктедік, елімізге адал қызмет істедік (ілгерінді-кейінді). Шынымен адал болдық.

Сол кездегі ұл-қыздардың, оның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагері Әбіш ақсақалдың қызы, бүгінгі ағартушы, педагог, журналист, қоғам қайраткері Сайраштың орны ерекше.

Табанын қаланың ыстық асфальты қарымай, елдің жылы топырағы сипаған, ауылдың таза бұлағымен сусындаған, халқының ойы мен болмысына қанық қазақтың тілін, тарихын, әдебиетін, мәдениетін, өнерін, өнегесін, әнін, мінезін таза күйінде өзіне әбден сіңірген Сайраштың басқалай болуы мүмкін де емес.

Сол 60-жылдардың орта шенінде қазақтың театр өнерінің қара шаңырағы М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының киелі сахнасында (бүгінгі жасөспірімдер театры) «Ауылдан келген қыз» атты керемет спектакль болды. Залда ине шаншар орын жоқ. Рөлде ойнайтындар – тек ҚазПИ-дің студенттері. Басты рөлде – Сайраш Әбішқызы. Сол залда отырған көрермен жастар қазір бүкіл республиканың әр жерінде жүрсе де сол «Ауылдан келген қызды» естерінде сақтап жүр деген сенімдемін. Өйткені сахнада ауыл қызының бейнесін сонша сомдап жасаған жап-жас Сайраш қыз – бүкіл өмірімен туған жеріне, еліне, халқына, туған-туысқандарына, дос-жарандарына шын жүрегімен беріліп өмір сүрген АУЫЛДАН КЕЛГЕН ҚЫЗ.

Жас кезінен биіктерге қол созған қыз,
Талантымен көп жүйріктен көш озған қыз.
Қамқор болып туған-туыс, бауырларға
Алда тұрған қамалдарды бұзған қыз.

Балалықта біреулерге АРМАН ҚЫЗ,
Дос-құрбының арасында АРЛАН ҚЫЗ,
Ал бүгінде самғап ұшқан биікке
Еңбегі үшін сыйлық алған ТАРЛАН ҚЫЗ.

Мұхтар ӘБДІЛДАБЕК,
ұстаз-журналист,
«Тектілік тағылымы» кітабының авторы

ДОСТЫҒЫМЫЗ ҚҰДАЛЫҚҚА ЖАЛҒАСТЫ

Қасиетті Сауыр-Тарбағатай жоталарының баурайындағы Ақсуат өңірінде небір талапты да талантты және ақылды да парасатты азаматтар мен азаматшалар білім алып, кең-байтақ өлкеміздің өркендеуіне өзіндік үлесін қосуда. Міне, осындай азаматтардың бірі – Сайраш Әбішқызы.

Менің Сайрашпен ең алғаш танысуым 1960 жылдан басталды. Мектеп-интернатта тұратынмын. 1960 жылы интернатқа ұзын

бойлы, қолаң шашты, ақсары өңді, қиғаш қасты, қос бұрымды бір бейтаныс жан келді. Сол бейтаныс жан – Сайраш еді. Сайраштың балалармен тез тіл табысып кететіндігінен бе, әлде интернаттың бір жапырақ нанын бөлісіп жегендіктен бе, әйтеуір шүйіркелесіп тез тіл табысып кеттік, содан әрі екеуміздің таныстығымыз үлкен достыққа айналды. Мектеп интернаты болғаннан кейін, асханада оқушы қыз балалар кезектесіп аспазға көмектесетұғын, ал біз, ұл балалар, әсіресе Бекенов Амантай екеуміз дәл Сайраш кезекші болған кезде ауыр жұмыстарды өз міндетімізге алып (су әкелу, азық-түліктерді жеткізу және т.б.) қол ұшымызды беретінбіз. Соның сыйлығы ретінде Сайраш кеспенің астына салған кесек-кесек туралған етті өз үйімізде отырғандай сүйсіне дәмдеп, асықпай жейтінбіз. Сол кездердің өзінің қуанышы мен қайғысына, өмірдің ащысы мен тұщысына бойұсына білдік.

Сайраш Ақсуат мектебінде алдыңғы қатарлы оқушылардың бірі және бізге қарағанда үздіктеу оқитын, ал мұғалімдердің (қай пәннен болсын) оқыған дәрістерін келесі күні жаттап алғандай қайталап беретін, әсіресе, көркем әдеби кітаптарға құштар болатын. Сайраш өзінің әсемдігімен емес, ақылдылығы мен қабілеттілігі әрқашан бізден бір адым жоғары тұратындығынан алдыңғы қатарда болды.

Адам жаратылысының өзгермейтін мәңгілік бағдары болады, ол – достық, яғни, түсіністіктің ең жоғары көрінісі. Осындай адамдардың бірі, тағдыр бізді тастүйін достық жібімен байланыстырған менің сыныптас досым Сайраш Әбішқызы болды.

Бұл достық өміріміздің барлық кезеңдерінде жалғасты: жоғары білім алу жылдарында, Сайраштың Қазақ педагогикалық институтында аспирантурада ғылыми жұмыспен айналысуында, одан «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Қазақстан әйелдері» журналында қызмет етіп, «Қазақстан мектебі» журналында бас редактор болғаннан осы уақытқа дейін, жылға жыл қосылып, біздің таныстығымызға, міне, биыл 45 жыл толыпты.

Достығымыздың нығайып, шыңдала түсуіне Сәкеңнің қызымыз Әлияға кіндік шешелігі (атын да өзі қойған) болса, інім Асхат пен Сәкеңнің сіңілісі Қарлығаштың отау құруы құдалыққа ұласты. Ал бұл отбасынан қазір сүйіп отырған ортақ үш бауырымыз – Арман, Данияр және Әсел бар.

Көптеген жылдар бойы жемісті қызметінің нәтижесінде Сайраш Әбішқызы Елбасының өз қолынан мемлекеттік орден алды. Алматы қаласы мәслихатына депутат болып сайланды. Сонымен қатар, менің өз түсінігім бойынша, Сайраш Әбішқызы – қазақ елінің мақтанышы, құрметті де беделді азаматы және ұлағатты ұстаз, журналист, адал дос. Мен бүгін «Ақыл дос» деп мақтана алатын досым Сайраш осындай.

Сайраш – Ақсуаттың тұлегі,
Досқа деген ыстық оның жүрегі.
Өмір жолы сағап бақыт әкелсін,
Осы деп біл адал достың тілегі.

Ақсуаттың қызысың сен талапты
Берілмей еңбек еткен, ақ қанатты.
Өзіңдей талаптылар шыға берер,
Шырқау шекке жеткізер Ақсуатты.

Көріп едің өмірде бәрін де,
Ыстық-суық, ащы-тұщы дәмін де.
Еңбегіңнің арқасында қажымай,
Көрсеттің сен жемісіңнің нәрін де.

Дос едік біз сыйласқан,
Арамыздан қыл өтпес.
Достығымызға екеуміздің
Жыл толыпты – 45.

Мұса ШОҚАЕВ,
техника ғылымының кандидаты,
120-дан астам ғылыми еңбектің,
оның ішінде 10 авторлық куәлік пен патенттің авторы

АСАР ТАУЫҢ АЛДЫҢДА

Сайраш, мынау үлкен өмірде лайықты орның барын білемін. Тілек білдіру үшін өткен өмірді сәл еске алу керек шығар.

Есімде, тұлым шашың желпілдеп, мектепке келгеніңде барлық сыныптастарың арасында шыққан күн сияқты жарқ ете түсетін едің.

Мектеп сахнасына шыға келгеніңде, бәріміз қол соғатын едік, қуанатын едік. Шіркін-ай, біздің мұғалімдеріміз қандай болып еді, нағыз ауданның зиялыларындай. Ауданның партия хатшыларын танымасақ та, мұғалім деген бізге құдайдай еді.

Соларды үлгі ете отырып, педагогика мамандығын қалап алдың. Сол мамандықты басынан бастап, журналистика іліміне қол созып, «Социалистік Қазақстан» газетінде еңбек жалғастыра отырып, ағамыз Хабиболла Мыңжановтың тәрбиесін де көрдің.

Арасында өшіп бара жатқан қазақ тілінің ілгері аяқ басуына елеулі үлес қостың. Еліміз қиын кезеңді бастан кешкен уақытта, баспасөздің біразы жабылғанда, өзің қалаған журналды сақтап қалдың, ол ғана емес, әрі қарай өркендетіп, басқа да басылымдарды дамытып жатырсың.

Әкең марқұм, Әбекең, бәрімізді жақсы көруші еді, сүйекті, кесек еді. Өзің де ірі тұлғалы болдың, ауданның құрметті азаматы атандың. Мемлекетіміздің «Құрмет» орденімен марапатталдың.

Тілегім, асар тауың алдында, Ырғызбай атамыз бата беріп тұрса, біз де қол жаямыз.

Тілек білдіруші
Мәлік ТҰРЫСБЕКҰЛЫ (Ғабдолла),
Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің зейнеткері,
подполковник

БӘРІМІЗДІҢ АҚЫЛШЫ АПАЙЫМЫЗ

1981 жылдың мамыр айының іші, мен Алматыдағы ғылыми-зерттеу институтында аспирантурада оқып жүрген кез. Бір күні кешке үйге телефон шалған жас жігіт өзін Талғат деп таныстырды да, ауылымыз Ақсуаттан келген әкесі Әбіш ақсақал мені кездесуге шақыратынын айтты. Ол ақсақалдың әкеммен көп жыл қызметтес және біздің әулетке рулас туыс болатынын бұрыннан білемін. Ертеңіне түске жақын айтқан мекенжайға барып, Әбіш ақсақал-

мен біраз әңгіменің басын қайырдық. Мен 1953 жылғы маусым айының бірінші жұлдызында әке-шешем Тарбағатайдың жаз жайлауына көшіп, киіз үйді тігіп үлгермей жатқанда дүниеге келіппін. Ол кезде әкем – ұжымшарда қызыл отау меңгерушісі, ал Әбіш ақсақал – қой фермасының бастығы. Көші-қонның үстіне тап келген Әбекең кіндік кесер басқа әйел баласы болмаған соң менің кіндігімді балтамен кесіп, өз жолын үлкен қызы Сайрашқа беріпті. Бұл әңгімені бала кезімде шешемнен де естіген едім. Бірақ та Сайраш апайыммен жақын танысудың сәті түспеген еді. Осы сапарында Әбіш ақсақал туысқандық тарихымызды терең әңгімелеп, мені Сайраш апаймен жақын таныстырып кетті.

Сол күннен бері тоқтаусыз уақыт, 23 жыл да өте шығыпты. Әкешешем, Әбіш атамыз да о дүниелік болды. Бірақ олардың сол кездегі шын туысқандық ниеттері жалғасын тауып, Сайраш апай біздің әулеттің қуанышы мен қиындығын бірге көтерісетін ақылшымызға айналды.

Сайраш апайдың туған жері Тарбағатай өңіріне, ана тілімізге, мектеп ұстаздары қауымына, қыз-келін және бала тәрбиесіне сіңірген қомақты еңбектері халық пен үкімет тарапынан құрметпен бағаланып жатыр. Солардың бірқатарын Сайраш апайдың мерейтойына жыр шашу болсын деп өлең жолдарымен ұсындым.

Кіндігімді кескен Әбіш атайдың,
Жолын берген қызы Сайраш апайдың,
Құрметті азаматы ауданның
Мақтанышы бүгін Тарбағатайдың.

Арғы тегі найман, қалың ел Қыржы,
Ақсуаттың мақтан тұтар бір қызы.
Келіндерге – «Оксфорд» оқу орнындай
Ақылшысы, Темірқазық жұлдызы.

Халқымыздың ана тілін қорғаған,
Әйелдерден Сіздей патриот бар ма адам?
Сіз басқарған «Қазақстан мектебі»
Ұстаздарды Алматымен жалғаған.

Ұзақ жылдар еңбек еткен елі үшін,
«Құрмет» орден – сол еңбектің жемісі.
Артынан ерген өрімтал шәкірт жастарға
Ақыл айтып, берген талай қол ұшын.

Сізден алып жақсы ғибрат, өнеге,
Өсіп жатыр ұл-қыздар мен немере.
Әрқашанда өрге жүзе беріңіз,
Өмір деген ғажап алып Кемеде!

Марат ҚАЛИАСҚАРҰЛЫ,
техника ғылымының докторы,
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі

СОЛ КҮНДЕРДІ ЕСКЕ АЛҒАНДА

Біз Семейдің педагогикалық институтын бітірген соң 1964 жылы Гагарин атындағы сегіз жылдық мектепке мұғалім болып орналастық. Бір жылдан соң 1965 жылы Алматыдан ҚазПИ-ді бітіріп қазақ тілінен мұғалім болып Сайраш Әбішқызы келді. Сайраш апайы Күләш Тілегенова мен жездесі, мектеп директоры Қалихан Ахметжановтың үйінде тұрды. Мектепте 30-ға тарта мұғалім болса соның ішінде 7-8-і ғана жаңадан келгендер еді. Ол кезде жастарға деген ықылас бөлек, жүктеме де жеткілікті болатын. Менің айтайын деп отырғаным, осындай міндетті атқаруда Сайраш өзінің жан-жақты білімі, педагогикалық шеберлігі, турашылдығы, еңбекқорлығы арқасында, өте инабатты, ширақ, жылдам сөйлейтін, ойын айқын жеткізетін, бет-бейнесі, жүріс-тұрысымен, көрініп тұратын табиғи адалдығымен ортаға етене сіңіп өз адамымыз болып кетті. «Адамда бәрі жақсы болу керек» деген сөз мұғалім үшін айтылған ба дейсің. Түр-түсінің, сырт бейненің үйлесімділігі, киген киімінің ұнасымдылығы мұғалімнің өзіне ғана емес, оқушыларына да керек. Сайрашта осы қасиеттер болды. Дөңгелек жүзді, ақсары талдырмаш, сұңғақ келген жас мұғалима сары алтындай қолаң шашын өріп, тірсегіне түсіріп оқушы алдына келгенде балалар сілтідей тынып тыңдайтын. Бұған биязы дауысымен

шешен де жылдам өзіне тарта сөйлейтін, өңінде үнемі жылылық ұялап тұратынын қоссаңыз, оқушылары да әр сөзін ұйып тыңдайтын еді. Осылайша ол мектептің сүйікті мұғалимасы болды. Менің физика кабинетім орталау мектепке арналған барлық құралмен жабдықталған-ды. Магнитофон – ол кездегі ең жаңа техника. Жас мұғалімдер жиналып магнитофонға ән айтып жаздыратын да, оны қайта тыңдап мәз болатын. Сайраш өзіне тән өте нәзік дауысымен, бір қалыпты ырғақпен беріле айтатын бірнеше әнін жаздырған еді. Кейінге дейін ол мектепте сақталды. Өмірдің алғаш еңбекке араласқан ең қызық, жауапты әрі арманға толы шағын аз да болса бірге өткізгендіктен бе, Сайраш біздің жанұямыздың ең жақын құрметті адамы болды. Оның өміріндегі, қызмет бабындағы, шығармашылық жұмыстарындағы табыстарын естіген сайын «О... біздің Сайраш» деп шын көңіл, адал ниетпен қуанамыз.

Әнуарбек АБСАЛЯМОВ,
Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.
«Ұстаз үні» газеті, 2004 жыл, №6-7

ҰСТАЗЫМДЫ МАҚТАН ЕТЕМІН

Мен Гагарин атындағы мектепте оқып жүргенде Сайраш апай Әбішева бізге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Сол кезде шәкірттерін ұйытып, өзінің дарындылығымен ерекшеленетін. Ол кісі сабақ түсіндіргенде өте қатаң талап қойғыш еді. Сабаққа жаппай дайындалып келгеніміз, дайындалмай, шала дайындалып келгеніміз бар бәріміз қол көтеріп шындығымызды айтып отыратынбыз. Бұл бізді өте шыншылдыққа, өршілдікке үйреткендей әсер етті. Әр оқушының болмысы, сезімталдығы әр түрлі болады ғой. Ұстаздың қимыл әрекетінің, әр сөзінің тартымдылығын бала болсақ та сезінетіндей едік. Мен Сайраш апай сабақ бергенде дауыс ырғағындағы ерекше сыңғырын ұйып тыңдайтынмын. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағын түсіндіргенде нақышына келтіре түсінік беретін. Осындай өресі биік ұстазымның ұлағатымен мен де ұзақ жылдар (28 жыл) аудандық радио хабар тарату редакциясында

дикторлық қызметті атқарып келдім. Аяулы Сайраш апай, мерейіңіз өр кез өсіп, қуанышыңыз көбейе берсін.

Ізгі ниетпен, шәкіртіңіз
Тұрсынхан НҰҒЫМЫРҚЫЗЫ.
«Ұстаз үні» газеті, 2004 жыл, №6-7

ӨНЕРГЕ БАҒЫТ БЕРГЕН ЕДІҢІЗ

Құрметті ұстазым, Сайраш апай! Сіз туралы жинақталып жазылған «Еңбегі мен қайраты екі жақтап...» деген кітапты мұқият оқып шығып, ойға қалдым. Осыдан 40 жылдай артта қалған өміріме көз жүгірттім.

Иә, сол 1965 жылы біз 5-сыныпқа өткенде, Сіз сынып жетекшісі болдыңыз. Есімде нақты қалған бір көріністер бар. Ол кезде жасы егделеу оқушылар ішінара кездесетін. Көбіне арғы беттен келген ағайындар мен шопан-бақташылардың балалары мектепке 8-10 жаста келетін. Сонан кейін ол кездері үлгерімі төмен оқушылар жылдап бір сыныпта қала беретін. Тіпті сол кезде Сізбен тетелес оқушылар да болған.

Бұлай мысал алуым, солардың ішінде сабақ арасында бұрышта күбірлесетін «бозбала», «бойжеткендер», одан кейін «шылымшылар» болатын еді. Шынын айтсам, солар мектеп директоры келе жатса онша абдырамайтын, ал Сіз келе жатқанда естері шығып бойларын түзеп, түк білмегенси қалатын. Соны қазір ойласам, олар жазалайды деп қорықпайтын сияқты. Тек сіздің бойыңызда адамның (!) мысын басатын бір қасиет бар болған тәрізді.

Ал мен үшін санамда қалғаны – өнерге бағыт бергендігіңіз. Жаңа 1966 жылды қарсы алуға он шақты күн қалған. Дайындық жасауға кірістіңіз. Ол кезде Аяз ата мен Қарғаш қыздың қасында масқарампаз (клоун) болатын, солар келе жатқанда «жасыл желек жамылған» деп бүкіл ел ән салып қарсы алатын. Сол сахнамаға (сценарийге) өзгеріс енгізіп, маған түлкінің бетпердесін кигізіп «пошташының әні» деген әнді айтқыздыңыз. Сонан кейін «сүйіншілетіп» басқалар келетін. Сіздің сол жазған сахнамаңыз мен сол мектепті бітіргенше өзгермеген болатын. Ал мен содан бері сахна-

дамын десем артық айтқаным емес. Өмірге жолдаманы Сіз бергендейсіз. Сіз ойлағандай жақсы әнші болмасам да, жаман өнерпаз емес екенімді білем.

Бардан төмен, жоқтардан жоғарымын,
Зиянкесі болғам жоқ қоғамымның.
Ойы айтылмай ішінде «иті» өлген,
Перзентімін Кеңестер Одағының.

Бір үйдегі ұлдың кенжесі болып, ақсаусақ болып өсіп, еркеліктің қызығын көрсем, елуден асқанда «шыжығын» көріп жүрмін. Мал құрауға, «қара» шаруаға ебім жоқ, сондықтан кейбіреулер сияқты сән-салтанатпен жүретін кебім жоқ. Еңсеңді биіктететін жебеушің, жазғаныңды жариялайтын демеушің жоқ.

«Айдағанымыз бес ешкі – ысқырық деген жер жарады». Сонда да қор емеспін – Зормын, ұсақ емеспін – «Шоңмын». Себебі аз да болса алдыңызда болып, тәліміңізді тәбәрік еттім. «Жақсылардың тәлімі – алтын күннің жарығы». Сізге ұзақ, баянды ғұмыр тілеймін.

Бірді айтып, бірге кетсем кешірерсіз. Аңғал оқушыңыздың адал ниетін қабыл алыңыз.

Серік ЖҰМАТ,
Семей облысы Ақсуат аудандық
халық театрының режиссері.
«Тәрбие құралы» журналы, 2004 жыл, №5

ТЕГЕУРІН НЕГІЗІ – ТЕКТІЛІКТЕ

Бәрі айтуға оңай. Желдіртіп өте шығуға да болады. Болған істі баяндай салу да жеңіл. Сонымен істің мәні, маңызы, негізгі түйіні ашыла қояр ма екен? Әй, қайдам?! Ақпарат үшін фактіні айту да керек шығар. Бірақ бәрібір түйін керек.

Сайраш Әбішқызы туралы жазарда маған осындай ойлар келді. Жалпы Сәкеңді бір адамдай білемін. Ол кісі туралы жазылған жайлармен жақсылап тұрып танысып та шықтым. Әркім өзі бі-

летін жайларды әр қырынан аша түскен екен. Мен өзімше пайым жасадым.

Жүріп өткен жолдары белгілі. Алған асулары айқын. Бірақ осының бәрі өзінен-өзі бола қалған жоқ қой. Қаншама еңбек етілді, қанша тер төгілді, қаншама ізденістер болды. Ол бізден гөрі Сәкеңе, Сайраш апайға анық. Бірақ бізге де бір нәрсе белгілі. Сайраштың бойындағы қарапайымдылық, жоғары адамгершілік қасиеттер, елін-жерін сүюі, туған ана тіліне деген ұлы құрмет, табиғи талант бәрі-бәрі тектілікте жатса керек. Бір оқымысты айтқандай, «жоқтан бар пайда болмауы, бар нәрсе жоғалып кетпеуі» осы апайымызға айтылғандай ма, қалай? Педагогика мен журналистиканы ұштастыра отырып бәрін нарық билеп тұрған мына заманда тәуелсіз елдің білім саласына әдістемеліктің қажеттілігін жан-жүрегімен ұғынып, баяғыда негізі бар басылымдар жабылып жатқанда бірнеше дербес журналдар шығаруы ерлікке пара-пар іс емес пе!? Елдің рухани қажеттігін тап басып тану, оны айрықша сезіну және жүзеге асыру басқа кімнің қолынан келіпті?!

Жалпы, біз білгенде журналистің жүгі ауыр, жауапкершілігі күшті. Не жазсаң да біліп жазу шарт. Біліксіздік бірлікті бұзады, ағайын арасын ашады, қоғамға қауіпті. Бұл тұрғыда Сәкеңнің сауаттылығына, азаматтық алымдылығына бас иесің. Сөйлегенде төгіліп кетеді. Бұл да – ауылдың мәйегі.

Екінің бірі өзінше саясаткер болуы мүмкін, бірақ қайраткер болуы қиын. Қайраткерде халықтың қамы жатады. Бәлкім, ол ана сүтімен келер. Туған тілдің небір ығай мен сығай топтасқан, сен тұр, мен атайын дейтін тұлғалары тұрғанда аймандай Алматыда күні кеше ауылдан келген қызға «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болуы оңай болып па?! Өзін мойындатқан, өзін ана тілінің шын жанашыры екендігін дәлелдеген және сол үрдістен қазірге дейін жаңылмаған, қайта оған деген ұмтылысты үдете түскен. Шынайы кайраткердің әрекеті! Мұнда тұк те құпия жоқ. Қазір тілдің халі мүшкіл. Билікті, қоғамды ұйқысынан оятпаса болмайды және бұл – өмірлік мәні бар мәселе. Бүкіл ұлт тағдырының болашағы да осында тұрғанын ол жақсы сезінген. Сондықтан да тынымсыз әрекеттеніп жүр. Ол жеміссіз де емес. Қол жеткен біраз нәтижелер де бар. Мектепке қажетті әдістемелік қазақша шығатын құралдар көбейді.

Біз кейде профессор, академик деп атағына жығылып жатамыз. Біздің Сәкең кандидаттық диссертация жазған, әр түрлі себеппен оны қорғауды жазбапты. Бірақ атағы аспандаған адамдардан несі кем? Міндетті түрде бірдемені қорғау үшін жазу керек пе? Ол атақ халық үшін қаншалықты керек? Ана Олжекеңдер (Олжас Сүлейменов) түркі әлемін дүниені дүр сілкіндіріп, ештеме қорғамай-ақ өз орнына қойған жоқ па? Біздің Сәкеңде ел сияқты атын айға білеген атағы жоқ, бірақ ел таныған, жұрт жүрегіне жол тапқан қайраткерлігі басым.

Қарапайымдылығы, адамгершілігі – оның мәдени, рухани деңгейі. Қазақта «ұлық болсаң – кішік бол» деген сөз бар. Сайраш Әбішқызы – соның біз таныған үлгісі. Бұл – бастық болған екінің бірінің қолынан келе қоюы қиын өлшем. Қызмет пен қайраткерліктің ауылы алыс. Кейде біздің осыны шатастырып алып жүрген кезіміз аз емес.

Сәкеңнің бойындағы елге ерекше мойындалған асыл қасиеттер Ақсуаттың, қала берді, күллі қарт Тарбағатайдың жемісі. Сайраш Әбішқызы – құнарлы топырақ, құдыретті ұрпақтың қазіргі өкілі. Текті өңірдің қызы тегеурін танытпай тұрушы ма еді?! Ендеше, Сайраш Әбішқызының халықтың қамы, елінің ертеңі үшін бүгін сайрауы заңдылық.

Ерғали ЖҰМАХАН,
Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық «Тарбағатай» газетінің редакторы.
«Тарбағатай» газеті, 2004 жыл, 24 сәуір

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

1961 жылғы түлектеріміз ішінде дара тұрған мақтанышпен еске алатын бір адам бар. Ол – Сайраш Әбішқызы. Сайраш оқушы кезінде-ақ орнымен күліп, керек жерінде ашулана да білетін, ақ жарқын өжет қыз болатын. Ол сабақты жақсы оқыды, мектепті күміс медальмен бітірді. 1965 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін қызыл дипломмен тәмамдады. Сөйтіп ол студент кезінің өзін-

де-ақ ізденгіштігімен институт ұстаздарының ерекше назарына ілінді.

Институт жолдамасымен туып-өскен ауылына келген, еңбек жолын мұғалімдіктен бастап ұйымдастырушылық қабілеттілігімен тез танылған Сайраш 1966 жылдың күзінде аудандық комсомол комитетінің хатшылығына сайланды.

Сайраш 1967 жылдың аяқталар қарсаңында өзі оқыған институттың сол кездегі ректоры С. Толыбеков пен қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі академик Қ. Жұмалиев қол қойған шақыру қағазын алып, аспирантураға қабылданды. Мұнда оқып жүрген шағында ғылыми жұмыспен қатар журналистік қабілетімен танылады. Оның жастар өмірінен жазған проблемалық мақалалары республикалық басылымдарда жиі жариялана бастайды. Алғашында штаттан тыс тілші ретінде «Социалистік Қазақстан» газетінде тілі шұрайлы мақалалары жарияланған Сайраш газеттің әдеби қызметкері болып орналасады. Мұнда істеген жылдар ішінде ол қаламы ұшталған танымал журналист ретінде көрінеді. Оқу-тәрбие, ана мен бала, еңбеккер әйел өмірінен сын және зерттеу тақырыбына жазған мақалалары бірінен соң бірі жарық көріп, оқырман қауым асыға күтетін авторлардың бірінен саналады. «Социалистік Қазақстанның» әйелдерге арналған «Қаламқас» сенбілік бетін ұйымдастыру сол жылдары Сайрашқа сеніп тапсырылуында үлкен сыр жатса керек.

«Социалистік Қазақстанда» қызмет істеген жылдарында үнемі ізденісте болып, әуелі секретариаттың, одан кейін бөлімдердің әдеби қызметкері, аға әдеби қызметкері міндеттерін мінсіз орындауы нәтижесінде аға газеттің Құрмет грамотасымен марапатталады. Ал 1975 жылы Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданады.

Сайраш апайымыз 1977 жылы республикалық «Қазақстан әйелдері» журналына жауапты хатшылыққа жоғарылап, бұл қызметті де абыроймен атқарады. Қазақстанның 80 жылдығын тойлау қарсаңында жарияланған сериялы очерктері оқырман қауымның, қаламдастарының ерекше назарына ілікті. Осындай творчестволық ізденістерінің нәтижесінде 1980 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Журналистер одағының екінші дәрежелі сыйлығын жеңіп алып, лауреат атанды.

Әйел, ана, бала, білім мен тәрбие тақырыбын жазудың шеберіне айналған, танымал журналист деңгейіне көтерілген С. Әбішева 1983 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұйғарымымен республикалық қазақ тіліндегі бірден-бір педагогикалық басылым «Қазақстан мектебі» журналы бас редакторының орынбасары қызметіне ауыстырылып, оған журналдың «Бастауыш мектеп» қосымшасының редакторы міндетін атқару жүктеледі. Бұл міндетті де абырой биігінде орындап, қаламы ұшталған педагог-журналист ретінде танылған С. Әбішева 1987 жылы «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы болып тағайындалды.

1986 жылы «Нұрлы жол» очерктер жинағы, 1988 жылы «Жыр арқауы – бейбітшілік» кітабы жарық көрді. Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің озық қызметкері, егемен еліміздің «Құрмет» орденінің иегері Сайраш апайымыз – біздің мақтанышымыз.

Серікқазы ***АЛДАЖАРОВ,***
ҚР білім беру ісінің үздігі, мектеп директоры.
Ақсуат орта мектебінің
70 жылдық мерейтойына арналған басылымнан.
1997 жыл

БІЛІМНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Бүгінгі өмір мен ертеңгі болашақ жолында ғылым-білімнің маңызы ерекше зор екені белгілі. Оны жасайтын да, жүзеге асыратын да жеке тұлғалар болған. Осы дәстүр қазірде бар деуге болады. Соның бірі Тарбағатай өңірінен шыққан халқымыздың қадірменді қыздарының бірегейі Сайраш Әбішқызы дер едік. Әсіресе, ұлттық педагогиканы, қазақтың ғылыми дидактикасын дамытудағы ролі мен сіңірген еңбегін ерекше атап өтуге тиіспіз. Соңғы дүбірге толы жиырма жылға жуық уақыттардағы Сайраш Әбішқызының еңбегі республикадағы бірегей ғылыми-әдістемелік басылым «Қазақстан мектебі» журналының атымен ажырамастай болып бірігіп, тұтас бір ұғымға айналды. Кеңес

Одағы кезінде Мәскеуден 30-ға жуық ғылыми дидактикалық, педагогикалық басылымдар жарық көретін, олардың әрқайсысы өз алдына жекелеген пәндерді оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін жетілдіруге, жалпы педагогиканың жекелеген салаларын дамытуға арналды. «Қазақстан мектебі» осыншама ұшан-теңіз жұмысты жалғыз өзі атқарып келді. Бұл шын мәнінде ерлік пен жанқиярлықтың үлгісі еді. Сайраш Әбішқызының өзі былай деп еске алады: «Қай пәнге болсын қатысты ортақ педагогикалық мәселелерді көтеретін материалдардан бұрын әр оқырман мұғалім жаңа нөмірден ең алдымен өз пәні бойынша мақалалар іздейді, таба алмаса, оқымай қоюға да, жазылмай қоюға да бар. Талап дұрыс. Не істеу керек? Барлық тақырыпты бір нөмірде бір-бір материалдан бергенде де қамту мүмкін еместігі белгілі. Осыдан келіп педагогикалық жаңа басылымдар ашу қажеттігі туды» *(«Қазақстан мектебі», 1995 жыл, №8).*

Міне, осы уақыттан бастап Бас редактор Білім министрлігінің қолдауымен журналдың қосымшаларын шығару тауқыметін өз мойнына алған еді. Бұл республикамыз өз алдына тәуелсіз мемлекет болып құрыла бастаған жаңару кезеңінің заңды талабынан туған тарихи қажеттілік болатын. Оның үстіне тәуелсіз елдің өзіне тән білім беру жүйесін қалыптастыру үшін де ең алдымен ғылыми-әдістемелік қызмет жеткілікті деңгейде жолға қойылуы керек еді. Содан 1990-1994 жылдар аралығында «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, «Отбасы және балабақша», «Информатика, физика, математика», «Қазақ тарихы» қосымшаларын шығаруға қол жеткен болатын. 1994 жылға дейін жалпы жиыны бес журнал бір редакциядан шығып тұрды. Тоқсаныншы жылдардың басындағы бюджет тапшылығы кезінде бар күш-жігерін сарқа жұмсап, қинала жүріп қаражат тауып, журналды жабылып қалудан аман сақтап қалып, тіпті кеңейте түскен Бас редактордың жанқиярлық еңбегін өзге білмесе де мұғалімдер қауымы жақсы біледі.

«Қазақстан мектебі» журналы көп жылдар бойы ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрдің де жаршысы бола білді. Қазақ халқының қақ жартысына жуығы орысша ойлап, орысша сөйлеп жүргеніне де, республикада орыс тілді мектептер санының басым болуына да қарамастан, журнал қай уақытта болса да қазақ тілі мен халықтық педагогиканы ұлттық рухани мұраларды уағыздап, насихаттаудан бір сәт те жаңылған емес.

Кәсіби журналдың шын мәніндегі жоғары кәсіби деңгейін сақтап жетілдіру үшін де, оның тиражын қажетті деңгейде ұстап тұру үшін де оқырманға ненің қажет екенін, кімнің нені оқитынын дәл болжап біліп отыратын ерекше сезімталдық пен көрегендік керек. Осы тұрғыдан алғанда, Сайраш Әбішқызы өз оқырмандарының қай уақытта қандай материал алғысы келетінін үнемі назарда ұстауға ерекше көңіл бөледі. Тек мұғалімдерге ғана емес, мектептердің өзіне жолбасшы – ұстаз бола білген «Қазақстан мектебі» қай замандарда да уақыт талабына сай мемлекеттің оқу-әдістемелік концепциясын іске асыруда шығармашылықпен еңбек етіп келеді. Бүгінгі таралып жүрген әр пәнге арналған ғылыми-әдістемелік журналдардың санының артуы баршамызды қуантады. Осы жеке басылымдардың саны өскен сайын бас журнал ретінде, республикадағы тұңғыш педагогикалық басылым ретінде «Қазақстан мектебінің» абыройы мен мәртебесі арта бермек. Осы бас журналдың бас редакторы, Тарбағатай өңірінің ардақты да аяулы қызы, қадірменді жерлесіміз Сайраш Әбішқызының ерен еңбегі мен биік парасатына баршамыз қуана да қызыға қараймыз, есімін мақтан тұтамыз. Ол басқарып отырған журналдар білімнің темірқазығы деп білеміз.

Т. САЛҚЫНБАЕВ,
Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.
«Тарбағатай» газеті, 2004 жыл, 24 сәуір

АДАЛ ДОСТЫҚ – ҮЛКЕН АДАМГЕРШІЛІК

Мен бұрынғы Семей облысында Ақсуат ауданында тудым. Туған жерімнен ешқайда кетпей еңбек етіп келемін. Күйімнің келгеніне қарай қызмет істедім, бағасын халық бере жатар.

Сайраш Әбішқызы екеуміз бір жердің тумасымыз. Мен қазіргі Би Боранбай атындағы орта мектепті, Сайраш Ақсуат орта мектебін бітірді. Сайраш екеуіміздің достығымыз комсомол жұмысында жоғары білім алып, қазақша айтқанда, өз қолымыз өз аузымызға жеткенде, әр нәрсеге өзіндік көзқарасымыз қалыптасқан кезде басталды. Ол кезде мен мектепте мұғалім және бастауыш комсо-

мол ұйымының хатшысы болдым, ал Сайраш мұғалімдіктен келіп, аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болды. Сол кезде комсомол жиындарында бірге болып, ортақ пікірге келіп, бір-бірімізді қолдап жүретін достығымызды бір Алла ұзағынан сүйіндірді. Сайраш Алматы қаласына аспирантураға кеткенде мен оның орнына аудандық комсомол комитетіне екінші хатшы болып келдім. Содан бері Сайраш Алматыда, мен Ақсуаттамын. Бірақ қатынасымызды еш үзгеніміз жоқ.

1970-1972 жылдары Алматы жоғары партия мектебінде оқыдым, ол кезде Сайрашпен бірге болып, талай жақсы күндерді өткіздік. Сайраш Алматы қаласында тұрғанымен, туған жерден қол үзген жоқ. Ақсуатта әке-шешесі, бауырлары болды, басқа да туыстары болды, біз болдық. Ол Ақсуаттың барлық үлкен-кішісімен байланыста болды десем, артық айтпас едім. Қалаға барған жастардың бәріне қамқорлық жасады. Оқуға кеткен жастардың көпшілігі туған жердің сәлемін алып, Сайрашқа баратын. Олардың бірін оқуға түсіріп, бірін жұмысқа орналастырып қамқорлық жасап жүрді. Мен қалжыңдап: «Ақсуатта тұрмағаныңмен, Ақсуатқа қызмет етіп жүрсің» деуші едім. Шындығында да, солай болды, осы уақытқа дейін жалғасып келеді.

Сайраш туған жерінің түкпірінде болып жатқан қуанышты да, ренішті де сезіп отырады. Оның қуанышына қуанып, ренішіне ренжіп, өзінің туған жерін сүйетіндігін адал жүрегімен сездіреді.

Адал дос бола білу – бұл да үлкен адамгершілік қасиет. Екеуіміздің бір-бірімізді біліп, дос болғанымызға, міне, 30 жылдан асты. Екеуіміз екі жақта жүрсек те бір-бірімізді іздеп, бір-бірімізге қамқор болып жүреміз. Сайраш – өзінің барлық бірге туған бауырларына, сіңілілеріне, басқа да етене жақын туыстарына, оның балаларына үлкен қамқоршы. Қазір Әбіш атамыздың балаларының Алматыда бірнеше үйі болса, ол – Сайраштың арқасы. Бүгінде Сайрашымның осылардың ортасында отырып, аға болып, құрметке ие болғанын үлкен бақыт деп есептеймін.

Сайраш басқаратын «Қазақстан мектебі» журналы бүкіл аудан мұғалімдерінің асыға күтетін журналы болып отыр. Көптеген басылымдар жабылып, өзгеріп, әр түрлі жағдайға түссе, «Қазақстан мектебі» журналы республика мұғалімдерінің білімін көтеретін, әдістемелік көмек алатын ғылыми-педагогикалық журналға

айналды. Бұл – Сайраштың шығармашылық еңбегі. «Қазақстан мектебі» журналы бірнеше қосымша басылымдарын жеке редакция ретінде бөліп шығарды, ал бүгінде өзі әлі де бірнеше басылымдар шығарып отыр.

Сайраштың достары көп, олар республиканың түкпір-түкпірінде. Олар менің де достарым. Біз бірге жүргенде олар әр жерден тосып алып, шығарып салады. 2003 жылы қараша айында Сайраш екеуіміз Сарыағашта демалдық. Сонда Өзбекстан Республикасынан шығатын «Халық тәлімі» журналының бас редакторы Жорабай Икрамов іздеп келіп, үйіне қонаққа шақырды. Екеуінің арасында шығармашылық жұмыс жөнінде үлкен пікірталас болды. Сонда жолдасы Гули ханым «Саған Сайраштан көп нәрсені үйрену керек. Сайраш, бәрін түсіндір. Жұмысты осылай істеу керек» дегенде өзім Сайраштың пікіріне риза болып, ішімнен тәуба деп отырдым. Ал Гули ханым көп жыл өзбек-орыс-қазақ тіліндегі мектепте директор болған, білімді адам екен. Өмірдің бәрі біркелкі деуге болмайды ғой. Сайраштың өмірінде де қиындықтар аз болған жоқ. Алайда оның бәрін Сайраш достарының, туыстарының көмегімен, өзінің ақылдылығымен жеңіп келеді.

Сайраштың еңбегі бағаланып жүр. Ең бастысы, халықтың алғысы. Қазақстан Республикасы мұғалімдерінің алғашқысы болып кеудесіне «Құрмет» орденін тақты. Ұлы Абайдың 150 жылдық тойы үстінде Ақсуат ауданының үлкен тігілген ақ ордасына жарқырап кіріп келіп, «Туған еліме сәлем бердім, туған жерден көрімдік» дегенде аналар ақ баталарын беріп, ақ жол тілеп, шашу шашты.

Міне, содан бері де талай жылдар өтті. Сайраштың денінің сау болып, ауданымыздың құрметтісі болуы осы аналарымыздың ақ тілегі болар деп ойлаймын.

Сайраш-ау, талай күндер өткен еді,
Ойласам жүрегімді мазалайды.
Өмірдің қысы, жазы, көктемі еді,
Өткеннің ойға түсіп көп белдері.

Бақыт ҚАЖЫБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы

БАРҚЫТБЕЛДІҢ САЙРАШЫ

«Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы, қоғам қайраткері, елі мен жұртына елеулі Сайраш Әбішқызы 1944 жылы Ақсуат өңірінде дүниеге келген-ді. Еңбек жолын да осы өңірдегі Ю. Гагарин атындағы сегіз жылдық мектептен бастады, одан кейін аудандық комсомол ұйымының хатшысы қызметін атқарды. Сайраш Әбішқызының содан бергі қырық жылдан астам өмір жолы Алматымен тығыз байланысты болса да, ол өзінің туған жерін – кішкентай Отанын бір сәт те болса естен шығарған емес. Жетістігіне сүйініп, кем-кетігіне күйінумен келеді. Сайраш есімді туған перзентін Ақсуат өңірі қалай ардақ тұтса, туған жерін Сайраш Әбішқызы да дәл солай қастерлейтіні анық.

Шығыс Қазақстан облысының ұлан-байтақ аймағын алып жатқан Тарбағатай ауданының азаматтары Сайраш Әбішқызының мерейтойына қапысыз дайындалған-ақ екен. Той иесі мен мейманларды аудан шекарасынан ақ дастарқан жайып күтіп алған ел азаматтарының емен-жарқын көңіліне дән риза болдық. Оның үстіне бұл жердің тіл жетпес тылсым табиғаты, мың бұралған мөлдір бұлағы кім-кімді болсын желпіндірмей қоймас! Мерейтойды ұйымдастыру комиссиясының төрағасы, аудан әкімінің орынбасары Қуанышбек Бейілғожин мен аудандық мәслихаттың хатшысы Марат Мағжаев бастаған ел азаматтарының құтты болсын айтқан ақ тілектері аспаннан төгілген ақ шуақпен араласып, көңіл хошын келтіріп-ақ тұрды...

Тарбағатай ауданының орталығы Ақсуатқа ілінгенде той мейманлары жаңарған, жасарған ауылды көріп, таңдай қағысып қалғаны рас. Олар өздерінің бұл ризашылығын аудан әкімі Айбек Кәрімовтің қабылдауында болғанда да жасырған жоқ.

Осы тұста мерейтойға арнайы барған меймандарды атай кеткен жөн болар. Олар: Батыр ана, педагогика ғылымдарының кандидаты, арнайы мамандандырылған «Болашақ» орта мектебінің бас директоры Мәрзия Тұрлыханова, Ы. Алтынсарин атындағы Білім академиясының зертхана меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Мәлипа Сәтімбекова, Т. Жүргенов атындағы өнер академиясының профессоры Дариға Тұранқұлова, Қазақ қыздар педагогикалық институтының доценті, мектеп оқулықтарының

авторы, биолог-ғалым Рысбай Сәтімбеков, тарихшы журналист, Көлбай Төгісовтің ұрпағы Мұхтар Әбділдабеков.

Бір топ ақын-жазушы-журналистер: «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты хатшысы Еркін Жаппасов, Ғ. Мүсірепов пен С. Мұқанов мұражайының директоры, «Алаш» сыйлығының иегері Әділғазы Қайырбеков, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Гүлзейнеп Әбдірахманова, «Қазақстан мектебі» журналы бас редакторының орынбасары Жолдас Сарманов, «Қазақ тарихы» журналының бас редакторы Әбділдабек Салықбай және осы жолдардың авторы – «Қазақ тарихы» журналы бас редакторының орынбасары Әбубәкір Қайран.

Аудан әкімі А. Кәрімов меймандарды қабылдай отырып, той иесіне және қонақтарға деген жылы лебізін білдіргеннен кейін ауданның экономикалық және мәдени жетістіктеріне тоқталып өтті. Бұдан кейін ол шалғайда жатқан Тарбағатай ауданының ашылмай жатқан қатпар-қатпар қалың қыртысты тарихы бар екенін, жұмбақ сырлы қорған-қорымдары мен мәдени ескерткішке бай орындардың көп екенін айтып өтті. Осыларды зерттеу ісінің тезірек қолға алынғанын ел-жұрт болып елеңдесіп күтіп отырғандарын білдірді. Сонымен қатар Тарбағатай ауданына жаңа құрылыстар салуға мемлекет тарапынан қаражат бөлінсе екен деген тілегін де жасырған жоқ...

Қазіргі уақытта көптеген аудандық өлкетану мұражайларынан мойны озық тұрған Тарбағатай мұражайының шын мәнісінде айта қаларлықтай екенін келген қонақтар бірауыздан мойындап, мұражай директоры Қонысбек Ақжасаровқа ізгі тілектерін білдірді. Мұражай бөлмелерінде көне дәуірлерден бүгінге дейінгі ел мен жер тарихын жан-жақты қамтитын жәдігерлер көптеп қойылыпты.

Аудандық мәдениет үйінде өткен Сайраш Әбішқызының 60 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиынға халық өте мол жиналды. Салтанатты жиынның ашылу сәтінде сөз сөйлеген аудан әкімі А. Кәрімов той иесін құттықтай келіп, сөз соңын халқымыздың тарихын ұлықтау жағына бұрды. Ән мен күйге бөленген осы бір салтанатты кеште мерейтой иесі Сайраш Әбішқызының сөйлеген сөзі тағылым мен тәрбиеге толы болды. Әсіресе, отбасы тәрбиесіне тереңдеп тоқталды. «Баланың отбасында ана тілінің

уызына жарып өсуі туған жерге деген сүйіспеншілікке жетелейді» дей келіп, ата-ана тәрбиесі туралы байыпты байламдар жасады. «Мен осы тойда отырып, өзім үшін ғана емес, бүкіл аналар үшін, апа-сіңілілерім үшін ризамын. Бұл – соларға жасалған құрмет. Мен екі арадағы дәнекер ғанамын. Екінші бір ризашылығым, осы тойда біздің елдің рухы өскендігін, дастарханы толғандығын, экономикасының даму жолына түскенін көріп отырмын. Онын үстіне бұрынғы екі ауданның – Ақсуат пен Ақжардың ынтымағы, ырысы молайғанын көріп отырмын. Ауданның әл-ауқаты мен рухани негізін нығайтуда екі тізгінді тең ұстаған Айбек бауырыма, мәслихат хатшысы Марат бауырыма, аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Бақыт Қажыбаеваға, туған жұртыма ризашылығымды білдіремін. Мені алқалап, аялап келе жаткан мектеп мұғалімдеріне зор ризашылығымды білдіремін», – деді Сайраш Әбішқызы өз сөзін аяқтай келіп. Салтанатты жиында Шәкәрім атындағы Семей университетінің жауапты қызметкері Бақыт Көшерова той иесінің кеудесіне «Шәкәрім» медалін тақса, Зайсан ауданының әкімі Бауыржан Жанақов өзінің әнші-күйші тобымен келіп, апайларына деген шексіз құрметтерін көрсетті. Көкпекті ауданы әкімінің орынбасары Рәмзи Бесбаев, Астанадан арнайы келген ақын Несіпбек Айтов, Семейдегі Абай мұражайының директоры, ақын, жазушы Төкен Ибрагимов, ұстаз, Батыр ана Мәрзия Тұрлыхановалардың ыстық ықыластары жиналған жұрттың көңілінен табылды. Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысының әкімі Талғатбек Абайділдин, Семей қаласының әкімі Нұрлан Омаров, Үржар ауданының әкімі Маймұрат Уәлиев, Көкпекті ауданының әкімі Баянды Қожамбетовтер жолдаған құттықтау-жеделхаттар сахна төрінен оқылып, той иесінің мерейін өсірді...

Шеттерінен бәрі ақын, әдеп сақтап әрең жүр,
Саусақ толған – өнер де, көмей толған – өлең-жыр, –

деп, «Ақсуат» деген өлеңінде Қадыр Мырза Әли бекер жырламаған ғой. Ақсуат – Ақжар өнерпаздары осы тойда да өз өнерлерін аяп қалған жоқ. Әсіресе Серік Жұматовтың сөзіне жазылған Қалихан Сафаровтың екі әні – «Барқытбелдің Сайрашы» мен «Ақсуат – алтын бесігім» шырқалғанда, Ақсуат аспаны тебіреніп тұрды десе

болар. Салтанатты кештен соң әкім жайған мерейтой дастарханынан кейінгі Ақсуат орталығындағы аланда ән-думан түн ортасына дейін созылды. Мерейтойдың келесі күнгі жалғасы Тарбағатайдың бөктеріндегі Қарғыба шатында киіз үйлер қалашығында басталды. Бұл үйлерді әкеп тіккен, Ырғызбай ауыл әкімшілігі (әкімі – Айгүл Иманғалиева), Би Боранбай ауыл әкімшілігі (әкімі – Амантай Сәметов), Құмкөл ауыл әкімшілігі (әкімі – Амалбек Құдабаев), Көкжыра ауыл әкімшілігі (әкімі – Әшім Жобалаев). Осы бір асқақ таудың аясында, сарқыраған Қарғыба өзенінің жағасына тігілген ауылда өткізілген той шаралары ел мен жұрттың емен-жарқын көңілінің тағы да бір көлдей боп көрінген тұсы болды.

Әбубәкір ҚАЙРАН,
ақын-журналист.
«Жас Алаш» газеті, 2004 жыл, 7 тамыз

ЖЫЛЫ ЛЕБІЗ – ЖАНҒА ШУАҚ

Кейде оңаша қалған мезетте жас кезінде қалған әдемі естеліктер еске түседі. Жүрегің жылып, сол шақтың естен кетпес сәттері көз алдыңда көлбеңдеп, ойыңды өткен күндерге жетелейді. Өмірдің бұралаң жолдарында көптеген адамдар кездесті. Біреулері көмескіленіп ұмытыла бастаса, енді біреулер өзіндік із қалдырып, ойыңа түскен шақта жаның жадырап сала береді. Сондай жанның бірі – қазақтың қайраткер қызы, жерлесіміз Сайраш Әбішқызы. Ауыл балалары апайды үлгі тұтып, мақтан етіп өстік. Ол кезде қалада, оның ішінде Алматыда жоғары оқу орнында оқитындар некен-саяқ болатын. Әлі есімде, шамасы 3-4 жастан болуым керек. Марқұм әкем қолымнан жетектеп, Сайраш апайды оқуға шығарып салуға аялдамаға келдік. Жол болсын айтушылардың қарасы мол екен. Бәлкім, әкем кейін Сайраш апайы секілді Алматыда оқысын деген арманын жар дегенде жалғыз қызы менің санама осылай жеткізген шығар. Алматыға бара алмасам да, Семейдің педагогикалық институтын бітіріп, әкемнің бір тілегін орындағандаймын. Әкем Махан Кешкілов – Ұлы Отан соғысының ардагері, өз ісіне адал, ел сыйлайтын жан еді. Өкініштісі сол, менің оқығанымды көре алмай, өмірден ерте кетті.

Апайдың әрбір ісін, жеткен жетістіктерін ауылдастары біліп отырушы еді. Ауылдан барған балаларға көмектесіп, жол нұсқап жүретіні де елдің есінде. Мектеп бітірген жылы анам да «Алматыға Сайрашқа барсаңшы» деді. Бірақ бәрі Алланың қалауында ғой. Ол жаққа жол түспеді.

Сөйтіп астанаға шығарып салған әпкеміз жерлестерінің үмітін ақтап, биік белестерді бағындырды. Республика көлемінде жауапты жұмыстарды атқарды. Кез келген адамға бұйыра бермейтін еліміздің бас газеті «Социалистік Қазақстанда», республикалық «Қазақстан әйелдері», «Қазақстан мектебі» журналдарында еңбек етті. Әсіресе ұстаздардың кәсіби шеберлігін шыңдайтын «Қазақстан мектебі» журналын басқарған кезде мұғалімдерге аса қажетті «Қазақ тарихы», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Информатика, физика, математика», «Биология», география және химия», «Тәрбие құралы» сияқты қосымшаларының шығарылуына ықпал етті. Бұл басылымдар қаншама ұстаздың бағын ашты. Оның алыс ауылдағы мұғалімдер үшін үлкен көмегі болғанының куәсі болдым. Қаншама педагогтің іс-тәжірибелері журналдарға шығып, республика көлемінде таратылды. Қазіргідей интернет жоқ заманда білім беру саласындағы заң, жаңалықтармен ұстаздар осы басылымдар арқылы танысатын.

Апайымыз жауапты қызметтерінен бөлек қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Соның ішінде қазақ тілінің мәртебесін көтерудегі еңбегі бір төбе. Сол тұста апайымыздың тікелей араласуымен Алматыда қазақ тіліндегі мектептер мен балабақшалардың ашылуы – сол еңбектің жемісі.

Туған елге келген кезде Сайраш апай ерекше жайнап, шабыттанып кетеді. Әр кездескен жанға шынайы жүрекжарды тілегін айтып, өзіңді бір көтеріп тастайды. Расында да, солаймын ба деп ойлап қаласың. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген ғой бұрынғылар. Жақсы сөздің өзі жақсы ойдан шығады. Ал жақсы ойлар мәнді де, мағыналы өмірге жетелейді. Апайымыздың өмірінің шуақты болуы да сондықтан шығар.

Осыдан 15 жыл бұрын әпкеміздің 60 жылдық мерейтойы туған жері Ақсуатта аталып өтті. Аталып өтті деу жай сөз шығар, өте бір тәрбиелік те, тағылымды шара халықтық мереке іспеттес тойланды. Тойдың жоғары деңгейде өтуіне сол кездегі аудан

әкімі Айбек Кәрімовтің еңбегі зор болды. Апайымызды қошеметтеп, шашбауын көтеріп келген дос-жаран, туған-туыс, әріптестері Сайраш Әбішқызының ақыл-парасатымен қатар терең білімі мен еңбегін, ең басты адами қасиеттері туралы айтып, жерлестерін бір марқайтып тастады. Мерейтойдың ең құндылығы – апайымыздың қайраткерлік, журналистік, тұлғалық қасиеттерін ашатын өмірбаяндық «Еңбегі мен қайраты екі жақтап» деген деректі кітап болды. Онда замандас, дос, ұстаз, ағайындарының жылы лебіздері жинақталған. Сол кітапта 80-жылдары Ақсуатта қызметтес болған Құлтөлеу Мұқашұлының «Жан шуағы» эссесіндегі ойларынан әпкеміздің мейірімге толы жүзін көргендей боласың. Құлтөлеудің үй алғандағы жан толқынысын оқып отырып, жаңарыңа жас келеді. Өзің үй алғандай күй кешесің, тебіренесің.

Бойында қазақ аналарына тән қасиет жинақталған Сайраш апай әр хабарласқанда *«Айналайын»* деген жылы лебізі жүрегіңді ерітіп кетеді. Тап бір туғаның айтып тұрғандай әсер қалдырады. Осындай сөзінің де, өзінің де шарапаты мол жандар көп болса ғой өмірде деп армандайсың.

Қолынан қаламы түспеген апайымыздың алар асуы әлі де алда. Талай-талай терең мағыналы ойларын оқитынымызға шүбәміз жоқ. Жан-жағына нұрын шашып, лебізінен мөлдірлік пен тазалық, мейірімділік пен халқына деген сүйіспеншілік лебі есетін Сайраш Әбішқызын мерейлі 75 жасқа толуымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Болсашы адамдардың бәрі осындай дегіміз келеді.

Жұмаш МАХАНҚЫЗЫ,
Шығыс Қазақстан облысы
Тарбағатай аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы.
2019 жыл

МАЗМҰНЫ

Мағира Қожахметова. Сайраш қалыптастырған мектеп 3

Бірінші бөлім
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫРАҒЫМ – БАҚ ЖҰЛДЫЗЫМ 11

Екінші бөлім
ЖУРНАЛИСТІК ЖЫЛДАРЫМНЫҢ ІЗДЕРІ 53

Ағайынды үш қызыләскер 55
Бейбітшілік үшін күрес – дәуір талабы 62
Қазіргі қазақ поэзиясы – бейбітшілік күресінде 66
Күткен күн 71
Таланттар туралы толғаныс 72
Қыруар жұмыс күтіп тұр 74
Тілім менің 77
Мост дружбы 81
Тарих тереңінен сыр тартқанда 85
Әйел ұлтты тәрбиелейді 87
Тағылымы терең, ғибраты ғажайып 90
Қанипа Бітібаева – нағыз қаһарман 92
Әліппеден басталған әлем 93
Бавария сабақтары 97
«Қазақ, қырғыз бір туған» 120
Казак-кыргыз бир тууган 124
Жол ұзара берсін 130
«Қазақстан мектебі» журналы және білім беру жүйесі 131
Төбеге шықтым деп төменге күл шашпа 149
Асаба міндеті әнұран айтқызу ма? 152
Конституцияның әр бабы – айқын міндет 153
Тірегіміз – туған жер 154
Барқытбел аймағы – аяулы мекен 156
Ақын, әнші-сазгер Ермұрат Зейіпхан 158
Ата-анаға аманат 161
Тәуелсіздікпен келген тәуекел 165
Тілдің тағдыршешті тұғыры 168
Отбасы тәрбиесі – ортақ іс 170
Намыс туралы нақыл 173
Мектеп директоры және мұғалім қауымы 175
Түлектерді «түрлендіргеннен» не ұтамыз?! 178
«Бешбармақ» сөзі һәм Голощекиннің сайқымазағы 180
Ана тіліміз – бірінші байлығымыз 182
Толағай туған түлектер 185

Halyq sózinde birtutastyq, birlik bar 187
Qyzdar soqqan dala qońyraýy 189
Аралас мектептерден арылайық 191
Аралас тілді мектеп – ана тілімізге тұсау 195
Кітап – жан азығы 197
Астанада өмір сүру – бір бақыт 201
Қоғамның арқа тірегі – ұстаз! 202

Сыр перне – сұхбат 207-271

Ә. Әбілтаев. Өз тағдырымызға жанашыр болайық 207
М. Кенемолдин. Журналиспен жүздесу 211
Бақыт Балғарина. Білім жолы – халықтың өркениет жолы 214
Светлана Фальде. «География» журнала и мечты его редактора 217
Жұмагүл Қуанышбекқызы. «Өзге үшін өзімді жауапкер сезіну
жастайымнан бойға сіңген қасиет» 221
Гүлзина Бектасова. Ана тілімде шабыттанып сөйлесем,
өзімді ән айтып тұрғандай сезінем 225
Ш. Кұмісбаев. Ұлт мақтаныштарынан қолтаңба! 236
Алмас Әбіш. «Мен армандаған мамандық» 237
Гүлбану Әниятқызы. «Қазақ мектебі – қазақтың бесігі» 239
Төрегали Тәшен. Қазақстандық ұлт мемлекеттік тіл толық
жұмыс істегенде ғана қалыптасады 241
Ұлбосын Айтөлен. Қазақстан мектебін бітірген кез келген бала
мемлекеттік тілде сөйлей алатын болуы тиіс 245
Олжас Қасым. Бұл басылымның сарғайған парақтарында
Алаш қайраткерлерінің ізі, сөзі қалған 254
Мара Келес. «Мен еңбегім жанған адаммын» 264
Анна Резник. Женщины-оптимисты 269

Ой – отау 272-277

Құттықтау – қуаныш лебі 278-282

Үшінші бөлім
ЖАҚСЫ СӨЗ ЖАН СЕМІРТЕДІ 283

Ақселеу Сейдімбек. Үлкен жүректің үні 285
Мағира Қожахметова. «Оттай ыстық он жыл» тәлімі 287
М. Жақып. Қаламгердің жанын баураған жылдар 289
Ғ. Мұқанов. «Адамзаттың ұрпағы жоғалмасын!» 290
Әбубәкір Қайран. Жан шуағы 295
Күләш Құнантаева. Платиналы «Тарлан» иесі 297
Күләш Құнантаева. Жан шуағын сыйлаған 299
Күләш Бейсенбиева. Жақсының жылуы жанға дәру 302
Қанипа Бітібаева. Сайраш 307

Гүлзейнеп Сәдірқызы. Сыршыл Сайраш апай 310
Сәуле Әбединова. «Әр қазақтың баласы – менің балам...» 312
Галия Құсайынова. Ғұмыры ғибратқа толы жан 317
Құлтөлеу Мұқаш. Жан шуағы 320
Әбубәкір Қайран. Ақиық ана қыран аспанында! 332
Қайырбек Шағыр. Тарлан бозын үміттің таң асырған 334
Ардақ Кәкітаев. Басты талабы – жауапкершілік 340

Өмір өрнегі 343-355

Көңіл ажары 356-378

Төртінші бөлім
ӘКЕ ЖОЛЫ – ӨМІРЛІК ӨНЕГЕ 379

Нұрбек Сейілханов. Көненің көзі 381

Бесінші бөлім
ТУҒАН ӨЛКЕМНІҢ МАҚТАН ЕТЕТІН ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ АҚ ТІЛЕГІ – АҚ ТЕҢІЗ 383

Қарпық Егізбаев. Абыройың асқақтай берсін! 385
Төлеубек Сымағұлов. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» 386
Қализада Қалелов. Сүйкімді сары қыз еді 392
Мұқаметкәрім Бахтин. Алғыр шәкірт – ел тірегі 393
Төкен Ибрагимов. «Еңбегі мен қайраты екі жақтап...» 394
Орынбек Қалиаждаров. Рахима апасы ел анасы еді 399
Мәлс Тәшенұлы. Парасат иесі 401
Мұхтар Әбділдабек. «Ауылдан келген қыз» 404
Мұса Шоқаев. Достығымыз құдалыққа жалғасты 405
Мәлік Тұрсынбекұлы. Асар тауың алдында 407
Марат Қалиасқарұлы. Бәріміздің ақылшы апайымыз 408
Әнуарбек Абсалямов. Сол күндерді еске алғанда 410
Тұрсынхан Нұғымырқызы. Ұстазымды мақтан етемін 411
Серік Жұмат. Өнерге бағыт берген едіңіз 412
Ерғали Жұмахан. Тегеурін негізі – тектілікте 413
Серікқазы Алдажаров. Біздің мақтанышымыз 415
Т. Салқынбаев. Білімнің Темірқазығы 417
Бақыт Қажыбаева. Адал достық – үлкен адамгершілік 419
Әбубәкір Қайран. Барқытбелдің Сайрашы 422
Жұмаш Маханқызы. Жылы лебіз – жанға шуақ 425

Сайраш
ӘБІШҚЫЗЫ

Шығармашылық ырағым – бақ жұлдызым



Жауапты редактор *Думан Нұрланұлы*
Редакторы *Айдана Сыдықбай*
Көркемдеуші редакторы *Женіс Қазанқапов*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Дизайнер *Талғат Бердібаев, Әсел Күнтуова*
Беттеген *Ақерке Сқақова*
Корректоры *Шолпан Оразбаева*

Басуға 26.06.19 қол қойылды.
Пішімі 70×100 $^{1}/_{16}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 35,1
Тапсырыс №0109. Таралымы 500 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13

«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13

Р2019
842



Сайраш ӘБІШҚЫЗЫ

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
«Құрмет» орденінің иегері,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері,
Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы.